

ЖАРЫЛҚАП  
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

V ТОМ





**ЖАРЫЛҚАП  
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**БЕСІНШІ  
ТОМ**

Тұлға

Сұхбаттар

Лебіздер

Астана: «Өрнек» баспасы – 2022

ТҮЛҒА, ЗАМАН ҮНІ



СҰХБАТТАР



ПІКІРЛЕР



ЛЕБІЗДЕР



АУДАРМАЛАР

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 Қаз-44  
Б 38

БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ Ж.

**Б 38** Шығармалары: / Жарылқап Бейсенбайұлы. – Астана: «Өрнек», 2022. – 454 бет + 32 бет түрлі-түсті сурет.

ISBN 978-601-7379-54-4

5 том. Тұлға, заман үні. Сұхбаттар. Лебіздер. – 2022. – 454 бет.

Жазушы, журналшы, зерттеуші Жарылқап Бейсенбайұлының шығармалар жинағының бұл томына халқымыздың ұлы тұлғалары мен баспасөз саласының көрнекті өкілдеріне қатысты эсселері, өзі қызмет еткен ақпарат құралдары туралы сыпаттамалары, берген сұхбаттары, шығармаларына жазылған рецензиялар, автор туралы лебіздер, аударылған дүниелері топтастырылды.

ISBN 978-601-7379-54-4 (Т. 5)

© Бейсенбайұлы Ж, 2022

ТҮЛҒА, ЗАМАН ҮНІ



## ШОҚАН ЖӘНЕ ӘЛИХАН



Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов мен ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның алаш рухты тағдырлары бір-бірімен тоқайласқан жоқ. Әлихан «қыршын жас, қайран Шоқан» мейірімсіз ажал тырнағына ілінгеннен кейін бес жылдан соң ғана дүниеге келді. Алайда ұлт тарихындағы асқақ орындары өлшеусіз осы қос тұлғаны түп-тектеріндегі туыстық қана емес, бауыр еті халқының қамын жеп, мұңын жоқтау, азат ел болғанын аңсау жолындағы асыл мұраттар да біріктіреді. Әлихан бастаған алаш қайраткерлері отаршылдық тұзағынан құтылуды көксеген арпалыс майданында, атағы әлемге мойындалған Шоканның ұлы тұлғасын, оның сұрапыл талантын, жойқын ғалымдығын өздеріне үлгі тұтты, титтей де болса оған ұқсауға ұмтылды. Шоканның соңынан ерген інілері, ізбасарлары атына лайық болуға тырысты. Дана ағаларының өзі жоқ болса да, оның көзінде боп, араларында тірі жүрген ардақты Потанин ақсақалды айрықша қадірледі. Потаниннің айнымас, арда досы туралы аса құрмет тұта айтатын әңгімелерінен, Шоканның бекзат бітімі, биік ой-өресі, уақытынан оза шапқан саңлақ болмысы, озық ойлары мен пікірлері, ғажайып ғұламалығына қатысты сырларға қанықты.

Шоқан мен Әлихан екеуі бір-бірімен әріден қосылатын туыстар. Қазақ Ордасының уығын Керей ханмен бірге көтерген Жәнібек ханның ұрпақтары. Екеуі де оның немересі Шығай ханнан тарайды. Шоқан – Шығайдың әйгілі перзенті Еңсегей

бойлы ер Есімнен өрген ұлық хандар әулетінен шықса, Әлихан – Шығайдың батыр ұлы Ұзын оқты Ондан сұлтанның кіндігінен тараған хандар әулетінің өскіні. Екі тұқымның тақ билігі – ақ патша тарапынан мойындалған соңғы хандар боп саналатын Уәли мен Бөкейге дейін созылды. Орыс отаршылдарының айбынды Абылайдан кейін Орта жүзге хан болған Уәлиді ел басқаруға қауқарсыз етіп көрсетпек ниетпен әртүрлі айла-шарғыларға барғаны тарихтан мәлім. Олар бұл арқылы қазақ жерінде хан билігін жою, елді тәуелсіздігінен айырып, Ресей империясының құрамына тезірек қосуды ойластырған еді. Уәли ханның Орта жүздегі ықпалын әлсірету мақсатын көздеген сондай жымысқы пиғылдардың бірі – орыс өкіметінің 1816 жылы Барақ сұлтанның баласы, бір жағы Абылай әулетінің бел күйеуі Бөкейді (оның бәйбішесі Ділдакей – Абылайдың қызы) Орталық Қазақстанды жайлайтын қаракесек, төртуыл руларына қосымша хан ретінде ресми түрде бекітуі болған-ды. Дегенмен Бөкейдің билігі ұзаққа созылмады, үш жылдан кейін дүние салды. Оның қарамағындағы ел тақ мұрагері ретінде Ділдакей бәйбішеден туған баласы Шыңғысты ақ киізге салып өздеріне хан көтергенімен, орыс билігі оны өз тарапынан рәсімдеуге асыға қоймады. Артынша жасы келген Уәли де Бөкейдің соңынан көп ұзамады. 1821 жылы өзінің үлкен ұлы Абайділданы (Ғұбайдолланы) тақ мұрагері ретінде жариялап, ажал жастығына қисайды. Ресей өкіметі де Орта жүз хандары қатар өлген осы бір өліара шақты хандық билікті жойып, оны өздеріне тиімді басқару әдісімен алмастыру жоспарына дереу пайдалана қойды. Орта жүз жерін әлденеше дуандарға бөліп, оларды аға сұлтандар арқылы басқаратын «жаңа мизам» ережесін енгізді. Сөйтсе де байырғы хан тұқымдарынан ат құйрығын бірден шорт кесіскен жоқ. 1824 жылы алғашқы екі округ ашылғанда, әуелгі билік тізгіндерін солардың қолына бергенді жөн көрді. Көкшетау дуанының аға сұлтаны етіп Абайділда Уәлиұлын, Қарқаралының аға сұлтаны етіп Бөкей ханның Шыңғыстан туған немересі Тұрсынды сайлаттырды.

Орыс билігіне тікелей бағынатын ағасұлтандық басқару жылдарында Шоқан мен Әлиханның аталары боп келетін хәм бір-бірімен құдандал Уәли мен Бөкей балаларының араластықтары бұрынғыдан арта түсті. Қарқаралы дуанына 19 жыл бойы қатарынан аға сұлтан болған подполковник хәм дворяндық атағы



бар Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы сол жылдары Уәли хан нағашысының Көкшетау округін әр жылдары басқарған ұрпақтары – Абайділдамен (Ғұбайдолламен), Уәлидің Ғаббас деген ұлының Абылай, Әбілқайыр атты балаларымен, Шоқанның әкесі, талай жыл Аманқарағайдың дуанбасысы болған Шыңғыспен тығыз қарым-қатынас құрып, аға сұлтандар мен билер бас қосқан әртүрлі жиындарда ұшырасып тұрғанында шүбә жоқ. Нағашылы-жиенді аға сұлтандар Тұрсын Шыңғысұлы мен Абылай Ғаббасұлының 1830 жылы Петерборға Орта жүздің Алшынбай Тіленшіұлы, Зілғара Байтоқаұлы, Құттымбет Қазанғапұлы (Тәттімбет күйшінің ағасы) секілді әйгілі билерін ерте барып, ақ патшаның алдын көріп қайтқаны да мәлім. Бөкейдің бір немересі Әли Көксалұлы (Көксал да Ділдакей бәйбішеден туған) 1847 жылы Баянауыл дуанының аға сұлтаны боп сайланыпты. Үш жылдан кейін оның орнына Шоқанның туған нағашысы Мұса Шорманұлы отырыпты [*История Казахстана в русских источниках. ХУІ-ХХ веков. УІІІ т. Ч.1. С. 29-36, 425, 645 бб. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 716 с.*]. Шоқанның өз басы да Омбыда генерал-губернатордың адъютанты боп жүрген жылдары сол Тұрсын Шыңғысұлының бір сайлау аға сұлтан болған дворян баласы Төлекпен, сондай-ақ 1863 жылы сот реформасы жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде ел аралау сапары барысында Бөкей ханның тағы бір немересі, Қарқаралыға он жыл дуанбасылық еткен Құсбек Тәукеұлымен кездескен еді.

Бөкей ханның Батыр деген баласынан тарайтын Әлиханның тікелей аталары арасынан Тұрсын мен Құсбек сияқты әйгілі аға сұлтандар шыға қоймапты. Ең дәрежелісі болыстықпен ғана шектеліпті. Бөкейден – Батыр, одан – Мырзатай, одан – Нұрмұхамбет, одан – Әлихан боп тізбектеледі. Орыс әкімшілігінің деректерінде сол Батырдың *қырғыз* руына болыс болғаны, оның бір баласы Рүстемнің *жалықбас* болысын басқарғаны туралы мәліметтер бар [Сонда: 58, 62-бб.]. Батыр төренің кіші ұлы, яки Әлиханның атасы – Мырзатай мен оның баласы Нұрмұхаммед билік баспалдағынан көріне қоймапты.

Алайда Батыр сұлтанның ұрпақтары арасынан шыққан Әлихандай асыл тұлға, ХХ ғасырда даңқы асқан ұлт көсеміне айналды.

Алаш қайраткерлерінің Шоқан есімімен жақын танысуы – негізінен оның 1904 жылы Петерборда шығармалар жинағы шыққаннан кейін басталады. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың шығармалары» деген атпен Орыс географиялық қоғамы этнографиялық бөлімі жазбаларының ХХІХ томы ретінде жарық көрген бұл кітап сол кезде Ресейдің озық жоғары оқу орындарынан тәлім алған қазақтың жас зиялылары үшін мәні аса зор рухани оқиға ретінде қабылданды. Әлихан Бөкейханның өзі 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген Шоқанның адал досы, әйгілі ғалым Г. Потанинге жылы лебіз білдірген мақаласында Шоқанды *«орысша оқыған қазақтың ең естісі, артына кітап қалдырған»* тұлға [*«Қазақ» газеті* (жинақ), 38, 51-бб. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. – 560 б.], деп жоғары баға берді. Сол «Қазақ» газетінде 1915 жылы шыққан «Қара қыпшақ Қобыланды» мақаласында: *«Кітап басқанда жер-су һәм кісі аттарын әліппе тәртібімен кітаптың аяғына басса һәм олар хақында кітаптың қайсы бетінде сөз бар екені көрсетілсе,.. кітап тәрбиелі болар еді,.. ана географически общество басқан Шоқан кітабы да осылай басылған...»* [Сонда, 179-б.], деп атап өтті.

Әлихан Бөкейхан Қобыланды туралы мақаласында Шоқанның осы кітабындағы Ыстықкөл сапары кезінде жазылып алынған «Көкетайдың асы» атты жырдың орысша жасалған аудармасынан сондағы Көкетай мен «Қобыландыдағы» Көбікті ханның арасынан байланыс іздейді. *«Нозай жұртының ханы «Көкетай асы» деген бір жыр бар. Мұны Шоқан орысша жазған. Қобыланды жырындағы Көбікті хан осы Көкетай хан болмасын. Бұл Көкетай жыр қырғыз айтатын «Манас» жырының бір тарауы... Көкетай ханның мінгені шатырдай боз ат. Көкетай ханның қызының аты да Қарлығаш?»* [Сонда: 174 б], – деп жазады. Әлиханның пікірінше, Шоқан – сапалық өзгерістің басында дара тұрған тұлға, бірақ *“қазақта орысша оқығанның жалғызы”* боп дүниеден өтті. Алаш арысы Міржақып Дулатұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде өздері үлгі тұтқан Шоқан өмірі мен ғалымдығын елге жақынырақ таныстыру мақсатын көздеген «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан» деген көлемді мақала жариялады. *«Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін,*

*тарихын анықтау жолында болған. Шоқанның ғұмыры ұзақ болғанда, артына қанша пайдалы нәрсе қалдыруында шек жоқ, қазақ жайынан жинаған қанша материалдары өзі өлгеннен кейін баспаға кірмей жоғалған»* [Сонда: 105-110-бб.], деп ұлы тұлғаны аңсауы мен өкініші аралас пікір білдірді. Сондай-ақ Әлиханнаң үзеңгілестері мен ізбасарлары А. Байтұрсынұлы, М. Шоқай, С. Садуақасұлы, Қ. Кемеңгерұлы сынды Алаштың басқа қайраткерлерінің де өздерінің жазғандары мен сөйлеген сөздерінде Шоқанды «қазақтың оқыған азаматынан ең бірінші бұқараның мұңын жоқтаған, ұлтшылдық негізін салған...» /Қ.Кемеңгерұлы/ [Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. 45 б. Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.], деген тұрғыда бағалағаны мәлім.

Әлихан өздері «Сібір ақсақалы» деп қадірлеген Г. Потанинмен кездескен кездерінде осы данагөй қариядан айнымас досы Шоқан екеуінің сонау алпысыншы жылдары Петерборда өтетін «Сібір жерлестігі» үйірмесінің, одан кейін Омбыда жалғасқан «Сібір тәуелсіздігі қоғамы» астыртын ұйымының бас қосуларына қатысқандары жайында көп әңгіме еститін. Империя астанасында өтетін сібірлік студенттер жиындарында (кейде олар Шоқанның пәтерінде жиналатын) ұйымның Г. Н. Потанин, Н. М. Ядринцев, Н. И. Наумов, Ф. Н. Усов, С. С. Шашков сияқты белсенді мүшелері Сібір өлкесін өркендету мәселелері, ол аймақтың орталықтан артта қалуының басты айыпкері патшалық самодержавие екенін ашына сөз ететін. Сол себепті де, Сібірде университет ашу, газет-журналдар шығару, өз зиялылары мен қоғам қайраткерлерін қалыптастыруды дереу қолға алу керек, орайы келсе, Сібір аймағын Ресейден бөліп алып, өз алдына дербес ел ретінде құруды жүзеге асыруымыз қажет деген ойлар да ортаға тартылатын.

Ол жиындарда ара-тұра Шоқан да қазақ даласындағы ауыр езгі халді, жергілікті халықты қанаудың шектен тыс отаршылдық үлгісі тым дендеп тұрғанын сөз етеді екен. Сонда қоғам мүшелері тарапынан қазақ елінің де әуелі Сібір өлкесімен бірігіп, орталықтан бөлінуі, содан кейін өзін-өзі жеке басқаруға мүмкіндігі туғанда дербестік алып шығуға болатындығы жайында ортақ пікірлер айтылатын. «Сібір тәуелсіздігі қоғамының» басшысы Потаниннің 1865 жылдың жазында

патшалық агентура тарапынан қолға түсіп қылмыскер ретінде сотталғаны, түрмеде отырғаны, айдауда болғаны, содан оған тек 1874 жылы, онда да Орыс географиялық қоғамының араласуымен рақымшылық жасалғаны белгілі. Осы жерде Шоқанның Потанин абақтыға түсердің алдында ғана ауыр науқастан көз жұмғанын еске алар едік. Егер ол тірі болып, алдында жоспарлағанындай, Омбыға оралғанында, патша тергеушілерінің Шоқанды да осы жиындарға қатысқандығын сылтау етіп біраз мазалауы әбден мүмкін еді ғой, деген ой келеді.

Сібірдің дербестігі жолында күресте қаншама қуғын көріп, азап шексе де Потаниннің бір кездері өздері көтерген сол тәуелсіздік идеясынан, қазаққа автономия беру ойынан ХХ ғасыр басында да айнымағанын Әлихан жазбаларынан ұшырастырамыз. Г. Н. Потаниннің 80 жылдығына арналған мақаласында Ә. Бөкейхан осынау гуманист, адал жүректі ақсақал-ғалымның ұлт автономиясы туралы ойларын оқырманға ұсынады. Ол Потаниннің: *“Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Русияны тек орыстан шыққан патшаның билеймін дегенінде мағына жоқ. Русия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек”,* сондай-ақ *“Қазақты аутономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, “Қозы Көрпеш – Баянды” шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау. ...Қазақ жұрты келешекте кіммен болса да қатар отыруға ұялмайды”,* – деген пікірлерін ерекше мән бере атап өтеді. *«Саяси жолда бізге жылы көрінетін бір негізді пікір осы»* [Бөкейханов Ә. Шығармалар. 276-279 б. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.], – деп ой түйіндейді.

Әлиханның бұл байыптауының аржағында, «әттең, Шоқанның көзі тірі болғанда ол да дәл осындай пікірлерді айтар еді-ау» деген аңсарлы лепес табын аңғару да қиын емес. Сөз жоқ, ХХ ғасыр басында қазақ аспанында үркердей боп шоқтана көрінген «Алаш» зиялылары Шоқан сияқты аты зор, саңлақ көшбасшыны ерекше қажетсінді. Егер Шоқан дәл Потанин құрдасы сияқты ұзақ жасап (Сібірдің аяулы ақсақалы 1920 жылы 85 жасында қайтыс болған), сол кезеңге дейін тірі жүргенде, оны «Алаш» арыстары өздеріне бірден-бір көсем тұтып, қазақты

автономия қылу мәселесін Шоқанның өз аузынан да тікелей естіген болар еді. Алайда бұл ойды оның Потаниндей адал досы да шын ниетімен айтқасын, «Шоқан тірі болса, ол да дәл осы саяси жолымызды қолдар еді» деп, өздері ұстанған ұлы мақсатқа жұмыла құлады.

Потаниннің Сібір автономиясы туралы идеясын қолдаушылар қозғалысының Ресейде XX ғасыр басынан жаңаша серпінге ие болып, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін осы бағыттағы тікелей іс-әрекеттердің жүзеге асырылғаны тарихтан белгілі. Сол жылғы қазан айының 6-17-сі күндері Том қаласында I Сібір облыстық съезі өтіп, оған шілде айында Орынборда бас қосқан I жалпықазақ құрылтайында өмірге келген «Алаш» партиясының Әлихан Бөкейхан бастаған өкілдері де қатысады. Алаш көсемдері Сібір автономиясы құрыла қалған күнде оның құрамына Қазақстанның енуін де жақтады, өз алдына заң шығарушы органы, ақшасы, барлық шаруашылық ісі, теміржол, пошта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болатын, жер-су мәселесінің билігін өзі шешетін, өз алдына әскер ұстайтын автономияның мемлекеттік түрін қалайтындықтарын білдірді. Бұл мақсаттарын Ә.Бөкейханның өзі «Қазақ» газетінде былайша түсіндірді: *«Біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік: жіп жалған зор мемлекет күрмеуінен құтылып ап, отау болып соңынан бөлінелік деп»* [Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 328-б. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.]. Съезге қатысушылар Сібір автономиясының көшбасшысы ретінде бірауыздан Потанинді қолдайды. 1917 жылдың 6-19 желтоқсанында Томда өткен Сібір облыстық төтенше съезінде Потанинді Уақытша Сібір облыстық кеңесінің төрағасы етіп сайлайды. Большевизмге жан-тәнімен қарсы болған Потаниннің идеялық басшылығымен дүниеге келген Сібір үкіметінің өмірі ұзақ болмағаны тарихтан белгілі. 1919 жылдың соңында Сібір қызыл әскерлердің қарамағына өтіп, бар билік советтерге ауысты. Бұл кезде әбден күші кеміп, қартайып, денсаулығы нашарлап ауруханада жатқан Потанин ақыры содан беті бері қарамай, келесі жылдың 30 маусымында дүниеден озды.

Сібір үкіметімен қатар 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінде сайланған Алаш автономиясы үкіметінің де өмірі ұзақ болмады. Большевизмге

қарсы табанды күреске шығып, оны «азапты болашақ әкелетін бағыт» [сонда: 335-б.] деп қабылдаған Алашорда үкіметін де азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі жиырмамыншы жылы таратып жіберді. Оның көсемдеріне кезінде кешірім жасалғанымен, қуғын-сүргін жылдарында барлығы дерлік сол большевиктің биліктің құрбанына айналды...

Өз халқының болашағы, тарих сахнасында сақталып қалу мәселелері көп толғандырған, “халықтың жетіліп дамуы үшін бостандық пен білім қажет» [Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. 1961-1972. I т. 100, 614-66 – Алматы: Ғылым, 1961 – 778 б.] екендігін баса айтқан Шоқан мен оны ұстаз тұтып, бүкіл саналы өмірін халқының азаттығына арнап, сол жолда мерт болған ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан армандаған ел тәуелсіздігіне де түптің-түбінде қол жетіп отыр. Ұзағынан сүйіндіргей.

*2011 жыл*



# КЕҢ ОЙДЫҢ КЕМЕЛ БИІГІ

(Интервью-эссе)



*Халқымыздың заңғар ғұламасы, академик Әлкей Марғұлан сексеннің сеңгіріне шыққан 1984 жылы жастар газетінің тапсырмасымен ақылман ақсақалдың аз шаңырағына арнайы барып әңгімелескеніміз бар-ды.*

\* \* \*

– Ә, кел-кел, – деді академик есіктен кіріп келе жатқан мені көріп.

– Ассалаумағалейкүм, Әлеке! – деп ұмтылып барып төрдегі жұмсақ диванда отырған ақсақалдың қолын алдым.

– Анау орындықты әкеліп, бері жақынырақ жайғас, – деді Әлекең.

Шеткерірек тұрған арқалы орындықты сүйрей көтеріп, ғұламаның алдындағы аласа үстелдің бір шетіне мен де жанаса келіп отырдым. Үстел үстінде шағын дәптер жатыр. Беті ширатпа араб жазуына толы. Жанында қаламсап.

Академикті сексеннің сеңгіріне шыққан жасымен құттықтап, денсаулығын, хал-жағдайын сұрастырып жатырмын.

– Жақсы, жақсы. Кешелері ғана ауруханада аз күн жатып келген бетім. Соңғы кездері осылайша ауық-ауық емдік курс алып тұратын «әдет» тапқанмын. Кәрілік келгесін, адам бір ауық денсаулығына да қарамаса болмайды екен. Әйтпесе осы жасқа дейін ауруханаға үйір болмаған адаммын ғой. Қазір жағдайым, көңіл-қошым жақсы. Міне, ертелі бері жұмыс істеп отырмын, – деп алдындағы дәптерді нұсқады. – Соңғы шыққан «За рубежом» газетін оқыдың ба? Сонда жазған ғой. Адам бойында сексеннен асқаннан кейін еңбек қабілеті артатын кезең туады деп. Сол дұрыс. Қазіргі кезде жұмысқа ықыласымның тәуір екенін өзім де байқап жүрмін. Ісім өнімді.

Содан кейін маған қарады.

– Сөйтіп «Лениншіл жастан» келдім де. Сендердің газеттеріңді жақсы білемін. Анау отызыншы жылдары оған біраз мақалаларымды жариялатқанмын. Өзін көп жылдар бойы жаздырып алып та тұрдым. Халыққа, жастарға керек дүниелерді мол шығарасындар. Өзінің тиражы қанша?

– 300 мыңды төңіректеп тұр, Әлеке!

– Е, талай адам оқиды екен ғой. Бір өзі қаншама жасты тәрбиелеп жатыр десейші.

– Сол қалың оқырманға Сіздің 80 жылдығыңызға байланысты тоймақала дайындау маған жүктеліп еді.

– Өзің жазасың ба?

– Иә.

– Онда әуелі саған ескертерім, бұған дейінгі көп дүниелерде мені көбінесе этнограф ретінде басыңқырап айтып жүр. Соған қарағанда, менің екі ғылым докторы екенімді көп жұрт біле бермейді ғой деймін. 1946 жылы «Қазақ халқының эпикалық шығармалары» атты тақырыпта қорғап, филология ғылымының докторы атанғанымнан басқа, Бүкілодақтық аттестациялық комиссия кейіннен маған Ежелгі Қазақстан жеріндегі мәдениет пен өнер үлгілерін, қалалар мен сәулет өнерінің тарихын, қазақтың халық өнерін зерттеген бірқатар кітаптарым мен еңбектерім үшін өнертану ғылымының докторы атағын қорғатпай-ақ берген. Сондықтан да, мен өзімді ең әуелі өнертанушымын, одан кейін Шоқанды зерттеушімін (оған қанша жылымды арнадым), сосын ғана барып әдебиетшімін,



этнографын, археологын деп есептеймін. Осылай деп жазарсың.

– Мақұл, Әлеке. Халқымызға Сіздің жан-жақты ғылым салаларын меңгерген ғұламалығыңыз жақсы мәлім. Сіз жазған талай-талай мәлекті дүниелеріңізді бәріміз де іздеп жүріп оқимыз. Осындайда оқырман көкейінде Сіздің ғылымға қалай келгеніңізді білсек дейтін сауалдың тұратыны анық.

Әлекең көп бөелген жоқ. Аздап тотығыңқырап шыққан биязы үнмен сөйлеп кетті.

*(Асылы. Әлекеңнен әңгіме тыңдаудан жалығу еш мүмкін емес. Аспай-саспай бірқалыпты әуенмен есілген үн әркімді де шалқыған ой дариясына бастап кетеді. Қазақ тіліндегі небір шұрайлы, ажарлы сөздерді кең қолдана отырып, шешен сөйлейтін ғұлама көпке белгісіз жайлар жайында ағыл-тегіл толқытады).*

– Мені тікелей ғылымға әкелген бірден-бір адам – Мұхтар. 1924 жылы Семейде педагогикалық техникумның үшінші курсына жүргенімде, бізге сол кезде Ленинград университетінде оқитын Мұхтар Әуезов келіп әдебиеттен сабақ берді. Бұған дейін де Мұхтардың есімі көбімізге таныс еді. Ол 1917 жылдан әдебиет майданында көріне бастады ғой.

Сол шақтан-ақ өзінің әдемі мақалалары, әңгімелерімен Мұхтар оқу-білімге енді ұмтылған жастар жүрегін жаулап алған еді. Осындай адамның техникумға сабақ беруге келгені бәрімізді қуантып тастады. Мұхтардың ол кездегі қияпаты қандай. Әдемі бұйра шашты, сұңқардың көзіндей сүзіле терең қарайтын тұңғық қара көзі бар. Маңдайынан ақыл мен ойдың лебі аңқыған, жүрек сезімі романтикаға бөленген, сөйлегенде саспай, майын тамыза сөйлейтін, сөзі шөлдеген адамның мейірін қандыратын тау бұлағындай, сыпайы, көркем бір жігіт. Күн сайын педтехникумға келіп, әдебиетті оқытқанымен тынбай, қаладағы әртүрлі мәдени шараларға да қатысады. Абай, Гоголь жайлы дәрістер оқиды, баяндамалар жасайды, өзі редактор болып «Таң» журналын шығарады. Төңірегіне өңшең бір талапты жастарды жинауға құмар. Мұхтардың басшылығымен ай сайын Абай кешін өткіземіз. Бәріміз Ертіс бойлап, сауық құрып, таң атқанша Абай әндерін шырқайтынбыз.

Төртінші курста оқып жүргенімде, Мұхтар екеуміз бір пәтерде тұрдық. «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескіліктің көлеңкесінде», «Қаралы сұлу» сияқты әдемі әңгімелерді де сол кезде жазды. Мұхтардың әсерімен мен де әдебиетке араласа бастадым.

*(Әлекең сол бір жастық шағы еске түскендей жұмсақ жымиды).*

Ғажайып бір жарқын күндер еді қой ол кез. Студенттердің көгілдір жиекті фуражесін киіп жүретін Мұхтар талай әсем бойжеткеннің жүрегіне шоқ түсіретін. Маша деген соншама бір сұлу орыс қызы екеуінің арасында өткен ғашықтық хикаяларын да жақсы білемін.

1925 жылы Мұхтар Ленинградтағы оқуын жалғастыруға жүрмек болды да, сол жылы техникумды бітірген маған: «Бірге жүр, Күншығыс институтына түскенің дұрыс» деді. Әдебиетке, фольклорды зерттеуге деген құмарлық жетелеп, сол жылы Күншығыс институтының түркология факультетіне түстім. Онымен қоса Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің Шығыс бөлімінде тыңдаушы болып та тіркелдім.

Ол кезде бұл оқу орындарында Бартольд, Самойлович, Марр, Крачковский, Ольденбург, Бакланов, Мещанинов сынды ірі ғұламалар дәріс береді. Бәрі де білімдері жойқын адамдар. Мұхтардан кейін олардың тікелей әсері мені біржола ғылым жолына түсірді.

*(Осы жерде біз Әлекеңнің әу бастан-ақ, көзі ашық, көңілі жүйрік адамдардың ықпалы ортасында өскендігін айтар едік. Баянауылдың теріскейіндегі Шідерті өзенінің бойындағы қыстауда 20-шы ғасырдың басында дүниеге келген бала жастайынан халық дәстүріндегі зерделі тәлім қайнарларынан сусындады.*

*Академикті балалық шағы өткен аяулы шаңырағы, болашақта үлкен бәйтерекке айналар жас шыбық боп өскен құнарлы топырағы туралы әңгімеге тартамын).*

– Әрине, ғылымға келу үшін де адамның өз басының оған бейім болмағы керек. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов сіздің сол қырыңызды дәл таныған ғой. Демек, Сіздің бейімділігіңіздің осындай болып тәрбиеленуіне туып-өскен ортаңыз бен алған тәліміңіздің ықпал-әсері аз емес-ау.

– Ол да әбден мүмкін. Менің атам Марғұлан жас кезінде Баянауылға белгілі салдардың бірі болыпты. Ол кісінің шығарған бір-екі күйі де бар. Сол Мәкең дәстүрінің әсері болар, ауылымызда толқынды әншілер мен келісті күйшілер жиі бас қосатын. Әжем Әймен – Тәттімбеттің туысқандарының қызы. Жарқын, сыпайы, ашық жүзді адам еді, немерелеріне көп үлгі берді. Әдемі ақындарды жүйрік тілмен айтып отыратын. Әкем Хақан да бала күнінде Мәшһүр Жүсіппен Баянауыл мектебінде бірге оқыған, арабша сауатты кісі болды. Қазанда басылатын қазақ кітаптарын көп оқитын. Төңкерістен бұрын шыққан қазақ газеттерін алдырып, терезенің алдына үйіп қоятын. Әсіресе олардың болыс пен ауылнайды, парақорларды келеке етіп сынаған жерлерін қайта-қайта оқып мәз болатын. Ол кісі маған бес жасымнан бастап арабша хат танытты.

Одан кейін Шідертідегі қыстауда ашылған қазақ мектебінде оқыдым. Онда қазақ ауыз әдебиетінен, қыпшақ, шағатай әдебиетінен дәрістер алдым. Сегіз жасымнан бастап Қазанда шыққан қазақ кітаптарын саулатып еркін оқуға жетілдім. Оларды әкем Қоянды жәрмеңкесінен алып келетін. Менің қиссаларды оқи алатынымды білетін ауыл адамдары төбенің басына шақыртып алып, дөңгеленіп отырып маған жыр, қисса оқытатын. Олардың ішінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық», «Көрұғлы» сияқты жырлар мен дастандар бар болатын. Біразын жатқа да білдім. Ауылдан екі шақырымдай жерде Қисық деген тау бар. Соның басына шығып Абай өлеңдерін жаттаушы едім.

Жастайынан Абылайдың оң қолы, «Ақтабан-шұбырынды» кезінде жойқын істерімен халыққа ардақты болған, менің арғы бабам Ер Олжабай туралы аңыз-әңгімелерді көп естіп өстім. Батырдан бері таратқанда, Олжабайдан – Дулат, Дулаттан – Марғұлан, Марғұланнан – Хақан болып келеді. Әкем Хақан бабасының мұраларын үйдегі әбдіреде таза ұстап, қастерлеп сақтайтын. Олжекеңнен қалған әскери қарулардан көзге ерекше түсетіні – шарайна, алтын балдақты бүкір қылыш, дулыға еді. Олар сол кезде Омбы музейіне тапсырылған. Үйде көпке дейін сақталып келгендері – жібектен жасалған ұзындығы біржарым метр, көлденеңі 70 сантиметрдей сары ала ту. Ғалдан-Шеріннің Олжекеңе тартқан үш жарлығы, жай шақыратын жұмыр қара тас болды. Ауылда жас келіншектер қысылып толғатқанда, ала

тудың шетінен ақырындап қайшымен қиып беріп отыратын. Ал құба қалмақтардың Олжекеңе тартқан жарлықтары қойдың терісіндей қалың сары қағазға жазылып, әрбірінің ұзындығы біржарым метрдей болатын. Бала күнімде мен оларды оқығым келіп қанша әуреленгеніммен, ештеңе шығара алмайтынмын. Өздерін зерттеп жазса, бір монография болатын-ақ дүниелер еді. Мен оларды 1927 жылы Ленинградтағы Күншығыс институтына апарып тапсырайын дегенімде, шешем жылап, «бабаңның мұрасы» деп бермей қойды. Тағы бір ғажайып нәрсе, Олжекеңнің өткен тарихта, шайқастарда не болғанын жазған «Қара кітабы». Оның ішінде Абылайдың, Бөгенбайдың, Қазыбек бидің, Әмірсананың есімдері кездесіп отыратын. Әттең, ең өкініштісі, Ер Олжекемнің осындай аяулы мұраларынан кейіннен айырылып қалдық. 1930 жылы оқуда жүргенімде, ашаршылыққа ұшыраған анам Нұриланы Қарағандыдағы шахтер болып істейтін інісі үйіне әкетпек болады да, шешем жолда дүниеден қайтып, Олжекеңнің барлық мұраларын сол кісінің басына қойып көмеді. Кейіннен анам жерленген орынды қанша іздесем де таба алмадым.

*(Ғұлама бір сәт үндемей қалды. Содан кейін сөзін ары қарай жалғады).*

– Расында да, менің ғалым болуыма туып-өскен ортамның әсері аз тимеген болуы керек. Менің бала күнімде Баянауылда атақты әнші Жарылғапбердінің ғажайып әндері елді тамсанып, Жаяу Мұсадай аяулы саңлақтың дауысы алысқа жетіп жатты. Құйылған ақындығымен Сұлтанмахмұт шықты. Орысша оқу қуған Әбікей, Қаныш Сәтбаевтар, Хакім Иманбеков, Жағыпар Секербаев секілді ілгерішіл жастар көрінді. Олармен қабат менің Маусым деген ағам да маңдайы жарқырап шығып еді. Ақан серінің, Жарылғапбердінің, өзімізге туыс болып келетін Жаяу Мұсаның әндерін соншама салтанатпен орындап, толқытып күй шерткенде жан дүниені балқытатын. Әттең, жүйрік өнерпаздың бірі болып келе жатқанда, 1914 жылы 20 жасында дүниеден қайтты. Осылар тектес бір қауым жастардың әсері бізді де бозбала шағымыздан өнер, білімге ұмтылдыратын.

1914 жылдан 1919 жылға дейінгі Шідертіде Хакім Иманбеков ашқан орыс мектебінде оқыдым. Оның мұғалімдері Уфадан қашып шыққан семинаристер, Омбыда, Керекуде оқыған қазақ оқытушылары еді. Олар орысша жақсы білетін, сабақты жақсы

беретін. Мектепте орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география, математиканы оқып, бірталай білім алдым.

1916 жылдың жазында темір жол салатын орыс инженерлеріне ілесіп, Ірбіт қаласының маңындағы темір жол құрылысында да жұмыс істедім. Мені ертіп кеткен орыс инженері Екатеринбург қаласындағы гимназияға түсіруге көмектесем деген болатын. Бірақ соғыс жүріп жатқан кез. Ақшам жоқ. Түсе алмадым. Қысқа қарай елге оралып, Хакімнің мектебіндегі оқуымды қайта жалғастырдым. Содан 1919 жылы Мәшһүр Жүсіптің Әмен деген баласына еріп Керекуге барып, бір жылдық мұғалімдік курсқа түстім. Әйгілі әнші Майраның үйінде жатып оқыдым. Оны бітіргесін елге келіп, балаларға сабақ бердім. Қайтсем әрі қарай оқимын деп армандап жүргенімде, Әбікей Сәтбаевқа кездестім. Ол кісі сол кезде Семей губерниялық оқу бөлімінде істеп, әрі мұғалімдер курсына сабақ беретін. «Аз біліммен қайта барасын, ілгерілеп оқығаның жөн ғой», – деді. Сол кісінің кеңесімен 1921 жылы күзде Семейге келіп, педтехникумға түстім. Содан кейін қалай Ленинградқа барып Күншығыс институтында оқи бастағанымды жаңа айттым.

**– Сіз Шығыстану институты мен Ленинград мемлекеттік университетінің Шығыс бөлімінде қатар оқыдыңыз, оған қоса Өнер тарихы институтында да лекциялар тыңдадыңыз. Үш оқу орнында сабаққа қатысудың өзі де оңай емес, бәрін қалай игердіңіз?**

– Алдыңғы екі институтқа күндіз барамын. Сосын үйге келіп екі сағат дем аламын да кешке қарай Өнер тарихы институтына тартамын. Ол «Астория» мейманханасының алдында. Біз Мұхтар екеуміз Васильев аралындағы жетінші линияның бойында пәтерде тұрдық. Монета зауытында істейтін жұмысшының үйі еді. Кейін Мұхтар оқуын бітіріп кеткен соң, оның орнына өзбек жазушысы Айбек келіп орналасты. Екеуміз Өнер тарихы институтына бірге барамыз. Эйхенбаум, Томашевский, Жирмунский сияқты профессорлардың тамаша етіп өткізетін дәрістерін тыңдаймыз.

Ауық-ауық Мұхтар оқитын Ленинград университетіндегі әдебиет факультетінің қызықты сабақтарына да барып қоямын. Олардың арасында әсіресе ХІХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы орыс романтизмі туралы әңгімелейтін профессор

Сиповскийдің дәрістері аса ұнаушы еді. Ол кісі Пушкин мен Лермонтовтың трагедиялы тағдырларын сондай жақсы айтатындықтан, аудиториядағы көп қыздар, келіншектер көздерінен мөлдіретіп жас төгіп отыратын. Бір күні профессор Сиповскийдің сондай лекцияларының біріне Мұхтар екеуміз қатысып отырғанбыз. Есіл-дертіміз мұғалімнің сөзінде болып ештеңе байқамаппыз. Бір уақытта қарасам, Мұхтардың шашының арасында бір қағаз қыстырулы тұр. «Мұхтар, шашыңдағы қағазды қара», – дедім. Ол: «Бұл не?», – деп алып қарап жатыр. Бір жапырақ қағазға: «Сіздің шашыңыз біздің лекция тыңдауымызға кедергі жасап отыр», – деп жазылыпты. Қызықты дәріс үстінде де Мұхтардың әдемі бұйра шашы арқамызда жайғасқан нұр жүзді арулардың назарын аудара берсе керек. Сөйтсем, олардың арасында өзіміздің болашақ жеңгеміз Валентина да бар екен ғой.

Оқып жүргенде көп ойланған нәрсем, ерте кездерде Қазақстан туралы не жазылды, соны зерттеп білу болды. Бұл жағынан Ленинградтың бір аяулы жері музейлері, кітапханалары көп. Олар адамға білім бермей қоймайды ғой. Білім алудың қия көздері – әсіресе Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік-көпшілік кітапханасы, Ғылым академиясы, Күншығыс институты, Археология институтының кітапханаларында, толып жатқан архивтерде. Бұлардың бәрі кісіге білім беретін ақыл-ой ордалары сияқты. Оларда Қазақстанға қатысты материалдар өте көп. Бәрін дерлік тапжылмай отырып оқып шықтым. Салтыков-Щедрин атындағы кітапхананы басқарушы профессор Бычков деген аяулы адам еді. Ол кісі маған не нәрсені оқуым керектігіне көп көмек көрсетті. Ескі уақыттардағы газеттердің тігінділері өте ауыр, бір пұт, екі пұт келеді кейде. Оны кітапханашы қыздар көтеріп әкеле алмағасын, өзім барып оқу залына әкелетінмін.

*(Академик Әлкей Марғұлан еңбектерін оқып отырғанда, ол кісінің еліміздің алуан архивтерінің құпия-қалтарыстарында жатқан сом-сом алтын іспетті құнды мәліметтер мен деректерді соншама мол жиып-тергендігі таң қалдырады. Академиктің сонау студент кезінен, өзі тәлім алған ғұламалардан үйренген бір жақсы қасиеті – кітаптар мен архивтерден халқымыздың тарихына қатысты көзіне іліккен мәнді деректердің қажет жерлерін дәптерге ықтияттап*

*көшіріп алып отыратындығы. Олардың талайы бүгінге дейін жарық көрген «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнері тарихынан», «Қазақстанның сәулет өнері», «Ежелгі мәдениет куәлері», «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті», «Шоқан және Манас», «Орталық Қазақстанның Бегазы-Дәндібай мәдениеті» секілді кітаптар мен монографияларды, 500-дей тарих, археология, этнография, әдебиет және өнертануға арналған зерттеу жұмыстарын, жүзден астам энциклопедиялық мақалаларды жазуға, ғылыми негіздеуге қаншама көмектесті, тиянақты қорек болды десеңші. Және бұлардан басқа академик архивінде әлі де саралауды, терең зерделеуді қажет ететін түпнұсқа деректер қаншама. Жазылып бітіп, дайын тұрған еңбектердің өзі бір төбе. Әлекеңнің соңғы жылдары баспасөзде жарияланып жүрген архив мәліметтерімен тамаша әдіптеліп, ана тіліміздің шұрайлы қайнарларынан сусындататын, тамаша ғылыми байыптауларымен риза ететін қадау-қадау мақалаларының дені сол өз кезінде жазылып бітіп, қатталып жатқан дүниелер. Себебі, үлкен зұлама біткен еңбектерін жариялап, кітап шығару жайын бірінші кезектегі мақсат етіп қоймайды. Аяқталған жұмысқа айналсоқтап жүргеннен гөрі жаңа бір істі бастап кеткенді тәуір көреді. Қолда бар, ойда бар маржандар оны алға қарай, жаңа еңбек жазуға жетелейді).*

– Ғылыммен айналысқан талай жыл ішінде архив ұстауда кеткен құнтсыздықтарымыздың зиянын да көп байқадым, – дейді академик сөзін әрі қарай жалғап. – 1930 жылы институт бітіріп, Алматыға Оқу комиссариатына жұмысқа келгенімде, сол комиссариаттың кітапханасынан Әбубәкір Диваевтың мыңдаған дәптерден тұратын, қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаған қымбат мұрасын көріп едім. Көпшілігін тамсанып отырып оқып та шыққам. Оны Оқу халық комиссары Нұғыман Манаев маған тапсырып қойып еді. Оларды көп оқуға ой бөлген кісінің бірі – Сәкен Сейфуллин. Бірақ мен ол кісіге көп бере қоймай, кейбір нәрселерін ғана көрсететінмін. Кейін Ленинградқа Материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасына оқуға кеттім. Диваевтың осы мыңдаған дәптері қазір қайда жатқанын білмеймін.

Қазақстанның Орталық архиві 1925 жылдан кейін Омбыдан көшіріліп, Қызылжарда тұрды ғой. Сол архивтен 1925 жылы Ер Олжабайдың 1762 жылы Екатерина патшаға жазған ашық хатын көрген едім. Ол хат қалың сары қағазға араб қарпімен қазақша жазылған, жылқы шаруашылығы жайлы сөз қозғайтын. Қазір соның қайда екені маған мәлімсіз. Сонау XVI ғасырдағы бұлғақ толқыны кезінде Ресей патшасының қолында тұрған қазақ сұлтаны Оразмәмбеттің сол дәуірдегі қазақ халқының жазу мәдениеті үлгілерін жарқын суреттейтін ғажайып кітапханасының жоғалуы да орны толмас өкініш. Оразмәмбеттің күміс жәшікке сақтап келген кітапханасында сол кездегі қазақ тілінде жазылған кітаптар, қолжазбалар, шежірелер, хаттар, халықтың әдемі қария сөздері бар болатын. Бұл түпнұсқалар бергіндері Азия музейінде тұрған кезінде жоғалды. Шоқанның соңғы жылдарында жазған еңбектерінің, ауыз әдебиетінің үлгілері жинақталған көптеген қолжазба дәптерлердің, оған орыстың көрнекті адамдарынан келген хаттардың білместік салдарынан іс-түссіз кеткеніне қалай қиналмай тұра аларсың.

*(Әлекеңнің нағыз ғылыми ерлікке лайық атқарған үлкен жұмысы – ұлы ғалым, ағартушы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын тыңғылықты зерттеп, бес томдық академиялық жинағын баспадан шығаруға (1961-1972 ж.) бас болғаны. Шоқанға қатысты бұған дейін еліміздің сан архивтерінде жүйесіз шашырап жатқан бай мұраны жинақтап, реттестіріп, баспаға әзірлеу қаншама күш-қайратты, ыждаһаттылықты, білгірлікті керек ететіні өз-өзінен түсінікті. Бес томдықты парақтай отырып, онда Әлекең жазған Шоқанның өмірі мен қызметі туралы алғысөздерді, өздері үлкен бір татымды еңбекке әбден пара-пар қыруар түсініктерді, сілтемелерді оқыған кезде ғылымға деген нағыз адалдықпен, патриоттықпен атқарылған ұлан-ғайыр іске куә боламыз. Бес томдықтың шығуы Шоқантану саласының күрт дамуына ерекше әсер етті. Осыдан кейін қазақтың ұлы ғалымы туралы ғылыми еңбектер мен зерттеулер, әртүрлі әдеби шығармалар көптеп дүниеге келе бастады.*

*Академикті Шоқан өмірі мен мұрасына қатысты әңгімеге тартамын. Ғұлама тосылмады. Адам аттары мен жылдар жүйесін еш шатастырмастан түйдек-түйдек сөз тиегін*



*ағылта жөнелді. Обаған бойындағы кезінде Аманқарағай дуанының орталығы болған Қараобаға жақын тұста аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов арнайы салдырған, Шоқан дүниеге келген Күнтімес ордасы, ол өскен орта, Омбы, Петерборда өткен жылдары, Қашықар сапары, Тезектің ауылындағы соңғы айлары жайлы көсіле әңгімелейді).*

– Шоқан менің көп уақытымды алды, – дейді Әлекең. – Ең жеміс беретін қайраты мол шағымды Шоқан мұрасын жинап-теруге арнадым. Оншақты жыл дамылсыз жұмыс істеуге тура келді. Бірақ ол өкінетін бейнет емес еді. Шоқан сияқты аяулы данышпандарды әлемге таныту үшін бар ғұмырды арнауға да болады. Мен өзім оның бес томдығын шығаруды аяқтағаннан кейін де қарап отырған жоқпын. Өзімнің еңбектерімді жазу үстінде оған да назарымды сала жүрдім.

– Шоқан бір қарағанда мұхиттағы айсберг сияқты тұңғыық қой. Оның бес томдығы шықты десек те, ашылмай жатқан мұралары әлі де мол, – дейді Әлекең бұл жөнінде. – Сондай архив тозаңында көміліп жатқан асыл дүниелердің бірі Шоқанның 1856 жылы жазып алған қырғыздың «Манас» жыры болатын. Оны ұзақ жылдардан кейін ғана Шығыстану архивінің қорынан таптым. Содан соң мен 1978 жылы «Шоқан және «Манас» деген кітап жаздым, оқыған шығарсың. Шоқанның бес томдығы шыққаннан кейін мен тапқан мақалалар мен зерттеулердің өзі қазір жеке бір том құрауға жетеді. Мен олардың бәрін Ғылым академиясындағы жігіттерге табыс еттім. Келесі жылы Шоқанның туғанына 150 жыл толуына байланысты оның бес томдығы қайта толығып жарық көргелі жатыр. Онда кейіннен табылған дүниелерінің бәрі де қамтылмақ...

– Сіз 1943 жылдан Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы көне мәдениет орындарында қазба жұмыстары жүргізуге бас болдыңыз. 1946 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы Орталық Қазақстандағы ежелгі мәдениет іздерін зерттедіңіз. Ол археологиялық қазбалардың қорытындылары көне қазақ жерінде байтақ мәдениет үлгілері болғанын бұлтартқызбай дәлелдейді. Сонау көне дәуірлерде Қазақстан жерінде өркен жайған өркениет іздеріне жолықтырады. Мәселен, мына шығармаңыздан да бұл жайында талай жарқын фактілерге ұшырасамыз, – дедім де өзіммен бірге осы кездесуге арнайы ала

келген «Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты 1979 жылы орыс тілінде шыққан қаптамалы жалпақ қара кітапты папкемнің ішінен алып үстел үстіне қойдым.

– Ә, мына кітап сенде бар екен ғой, – деп Әлекең оны қолына алып отырып сөзін жалғады.

– Бұл Беғазы-Дәндібай мәдениеті деген ғажайып бір кезең, сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі. Жалпы, қазақ жерінде жыл санауға дейінгі мыңжылдықтарды қамтыған қола дәуірінің мәдениеті жойқын дамыған. Соның сәулетті бір белгілері – қыстақтар орны, зәулім обалар, биік меңгірлер – ж. с. д XI-VIII ғасырларда Орталық Қазақстандағы Беғазы өзенінің бойы мен Дәндібай ауылы деп аталған мекен төңірегінде көп сақталған. Өзім Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп ат қойған бұл сәулет пен өнер үлгілері бір жағынан, көне Қазақстан жерінде қола дәуірінен кейін көркейген алғашқы сақ мәдениетімен сабақтасып, ұштасып жатыр. Сақтардың бүкіл әлемге әйгілі жойқын өнерінің бір төркіні осы Беғазы мәдениетінің жарқын дәстүрлерінен бастау алады.

*(Академик қолындағы кітап беттерін парақтап кетті).*

– Мына кешен архитектурасының тамашасын қарашы. Беғазыдағыдай архитектура еш жерде жоқ. Мұндайды Орта Азиядан да, Сібірден де таппайсың. Тек бізде ғана бар... Мынау қыш құмыралардың, көзелердің сыртындағы ою-өрнектері қандай әдемі. Бір-біріне тіптен ұқсамайды. Формаларына қарашы, өзінше дербес... Алтын мен қола білезіктер, алтын жүзіктер мен сырғалар қандай әдемі... Әсіресе меңгірлерді қарасайшы. Қазақтар оларды орналасуына қарап: қорған тас, қанат тас, қалқа тас, самала тас, сым тас, серек тас, бағана тас деп әрқилы атап жатады. Ертедегі адамдар оларды әртүрлі әдет-ғұрыптарға, отқа, суға, әруақтарға табынуға байланысты тұрғызған. Меңгірлердің арасында атқа, қойға, аюға, түйеге ұқсатып салған түрлері де кездеседі. Францияның бір профессоры осы кітап шыққасын маған арнайы хат жазыпты. «Сіздің кітабыңыздағы меңгірлер маған ерекше әсер етті», – дейді.

Сақтардан кейінгі бір жарқын кезең – ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінде өркендеген мәдениет. Жыл санауға дейінгі III ғасырдан жыл санаудың V ғасырына дейін ерекше көркейген осы мәдениет

үлгілері Алатау баурайында, Қаратау аймағы мен Сырдарияның орта алабында жиі кездесіп отырады. Осы өңірлерде біз жүргізген зерттеулер бұл бақташы тайпалардың қоладан, алтыннан тамаша өнер үлгілерін жасай білгендігін сәулетті түрде дәйектейді. Ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінің шеберлері зергерлік заттарды әр алуан сипаттарға құрып, оларды аңдар мен жануарлар бейнесімен пішіндеуде өте биік сатыға көтеріле білді. Ұсталар көркем оймыш, бедерлеу, соғу, қақтау, тас пен ағашқа ою түсіру сияқты әдістерді жете меңгерді. Олардың қоныстарының орны, зираттар мен қорғандар сол дәуірде құрылыс өнерінің де ерекше өркендегенін байқатады.

Кейбіреулердің көне Қазақстанда бағзы замандарда мәдениет ошақтары болмаған, қала салуды білмеген дейтіні бар. Бәрі бекер. Жезқазған, Қаратау қойнаулары ерте замандарда-ақ кен орталықтары болған. Жезқазған төңірегінде жез, қалайы, темір, алтын, күміс шығарып, өңдейтін кеніштердің болғанын археологиялық қазбалар анық көрсетіп отыр. Талай ғасырлар бойы Еуропа үшін Иберия кеніштері қандай роль атқарса, Жезқазғандағы металлургия орталығының да Азияға әсері дәл сондай болған. Тіпті, Грек, Парсы, Мысыр, Кавказ елдері алтын мен күмісті қазақ жерлерінен алып отырған. Ежелгі Қазақстан жерін мекендеп мал баққан, егін еккен, кен қазған бабаларымыздың дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі орасан көп. Ана жылы Есік обасынан табылған «Алтын киімді адам» да сол байтақ мәдениетіміздің сәулетті бір айғағы...

**– Жақында Сіз өзіңіздің осы уақытқа дейін жазып біткен қолжазбаларыңызды он том етіп ретке келтіріп жүйелеп қойды деген қуанышты хабар естідік.**

– Ол рас. Ол томдардың әрқайсысының көлемі шамамен 35-40 баспа табақтай болмақ. Әрі бұл он томдыққа археология материалдары кірмейді. Алғашқы үш томым түгелдей әдебиет туралы еңбектерден тұрады. Бірінші томда түрк тектес халықтарға ортақ асыл мұралар: «Ер Төстік», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қорқыт», «Манас» жырлары жөніндегі ойлар айтылса, екінші томыма көлемі 40 баспа табаққа жуық «Қазақ халқының эпикалық шығармалары» атты докторлық диссертация кіреді. Онда Керей, Найман, Қыпшақ дәуірлеріндегі эпикалық жылдар сөз болады. Үшінші томды «Қазақтың орта ғасырлардағы

әдебиет жазбалары» деп атап отырмын. Ол XV-XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ жазушыларының еңбектері туралы ойлардан тұрады. Онда Қадырғали Жалайырдың жазбалары, Бапан бидің дәптері, Өтеміс қажының шежіресі мен Шорманның Мұсасының еңбектері, шежірелер сөз болады. Төртінші томға әр кездері жазған мақалаларым кіреді. Бесінші томымды түгелдей Шоқан Уәлиханов туралы жазғандарыма арнадым. Орысша-қазақша бірдей дайындалған ол еңбек келесі жылы Шоқанның 150 жылдығына орай шығып қалар деп те отырмын. Өне-міне жарық көрейін деп тұрған үлкен еңбегім – алтыншы томымды құрайтын, түгелдей қазақтың халық өнеріне арналған үш томдық монография. Оларда қазақтың киіз үй, оның ішін көркейтетін әдемі мүліктері: кілем, текемет, сырмақ, тұскиіз, туырлық, басқұр, сандық, кебеже, жұқаяқ, оюлы ағаш есік, ұлттық киімдер, ою-өрнектер, зергерлік бұйымдар, алтыннан, күмістен, қоладан, ағаштан, теріден жасалған сәндік дүниелер жан-жақты сөз болады.

Оны «Өнер» баспасындағы жігіттер әдемілеп дайындап, өндіріске жіберген. Қазір басылып жатыр. Қалған томдарымда қазақ өнері мен мәдениетінің әрқилы мәселелері: Көне заман өнерінің үлгілері, таңбалы тастар мен тас мүсіндер, ежелгі архитектуралық ескерткіштер және байырғы мәдениет белгілері сала-сала әңгіме арқауына айналады. Ендігі қалауым, сол он томдықты бір баспа шығарамын деп қолға алса тым дұрыс болар еді...

**– Әрине, Сіздің талай жыл бойы жазған терең дүниелеріңіздің халыққа тезірек жетуін біз де шын жүректен тілейміз. Ал қазір қандай жұмыс үстінде отырсыз?**

– Қазір Қазақстанның ежелгі сәулет өнері жөніндегі жаңа еңбегімді жазып жатырмын. Бірінші бөлім бітім тұр. Сондай-ақ алдағы күндерде Мұхтар Әуезовпен бірге тұрып, бірге жүрген күндерімдегі көрген-білгендерімді қағазға түсірсем бе деген ойдамын. Ол да жүйесін тауып бітіп жатса, пайдасы көпке тиетін еңбек болады ғой деймін...

*(Сексеннің сеңгіріне шығып, қимыл-қозғалысы шау тартса да, ойы жүйрік, санасы сергек күйінде қалған, баяғының абыздарындай ақылман қариямен әңгіме әлден уақытқа созылды.)*

Қайтарда әкелген кітабыма қолтаңба жазып беруін өтіндім. Академик кітапқа «**Ардақты Жарылқапқа, ұмытпай еске алып жүру үшін. Әлкей Марғұлан**» деген жазу түсіріп, қолыма ұстатты...

... Әлекеңмен қош айтысып, данагөй ақсақалдың үйінен шыққаннан кейін Кіші Алматы өзенінің бойымен жоғары өрлеп жүріп келемін. Қолымда – халқымыздың заңғар ғұламасының ыстық алақанының табы мен қолтаңбасы түскен кітап, көңілде – телегей-теңіз ой дариясы іспетті шежіре жанның әңгімесінен алған көл-көсір әсер...).

1984 жыл



## БАРЛЫҚ ЖОЛ МЕККЕДЕ ТҮЙСЕДІ



### Өкілетті елші

Мешіт жақтан намазға шақырған азаншының дауысы естілгенде ғана барып, Нәзір таң алагеуімге дейін жазу қызығымен отырып қалғанын байқады.

Муэzzиннің «Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар ...», – деп төрт мәрте созылта қайырып жатқан құлаққа жағымды әуенді үніне ілесе орнынан тұрды да аулаға шықты. Қызыл теңізден лекілдей соққан таңғы самалдан аздап балдыр иісі татып тұр.

Азаншының дауысы қала үстін кернеп барады:

*«Әшһәду ән ла илаһә илла-л-лаһ;*

*Әшһәду әннә Мұхаммәдәр-р-Рәсул-л-лаһ...»*

Намазға шақырудың осы жолдарын өзі қазақшаға қалай аударып еді.

*«Алдадан басқа құдай жоқ екеніне куә боламын,*

*Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куә боламын...»*, – деп пе еді.

Біраздан бері көкірегіне тықыр боп кіріп, көңіліне маза бермей қойған дүниені жазуға кіріскелі өзін сергек сезініп жүр.

Елшіліктің күні бойғы тынымсыз жұмысы біткесін, реті табылып жатса, бір мызғып алады да, әлден уаққа дейін тапжылмай отыратын дағды тапты. Содан түні бойы өзі білетін жайларды қағаз бетіне ширатып түсірумен болады

Бұл ойға тастүйін бекінуі де бекерден емес. Әнеукүндері жұмыс саябыр тапқан оңашалау бір сәтте байқап қарап отырса, араб елінен аяқ басқанына бес жылдай уақыт боп қапты. Осы мерзімде не істеп, не тындырғанын ойша суыртпақтап көріп еді, бірталай жайлар көз алдынан қайта өткендей күй кешті.

Расында да, дін-ісләмның тұсауы кесілген, күллі мұсылманға қастерлі Мекке-Мәдина топырағына Қара теңіз, Жерорта, Қызыл теңіздетіп, кемеден-кемеге ауыса мініп жеткені кеше ғана сияқты еді. Қызыл теңіз жағасына шұбатыла жайғасқан Жідда шаһарын пеш аузынан лапылдағандай аптап ыстық буып тұр екен. Дінге қытымыр Кеңес мемлекетінің Хижаздағы бас консулы деген дардай лауазымды алып келе жатқанымен, титтейінен бойына сіңген мұсылманшылық сенімінен таймай, кеме басқышынан «бисмилла» деп аттағаны да есте. Атажұрты – Арыстан бап, Әзірет Сұлтандай әулиелері бар Отырар, Түркістан өңірі; сауат ашқан, өскен жері – мұсылмандық тәлім-тәрбиесі кәделі Қоқан шаһары болса, киелі мекенге қадам басқанын қалай ескермей тұра алсын.

Тілі қазақша-өзбекше қатар шыққан оның бүгінгі арабша сөйлеп, жаза алатындығы, шариатты бір кісідей білетіндігінің түп негізі де – алты алаш тарихындағы сүбелі сыбағасы бар сол Қоқанда, сондағы мұсылман мектебінде қаланған-ды. 1918 жылы басмашылар өлтіріп кеткен иманы салауат болғыр әкесі Төреғұл – заң қызметкері, өз заманының көзі ашық, еті тірі адамдарының бірі болатын. Баласының сауатын мұсылманша ашқаннан кейін, үш жыл орыс-бұратана училищесінде оқытып, орысша тіл сындыртқызды. Одан соң сегіз жылдық сауда училищесіне түсірді. Шығандап Мәскеу барып, коммерциялық институтта оқуы да әкесінің ықпалымен болған іс. Үшінші курсты енді түгесе бергенде, он алтыншы жылдың дүрбелеңі басталып кетті емес пе? Содан бері саясат, идеология майданының қас ортасында. Енді міне дәм бұйырып, мұсылмандар «аса кәдір тұтатын» – Мекке мүкәррәма жерінде жүр.

Хижаз Сыртқы істер уәзірлігінің жауапты адамдары дінге ызғарлы елдің жаңа өкіліне қалай дегенмен де әу баста сәл шекелей қарағанымен, оның мұсылманшылығын, арабшаны бір кісідей білетіндігін, французша, немісше, түрікше мүдіріссіз сөйлеп кете беретін білімпаздығын байқағаннан кейін ықыласпен үйірлді. Нәзір есімінің арабтар үшін бөтен еместігі бар. «Нәзір» – шариат заңында «діни серт, уәде» деген ұғымды білдіретінін олар таныстық, білістік кезінде сөзге тамызық қылып аңғартып та жатты.

Нәзірдің Жіддадағы агенттікке бас консул боп келген кезі 1928 жылдың ми қайнатқан жазы еді. Араб түбегіндегі әмірліктер мен сұлтандықтар, халифаттар тарихына бұрыннан қара жаяу емес оған, сол шақта енді-енді ғана шаңырақ көтерген «Хижаз бен Нәжд және оған қосылған аймақтар» деп саналатын жас мемлекеттің қалай дүниеге келгені де жақсы таныс-тын. Оның басшысы – Әбдел-Әзиз ибн Әбдір-Рахман әл-Фейсал әл-Сауд арабтың ірі Аназ тайпасының Сауд атасынан тарайтын әмірлер әулетінен. Тарих бұл әулет әуелде сүнниттердің ХҮІІІ ғасыр ортасында Кіндік Арабстандағы Нәжд аймағында бүршік жарған діни саяси ағым-уаққабишылдықты (бір құдайдың қақтығына шүбәсіз сену) жақтап өмірге келгенін айтады. Саудтар тез арада күш алып, ХІХ ғасырдың басында Араб түбегіндегі ыдыраған әмірліктердің басын бір мемлекетке біріктіргенімен, сол ғасырдың өзінде оны әуелі Мысыр билеушілері, одан кейін Осман түріктері қайта бөлшектейді.

Біртін-біртін қайыра ес жиып, етегін қымтай бергенде, ата-жұрттары Нәжд аймағын теріскей арабтардың Решит әулеті жаулап алады. Уаққабишылардың өз мемлекетін қалпына келтіру жолындағы бұдан кейінгі әрекеті жиырмасынша ғасырдың басында ғана қайта тұтанады. 1902 жылы жас әмір Әбдел-Әзиз ибн Саудтың басшылығымен Нәжд өңірі азат етіліп, әр-Риадта уаққабишылар билігі қалпына келтіріледі. Келтіріп қана қоймай, өздері ұстанған осы ілімді Араб түбегіндегі әмірліктерді бір шаңырақ астына біріктірудің басты ұраны мен құралына айналдырады.

Бұл күрес әсіресе Бірінші жиһан соғысы бітіп, араб жерін бұрыннан өз уысынан шығармау ниетін ұстанып келген ағылшындар мен түріктердің ықпалы саябырсығаннан кейін



ерекше қарқын алады. Бес-он жыл ішінде оңтүстіктегі Ғасир, теріскейдегі Шәммар аймақтары, ең бастысы Мекке-Мәдинадай қасиетті қалалары бар батыстағы Хижаз өңірі Нәждке қосылды. Найзаның ұшы, білектің күшін ұтымды қолдана білген Сауд әулеті Араб түбегіндегі жалы қарағайдай патшалықтың билеушісіне айналады. Атап өтерлік бір жайт, осы жаңа мемлекетті әлемде бірінші боп, 1926 жылдың ақпанында Кеңес одағы таныған еді. Ал екі жылдан кейін Сауд билігіне елден бұрын ілтипат білдірген сол ел, 1924 жылдан бері осында тұрақ тепкен өз өкілдігінің бас консулы етіп қазақ перзенті Нәзір Төреғұлұлын тағайындаған.

Әрине, Кеңес өкіметінің жаңа араб мемлекетін таңдаудағы бұл әбжілдігі бекерден-бекер еместігі Нәзірге түсінікті. Бұрынғының бәрін тәрк етіп, «запа шегіп, жаншылғандардың» қоғамын құруға кіріскен мемлекетке Батыс елдері әлі де салқынқабақ. Сене бермейді. Реті келсе құрдымға батырып жіберуге даяр. Осындайда Кеңес елінің, өзіне сонша қытымырлау емес деп ұғатын Шығыстың аузын алғысы келетіні бар. Іргелес мұсылман елдеріне Мекке-Мәдинаның беделі жоғары екенін белгілі. Ендеше Сауд мемлекетіне тез бейіл танытқанның еш залалы жоқ. Әрі бұл елдің базарына басқалар жолатпай қойған өнімдерін өткізу мүмкіндігі де бар. Хижаз әсіресе отынға тапшы. Кеңестің арзан мұнайы мен көмірі арабтарға әбден дауа болар еді.

Әйтсе де Кеңестің бүйтіп сылқ ете қалғанына Хажиз бен Нәжд әкімшілерінің соншама құрақ ұша қоймағанын осында келгесін байқады. Айнала түгел дерлік ағылшын ықпалындағы елдер қоршауында тұрған Сауд мемлекеті әліптің атын бағатындай қалып танытты. Қазан айының басында ел королі Ибн Саудтың баласы, Хижаз аймағын басқарып отырған Фейсалға Меккеде сенім грамотасын тапсырып, бір елдің дипломатиялық агенті және Бас консулы боп тіркелгенімен, әміршінің өзімен тікелей кездесу мүмкіндігін, келер 1929 жылдың маусымында ғана әзер алды. Еуропада «Король» деп лауазымдалатын тақ иесін арабтар – «Мәлік» дейді. Мәлік ибн-Сауд пен Кеңес консулының алғашқы жүздесуі, обалы не керек, ойдағыдай өтті. Нәзірдің екі ел арасындағы қарым-қатынастар туралы өрбіткен мәселелеріне Ибн Сауд кәдімгідей ықылас білдірді. Ол өз мемлекетін КСРО бірінші боп танығанын әсте естен

шығармайтынын, сол үшін де ерекше құрметпен қарайтынын айтты. Иә, осыған дейін екі ел арасындағы келісімдердің әртүрлі жағдайларға байланысты, қолайлы сәтті күтіп кідіргені рас. Реті енді келгендей. Өз басы Кеңес үкіметімен саяси және сауда шарттарын жасауға бек дайын.

Қарым-қатынастың содан бергі қарқыны да жаман емес сияқты. Бұл келгелі жас мемлекет басында да біраз өзгерістер өтті. 1932 жылдан бері ел Сауд әулетінің дербес билігін айғақтайтын Әл-Мемлекет әл-Арабийя ас-Саудиа деген атқа ие. Терминдердің ауыс-түйісіне қараңызшы. Мұндағы «мемлекеттің» тура мағынасы – жеке адам билейтін «корольдік, патшалық» деген білдіреді. Ал қазаққа сіңген мемлекет сөзін арабшаға қайта аударса – «дәулет» болар еді.

1930 жылдың басынан бері өзінің қызмет атауы да өзгерген. Сауд әулеті тәуелсіз екенін тиянақтай түсу мақсатымен, шетелдік консулдіктерді елшіліктерге ірілету жөнінде ұсыныс жасады да, өзгелермен бірге Нәзір басқарған агенттік те дипломатиялық миссияға айналды. Содан бері ол «Төтенше және Өкілетті уәзір құқығындағы Өкілетті елші» деген лауазымда.

Дипломатиялық корпус қатарындағы беделі де кәдімгідей. Дипломаттар арасында ағылшындардың өкілін аға елші (дуайен) етіп сайлайтын дәстүр бар. Сол дағды осы елде де ұсталынатын шығар деп ойлаған. Алайда Ұлыбритания өкілі мистер Бонт арабшаға шорқақ екен. Сондықтан да мұсылман елшілер (ішінде Нәзір де бар) бұл орынға Түркия елшісі Сени-бейді мақұл көрген. Бірақ түріктің бүйрегі ағылшынға бұрыла берді. Сөйтіп жүргенде Нәзірдің өзі де көзге түсіп қалсын. Түркия Республикасының 6 жылдық мерекесі күнгі қабылдауда бүкіл дипкорпус атынан құттықтау сөзді аудармашыға сүйенген ағылшын емес, Нәзір арабшалап айтып жіберсін. Содан кейінгі басқосуларда Хижаз сыртқы істер уәзірі Фуад Хамзаның елшілер арасындағы дәреже деңгейін жаңаша жүйелейтіні аңғарылып қалды. Үлкендік жол – түрік Сени-бейге, екінші дәреже – Нәзірге, үшінші – мистер Бонтке, төртінші орын – француз Мерреге тиді. Хижаз губернаторы жасаған банкетте Нәзірге әмір Фейсалдың оң жағынан орын тигендігі де осыдан еді... Көп ұзамай Сени-бейдің мұндағы елшілік мерзімі бітіп, еліне қайтты да, дуайендік дәреже өз-өзінен Нәзірге ауысты.

Елшілермен, үкімет адамдарымен, көпестермен кәдімгідей аралас-құралас. Бірқатары өзімен ақылдасуға кеңесуге әрдайым кеп тұрады. Дипломаттардан парсы елшісі Айн-ул Мүлік Говейди, түрік Сени-бей, оның орнын ауыстырған Лутфулла-бей, мысырлық Хасан әл-Ашмуни; үкімет адамдарынан: қаржы уәзірінің орынбасары Сауд әл-Хашим, мәліктің шабарманы шейх әл-Сауд, сақшылар бастығы Мухсин әл-Таниб, қаржы уәзірінің инспекторы ұлты шеркес Салих Хасроулар елшілікке жиі-жиі бас сұғар сондай қонақтар қатарында.

Арабшаға әбден төселіп алған. Алғашқы келген кезінде агенттіктегі аудармашы Хикмет Бекининге қарайлағаны рас. Алайда ол кісінің орысшасы шорқақ еді. Жазмыштан озмыш жоқ. 29-шы жылдың қайнаған шілдесінде аудармашы кенеттен дүниеден өтті. Бас-аяғы 9-10 күн ғана ауырды. Дерт буа бастаған екінші күні Нәзірдің зайыбы – медицина факультетінде тәлім алған Нина Александровна сұрастырып көріп еді, Хикмет базардан қайнамаған су ішіпті. Содан кейін-ақ жағдайы кете бастапты...

Аудармашы жоқ деп қарап отырмайсың ғой. Бір жыл ішінде тәп-тәуір тіл сындырып қалған екен. Сол кездегі орынбасары Жүсіп Түйметов бар, басқалар бар, «өзіңіздің де арабшаңыз ешкімнен кем емес» дегесін, анау-мынау кездесулерді аудармашы іздемей-ақ өткізе беретін болды. Сондай-ақ, алғашқы маңызды жүздесулердің бірі Жіддадағы белгілі тұлға, үйіне ел әміршісінен бастап, әйгілі дінбасыларына дейін түсіп тұратын Мұхаммед әл-Нәсіппен өткені есте. Кеудесі күмбір, білімі терең кісі екен. Екеуі мұсылмандықтың қазіргі қалып-деңгейі, уаққабишылық ілімнің негізін қалаушы ибн Тайми пәлсапасы туралы әңгімеден бастап, биыл Мекке мен Таифта ерекше өршіген маңқа індетінен қалай сақтану, емделу мәселелеріне дейін пікірлескен еді. Кездесуге қатысып отырған Жүсіп соңыра: «Сізге аудармашының қажеті шамалы ма, деп қалдым, қиналған жоқсыз ғой», – деген бұған.

Баспасөз төңірегінде де біраз таныстары бар. Оның себеб де белгілі. 1916 жылдан бері қолынан қаламы түспей, Түркістан өлкесін басқару ісіне араласа жүріп-ақ, қазақша-өзбекше газет-журналдар шығаруға белсене қатысқан, Мәскеуде Күншығыс елдерінің кіндік баспасына жетекшілік жасап, Алаш ардақтылары

Әлихан, Ахмет, Мағжандармен тізе қоса, қазақ үшін қыруар шаруалар тындырған жылдардағыдай жүрдек жұрналшылығы да ұстап-ұстап қояды кей сәт. Сондайда Жіддада шығып тұратын «Гум-ул-кура» басылымының мұхаррирі Рушди әл-Мәлхасқа барып әңгіме-дүкен құруға бейіл. Редактор да екі-үш жыл ішінде арабша жазу-сызуға, араб тарихы мен рухына құмбыл боп алған бұл десе «ішкен асын жерге қояды». Нәзірге Ресей туралы мақалалар жазып бер, деп өтінеді. Жақында ғана оның сұрауы бойынша XII ғасырдағы араб жиһанкезі шейх Ибн Батутаның Қырым, Еділ, Кіндік Азияны көктей өткен саяхат жолын картаға түсіріп беріп еді, әдбен риза болды. Рушди сыйға тартқан I ғасырдан XXX ғасырға дейінгі мұсылмандық-еуропалық салыстырмалы күнтізбекті жуырда ғана Мәскеуге, Сыртқы істер халық комиссариатының Шығыс бөліміне жөнелткені бар...

Араб жеріне қызмет бабымен келіп, күллі мұсылман үшін қасиетті мекен рухымен тікелей танысқалы, киелі Қағбаға әлденеше тағзым етіп, ісләм қарыздары мен шарттарына көңіл көзін терең жіберіп қаныққалы кеудеге бір түртпек кіргенін байқап жүр. Ол – Исләм туын көкке көтерген осы елдің тарихы, мәдениеті, мұсылманшылығы туралы неге еңбек жазбасқа деген ой. Қолдан келмей жатса бір сәрі, бәрі көкіректе сайрап, «мені жаз, мені жаз», деп тұр емес пе?

Қаламгер көкірегіне бір тықыр кіргесін тыншуы қиын. Мазаны алып бітеді. Ақыры сәрсенбінің сәтті бір күнінде Нәзір «бисмилла» деп жаңа еңбегін жазуға отырған еді...

\* \* \*

*Жұмыс соңына таман Қазақстан Республикасының Сыртқы істер уәзірлігінен соғылған қоңырау қаперде жоқ ұсыныс білдірді. Солай да солай. Сауд Арабиясы Корольдігінің Ақпарат уәзірлігінен қатынас қағаз келді. Биылғы қажылық рәсімдерін көру, атқару үшін Қазақстаннан бір баспасөз өкілін арнайы шақырады. «Ана тілі» газеті ұлт апталығы болғасын, сіздерге бүйрегіміз бұрып хабарласып отырмыз. Барып-қайтуға жағдайыңыз келсе, уақыт тығыз. Дереву құжаттарыңызды дайындауға кірісу қажет. Әйтпесе, Құрбан айт қарсаңына дейін жетіп үлгере алмайсыз.*

Мұндай реті келіп тұрған мәні бөлек сапардан қалай қаларсың.

Сыртқы істер уәзірлігінің араб елдеріне қатысты бөліміндегі мың болғыр жігіттер, аз күнде қызмет төлқұжатымды, Мәскеудегі Сауд Арабиясы мемлекеті елшілігінен өз арналары арқылы рұқсат-визаны жылдамдата алғызып, тап-тұйнақтай қып дайындап берді. Содан кейін Меккеге қалай, қай бағытпен жеткен мақұл деген мәселе туындаған.

Әуелде, бәлкім Мәскеу арқылы, әйтпесе Анкара арқылы ұшқан жөн болар деген жорамалдар ұсынылғанымен, Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің жігіттері қолқа салғанымызды жерге тастамай, бұл шаруаны да қанттай қылды. Олар Анкарадағы Сауд Арабстаны елшілігі атынан маған Алматы-Істамбұл-Жідда бағыты бойынша ұшақ билеті кесілу керектігін «Түрік әуе жолдарының» Алматыдағы кеңсесіне факспен тікелей түсіртті...

Сәті келген істің жөні шынында бөлек. 1996 жылғы сәуірдің 19-ы, жұма күні таңғы 8-де Алматыдан «Түрік әуе жолдарының» «Бойнг» ұшағына отырған пақырыңыз, түске таман Істамбұлға жетіп, әуежайда екі сағаттай ғана аялдағасын, «Саудийа» әуе компаниясының түрік қажылары қайыса мінген «Бойнгіне» ауысып, сол жұманың іңірі үйіріле Жідда қаласына топ етіп түсе қалдым.

Арнайы көтергіштермен ұшақ есігінің деңгейіне дейін көтеріліп табалдырықтары теңесе қалған автобус ішіне «бисмилла» деп аттадым. «Қасиетті мешіттер қақпасы» деп аталатын Жідда шаһарына, киелі Мекке-Мәдина топырағына, бір кездерде Нәзір Төреғұлұлындай Алаш ардақтысы сегіз жыл елші болып қызмет істеген кәделі мекенге аяқ бастық емес пе?...

## **Қасиетті мешіттер қақпасы**

Нәзір өз еңбегінің әлқисасын Араб түбегінің тарихын шолудан бастады.

... Айналасын үлкенді-кішілі сулар – Араб теңізі, Қызыл теңіз, Парсы шығанағы, Өлі теңіз, Евфрат, Иордан өзендері қоршап жатқандықтан жергілікті жұрттар оны ежелден «Араб аралы» деп атаған екен...

Түбектің батыс беткейіндегі Қызыл теңізді жиектей бір жарым мың шақырымға созылып Хижаз таулары; осы таулардың теріскей-шығысқа қарай ұласатын жоталар тізбегінің Парсы шығанағына еңістене барып құлайтын бөктерінде Нәдж өңірі отыр.

Араб аралы негізінен шөлді-шөлейтті аймақ болса да, ара-тұра құйқалы шұраттары да кездесіп қалады. Соған орай жер бейіміне лайық мұнда диқаншылық пен көшпелі өмір салты ғасырлар бойы қатар ғұмыр кешіп келеді. Сулы жерлерде құрма, тары, арпа мен бидай ерекше өсімталдығымен ерекшеленсе, көшпелілерді шөлге шыдамды сидам нарлары мен отар-отар қой-ешкілері тамақтан тарықтырмайды...

Ежелгі замандардан әрі-бері жосылған керуен жолдарының торабында тұрған, жыл он екі ай бойы қан базары бір тарқамайтын мекендердің бірі Хижаз аймағындағы Мекке шаһары еді. Бұл сірә да Мекке орналасқан жердің шаруашылыққа қолайлы, табиғаты жайлылығынан емес-тін. Қайта ол қуаң, аптабы мен қапырығы буып тұратын қытымыр өлке. Мәселенің мәнісі, осы топырақта араб тайпаларының пір тұтып, тәу ететін әулиелі орындарының көптігіне қатысты еді. Көнеден келе жатқан аңыздарда Мекке алқабы жайында ол Адам ата мен Һауа ана кездескен жер екен, Адам атаның ұлы Шис (Сиф) Құдайдың әмірімен Алла тағаланың Жер бетіндегі алғашқы үйі – қасиетті Қағбаны (текше үйді) тұңғыш салушы болыпты, жұмақтан түскен мінсіз жақұтты (бүгінгі «қара тасты») ғимараттың шығыстағы бұрышына сол қондырыпты. Кейіннен Қағбаны Ибраһим пайғамбар қалпына келтіреді. Оның баласы Ысмайылдың сәби кезінде шөл қысып жер тепкілеп жылап жатқанында өкшесі тиген тұста пайда болған зәмзәм қайнары да сол «қара тастын» қарсысында...

Ісләмге дейін араб тайпаларының әрқайсысының әр бөлек құдайлары болыпты. Олар сол құдайларының тас бейнелеріне табынады екен. Пұтқа табынушылықтың сол сеніміне сай, олар өздерінің тасқұдайларын Қағбаның іші мен сыртына қаптатып тізіп қоятын болған. Бір деректерде Қағбаның ішінде Араб түбегінің түрлі аймақтарында құрметтелетін 360-тай пұттың тұрғаны да айтылады. Ішкі қабырғаларында таураттың және інжілдік кейіпкерлер де бейнеленгені айтылады...

Араб аралының түкпір-түкпірінен тартылған керуен жолдарының Меккеге келіп түйісетінінің бір себебі де осыдан, көп құдайлы көне Қағбаға келіп тәуеп етушілердің молдығына қатысты еді.

Жыл бойы сауда-саттығы бір үзілмей жататын осы Меккеде V ғасырдың соңына таман дүниеге келген, кейіннен Мұхаммед пайғамбар атанған «Алланың адамзатқа жіберген ең соңғы елшісі» – Алла тағаланың ақиқат жолы – жаңа ісләм дінінің негізін қалады...

Осы Меккеде 630-шы жылы Мұхаммед пайғамбардың басшылығымен Қағба, ісләмнің ең басты қасиетті орны, бет бұрар құбыласы, көп құдайға табынушылардың пұттарынан тазартылып, сол жылы «Аллаға иман келтіргендердің» ең алғашқы мұсылмандық қажылық рәсімі жасалды, жаңа қажылық ережелері бекітілді. Әл-Қағбаға жыл сайын қажылық жасау – ісләмнің бес парызының бірі болып саналады...

\* \* \*

*Истамбұлдан шыққанда ылғи ихрам қымтанған түрік қажыларынан бөлектеніп, ұшақтың алдыңғы салонында отырған едік. Автобусқа да сол бөлектенген күйі міндік. Сөйтсек, тәуепшілер біз сияқты еркін жолаушы емес, әуежайда өздері үшін лайықталған жолмен жеткізіліп, арнайы күтіп алушылардың қолына табыс етіледі екен.*

*Бір өзі тұтас бір қала дерлік, аумағы атишаптырым әуежайға өтеберістегі төлқұжат тексеретін қатар-қатар керме жолдар көп кідіртпейді. Солардың біріне белгі соқтырғаннан кейін «енді қайда барамын?» дегенді сұрамаймын ба? Кеденші жігітер қызмет төлқұжатымдағы «Ақпарат уәзірлігінің шақыруы бойынша қажылыққа келе жатыр» деген жазуды оқыды да, «әуежайдан шыққан соң, солға қарай бұрылып, алдыңызда көрінген үйге кіресіз, сол жерде Сізге жөніңізді айтар», дегендей сыңай білдірді. «Е, жарайды», – деп қоңыр-салқын әуежайдың әр-әр тұсында алқа-қотан жайғасқан шоғыр-шоғыр қажыларды шоли қарап, сыртқа шыға беріп ем, ыстық бір лептің шарпығаны. Апырау, Арабстанының түні мынадай қапырақ болса, күні қандай деген ой жүгіріп өтсін санадан.*

*Кеденшілер нұсқаған тұсқа жағалап жетсем, бұл да самаладай нұрға малынып, сәл-салтанаты асып тұрған бір ғимарат. Есік аузында сақшысы. Ол біздегі Үкімет адамдарын, қадірлі қонақтарды қабылдайтын залдар сияқты арнайы күтіп-шығарып салу орны екен. Ауысым бастығы болса керек, қолымдағы қызмет төлқұжатымды алып, мән-жайға қаныққан сыңай білдірді де, әлдебір нөмірлерді теріп, шаруамды тез тындырып жібермек-ақ болған. Алайда іздеген адамдарын таба алмады ма, «амал жоқ, күте тұрыңыз» деп төрге оздырды. Мамық диван-креслолар қаз-қатар қойылған кең залдың бір шетіне жайғасқаным сол еді, даяшы ыстық шай әкеліп ұсынды. Менен басқа адам шамалы. Оқта-текте екі-үш жолаушыны (көбі Қажылыққа арнайы келе жатқан мәртебелі қонақтар) қошеметтеп кіргізгенімен, олар көп аялдамайды. Іле-шала құлақтарына мейманның хабары тиген қарсы алушылар іздеп келеді де, арқын-жарқын айқара құшақтаса амандасып алып кетеді.*

*Байқаймын, менің аялдауым ұзаққа созылатын түрі бар. Кезекшіге бірер мәрте барып ем, «Ақпарат уәзірлігінің тиісті адамдарын таба алмай жатырмыз», – дегендей шарасыз рай білдірді. «Қай мейманханаға түспекші едіңіз», – дегендей болады менен. «Оны қайдан білейін», – деймін мен де шарасыз қол жайып. Ым-ишарамен, сөздік арқылы ғана түсінетін арабшаммен әйтеуір ұғынысып жатқандаймыз. Әрі-беріден соң ертеңгі жұмыс күні басталғанға дейінгі тұрағым осы қонақ күтетін орын болатындығы айқындалып та қалды. «Қой, таң атқасын бір реті табылар», дедім де, ауық-ауық келіп-кетіп жатқан жолаушыларға да назар аудармастан, жұмсақ креслоға көміле жайғасып, алаңсыз мызғуға кірістім...*

*Кезекті бір абыр-сабырдан оянып кетсем, түнгі ауысымның кешеден бері көзтаныс боп қалған біраз адамы таң намазына тізіліп жатыр екен. Намаз бастаушысының «Аллаһу акбар!» деген қырағаттаған үніне ілесе: «Иә, Алла, «Әссалату һайрун минә-н-нә» – «Ұйқыдан намаз жақсы», деп мен де орнымнан жедел тұрып кеттім...*

*Жаңа ауысым бастығы бізді қарсы алушыларды бұл жолы көп іздеп қиналған жоқ. Жұмысқа енді келіп отырған*



беттерінде ұстаған болуы керек, жағдайымды хабардар етті де: «күте тұрыңыз, қазір алып кетеді», – деді маған.

Мекке-Мәдинедегі қасиетті мешіттерге тәуеп етушілерді әуе, су жолдары арқылы қабылдап алып, шығарып салатын ең басты жол торабы болғандықтан, «Қасиетті мешіттер қақпасы» және әлемдегі ең сұлу қалалардың бірі ретінде «Қызыл теңіз қалыңдығы» деп аталатын Жідда шаһары бас әуежайдан 30 шақырымдай жерде екен. Көркі көз тойдыратын сәнді қаланың тынысы кең көшелерімен заулаған көлігіміз әп-сәтте-ақ Ақпарат уәзірлігінің штабы орналасқан «Әс-Салам» бес жұлдызды мейманханасына жеткізді.

Алдын-ала білмегендіміз зой. Әйтпесе, қажылыққа шақырылатын баспасөз өкілдерін қабылдайтын қонақ үй бірталай жылдан бері осы көрінеді. Түнде әуежайда аузымыздан «Әс-Салам» деген сөз шықса болды, жетіп-ақ қалатын жөніміз бар екен. Есіктен кірген замат, сол қол жақта келушілерді тіркеу орны тұр. Құрақ ұшып қарсы алып, қызмет төлқұжатымды қарап, өздеріндегі тізіммен салыстырып жатыр.

Өзін Әбдірахман деп таныстырған мол денелі араб жігіті бізге тікелей жауапты болып шықты. Суретке түсіріп, қолыма қажетті рұқсат қағаздарымды ұстатып, енді бөлмеге ертіп бармақ боп, кезекшіден кілтімді алып жатқанда, үстіне ихрам киімі бар қараторы жігіт «Сіз Қазақстаннан келдіңіз бе?» деп маған жылыұшырап жақындай берді.

«Иә, – дедім төңкеріліп түсіп. – Өзбексіз бе?»

Кешеден бері күрмеулі аттай боп, ым-ишарамен әзер түсінісіп жүрген пақырыңыздың құдайы берді де қалды. Ол өзбекше, мен қазақшамен жөн сұрасып жатырмыз. Сөйтсем, Өзбек радиосының Шығыс елдеріне хабар тарататын «Шарқ» редакциясының бас сарашысы Қажымұрат Атамұратов екен.

Арабшаға судай. Жанымыздағы Әбдірахман одан әлденелерді сұрағандай боп еді, мүдіріссіз жауап беріп, ұғындырып жатты. Ол да басын изеп, «Иншалла, иншалла», деп риза боп қалды.

Ақырында сол жерде бұдан екі бұрын келіп, неміс жұрналышысымен бір бөлмеде орналасып қойған Қажымұрат енді менімен бірге тұратын болып келісті. Әйтпесе, менің қасыма индонезиялық па, малайзиялық па, басқа бір тәуеппіні

орналастырмақ екен. Туыстардың бір-бірімен қауышып жатқанына Әбдірахман да қуанып қалды.

Бөлмеге жайғасқан соң «ихрам қал-күйіне ерте көшіңсің зой», деймін өзбегіме, үстіндегі бірі белге оралып, екіншісі иыққа ілінген екі бөлек ақ матаны нұсқап. Бұрын біз сияқты келіп-кеткендерден естуімше, тәуеп етуге киетін бұл киімді араб жағғы осында жеткеннен кейін ғана беруге тиіс. Содан соң осы жерде оған өз рәсімдерін атқарып барып ауысуымыз қажет, деген-ді. «Маған өйтіп ешкім айтпады зой, – дейді Қажымұрат. - Өзбекстаннан қажылыққа баратындар сол Ташкенттің өзінде ихрам сатып алып жатыр екен. Мен де біреуін алдым. Ыстамбұлдан бері ұшып келе жатқанда, түрік тәуепшілері Жіддаға ихрам хал-күйіне ауысып түсу керектігін айтты. Содан ұшақ ішінде рәсімдерін жасап киіп алдым», – дейді.

Көршінің айтып тұрғанының да жөні бар-ды. Қағидада ұшақпен келіп, әрі қарай киелі Мекке мүқәррамаға тіке баратын қажыларға Жідда қаласына ихрам киіп түсу керектігі тиянақталған. Алайда тәуепшілерді қажылықтан бұрын әуелі Мәдинә қаласындағы Мұхаммед пайғамбардың бейітіне зияратқа апарса, қайтар жолда Әбиар-Әлі деген елді мекенде ихрамның қасиетті қал-күйіне ауысуға болатыны және бар. Біздің бағдарламамыз да осы мәмлеге тураланған.

Ертеңіне жеткен Тәжік теледидарының директоры Рахмон Останов та ұшақтағы басқа қажылардан көргенін істеп, Жідда әуежайынан мейманханаға ихрам хал-күйіне ауысып келді. Өзі біраз жол азабын да көріпті. Әуелі Душанбеден Алматыға жетіп, екі күндей күткесін, «Қазақ әуе жолының» Ыстамбұл рейсіне мініпті, виза алу үшін Ыстамбұлдан Анкараға келіпті. Сол жерден ғана бері ұшыпты. Тәжіктің көбі өзбекше білетінін байқаушы ем. Рахмон олай емес екен. Әсіресе Түркияда тіл білмегендіктен, жұртпен ұғынысудың қиын болғанын біраз жыр қылып айтты. Әзербайжан теледидарының бөлім меңгерушісі Әріп Баһадүроғлы бізден бұрынырақ келіп, Мәдинаға жүріп кеткен екен.

Ертеңіне ол оралған кезде ТМД елдерінен келгендер төртеуге жеттік. Қырғыз бен түрікмен журналышлары сапарға шығып үлгері алмады да, әлде басқа себептер болды да, бұл қажылыққа қатыспады.

*Сауд Арабиясы мемлекетінің мұсылман жұрттары шоғырланған әр елден Қажылыққа баспасөз өкілдерін шақырып, дін-ісләм насихатына араластыруы әуелден бар дәстүр көрінеді. Алайда бұрын Кеңес одағының қарамағында болған кездерімізде әр мемлекетке деп бөлінетін бір-екі орын сол Мәскеудегі мұсылман журналшыларынан артылмайтын, не одақтас республикаларға тигізілмейтін болуы керек. Әлде біздің коммунистік насихатымызға қайшы деп танылып, қауіпсіздік комитетінің тартпасында ешкімге сездірілмей бүркемеленіп қалуы да ғажап емес.*

*Бұрынғы Кеңес құрамындағы мұсылман жұрттары дербес мемлекет атанғаннан кейін ғана қол жетіп отырған мүмкіндік қой бұл. Үш-төрт жылдан бері түрк тектес республикалардан, Тәжікстаннан қажылыққа арнайы шақырумен баспасөз өкілдері де келе бастаған еді.*

*Қанша дегенмен түп-тегі туыс халықтардың бір-біріне қаны тартатыны анық. Әрі оның үстіне жетпіс жылдай бойымызға сіңген кеңестік менталитет табы да бар, төртеуіміз жұбымыз ажырамай бір жүреміз. Арамызда тәжік Рахмон отырған кездегі ұғынысу тіліміз – орысша. Ол жоқ болса, өз ана тілімізде араластыра сөйлеп түсінісе береміз. Түріктің екі журналшысы да бізге үйірсектеп, коммунистік билік ықпалынан енді құтылған бауырларына, ана-жұрттан келген әріптестеріне барлап-барлап қарайды. Орыс тілі демекші, Ауғанстан басшысы Раббанидің баспасөз қызметінде істейтін қаба сақал жігіт Әбдірашит әне бір жылдары Ресейдің Пенза қаласында әскери оқу бітірген екен. Орысшаға ағып тұр. Ағылшыныша да бір кісідей. Сол да бізді кәдімгідей жақын тартып, қасымызға үйіріле береді. Шешіліп әңгімелесеміз. «Орысша ұмытыңқырап қалған екенмін, біраз сөздерді қайта еске түсірдім ғой, – дейді. Кейде Рахмон екеуі парсыша сөйлесіп, аттың басып жіберіп-жіберіп алады...*

*\* \* \**

*Нәзір былтырғы, 1932 жылғы Қажылықтың сәуір айында өткенін есіне алды. Азиядан келген тәуешпілердің көбі әдеттегісінше өзбектер болды. Меккеге барғанда біразымен жолықты да. Араларында Нәзірді танитындар да бар екен. Елдің*

жағдайын сұрастырып еді, олар кеңес өкіметінің қысып жатқанын, күнкөрістің қиындағанын, адамдарда иман жоғалғанын айтып шағына жөнелді. Ескі танысы Мұса Ярулла Меккеге шекарадан жасырын өтіп жетіпті. Ешқандай кінәм жоқ, шетелге шығу үшін қаншама рұқсат сұрадым, бірақ жібермей қойды. Содан амал жоқ, өзім жол тауып өтіп келдім, дейді. Артындағы үй ішін де ойлап қамығып-қамығып қалады. Әсіресе үлкен қызы Зейнепті көп айта береді. Сыртқы істер халық комиссариаты оның отбасын бері қарай өткізіп жіберуге көмектесе алар ма екен, сұрап көрмейсіз бе, деп мұны қолқалайды.

Бұрнағы жылы қоқандық жерлесі ескі танысы Құдраттула Миянұлының да дәл қажылық кезінде осы секілді жағдаймен өзіне жолығуға келгені бар-ды. Жасы өзімен қарайлас 35-40-тардағы Құдратулла бүкіл Ферғанаға әйгілі бай тұқым – Миян әулетінен. Ол әулетке қатысты біраз адам Ауғанстанда, Хижазда да тұрады. Революция кезінде бұл әулет басшысы көпті көрген қария Миян Қазірет болатын. Ферғанадағы баспашылар қозғалысының туындауының басы-қасында осы кісінің жүргені де өзіне жақсы мәлім. Нәзір онда Қоқан үкіметінде оқу комиссары болып істейтін. Бір күні әкесі Төреғұлды баспашылар ұстап әкеткенде, Миян Қазіретке барып, әкесін босатуға көмектесуін сұрағаны да бар. Алайда қырсық шал баспашылардың өзіне бағынбайтынын айтып, ат-тонын ала қашқан.. Шал өлгесін әулет байлығы Құдратуллаға көшкен-ді. Алайда бүкіл жерінен, байлығынан айрылған ол, кейіннен Ауған шекарасы арқылы Кабулге жетіп, бұрынғы атақ-даңқы мен беделі арқасында Нәдір шахтың өзімен де жолыққан көрінеді. Одан Пешевар, Карачи асып, Хижаздағы туыстарының үйіне келген беті екен. Ескі танысы Нәзірдің осында екенін естіп, ол да Қоқанда қалған үй-ішінің тағдырына көмек сұрай келіпті. Не десін, сұрастырып байқап көрейін, деді. Бірақ, шешімі қиын түйін екендігі өзіне жақсы белгілі ғой.

Ел жақта жағдайдың ауыр екенін естімей жүрген жоқ. Солақай тәркілеу мен ұжымдастырудың қазақ жерін алапат аштық пен қырғынға ұрындырғанын, аман қалған біраз жұрттың бас сауғалап Қытай мен Ауғанстанға өтіп кеткенін осындағы

елшілерден де құлағдар болып жатыр. Ал Мәскеу жақтан ол туралы тырс деген хабар келмейді.

\* \* \*

*Обалы не керек, Арабстанның Ақпарат уәзірлігі Қажылыққа шақырылған ақпарат құралдары қызметкерлері осы қасиетті тәуеп ету тынысымен жан-жақты хабардар болып отыруы үшін бар жағдайды жасады. Мейманхананың бірінші қабатындағы штабқа араб, ағылшын тілдерінде шығатын сан-салалы күнделікті басылымдар, кітап өнімдері кідіріссіз келіп тұрды. Халықаралық телефон байланысы да сол жерде. Ыстық шай мен кофеге қалайсыз, ол да үнемі қасымыздан табылады. Бес жұлдызды мейманханалардың ең берекелілеріне тән «алдыңа ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым, қалағаныңды алып же», дейтінге үйлесетін швед үстелі үрдісімен ұсынылған неше қилы дастарқан мәзірінен құралған үш мезгіл тамақ молишылығының өзінен де байлығы тасыған биік деңгейлі өмір салты мен мұндалайды. Және дәл осындай биік деңгейдегі мүлтіксіз қызмет Мәдинаға барғанымызда да, Қажылық рәсімдері атқарылған Арафат пен Минадағы арнайы жабдықталған салқын саялы шатырларда тұрған кездерімізде де ауытқыған жоқ. Қай жерде болсақ та, күнделікті басылымдар жарыққа шыққан замат қасымыздан табылып, шай мен кофенің суы шатыр жанында бұрқылдап қайнап тұрудан бір жазбай кетті...*

*Баспасөз өкілдері тек Қажылық рәсімдерін атқарумен ғана шектеліп қалған жоқ. Оларға арнап әртүрлі кездесулер мен қабылдаулар да ұйымдастырылып тұрды. Жіддадағы Ислам даму банкісінде болған кездесу мен қонақасыда, Меккедегі Бүкіләлемдік ислам лигасында өткен басқосуда, Минадағы Король сарайында Құрбан айт мейрамына байланысты жасалған қабылдауда және басқа да әрқилы жүздесулерден ойға түйгеніміз – дін-ислам дүниеге келген мекенде Алланың тура жолын ұстаған жұртқа құдайдың рахымы түсіп, таусылмас қазына-байлық сыйлаған. Соның арқасында бұл ел әлемдегі ең бай мемлекеттердің біріне айналды. Ол мұсылман жұрағатымын деген баршаға қол ұшын, көмегі мен қолдауын ұсынуға әрқашан даяр. Қажылыққа келген әрбір тәуепшіні бұл ел «Алланың қонағы» деп қабылдайды. Сондықтан да олар үшін бар*

*жағдай жасалынады... Сауд Арабстаны Қасиетті екі мешіт – Меккедегі Алланың бас үйі (Мазжид әл-Харим) мен Мәдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі жатқан киелі мешітке қызмет жасап жатқандарын ерекше мақтанады әрі абырой тұтады. Ол мешіттерді соңғы жылдарда қайтадан кеңейтіп салу жұмыстарына ел Мәлігі (Королі) Фахд бен Әбдел-Әзиздің тікелей басшылық жасауының нәтижесінде таңдай қақтырарлық сәулет туындылары дүниеге келген. Зәулім мұнаралары көгілдір нұр шашып, айналасы түгел көз шағылысар аппақ мәрмәрмен көмкерілген мешіттердің сән-салтанатына көз тастағанда қайран қаласың, тамсана түсесің, әлдебір құдіретке елтігендей күй кешесің... Бұл екі мешітте де бір мезгілде 1 миллиондай адам намазға жығыла алады. Ел билеушісінің мұсылман дінінің киелі орындарына, Қажылыққа келген «Алланың қонақтарына» жасап отырған ықылас-пейілі кейінгі жылдары өзінің жоғары бағасын алып отыр. Бүгінде араб жұрты өз мәліктерінің лауазымына Қасиетті екі мешіттің Қамқоры деген атақты ылғи қосып айтады.*

## **Қажылық**

Нәзір жазбаларын әрі қарай жалғастырды.

...Мұсылмандық күнтізбе бойынша қасиетті Зұлқижа айының алғашқы он күнінде ісләмнің бес қазығының бірі – Қажылық парыз атқарылады. Тәуепшілер осы күндері Меккеге келіп, Қағбаны жеті рет айналу, Зәмзәм суын ішу, Сафа мен Мәруа төбешіктері арасында жеті рет жүгіру (сағи) жораларынан тұратын «бастапқы тәуеп» (тауаф әл-құдым) ету рәсімдерін орындайды. Зұлқижаның 9-шы күні Қажылықтың ең басты шарты – Меккеден 20 шақырымдай жердегі Құдаймен бет көрісер киелі орын – Ғарафат (Арафат) тауында тұрып, Алла тағалаға жан-тәнімен жалбарыну, сыйыну («укуф») дұғалары оқылады. Қажылар іңір түсе Ғарафаттан қозғалып, Мекке маңындағы құрбандық шалынатын Мина алқабына қарай беттейді. Жолшыбай Мұздалифа мекенінде түн ортасына дейін аялдаса, сол жерден қой құмалағындай 4-7 тасты теріп алып, Құрбан айт күні Минаға жетеді. Бұл алқапта Алланың тура жолынан тайдыруды көздейтін ібілістерді бейнелеген үш тас баған бар.

Тәуешілер соның соңғысына әлгі теріп алған тастарды ату (рәмил-жамрат) салтын орындайды. Құрбандық шалады. Одан соң Меккеге келіп, Қағбаға екінші рет тәуеп ету рәсімдерін (тауаф әл-ифада) жасағасын, Минаға қайта оралады. Сол жерде мұсылман әлемінің ең үлкен мейрамы – Құрбан айт күндеріне қатысады, құрбандық шалады. Мүсәпір-мүскіндерге қайыр-садақа береді. Зұлқижаның 10-шы күні туатын Құрбан айт мейрамы төрт күнге ұласып, Зұлқижаның 13-інде аяқталады. Бұл күндері қажылар ихрам хал-күйінен шығып, қалыптағы тіршілікке ауысады. Үш ібілістің әрқайсысына жеті-жетіден тас ату салтын екі мәрте (бәрі 42 тас) атқарып, өз жанын шайтанның арбауынан азат етеді...

«Қажылық – ісләмға дейінгі замандарда да атқарылып келген көне жоралар қатарына жатады, – деп жазды Нәзір әрі қарай. – Ежелгі арабтар да жылдың үш айын қасиетті деп санап, сол күндері Меккеге қарай ағылып, Қағбаны ішкі-сыртын қаптап тұрған тас құдайларына келіп тәуеп жасайды екен. Қажылық етушілер құдайға құлшылық шарттарының бірі ретінде әуелі шаштарын тақырлап алдыртатын. Дүниенің басқа қам-қарекеті ұмытып, тақуалық күйге ауысатын. Үш күнге созылған діни жоралғылар кезінде, алдымен Қағбаның түбінде құрбан шалынар еді. Зәмзәм құдығынан су ішілер. Содан кейін Қағбаны жеті рет айналу салты басталар. Әр айналған сайын, қажылық етушілер қара тасты бір сүйіп, не сипап өтер. Айналып жүріп, әрқайсысы өз құдайларына дауыстап жалбарынып Қағба төңірегін у-шу, айкай-сүреңге толтырып жіберер. Біраз дәйектерде ихрам кию дәстүрі бұрын да болғаны айтылады. Бірақ ол діни рәсімнен кейін өртеп жіберілетін болыпты. Тіпті Қағбаны тыр жалаңаш айналу салты да ұшырасып тұрғанға ұқсайды. Қағбаны айналудан кейін қажылар Ажар ананың су іздеп арылы-берілі жүгірген төбешіктері арасында жеті рет жүгіру рәсімін жасаған. Келесі күні тәуешілер Ғарафат тауына, одан Мұздалифа шатқалына, Мина алқабына барар еді. Минада құрбандық шалып, жеті тасқұдай бейнесін айналып жүріп, оларға тас атады екен. Сол жерден қайтадан Меккеге келіп, Қағбаны тағы айналып, қара тасқа тағзым етіп, қажылық сапарын аяқтайтын болған...

Ісләм дінінің негізін салушы Мұхаммед пайғамбар бүкіл араб жұрты үшін бір замандарда Адам атаның ұлы, Ибраһим мен

Ысмайыл бабалары іргетасын қалаған Қағбаның қаншалықты теңдесі жоқ киелі орын екенін жақсы ұғынды. Күллі араб қауымын Қағбаға, оның төңірегіндегі әулиелі жерлерге деген осы әз тұтушылығын ісләм дініне деген ынта-ықыласпен тоғыстыра алса, онда мұсылманшылық уағызынан да жұлдызы жоғарылай берерін байыптады.

Оның әуелден мұсылмандар намаз оқыған, не діни рәсімдер жасаған кезде жүзін құбылаға, яғни Қағба жағынан қаратуы керек деп жариялауының өзі, осы киелі орынды ерекше құрметтеуінің белгісі еді...

Мұсылмандардың қажылыққа баруы, қасиетті қара тасты сипауы міндетті екенін бірде Алла да қош көріп, аян берді. Бұл қажылық өзінің жердегі елшісі Мұхаммедтің жария еткеніндей, Алла тағалаға иман келтіргендердің, Алланың ең ұлы, Одан басқа құдай жоқ екендігіне сенетіндердің тәуеп етуі болмақ керек. Қағба мен басқа да киелі орындарда тек Құран дұғалары ғана оқылмақ керек, Аллаға мақтау айтылмақ, оған жалбарынбақ керек. Ол үшін Алланың назары түскен қасиетті жерлерде пұтқа табынушылықтың белгілері, бас құдайлары қиратылмақ керек...

Алла бұлай аян берген шақта, бір кезде өзін пайғамбармын деп жариялағаны үшін Мұхаммедті туған үйінен түртпектеп қуып жіберген Мекке шаһары әлі мұсылмандықты мойындамаған болатын. Алайда 622 жылдан бастап Ясриб (кейіннен Мәдина) шаһарына уық шаншыған жаңа ісләм діні жылдан-жылға қанатын кеңге жайып келе жатты. Керек жерінде өз уағыздарын білектің күші, найзаның ұшымен де мойындатқан мұсылмандардың тау суындай екпініне Мекке де қарсы тұра алмады. Көп ұзамай қасиетті қалаға мұсылмандықты қабылдатқан Мұхаммед пайғамбар Қажылықтың жаңа жөн-жоралғыларын өзі бас боп жүріп тиянақтатты»...

Нәзір содан соң қажылық жораларының Мұхаммедтен кейін де жүйелене-жүйелене келе, осы күнгі қалыптасқан рәсімдері туралы жазуға кірісті...

«Мұсылманның бес парызының бірі боп есептелетін Қажылықты атқару үшін әрбір тәуеп етуші алдымен арнайы белгіленген жерлерге ихрам хал-күйіне ауысады.

Ер кісі сақал-мұртын алып не күзеп, қолтық, шат жүндерін қырып, тырнақтарын алып, тазаланып жуынғаннан кейін



қабырғаға қарап, «Уа, Алла! Міне мен сенім алдында қажымын» деген жалбарыну сөзін айтып, жалаңаш денесіне ихрам киеді. Ол ұзындығы кере құлаш, ені бір аршындай еш жеріне ине тимеген екі кез ақ мата. Оның бірі – етек ретінде белге оралса, екіншісі сол иықтан асырылып, кеуде мен арқаны жауып тұрады. Әйелдер мол тігілген көйлек киеді, басқа орамал тартады, аяққа шоқай іледі...

Ихрам хал-күйіне ауысу – бұл өмірдің дүниәуи тірлігінен қол үзу, Алланың ырқына көшу деген сөз. Қашан Қажылық бітіп, ихрамдық қал-күйден шыққанша тәуеп етушінің сақал-мұрты, тырнағы алынбайды, бас киім киілмейді, шаш таралмайды, иіс-су жағылмайды... жыныстық қатынасқа рұқсат етілмейді...

...Қажылықтың алғашқы жоралары Меккедегі ісләм дінінің ең басты Қасиетті мешіті – әл-Мәсжид әл-Харамда өтеді. Ол жора алдымен қасиетті мешіттегі Алла тағаланың жер бетіндегі алғашқы үйі – Қағбаның оңтүстік-батыс бұрышындағы аспаннан түскен Қара тасты сүюден басталады. Содан соң Қағбаны сағат тіліне қарсы жеті рет айналып шықпақ керек...

Меккеге тәуеп етіп келудің ғұмыра (кіші қажылық) деп аталатын түрі негізінен Қағба төңірегінде ғана өтеді. Оған жылдың кез-келген уақытында келе беруге болады. Ғұмыра – Қажылық секілді мұсылманның парызына жатпайды. Бірақ, ғұмыра жораларын жасаған тәуепші сауапқа ие болмақ. Ғұмыра жасайтын мұсылманның ихрам хал-күйіне түскеннен кейін орындайтын рәсімдері Қажылықтың «алғашқы тәуеп» салттарымен бірдей. Қағбаны жеті рет айналу, зәмзәм суын ішу, Сафа мен Мәруа төбелері арасында жеті мәрте (сағи) жүгіру. Сосын ол шашын қидырып, Ғұмыраны аяқтайды да ихрам хал-күйінен шығады. Егер ғұмыра Қажылық мезгіліне тура келіп жатса, тәуепшілердің ихрамнан шықпай үлкен Қажылық шарттарын біріктіре атқарып, қажы атануына мұрсат беріледі».

\* \* \*

*Зұлқижса айының 6-сы күні ыстығы қайта бастаған іңір алдында бір топ тәуепші Меккеге қарай автобуспен жөнеп кеттік. Бүгін түнде Үлкен қажылықтың алғашқы шарты – Қағбаға сәлем беру жорасын атқармақпыз. Үстімізде ихрам киімі.*

Алдында ісләмнің алғашқы астанасы Мәдина қаласында үш-төрт күн болып, Мұхаммед пайғамбардың сүйегі жатқан қасиетті мешітке зиярат етіп, намаздарына қатысқанбыз. Қаланың тарихи орындарымен, халқының тіршілігімен танысқанбыз... Жіддаға қайтар жолда бұған дейін ихрам хал-күйіне ауысқандарымыз, Әбиар-Әлі мекеніндегі мешітте тәлбиямызды айтып ихрам киіміне көшкенбіз.

Мекке Жіддадан 70 шақырымдай-ақ жерде. Жүйрік көлік әп-сәтте алып барады. Қасиетті қалаға алдында бір келіп, Бүкіләлемдік ісләм лигасы үйінде Қажылыққа шақырылған баспасөз өкілдері үшін арнайы ұйымдастырылған кездесуге қатысып, түрлі-түрлі құран кітаптарын, діни әдебиеттерді алып қайтқанымыз бар-ды. Екі араны тастақты, қыратты жерлерді басып өтетін тақтайдай даңғыл жол жалғастырып жатыр. Шоқы-шоқының арасында есілген аппақ құм. Сол құм үстінде малышлардың шатыры, екі-үш түйе, он-он бес қой-ешкі көрінеді. Құрбандыққа әкеле жатқан мал ма екен де те ойлайсың. Жалпы біз көрген жерлердің бәрінде, көгеріштің аздығы бірден байқалады. Мәдинаға да автобуспен барып қайтқанда көргеніміз, Хижаз жоталарын бойлай жатқан жолдың өн бойының бәрі қожыр-қожыр тастақты адырлар. Қылтаңағы жоқ жалаңаш өңір. Оқта-текте ұшырасатын тамақтанатын, май құятын бекеттерден басқа көзге ілігер ештеңе жоқ. Ал қуаң даланы кесіп жатқан кең трасса үсті ызғыған көлік, осы заманғы үр жаңа маркалар.

Меккеге жақындай берген кезде отырғандардың бірі «Ләббәйкә аллаһумму ләббәйкә» деп тәлбия сөздерін дауыстап бастап жіберді. Оны іле-шала бес-алты дауыс қайталады. Содан соң бүкіл автобус қосылып кеттік.

«Ләббәйкә! аллаһумму ләббәйкә!

Ләббәйкә! Лә шарика ләка ләббәйкә!

Иннә-л-хәмд уа-н-ныңма ләка уә-л-мүлк!

Лә-шарика, Ләка!»

Бұл сөздердің мағынасы: Міне, мен сенің алдыңдамын, уа Алла, алдыңдамын. Сен жаратқан жалғыз иемсіз. Алдыңа бас иіп, мінәжат етемін, бар даңқ та, жақсылық пен абырой да сенің бір басыңда...» – деген жалбарынуды білдіреді. Хормен, бір

ырғақпен қайталанатын бұл сөздерді Мекке топырағын басқан әрбір қажы айтуы парыз.

Қала ішіне кіріп, сансыз мәшинелер көлік жүрісін саябырлатып, ілбip қозғалатын қалге айналғанға дейін хормен айтылып келген бұл тәлбия сөздер Қажылық күндерінде де құлаққа әбден сіңісті болып кетті. Тәуешілердің әр шеруі, Ғарафат тауына барғанда да, Мұздалифаға беттегенде де, әрбір намаздан кейін де оны қосыла айтар еді.

Тау жоталарына арқаларын қиоластыра салған биік-биік үйлерді жағалап келген көше, бір бұрылыстан шыға бергенде, сол жақ тұстан Қасиетті мешіт бар тұла бойымен жарқ ете қалды. Сөзбен айтып жеткізуге болмайтын қияпатты көрініс. Көкке шанышылған мұнаралардан көгілжім нұр шашырап, салтанатты қақпалар мен қабырғаларда жалт-жұлт арай ойнайды. Ғимарат айналасындағы алаң бетіне айнадай ақ мәрмәр төселген. Соның үсті ығы-жығы тәуеші. Жұрт арасын сыналай өтіп бір қақпадан ішке кірдік. Ою-өрнекті күмбездерді тіреп тұрған мәрмәр колонналар арасындағы жолмен орта тұсқа беттеп келе жатқанбыз. Бір сәт алдымыздан аспан мен жер астасып кеткендей ғаламат көрініс жарқ етіп ашылсын. Дәл ортасында төрт бұрышты ғимарат – Қасиетті Қазба тұр. Адамдардың сан мың толқыны үйірілген теңіз толқынындай боп оны айналып жүр...

Қазбаның оңтүстік-батыс бұрышындағы Қара тастың тұсынан тәуешілердің қалың ағысына біз де қосылдық. Қара тасқа бірден жақындау мүмкін емес. Ол үшін Алла тағалаға арнап үздіксіз мақтау-мадақ айтқан жұртпен бірге, әр айналған сайын сол толқынға ілесіп Қазбаға жақындай бермек ләзім. Алайда қаниша ұмтылғанымызбен, бұл жолы Қара тасқа таяуға адамдардың қалың тасқыны мүмкіндік бермеді. Содан соң қол созып қана ишарасын жасадық. Ал Ибраһим пайғамбар Қазбаның қабырғасын қалап жатқанда, үстіне шығып тұрған делінетін тасты анықтап көруге мұрсатымыз болды. «Ибраһим мақамы» деп аталатын Пайғамбар табанының ізі қалған ол тас айнала әйнекпен қоршалып тұр.

Салтқа сай оң иығымызды ашып айналып жүріп, көзімізді Қазбадан алмаймыз. Қазбаның үстінен жібектен тоқылған Қара мата (қисуа) жабылған. Ұзындығы 47, биіктігі 14 метр ол

жамылғы жыл сайын Құрбан айт алдында жаңартылып, ауыстырылып тұрады екен. Жамылғының ең негізгі тұсы Қағба есігіне қапталған перде. Биіктігі 6,4, ені 3,5 метрлік жібек перденің беті қым-қиғаш алтын жалатқан әріптермен өрнектелген құран аяттары. Қаптаманың жоғары жиегінде де қасиетті жазулар. Ежелеп бір-екеуін оқып едім. «Алладан басқа құдай жоқ», «Мұхаммед - Алланың елшісі», «Құдіретті де күшті Алла», «Аллаға мақтау мен мадақ», «Ғаламды жаратушы Аллаға мақтау», деген аят сөздер жазылыпты...

Тәуешілер арасында кәудіреген қариялар, жүре алмайтын мүгедектер де бар. Оларды арнайы тасушылар зембілдеріне, жеңіл арбаларға салып, адамы қалың емес сырт шеңберлермен алып жүреді. Жетінші айналым біткесін, шетке ысырылып, басқа жұртпен бірге біз де намазға жығылдық.

Пайғамбар хадистері бойынша, Меккенің осы бас мешітінде оқылған бір намаз басқа мешіттерде оқылған 100 000 (жүз мың) намазбен теңеседі. Ал Алланың Елшісі Мұхаммед пайғамбардың Қасиетті мешітінде оқылған әрбір намаз басқа жердегі мешіттерде оқылған 1000 намазға татиды.

Намаз біткеннен кейін келесі рәсім – зәмзәм суын ішуге беттедік. Баяғыда сәби Ысмайылдың шөл қысып, жер тепкілеп жылап жатқанында, өкшесі тиген жерден атқылаған зәмзәм бұлағы бұл күндері қажыларды молынан қамтамасыз етуге болатын су көзіне айналған. Оны шүмектеп ағып тұрған жеріне барып ішемін деп әуре болып жатпайсыз. Зәмзәм сол мешіттің ішіндегі қаптаған термостарға құйылып қойылған. Қасында тұрған көп кесенің біріне құйып аласыз да іше бересіз...

Қажылықтың бұдан кейінгі жорасы – Сафа мен Мәруа төбешіктері арасында жүгіріп өту. Оны арабиша «Сағи» (жүгіру) деп қысқаша атап та жатады. Бұл Ибраһим пайғамбардың зайыбы Ажардың сәбиі Ысмайылға су іздеп, зыр қағып жүрген жері. Ажар Сафа төбешігіне шығып, су көріне ме деп айналаға қараса, анадай жердегі Мәруа төбешігінде су ағып жатқан көрінеді. Ол жерге жүгіріп барса, ештеңе жоқ, әшейін сағым екен. Мәруәнің үстінде тұрып қараса, жаңағы Сафа төбешігінде толқындана су аққандай болады. Жүгіріп барса, тағы да сағым. Сөйтіп, байгұс ана арылы-берілі зыр қағып жүріп, Алла тағаладан су сұрап жалбарынады. Сол кезде

*жер тепкілеп жылап жатқан Ысмайылдың өкшесінің астынан су шыққан екен дейді...*

*Бір замандарда Қағба төңірегінде болып есептелген бұл төбешіктер қазір аумағы аса ұлғайған бас мешіттің бір қапталы астында қалған. Төбесі жабық, зәулік дәліздің ұзындығы 300 метрдей, іші кондиционерлер лебінің арқасында сап-салқын. Екі төбешік арасын жалпаған сайдың ұзына бойына арнайы жүгіру жолы жасалған. Ортасында мүгедектерге лайықталған тілікше жолы жасалған.*

*«Сафа мен Мәруә – Алланың берген діни жоралары» деп Сафа төбешігіне шықтық та, «Аллаһу ақбарлап...» Аллаға мадақ дұғасын оқып жіберіп Мәруа төбешігіне қарай шапшаң жүріп кеттік. Сайдың етегінде, екі жасыл түсті маңдайша арасы жүгіріңкіреп өтетін жер (Бір кезде Мұхаммед пайғамбар сағи жарысын орындаған кезде сай табанын осылайша жүгіріп өткен екен). Одан кейін тағы шапшаң жүріске ауысып Мәруаға көтерілесіз. Аузымыздан сол мадақ дұғасын тастамай әлгі жолымызды енді кері қайталадық. Осылайша арылы-берілі жеті мәрте жүгіріп, «сағи» салтын да аяқтаған едік...*

## **Арабстандағы қандастар. Құрбан айт мейрамы**

Нәзір елші боп тұрған жылдардағы Меккені қазіргі 700 мың тұрғыны бар сән-салтанаты асқан ірі қаламен салыстыруға сірә келмес. Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат жүргізген күнделіктерге, Мәскеуге жіберген ақпарларға қарасак, ол Жіддадан Меккеге автомобильмен жиі соғып тұрған. Себебі, Хижаз аймағын басқарып отырған әмір Фейсалдың ордасы осында болғандықтан, жұмыс бабымен ауық-ауық жолы түседі емес пе? Нәзір жазбаларында әмір ордасының Қағбаға қарсы беттегі «Ғамидие» ғимаратында болғаны айтылады. Сол ордада ел мәлігі Ибн-Саудтың дипкорпус дуайені Нәзірмен әлденеше рет кездесіп сұхбаттасқан.

Қақ ортасында Қағбадай қасиеттісі бар бұл Мешіт-әл-Мәсжид әл-Харам өз тарихында әлденеше салынып, әлденеше жөндеуден өткен. Мұхаммедтен кейін оны кеңейту жұмыстары ҮІІІ-ғасырдағы Омей, ІХ-ғасырдағы Аббас әулеттері билеген халифаттар кезінде де жүргізілген екен. Бұдан кейінгі мың

жылдай уақыт бойы Қағбаның төңірегіне көптеген ғимараттар иін тірестіріп салына бергенге ұқсайды. Сондай ғимараттың бірі Хижаз әмірінің ордасы да болса керек. Олардың дені Сауд Арабстанының тұңғыш Мәлігі Әбдел Әзіз бин Саудтың 1950-ші жылдардың ортасында мешіт ауағын үш еседен астам ұлғайту туралы арнайы жарлығы шығуына байланысты жүргізілетін жұмыстар кезінде жойылып кетуі мүмкін. Ал 1989 жылы сол кездегі ел мәлігі Фахд бен Әбдел Әзіздің тікелей қамқорлығымен басталған Қасиетті Мешітті қайта ұлғайту, жаңадан сәулеттендіру жұмыстары бес жылға созылып, 1994 жылы аяқталған шақта, ол алып жатқан аумақ тағы екі есеге ұлғайып, 361 мың шаршыметрге жеткен еді. Демек бұл Нәзір елші болған кездерде мешіт айналасында тұрған ғимараттардың бәрі жойылып кетті деген сөз.

Меккенің негізінен алғанда Арабстан байығаннан кейін салынған қазіргі өңшең зәулім үйлерден тұратын сән-салтанатын байқай жүріп, бір кездерде Құнанбай қажы сатып алған тәкие үйді де табудың мүмкін еместігін ұғынасыз. Шәкәрім қажы жазғандай Құнанбай 1874 жылы сатып алған, өзі 1906 жылы көрдім дейтін бұл тәкие үй кейіннен кіші жүз Досжан қажының атына ауысқан сыңайлы. Біздің бұл туралы айтып отырғанымыздың мәнісі, әйтеуір қазақ қажылары еншісінде қалған осы тәкие үйді Нәзірдің де көруі мүмкін екендігі. Себебі, 1906 жыл және Нәзір елшілікке келген 1928 жыл аралығында Мекке шаһарында жаңа құрылыс жүргізілетін жағдай бола қойған жоқ. Бұл жылдарда Хижаз әмірлігі көп күшін Араб түбегіндегі билікке таласушылардан өз тәуелсіздігін қорғауға жұмсады. Ақыры бұл текетірес соны Хижазды Нәжд билеушісі Әбдел әзіз Ибн Саудтың соғыс арқылы өзіне қосып алуымен аяқталып еді.

Меккедегі Құнанбайдың сол тәкие үйіне Қажылыққа қазақтардың келген-келмегенін білу үшін Нәзірдің де соғып тұруы мүмкін екенін айтып отырмыз ғой. Ал Қажылыққа келгендерді тіркеуден өткізу, бас-көз болу жұмыстары бұрындары осы Жіддадағы өкілдіктің де бір міндетіне жататын. Мәселен, сол Жіддадағы Ресей консулының өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың басында берген ақпарында талай қазақ тәуешісінің қажылыққа келіп-кеткенін айғақтайтын деректер де бар.

Нәзір өзі елші боп тұрған кезде қазақтар қажылыққа келді ме, келмеді ме, білмейміз. Оның Сыртқы істер Халық комиссариатына жіберген ақпарына қарағанда 1932 жылы Қажылыққа Орталық Азиядан біраз адамның келгенін жазатыны бар. Олардың ішінде негізінен өзбектер көп болды дейді. Бұл жылдарда тәркілеу мен ашаршылық зардабын бастан кешіп жатқан қазақтың Қажылықты ойлауға мүрсаты болды дейсіз бе? Одан кейін де жағдайдың түзеле қоймағаны белгілі. Тіпті соңғы жылдарға дейін қазақтың қажылыққа келуі мүлдем тыйылып, ол некен-саяқ ұшырасар құбылыс қана болып қалды емес пе?

Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, мұсылмандықтың басты парызын атқаруға бейіл түзеліп, ел-жұртымыз имандылыққа ден қоя бастады. Соның бір дәлелі: Қазақстан Діни басқармасы арқылы 1993 жылы – 153, 1994 жылы – 165, 1995 жылы – 154, ал 1996 жылы – 260 қазақстандықтың Қажылыққа барып қайтуы еді.

Нәзір өз жазбаларында Меккеде бұрыннан мекендеп келе жатқан біраз өзбектің бар екенін айтатыны бар. Сол «өз ағамыз» біз Сауд Арабстанына барған кезде Мекке, Мәдина, Жідда базарында толып жүрді. Бірақ олардың көбі бұл жердің байырғы тұрғындары емес. Негізінен алғанда Ауғанстанда кеңес одағы бастап берген әділетсіз соғыстан бас сауғалаған босқындар. Алғашқы бірер жылда қиналып азап шегіп жүрсе де базар төңіректеген тіршіліктері оларды аш қалдырмаған, ілдәлап жүріп қатарға ілініп кеткен. Қазір бәрінің дерлік шағын-шағын дүкені бар. Үйіміз, машиналарымыз бар, дейді.

Осы орайда, олармен алғаш кездескеніміздегі мына жайларға назар аударма кеткен жөн болар. Қасымдағы өзбек жұрналшысы Қажымұрат екеуміз Мәдинаның «Мың бір түн» ертегілерінен әйгілі көне базарын аралап жүр едік. Өңшең қазақ кейпіндегі сатушылар жиі ұшыраса берді. Үстерінде бүкіл Арабстан жұрты киетін ұзын етек ақ көйлек. Қазақ нәсіліне негізінен тән, иек төңірегіне ғана шығатын сақал. Қажымұрат: «Мына кісілер қазақ емес пе екен», – деп қалды. «Сұрастырып көрейік», – дедім. Барып өзбекше-қазақша жөн сұрасып едік, елең ете қалысып, жауаптарын беріп жатыр. «Өзбекпіз», – дейді. Ана жылдары Ауғанстаннан қашып шыққанын айтады. Ондағы қазіргі жағдайдан хабардар. «Достум басқарып отырған жер ғой, қазір», – десек, «Жанарал Достумды айтасыз бар», – деп елеңдесіп-ақ

қалады. Тілдері қазіргі өзбекшеден көрі түсініктілеу. Әрі қарай қазбалап сұрастырып ек, көбі жиырмасыншы жылдары Ауғанстанға Өзбек жерінен өткендердің ұрпағы болып шықты.

Рендеріндегі қазаққа етене сипат мәнісін анықтай түспек ниетпен: «Руларыңызды біресіздер ме?», – деп сұрап көріп едім. «Білеміз, қоңыратпыз», – десті олар. Енді бәрі түсінікті болды. Өзбек құрамына баяғыда сіңген қалың қоңыраттың кезінде Ауған өтіп кеткен бөлігінің өкілдері екен бұлар. Олардың тілдеріндегі жақындықтың бір сыры да осында. Сонау ортақ әліпбимен оқып, ортақ газеттер шығарып, республикалар ара-жігі біртұтас Түркістан болып тұрған кездерде Нәзір Төреғұлұлы, Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожанұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлылардың... Қокан, Тәшкендегі жергілікті жұртпен өзбек, қазақ демей, бірдей түсініскен, түбі дештіқыпшақтың ортақ тілімізден қалған бір белгі осы. Ал қазіргі өзбек тілін дәл осындай еркін түсіну қиын. Мына өзбек-қоңырат ағайындар тілдеріміздің ара-жігі көп ажырай қоймаған сол кездегі ортақ үндестігімізді кеңестік тіл білімі империализмінің саясатынан Ауғанстанға ала кетіп, аман сақтап қалыпты...

«Сіздермен бірге Ауғанстаннан қазақтар келген жоқ па?», – деп сұрап едім. «Біраз қазақ келген еді, көбісі кетіп қалды, – десті. – Айтпақшы осы базарда бір қазақ әлі дүкен ұстайды». Құлағымыз елең ете қалып, ертіп баруды өтіндік. Қазақтан айнымайтын бір өзбек ақсақалы базардың ішімен төтелетіп ала жөнелді. Қалтарыстау тұстағы дүкен екен. Сауда жасап тұрған ақсары бозбала бізді көріп жылыұшырай қалсын...

Жөн сұрасып жатырмыз. Аты – Хамидолла. Әкесінің аты – Мұқамқұл, ағасының аты – Қабиболла екен. Ойыншықтар сататын осы дүкенді ұстағандарына біраз болыпты. «Мәдинада қанша қазақтың үйі бар», – дегенімізше, «Он үй» деп жауап берді. «Сосын: «Алты үй Шөмекей, төрт үй Қоңырат», – деп қосып қойды. «Өзіміз Қоңырат ішіндегі божбанбыз. Атам шыққан жеріміз Түркістан жақ», деп айтып отыратын. Сонау бір жылдары ол жақта қиыншылық болғасын, Ауғанстанға өтіп кетіппіз... Тіліне аздап өзбек сөздері араласқаны болмаса, таза қазақша.

Мәдинадағы тұрмыс-тіршіліктеріне көңілдері толады. Жеті бөлмеден тұратын екі қабат үйді жалдайды екен. Жылына төлейтін пәтер ақылары 20 мың сауд риалы. Бұл долларға



шаққанда бір жылға 6 мың АҚШ долларындай деген сөз. Екі «Тойота» маркалы моторымыз бар», дейді. «Моторы» - автокөлік.

Әкесі мен ағасы Жіддадағы үлкен базардан зат әкеліп, бағасын өсіңкіретіп осында сатады. Әйелдер үйде отырып, бүкіл араб жұрты, Қажылыққа келгендер сатып алатын етегі ұзын ақ көйлектер мен ыстандарды тігеді. Әсіресе Қажылық кезіндегі өтім жақсы көрінеді. Оның үстіне жыл бойы Ғұмыраға келушілер бір толастамайды. Тәуешілер неғұрлым көп болса, сауда да соғұрлым жақсы жүреді. Бұрындары бірталай қазақ бар екен. Көбі Түркия асып, Қазақстанға қайтып жатқан көрінеді... Өздерінің әзірге бұл жерден қозғалғысы жоқ. Әйтеуір, әкесі ондай әңгімені айтқан емес.

Осы кезде іргедегі Мұхаммедтің Қасиетті Мешітінен муэzzиннің намазшамға шақырған азаны естілді. Іле-шала базардағы дүкендердің есіктері сарт-сұрт жабыла бастады. Хамидолла да «Аға, намазға баруым керек», – деп дүкеннің темір пердесін түсіруге кірісті. Арабстандағы дін заңы қатал. Намаз кезінде дүкендердің барлығы жабылып, жұрт намазға жығылуға тиім. Алда-жалда олай болмай қалса, полиция айып салып, жауапқа тартуға дейін барады...

\* \* \*

*Зұлқижа айының 8-і күні Жіддадағы мейманханамыздан Қажылықтың ең басты шарты өтетін жер – Ғарафат тауына қарай шыққан ек, автобусымыз ығы-жығы көліктер тасқыны арасымен 90 шақырымдай жолға екі сағаттан астам уақыт жіберіп, іңір алдында ғана дйттеген мекенімізге жеттік. Тау дейтін де емес, Қыратты алқаптың орта тұсында қожыр тастары бір-біріне мінгесіп жатқан төңкерілген кесе іспеттес жота. Зұлқижаның 9-ында осы Ғарафат тауы қапталына енетін арнайы аумақта тұрғанда, қажы құдайға тым жақындағандай, тым таяу көріскендей болады. Алла тағала да олардың тілек-дұғаларын дереу қабыл алады, күнәларын кешіреді. Қажы да оған қарап: «О, Алла, сенің мейірімді жүзіңнің алдында тұрмын, күнәларымды кешіргеніңді, қажылығымды адал, күнәсіз қылғаныңды қалаймын...», деп ағыл-тегіл жалбарынып, уқуф жорасын орындар еді.*

*Баспасөз өкілдерін сол жота баурайындағы кішігірім шатырлар қалашығына келіп жайғастырды. Мешіті де, асханасы да, телехабар стансасы мен айнадай жарқыраған дәрет алу және жылы сулы жуыну орындары да өзінде. Намазыңды да, Алла тағалаға айтар тілек-дұғаңды да осында атқара бересің.*

*Біз үшін Ғарафат күні есте қаларлық бір оқиға – тікұшаққа мініп, Қажылықтың басты шарты орындалып жатқан аймақ үстін түгел айналып көріп шыққанымыз болды. Ғарафат жотасының бетіндегі қарақұрым тәуепшіні, тауды айнала қоршап, көше-көше боп тізіліп жатқан сыңсыған шатырларды дәл төбесінен қарау ерекше әсерлерге бөлейді...*

*Іңір үйіріле Ғарафаттан Минаға қарай қозғалып, жолай Мұздалифа мекенінде аялдадық. Сол жерден қойдың құмалағындай тастарды теріп алғасын, түн ортасына таман Мина алқабына беттегенбіз. Жол бойы қаптаған көлік. Бәрінің бет алғаны бір жақ. Өнбейтін жүріс. Әйтеуір жаңа туған Құрбан айт күнінің таңы енді-енді бозамықтана бастаған кезде Минаға да іліктік-ау.*

*Автобусымыз қалың машина мен адам арасынан әзер дегенде сыналап өтіп, шеттеу тұсқа тоқтағаннан кейін, бәрімізді жерге түсіріп ертіп ала жөнелді. Алдымыздан адамдардың дабыр-дұбыр үні, әлдебір айғайы аралас дауыстар шыққандай болған. Сөйтсек, шайтанды таспен ату жорасы жүретін жерге келген екенбіз.*

*Бағана Мұздалифада артықтау теріп алған тастарымыздың жетеуін алақанымызға салып, біз де ібілісті тұспалдайтын бағанаға жақындамақ болғанбыз. Беттей алсақшы. «Тас атпаққа алға ұмтылған адамдардың реңіне көз тастап едім, бәрі де «Аллаһу акбарлап» өршелене киіп-жарады. Түрлері әлеп-тапырық. Алла Жолынан тайдырғысы келетін ібілістерді қазір қолға түсірсе, түтіп жіберердей... Оларға қарап сенің де қаның қызады екен. Ілгерілеп бағанаға қарай жақындай беріп ем, аяғым әлдебір жұмсақ нәрселерге тигендей болды. Төмен қарасам, опыр-топырда қажылардың аяғынан түсіп қалған қаптаған сүйретпе... Жан-жағымнан итермелеген адамдармен қағыса жүріп тигізе аламын-ау деген жерге келгенде, қолымдағы*

*жеті тасты жеке-жекелеп, әр лақтырған сайын, «Аллаһу ақбарлап» тәкбір тастап, тас бағанға қарай мен де аттым...*

*Ібіліске тас лақтыру салтын орындап біткесін, Меккеге қайта барып Қасиетті Қазбаны жеті рет айналып, екінші тәуеп ету жорасын атқарғаниша күн сәске боп қалды. Сәскеден өте Минаға қайта оралып, өзімізге арналып дайын тұрған шатырлар қалашығына маңдай тіредік.*

*Рәсім бойынша осы жерде Құрбан айттың үш күнін өткізіп, сол үш күн ішінде Қажылықтың соңғы шарттарын атқарып, ихрам хал-күйінен шығуға тиіс екенбіз...*

\* \* \*

«Зұлқижаның 10-ында басталатын «Құрбан айт – мұсылман әлеміндегі ең үлкен мейрам, – деп жазады Нәзір. – Осы күндері Қажылықта жүрген тәуепші құрбандыққа шалатын малды құбыла жаққа қарата ұстап, Алла тағалаға бағыштап дұға оқып, құрбандыққа қабыл алуын сұрайды. Қажылар ол малдың етін мүсәпір-мүскіндерге үлестіреді. Аңыздарға сүйенсек, Алла тағала Ибраһим пайғамбардың адалдығын сынау үшін жалғыз ұлы Ысмайылды құрбандыққа шалуға әмір еткен екен дейді. Әкелі-балалы оған көніп, орындамақшы болғанда, Алла тағала баланың орнына көк қошқарды түсірген көрінеді...

Құрбан айттан кейін қажылар ихрам хал-күйінен шығып, шашын ұстарамен сыпыртады, не қысқартып ықшамдайды. Зұлқижаның 11-і мен 13-і аралығында ол Қажылықтан күнделікті тіршілікке қайта өтеді. Бұл күндерді «Әййәм әт-Ташрик» («Етті қақтайтын күндер») деп те айтар. Яғни, ол құрбандыққа шалған малдардың еттері кептірілетін күндер, дегенді білдіреді...

Зұлқижаның 11-і күні түстен кейін қажылар үш ібілісті бейнелеген тас бағандарға, үлкен шайтаннан бастап, Алла Тағала мен Мұхаммед пайғамбарға бағыштаған құрандарын оқи жүріп, әрқайсысына жеті-жетіден тас лақтырады. Ара-арасында жарты сағаттай үзіліс жасайды. Келесі күні осы рәсімді тағы қайталайды. Сөйтіп, қажы өз жанын шайтанның арбауынан азат етеді...».

\* \* \*

Мина алқабы – тау арасындағы шатқалды бойлай жатқан өзек. Ібілістерге тас аматын жер сол өзектің орта тұсындағы ұзыннан-ұзақ созылған аспалы жол үстінде. Шатқалдың екі беті тау беткейін белдеу-белдеу етіп ойып жасаған алаңқай-террасалар. Солардың беті жыпырлаған шатыр. Жыл сайын қажылыққа 3 миллионға жуық тәуелші қатысатынын еске алсаңыз, тауды қанша жерін бұзып, тегістеу керек болғанын түсіне беріңіз. Баспасөз өкілдері орналасқан салқын саялы шатырлар тауды бөктерлей салған үлкен жолдың бойында. Сол жолды жағалап жүрер болсаңыз, шатырларға сыйыспай 40 градустың аптап астында төбелеріне матадан ғана қалқан ұстап, аяқ жол үстінде жайғасқан талай жұртты көресіз. Қанша қиыншылық болса да, қажылықтың соңғы шатттарын орындауға бекінген тәуелші қыңқ демейді. Солармен бірге біз де өзекке қарай түсеміз. Сеңдей соғылысқан нөпір халық арасында жүріп үш ібіліске тас атамыз.

Құрбан айт күндері қажыларға қызмет етіп жатқан мекемелер жұмысымен танысуға да мүмкіндік алдық. Ішкі істер уәзірлігінің Минадағы басқармасында бүгінгі заманғы озық техникамен жабдықталған компьютерлік орталық бар екен. Үлкен залда бір қабырғаны алып 30 шақты телекэран тұр. Қай жерде не болып жатқанның бәрі операторлардың көз алдында. Әлдебір тұстарда қажыларға көмек қажет бола қалған жайда, дереу сол маңда жүрген арнайы топтарға тапсырма беріледі де, олар лезде айтылған жерге жетіп келеді.

Компьютерлердің бері қаптаған араб жазуы. «Қажылыққа келген бар тәуелшінің аты-жөнін, қай елден, қай баспасөз өкілінің келгендігі туралы деректер де осы компьютерлер жадында», – дейді бізді бастап жүрген ішкі істер өкілі. «Кәні, байқап көрелік», – деп іздеттіріп кеп жібергенде, экраннан аты-жөндеріміз нақпа-нақ шыға келеді. «Қажылық кезінде адам шығындары да боп тұрады деуші еді, биыл қалай боп жатыр?», – деген сұрағымызға: «Инишалла, биыл адам шығыны болған жоқ. Ертең Қажылықтың соңғы күні, адам аяғы саябырсиды, енді болмайтын да шығар деп отырмыз», – деген жауап алдық.

Әр елден Қажылыққа келудің де өз реті бар. Бекітілген мөлшері бойынша әрбір он мың мұсылманға бір орын бөлінеді.

Демек, қай елдің халқы көп болса, сол елден тәуешіі мол. Содан болар Қажылыққа Индонезия, Түркия, Малайзия, Филиппин, Мысырдан келгендердің қарасы көптеу. Әсіресе, 150 миллиондай мұсылманы бар Индонезия тәуешілері аттаған сайын ұшырасады. Әйелдерінің бас киімі қазақ әйелдерінің кимешегіне (екше) келіңкірейді екен. Тап-тұйнақтай болып үйлесіп-ақ тұр. Осы жерде қаперге сала кетер бір жайт, Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы қажылыққа баратын қазақ әйелдеріне ұлттық киім дәстүрімізде бар сол кимешектің ерекше жеңіл түрін кигізуді жөн-жобаға енгізсе, қалыптасып-ақ кететін реті бар сияқты. Әйтпесе, қазір төгілтіп орамал тартып жүр ғой. Ыстық күнде кимешектің қолайлы болатынын былай қойғанда, ол бір ұлттық белгісіз боп Қазақстаннан келген тәуешілер екенін бірден байқатып та тұрмас па еді...

Құрбан айттың екінші күнінде қажы атанған 105 баспасөз өкілін елең еткізер бір оқиға – ел Мәлігі Фахд бен Әбдел Әзіздің Минадағы өз орда сарайына арнайы келіп, Мейрамға байланысты үлкен қабылдау жасағаны еді. Ел билеушісінің бұл ілтипатына біздің қатарымыздан 20-дай жұрналышыны екішеп шақырған екен. Сол тізімге ТМД елдерінен тек Қазақстан өкілі ғана енді...

Қасиетті Қос Мешіттің Қамқоры деген құрметті атағы бар Мәлік сарайындағы сән-салтанатқа куә болған кезде, бүгіндері дүниедегі ең бай да бақуатты елдердің қатарында саналып отырған осы мемлекеттің бұдан алтыс жылдай бұрын ғана ыңырашағы айналған кедей еді, дегенге сене қою да қиын. Нәзір Төреғұлұлы жазбаларында Арабстан қаржы уәзірінің елшілікке арнайы келіп, Ресейден бензин мен керосин алдыруға болмас па екен деп өтініш білдіргені бар. Сол жылдары жанармайдың жоқтығынан, елдегі аз ғана автомобильдердің жүрмей қалатын кездері де болған екен...

Алайда сол жылдардың өзінде-ақ Құдай бұл елге оң көзімен қарай бастапты. Отызыншы жылдарда ашылған мұнай көздерін екінші дүниежүзілік соғыстан кейін игеру ісі қолға алынған соң елдің жағдайы біртіндеп түзеле берген. Бұл күндері Арабстан сол мұнай молшылығының арқасында өз экономикасының төрт құбыласын түгендеген жалы қарағайдай мемлекетке айналып отыр.

\* \* \*

Сауд Арабстаны мемлекетінің дүниеге келуі мен алғашқы тәй-тәй қадамдарының басы-қасында болған Нәзірді 1936 жылы қызметтен босады деп Мәскеу қайта шақыртты.

Жізде айлағында етжақын дипломатиялық корпус өкілдері, Арабстан сыртқы істер уәзірлігінің қызметкерлері қимас көңілмен шығарып сап, кемеге отырған кезде, ол өзін алда қандай зұлмат күндер күтіп тұрғанын болжай қойған жоқ. Мәскеуге келгесін араб, парсы, неміс, француз, ағылшын, түрк тілдеріне жүйрік, білімпаз дипломат біраз уақыт ғылым-білім орындарында қызмет еткенді мақұл көреді. Түрк тілдеріне қатысты еңбектер жазуға отырады, Араб мәдениеті мен тарихына қатысты жинағандарын бір жүйеге келтіре бастайды. Алайда көрнекті тұлғаларды қынадай қырып келе жатқан 37-інің зұлматы оны да аман қоймайды. Өзінің рухтас, үзенгілес ұлы серіктері Әлихан, Ахмет, Мағжан, Сұлтанбектерге тағылған «Халық жауы» деген жаламен ол да оққа ілінеді. Сол кезде Нәзір 45-ақ жаста екен.

\* \* \*

*Нәзірдің Арабстаннан оралғанына тура алтыс жылдай уақыт өткен кезде, ел астанасы Риадта тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Елшілігі ашылды. Қазақтың жас дипломатиясының өкілдері, Төтенше және Өкілетті елші Бағдат Әміре мен оның орынбасары Азамат Бердібайлар осы Мекке-Мәдина топырағында Нәзір сынды қадірлі тұлғамыздың еңбек еткенін жақсы біледі... Қазақстанның мұнаймен байыған Арабстаннан үйренер тағлымы тіптен көп. Әлемдегі мұсылман жұрттарға көмек қолын созудан қашпайтын Сауд Арабстаны да бірқатар өзара бірлескен жобаларды атқаруға ықылас білдіріп отыр. Осы орайда Нәзірдің Қазақстан елшілігіндегі жас ізбасарларына жүктелер міндет те ауқымды.*

*Нәзірдің өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісінде Шымкентте біраз жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Нәзір қорының» еңбегі зор. Қазақтан шыққан көрнекті дипломат, аса білімдар тұлға Нәзір Төрегұлұлының Сауд Арабстанында елші болған жылдарында жазған-сызғандарының Мәскеу архивтерінен маржан сүзгендей жинастырыла бастауы да осы қордың арқасы. Біз соны ретіне қарай, Қажылық сапарымызға байланысты қайта жаңғыртушы ғанамыз...*

1996 жыл

## ҰСТАХАНА ДҮРІЛДЕП ТҮР

(Эссе)



1969 жылдың сәуірінде ҚазМУ-дің филология факультетінің 5-ші курсына оқып жүрген мені «Лениншіл жас» газеті (байырғы және қазіргі «Жас Алаш») қызметке шақырды. Алдында бейнелеу өнері тақырыбын қозғаған бірер мақалаларым жарық көргенімен, жастар газеті сияқты журналшы болғысы келген кім-кімге де қол жетпестей арман басылым

маған көңіл аударып қояр деп ойлаған емен. Жүрегіне табалдырық аттадым. Бас сарашы Шерағаң (Шерхан Мұртаза) Мысыр еліне сапарлап кеткен екен. Мені жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушісі Қуанышбай Құрманғалиевтің қарамағына жіберді. Газет тіршілігінен бейхабар, журналистика факультетінде оқымаған сарыауыз балапанға көп нәрсе таңсық. Шұқшиып отырып хат қорытып, тапсырмалар орындап, кезекшілікке барып дегендей, біртін-біртін төселе бастадық. Апта ішінде шыққан газет нөмірлеріне шолу жасап, бір-бірінің бет-жүзіне қарамай сынап тастайтын лездемелердің алғашқы әсері де әлі күнге дейін есте.

Сондай лездемелердің бірінде Шерағаң телефонды терді де аржағындағы кісімен: «Келсейші, жігіттер жиналып отыр», – деп қысқа ғана тіл қатысты. Аздан соң мойнына тоқпақтай галстук байлаған, отыздың ортасындағы толықша қараторы жігіт бөлмеге кірді. Қолында шағын кітап. Редактормен, жігіттермен соншама бір сыпайы, сырбаз түрде амандасты. Шерағаң: «Жігіттер, Сейдахметтің біздің газетке арнайы тілек жазып арнаған жаңа кітабы шыққан екен. Соны төрт көздерің түгел отырғанда редакцияға тапсырмақш», – деді.

...Бозбала шағымыздан атына қанық, спорт туралы тілінің майы тамған талай дүниелерін тамсана оқып жүрген, сол кезде «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінің редакторы болып істейтін Сейдахмет ағамызды бірінші көруім. Осыдан біраз бұрын ол кісі Алматы облыстық «Жетісу» газетінің әлденеше санында жастар газеті тілшісінің бір іссапарына орайластыра өрбіткен «Егеулі найза» атты үйіріп тартып отыратын хикаятын жариялаған еді. Сол енді кітап боп шығып, оның алғашқы бетінің шекесіне автор: *«Аяулы шаңырақ «Лениншіл жасқа», сол шаңырақтың шаруасы дегенде қара бастың қамын ұмытатын қаламдас достарға арнадым»*, деп әспеттеп көрсеткен екен. Соны бүгін жанындай жақсы көретін газетіне әдейілеп тапсыруды жөн көріп келіпті...

Ол кезде күллі жастар басылымдары Алматының қазіргі Жібек жолы мен Абылайхан даңғылдарының қиылысындағы тұрғын үйдің бір кіреберістік бөлігін ғана жайлайтын. Бүкіл «Лениншіл жас» үшінші қабаттағы төрт-бес бөлмеге ығы-жығы боп отырады. «Балдырған», «Қазақстан пионері» де сол үйде. Оқта-текте сырттай Сейдахмет ағамызды көріп қаламыз. Тіке барып амандасуға ыңғайсызданамыз. Ол кісі де танымағасын көңіл аударар қоймайды...

...Газетте жұмыс істегеніме үш ай өтер-өтпесте, университеттің әскери кафедрасын бітірген жігіттердің тең жартысын сол жылдары арақатынасы аса ушығып тұрған кеңесқытай шекарасын нығайту үшін жасауылдық (офицерлік) қызметке алды да кетті. Екі жыл уақыт Мәнжүрия даласын «қаскөй жаудан» қорғауға бағытталған бекініс шебінде өткіздік. Байланыс қызметі тәуір кез. Алматыда шығатын қазақ басылымдарын үзбей жаздырып алып тұрамыз. Сол жақта жүріп 1970 жылдың күзінде Шерағанның жастар газетінен жаңа ашылған «Жалын» альманағына бас редактор болып ауысқанын, ол кісінің орнына Сейдахмет Бердіқұлұлының келгенін білдік.

Әлбетте, ол кезде осы басшының қарамағында 15 жарым жыл жұмыс істейтінім, ал жастар газетіндегі барлық жұмыс өтілім жиырма жылдай болатынын, журналшылар арасында жастар газетінің тәлімі, оның жігі ажырамас бір бөлігіндей боп кеткен «Сейдахмет мектебі» деп даусыз айғақталған ұстахананың көрігі



дүрілдеген үрдісін көп жыл бойы табан аудармай бойға сіңіретінімді кім білген...

\* \* \*

Сейдағанның газеттегі сәл жылт еткен нәрсеге сергек қарап, кімнің кім екенін жазуының шама-шарқына орай бағалайтын қасиетіне алғашқы кездесулер барысында-ақ куә болуға тура келді. Әскерден қайтар жолда жұмыстың да жайын біле кетейін деп, көк базардың алдындағы тоғыз қабатты ғимаратта орналасқан газеттің жаңа мекенжайына соқпаймын ба? Редакторға кіріп, осында жұмыс істегенімді білдіріп, қызметіме сұранамын ғой, баяғы. Алайда «жоққа жүйрік жетпейді». Сейдаған бос орын болмай тұрғанын айтып, шарасыздығын білдірді. Елде демалысымды өткергесін, қайтып келсем, жағдай әлі сол күйінде екен. «Әскерден келгеннен кейін бұрын істеген жұмысына алынуы тиіс», деген заң бола тұра, ол жайды көлденеңдетіп жатуды жөн көрместен, бос жүре бермейін деп, басқа жақтан жұмыс қарастыра бастадым. Жарты айдай сабылыстан кейін Қазақ радиосы жақтан орын табылды да, еңбек кітапшамды алу үшін газетке қайта соғайын. Жауапты хатшы Мәткәрім Әкімжанов жоқ екен. Оны күтіп жүріп, әдебиет және өнер бөлімінің қызметкері Сағат Әшімбаев құрдасым екеуміз дәлізде әңгімелесіп тұрғанымызда, кабинетінен сыртқа шыққан Сейдағана жолығып қалдым. Амандастым. Басқа еш сөз болған жоқ. Ол кісі дәліздің аяқ жағындағы секретариат бөлмесіне қарай беттеді де, мен Сағатпен бірге ол істейтін бөлімге кіріп отырдым. Біраздан соң оның алдындағы телефон шылдырады да, тұтқаны көтерген Сағат: «Қазір», – деп бөлмеден шығып кетті.

Сәл ғана уақыттан кейін қайтып келіп: «Жүр, сені редактор шақырып жатыр», – деді. Екеуміз кірсек: «Жігітім, фамилияңа көңіл аудармаппын, әйтпесе жазғандарыңды бұрыннан білемін ғой», – деп ақтарылып отыр ағамыз. Тіпті содан екі жылдан астам уақыт бұрынғы алғашқы іссапарым бойынша жазған мақалаларымның аттарына дейін айтып берді. Әскерде де қарап жүрмей, өнер тақырыбын қозғайтын «Аққу» клубына жіберген бір эссемнің соңына Сағат марқұм «офицер» деп қосып жіберген екен. Оған да «мынадай эссе жазатын бұл қандай офицер» деп назар аударған едім», – деп жатыр...

Сөйтсем, әлгінде мені дәлізде көргесін Сағатты телефонмен шақырып алып: «Бұл өзі бұрын бізде істеген жігіт екен, қандай мақалалар жазып еді», – деп сұрамай ма. Сағат есінде барын айтады. «Оларды мен де білемін ғой, – дейді Сейдаған. – Жұмысты қайткіпті». «Радиоға орналысып жатыр». «Ол жақты қойсын, бізге келсін. Бір орын босайтын сияқты. Шақыршы өзін, әңгімелесейік», – депті.

Басқа жаққа қайбір құлқым ауып тұрған адаммын, ұсынысты бірден қабыл алдым. Сейдағанның: «Жастар газетінің атына лайық нар жігіттердің бірі бол!» – деген батасымен құтты шаңырақтағы қызмет осылайша қайта жалғасып кеткен еді.

\* \* \*

Сейдаған бас сарашы боп тұрған жылдары спорт, секретариат, мәдениет және ғылым, жұмысшы жастар, тәрбие бөлімдерінде жұмыс атқардым. Олардың әрқайсысында жүрген кездерде де редакторлық біліктіліктің, биік эрудицияның, жұрналшылық шалымдылықтың ықпал-әсерін тікелей сезінудің талай сәттерін бастан кештік.

«Спортты жазған кезде сол жарыстың қалай өткенін қайталап айтып шығудың түк қажеті жоқ, – дер еді Сейдаған. – Оны жұрт радиодан, теледидардан онсыз да естіп, көріп отырады. Жарыстың, бәсекенің, жекпе-жектің арғы қалтарыстарында не боп жатыр, спортшының көңіл-күйі қалай, соған үңілу керек, соны жазу керек. Яғни тақырыптың «кухнясын» ашу қажет».

Спорт бөліміне әуелгі барған кезде мақалаларды көңілімдегідей шығара алмай, қиналғаным әлі есте. Олай илеймін, бұлай илеймін, икемге көнсейші. Сұп-суық, домбай көрінеді де тұрады. Сол шақта Сейдағанның «Жұмыр жерде теңбіл доп» деген кітабы шыға қалды. Бас алмай оқып шыққан замат бар кілттипанның сыры бірден ашыла кетті. Қалам да көсіліп жүре берді. Спортты жазуға ауыз әдебиетімен, фразеологиялық тіркестермен, шешендік сөздермен қоян-қолтық астасып жататын, тақырып «кухнясына» терең бойлайтын Сейдахмет Бердіқұлұлының стилі керек екен. Құдайға шүкір Сейдаған мүсіндеп берген бұл үрдіс бүгіндері қазақ спорт журналистикасында тамырын тереңге жіберді. Избасарлары да жетерлік.

\* \* \*

Сейдағаң – ірі газет безендірушісі. Секретариатта істеп жүрген кезімізде нөмірге баратын мақалаларды беттерге сызып, орналастыру үстінде редактордың сынына ұшырап қалмасақ екен деп кипақтап отыратынбыз. Беттің нобайы ұнамай жатса, әрдайым алдында тұратын қара сиялы қаламсабымен былай сызған жөн болар еді, деп тартып-тартып жобасын түсіріп берер еді. Ұнаған тұстарды: «мына бір жерін тауып кетіпсің, макет сызу да үлкен өнер ғой», – деп риза боп қалатын.

Лездемелер кезінде әр бөлімдерге қатысты тапсырмалар беріліп, жаңа тақырыптар қалай көтерілуі керек деген әңгімелер қозғалған кездегі Сейдағаң сөзіне ұйығаннан басқа лаж болмаушы еді. «Мына бір тақырып көрінбей жатыр, соның ретін тауып беру жағын қолға алу керек, ізденіндер, байқандар, ал соны былай жасаса қайтер еді», – деген тұрғыда идеялар айтылған сәтте, өз-өзінен сол мәселеге редакторымыздың көзімен қарағандай қал кешетінбіз. Себебі, сол тақырыпты Сейдағаңның өзі игерер болса, ешкімге ұқсамайтын бір тәсіл тауып, тамаша орындап шығатынына шүбәсіз сенер едіңіз.

\* \* \*

Қазақ баспасөзінің деңгейіне әсте көңілі тола бермейтін. Бір күннің ішінде әлденеше түрленіп шығып тұратын шетелдік қалың газеттерді, олардың дүниеде не болып жатқанын бес саусағындай біліп отыратын атжалман репортерлерін мысалға тартатын. Өзі басқарған жастар газеті титтей де болса, сол газеттерге ұқсап шықса ғой деп көксейтін. Алайда «бесжылдық тынысын жаз, қой шаруашылығына жастарды шақыр, екпінді құрылыстарды ұмытпа, комсомолға партия басшылығын көрсет, сиез шешімдері бойынша жұмыс істе»..., деген секілді сан-сапалақ тапсырмалардың қалай орындалғанын қалт жібермей қадағалап отырған жоғарғы органдар адымды аштырмайды, қадамды бастырмайды. Жастар газеті «көктем нөмірі» деген сылтаумен жыл сайын Наурыз мейрамы келгенін атап өтуді дәстүрден еш үзген емес. Қырағы көздер оны да байқап қалады. «Мұсылманшылығың ұстап бара ма», деген зілқабатқа ұшырайсың. Тарихыңның, тіліңнің тағдырын қозғайын десең,

«ұлтшылдық пиғылдарды оятып жатыр», деген ағаш атқа мінгізеді. Іштей күйзеле жүріп, жаңа жұрналшылық тәсілдерді іздестіре еді мұндайда редактор.

Бірде Сейдағаң жігіттерге: «Шіркін, бізде де Мәскеудің «Огонек» журналы сияқты бір журнал ашылып, соған редактор болсам, қалай құлпыртар едім», – деп қалды. Имандай сенесің. Көз алдыға халқымыздың бар тіршілігіне қатысты тақырыптарды жүйе-жүйесімен жарқырата ашып көрсететін түрлі-түсті журнал елестеді.

\* \* \*

Санаткер Сейдағаң әрбір жұрналшылық ізденіске жаны қалмай қуанатын кісі еді. Мәдениет және ғылым бөлімінің тілшісі кезім. Шоқанның 140 жылдығына орай, ғалымның 1856 жылы жасаған «Ыстықкөл сапарының күнделігі» жолжазбасының ізімен жүріп өту идеясы туып, оның жоспарын жасап, картасын сызып, бөлім меңгерушісі Орысбай Әбділдаұлы екеуміз редакторға кірдік. Таныстырдық. Сейдағаңның өңі бал-бұл. «Тауып кетіпсің», – деп риза болды. Біраз ақылдасып, жаз бойы үш кезеңге бөлініп, Семейден Ыстықкөл төңірегіне дейін, одан кері қарай, Қапал, Шұбарағашқа дейін жалғасатын іссапар жайымен келісіп болғасын, бөлмемізге қайта оралып жайғасқанымыз сол еді, соңымыздан редактор да кіріп келді. «Ұмытып кетіппін, бұл сапардың жайын ешкімге айтушы болмаңдар. Жұрт газет шыққан кезде бір-ақ білсін», – дейді. Жүзінде тоят тапқан адамның мерейлі қалпы. Қазақ баспасөзінде ол заманда бір-бірінен тақырыптарды қағып алып кететін әбжілдік, ұтқырлық жоқ екенін тарс ұмытып, сәл сәт өзін нақ бір бәсекелесе, үзенгі қағыса шығатын шетелдік газеттердің редакторындай сезініп тұр ағамыз...

**(P.S.)**

*Қазір ойлаймын зой. Егер сол кезде жастар газетінде редактор Сейдағаң емес, басқа адам болса, мұндай бір жаз бойына ұласатын іссапарға жіберер ме еді? Қайдам. Ол Сейдахмет Бердіқұлұлындай сергек редактордың ғана қолынан келетін тәуекел секілді көрінеді маған. Шоқан тақырыбына сол Сейдағаңның газетте ұзақ уақыт редактор болуы арқасында он жылдан кейін тағы да оралудың сәті түсті. Бұл жолы ұлы*

ғалымның 1985 жылы тойланатын 150 жылдығына орай, Шоқанның дүниеге келіп, зұмыр кешкен, еңбек еткен, саяхаттармен барған мекендеріне сапар шектім. Жастар газеті редакторының санаткерлік тұлғасының қолдау танытуының нәтижесінде, содан Шоқан менің төл тақырыбыма айналды. Газетке шоғыр-шоғыр жолсапарлар ретінде жарияланған мақалалар, іле-шала «Шоқан ізімен» (1977) «Жасын-тағдыр жарқылы» (1987) атты кітаптарға айналып қана қоймай, арада жиырма жылдай уақыт өткеннен кейін – 2009 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген көлемі 40 баспаға жуық зұмырнамалық «Шоқан» роман-эссесіне ұласты.

Жастар газетінің «Аққу» өнер клубы бетінде жүргізген бейнелеу өнері тақырыбына, әлемге әйгілі суретшілердің тұлғалық портреттерін ашуға бағытталған эсселер жазуымды қолдап, ары қарай тоқтатпай жалғастыра беруіме де Сейдағаз көп түрткі болып еді. «Аққуыңды» ұмытпа, жұрт сұрап жатыр. Өзің орайын тапқан тақырып қой, жаза бер, кейін бәрін қосып, кітап етіп шығаруға болады емес пе», дейтін. Айтқаны келді. 1981 жылы «Өнер» баспасынан «Буырқанған бояулар» атты түрлі-түсті суреттермен безендірілген әдемі кітап жарық көрді. Алғашқы данасын қолтаңба жазып, ағамызға бергенімде, өзінің кітабы шыққандай риза болды. Парақтап отырып: «Бұл енді тәуір еңбек, кітапханамдағы қадірлі кітаптардың қатарына қоямын», деп шын ниетін білдірді. Кезекшілікке түскен күндері басылғалы тұрған газетті редакторға қаратып алу үшін Сейдағазның үйіне талай барғанымда, оның расында да сондай кітаптардың қатарында тұрғанын көретінмін...).

\* \* \*

Сейдағазның тақырып қойғыштығы ел мойындаған ақиқат еді. Өз кітаптары мен мақалаларына «Егеулі найза», «Жұмыр жерде теңбіл доп», «Ақ сіреулі Альбион», «Аспаннан шұға жауған күн», «Пердесіз көңіл», «Арбаған мені бір сиқыр», «Ақ бантикті қыздар, күрсінгіш ұяң жігіттер» деген секілді үйіріп әкетер тақырыптарды қалай қойса, газет бетінде шығып бара жатқан олпы-солпы тақырыптардың ол кісінің түзетуінен кейін, тіпті

нашарлау мақаланың өзін де оқып шықпасқа амал қалдырмайтын дәрежеге дейін құлпырғанын талай көз көрді.

Білімі ұшан-теңіз. Қазақтың арғы-бергі рухани әлемін жете танитыны өз алдына, дүниежүзілік әдебиет пен өнердің, Жаңаша дәуірдегі әртүрлі ағым өкілдерінің қуат-қарымынан жан-жақты хабардар. Ремарк, Сомерсет Моэм, Гоген, Фолькнер, Кафка, Мейлер, Маркес, Дали... Олардың шығармашылығын жаңғақша шағып, сөз арасында әңгімеге қиюластырып, пікір сабақтап отырады. Туындыларының арқауын өру үстінде ретін тауып әдемі тамызық етеді. Ол кісінің Шыңғыс Айтматов туралы эсселер шоғыры заңғар қаламгер бейнесінің көпке мәлімсіз қырларын танытуымен де құнды. Оларда Сейдағанның ерекше байқағыштығына, тақырыпты өрбіту тәсілдерінің тосындығына қатысты шеберлік айғақтары қадау-қадау.

\* \* \*

**(P.S.)**

*«Сейдахмет Бердіқұл мектебінен» өткен шәкірттерінің көбі кейіннен бірталай басылымдар мен баспалардың тізгінін ұстады. Біз де кезінде «Ана тілі» деген газет ашылып, оның жұмысын жүргізуді қолға алғанда да сол тәлімі түгесілмес ұстаханадан көргенімізді жүзеге асыруға ұмтылғанымызды әрдайым айтып жүреміз. Әлі де айта беретін шығармыз. Тақырыптарды игеру барысында «осы мәселені Сейдахмет ағамыз қалай тарқатар еді», деген ойлар әркез бүйірімізден түрткілеп тұратын. Сәтті шешімдер туындай қалса: «Мынау Сейдағаша біткен шаруа болды-ау», – деп масайрап қалатынбыз. Әлсіз дүниелер шығып кетсе: «Ағамыз байқап қалды-ау», – деп іштей қуыстанатын қал де кешетінбіз. Оқта-текте өзімен жолығып қалғанда, газетімізге деген ризалығын байқатып отыратын. Бірде: «Қазіргі газеттердің арасында өзіне қатысты тақырыпты сенің газетіңнен артық көтеріп жүрген біреуі жоқ», – дегені есте... Бірде: «Сен өзіңді Сейдахметтің шәкіртімін деп ылғи айтып жүреді екенсің, энеүкүні жоғарыда отырған жігіттерден естідім», – деген еді маған сәл жымия қарап. Оған еш мәймөңкесіз: «Ақиқаты солай ғой. Сіздің журналистік мектебіңізден өтудің өзі екі-*

үш университет бітіргенмен бірдей. Сіздің ұстаханаңыздың тәлімін көру бақыты біздің буынға бұйырғанына ризамыз», – деп жауап берген болуым керек шамасы...

Сейдағаң 60 жасқа толғанда, «Ана тілі» апталығының бетінде ол кісі туралы «Ұстахана дүрілдеп тұр» деген жоғарыдағы мақаланы жазған едік. Шәкірттері атынан ұзақ өмір тілегенбіз. Алайда тағдыр олай бұйыртпады. Бір жыл өтер-өтпестен аты жаман ауыр кесел бар болғаны 61 жасқа енді келген ағамызды арамыздан алып кетті.

Әйткенмен, ол кісінің редакторлық шеберлігі, спорт тақырыбын көркем қаламгерлікпен тарқатуда атқарған еңбегінің ерен екендігі Сейдағаңды ұстаз тұтатын шәкірттерінің, кейінгі ұрпақтың жадынан өше қоймасы анық. Жыл сайын жұлналишылар арасында өтетін майталман редактор, спортты жазудың теңдесі жоқ зергер тұлғасы С. Бердіқұл атындағы шағын футболдан дәстүрлі турнир, спорт қаламгерлері арасында сарапқа салынатын озық туындылар сыйлығы байқауы сол құрметтеу мен қадір тұтудың бір айғағы. Яки, Сейдағаңның қазақ журналистикасы тарихында ойып тұрып орын алар санаткерлік, тәлімгерлік ұстаханасының алаулы шоғы әлі де талай уақыт өшпейді, көрігі дүрілдей береді).

1993 ж.

(P.S. қосымшалар 2003 ж.)



## ӨР ҮНДІ ӨРАЛТАЙ



2013 жылдың көктемінде Анкарадағы ТҮРКСОЙ-дың (Түрк мәдениеті халықаралық ұйымының) бас ғимаратында қазақ жұрты үшін елең еткізерлік ерекше жиын өтті. ТҮРКСОЙ-дың ұйытқы болуымен көрнекті қаламгер, журналист-зерттеуші, қоғам қайраткері, Халықаралық “Алаш” сыйлығының, ҚР Журналистика академиясының «Алтын самұрық» сыйлығының иегері, алашшыл тұлға Хасен Өралтайдың (Оралтай) туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық конференция ұйымдастырылды. Оған Қазақстан Республикасының Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Жансейіт Түймебаев, ТҮРКСОЙ-дың Бас директоры Дүйсен Қасейінов, Түркия Мәжілісінің (Парламенті) депутаттары, қоғам қайраткерлері мен зиялылары, Қазақстаннан арнайы келген ғалымдар, сондай-ақ Түркиядағы қазақ зерттеушілері, Х. Өралтайдың туыстары қатысты.

ТҮРКСОЙ тарапынан бұл конференцияның ұйымдастырылуы – Х.Өралтайдың бір ғана Қазақстанның тәуелсіздігі үшін емес, отаршылдық езгідегі күллі түрк халықтарының азаттығы жолында қажырын да, қалам қуатын да аямаған ірі тұлға, барша түрк жұрттарына ортақ көрнекті қайраткер ретінде танылғанының айқын куәсіне саяды. Оның бар өмірі мен



шығармашылығы – Мұстафа Шоқай ағасы сияқты кеңес билігінің құрсауындағы туыстас түрк халықтарының бостандығы үшін күреспен тығыз байланысты. Сол жолда Түркияның белгілі қоғам, мемлекет, мәдениет қайраткерлерімен, ғалымдарымен етене қарым-қатынас құрды, пікірлес болды. Әлемдегі жалғыз тәуелсіз түрк мемлекетінің жұртшылығына елдік құқы тапталып жатқан қазақ ұлтының шын тарихын, тәуелсіздік күресін, оның ұлы тұлғаларын кеңінен таныстыру мақсатында кітаптар жазды, газет-журналдар шығарды. Өзі қызмет еткен «Азаттық» радиосының эфирі арқылы бауыр еті қазағын тәуелсіздік рухымен жігерлендіріп отырды. Х. Өралтайдың жолшыбай әртүрлі шуылдар қосылып, тұншықтырылып жететін сол үнімен бірге ел құлағына Мұстафа Шоқай сынды ұлы тұлғалардың, Әлихан, Ахмет, Мағжан сынды алаш арыстарының есімдері жете бастады. «Үлкен Түркістанның» күйреуі» атты кітапта қараланған Мұстафа Шоқайдың, шын мәнінде барша алаш үшін, күллі түрк жұрттарының азаттығы үшін күрескен арда тұлға екендігі пайымдалды. Отаршылдық зұлмат кезінде халқының жартысынан айырылып азшылыққа ұшыраған, тілінен, ділінен жұтаған, ұлттық жағынан мәңгірттенуге, жойылуға бет алған, қолдан келер қайраны қалмаған мұңлық жұрт, өзінің сөзін алыстағы «Азаттықтың» айтып жатқанына да шүкіршілік етіп, болашақтан күдерін үзбеді, үміт жібін жалғады.

Коммунистік насихат «Азаттықтан» даусы жиі естілетін Хасекеңді қаншама «қазаққа қас адам» кейпінде көрсеткісі келсе де, көзі қарақты көпшілік оны ұлт тәуелсіздігі үшін жалынды күрескер, сол мақсат жолындағы арпалыстың қаһарманы ретінде қадір тұтты. Х. Өралтайдың 1986 жылғы Алматыдағы қазақ жастарының көтерілісі кезінде отаршылдар тарапынан жасалған қырғынды әлем жұртшылығына жеткізу, шындықты паш ету жолындағы еңбегі бұл құрмет сезімді одан әрі арттырды. Ату жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбекті ол жөнсіз үкімнен арашалап қалу жолында қаншама істердің атқарылғаны, халықаралық ұйымдардан көмек сұрау, Түркия және басқа елдердің басылымдарына шығару, КСРО Жоғарғы кеңесінің төралқасына мәлімдеме жасау секілді мехнатты да қатерлі тірлікті Хасекең сияқты туған ұлты үшін жанын қиюға даяр адамдар ғана нар беліне лайық жүк ретінде көтере алды.

Хасекеннің Қазақстанның тәуелсіздігі жария етілген ұлы оқиғаны «Азаттық» радиосынан көңілі босап тұрып әлем жұртына хабарлауы, қуаныштан жүрегі жарыла құтты болсын айтуы, бес минуттың ішінде дайындаған түсініктемесінде, қазақтың бұрыннан да тәуелсіз ел болғанын, Абылай заманы кезінде екі жақтағы іргелі көршілермен тең түрде бейбіт қатар өмір сүргенін, Қазақ елінің болашақта да сондай саясатты ұстана отырып, қандас, тілдес және діндес халықтармен берік байланыс құрып, нығая беруін тілегені, істің тек тәуелсіздік жариялаумен ғана бітпейтінін, БҰҰ-ға мүше болу шарасының жедел қолға алынуы қажеттігі туралы сөз етуі, нағыз жүрдек журналшылықтың айшықты үлгісіне жатады.

\* \* \*

Хасен Оралтайдың еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстанға әлденеше келген сапарлары кезінде, коммунистік жалған насихаттың тәрбиесі тым өтіп кеткен қайсыбір қазақтардың, халқымыздың талай азап пен тозақты бастан кешіп барып қолы жеткен азаттығына немқұрайлы қарап, оны еш қиындықсыз, өз-өзінен келе салған бақыт құсы ретінде қабылдайтынын көріп, ол жайында қынжыла жазатыны бар. Жетпіс жылдан астам уақыт бойы жүргізілген отаршылдық жымысқы саясаттың сойқан зардаптарының әсерінен туындаған бұл мәңгірттік көзқарас бізге де жақсы таныс. Ол орыс пен қазақ халықтарының мәңгілік достығы деген алдамшы насихаттың арғы жағында қазақты жер бетінен ұлт ретінде жоқ етудің нешеме айла-шарғылары мен зұлымдықтары жасырылатын, оған күмән білдірілген пікірлердің дереу желкесі қиылатын үрейлі замандардан қалған сарқыншақ пиғылдарға жатады. Өйткені, қазақ жерін Ресей жаулап алған 250 жылдай уақыт бойы оған қарсы қаншама бас көтерулердің, қаншама елдің қырғынға ұшырағанына қатысты мәліметтер империялық архивтердің құпия қоймаларында жасырылды, көпшілікке айтылмады. Бір ғана Кенесары көтерілісі кезінде қаншама қазақ ауылының өртенгені, жойылғаны, қаншама бейбіт адамның оққа ұшқаны, найзаға шаншылғаны жабық ұсталды. Зерттеушілер оны білген кездің өзінде, жарыққа шығару да еш мүмкін емес-ті. Цензураның сүзгісі жібермейтін. 1916 жылғы ұлт-азаттық

көтеріліс кезінде қырғынға ұшыраған халықта да қисап болмағаны, бастарын сауғалап Қытайға өтпек болған қазақтарды патша әскерінің пулеметпен қырып салған оқиғалары да, тәуелсіздіктен кейін ғана жария бола бастады.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары басында қазақтың жартысының, яки үш миллионға жуық халықтың аштықтан қырылғаны да коммунистік биліктің елден жасырып келген ең ауыр қылмысы еді. Аштықтан қашқан елдің біразының аман қалудың амалын іздеп Қытайға өтпек болған кездеріне кеңестік шекара әскерлерінің қолынан жаппай қаза тапқаны туралы деректер де басқаша түсіндірілді. Бас сауғалап, шекарадан өтпек болған қазақтар – банды, ал оларды қырған шекарашылар – батырлар ретінде бейнеленді.

Ондай жалған ақпараттардың талайына 40 жылдан астам уақытқа созылған журналистік қызметіміздің 20 жылдай уақыты кеңестік дәуірге тап келген өз басымыз да үнемі жолығып жататынбыз. Жетпісінші жылдардың ортасында жастар газетінің тілшісі ретінде, кеңес-қытай шекарасы бойындағы бірер қарауыл қолдарын (заставаларын) аралап шыққанымыз бар еді. Сонда олардың әрқайсысында бар, әр қарауылқолдың «ерлік жолдары» жазылған даңқ кітаптарындағы отызыншы жылдар туралы сөз етілетін беттерде «өңшең қазақтардан құралған «бандылардың» малдарымен бірге шекара бұзбақ болғандары туралы, оларды ылғи орыс фамилиялы әскерлердің оқ жаудырып Қытайға өткізбегені, андысқан шайқастар барысында «бандылардың» түгелдей оққа ұшқаны жайындағы» көптеген деректерге жолыққанбыз. Алайда, оларды ақиқатын ашып жаза алмадық. Өйткені, цензура елегі өткізбейтін. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан өмірі мен қызметіне қатысты деректер жинау барысында Омбы, Петербор қалаларындағы архивтерге барғанымызда да, оның туыс ағасы Кенесары жорықтарына қатысты құжаттарды ала алмағанымыз бар. «Жабық, рұқсат етілмейді» деген жауаптар айтылатын. Әрі ол құжаттарды қолға түсірген кездің өзінде Кенесары туралы тек жамандау тұрғысында ғана айтуға мәжбүр етілетін. Ал Алашорда арыстарының аттары мүлде аталмайтын. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауыт және басқа да ұлы тұлғаларымыздың есімдері, жазу-сызудың

төңірегінде жүрген көзі қарақты делінетін адамдардың өзіне де көбіне мәлімсіз болды. Егер алда-жалда, цензура байқамай қалып, қайсыбір баспа өнімдерінде олардың аты-жөндері атала қалса, ондай кітаптар тіке жойылатын, авторының, оны шығарған баспаның басына әңгіртаяқ ойнатылатын, тентіретіп жіберу шаралары қолданылатын.

Осынау тұмшаланған дүниеде сонау Мюнхеннен «Азаттық» радиосының жолшыбай әртүрлі шуылдар қосылып, тұншықтырылып жететін үні ғана біз үшін қараңғылық арасынан себезгіленген сәуледей әсер ететін. Бөгде көзге байқатпай, оңашада ғана тыңдалатын ол хабарлардың әсіресе, Хасан Өралтай ағамыз радиоға келгеннен кейінгі кезеңдерде жандана бастағаны, Мұстафа Шоқай сынды тұлғаларымыздың, Әлихан, Ахмет, Мағжан сынды алыптарымыз есімдерінің сол тосқауылы көп толқындар арқылы жиірек естілгені де, қазақ журналистерінің назарын аударатын оқиғалар қатарына жатты. «Үлкен Түркістанның» күйреуі» атты кітапта қараланған Мұстафа Шоқайдың, шын мәнінде қазақ үшін, күллі Түркістанның азаттығы үшін жаны күйген адам екендігіне көз жеткізетінбіз. Алдыңғы ақсақал буын шет жағасын білгенімен, айтудан үркетін, кейінгі ұрпақтың көбі үшін мәлімсіз алаш арыстары туралы мәліметтерді де там-тұмдап сол «Азаттықтан» естідік. Қазақтың отаршылдық құрсауында тілінен айырылып, ұлттық жағынан мәңгірттенуге бет алу үстінде екендігін өзіміз де көзбен көріп, күйінішке бөгіп жүрсек те, қолдан келер қайран жоқ қалде күн кешкен мұңлық жұрттың сөзін алыстағы «Азаттықтық» айтып жатқанына да шүкіршілік ететінбіз. «Азаттықтың» насихаты өтімді бола түскені коммунистік қауіпсіздік орындарына да жаңа міндеттер жүктегені, олардың ауық-ауық қарсы мақалалар ұйымдастыруда белсенділік танытуынан да байқалып қалып жүрді.

Сондай мақалалардың бірі 1983 жылы орыс тілінде шығатын «Қазақстан правдасы» газетінің бірнеше санында жарияланды. Қауіпсіздік орындары жинаған мәліметтер бойынша дайындалған, «Азаттықтың» қызметкерлерін шетінен таныстырып, олардың бәрін, отанын сатқан опасыздар ретінде қаралаған, бұл тізбекті мақалалардың әсері әрқилы болды. Кеңестік насихатқа берілген кей адамдар оны «коммунистік

идеяға қарсы күрескендердің шын бет пердесін ашып, масқаралаған мақала» ретінде қабылдаса, қазақ журналистерінің дені «Азаттықта» істеп жүрген адамдардың осал еместігін, көбінің Батыстағы оқу орындарын бітірген, әлденеше тіл білетін, жан-жақты білімдар тұлғалар екендігіне көз жеткізді. Қазақтың тәуелсіздігі туралы олардың бекер сөз етпейтініне одан әрі иланды. Хасен Өралтайдай қазақ халқының шынайы ұлтшылы бар екенінен хабардар болды. Сол мақалалар шоғыры шыққаннан кейін мақала авторы, университеттің журналистика факультетінің оқытушысы, таныс журналист Сағымбай Қозыбаев маған әлдебір жайларға байланысты телефон соққан кезде де мен мәселенің осы жағына назар аударған едім. «Қауіпсіздік комитетінің тапсырысымен дайындалғаны білініп тұр, ащылау кеткен жерлері бар болса да, қазақтың танымы үшін аса зияны жоқ мақала жазыпсың. «Азаттықтағы» қазақтардың да осал еместігін, енді орысың да, қазағың да біліп жүретін болды. Шетте де қазақтың оқығандары, тәуелсіздік үшін күресіп жүрген тұлғалары бар екені ашылыпты», дедім. Сағымбай әңгімені әрі қарай соза бергенімді қаламай, күмілжіңкіреп қалды. Мен де сезе қойдым, салпанқұлақтардың телефонды тыңдап отыруы мүмкін ғой. (Сағымбайдың сол кездегі ниетінің соншама жат еместігін көп жылдан кейін, Қазақстан Журналистика академиясының президенті боп отырған оның, 2007 жылы Журналистика академиясының ең жоғарғы жалпыұлттық «Алтын самұрық» сыйлығын Хасен Өралтайға өз қолымен «Азаттықта» атқарған еңбегіне ерекше мақтау айта отырып тапсырғаны да көрсетті. Мұны Хасекеңнің өзі де кейіннен «заманның өзгергенін осыдан-ақ байқай беріңіз» деп айтып жүрді).

Осы ретте кеңестік заманда қазақ журналистері арасында шетелде жүріп Түркістанның азаттығы үшін күрескен екі адамның есімі аңыз боп тарағанына тоқталғым келеді. Оның алғашқысы Мұстафа Шоқай болса, екіншісі осы көсемнің ізбасары ретінде танылған Хасен Өралтай еді. Екеуін де коммунистік насихат «қазаққа опасыздық жасаған адамдар» ретінде көрсеткісі келсе де, көзі қарақты көпшілік олардың ұлт болашағы үшін күрескендер ретінде, «Азаттықтан» даусы жиі естілетін Хасекеңді сол мақсат жолындағы арпалыстың қаһарманы ретінде қадір тұтты. Хасен Өралтайдың 1986 жылғы

Алматыдағы қазақ жастарының көтерілісі кезіндегі қырғынды әлем жұртшылығына жеткізу жолындағы еңбегі бұл құрмет сезімді одан әрі арттырды. Ату жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбекті ол үкімнен арашалап қалу жолында қаншама істердің атқарылғаны, халықаралық ұйымдардан қалай көмек сұралғаны жөніндегі меңдетті тірлікті Хасекең сияқты туған ұлты үшін жанын қиюға даяр адамдар ғана нар беліне лайық қып көтере алса керек.

Хасен Өралтай ағамыздың Қазақстанға 1991 жылғы маусым айының басында алғаш келуі, ол кісінің «Елімай-лап өткен өмір» кітабында жан-жақты жазылған. Ол кез әлі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізбеген шағы. «Түрк әлемін зерттеу қорынын» төрағасы, профессор Тұран Язған бастаған Түркия, Кипр, Германияның 120 адамдық туристер тобымен бірге зайыбы Хатижені ертіп келген Хасекеңді ақын Мұхтар Шаханнның жанындағы жігіттер боп, «Азат» қозғалысының белсенділері боп аса зор құрмет көрсете қарсы алды. Бұл коммунистік отаршылдықтың күші қайтып, іргесі сәгіле бастағандығының да бір көрінісіне саятын. Алайда коммунистік басшылық үшін Хасекеңді әлі де бұрынғысынша жау ретінде бағалау түсінігі жойылмаған кез еді ол. Сол себепті де ресми газеттерге Хасекеңнің Қазақстанға алғаш келген сапарын жазудың ретін табу қиындау соғатыны да анық. Сол кезде біз «Қазақ тілі» қоғамы жанынан бір жыл бұрын ғана ашылған тәуелсіз «Ана тілі» газетінің бас редакторы едік. Небәрі бір жылдың ішінде қазақша шығатын апталық газеттер арасында ең көп таралымға қол жеткізіп, 110 мың данадан астам таралым жинаған басылымның ел арасындағы беделі аса зор болды. Хасен Өралтайдың Қазақстанға тұңғыш рет қадам басқаны туралы оқиғаны тәуелсіздікті тағатсыздана күтіп отырған оқырманға жеткізудің ерекше сауапты іс екендігіне мән берген біз, дереу сол сапар туралы мақала жарияладық.

«Ана тілі» газетінің 1991 жылы маусымның 20-сы күні толық бір бетке «Хасен Өралтай Қазақстанда» деген тақырып қойылып, суретімен қоса берілген мақала жұрт арасында елеулі серпіліс туғызды. Өздері аңыз адам секілді қабылдайтын қайсар тұлғаның өмірі мен қайраткерлігін, алашшылдығын, желтоқсаншыларды арашалау жолында атқарған ересен еңбегін жан-жақты сөз еткен,

Шығыс Түркістан қазақтарының бостандық жолындағы әйгілі жетекшісі болған әкесі Қалибек Хакім, мейірімді анасы Ханымша, өз отбасысы туралы да мәліметтер айтылған мақала оқырманға талай сауалдың жауабын ұсынды. Хасекеңнің өзі де кейіннен бұл мақаланы «Қазақстан баспасөзінде мен туралы басылған алғашқы оң көзқарастағы мақалалардың бірі» деп жоғары бағалап, оны кітабының ішінде түгелімен қайталап көшіріп берді («Елімай-лап өткен өмір». Ыстанбұл: 1999. – 687-692 б.).

Одан кейін де Хасекеңнің Қазақстанға талай рет келіп кеткенін баспасөз арқылы біліп жүрдік. Алайда ол кісімен жолығып, әңгімелесудің реті еш келмей-ақ қойған еді. Хасекеңмен алғаш рет электронды пошта арқылы таныстық. Оған «ҚазАқпарат» ұлттық агенттігінің латын әліпбиіндегі сайтының ашылуы себепкер болған-ды. 1998 жылдан бері Қазақстанның бас ақпарат агенттігі қазақ редакциясының жетекшілігіне ауысқан біздің, қазақ хабарларын кириллицаны танымайтын әлем жұртшылығы үшін латын қарпімен де тарату ісіне бастамашылық жасап, 2004 жылдан бастап сол шаруамыздың жүзеге асқан жайы бар-ды. Яғни, Қазақстанда енді ғана талқыланып жатқан латын әліпбиіне көшу мәселесінің алғашқы талпынысын біз «ҚазАқпарат» агенттігінің сайтында сол кезде-ақ шешіп қойған болатынбыз. Академик Әбдуәлі Қайдардың нұсқасы бойынша дайындалған ол латынша сайт күні бүгінге дейін үздіксіз жұмыс істеп келеді.

Бұл жерде айтайын дегеніміз, сол сайт жұмысын бастаған күннің ертеңіне сонау Германияда жатқан Хасекеңнен электронды пошта арқылы жүрекжарды қуаныш хатының келгендігі еді. *«Үлкен істі бастап отырсыздар, сырттағы орыс қарпін танымайтын ел Қазақстанның жаңалығын біле алмай отырушы еді, мынау бір ганибет тірлік болыпты»*, деп алғысын білдірді. Біз де ол кісінің жедел пікір жолдағанына рахмет айтып жауап хат жаздық. Ол кісі де қайыра хат жазып, мені сырттай білетінін, алғашқы жалдардағы «Ана тілі» газеті ұлтқа жаны ашитын басылымдардың бірі болғанын атап өтті. Содан бері ағамызбен электронды пошта арқылы хабарласып, мейрамдарда құттықтасып, ол кісіге әртүрлі тақырыптар бойынша тапсырыстар беріп, мақалалар да жаздырып алып жүрдік. Ол

кісінің үйге арнайы салып жіберген «Елімай-лап өткен өмір» атты, бізге мәлімсіз тарихты қаз-қалпында көркем бейнелеген, жеткізе жазу шеберлігімен, өте құнды деректерімен тәнті еткен көлемді шығармасын, әр тұстарында көзге жиі-жиі жас ала отырып, бас алмай оқып шықтық. Әкесі Қалибек хәкімнің қарауындағы елін отаршылдық езгіден құтқару үшін, Шығыс Түркістаннан Такламаканның өлі құмын, Тибеттің ажал сепкен асуларын асып, Үндістан арқылы Түркияға жетіп қоныстанған азапты көші қаз-қалпында көркем бейнеленген, өзінің «Азаттықтағы» қызметі, түркшілдігі, алашшылдығы жан-жақты ашып көрсетілген, тәуелсіздік жолындағы күрестің қыруар дерегіне толы көлемді кітабында ұлт азаттығы арпалысының соқталы бір шежіресінің өшпестей боп хатқа түскеніне шексіз риза болдық.

Содан Хасекеңмен жүзбе-жүз жолығуымыз тек 2007 жылдың қарашасында ғана жүзеге асты. Астанаға «Алаш және Әуезов» атты халықаралық жиынға келген бас баяндамашылардың бірі – Хасен Өралтай ағамыздың қолын арнайы барып алып, содан бір жыл бұрын жарық көрген «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты зерттеу кітабымды тарту еттім. Әңгімелесіп, суретке бірге түсу мүмкіндігіне ие болдым. Алманияға қайта аттанып кеткен ағамыздың қанға біткен жұрналшылық сергектігіне аз күннен кейін тағы да таң қалдым. Ол кісі үйіне бара салысымен кітабымды қарап шығып, ол туралы өз пікірін білдіріп хат жіберіпті. Солардың арасында әсіресе, қазақ зерттеушілері «түркі» түрінде қолданып жүрген, менің кітабымда «түрк» деп төрт әріппен жазылған нұсқа туралы, «кезінде Ахмет Зәки Уалиди Тоғанның айтқан бір сөзі есіме түсті» деп, сол жайды қаперіме салғаны риза етті. Хасекең 1960 жылдары İzmir қаласында «Азаттық жолындағы Шығыс Түркістан түркітері» атты тұңғыш кітабын, «Үлкен Түркелі», «Коммунизммен соғыс» журналдарын шығарып жүрген кезде Салихлы қаласындағы Қалибек ақсақалдың үйінде қымыз ішіп, әңгіме-дүкен құру үшін апталап жатып кететін Тоған сынды алашшыл тарихи тұлға жас Хасекеңе: «Түрк тектестердің дұшпаны көп. Дұшпандар түрк тектестердің бірлік, ынтымақтастығынан қорқады. Сол үшін өте абай болған жөн. *Түрік* деп *-i-* әрпін қосып жазбандар. *Түрк* деп жазындар. Дұшпандарымыз сол бір әріпті пайдаланып,



Түркиядағылар *түрк*, Түркістандағылар *түрік* болса, бұлар бөлек халықтар деп дұшпандық саясаттарына пайдаланады ...», – деп айтқан екен. Алдағы уақытта Зәки Уәлидидің бұл пікірін де есте ұстай жүргеніміз жөн екен-ау деген ойға келген едім сонда.

(Хасекең менің кітабымды одан әрі де назарынан тыс қалдырған жоқ. Танысып шыққаннан кейін өзінің ғалым қарындасы, ылғи да Хасекеңді еске алу жиындарының басы-қасында жүретін, бәрімізге жақсы таныс профессор Мәриям Қырымлы ханымға пікір жазуға өтініш білдіріпті. Профессор қарындасымыздың ол кітапқа жазған рецензиясы Түркияның белгілі тарих басылымы «Türk dünyası Tarih» журналының 2008 жылғы қазан айындағы санында жарық көрді. Кейіннен ол «Ана тілі» газетіне аударылып басылды...).

\* \* \*

Х. Өралтайдың 80 жылдығына орай ТҮРКСОЙ ұйытқы болып Анкарада сәуірдің 15-і күні өткен жиынның алғашқы беташар сөзі де осы ғалым қарындасымыз, Халықаралық саясат ғылымының докторы, Кония университетінің профессоры М. Хәкімге беріліп, ол: Хасен Қалибекұлы – ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің азаттық күресін шетелде жалғастырушы, ұлт рухын қорғаушы күрескерлердің бірегейі еді, деп атап өтті. «Елім-айлап» ғұмыр кешкен Хасен Өралтайдың рухын ардақтап, конференция ұйымдастырып отырған Түрк мәдениетінің халықаралық ұйымына, жиынға арнайы келген Қазақстан Елшілігінің басшысына, Түркияның зиялы қауымына, қоғам қайраткерлеріне, қазақстандық ғалымдарға Хасекеңнің туған-туысқандары атынан өз рақметін білдірді.

ТҮРКСОЙ-дың бас директоры Дүйсен Қасейінов өз сөзінде, бұл жиында бас қосқан қауымның бәрінің де Хасен Өралтайды аса ардақ тұтатынына, дос, жақын адам ретінде бағалайтынына мән берді. Ол – Түркия мен Қазақстанның бір-бірімен тығыз байланыста болуына өлшеусіз еңбек сіңірген қазақ патриоты еді. Түркияда жүрсе де, Еуропада еңбек етсе де Қазақстаннан қол үзбеді. Кеңестік кезде оның бостандығы үшін күресті, тәуелсіздік жылдары туған халқының болашағы жарқын болуын тіледі. Жазушылық пен журналистік қызметін қатар жұмсады. Хасен Өралтайдың жазған еңбектерінің барлығы қазаққа, ұлтқа

пайдалы, қазақтың өткені мен келешегі үшін өзекті мәселелерге арналғанын атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Жансейіт Түймебаев ТҮРКСОЙ конференциясының түрк дүниесіне белгілі мемлекет қайраткері, ұлы ойшыл, жазушы Хасен Өралтайдың 80 жылдығына арналуының жөні бөлектігіне тоқталды. Қытайда дүниеге келіп, Кашмирде жігіттік шағы басталған, Түркияда жетілген, Алманияда өмір сүрген Хасен Өралтай Түрк әлемінің бірлігін аңсап өтті. Бүгінгі күні Түрк әлемінің татулығы нығайып, ынтымақтастығы күшейе түсуде. Ол Қазақстанның тәуелсіздігін көруді бар жан-тәнімен армандады. Алыста жүрсе де 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының шынайы ақиқатын әлемге жеткізуге ұмтылды. Оның осы жолда атқарған жұмысы да жеке зерттеу тақырыбына әбден лайық, деді Елші.

Осы жиынға Ыстамбұлдан арнайы келген Түрк Кеңесі Бас хатшысының орынбасары Дархан Қыдырәлі өз сөзінде, Мұстафа Шоқайдың жолын жалғастырған Хасен Оралтайды еске алу жиынына сәттілік тілей отырып, Хасекеңнің әкесі Қалибек хәкім бастаған қазақтардың Қытайдан Кашмир арқылы Түркияға көшіп келуіне келесі жылы 60 жыл толатынын да қаперге салды. Қаншама азапты сапарды бастан кешіп, қиналып жеткен қазаққа қамқорлық танытып, пана болуда сол кездегі Түркияның Премьер-министрі Аднан Мендерестің көп еңбек сіңіргенін құрметпен еске алу үлкен парызымыз екендігіне назар аударды. Сол көшкен қазақтың тарихын жинақтау мәселесі тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді жасаған баяндаманың да бір арқауы болды. Ол Түркияны қоныстанып, кейіннен ұрпақтары Еуропаға тараған сол қазақтардың сүргінді көш кезінде, жаңа қонысқа орнығулар барысында бастан кешкендерінің ауызша тарихын, қазір сол жылдардың тірі куәгерлері арамызда бар кездерде жинақтап алып қалу мәселесін көтерді. Х. Өралтайдың «Азаттық» радиосында жұмыс істеген кезеңіне тоқталып, сол қырғиқабақ заманда ұлт мүддесін қорғаудың басқаша жолын ойлап табу мүмкін емес еді. Ол кісінің қызметі Отан тарихынан өзінің лайықты орнын алады, деп атап көрсетті.

Жазушы, Астанадағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың сонау жылдары Қалибек хәкім көші басып өткен Қытай жеріндегі бүгінгі өзгерістер, Тибеттен қайтарылған қазақтардың орналасқан аймақтарына қатысты суреттерді экранда көресту арқылы жасаған баяндамасы да көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Тарих ғылымының докторы, профессор Нәбижан Мұқаметханұлы Хасен Өралтайдың мақсаты барша түрк зиялыларының арманымен ұласып жатыр. Оны бір жағынан өз арманының жүзеге асқанын көрген бақытты жан деп есептеуге болады. Ол Қазақстанның тәуелсіздік алғанын «Азаттық» радиосынан өз аузымен жылап тұрып хабарлаған адам. ТҮРКСОЙ сияқты беделді ұйымның бүгін Х. Өралтайды ардақтап еске алу жиынын өткізуі, ол туралы зерттеулердің жүргізіле бастауы – оның екінші ғұмыры басталғандығының да айғағы, – деді ғалым.

Осы жолдардың авторы біз де «Хасентану мәселесі алда қалай дамығаны жөн» деген мәселе орайында пікір өрбітіп, Х. Өралтайдың көзі тірі кезінде, өзіне қатысы бар 480 томнан тұратын құнды кітаптар мен қолжазбаларды, құжаттарды, «Азаттық» радиосына қатысты талай материалды Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханаға өткізгенін, ол қордың көрмесі дайындалып жатқанын жиынның қаперіне салдық. Алдағы зерттеу еңбектерге, сол материалдарды кеңінен пайдалануға болатындығын, сондай-ақ «Фибратты ғұмыр» сияқты сериялар бойынша «Хасен Өралтай» атты ғұмырнамалық кітап дайындау да өз-өзінен сұранып тұрғанына назар аудардық. Бұл ретте «Елім-айлап өткен өмір» туындысының өзінен, сондай-ақ ол туралы 2011 жылы түрікше шыққан көлемді естеліктер жинағынан да талай мәлімет табылары анық. Әрине ол кісі жөнінде оны жақсы таныған, бірге қызмет атқарған, түрікше, ағылшынша білетін адамдардың жазғаны әбден-ақ дұрыс болатыны, бұл ретте «Мұстафа Шоқай» сияқты ғұмырнамалық кітап жазып, тәжірибе жинақтаған түркиялық профессор Әбдуқап Қара, Хасекен өмірінің бүге-шігесін жақсы білетін Мәриям Хәкім секілді ғалым-қаламгерлердің белсене қолға алғаны жөн екендігі туралы ұсынысымызды ортаға тарттық.

Әрі ол ойымыздың бекер еместігіне сол жиын барысында көз жеткізгендей де болдық. Ыстамбұлдағы Мимар Синан университетінің профессоры, белгілі шоқайтанушы Әбдуақап Қара мырза «Азаттық» радиосында бірге істеген ұстазы Х. Өралтайдың өмірі мен шығармашылығы туралы тартымды баяндама жасады. Оның түрік тілінде шығарған кітаптары мен басылымдарына, жарияланған туындыларына қатысты көптеген мәліметтерге ие екендігін аңғартты. Жиыннан соң біз де ғалымның бұл бағыттағы ізденістеріне ризашылығымызды жеткізіп, Хасекең туралы кітап жазуға дайындығының жеткілікті екендігі байқалып тұрғанын айтып, жұмысына сәттілік тіледік. Ол да алдағы уақытта Хасекеңнің туған-туыстарымен келісе отырып, мүмкіндік туып жатса, ғұмырнамалық кітапты қолға алуға әзір екендігін білдірді.

Сол конференция барысында және ол аяқталғаннан кейінгі Хасен Өралтайдың Мюнхеннен арнайы келген зайыбы Хадиша Хәкім мен жазушының ұлы Жәнібек Хәкімнің көрнекті қайраткердің рухына арнап берген асы кезіндегі жүрекжарды лебіздерді тыңдай отырып, Хасекеңнің қазақ халқы үшін ғана емес, Түркияның белгілі, беделді тұлғалары үшін де қадірлі жан ретінде танылғандығын бағамдадық. Сөйлеген жұрттың барлығы да оның түркішлігіне, кісілігіне, мемлекетшіл тұлға екендігіне, көптеген әйгілі тұлғалармен, түріктің ірі ғалымдарымен дос-жаран, пікірлес, сыйлас болғандығына назар аударып жатты. Түріктің қадірлі, зиялы ақсақалдары өздері Алманияға барғанда, Хасекеңнің оларды мейманханаға жібермей, үйінде жатқызатынын, сонда зайыбы Хатиже ханымның еш қабақ шытпай, барлығын да қадірлі қонақ ретінде күтіп алатынын ақтарыла еске алған кезде, олардың жанындағы байсалды бәйбішелерінің көңілдері босап, жастарын сығып отырғанын көз көрді...

\* \* \*

ТҮРКСОЙ-дың Х. Өралтайдай өр үнді тұлғаның 80 жылдығына орай арнайы өткізген конференциясы туралы сөз ете отырып, мақаламыздың соңында, осы халықаралық ұйым жұмысының, оның басшылығына 2008 жылдан қазақстандық көрнекті мәдениет қайраткері Дүйсен Қасейіновтің келуінен

бастап, айрықша жанданғанына да мән бере кеткенді жөн көреміз. Бұл жөнінде Қазақстаннан келген ғалымдарды арнайы қабылдаған Төтенше және өкілетті елшіміз Жансейт Түймебаев та атап өтті. Ол соңғы жылдары ТҮРКСОЙ тарапынан түрк елдерінің ортақ мәдениеттерін дамыту, дәстүрлерін сақтау, ірі рухани тұлғаларын еске алу бағытында көптеген маңызды жобалардың жүзеге асырыла бастағанына жоғары баға берді. Осы ұйымның қажыр-қайратының арқасында жалпымүлкілік Наурыз мейрамы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтіле бастады. 2010 жыл – Зәки Уәлиди Тоған (Башқұртстан) жылы ретінде жарияланса, 2011 жыл – Габдолла Тоқайдың (Татарстан), 2012 жыл – Мырза Фатали Ахунзаде (Әзербайжан) мен Николай Катанов (Хакасия) жылы ретінде аталып, олар барша түрк елдерінде жан-жақты насихатталды. Биылғы 2013 жылы – күллі түрк мемлекеттері туғанына 100 жыл толып отырған ұлы қазақ композиторы Мұқан Төлебаевты мәртебелейді. Жақында Анкарадағы Мемлекеттік көркемсурет мұражайының концерт залында Мұқан Төлебаев жылының ресми ашылуы өтті. Оған Қазақстаннан келген өнер шеберлері қатысты.

Елші түрк халықтарының бірлігіне қатысты көптеген бастамалар Қазақстан тарапынан көтеріліп жүргеніне тоқталып, еліміздің ТҮРКСОЙ-дың, Түрк Кеңесінің, ТүркПА-ның, Түркі Академиясының құрылуына, дамуына қосқан үлкен үлесін атап көрсетті. «Астанада ашылған Түркі академиясы да бүгіндері түрктанушы ғалымдарының түрк тарихы мен мәдениетіне қатысты іргелі зерттеулер жүргізетін, түрк халықтарының рухани мұраларын әлемдік өркениет үдерістерімен сабақтастыратын маңызды ғылыми орталыққа айналып келе жатыр», – деді.

ТҮРКСОЙ-дың бас директоры Дүйсен Қасейінов өзі төрағалық ететін халықаралық ұйымның қазақ мәдениетінің әйгілі тұлғаларын Түркия жұртына жақын таныстыру бағытында да бірқатар істер атқарып отырғанын әңгімелейді. Солардың бірі – 2011 жылдың күзінде Анкарадағы Этиместут ауданында Дина Нұрпейісова атындағы саябақты ашылуы еді. Сондай-ақ ТҮРКСОЙ-дың бас ғимаратында Қасым Аманжоловтың 100 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс өткізілген. Енді міне қазақтың арда тұлғаларының бірі Хасен Өралтай да туысқан Түркия халқы алдында мәртебеленді. 2013 жылғы Мұқан

Төлебаев жылы да, қазақ рухын аспандататын елеулі мәдени шараларға толы болмақ. Қазақтың ұлы композиторының құрметіне Түркияның бірнеше қалаларында оның шығармалары бойынша концерттер ұйымдастырылады. «Біржан-Сара» операсы Түркияның театр репертуарларының қатарына енгізілді. Қойылымға белгілі түрік дирижері жетекшілік етеді. Ол шараларға Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжанның белгілі әншілері де қатысады. Сондай-ақ композитордың «Біржан-Сара» операсының ариялары мен романстары ТҮРКСОЙ-ға мүше түрк елдеріне жіберіліп жатыр екен...

*2013 жыл*



## АЛАШТЫҢ ҮНІ – “ЖАС АЛАШ”

Қазір қайдам, өткен ғасырдың 60-шы жылдарының соңында Қазақ Мемлекеттік университеті филология факультеті студенттерінің арасында өздерінен бұрынғы дәстүрге орай, жазу-сызуға, газет-журналдарға араласып тұруға үйірсектік кәдімгідей байқалатын. Сонда көбіне-көп төңіректің біз «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»).

Өнер тақырыбын қозғаған екі-үш мақала жарық көргеннен кейін, қол жетпес армандай сол газет, 1969 жылдың көктемінде, бесінші курс студенті болып жүрген мені қызметке шақырғанда сенер-сенбес күй кешкенім әлі есте.

Содан жастар газетінде табан аудармастан 20 жыл 10 ай жұмыс істеппін. Бір қарағанда тәп-тәуір ұзақ мерзім. Ал мен үшін, бұл кезең – журналшылық өнердің тылсым сырларына терең баулитын «Жас Алаш» атты үздік бапкердің қилы-қилы сабақтарына қаныққан, қолтаңбамның қалыптасуына, қаламгерлік үрдіске қол созуға мүмкіндік әперген тәлімді де жемісті жылдар болған еді.

Тарихы сонау 1921 жылдан басталып, аты замана тезіне байланысты әртүрлі аталғанымен, "Жас Алаш" қазақтың талай-талай журналшы ұрпағының үздік ұстаханасына, жампоз бапкеріне айналудан бір танған жоқ. Жастар газетінің ең бір дүрілдеген, 300 мыңдық қалың оқырманы бар шағы – өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдардағы біз істеген кезеңге дөп келді. Алдындағы алпысыншы жылдарда Шерхан Мұртаза секілді ұлы редактор негізін салған дүбірлі журналшылық өнер бәйгесін сергек санаткер Сейдахмет Бердіқұлұлы сынды ұлы редактор одан әрі өрістетіп әкеткен, жастар газетінің киіздей тұтасқан қазақ оқырманының тілек-талабымен үйлескен, өзара тығыз байланыс құрған жылдары еді бұл.

Осы ретте бұл газеттің әртүрлі журналшылық өрістерге еркін шыға алатын жан-жақты мүмкіндігін кезінде басқа басылымдарымызда шектеулі болғанын еске сала кеткен де жөн сияқты. Себебі, жариялылыққа құрсау салынған әміргершілік кезеңдерде өзге күнделікті газеттер (олар негізінен партиялық басылымдар болғаны белгілі) жоғарғы жақ нұсқаған тақырыптар

төңірегіндегі мәселелерді ғана көрсететін мәжбүрліктен, содан туатын ресмиліктен көп аса алмай жатты. Ал жастар газетінің өзін еркіндеу сезініп, қилы-қилы ізденістерге баруы, көбіне сыйымды болып саналатын. Ол әрдайым шектелушіліктен қашып, ұлтымыздың жоғалып кетпей сақталып қалуы, бұлдырсыз болашағы үшін жұртымызға, жастарымызға қажет деп табылатын кез келген мәселені ортаға тарту мен жолын тауып жеткізуді, қиын да болса қисынын келтіріп қозғап отыруды мақсат тұтты.

Ұлтымыздың рухани танымының іргелі бір шаңырағы, керек кезінде арнаулы: тарих, өнер, этнография, педагогика т. б. басылымдар атқаруға тиіс жұмыстарды да шамасы келгенше иығымен қоса көтеретін сергек санаткер болуға ұмтылды. Оны басқалардан бөлектетіп, талай жыл бойы халықтың сүйікті газеті ретінде танытып келген жай да міне осындай ерекшеліктерден бастау алады.

Ол жылдарда жастар газетінде мақаласы, өлеңі мен әңгімесі жарық көрген адам сол күні бүкіл қазақ оқырманына танымал боп шыға келетін. Себебі жастар газетін жаздырып алмайтын үй сирек еді. Егер газеттің әр санын үш адам оқиды дейтін қарапайым есепке салғанның өзінде, оны әр күн сайын миллиондай адам оқи алатын. Оны іссапарларда болған кездерімізде анық байқайтынбыз. Сенің газет бетінде қандай мақалаларың жарық көргенін өзіңнен бетер анық білетін, қай журналшының не жазып жүргенін, газетке шыққан әртүрлі мақалаларға пікірлерін жосылтып айтып отыратын оқырмандар жиі ұшырасатын. Редакцияға күн сайын қап-қап хат келіп жататын. Сол хаттармен бірге қаламының қарымы бар қабілетті жастардың туындылары жететін. Олардың талпыныстарына газет тарапынан қолдау білдіріліп, жазғандары жарық көретін. Жастар басылымымен тығыз байланыс құрған олардың талайы, болашақта өздері де "Жас Алаштың" ұстаханасында шыңдалған бесаспап журналшыларға айналатын.

Өз басым әуелгі еңбек жолымның сан түрлі талпыныстарға кең мүмкіндік әперетін осы газетте басталғаны үшін де тағдырыма мың да бір рақмет айтудан еш жалыққан емеспін.

...Жастар басылымының өз оқырманын өнертануға баулудағы үлесі де ерекше болды. Оның «Аққу» эстетикалық клубы талай жасты өнердің терең құпияларына сүңгітті, әсемдікті сүйеге



тәрбиеледі. Осы жолдардың авторына да «Аққудың» сол шарапаты молынан тиді. Соның арқасында студент кезімізден бойымызда Бейнелеу өнерінің тылсым сырларына бойласақ деген ұмтылыс оялды. Сол ынтызарлық бізді кітапханалардың өнер бөлімдеріне жетеледі. Әйгілі көркемсурет музейлері бар Петербор, Мәскеу, Рига, Венаның бай өнержайларын арнайы аралатты. «Әлем астанасы» Париждегі атақты Лувр мен Импрессионистер музейіне жол түсіртті. Осы салаға қатысты неше түрлі ағымдардың құпияларын қаузайттын құнды да сирек кездесетін әдебиеттерді жинауға бет бұрғызды. Эсселік ыңғайдағы жазу бағытына ынтықтырып, «Аққу» авторларының біріне айналдырды.

Осындайда, бұл тақырып арасын үзіңкіреп алған кей кездерде, бас сарашы, сергек санаткер Сейдахмет Бердікұлұлы ағамыздың кабинетіне шақырып алып: «Аққуыңды» ұмытпасайшы, оқырманға керек дүниелер ғой, жұрт іздеп жатыр», деп ескертіп қоятыны да еске түседі.

Ақырында «Аққу» клубы арқылы жарияланған сол мақалалар шоғыры жинақтала келе, 1982 жылы жарық көрген, әлемдік бейнелеу өнеріндегі Жаңаша дәуірдің Сезанн, Ван-Гог, Гоген, Роден, Пикассо, Корбюзье, Врубель, Пертов-Водкин, Кузнецов сынды саңлақ суреткерлер шығармашылығына арналған «Буырқанған бояулар» атты эсселер кітабына ұласқан еді...

## **Шоқан тақырыбына жол ашты**

Жастар газетінің әртүрлі ізденістер мен талпыныстарға жан-жақты мүмкіндік ұсынатын шығармашылық бітімі бір күндері Шоқан тақырыбына да алып келген...

1975 жыл. Мәдениет және ғылым бөлімінің тілшісі кезім. Жетісудағы көне ескерткіштерге қатысты әңгіме қозғауға тиіс газет мақаласы үшін деректер іздестіру үстінде, өзімнің шағын кітапханамдағы Шоқанның 1958 жылы жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағын қайта парақтап отырғанмын. Ғалымның 1856 жылғы «Ыстықкөл сапарының күнделігі» атты жолжазбасы өз-өзінен жіпсіз байласын. Оны бұрын да бір рет оқығаным бар. Алайда ол кезде күнделік дәл осылай әсер ете қоймаған болатын. Ал бұл жолы, журналшылық көзбен қарағандықтан ба, сапарнама

мүлдем тосын қырынан көлденең тартылсын. Көкейде бірден: «Егер осы күнделік маршрутымен қазір қайталай жүріп өтсе қайтер еді», – деген ой туындаған.

Шынында да еңбекте кездесетін сол дәуір сипаттарын, халық тіршілігін, елді мекендерді осы күнмен салғастыра қараудан – екі арада болған үлкен өзгерістерді байыптаудың өзі неге тұрады. Жиһангез жазбасында біраз адамдардың есімдері аталады. Бәлкім, бұл сапарда олардың кейінгі ұрпақтарымен кездесудің де сәті келер. Ыстықкөл күнделігі – Шоқанның ғажайып ғалымдық, жиһангездік өмірінің алғашқы шағында жазылған еңбек. Ғалымның осы сапар барысындағы зерттеушілік қызметі хақында әңгіме қозғау – оның өміріндегі назар аударуға тұрарлық маңызды жайттарды жаңадан пайымдауға да жетелері кәміл. Ал бұл тұрғыда талай жұмбақ тұстар мен құпия сәттер ол кезде едәуір баршылық болатын.

Сапар ізін қайталау үшін, әуелі, күнделікте жазылған маршрутты дәл анықтап алу қажеттігі туындаған. Шоқан бұл саяхаты туралы карта қалдырмаған. Оны тек күнделіктегі жер, су аттарына қарай отырып, жаңадан сызып шығу керек. Жас жиһангез сапарының ескі пошта жолымен өтетін біраз бөлігін картаға түсіру күрделілік туғыза қойған жоқ. Ол Шоқанның өзі сызып кеткен Жетісу картасы мен Семенов Тянь-Шанский қалдырған саяхат картасынан көшірілді. Бірақ сапардың Іле, Күнгеі Алатау мен Ыстықкөл төңірегін аралап, тау асулары арқылы өтетін басқа бөліктерін табу біраз еңбектенуді қажет етті. Бұл ретте Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтының мамандары ұсынған майда масштабты үлкен картаның көп көмегі тиді. Тау соқпақтары мен бұлақ, бас-тауларға дейін түсірілген ол карта күнделік беттерін зерделей оқи отырып, оның дәл маршрутын сызып шығуға мүмкіндік берді.

Сонымен «Ыстықкөл сапарының күнделігі» ізімен жүріп өтетін маршруттың ұзын-ырғасы дайын болды. Бұдан кейін ол газетіміздің басшысы Сейдахмет Бердікүлұлына білдірілді. Ш. Уәлихановтың туғанына 140 жыл толуына орайластырылған іс болғандықтан, бұл ұсыныс санаткер ағамыз тарапынан қызу қуатталып, іссапарға үш дүркін шығып келуге (барлығы бір жарым айға) рұқсат берілді.

Алда содан жүз жиырма жылдай уақыт бұрын атақты саяхатшы басып өткен ізді қайталап өтудің қызық сәттері күтіп тұрды. Біз өз сапарымызды жас ғалымның үш ай бойы жүргізген ауқымды күнделігіндегі автор қолтаңбасының ширақ желі тартып, еркін көсіле бастаған тұсы – Аягөзден бастағанды жөн көргенбіз. Сапарымыздың алғашқы кезегінде – Аягөз қаласынан Қапалға қарай беттеген ескі бекет жолы ізін бойлай, Арғанаты тауларын кесіп өтіп, қазіргі Ақсу, Жансүгіров кенттеріне дейін өтуіміз керек-тін. Екінші кезек – Шелек өзенінің Ілеге құярына жақын тұстан бастау алып, Сөгеті, Торыайғыр тауларын басып өткен соң, Үшмеркі өзендері арқылы Қарқара жайлауына жетеді де, сол жерден Ыстықкөл өңіріне қарай бұрылады. Сапар жолы одан әрі қарай Ыстықкөлден Саты (Шаты) асуы арқылы Қазақстанға қайта кірген соң, Асы, Түрген өзендерін бойлай келіп, Алматыға мандай тірейді деп жоспарланды. Ал үшінші кезек – Қапшағай, Шеңгелді, Алтынемел, Көксу, Талдықорған, Қапал, Сарқант, Теректі маршруты бойынша жалғасып, Шұбарағаш (Ойжайлау) ауылына жеткенде аяқталмақ. «Ыстықкөл сапары күнделігінің» соңғы нүктесі де, міне, осы тұсқа жеткенде қойылған.

Шоқан сапары ізін қайталаған мақалалар шоғыры жаз бойы жастар газеті бетінде жарияланып, қалың оқырманның ұлы ғалым өмірімен жақынырақ танысуына, қызығуына, оның ғұмырының кей беймәлімдеу тұстарына барлау жасауға аз да болса өз үлесін қосты. Іле-шала «Жалын» баспасынан «Шоқан ізімен» (1977) атты кітап болып жарық көрген бұл шығарма туралы сол кезде журналистика факультетінде арнайы диплом жұмысы да қорғалды.

Содан бері Шоқан тақырыбы ылғи бір бүйірімде тұратын болды. Ұлы ғалымның 150 жылдығы аталып өткен 1985 жылы тағы да дегдар редактор Сейдағанның қолдауымен Шоқан ғұмыр кешкен мекендерді аралап шығу мүмкіндігіне ие болдық. Сапар барысында ғалым өмірінің бірқатар жаңа қырларына, құпия тұстарына тағы да барлау жасалынды. Соның бірі – оның туған жерінің бұрынғы деректерде айтылып жүргендей, Құсмұрын бекінісі емес, қазіргі Қостанай облысы Сарыкөл ауданы аумағындағы Күнтимес ауылы екенінің анықталуы еді. (Осы ретте бұл дәйегіміздің соңғы жылдарда жарияланған жаңа айғақ –

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2006 жылы шыққан «XVI-XX ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы. VIII том» атты орыс тіліндегі құнды еңбектің бірінші кітабының 144, 342-беттерінде тайға таңба басқандай нақтыланғанын да айта кеткіміз келеді. Онда Шыңғыс Уәлихановтың Обаған алабында аға сұлтан болған барлық жылдарындағы (1834-1851) қыстауының Күнтимес деп аталғандығы ап-анық жазылып тұр).

Сол жолы да жылға жуық газет бетінде жарияланған мақалалар шоғыры соңыра «Жасын-тағдыр жарқылы» (1987) деген атпен жеке кітап түрінде жарық көрді. Алайда одан кейінгі жылдарда «Ана тілі» газетін ашу, оның бағыт-бағдарын бір жүйеге түсіру және көне тарихымызға қатысты басқа ізденістерге кірісіп кетуімізге байланысты, жиырма жылдай уақыт шоқтану тақырыбына мойын бұруға мұрша бола қойған жоқ. Алайда Шоқан туралы деректерді жинай жүру еш толастаған емес.

Бір күні ұлы ғалымға арналған мұрағатымды қарап отырсам, талай дүниенің басы құралып қалыпты. Содан кейін тәуелсіздік алғанымызға қанша жыл өтіп, бұрын бүркеулі боп келген көп құпияның беті ашылса да Шоқан ғұмырнамасының қазақ қаламгерлері тарапынан толыққанды түрде қолға алынбаған жағдайы ойға келді. Азат заман оқырманы үшін шын Шоқанның бейнесін неге қазақтың өзі соныдан келіп жазбай отыр. Шоқанның Кенесары көтерілісіне қатысты бірқатар жайттарды зерттегені, Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы көзқарастары болғаны сияқты мәселелері бұрындары айту мүмкін емес еді ғой. Неге тым-тырыспыз. Ақыры осы ниет біздің белді бекем буғызды. «ҚазАқпараттың» қауырт жұмыстарының бел ортасында жүріп, уақыт тауып кірісіп кетіп, үш жылда көлемі 40 баспатабақ төңірегіндегі ғұмырнамалық деректі кітапты бітірдік. Мәдениет және ақпарат министрлігінің әлеуметтік маңызды әдебиет тізіміне енгізілген «Шоқан» атты ол кітап, 2009 жылдың соңында «Фибратты ғұмыр» сериясы бойынша «Қазақстан» баспасынан жарық көрді.

Сол кітап 2015 жылы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің қолдауымен орысшаға аударылып, Астанадағы «Фолиант» баспасынан басылып шықты. Ш. Уәлихановтың 180 жылдығы мен Орыс Географиялық

қоғамының 170 жылдығына орайластырыла шығарылған кітаптың таныстырылымы тәуелсіздік мерекеміз тойланып жатқан желтоқсан айының ортасында Мәскеудегі Географиялық қоғамның штаб-пәтерінде өтті.

Ал мұның бәрінің әлқиссасы жастар газетінің жұрналына мол мүмкіндіктер ұсынатын төл санаткерлік бітіміне лайық сүйгінді ізденістеріне орай туындаған еді ғой.

### **Газет тарихы қалай жинақталды?**

...Бір газетте табаны күректей 20 жыл істеу тәп-тәуір ұзақ мерзім. Айта берсе әңгіме көп. Осындайда «Жас Алаш» газетінің тарихын жасауға тікелей қатысы бар шаруаның қалай атқарылғаны туралы да айтпай кетпеске және болмас.

1980 жылы редактор тарапынан газеттің 60 жылдығына орай жинақ шығарсақ қайтеді деген идея туып, Сейдахмет ағамыз бұл міндетті маған жүктеді. «Кітапты газеттің күллі ғұмырының таңдамалы беттері іспетті кезең-кезеңге жіктеп дайындайық» деген ұсыныс қабылданып, екі ай бойы маған кітапханаларда жұмыс істеуге мүрсат берілді.

Газеттің 1930 жылдарға дейін төте арабша қарішпен, одан 40-шы жылдарға дейін латын әрпімен шыққаны белгілі. 1921 жылы «Жас Алаш», одан кейін «Өртең», «Жас қайрат», 1927 жылдан «Лениншіл жас» атанған газеттің осы алғашқы екі онжылдыққа қатысты тігінділері біздің кітапханаларымызда толық болмай шыққаны біраз қол байлады. Әйтсе де Академия, Ұлттық кітапхана, Кітап палатасында бар үзік-үзік нөмірлерді, редакция мұрағатында бір кездері Мәскеу қорларынан фотоға түсіріліп әкелінген көшірмелерді сүзіп шығу арқасында ол кезеңдер де біршама жинақталғандай болды. Ал соғыстан кейінгі жылдардағы газеттердің басы түгел екен. Сөйтіп, басылымның алпыс жыл бойғы тынысынан хабар беретін кітап желісі құрылып, ол «Жансерік» деген атпен айтылған мерзімінде дайын болды.

Алайда жоғары жақтан «әлі «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») мұндай кітап шығарған жоқ, «Лениншіл жасқа» не жорық», деген сыңайдағы әңгімелер туындауына байланысты, жинақ басылуға жіберілмей қалды. Содан ол тек он

жылдан кейін ғана Сейдахмет Бердіқұлұлы «Жалын» баспасының тізгінін ұстап отырған 1991 жылы, газеттің 70 жылдығына орай, қайтадан толықтырылып жарық көрді.

...Жинақты дайындау барысында Ташкент қаласында бір жылдай ғана шығып тұрған «ЖасАлаштың» алғашқы редакторы Ғани Мұратбаевты кеңес кезеңінің идеологиясына үйлесіңкіремейтін тосын қырынан байқағанымыз да бар. Кеңес насихаты «қып-қызыл комсомол» ретінде сипаттап, санаға сол образбен сіңіріп жіберген Ғани өз газетіне жазған материалдарында «қазағым, ұлтым» деп қасқая сөйлейтін, орыс билігін «отаршылдық езгі» деп қаймықпай айтатын алаш рухты тұлға қияпатымен анық көрінген екен («Жансерік», 1991. 16 бет). Бәлшебектік биліктің үстемдігі «кемелденіп» тұрған сексенінші жылдары Ғанидың бұл сипатын одан әрі қазбалай беру сол кездің саясатына томпақ. Көкейге түйіп қана қойғанбыз. Сол себептен де «Жас Алаш» газетінің «Ақ жол» газеті редакциясының бір бөлмесінде орналасқанын елеусіздеу айтып өткенбіз. Ал «Ақ жол» – 1920-1922 жылдары күллі Түркістан Жұмқұриятының бірінші басшысы болған алаштың ұлы арыстарының бірі Нәзір Төреғұлұлы ашқан газет еді. Оның алғашқы редакторы – кеңес тарихында «ұлтшыл, алашшыл» деп таңбаланып, Сталиннен «Орта Азияның Шыңғысханы» деген кекесін атау алған, Ахмет пен Мағжанға қиын-қыстау күндерінде жанашырлық көрсеткен Сұлтанбек Қожанұлы болатын.

Нәзір мен Сұлтанбектей қос арыстың еңбегі сіңген сол «Ақ жол» кейіннен «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің мақалалары көп жарияланып кетті, «Мұстафа Шоқай идеяларымен тілектестік байқалады» деген сынға ілігіп, жабылып қалған. Демек «Жас Алаштың» да өзі аға тұтқан газет қолтығында отырып, сол басылым рухымен тыныстамауы, ұлтым деп ақтарылмауы, еш мүмкін емес-тін.

Осы орайда оған қалайша «Жас Алаш» аты берілуінің, әрі дәл Наурыз мейрамы күні тұңғыш саны жарық көруінің де өз қисыны шығар еді. Соның алдында ғана Нәзір Төреғұлұлы бүкіл Түркістан Республикасы үшін «Наурыз мейрамын демалыс күні» деп жариялаған Жарлыққа қол қойған болатын. Яки бұның өзі жастар газетінің алғашқы саны заңдастырылған халықтық мереке күні жарыққа шыққанын көрсетеді. Демек, оның атын қою мен

затын нақтылау шаруасына Түркістан көсемі Нәзір мен Жұмхұрияттың бас ақпарат құралының редакторы Сұлтанбектің белсене араласқаны айдан анық. Олар «Алашорда» ұғымына тұмылдырық салынса да, кейінгі ұрпақ алашшыл болсын деген ниетпен газетті «Жас Алаш» деген атаумен үкілеп, жақсы көретін жалынды інілері Ғанидың қолына тапсырып, дәл Наурыз күні бәйгеге қосып жіберген еді...

*2001, 2016 ж.ж.*



## ТІЛДІҢ РУХЫ КӨТЕРІЛСЕ – ҰЛТТЫҢ РУХЫ КӨТЕРІЛЕДІ

*(«Ана тілі» газетінің 1990 жылғы 22 наурыз күні шыққан  
тұңғыш санында жарияланған  
«Оқырманға арнау сөз»)*

Барша әлемге ықпал-әсері ерекше байқалу үстіндегі жаңаша ойлау саясатының халқымыз санасын дүр сілкінтіп, рухани өмірімізге зор өзгерістер алып келгені бүгіндері қай-қайсымыз үшін де даусыз ақиқат.

Талай жылдар бойы ойы тұмшаланып, пікірі тұқыртылып келген әлеумет енді ғана томағасын сыпырған қырандай айналасын айқын да ашық шолуға мүмкіндік алды. Сөйтсе, бұған дейін оның ілдім деп, қақтым деп жүргенінің дені өз тұтамы мен тегеурінінің сығымына сай бола бермегенге ұқсайды. Алғырлығында шек жоқ екені анық, бірақ оны тануда, түлетуі мен баптауында кінәрат жіберілгендей.

Әйтпесе, әуелден ұласқан ұлан-ғайыр тарихы, ұлы далалық салқар мәдениеті, тұңғыық ой мен өре дәстүрі, бағзы заманалардан бері өсіп-өркендеу үстінде келе жатқан өрнекті де оралымды тілі бар ұлтымыздың әлденеше онжылдықтар ішінде ғана өзін халық ретінде танытуға тиіс ең басты ерекшеліктерінен айырыла жаздағанын қалай түсінбекке керек.

Бүкіл ел басына түскен тақсіретті жылдардың зілзала салмағы, әсіресе қазақ ұлтын тым ойсыратып кетті. Ұлт қадірі мен тағдырын тәлкек еткен қаншеңгел саясат нәтижесінде ашаршылыққа ұрынып, сан жағынан бір ойсыраған халық, сол қиямет жылдарда бетке шығар перзенттерінен де қатар айырылып, сапалық жағынан да оталды. Сол зұлмат саясаттың «арқасында» әлденеше ұрпақ талай уақыт бойы елім деп еңіреген ірі тұлғаларын жау қатарында санап өсті. Шәкәрім мен Ахметтің, Міржақып пен Мағжанның, Жүсіпбек пен Ғұмарлардың ғажайып шығармашылығынан мақұрым қалды. Осының өзі-ақ ұрпақ санасы үшін қаншама кемшілік болды десеңізші.

Бүгінгі Наурыз мейрамы да сол сенбеушілік пен шектеушіліктің сіре мұзы астынан таяуда ғана сөгіліп алынды.



Алпыс жылдан астам уақыт төл Жаңа жыл тойын ашық мерекелеуден тыйылып келген халықтың онымен қалай сағына қауышып, үлкен мереке, думанға айналдырып өткізгені күні кешегідей есте. Биыл да ол жаңа нышандармен байып, мән-мазмұны толығып, ажарлана, сымбаттана түскен қалпымен Жылқы жылын ертіп арамызға жарқын жүзбен тағы келіп отыр. Маңдайы ашық, қадамы құтты.

Былтырғы Наурыздан биылғы Наурызға дейін елімізде талай елеулі өзгерістер өтті, санаға салмақ түсірер серпілістер, рухани түлеулер одан әрі өрістеді. Солардың арасында, әсіресе ұлтымыздың болашақ тағдырына өлшеусіз көмек көрсететін аса зор оқиғалардың бірі – қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы Заң қабылданғаны еді. Оны қалың жұртшылық пұшайман қалге түскен ана тілімізге қамқорлық жасау үшін дер кезінде қолға алынған маңызды шара ретінде бағалады.

Алайда Заңның қабылдануы бар да, оның жүзеге асуы және бар. Республикамызда бұған дейін де тіл туралы заңдар мен қаулылар қабылданғаны белгілі, бірақ саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сескенгіш те сезіктенгіш замандарда өзіміз болып, өзге болып үркіп жүріп, тіл өрісін жұтатып тынған жоқпыз ба. Осы жайлар тағы да қайталанбас үшін не істемекке керек!

Әрине, бұл орайдағы шаралар «Тіл туралы» Заңның әр баптарында арнайы көрсетілген. Дегенмен, оған қалың әлеуметтің, ана тілінің тағдыры үшін жаны ауырып, жүрегі сыздайтын әрқайсымыздың да шынайы көмегіміз қажет екендігі тағы да дау тудырмаса керек. Өткен жылғы қазан айының 21-і күні дүниеге келген республикалық «Қазақ тілі» қоғамының көздеген басты мүддесі де, міне, осыған саятын. Қоғам өзінің жер-жерде құрылған ұйымдары, қалың мүшелері арқылы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолданылуына қажетті көмек беретін қолғабысшы күш ретінде шаңырақ көтерген еді.

Міне, бүгін халқымыздың дәстүрлі Жаңа жылының алғашқы күнінде, Наурыз мейрамымен бірге сол «Қазақ тілі» қоғамының мақсат-мүддесін жүзеге асыруға көмектесетін төл басылымы – «Ана тілі» апталық газетінің де тұңғыш саны жарық көріп отыр. Осы уақытқа дейін республикамызда көпшілікке арналған мұндай басылымның болмағанын, тіл мүддесін қорғау

мәселесінің көзден таса, көңілден қағыс қалып келгендігін еске алсақ, бұл апталықтың ашылуының өзі халқымыздың рухани өміріндегі елеулі оқиға екендігі даусыз.

«Ана тілі» – республикалық «Қазақ тілі» қоғамының үні. Редакция алқасы газет көтерер тақырып аясы аса ауқымды деп біледі. Өйткені, тіл тағдыры – ел тағдыры, тіл тарихы – ел тарихы. Тілдің рухы көтерілсе, ұлттың рухы көтеріледі.

Апталық «Тіл туралы» Заңның орындалу барысы, бұл орайда аяққа тұсау болар нендей кедергілер бар, олармен күрес жолдары, оң тәжірибелер өрісі, қазақ тілі ғана емес, республикадағы басқа да тілдер проблемалары төңірегінде қозғалатын бір бөлек тақырыптармен қатар, тілтанудың тылсым сырлары, тіл мәдениетіне, дәстүрлі ұлттық болмысымыз бен тұрмысымызға, ғибратты әдеп-салттарымызға, тәрбие мәселелеріне, оқулықтар сапасына қатысты қадау-қадау жайларды да көтеретін болады. Бүгінгі күрделі ұлтаралық қатынастар мәдениетіне арналған тақырыптар да әрдайым назардан тыс қалмақ емес.

Халықтың ұлттық санасының оянуына септесетін басты рухани діңгектерінің бірі – оның өз тарихына, өткен-кеткеніне сергек көзбен қарауы, зерек түсінуі мен тануы. Дәл осы, тарихпен тәрбиелеу мәселесі де газет алдында тұрған аса үлкен міндеттердің бірі.

Тілді, сірә да әдебиеттен бөле-жара қарау қиын. Сондықтан да ана тілімізде арғы-бергі кезеңдерде жасалған асыл дүниелер, қымбат қазыналарымызбен қатар, көтерген тақырыбы басылым мүддесіне үйлесетін қазіргі таңдаулы әдеби шығармаларға да газет пейілі ерекше...

«Ана тілі» газетін республикамызда ғана емес, одан тысқары аймақтарда, шетелдерде тұратын қазақтар арасында да кеңінен таралатын басылымға айналдыру – басты бір мақсатымыз.

Сонау 1913 жылдың ақпанында Орынбор шаһарында халқымыздың ардақты ұлы Ахмет Байтұрсынұлы қамсыз жатқан қалың қазақтың басын қосып, келелі істерге жұмылдырмақ ниетпен шығарған «Қазақ» атты газеттің алғашқы санындағы бас мақалада: *«Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету*

*қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы», деп жазған екен.*

«Ана тілі» деп аталған газетіміздің алғашқы санын назарларыңызға тарту үстінде, бүгінгі қазақ баласы алдында ана тілін қорғаудан, аялаудан артық үлкен мақсат, мүдде жоқ екенін еске ала отырып, сол ойға ілесе: «Әрбір ұлттың, әрбір халықтың ең қымбат қазынасы – оның ана тілі. Сондықтан да аталы жұртымыздың, аруақты ана тіліміздің өркендеуі үшін күш қосып, қызмет ету баршамыздың міндетіміз. Ең тура жолдың бірі де осы», деп арнау сөзімізді түйіндегіміз келеді.

*(«Ана тілі» газеті. 1990 жыл, № 1, 22 наурыз)*



## «АНА ТІЛІ» ӘУЕЛДЕН ҰЛТ ЖОҚШЫСЫ БОЛУҒА ҰМТЫЛДЫ

1989 жылдың күзінде халықтың зор қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Басшысы – Тіл білімі институтының директоры, академик Әбдуәли Қайдар, орынбасары – Өмірзақ Айтбайұлы. Мемлекеттік тіл үшін күрестің қызу майданына бел шеше кірісіп кеткен қос сардардың «тіл қоғамы жұмысына жалпақ елді кеңінен жұмылдыру үшін апталық газет керек» деген ұсынысын, сол кездегі республикалық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі Өзбекәлі Жәнібек те бірден құп көріп, «Ана тілі» газеті туралы шешімді қаңтар айында-ақ шығартып береді. Содан кейін жаңа апталыққа редактор іздестіріле бастаған.

Ақпан айының ортасынан ауа «Қазақ тілі» қоғамы басшылары біраз үміткерлердің арасынан жастар газетінде жауапты хатшы боп істеп жүрген мені редакторлыққа бекітті. Алдында Әбдуәли Қайдар ағамыздың алдынан өткенде, газетті қай бағытта шығару қажеттігі жөніндегі өз уәждерімізді жеткізгенбіз. «Апталықта тіл майданының өткір мәселелерін көтерумен бірге, ұлттың сөзін сөйлеп, мұңын жоқтайтын, жабық тақырыптарды бүкпесіз айтатын, тұмшаланған тарихымыз бен этнографиямызды қаузайтатын, елдің санасын сілкінетін дүниелерді де жариялауға болады ғой», дегенбіз...

Әбекең жаңа апталыққа батасын бере отырып:

– Газетті қалай шығару өз еркінде. Әрине ақылдасып, бірлесіп шешетін шаруалар болып жатса, айтарсың. Қызметкерлерді де өзін таңдайсың. Әзірше институттың мәжіліс залында жайғаса тұрыңдар. Кейін редакция үшін басқа орын іздестірерміз. Газеттің алғашқы санын қашан шығаруға болады? – деді.

– Жақсы ырым болсын. Халқымыздың төл жаңа жылы – Наурыз мейрамына туралайық, – дедім. Өзінің реті де солай келіп тұрған.

Әбекеңнің ризалығын алғаннан кейін, қуат-қарымы өзіме бұрыннан таныс Бақыт Сарбалаұлы, Ертай Айғалиұлы, Қонысбек Қожамжарұлы сияқты жүрдек журналшыларға бірге жұмыс істеу туралы қолқа салдым. Бәрі де апталықтың бағытын, мақсатын

білген соң, ықыластана келісті. Олардың қатарына аз күннен кейін Тіл білімі институтының кіші қызметкері Ғарифолла Әнес те келіп қосылды. Бәріміз газетті 22 наурызға дейін дайындап үлгеру үшін тізе қоса іске кірісіп кеттік. Әлбетте апталықты тіркеу, есепшот ашу, баспаханамен келісу, газет қағазын табу, пошта тасымалы, тарату, жазылым мәселелерімен айналысу сияқты ұйымдастыру жұмыстары да өз жөнімен қатар жүріп жатты...

Сол жылы Қазақстанда газет қағазының тапшылығы сезіліп, басылымдарға жазылуға шектеу қойылып жатқан қиындау бір шақ еді. Орталық Комитеттің баспаханасы (бүгінгі «Дәуір») өздерінің қаржылық жоспарында «Ана тілі» газетінің қарастырылмағаны себепті, қағаз бөле алмайтынын, егер оны өзіміз табар болсақ, басуға қарсы еместігін білдірді. Содан жаяу-жалпылап жүріп, газет қағазы бар-ау деген мекеме, қоймалардың бәріне сұрау салуға кірістік. Ақыры бір жабдықтау мекемесінен екі-үш айға жететін қажетті қағаз мөлшері табылып, оны «Қазақ тілі» қоғамынан алынған қарыз ақшаға сатып алып, баспаханаға әкеп түсіріп, әуелден өзіміз көздеген уақыт – Наурыз мейрамы күні алғашқы нөмірді шығарып үлгердік.

1990 жылғы Наурыз мейрамы мерекеленген сол күн әлі есте. Алматының ауа райы сәл бұлыңғырлау болып, ауық-ауық жаңбыр сіркіреп тұрды. Соған қарамастан, талай жыл бойы Наурызын сағынған ел қаладағы өзге орындармен қатар, Абай ескерткіші айналасындағы ақшаңқан киіз үйлер тігілген алаңда да меркелік шараларды тамашалауға көп жиналды. Сол жерде халықты мейраммен құттықтаушылардың бірі боп мінбеге көтерілген Өмірзақ Айтбайұлы: «Бұл мейрамға «Қазақ тілі» қоғамы құр алақан келген жоқ, бүгін «Ана тілі» деген газетіміздің алғашқы саны жарық көрді!» деп, қолындағы газетті айқара ашып көрсеткен кезде, жиналған жұрт дуылдата қол соғып, ерекше қошемет білдірді.

Халық тілдің рухы көтерілсе – ұлттың рухы көтерілетініне кәміл сенді. Ол шақта жақын арада тәуелсіздік аламыз-ау деген ой орындалмайтын арман сияқты еді. Отаршылдықтың темір қыспағы еш құтқармайтындай көрінетін. Сонда да жалпақ ел алдағы күндерден үміт сәулесін күтті, тілінен, тарихынан, өз болмысынан айырылса, ұлт ретінде жойылатынын іштей ұқты.

«Ана тілі» газетінің алдына қойған мақсат-бағдар да дәл осы ел санасын сілкінту мүддесімен тығыз сабақтасып жатты. Апталықты «Қазақ тілі» қоғамының шаруаларын ғана жазып отыратын салалық үнқағаз ретінде де, тілдің ғылыми мәселелерін қозғайтын басылым түрінде де шығаруға болар еді. Бірақ, «Ана тілі» қазақ тілінде шығатын, компартия дүрбісінен тыс алғашқы тәуелсіз газет болғандықтан, ұлттық бағыттағы, ұлт мұңын жоқтайтын газет жасауды жөн көрдік. Бұрын бүркеулі боп келген тақырыптарға қаймықпай баруға, мүмкін-қадерімізше құнарлы қазақ тілін орнымен түрлентіп қолдана білуге, мақалаларды оқуға жеңіл, жатық публицистикалық мәнерде құруға ұмтылдық. Сол себепті де жұрт оның әр санын асыға күтті, ерекше ықыласпен оқыды. Бірден оқырманға қажетті ділгір тақырыптарды таба білген газетке жазылудың қарқынды жүргені сонша, бір-екі айдың ішінде-ақ өз жалақымызды өзіміз тауып, баспахана, қағаз, тасымал шығынын да қиналмай жаба алатын жағдайға қол жеткіздік.

Кеңес одағының қарау саясатының әлі асқынып тұрған кезінде-ақ, «Ана тілінің» алғашқы нөмірлерінің бірінде, «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Советская культура» және басқа да мәскеулік газеттерінің беттерінде Желтоқсан көтерілісінен кейін қазақтарды жаппай кіналау, күстаналау мақсатымен жазылған мақаласымақтарды ащы сынға алған материал жарияладық. Ол кезде орталық партия газеттерін бұлайша әшкерелеу – бұрын-соңды болмаған жағдай.

Шілде айының 19-ы күні Дінмұхаммед Қонаев ақсақалдың «Мен халқыма қызмет еттім» деген сұхбатының «Ана тілінің» айқара бетінде жарқ ете қалуы, тағы бір ерекше оқиға болды. Мәскеудің Қонаевқа тиісуі тоқтамаған, халықтың «Димекеннің тағдыры не болар екен?» деп алаң көңілмен жүрген кезі. Сұхбат шыққан күні (авторлары Бақыт Сарбалаұлы мен Бақтияр Тайжан) бірқатар жұрттың «Қонаевпен интервью шығыпты» деп бір-біріне сыбырлай айтып, тандана сөз етіп жатқанына да куә болған жайымыз бар...

Сәскеге қарай ақсақалдың үйіне телефон шалдық. Ол кісі рақметін айтты. Біз де: «Қолыңызды алып қайтсақ...», – деп өз бұйымтайымызды білдірдік. «Келіңдер» деді ақсақал. Редакциядағы тоғыз жігіт түгел бардық. Қонақ күтетін бөлмесін

көрсетті, кабинетімен, кітаптарымен таныстырды. Бірге суретке түспек боп, жігіттер орындықтарды ретке келтіріп жатқан кезде, есімімді сұрады. Айттым. «Ата-анаң атыңды дұрыс қойған екен. Жұртты жарылқап жүрсін дегені ғой», деп арқамнан қақты. Осы мезет фотоаппаратқа түсіп қалыпты. Сол суретті қасиеттеп, сақтап келемін...

Әу баста «газетті қалай шығару керек», деп жоспар құрғанымызда, бәлшебектік өктем цензура жылдарында тыйым салынған «шежірені қайта жаңғырту» мәселесін де қолға алу керектігін ойластырған едік. Ол үшін Мұхаметжан Тынышбайұлының 1925 жылы жарық көрген ғылыми шежіресін назарға ұстай отырып, сөз өрбіткенді мақұл көргенбіз. Талай жыл бойы шежіреге сусап жүрген халық біздің «шежіре жинаймыз» деген сұрау салуымызды дүр етіп қолдай кетті. Түкпір-түкпірден деректер легі ағылды. Сол кездері редакцияға келген екі мындай шежіре әлі күнге дейін менің жеке мұрағатымда сақтаулы. Соларды жан-жақты салыстыра, салғастыра отырып, ата-тек кестелерінің бастапқы он ұрпақ шамасына дейінгі баба тармақтарын газет арқылы үш рет шежірешілер сүзгісіне салып, сұрыптаудан өткердік. Жіп-шуы жинақталып, бітіп тұрған дүниеге «Атамұра» баспасы өз тарапынан қызығушылық танытты. 1994 жылы кітап етіп, 40 мың данамен басып шығарды. Бүгінде шежіре бойынша ғылыми зерттеу жүргізушілердің қай-қайсысы да негізгі бір сенімді дереккөз ретінде «Ана тілі» шығарған осы «Қазақ шежіресіне» сілтеме жасайды. Өйткені онда шежірелік мәліметтерді берген адамдардың, аты-жөні, мекен-жайы түгел көрсетілген. Ал бұл ғылыми еңбек үшін ең қажетті шарттардың бірі...

Апталықтың біртін-біртін ұлт басылымына айнала бастауы, таралымының күрт көбеюі (1991 жылдың 1 қаңтарында оның тиражы 110 мыңнан асты), газет аясына бірқатар дарынды жұрналшыларды топтастырды. Газет тарихында бастапқы жылдарда толық жалақымен, жарты жалақымен, аз істегені, көп істегені бар: Байбота Серікбайұлы, Мақсат Тәжмұрат, Бақтияр Тайжан, Болат Шарахымбай, Аманқос Мектеп-тегі, Мақсот Ізімұлы, Абай Мауқараұлы, Сағатбек Медеубекұлы, Амантай Шәріп, Дихан Қамзабекұлы, Раушан Төленқызы, Сәкен Сыбанбай сынды қалам иелерінің қолтаңбалары қалды. 1994

жылдың басында газетке Марат Қабанбай келді. Маратпен де кезінде «Жас Алашта» қатар жұмыс істегенбіз. Кейін әдебиетке, жеке шығармашылыққа басы бүтін ауысып, газетке суып кеткендей еді. Жұмыс іздеп жүргенін естігесін, «Ана тіліне» шақырып едік, апталық бетінде қара сөзден құйын ойнатып жүре берді. 1994 жылдың ортасына таман, Ақмоланың астана атанатыны белгілі болған соң, сол қаладан қаламының желі бөлек Жұматай Сабыржанұлын жұмысқа алдық. Болашақ елорда жақтан ол да дүрілдетті. Кейіннен апталыққа майталман жұрналшы Сабыржан Шүкірұлы, сөздің майын тамызып жазатын ақсақал Ахмет Жүнісовтің де келуі газет шырайын одан әрі құлпыртты. Бұл әуелден-ақ оқырманға қазақ тілінің байлығы мен құнарын ұқыппен пайдалану, мақалаларды оқуға жеңіл, жатық публицистикалық мәнерде өрбіту, жаңа жұрналшылық машықтарды орнықтыруға мән берген талабымыздың түйінді нәтижесі де еді.

...1997 жылдың соңында Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің ұйғарымымен, жаңадан құрылған Қазақ ақпарат агенттігі (бұрынғы ҚазТАГ) қазақ редакциясының бас редакторы қызметіне ауыстырылдым. Бұл агенттікте соған дейін барлық қазақша материал тек орысшадан аударылған түрде ғана жарияланып келген екен. Енді төл ақпарат дайындайтын жаңа қазақ редакциясын ашу қажеттігі туындауына байланысты, оның жұмысын жолға қою міндетін атқаруға мені лайық көріпті. Жұрналшылық, сарашылық қызметтің бұрынғыдан тосындау, бірақ жаһандық ақпарат әлемі мен ғаламтор жүйесінің түпсіз қойнауларында жинақталған аса қымбат қазыналарға қол жеткізуге мол мүмкіндік әперген, бір жағынан ғылыми-қаламгерлік ізденіске соны серпін берген шығармашылық өмірдің жаңа кезеңі басталған.

*2010, 2020 жыл*





## ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЫЗҒАРЫ

*немесе кезінде Мәскеуде шығатын орталық газеттердің  
“қазақ ұлтшылдығы” тақырыбын қалай қаузағаны жайында*



Желтоқсанның сол бір күндері еске түскен сайын көңіл жүдеп сала береді.

Алдында бәрі де әдеттегідей өз ретімен өрбіп жатқан секілді көрінген. Еліміздің осыған дейін бастан өткерген он-он бес жылына “тоқырау кезеңі” деген айдар тағылып, сексен бесінші жылдың сәуірінен бері қайта құру, шұғыл бетбұрыс, жеделдету ұрандары күнделікті өмір-салтымызға кәдімгідей сіңісіп қалғандай болған. Қайта құрудың арқасында халық санасында тұмшаланып жатқан ойларға жол ашылады, жариялылық пен демократия кең өркен жаяды деген сенімге де жұрт ден қоя бастаған.

Алайда балаң демократия сол желтоқсан күндері әлі буыны қатпағандығын, әлжуаздығын байқатып алған еді. Осы ретте Брежнев атындағы аланда өрбіген сол оқиғадан бір апта бұрын ғана еркін ойлы демократияның үлгісі Парижде көрсетілгені еске түседі. Онда әлденеше күндерге созылған студенттер ереуілі, ақыр соңында үкіметтің жастар қойған талап-тілектерге құлақ

асып, ортақ пәтуаға үйлесетін келісімге келуімен аяқталған болатын.

Ал қайта құрудың бел ала бастаған шағында өтсе де, тура өзінен бұрынғы “тоқырау кезеңінің” айнымас үлгісінше, Мәскеудің республикалар тағдырына емін-еркін қол сұғып араласатын өктем дағдысына лайық “айттым-біттіммен” шолақ қайырылған пленум шешіміне, республиканың бірінші басшысын сайлау кезінде жариялылық болмауына ашу-ыза білдірген өскелең ұлттық сананың наразылығы әу бастан-ақ басқаша баға алды. Ол мемлекетке, қоғамдық құрылысқа қарсы шығу ретінде қабылданды.

Желтоқсан оқиғасы бұрынғы суық ызғары бетке теуіп тұратын әміршілдік-әкімшілдік жүйе мен енді ғана тәй-тәй басқан демократиялық нышандардың алғашқы беттесуі болған еді. Бұл орайда балаң демократия талай жылдар бойы түйенің төс табанындай болып қатып қалған ескіше ойлау жүйесінің шойын бөгетіне келіп соқтықты. Әу баста көкейде андыздаған сан-сала сауалдарға жауап алмақ ниетпен алаңға шыққан жастардың бейбіт сипатты шеруі, сол қалпын көп ұстап тұра алмады. Әртүрлі бұзақылық, арандатушылық шаралары, өкімет, құқық қорғау өкілдерінің тарапынан қоқан-лоқы жасалуы, сес көрсетілуі оны ақыры жарға итеріп тынды. Өз пікірін ашық білдірудің жариялылық дәстүрлері жоқ сол кездегі жағдайда желтоқсаншылармен түсінісу мәселесінде көптеген кемшіліктерге жол берілді.

Осы ретте сол дүрбелеңнің туу себебін түсіндіру жұмыстары да бірталай уақыт бойы тек біржақты бағытта – жастарды, сол жастар шыққан ұлтты қаралау тұрғысында жүргізілгенін байқар едік. Оқиғаның тұтану төркіні – әріден келе жатқан, күрмеуі күрделі проблемаларда, әлеуметтік әділетсіздіктерде, ұлттың ұлт болып қалуына әркімнің де күмәнін молайтқан жайларда екені қаперге көп алына бермеді.

Біздің бүгінгі әңгімеміз де, осы тақырып төңірегіндегі басы ашық жайлардың бірі – Желтоқсан оқиғаларына Мәскеудің, яки Кеңес одағы астанасында шығатын орталық газеттердің көзқарасы қай тұрғыда байқалды деген сауал ыңғайында болмақ.

\* \* \*

Шафтан газет қиындылары салынған екі қағаз пәпкені алып, үстел үстіне қойдым. Екеуінің сыртында да “Желтоқсанның ызғары” деп жазылған. Оларда сол аласапыран күндерден бері орталық және республикалық баспасөз бетіне шыққан желтоқсан тақырыбы төңірегінде сөз ететін мақалалар, пленумдардағы баяндамалар, қаулылар, жеке адамдардың сөздері түгел дерлік бар.

Бұл қиындыларды жию жөніндегі ой – сол желтоқсан оқиғаларына қатысты алғашқы баспасөз материалдарын оқығаннан кейін-ақ ойға келген еді. Себебі сол ілкі жарияланымдардың өзінен-ақ бұл тақырыптарды біржақты көрсетуге бағдар алынғанын аңғару еш қиын бола қоймаған. Көкейде, бұл біржақтылық қаншаға дейін созылар екен, биліктің саясаты ертең қай бағытқа қарай ауады; егер әділеттілікке ден қоятын күн туа қалса, Мәскеуден шығатын орталық газеттер осынау кесіп айтқан сөздерінің орынсыз, жөнсіз екендігін мойындар ма екен деген сауалдар да өз-өзінен көлденеңдеген. Олай болса, бұл дүниелер сол ертеңгі күндері қайта парақтап отырғанда, бір кезде халыққа, ұлтқа қатысты қандай жосықсыз пікірлер айтылғанына ой жіберте қарайтын дәйектерге саймай ма? Сондай-ақ сол күндері, кей сәттерде ұлтымыз үшін тағы бір “кіші 37-нің” қайталанып кетуі мүмкін-ау деген күдіктің белең бергенін де жасыруға болмас. Пәпке сыртына “Желтоқсанның ызғары” деген жазудың түсуі де бір жағынан осыған байланысты еді.

Шүкір, бұл біржақты бұра тарту сарыны көпке созылмады. Алаңға шығып өз наразылықтарын ашық білдіру – тек қазақ халқының басына ғана тән “ұлтшылдық” деген пайым жоққа шығарылды. Кейіннен Балтық бойындағы республикаларда, Тбилисиде, Таудағы Карабахта, Ереванда, Бакуде, Молдавияда өткен оқиғалар оны жариялылық пен демократия көп жылдық ұйқыдан оятқан ұлттық сананың өз үнін танытуының көрінісі екенін айғақтап берді. Бұндай кездерде, өкінішке қарай, тіпті шектен асушылық – Сумгаит пен Ферғанадағыдай қанды қырғындар өтетініне де куә болдық.

Ал содан үш жарым жыл бұрын халықтың өз ойын ашық білдіруге, демократияға кең жол ашылады деп онды-солды

айтылып жүрген тиянақсыз ұрандарға алданып қалған қазақ желтоқсаншыларын бәз-баяғы әміршілдік жүйенің гүрзі жұдырығы қарсы алған еді. Және ол соққының салмағын Мәскеуден осы оқиғаны сараптау үшін арнайы келген “Қазақстан жөніндегі тендесі жоқ білгір” СОКП Орталық комитеті Партиялық бақылау комитетінің төрағасы М. С. Соломенцев сияқты өктем пиғылдылар бас болып тұжырымдап кеткен, кейіннен белгілі қаулыда “қазақ ұлтшылдығы” деп аталған орынсыз баға одан әрі күшейте түсті. Мәскеу «ақылгөйлерінің» пікірінен олардың шашбауын көтеруші орталық баспасөз де қалыс қалған жоқ. Әу бастан-ақ үйлесе, ұрандаса шықты олардың үндері. Және бұл ретте кей сәттерде шоқты өзімізге көсетіп қою жағы да ұмыт қалған жоқ...

Алматыдағы оқиға туралы алғашқы мәліметті Кеңестер одағының телеграф агенттігі (ТАСС) желтоқсанның 18-інде берді. Жай ғана “Алматыдан хабар” деп аталған шағын материал бұған дейін баспасөз бетіне шығып көрмеген тосын оқиғаны таратқан. Бір жағынан, содан жеті айдан астам уақыт бұрын ғана Чернобыльде сұрапыл апат болғанын дүние жүзіне бірден хабарлай алмай, әлденеше күн жасырып ұстаған жағдайымызға қарағанда, бұл жариялылыққа біршама бет бұрғанымыздың белгісі десе де болғандай.

Сонымен оқиғаның екінші күні берілген хабарда не жазылды: *“Кеше кешкісін және бүгін күндіз Алматыда ұлтшыл элементтер арандатып салған оқушы жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жуырда болған пленумының шешіміне наразылық білдірді. Бұл жағдайды бұзақылар, арамтамақтар және қоғамға жат басқа да адамдар пайдаланып, право тәртібініңөкілдері жөнінде правоға қарсы әрекеттер жасады. Сондай-ақ азық-түлік магазинін, жеке меншік автомобильдерді өртеді, қала азаматтарына қарсы намысты қорлайтын әрекеттер жасады...”*

Алғашқы хабардың өзінде-ақ шындықты сипақтатып жеткізудің бұрыннан бар дағдысын байқау қиын емес. Оқиғаны бастаушылар оқушы жастар екен. Алматыда ол кезде үш қана қазақ орта мектебі бар екенін, училище, техникумдардағы қазақ балаларының кемдігін ескерсек, олар қайдан келген оқушы

жастар? Алаңға шыққандардың дені жағдайы жоқ жатақханаларда, жетім бұрышта әлденеше күн бойы сарсылып тұрып, Алматыны билеп-төстеп алған кей ағайындардың соңынан қалмай жалынып жүріп, бағасы удай болса да эзер тапқан жағдайы жоқ жалдамалы пәтерлерде мекендейтін жұмысшылар мен студенттер екенін айтпау – біраз уақытқа дейін созылған негізсіз топшылаулар мен жалған тұжырымдардың әу бастағы көрініс беруі еді.

Ал одан кейін...

Одан кейін орталық баспасөз желтоқсан оқиғаларын “жіліктеп шағып, ақ-қарасын ашып берген сүбелі материалдар” ұсына бастады.

Оларда әуелгі кездерде Алматы көшелерінде байқалған “ұлтшылдық көріністерге” кінә тағу, сөгу, ол тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушыларды міндетті түрде табу, ұстау, соттау керек деген пиғылдағы ойлар көбірек айтылып жатты. Ал бұл міндетті ол кезде халық соттары онсыз да аса бір жеделдікпен орындау үстінде еді. Бүгінде жазықсыз сотталғаны анықталып отырған Сәбитова мен Рахметовтың, Салықова мен Қожахметовтың істері соның дәлелі. Сол кезде бұл оқиғаны арнайы ұйымдастырушылар болды деп, биік мінбелерден айтылған тұжырымдарға да кейіннен дәйек табылмай, ақыры ол сиырқұйымшақтанып барып таусылды.

Ал ол шақта бұл тілге тиек ететін ең бір “даусыз тиянақтардың” бірі болатын. Мәселен, 1987 жылғы қаңтардың 1-інде “Литературная газетада” жарық көрген жазушы Ә. Әлімжановтың “Алматыда не болды?” деген мақаласына көз салалық.

“Уақыты келгенде Алматыдағы оқиғаларды ұйымдастырушылардың кім екенін білетін сәттің туатынына мен сенемін, шүбәсіз сенемін... Халық, мен өзінің ұлы болып саналатын халық республикада тұратын қазақтар мен басқа халықтардың арасына баспалап келіп, сенімсіздік ұрығын сепкісі келгендердің түрін де, аты-жөнін де білуге тиіс. Біздің балаларымызды кімдердің алдағанын білетін күн де келеді. Өтірікпен, өсекпен оларды студенттік жатақханалардан алып шығып, қолдарына дұшпандық сауатсыз транспаранттар ұстатып,

өздері бас сауғалап қалғандарды әлі білетін боламыз”, – дейді автор.

Бұл пікірді араға екі апта салып шыққан нөмірдегі “Шындық сабақтары” атты мақаласында газеттің меншікті тілшісі А. Самойленко одан әрі өрбітеді: “Көп жастар жазасын алды: комсомолдан шығарылды, құқық бұзар әрекеттері үшін жоғары оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы, жаппай тәртіпсіздіктердің басшыларын, ұйымдастырушыларды, арандатушыларды іздестіруді табанды түрде жүргізу керек”.

Орталық әдебиет газетінің мақалаларында бүгінгі күн талабынан қарағанда аз-кем біржақтылау кеткен жақтары болса да, оқиғаға байыппен қарауға деген ұмтылыс, мәселенің түп-төркінін әлеуметтік жағдайлардан іздестіруге деген талпыныс бар. Алайда жастардың алаңға неге шыққаны тұрғысындағы әңгімені қаузау жайы оларды біреулер айдап салды, деген тұжырыммен ғана шектеліп қалғандай.

Ал бұл оқиға жастарға жақын жүруге тиіс орталық комсомол газеті бетінде қалай көрінді? “Комсомольская правданың” тілшісі А. Лапин желтоқсан жайын қаңтардың 10-ы күні “Ащы сабақ” деген тақырыппен жария етті. Бұл тілші әңгімені Мәскеудегі достары, Кавказдағы туыстары, Сібірдегі таныстары телефон арқылы әбден мазасын алып, Алматыдағы оқиғаның егжей-тегжейін білгісі, оның қалайша болғандығын сұрап жатқанын хабарлаудан бастай келіп былай деді.

“Біршама уақыт өтіп, ұлтшылдық пиғылдағы жастардың желтоқсандағы іс-әрекеттерінің себептері айқындала түскен шақта, бұған не деп жауап беруге болады? Бір нәрсені сеніммен айтар едік: болған жайдың себептері ең алдымен жастар арасындағы идеологиялық жұмыстағы елеулі кемшіліктерде, патриоттық, интернационалдық тәрбиенің әлсіреуінде жатыр”...

“Жастардың бір бөлігінің ұлтшылдық көзқарастары кеше ғана қалыптасқан жоқ. Олар баршаның көз алдында уақытымен отамаса, қаулап өсетін арам шөп сияқты өскен болатын...»

“Республикада жүзден астам ұлт пен ұлыстың адамдары тұратынына қарамастан, Қазақстан астанасындағы қаланың жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқитындардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдері екендігіне назар

аудармады. Жатақханаларда студенттердің ұлттық белгісіне қарай орналасуын ұсақ-түйек деп санады”...

Байқадыңыздар ма, бар мәселе ойдан шығарылған ұлтшылдық деген бағаға қарай қалай-қалай ойысады. Сол “ұлтшыл жастардың” оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, Алматы зауыттары мен фабрикаларында ең аз жалақылы жұмысқа қолдары әзер ілінетіні, үй алуға мүмкіндіктері жоқтығы, пәтер зарын белшеден шеккендер екендігі, қазақ тіліндегі мектептердің, балабақшалардың жоғалып бара жатқаны, ұлт тағдырына, тіл тағдырына қатысты күрделі проблемалардың туындап тұрғаны, республикада шовинистік пиғылдардың да бар екендігі жайында бір ауыз сөз жоқ.

Керісінше олардың мектепті қазақша бітіргендігі, орыс тілін нашар білгендігі негізгі кінә ретінде алға тартылады. Тілші комсомол қатарынан шығарылған студенттердің іс қағаздарын қарап отырады да мынадай жайды анықтайды: “Біріншіден, олардың басым көпшілігі республиканың оңтүстік облыстарында, тұрғын халқы негізінен бірыңғай болып келетін шағын селолар мен поселкелерде тұрған. Үлкен бөлігі ұлт мектептерін қазақ тілінде бітірген. Орыс тілін нашар біледі. Оқулары да орташа. Көбі өндірісте көп жұмыс істемеген немесе әскер қатарында қызмет атқарғандар”.

Жарайды, “Комсомольская правданың” тілшісі халқымыздың тілінен, тарихынан, тағдырынан мақұрым болсын, оның республикаға аты беріліп отырған ұлт жайындағы білетіні шамалы; ол сол шақтағы Мәскеу тарапынан айтылатын әміршілдік сарынға үндескен ойын білдірді, сол кезде одан басқаны күтуге де болмас еді делік.

Ал әр нәрсеге өзінің аты айтып тұрғандай, ақиқатпен қарауға тиіс “Правда” газетіне, оның Қазақстандағы тілшісі Т. Есілбаевқа не жорық? 1987 жылғы ақпанның 11-інде жарық көрген “Мардамсудың зардабы” атты бұл мақала бүгінгі күнгі талап тұрғысынан алғанда газет үшін де, автор үшін де нағыз парықсыз материал ретінде аталар еді. Әрі ол сол кезде-ақ оқырманның ашу-ызасын ерекше тудырған мақала ретінде танылды.

Осы жерде сол бір күндері республикалық басылымдар басында болған бір тәуелділікті де айта кеткен жөн сияқты. Ол – әсіресе күнделікті газеттерде жұмыс істейтін журналистерге

ерекше таныс жайт. Орталық газеттер желтоқсан оқиғасы жайында жұмыла жазған сол кездері Қазақстанның республикалық, облыстық газеттерінің де оларды жаппай көшіріп басуы дағдыға айналды. Және бұл ретте газеттің қалау, қаламауы туралы әңгіме болмайды. Мақала шыққан күні жоғарыдан ҚазТАГ мекемесіне оны барлық газеттер үшін аударып беру туралы нұсқау түседі. Сол күні бар газет өздері дайындап отырған беттерді бұзып, айтылған материалдарды жариялауға тиіс. Ол шақ республикалық партия ұйымы үшін де “желтоқсандағы ұлтшылдық оқиғасын ұйымдастырушыларды табу, партия, совет, кәсіподақ, комсомол, құқық қорғау мекемелерінде, жоғары оқу орындарында қазақ халқының республикадағы сан мөлшеріне қарай үлес салмақты теңдестіру жұмыстары қауырт жүргізіліп, титтей нәрсенің өзі ұлт астамшылығына дәлел ретінде” ұсынылып жатқан кез. Арнайы нұсқаумен түскен материалдарды жарияламай қалу еш мүмкін емес. Сол күні “Мардамсудың зардабы” атты мақаланы оқыған журналистердің “Мына материалды да аударып бастыра ма екен?” деп күйзеліп қалғаны есте. Аздан соң оған жауап алынды. ҚазТАГ-тан жіберілген тілдей телетайп лентасы ертеңгі күні нөмірлерге “Мардамсудың зардабы” аударылып берілетіндігін хабарлады.

Берілетіні анық болса, оның редакцияға қашан түсетінін білу – сол кездері жастар газетінде жауапты хатшы болып істейтін біздің тікелей жұмыс міндетімізге де жататын. Сәлден кейін сол кезде ҚазТАГ-тың аударма жөніндегі бас редакторының орынбасары қызметін атқарған жазушы Жақсылық Түменбаевқа мақаланың қашан аударылып бітетінін білмек болып хабарластым.

Ар жақтан қаламгердің шаршаңқы үні естілді. Аса бір кейісті жағдайда отыр екен.

– Орталық газеттердің бұл тақырыптағы мақалаларының да оңған біреуі жоқ еді. Мынау тіпті сорақы екен. Осындай көпекөрнеу нашар материалды “Правданың” жариялағанына таңым бар? – деді.

– Ренжудің көкесі ертең өзіміздің газеттерде шыққанда болатын шығар...



– Амал жоқ, бірақ кінәнің бізде емес екенін жұрт түсінсе екен...

“Партия тұрмысы: баспасөзге шолу” айдарымен берілген мақалада желтоқсан оқиғасының тууына “республикалық газеттер мен журналдардың көпшілігінде интернационалдық тәрбие мәселелерін жазуда жүйелілік болмауының” да өзіндік үлесі бар деген ой айтылады. Осы сарын әрі қарай жалғаса келе, қазақ тіліндегі баспасөз бетінде бірыңғай қазақ фамилияларының аталуы, әдеби журналда орыс, сондай-ақ басқа ұлттар қаламгерлері шығармаларының сирек аударылатыны да интернационалдық тәрбиеден жіберілген негізгі кінәраттардың қатарында саналады.

Желтоқсан оқиғасын талқылау үшін іле-шала шыққан әшкере құжаттарда айтылып, кінә таққыш жұрттың аузынан түспеген “ерекше” бір дәйек – Алматыдағы “Ертөстік” атты қазақ балабақшасының ашылуы болғаны көптің есінде. Бас қаладағы мектеп жасына дейінгі мекемелер тарихында әуелгілер сапында ашылып “өлгенде бір көрген” сол қазақ балабақшасы “Правда” журналисінің де қаламына ілігіпті. Қазақ балабақшасының жеке шаңырақ көтеруі ол кезде шын мәнінде жұрт қуанатын жаңалық болғаны рас. Ал орталық партия газеті тілшісінің пікірі бұған мүлдем кереғар. Ол осы жаңалықты оқырмандарына жеткізген газеттерді жерден алып, жерге салады. Бұл жай “балабақшадан бастап-ақ ұлттық оқшаулықты насихаттау”, оған республикалық газет “бір бетінің төрттен бір бөлігін арнағаны” қалай деген таудай ренішін білдіреді де, соншама дабырайтатындай “шын мәнінде-ақ тарихи оқиға екен!” деп кекету айтады.

Тілшінің бұдан кейін шүйілген жайы одан да бетер. Ол “Лениншіл жаста” жарияланған белгілі қазақ ақынының (ол Әбділдә Тәжібаев еді - *автор.*) тіл туралы пікіріне тиіседі. Үлкен ақынымыз “Правдаға” жақпайтын не айтты дейсіз ғой сонда. Ол мынау: “Туган тілін мақтан ету, оны таза сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру – әрбір қазақ отбасының, жүрегі қазақ әрбір адамның, бүкіл қауымның бірден-бір міндеті. Халықтың қуаты – тілдің қуаты. Біз ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір, ең бай тілдердің біріне айналдыруымыз керек. Бұл – бүгінгі біздің, ертеңгі жас ұрпақтың міндеті”.

Осында не бар? Бұрын да, бүгін де, ертең де айтуға лайық әңгіме емес пе? Ал орталық партия газеті осыдан “ұлттық өзімшілдік” нышанын көреді, “және мұндай ойлардың жастар газетінде насихатталуы” теріс деген ой тастайды.

“Правда” тілшісінің пікірінше, “оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізілетін мектеп пен балабақшалар аз емес” екен, барлық жерде оларды ашу туралы мәселе қоюдан көрі “әр ұлттың балалары оңаша болмай, ортақ бір мектепте оқып, ортақ бір бақшада тәрбиеленгені әлдеқайда дұрыс”.

Бұған дейін дәл осы саясаттың зардабынан республикада 700-дей қазақ мектебінің жабылып қалғаны, халықтың 40 процентке жуығының өз тілінен аулақтап кеткенінен автор сірә хабарсыз болса керек. Онда тілшінің білмейтін нәрсеге барғаны қалай деген сауал да өз-өзінен туындары анық.

Бірақ орталық партия газеті тілші атаған жайларды “іске теріс ықпалын тигізген жаңсақтықтың өзі”, “кейбір жерлерде ұлттық шектеушілік, мардамсу мен даңғазалық сарқыншақтары сыртқа шығып отырғаны кездейсоқ емес, бәрі сол кемшіліктердің нәтижесі” деген пікір түйеді.

“Мардамсудың зардабы” ертеңіне республика газеттеріне көшіріліп басылды.

Сол күні редакция телефондарында да тыным болған жоқ. Қап-қап реніш...

Кей жұрт оның “Правдадан” аударылып берілгенін, жоғарыдан міндетті түрде жариялау туралы нұсқау түскенін түсіне қоймайды. “Бұл мақаланы жариялағандарыңыз қалай? – деп тұрып күйзеледі. – Енді сонда тілімізді қадірлегеніміз, мектептер мен балабақшалар ашқымыз келгені де қате болғаны ма, халық болудан қалғанымыз ба?”

Әсіресе, бір әйел адамның телефоннан таусыла сөйлегені әлі есте. “Балаларымыз өз тілінде тәрбиеленсін деп бір балабақша ашқан екенбіз, ол да көзге күйік болды-ау. Дәл сондай талай орыс балабақшасы бар емес пе? Бұл мақаланы газеттеріңе шығарып, неменесіне қазақ боп жүрсіндер?” – деп кейігенін қалай ұмытарсың...

Мақаланың қателігін сөз етуге ол кезде республика баспасөзінде шама жоқ екені өз-өзінен түсінікті. Осы ретте бұл сөзді бірінші боп сол Мәскеудегі орыс интеллигенциясының

өкілдері айтқан кезде еңсеміздің бір көтеріліп қалғаны-ай десеңізші. КСРО Жазушылар одағының пленумында ақын С.Куняев мақаладағы тіл тұрғысында қозғалған пікірге: “Кез-келген қазақтың да мұны оқыған кезде ашуланатындығында дау жоқ. Менің өзім оның орнында болсам: “міне, орыстандыру деген осы дер едім. Нағыз орыс интеллигент-интернационалистерінің мұндай “орыстандыруға” еш қатысы жоқ. Бәлкім, республикаларда орыстарға деген осындай қатынастың болғаны әлдебіреулер үшін керек те шығар. Тіл туралы шынайы қамқорлық мәселесіне осыншама жосықсыз қараудың қажеті не?” – деп ашына сын айтты.

Үлкен газет бетінде тілге тиек болған қазақ балабақшасы “Советская культура” газетіндегі “Менің отбасым, менің байлығым” (1987 жылғы ақпанның 24-і) атты мақалада одан да пәтуасыз түрде көрініс берді. Бұл мақаланы газет Алматы үй құрылысы комбинатының дәнекерлеушісі, СОКП XXVII съезінің делегаты Манат Ахметованың атынан дайындапты. Онда Манат әпкеміз әңгімені өзінің күйеуі орыс екенін, екі қызы барын айтып бастайды да, “ұлттың оқшаулыққа, алауыздыққа ұрындыратын әрекеттердің” қатарына “Ертөстіктің” салынуын да қосады. Газет жолдарына кезек берелік. “Мәселен, Алматыда сәулетті “Ертөстік” балабақшасы салынды. Ол тек қазақ балаларына ғана арналған! Жергілікті газетке бұл жөнінде жедел түрде: “Ертөстікке” қош келдіңіздер!” деген марапат мақала берілді. Бұл кімге “қош” деп құрмет білдіру сонда? Орыс тілін жасанды түрде білдірмеуге ықпал жасалып жатқан балаларға ма? Мен де барлық қазақ сияқты өзімнің ана тілімнің патриотымын. Бірақ мен өз қыздарымды “Ертөстікке” бермес едім...”

Бұл сөзді М. Ахметова айтты ма, айтпады ма, оны осы мақаланы дайындаған газеттің Қазақстандағы тілшісі В. Маричеваның (Чекалинаның) арына қалдырайық. Алайда кімнің пікірі болса да, кезінде көптің жанын жаралаған кесапаты жетерлік кесірлі сілтес еді ол.

Өзінің әріптестерін ат басын еркін жіберген жалған әшкерелеу шабысынан “Известия” газеті де қалысқан жоқ. Оның тілшісі В. Щепоткин Алматыға келген сапарынан “Шырмауық” (1987 жылғы қаңтардың 24-і) атты мақала туындатып қайтты. Тағы да сол біржақты сарын. Тілші “республика астанасындағы

институттар ректорларының көбі қазақ ұлтынан болғанын”, “жергілікті ұлт саны жалпы халық санының жартысына жетпейтіндігіне қарамастан, жоғары оқу орындарында қазақ жастарының саны көбейгендігін”, “Брежнев атындағы алаңға шыққан жастардың арасында жұмысы бетімен жіберілген заң факультетінің студенттері, архитектура-құрылыс, зоотехникалық-малдәрігерлік институттарының дүмшелері болғаны”, “және де алаңға келгендердің басым көпшілігі күткендей-ақ, оңтүстік облыстардан келген жастар екендігін”, аса бір айызы қана отырып тізбектейді.

Қазақ жастары арасында жоғары білім алуға деген құлшынысты қуаттаудан көрі (ертеңгі күні республиканың экология зардабына ұрынып, тозғынға ұшыраған топырағында табан тіреп қалып еңбек ететіндер солар ғой) қаралауға бейім көзқарас “қазақ студенттері көбейіп кеткен” Алматы – басқа тұстарға қарағанда жергілікті ұлт көбірек жинақталған оңтүстіктегі әлденеше облыстың бел ортасында жатқандығын да қаперге алуды қажет деп таппайды.

Мәскеу газеттерінің желтоқсан оқиғаларын қаузау барысында бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай ұқсас пікірлерді өрбіткені нәтижесіз болмаған да сынайлы. Егер де кейіннен белгілі қаулыда Алматыдағы тәртіпсіздіктер “қазақ ұлтшылдығының көрінісі болды” деп арнайы аталғанын еске алсақ, бұл таңбаның бүкіл халыққа таңылуына орталық газеттердің біз жоғарыда сөз еткен бір сарындас мақалаларының да септігі біршама тиді дегенді бүгін ашық айту еш артық емес. Осы жерде орталық газеттер тілшілерінің жұмысынан сол желтоқсан оқиғасынан бері байқалып келе жатқан бір жайды да қаперге алмауға тағы болмайды. Ол кей авторлардың тек ұлт мәселесіне қатысты тақырыпқа үйірсектік танытып, жоқ жерден іліп кеткісі келіп тұратыны. Елімізде соңғы кездерде айқын демократиялық өзгерістер, бүкпесіз жариялылық, республикалар егемендігі мен дербестігі турасында келелі жұмыстар өрістеп, жаңаша ойлаудың жарқын арналары ашылуда. Алайда Мәскеуден шығатын орталық газеттердің әлдебір тілшілерінің сол республика қамымен бас ауыртып, балтыр сыздатуды қажет деп таппайтыны таңғалдырады.

Бұл әсіресе “Известияның” Қазақстандағы тілшісі В. Ардаевтің жазғандарына көбірек тән. Тілшінің Жаңаөзен оқиғалары кезінде дайындаған хабарларынан жергілікті халыққа кінә таққысы келген құлшыныс байқалып-ақ тұрды. Содан кейін әсіресе Мәскеу журналистері қайта-қайта қозғап, Щелоков, Рәшидов, Медуновтардың қатарына апарып қосуға аса құштар боп жүрген Д. А. Қонаев жөніндегі әңгімеге араласты. Оның кезінде аң аулап жүргенде түскен суреті мен Алматыда орнатылған мүсініне бір тиісіп өтті...

Ақыры іздегенін тапқандай болған. Осы жылғы наурыздың 11-інде Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты студенттері мен шекара әскерлері училищесі курсанттарының арасында болған қақтығысты – Ардаев орыс курсанттары мен ауылдан келген қазақ студенттері арасындағы ұлтаралық шайқасқа айналдырды да жіберді. “Осындайdan Ферғана сияқты оқиғалардың туындап кетуі әбден кәміл. Қазір республикадағы жағдай ондай ошақтардың Қазақстанда да бар екенін байқатып отыр”, – деп көкейінде көптен кептеліп жүрген пиғылын ақтарды да салды.

Алайда, ол “Известияның” келесі күнгі (14.03.1990 ж.) нөмірінде: “Оны ұлтаралық алауыздық қақтығысы деп санаған жарамайды екен, ол жай бұзақылық болып шықты”, – деп басқаша аунап шыға келді. Міне біздің республиканы орталықта жан-жақты сипатта көрсетіп отыруға тиіс тілшінің “біліктілігі”. Осындай арзанқол сенсация қуған материалдарды оқып отырғанда, орталық газеттердің республикадағы тілшілері неге Қазақстан басындағы күрмеуі күрделі проблемаларды, экономика, экология, мәдениет, тарих, әдебиет мәселелерін, рухани өрістер жайын Одақ оқырманы алдына қадау-қадау тартпайды екен деп ойлайсыз. Ал ондай дүниелерді біздің көруіміз өте сирек. Бәз-баяғы “жаны ашымастың қасында басы ауырмас” жағдай. Әйтпесе, республикаға, халыққа, ұлтқа жандары күйзелсе, Арал теңізінің жойылып бара жатқанын, Семей даласының радиацияға бөккенін, жұталған жайылым мен тозған тыңды, тұз бораған даламыздың ауыр жайын неге жазбайды? Тіліміз мемлекеттік мәртебе аларда, Мәскеу басылымдарынан қамқор қабақ күткен едік, еш байқалмады – сол “жабулы қазан” күйі. Есесіне “Молодая гвардия” журналында

кезінде Қазақстанның нанын жеп, суын ішкен Кузьмин деген біреу “қазақ ұлтшылдығы” туралы әңгімені қайта қоздатты.

Үлкен ағаларынан республикамыздағы кей орыс тілді газеттер де қалыс қалған жоқ. Желтоқсан оқиғаларына қатысты “қазақ ұлтшылдығы” мәселесіне белсене араласқан олар, Тіл туралы заң қабылданар кезде бұра тартудың әрқилы үлгісін көрсетті. Кейін де қарап жатпады, орыс ұлты қалың қоныстанған жерлерден оларға жеке автономия беру идеясын оқта-текте еске салып қояды. Республикаға есімі беріліп отырған халықтың рухани мұң-мұқтажына, тарихы мен тағдырына, әдебиеті мен мәдениетіне, ғұрпы мен салтына көңіл аударулары да сол самарқау, салқын қалпынан көп айни қойған жоқ.

Қазір салтанат құрып отырған жариялылық пен бүкпесіздік жағдайы қазақ халқы жөнінде аяққа басылып келген әділеттілікті қалпына келтіру туралы мәселені төтесінен қоюға мүмкіндік берді.

Ал мұндай ел еңсесін көтерген жағдайдан соң, халқымызға жалған айып тағылар сол бір кездерде “отқа май құйып отыруда” ерекше ыждағаттылық танытқан Мәскеу газеттері тілшілерінің аузына да жұрт қарайтыны әбден заңды. Олардың да өз айыптарын жуып, жариялы түрде қателіктерін мойындауға алғандарын күтетіні кәміл. Әйтпесе, бүгінге дейін олардың бірде-бірінің жалған намыстан асып, “сол кезде артық кетіппіз-ау” деген сыңайдағы ағынан жарылуларына куә бола қойған жоқпыз.

Осы орайда орталық газеттердің республикамызда ұстап отырған тілшілер құрамының өзі де біраз нәрсені аңғартатынын айтқан жөн. Олардың ішінде “Правданың” тілшісі болып келе жатқан Т. Есілбаевтан басқа бірде-бір қазақ журналисі жоқ (оның да өз халқына істеген “жақсылығы” әлгіндей). Олар қазақ тілін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін білмейді. Бір сәт, сол орталық газеттердің шет елдерге жіберетін тілшілеріне қойылар талаптарды байыптап көрелікші. Олар ең алдымен сол баратын елінің тілін, ғұрпын, тағдырын терең білуі керек емес пе?

Сондықтан да алдағы уақыттарда Мәскеуден шығатын орталық газеттердің республикамыздағы тілшілік қызметіне халықтың қасиеті мен қадірін, тағдыры мен тақсіретін терең түсінетін қазақ журналистерін тарту әбден қажет дер едік. Бұндай реттерде “оған лайық журналистеріміз тапшы боп тұр ғой” деп

ауызды қу шөппен сүртуге әзір тұратынымыз бар. Оларды тәрбиелейтін біздің орыс тілді басылымдарымыз емес пе? Ал бұл орталарда орысша жазатын қазақ журналисіне қамқорлық жасау мәселесіне ешкімнің басы ауырып жатқан жоқ. Осы орайда Қазақстан Журналистер одағы басқармасы тарапынан орыс тілді газет-журнал редакцияларына арнайы міндеттер жүктейтін шаралар белгіленбесе, алда да іс оңға басады деп сене қою әсте қиын.

Бүгінде Қазақ КСР-інің ұлттың мемлекеттігін, саяси егемендігін нығайту, оны жаңа нақты мазмұнмен толықтыру жұмыстары кезек күттірмейтін келелі мәселелер қатарында аталып отыр. Ол толық іске асқан кезде орталықтың мүддесіне бағындырылған өктемдік әдістерге тосқауыл қойылар деген үмітіміз бар.


Желтоқсан оқиғасының туу себебі мен оған оңды-солды баға беру де әуелден шиеленісе тістесіп қалған сол өктем саясаттың салдары еді. Ал Мәскеу басылымдары болса, ол оқиғаны қаузауда ескі дағдының, ескі ойлаудың белсенді қолдаушысы міндетін “мүлтіксіз” атқарды.

Енді, тек сол өктем астамшылыққа ден қоятын күндер тағы да қайта оралмасын деп тілеңіз. Әйтпесе оны аңсап жүргендер арамызда әлі де аз емес...

*(“Ана тілі” газеті, 1990 жылғы 10 мамыр)*



## ЕЛІМІЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЛАТЫНША САЙТ ҚАЛАЙ АШЫЛДЫ



Мемлекеттік тілді дамыту, насихаттау және оның қолданыс аясын арттыру ісінде ақпарат құралдарының алар орны айрықша екені белгілі. Бұл ретте, әсіресе, мемлекеттік тілдегі ақпарат құралдарының ел тәуелсіздігінен бұрын да, одан кейін де атқарып отырған қызметтерінің маңыздылығын ерекше атап өтпеске болмайды. Сонау ұлт тілінің дамуына әртүрлі тосқауылдар қойылған кеңестік қытымыр заманның өзінде де отаршылдық саясаттың қатаң бақылауынан айналып өтіп, қалың жұртшылықтың санасын серпілтуге, тілі мен ділін сақтауға, төл тарихын білуге қолдан келген көмегін аямаған, неше қилы журналистік тәсілдерді қолдана отырып, елдің көңілін мазалап жүрген талай сұрақтарға жауап беруді мақсат тұтқан жампоздар да - дәл сол қазақ тілді ақпарат құралдары еді.

Тәуелсіздік дәуірі басталғалы бері ұлт пен тіл мүддесі жолындағы күрестің жаңа кезеңіне аяқ бастық. Тіл мәселелерін айту арқылы ұлттың сөзін сөйлеп, мұңын жоқтайтын, елдің шынайы құндылықтарын толғай ашып, бүркемеленіп келген тарихымыздың ақтаңдақтарын тереңнен қозғайтын ақпарат құралдары дүниеге келді. Солардың еселі еңбектерінің арқасында ана тіліміздің сөне бастаған рухы қайта серпілді. Қазақ мектептерінің саны еселеп артты. Мемлекеттік тілге сусындап өскен жас ұрпақтың күннен күнге көбейіп отырғандығының бір белгісі ретінде – соңғы жылдарда жоғары оқу орнына түсу үшін ҰБТ тапсыратын оқушылардың 75-80 пайызының қазақ тілді мектеп түлектері болып отырғандығының өзін тілге тиек етсек те жеткілікті...

Осы ретте өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басынан мемлекеттік тілдегі ақпарат құралдары белсене қозғаған



маңызды тақырыптардың бірі – «қазақ тілі әліпбиін латын графикасына ауыстыру» мәселесі болғанын да айтар едік.

Бұл тақырыптағы ілкі мақала «Латын әліпбиінің болашағы зор» деген атпен 1991 жылғы 24 қаңтар күні «Ана тілі» газетінде жарияланды. Онда мақала авторы, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Әбдуәли Қайдар қазақ тілді кирил жазуын латын әрпімен алмастырудың ғылыми негіздерін алғаш рет дәйектеді. Кейіннен бұл тақырып Ә.Қайдардың Қазақстан Республикасының Президентінің атына жазылған «Кемел елге, кемел әліпби керек» атты ашық хат түріндегі мақаласына ұласып («Ана тілі» газеті, 1993 жылғы 30 желтоқсан), қазақ-латын әліпбиінің ілкі жобасы алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылды. Бұл жоба 1993 жылғы наурыздың 8-10-ы аралығында және тамыз айында Анкарада өткен алты мемлекеттің (Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан) түрк тілдеріне қолайлы да ортақ бола алатын латын әліпбиін талқылауға қатысты бас қосуларда қабылданған 34 әріптің негізінде жасалынған еді. Түркияда өткен сол жиындардың нәтижесінде, әр елден қатысқан көрнекті ғалымдар: «34 әріптен тұратын бұл әліпби түрк халықтарының бәріне ортақ, оны әр ұлт өзінің тілдік ерекшеліктеріне орай қажетінше өзгерте алады», – деген келісімге уағдаласып, оған Қазақстан атынан академик Ә. Қайдардың өзі қол қойған-ды. Академик жобасындағы 27 әріптен тұратын әліпби де бар түркке ортақ әріптер негізінде қазақ тіліндегі барлық ерекшеліктер ескеріле отырып жүйеленген таңбаларға саятын.

Сол кездерден өзінің қолайлы, орайлы сәтін күтіп жүрген бұл мәселе – ақырында 2017 жылдың 26 қазаны күні Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығымен қорытындыланды. Халқымыздың қуатты қолдауына ие болып, қалың жұртшылық тарапынан кеңінен талқыланған латын әліпбиінің алғашқы нұсқасына өзгеріс енгізу туралы 2018 жылдың 18 ақпаны күні қосымша жаңа редакцияның қабылдануы да латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің болашағы жарқын, ғалымдар мен мамандар тарапынан баршаның көңілінен шығатын түбегейлі нұсқа жүйелену үстінде екенін көрсетеді.

Сөз жоқ, латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін аса маңызды өркениетті шешім. Ол сонымен бірге, қазақ тілінің өз ерекшелігіне сай дыбысталу жүйесін қалпына келтіру, табиғи таза қалпын сақтау, басы артық жат әріптерден арылу, тіліміздің үндестігіне сай дұрыс емле жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілінің халықаралық білім мен ақпарат кеңістігіне кірігуіне, түбі бір түрк дүниесімен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты кеңейтуге жол ашады...

\*\*\*

Осы ретте «Қазақ ақпарат агенттігі» Ұлттық компаниясы (қазіргі «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі) қазақ редакциясының 2004 жылдың сәуір айының өзінде мемлекеттік тілдегі жаңалықтарды елімізде тұңғыш рет латын әрпімен таратуды қалай жүзеге асырғаны туралы сөз еткіміз келеді.

Бұл идеяның әуелде өмірге келуіне – атажұрттың әр хабарына сусап, ынтығып отырған шет елдердегі қандастарымызға Қазақстан жаңалықтарын қалай жеткізсек екен деген жанашырлық мүдде түрткі болған-ды. Сырттағы қазақтардың көбі, әсіресе Қытайдағы қалың қазақ төте араб жазуын, ал Еуропа, Түркиядағы қандастарымыз латыншаны пайдаланатындықтан, біз қолданып жүрген кирил әрпін танымайды. Іргедегі Өзбекстан да бірден латыншаға көшіп кеткендіктен, ол елдегі қазақтың кейінгі толқыны өз-өзінен латын әрпінде сауат аша бастады. Демек, шеттегі қандастарымыз үшін Қазақстан хабарларын агенттік сайты арқылы латын әрпінде жеткізіп тұру тиімді болатыны анық. Осы мақсатпен агенттіктің компьютерлік технология мамандарына қазақ тіліндегі жаңалықтарды автоматты түрде тікелей латыншаға ауыстыратын бағдарлама жасауға тапсырыс беріліп, ол сынақтан өтіп, кем-кетік жерлері түзетілгеннен кейін, 2004 жылғы сәуірдің 14-інен бастап, латынша сайтымыз толыққанды іске қосылып кеткен еді.

Енді қай латыншаны таңдадық дегенге келсек, біз бұл ретте жоғарыда тілге тиек етілген, әуелі «Ана тілі», кейіннен «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған академик Ә. Қайдардың жобасын, бір-екі әрпіне ғана өзгеріс енгізе отырып, негізге алғанды жөн көрдік. Сол кезде Түркияда осы әліпбимен

Жамбылдың жырлары басылған екен, оқығанға ауырлық тудыра қоймайтыны аңғарылды. Және сол нұсқаның жеңілдігін бүгінгі күнге дейін «ҚазАқпарат» сайтында латынша шығып тұратын сайттан да байқау қиынға соқпайды. Агенттіктің бұл латыншасы қазіргі кезде мамандар арасында «ҚазАқпараттық нұсқа» деген атпен белгілі.

«ҚазАқпараттың» латынша сайты дүниеге келісімен бұл бастама көпшіліктің зор қолдауына ие болды. Ол қазақ тілді сайт оқырмандары санын күрт арттырды. Ақпарат құралдары айтулы жаңалықты: *«ҚазАқпарат» мемлекеттік тілдегі хабарларды интернет желісінде латын жазуымен шығаруды қолға алды», «ҚазАқпарат» хабарларын латын әрпімен тарата бастады», «ҚазАқпарат» сірескен сеңді бұзды» деген тақырыптармен сүйіншіледі. Басылым беттерінде бұл бастама – «шеттегі 5 миллионға жуық қазаққа жасалған зор құрмет», «мемлекеттік тіл аясын кеңейтуге мол үлес қосатын жоба», «келешек – латын әліпбиінде, интернет жүйесінде қазақ тіліндегі хабарлардың әлемге ортақ әріппен таралуы, сөз жоқ, сырттағы қазақтар үшін үлкен жәрдем», «бұл әлем қазақтары ғана емес, ортақ тіл мен ортақ түсініктегі түрк тілдес бауырларымыз үшін де қажетті бастама, латын әліпбиі олардың қазақшаны үйренуіне де молынан жәрдем берері анық», деп жоғары бағалап жатты.*

Мәселен, қазақтың қоғамдық ойы мен руханиятында өз орны бар Әлихан Бәймен мырза: *«ҚазАқпарат» агенттігінің қазақша хабарларды латын жазуымен тарата бастауы – оның мемлекеттік тіл саясатына көрсетіп отырған үлкен қолдауы», – деп атап көрсетті. – Тәуелсіздік алғанына 12 жылдан асып, әлемдік қауымдастыққа таныла бастаған біздің мемлекетіміздің Қазақстан деген атауын дүние жүзі басқаша, оның орыс тіліндегі дыбысталуымен, «Kazakhstan», яғни «Казахстан» деп қате оқиды. Ол әрине орыс тілінен алынған атау. Ал бұл өзімізше дұрыстаған қалпымыз. Әйтпесе, әу баста әлемге өз елімізді мүлде басқаша атпен танытып, «Kazakstan» деп те жазған кезіміз болған. Біз казах та, казак та емес, қазақпыз ғой. Міне осы мәселе, қабырғамызға батып жүргенде, Қазақ ақпарат агенттігі сол олқылықты тұңғыш рет қалпына келтірді. «Қазақстан» сөзіндегі «Қ» қарпін латыншамен жазғанда «Q» қарпімен өрнектеп, «Qazaqstan» деп жазды.*

*Демек, латын жазуының салмағын білетін әлем жұртшылығы ендігі жерде «ҚазАқпараттың» үлгісімен, Қазақстанның атауын дұрыс айтып жазатын болады. Енді «ҚазАқпараттың» бұл бастамасын еліміздегі басқа да қоғамдық ұйымдары мен ақпарат құралдары көтеріп, одан әрі дамытса құба-құп», – деді ол баспасөз бетінде білдірген пікірінде.*

Сондай-ақ бұл жобаны аса зор қуанышпен қабылдап, бірден жүрекжарды лебізін білдірген адамның бірі – шеттегі қазақтар арасындағы көрнекті тұлға, талай жыл Еуропадағы «Азаттық» радиосы қазақ бөлімінің басшысы қызметін атқарған қаламгер Хасан Өралтай ақсақал болған еді. Ол кісі сонау Германияның Мюнхен қаласынан ҚазАқпарат агенттігі қазақ редакциясының жетекшісіне, яғни осы жолдардың авторына электрон пошта арқылы латыншамен жіберген хатында: *«Үлкен істі бастап отырсыздар, сырттағы орыс қарпін танымайтын ел Қазақстанның жаңалығын біле алмай қиналушы еді, ганибет болды. Латын қарпі болашақта дүйім түрк жұрттарының бірлігіне, ынтымақтастығына қызмет етуі тиіс. Сол жолдағы қадамдарыңызға сәттілік тілеймін»,* – деп алғысын білдірді. Біз де өз атымыздан ол кісінің жедел пікір жолдағанына рақмет айтып, жауап хат жаздық. *«Сіз сияқты ірі тұлғалардың біздің бастамамызға қолдау жасағанына ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің «Елім-айлап өткен өмір» атты кітабыңызды қызыға оқыдық. Көп нәрсені байқағыштыңызға, туындыңыздың желісін оқырманды жалықтырмайтындай етіп өре білетініңізге, ұлтыңыз үшін отқа түсетін ерлігіңізге, кісілік келбетіңізге риза болдық... Әлем қазақтарының тілін, ділін, дәстүрін ұмытпай, біртұтас халық болып өмір сүргені – бәріміздің арманымыз. Біз де сол ұлы мақсат жолындағы күреске өз үлесімізді қосуға ұмтылудамыз»,* деген тілегімізді білдірдік. Бір қызық жайт, біз бұл хатымызды әуелі өзіміз қолданып жүрген кирил әрпімен жіберген едік. Ертеңіне Хасекеңнен хабар келіп тұр. *"Жіберген хаттарыңызды еш аша алмадым, әріптер танылмайды",* депті. Сол хатымызды дереу латыншаға айналдырып, қайта жіберген едік, іле-шала "енді оқылды" деген хабар жетті. Артынша біздің тарапымыздан Өзі жөнінде айтылған пікірлерге ризашылығын білдірген жауап келді.

– Хатыңызды алып қуандым. Елден келген, қазақтық сана-сенім аңқыған дүниелер мені ылғи да қуантады. Рақмет! – деп бастапты хатын Хасекең. - Сізді сыртыңыздан жақсы білемін. Сіз ашқан «Ана тілі» газетінің алғаш саны шыға бастаған кездегі (Қазақстан тәуелсіздігін алмай тұрған шақтағы) нөмірлерін біз «Азаттық» радиосында: «Қазақ тілі енді қатарға қосылар» деп ерекше үміттеніп, газеттің әр нөмірі жөнінде радиода арнайы бағдарлама беріп, оны дәріптеп таныстырушы едік. Тәуелсіздіктің алдында Алматыға барғанымда (1991 жылдың көктемінде), жігіттер маған газеттің коллекциясын сыйлаған-ды...

Латын әрпімен хабар таратуға кірісулеріңіз, ишшала, игілікті істің бастамасы және күнделікті, апталық газеттер мен журналдарға да үлгі болар деп үміттенеміз. Латын әрпімен шыққан кітаптарды да көрерміз. Өзіңіз де жақсы білетіндей, бұл латын әрпі орыстануға қарсы жақсы қорған және ұлттық ақша, тағы басқалар сияқты Ресей жақтағы шекара күзетшісі...

Бұл бастамаға еңбегі сіңген барлық қазақтық қаны, ұлттық сана-сезімі бар бар туыстарды құттықтаймын. Аналарыңның ақ сүті – ана тілдеріңді ардақтаңдар, аяқ асты жағдайдан құтқарыңдар, деген тілек білдіремін, – деп ағынан жарылды.

Хасен ақсақал бұдан кейін де бізбен тығыз қарым-қатынаста болып, өзінің мақалаларын жіберіп тұрды. Қазақстанның ақпарат құралдарында ҚазАқпараттың латынша сайты жөнінде жылы лебіздерін білдіріп жүрді. Мәселен, 2007 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан мақаласында ол былай деп жазды.

– Бабалардан жеткен "ауру қалса да, әдет қалмайды" деген мәтелдің орынды айтылғанын өз өмірімде күнде көріп отырамын. Ұзақ жылдар бойы радиода істеп, хабар таратқан және оны басқарған кезімде күндіз-түні әлемдегі барлық басты ақпарат агенттіктерін қадағалап, олар жариялаған хабар-мәліметтерді салыстыра отырып іріктейтін жұмыс бабы үйреншікті әдетке айналыпты. Жетпістің ортасынан өтіп, сексенге өрлеген қазіргі зейнет демалысымдағы өмірімде де күн сайын интернеттің басынан тұрмай, бейне бұрынғы жұмыстағы кезімдегідей ақпарат агенттіктері хабарларын, баспасөзде жазылғандарды қадағалап оқимын. Мәселен,

ағылшын тіліндегі басты ақпарат агенттіктерді қысқаша шолып өткеннен кейін, Түркияға ауысамын. Оны бітіргеннен кейін Қазақстанға өтемін. Сонда бірінші қарайтыным – "ҚазАқпараттың" латынша сайты. Сол арқылы атамекенде болып жатқан қыруар жаңалықтарды көп ұзатпастан, жедел түрде біліп отырамын. Туған ел тынысынан жан-жақты хабар алудан кемістік көрмеймін.

Алайда, соның өзі, сырттағы біздер үшін аздық ететінін де айтқым келеді. Шынын айтқанда, интернет әлемінде шет елдерде тұратын біздер аңсап жүріп іздеп оқитын қазақшаның ауқымы өте тар болып тұр. Сырттағы біздер орысша білмейміз. Әрі алыс шетелдерде өмір сүретін қазақтардың бәрі дерлік Қазақстандағы қазіргі кириллице қаріппен жазылғандарды оқи алмайды. Сондықтан да осыдан бірнеше жыл бұрын "ҚазАқпарат" қазақ тіліндегі хабарларды латын әріптерімен де тарата бастағанда, қуанышым қойныма сыймай, "ҚазАқпарат" қазақ тіліндегі хабарларды латынша тарата бастады деп жан-жаққа жар салдым, "ҚазАқпарат" басшылығына құттықтау хат жолдадым. Ол хатыма агенттіктің қазақ редакциясын басқаратын Жарылқап Бейсенбайұлы жауап қайырған-ды. Кейіннен бір-екі мақалам да жарық көрді.

Содан бері шеттегі біздер, енді Қазақстан қашан "орыс әрпі" кириллицеден латыншаға өтер екен, қашан Қазақстанның қазақ тіліндегі газет-журналдарын латын әріптерімен оқыр екенбіз, қашан Қазақстан отаршылдық өктемдік кезінде еріктен тыс бойсұндырылған жағдайдан құтылар екен деп армандаумен келеміз. Ол дәме-арманымыз Елбасы Нұрсұлтан Назарбай мырзаның осыдан бірнеше жыл бұрын латын әрпіне көшу туралы мәселені көтергеннен кейін тіптен күшейе түсті. Бірақ ол да бер жағындағы атқарушы орындардың, он бес жылдан астам уақыт бұрын: "Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, пәленбай жылдан бастап Қазақстанда барлық іс қағаздары қазақша болады", – деп жариялаған заң-қаулылары сияқты іске аспай, сөз жүзінде қала бермесе екен, дейміз.

1991 жылдың маусым айынан бастап, 1997 жылға дейін жұмыс бабымен Қазақстанға 12 рет бардым. Ол кезде Алматыда қазақ тіліндегі газет-журналдар әр дүңгіршектен табыла беретін-ді. Арада 7-8 жыл өткеннен кейін 2005 жылы

және биыл (2007 жылдың сәуір айында) Қазақстанға барғанымда, Алматыда қазақ тілінде газет-журнал таба алмадым. Қазақша газет іздеп арнайы түрде Алматы әуежайына да бардым. Қасыма орысша білетін кісілерді ертіп жүріп іздедім. Жоқ! 2005 жылы Қазақстанға барғанда, отарбамен (пойызбен) Алматыдан Түркістанға және Алматыдан Астанаға соғып қайттым. Жолда бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрған қазақтарды әңгімеге тартып: "Қазақтың қазақпен орысша сөйлесуі ұят емес пе?", дедім. Оған олар: "Алдымен Парламенттегі қазақ депутаттар және қазақ министрлер қазақша сөйлесіп, елге үлгі болсын...", деп жауап қайырды.

*Ел болып өмір сүрудің түйіні – ана тілі екені даусыз.*

"ҚазАқпараттың" латын әріптерімен хабар таратуы өте дұрыс бағыт-бастама болды. Елбасы мәселе көтергеннен кейін, қазір қазақ латыншасына өтудің тиімді жолдары, ұтымды қаріптер жүйесі таңдалып жатқанынан хабардармын. Меніңше, елдің көзі үйрене беру үшін, осыған дейін ғалымдар мен мамандар сұрыптап үлгерген латынша қаріп түрін қазақ тілінде шығатын газет-журналдардың біртіндеп пайдалана бергені де дұрыс сияқты көрінеді. Мәселен, "Егемен Қазақстан" газеті әр күні бір бетін латын әріптерімен шығарса, басқаларға үлгі болумен қатар, тарих алдында да үлкен бедел иеленер еді, деп ойлаймын (Егемен Қазақстан. 2007. 11. 06).

Қазақ ақпарат агенттігінің 2004 жылдан басталған латын әрпіндегі сайт ашу бастамасын, көп ұзамай-ақ еліміздің басқа да ақпарат құралдары қолдап әкеткені мәлім. Бүгіндері біршама сайттардың латынша қосымшаларымен шығып отырғаны, соның дәлелі. Бұл бір жағынан, оқырман тарапынан осы әліпбиімен ақпарат алу сұранысы әуелден бар екенін байқатса да керек. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлық та қазіргі замандағы әлемдік даму үдерістерінің талабына сай дер кезінде қолға алынған, елімізді кемел болашаққа қол созуға ұмтылдыратын жарқын бағдарлама. Сол Жарлыққа сәйкес, қазіргі кезде қазақ әліпбиінің латын таңбасындағы бірыңғай стандартты нұсқасын түбегейлі жүйелеу, жаңа емле ережелерін қалыптастыру, латын әліпбиіне үйрететін мамандар мен мектеп оқулықтарын дайындауға кірісу

жұмыстары кезең-кезеңімен қолға алынып атқарылып жатыр. Елімізде 2025 жылға қарай іс қағаздары, мерзімді басылымдар, оқу құралдары, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастау жүзеге аспақ.

Ал Қазақ ақпарат агенттігі және оның бастамасына үн қосқан басқа да ақпарат құралдарының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын арттыру, әлем қазақтарына атажұрт тынысынан жан-жақты хабардар ету мақсатын көздей, әлденеше жылдар бұрын латынша сайттар ашқанын – бүгінгі күндері еліміздің саяси, қоғамдық өміріндегі тарихи оқиғаға айналып отырған «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа дейінгі дайындықтың бір парасы ретінде қабылдар едік.

\*\*\*

«ҚазАқпараттың» мемлекеттік тіл аясын кеңіту мүддесін көздеген сол бастамасының латынша жобадан кейін де өзінің сабақтас жалғасын тапқаны белгілі. 2009 жылдың қазан айынан бастап, ұлттық агенттіктің қазақ тіліндегі материалдар төте араб жазуымен де таратыла бастады. Қытайдағы 2 миллионға жуық қазақты атажұртпен аңсата қауыштырған бұл бастама да өз мақсатына жетті. «ҚазАқпараттың» ана тіліндегі оқырмандар санын күрт арттырған төте жазу жобасы, соңыра одан әрі дамытылып, төте жазумен шығатын «Қазақ руханияты» атты әдеби, мәдени, елтану порталын ашуға ұласты. Порталдың «Қазақ тарихы» айдарында қазақ тарихының ғылыми негізделген ықшам тараулары, өткенімізге қатысты тартымды мақалалар беріледі. «Әдебиет және өнер» айдарында қазақ әдебиеті мен өнерінің мәселелері, белгілі қаламгерлер мен өнер иелері туралы мақалалар, олармен өткізілген сұхбаттар ұсынылады. «Ұлттық салт-дәстүрлер» айдарында халқымыздың бай әдет-ғұрыптарына байланысты мәліметтер назарға тартылады. «Ата-тек шежіресі» айдарында қазақ шежіресінің тиянақты сараптаудан өткен нұсқалары жарияланады. Сондай-ақ «Әңгіме әлемі» (Қазақ әңгімелерінің антологиясы) айдарында қазақ прозашыларының таңдаулы әңгімелері іріктеліп әзірленеді. Қазірдің өзінде онда 60-тай жазушының 300-ге жуық әңгімесі орналастырылған. «Жеті ғасырдың жыр желкені» (Қазақ поэзиясының антологиясы) айдарында Қазтуған жыраудан бүгінгі күн ақындарына дейінгі



жеті ғасыр аралығында дүниеге келген таңдамалы өлеңдер жинақталған. Қазірге дейін 90-дай ақынның 900- ге жуық өлеңі орналастырылып отыр. «Балауса» (Балалар әдебиеті) айдарында – қазақ ертегілері мен аңыздары, тақпақтар мен жаңылтпаштар, ойын өлеңдері, балдырғандарға, мектеп оқушыларына арналған жырлар мен әңгімелер топтастырылған. «Дәстүрлі әндер мен күйлер» (Қазақ әндерінің антологиясы) айдарында қазақ күйлерінің тарихы, ерекшеліктері, күй аңыздары туралы материалдар, дәстүрлі әндер туралы зерттеулер салынады. Порталдың бар айдарларының материалдары ұдайы толықтырылып отыратындықтан, оқырман қазақ руханиятының жан-жақты жаңалықтарымен, жаңа туындылармен ылғи да қауышу қуанышына бөленеді....

*2018 жыл*



## БЕРІЛГЕН СҰХБАТТАР



## САНА СІЛКІНСЕ – АЛЫНБАЙТЫН АСУ ЖОҚ

– Өткен Наурыз мейрамы күні Өзіңіз тұңғыш бас редакторы болған «Ана тілі» газетіне 30 жыл толды. Сұхбатымызды да осы қазақ баспасөзіне жасындай жарқылдаған еркіндіктің лебін ала келген «Ана тіліне» қатысты әңгімеден бастасақ деймін. Әлбетте, газеттің ұйымдастырылу тарихы, оған өзіңіздің «Лениншіл жастан» (бүгінгі «Жас Алаш») келіп, қалай бас редактор болғаныңыз туралы бұған дейінгі сұхбаттарыңызда айтқаныңызды білеміз. Бізді қызықтыратыны, осындай газеттің жарық көруіне, тіпті дүниеге келуіне десек те болар, қандай алғышарттар ықпал етті? Сол кезең қарсаңындағы қазақ баспасөзіне, жалпы ақпараттық-идеологиялық кеңістіктегі ахуалға тоқталып өтсеңіз.

– Иә, өз басым еңбек жолымның бастапқы кезеңінде талай қаламгердің талабын шыңдаған жастар газетінің тәлім-тәрбиесін көргендердің бірі болғанымды әрдайым мақтан тұтамын. Бұл құтты ұстаханаға 1969 жылы ҚазМУ-дің (қазіргі Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетінің бесінші курсында оқып жүргенімде келіп, 1989 жылдың соңында ғана, «Ана тілі» апталығының ашылуына байланысты «өзер кетіппін». Біз «Жас Алаштың» ең бір дүрілдеген, таралымы 300 мыңнан асқан шағында қызмет еттік. Ол уақ – алпысыншы жылдарда Шерхан Мұртаза сынды ұлы редактордың кезінен бастау алған дүбірлі журналшылық өнер бәйгесін, сергек санаткер Сейдахмет Бердікүлұлындай ұлы редактор одан әрі өрістетіп әкеткен, газеттің әртүрлі тосын өрістерге еркін шыға алатын қабілет-қарымы, қилы-қилы ізденістерге баратын бұла мінезі, шығармашылық тұрғыдағы озық үрдістері мен жаңашыл талпыныстары молынан байқалған кезең болатын. Журналшылықтың сан қилы ізденістеріне мүмкіндік әперетін осы басылымда талай шығармашылық жобаларым жүзеге асты. Шоқандай ұлы тұлғаның ізін қайталаған сапарнамалық экспедициялар ұйымдастыруға мүмкіндік алдым. Кітаптарым жарық көрді.

Бәлшебектік билік үстемдік құрған әміргершілік заманның қатаң қадағаланатын қыруар шектеулеріне қарамастан, жастар газеті ұлт пен тіл тағдырына қатысты қайсыбір түйткіл мәселе болмасын, әйтеуір бір ретін тауып оқырман санасына жеткізудің жолдарын қарастыратын. Алайда отаршылдық құрсаудың қалам еркіндігіне тұсау салған қатал қысымы оған үнемі ырық бере қоймайтын. Ұлттық мәселелерді сөз ету, қазақ тілінің қамын жеу – «интернационалистік тәрбиеге қайшы, ұлтшылдық пиғыл белгісі» боп саналған; төл тарихыңның тереңіне үңілу, өткенінді білуге ұмтылу – «қазақ халқын нағыз өркениетке жеткізген сәбет өкіметінің ұлы жеңістеріне шәк келтіру»; орыс, кеңес отаршылдығы кезіндегі нәубеттерді қозғау, ұлтымызды қынадай қырған аштық зұлматын, Алаш арыстарын сөз ету – «аса ауыр қылмысқа» баланған зілмауыр заманның сансыз тосқауылы аяғыңды қия бастырмайтын. Ол кезеңдегі жалпы ақпараттық-идеологиялық кеңістіктің, әсіресе қазақ баспасөзіне қатысты ахуалдың жай-күйі осылай еді.

Тіпті Наурыз мейрамының өзі де тыйым салынған тақырыпқа жататын. Үстем партия оған да діни мереке ретінде қара таңба іліп қойған. Сонда да жастар газеті жылда осы күні арнаулы «Көктем нөмірін» үзбей шығарып тұрды. Мұндайда сол санда наурыз сөзінің көп қайталанып кетпеуі де кәдімгідей қадағаланар еді. Өйткені, бір жылдары соған орай жоғары жақтан «діншілдіктерің ұстап бара ма?» деген сыңайдағы зілді ескерту айтылғаны да есте.

Шығармашылық тұрғыда басқалардан өзін еркіндеу сезінетін жастар газетінің басындағы жағдаят осындай болғанда, сол кездегі республикалық, облыстық партия басылымдарына қатысты тосқауылдардың қандай сорақы деңгейде болғаны өз-өзінен шамаланар еді. Осы тектес қатаң тыйымдардың өзі жұрналшыларды нені жазу, нені жазбау керектігі жөніндегі дағдыларға көндіруге, екі шоқып, бір қарауға бейіл ішкі редакторлық сүзгіге ырықсыз мойынсұнуға мәжбүр етер еді. Алда-жалда артық-ауыс дүниелер кетіп бара жатса, ең соңғы елек – қырағы көз цензура қалт жібермей, қағып тастайтын.

Коммунистік биліктің ұлт тақырыбы мәселесін ерекше бақылауда ұстағаны мәлім. Ол бойынша да «кінәлілерді» табу, тамырынан қырқып, жазалап отыру шаралары өте-мөте

катігездікпен атқарылды. Сексенінші жылдардың ортасындағы қайта құру дүмпуімен басталған демократиялық жылымық баспасөзге біршама еркіндік әкелгендей болғанмен, оның әсері Қазақстанда әуелі көп біліне қойған жоқ. Сол кездерде Мәскеуден шығатын «Огонек» журналы, редакциямызға арнайы жаздырылып алынатын Латыш комсомолының органы «Советская молодежь» газетінің беттеріндегі неше қилы сең бұзар материалдарды оқи отырып, ондай дүниелерді Қазақстан мысалында жариялау мүмкін еместігін өкінішпен мойындайтынбыз.

Сөз болып отырған жылдары қазақ тарихы мен руханиятының қастерлі қойнауларына батыл барлау жасаған басылымдардың бірі – Ақселеу Сейдімбек жетекшілік еткен «Білім және еңбек» журналы еді. Дегенмен, көп ұзамай ол да қызылкөздердің құрығына ілінді. Бас редакторды 86-жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін басталған қаралау науқанына ұшыратып, жұмыстан босатты. Онымен қоймай, «қазақ ұлтшылдығын дайындаушылардың» бірі ретінде үш әріп мекемесі тарапынан жүріс-тұрысы аңдуға алынып, істі қыла жаздады...

Дегенмен, империяның күйреуі қарсаңында, Мәскеу тарапынан заман райына орай амалсыздан мұрсат берілген жариялылық пен сөз бостандығының әсері біртіндеп Қазақстан идеологиясына да өз ықпалын тигізе бастағаны байқалған еді. Шерхан Мұртаза басқарған «Қазақ әдебиеті» газетінің ел мен тіл еңсесін көтеруде бел шеше қимыл көрсеткені, Нұрмахан Оразбектің Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне редактор болып келгеннен кейін, бірінші беттің тас төбесіндегі «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген компартияның бұлжымас ұрансөзін қазақтың «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мәтелімен алмастырғаны да осы кезең. Билік тарапынан елдің бетін бері қарату үшін Наурыз мейрамына рұқсат берілді. Жаңаша ойлау саясатының қозғау салуы нәтижесінде 1988-89 жылдары ұлт тарихындағы аса елеулі оқиға – Алаш арыстары ақталып, еңбектері көп таралыммен басыла бастады. 1989 жылдың қыркүйек айында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Артынша халықтың зор қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамы құрылды...

Ұлт көкірегіне үміт ұялатқан осы дүбірлі уақыт толқынында «Қазақ тілі» қоғамының үні ретінде «Ана тілі» газеті дүниеге келген. Мен ол кезде «Жас Алаштың» жауапты хатшысымын. Бір күні таныс журналшы жігіт хабарласып: «Қазақ тілі» қоғамының басшылығы редакторлыққа адам іздеп жатыр, оң жамбасыңа келетін шаруа ғой, алдарынан өтіп көрмейсің бе?» деген ұсынысын білдірді. Ойлап қарасам, аптасына бір рет шығатын бұл газетті ел сүйетін басылымға айналдырудың реті әбден келетін сияқты көрінді. Газет қозғауға тиіс тіл мәртебесін арттыру мәселесі – ел рухын көтерумен сабақтас тақырып. Коммунистік биліктің бұйдасына байланған басқа ресми басылымдардай емес, қоғамдық ұйымның үні ретіндегі бұл тәуелсіз апталықта тілдің өткір мәселелерін сөз ете отырып, отарланған ұлт басындағы қор жағдайды да қаймықпай айтуға, бұрын жабық боп келген тақырыптарды бүкпесіз ашуға, тұмшаланған тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын қаузауға, ел санасын оятататын дүниелерді де жариялауға болады ғой, дегендей уәжге берілгенбіз...

«Қазақ тілі» қоғамының басшылары – академик Әбдуәли Қайдар мен оның орынбасары Өмірзақ Айтбайұлы да бұл пікірімізге құлақ асқан болуы керек, 1990 жылдың ақпан айының ортасында біраз үміткерлердің арасынан мені редакторлыққа бекіткендерін хабарлады. Газетті қалай шығаруды өз еркіме беріп, редакцияны Тіл білімі институтының мәжіліс залына жайғастырды. Төл жаңа жылымыз – 22 наурыз күні апталықтың алғашқы нөмірінің тұсауын кеспекке уағдаластық...

Әуелгі сандарынан-ақ қазақ баспасөзінде бұрын барланбаған тақырыптарды, ұлттың жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын, санасын сілкінетін мәселелерді батыл қозғауымен ғана емес, дағдылы қалыптан бөлектеу журналшылық машықтарды да ала келуімен ерекшеленген апталық жұртшылық назарына бірден ілікті. Беделі күннен-күнге өскен газетке жазылу барысының қарқынды жүргені сонша, бір-екі айдың ішінде-ақ өз жалақымызды өзіміз тауып, баспахана, қағаз, тасымал шығынын да қиналмай жаба алатын жағдайға қол жеткіздік. Нәбәрі тоғыз ай уақыттан кейін, 1991 жылдың 1 қаңтары күні «Ана тілі» 110 163 данамен тарады...

– Сол кездегі редакция құрамына қарасақ, кадр табу газет қағазын іздеуден қиын болмаған сияқты. Кілең мықтыларды жинапсыз, сонымен қатар жаңа есімдерді де жарыққа шығардыңыз...

– Әуелгілердің қатарында жастар газетінде әр жылдар бірге қызмет еткен, журналшылық қарымы өзіме жақсы таныс жігіттерге қолқа салдым. «Қазақ әдебиетінде» істейтін белгілі әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаұлы, секретариат секілді жауапты буынның майталман шебері Ертай Айғалиұлы, «Жас Алаштың» бөлім меңгерушісі Қонысбек Ботбай газеттің бағдары мен мақсатын білгеннен кейін бірден келісті. Жаңа есімдер дегенде, әуелі сол алғашқылардың сапында қызметке алынған Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер боп жүрген Ғарифолла Әнес пен Аманқос Мектеп сияқты жігіттер еске түседі. Ғарифолланың бұрын да азын-аулақ жазып тұратынынан хабарым бар-тұғын. Қаламгерлік иірімдерге икемділігі байқалатын. «Ана тілінің» бағыт-бағдарын түйсінгеннен кейін Аманқос екеуі түрктану мәселелері мен Алаш арыстарының ауыр тағдыр-талайына, мұраларына қатысты тақырыптарды біліктілікпен қаузап алып кетті.

Газет қызметкерлері кәсіби журналшылар ғана емес, әртүрлі басылымдарда мақалалары жарық көрген немесе редакцияға материалдарын жолдаған авторлар арасынан да іріктелді. Байбота Серікбайұлындай дарынды ақынымыз, тарихтың тереңінен інжу терген зерделі зерттеуші де екен. Бірер мақаласы жарық көргеннен кейін қызметке шақырып едік, ел назарын үйірер талай материалды төкті де тастады. Бірде мектепте мұғалім боп істейтін Болат Шарахымбай деген жігіт орыс мектептерінде қазақ тілі сабағының қалай өтіп жүргені жөнінде жазған проблемалық мақаласын өз қолымен алып келді. Авторды сәл кідірте тұрып, дереу материалмен танысудың нәтижесінде, қолтаңбасының ширақтығы ап-анық көрініп тұрған мұғалім жігіт бірден жұмысқа шақырылды. Кіші ғылыми қызметкерлердің шамалы нәпақасымен жүрген Дихан Қамзабекұлы, Шәмшәдин Керім, Амантай Шәріп секілді болашақ әдебиетші ғалымдар апталыққа жарты жалақылы жұмысқа алынып (қаламақысы да бар), осы құттыханада жазу қолтанбаларын қалыптастыру, материалдарды қорыту мен дайындаудың үлкен мектебінен өтті. Моңғолиядан

көшіп келген дәрігер Абай Мауқараұлы бірер мақаласы жарияланған соң газетке келу туралы ұсынысымызға қуана келісіп, мамандығын түпкілікті түрде қаламгерлікке ауыстырды. Газет талабына лайық дүниелері арқылы көрініп жұмысқа алынғандардың қатарына бүгінде белгілі журналшы дәрежесіне көтерілген Сәкен Сыбанбай мен корректорлықтан келген Раушан Төленқызын да қосуға болады.

«Ана тілі» газет-журнал саласында бұрыннан қызмет істеген біраз жігіттердің жаңа қырларын ашуға септесті. Мақсат Тәжмұрат, Мақсат Ізімұлы, Сағатбек Медеубекұлы, БақтиярТайжандар әлі күнге дейін апталық қабырғасында өткерген сол күндерін қаламгерлік қызметтерінің бір биігі ретінде әр кез еске алады. Жасы үлкен ағамыз, кезінде «Егемен Қазақстанда» бас редактордың орынбасары, «Сұхбат» экономикалық апталығының бас редакторы лауазымдарын атқарған қарымды қаламгер Сабыржан Шүкірұлын да «Ана тіліне» өзіміз тарттық. 1996 жылдың жазында қаржы тапшылығы салдарынан «Сұхбат» газеті жабылып қалғаннан кейін, Сәкеннің еш жерге өз аяғымен барып жұмыс іздей қоймай, үйінде жатқанын естідім. Арнайы телефон соғып: «Егер қомсынбасаңыз, «Ана тілінде» қызмет етуге қалайсыз? Құп көрсеңіз, Сіздің күнде редакцияға келіп тұруыңызды да қажет деп таппаймыз. Мақалаларыңызды үйде отырып-ақ жазуыңызға рұқсат береміз», – дедім. Ағамыз бірден келісімін берді. Бірақ еңбек тәртібінің ережесіне әбден үйреніп қалған Сәкен үйде жұмыс істегенді жөн деп таппай, редакцияға күнделікті келіп, елмен бірге хат қорытып, материал дайындаумен етене айналысқанды мақұл көрді. Майталман журналшы сол келгеннен апталықта он жылдай табан аудармай қызмет етіп, өзінің өткір мақалаларымен қазақ тілінің қамын жеген, ана тіліміздің дертіне дауа іздеген әйгілі қайраткерлердің бірі ретінде танылды.

Сондай-ақ газетке 1994 жылы келген Марат Қабанбай мен Жұматай Сабыржанұлы сынды қос саңлақтың шығармашылығын «Ана тіліне» дейінгі және кейінгі кезең деп екіге бөлер едім. Марат оған дейін балалар жазушысы ретінде көпке әйгіленген, прозалық кітаптары шет тілдерге де аударылған көрнекті қаламгер болатын. Бірыңғай шығармашылық жұмысқа кеткен оған тоқсаныншы жылдардың кералаң шағы жайсыз тиді. Кезінде



жастар газетінде бірге істеген, содан бері дос-жаран боп араласып жүрген адамның басындағы қысылтаяң жағдайынан жақсы хабардар болғаннан кейін, қызметке шақырып едім, қарсылық білдірмеді. Содан «Ана тілінің» қабырғасында қайта түлеген Марат шығармашылығының жұлдызы жарқырай жанып, ол өз дарынына әбден лайық «қазақ серкесөзінің Қабанбайы» атанды.

Жұматай Сабыржанұлы да солай. Торғай облысы тараған соң Ақмола қаласына көшіп келген, кейінгі істеген жұмыстарында көп береке болмай, өз сөзімен айтқанда «еш жер жолатпай қойған жұқсызды» апталықта өткірлігі мен көркемдігі қатар үйлескен бірер мақаласы жарық көргеннен кейін, жүзбе-жүз танысып жатпай-ақ сыртынан жұмысқа алдық. Алдында ғана Ақмоланың астана болатыны шешіліп қойылған. Болашақ елордада бір тілшіміздің жүргені дұрыс дедік. Содан былай Жұматайдың теріскей қазағының мүддесін қозғаған, әділетсіздік пен түрлі келеңсіздіктерге келгенде тигенін тіліп түсетін, ашық күнде найзағай ойнататын орай да борай мақалалары үздіксіз шыға бастады.

**– Сіздің журналистік-редакторлық қызметіңіздің мәні мен маңызы жағынан «Ана тілінен» бір кем түспейтін белесі Қазақ ақпарат агенттігі дер едік. Мұнда да іс жүзінде жаңа редакцияның, тіпті тұтас бір салалық бағыттың негізін қаладыңыз. Бәсекеге қабілетті қазақша ақпарат тарату ісін жолға қоюда қандай кедергілерді еңсеруге тура келді?**

– 1997 жылдың соңында Ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбайұлы министрліктің Алматыдағы филиалында қабылдауға шақырып жатыр деген соң, алдына жеткем. Бұл кезде газет «Қазақ тілі» қоғамының үні емес, мемлекет тарапынан қаржыландыратын басылымдардың қатарына қосылған. Яки министрліктің тікелей қарамағындамыз. Алтынбек ініміз әңгімені төтесінен қойды. «Сізді қайта құрылып жатқан Қазақ ақпарат агенттігінің (бұрынғы ҚазТАГ) қазақ редакциясының бас редакторы қызметіне тағайындағанды жөн көріп отырмыз», – деді. ҚазТАГ-тың қазақша материалдарының негізінен орысшадан аударылып шығатынын бұрыннан білемін ғой, тосын ұсынысқа аңтарылған қалпы: «Мен аудармашы емеспін ғой», – деппін. «Мәселе сонда боп тұр, Сіз ол жерге тікелей қазақша ақпарат дайындайтын мүлдем жаңа редакцияны

ашу үшін барасыз. Одан әрі агенттікпен бірге Астанаға көшесіздер», – деді жас министр. «Ана тілін» қимай, уәжімді айтып-ақ жатырмын. «Өзім сегіз жылдай мәпелеген перзентім ғой, әрі бұған дейін көрген-білгенім газеттің маңы, осы салаға бейімделгенмін, орнымда отыра берейін», дегендей сылтауларды көлденең тартқаныммен, Алтынбек көнетін сыңай танытпады. «ҚазТАГ-тың қазақшасы әлі күнге дейін аудармамен отыр. Баяғы компартияның кезіндегі сияқты, орыс тілінің жетегінде келеді. Соған намысыңыз келмей ме? Өзіңіз ұлт пен тіл мүддесі үшін күресіп жүрген жоқсыз ба?!», – деді. Осы сөзден кейін сылқ етпеске шара қалмады. Әрі қасарыса берсем, алдағы уақытта «Ана тілін» қаржыландыру жағына қауіп төнуі, одан басқа да бөгесіндер мен тосқауылдардың туындауы мүмкін-ау деген ойдың бір сәт басымда жүгіріп өткені де рас...

Агенттікте аз уақыт ішінде қазақ редакциясының сүйегі қаланды. Әуелгі сипаттары «Ана тілінде» жүргенде көрініс берген ұлт тіліндегі ақпараттық стилдің жатық үрдісін қалыптастыру мақсатын ұстандық. Ол жұмыс агенттік 2000 жылдың басынан елордаға көшіп келгеннен кейін одан әрі қарқын алды. Университетті енді бітірген үрпекбас түлектердің топшыларының қалай қатайғанын, солардың бірі болған Айбын, өзін де жақсы білесің. Өзіңмен қатар және сендерге ілесе ҚазАқпаратқа жұмысқа келген Ернұр Ақанбай, Қанат Тоқабай, Марлан Жиенбай, Арман Асқар, Руслан Ғаббас, Гүлмира Әлиакпар сияқты жастар көп ұзамай-ақ шашасына шаң жұқтырмайтын жүрдек ақпаратшылар қатарынан табылды емес пе. Бүгіндері олардың біразы сондарынан шәкірт ерткен майталман жүйріктерге, жетекші мамандарға, бас редакторларға айналып отыр.

«ҚазАқпаратта» жүрген кезеңнің көңіл тоғайтар бір сәті ретінде, 2004 жылдың сәуір айының өзінде-ақ мемлекеттік тілдегі жаңалықтарды елімізде тұңғыш рет латын қарпімен таратуды жүзеге асырғанымызды айтар едім. Бұл идеяның өмірге келуіне – атажұрттың әр хабарына сусап, ынтығып отырған шет елдердегі қандастарымызға Қазақстан жаңалықтарын қалай жеткізсек екен деген жанашырлық мүдде түрткі болған-ды. Қытайдағы қалың қазақ төте араб жазуын, ал Еуропа, Түркиядағы қандастарымыз латыншаны пайдаланатындықтан, біз қолданып жүрген кирил

әрпін танымайды. Іргедегі Өзбекстан да бірден латыншаға көшіп кеткендіктен, ол елдегі қазақтың кейінгі толқыны өз-өзінен латын қарпінде сауат аша бастады. Яки бұрынғы кирил әріпті сайтымызға қоса, шеттегі қандастарымыз үшін Қазақстан хабарларын латыншамен дереу жеткізіп тұрудың да тиімді болары анық. Осы мақсатқа орай, қазақ редакциясы өз бастамасымен қолға алған тірлікті, қазақ тілінің дамуына қырын қарайтын кей басшысымақтардың іштей қарсылық жасап, тосқауыл қойғысы келгеніне қарамастан, мемлекеттік тілдегі жаңалықтарды автоматты түрде тікелей латынша әріпке ауыстыратын арнайы бағдарлама жасату арқылы түйіндеп, 2004 жылғы 14 сәуірінен латынша сайтты толыққанды қалыпта іске қоса алды.

Латыншаға өту – әсіресе бүгінгі күні ел назарындағы елеулі мәселелердің қатарында саналып отырғандықтан, сол кезде «ҚазАқпараттың» қай латыншаны таңдағанын білу де қызықты болар. Біз бұл тұрғыда соған дейін дайындалып үлгерген, 1993 жылы әуелі «Ана тілі», кейіннен «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған академик Ә. Қайдардың нұсқасын (бір-екі әрпіне ғана өзгеріс енгізу арқылы) негізге алғанды жөн көргенбіз. Агенттікте жүзеге асырылған бұл латынша соңыра мамандар арасында «ҚазАқпараттық нұсқа» деген атпен танылып кетті... Бұл жаңалықты алғаш қуана қабылдап, шексіз ризашылығын білдіргендердің бірі – шеттегі қазақтардың көрнекті өкілі, «Азаттық» радиосын талай жыл басқарған қаламгер Хасан Оралтай еді. Мұны ана бір жылдары, Хасекеңнің өзі де «Егемен Қазақстан» газеті бетінде арнайы атап өтті.

«ҚазАқпараттың» мемлекеттік тіл аясын кеңейту мүддесін көздеген игі бастамасы латынша жобадан кейін де әрі қарай сабақтаса жалғасты. 2009 жылдың қазан айында агенттіктің қазақ тіліндегі материалдары әлемге төте араб жазуымен де таратыла бастады. Қытайдағы 2 миллионға жуық, Иран мен Ауғанстандағы әлденеше мыңдаған қазақты атажұрт жаңалықтарымен аңсата қауыштырған бұл бастама да өз мақсатына жетті. «ҚазАқпараттың» ана тіліндегі оқырмандар санын күрт арттырған төте жазу жобасы, соңыра одан әрі дамытылып, сол төте жазумен шығатын «Қазақ руханияты» атты әдеби, мәдени, елтану порталын ашуға ұласты.

– Мақтады деп сөкпеңіз, бірақ ізбасар інілеріңіздің өзі әлі күнге компьютерді жатырқап жүргенде, Сіз 2000 жылдардың басында-ақ ҚазААГ-тың ақпараттарын компьютерде жылдам өңдеп, түзетіп отырғаныңызға қуәміз. Қазір әлеуметтік желінің заманы, алайда сізді байқай алмай жүрміз. Әлеуметтік желіге шығу ойыңызда жоқ па?

– Бұрын мәшіңке басуды жақсы меңгергеніммен, газеттер ол кезде әлі компьютерлік техникаға көше қоймаған еді ғой. ҚазАқпаратқа келгенімде, оның толығымен заманауи жүйеге бейімделіп қойғанын көргесін, сәл тосырқаушылық болғаны рас. Жұмыс үдерісіне тез ілесу үшін компьютерді жылдам үйренуге тура келді. Әуелгі кезде мәтін жазу, редакциялау, сайтқа жіберу тәсілдерін ғана игеру жеткілікті болғанымен, интернет мүмкіндіктерінің күннен күнге кеңейе түсуі, біртін-біртін мені де ғаламтор әлемінің түпсіз қойнауларында жинақталған аса қымбат қазыналарға қол жеткізудің терең иірімдеріне үйіріп алып кетті.

Бұл әуелден ғылыми ізденістерге жақындау жүрген өз басыма тіптен тиімді болды. Кітапханаларға бармай-ақ интернетте орналастырылған ғылыми әдебиеттердің қыруар қорына жетудің мол мүмкіндіктері ашылды. Электронды кітаптардың арасында елімізден еш табыла қоймайтын, тек Мәскеу мен Петербордың байырғы ғылыми ордалары мен кітапханаларының сирек әдебиет қоймаларында ғана сақталып қалуы ықтимал, қасқалдақтың қанындай құнды мұралар да жетерлік. Әрі ғаламтор ұсынар ол артықшылықтардың аясы жылдан-жылға артумен келеді. Бұдан бірер жыл бұрын табылуы тіптен қиын кітаптардың, бүгінгі күні жүктеп алуға оп-оңай дайын тұрғанын көргенде тіптен риза боласың. Қалағаныңды жүктеп ал да, сақтап қоя бер. Кейінгі кезеңдерде жарық көрген зерттеу еңбектерімнің дені әртүрлі тақырыптар бойынша жүйе-жүйесімен жинақталған сол ғылыми әдебиеттердің арқасында жазылды. Қазіргі күні менің компьютерімнің жинақтауыш жадында түпнұсқадан pdf және djvu ж. т. б. форматтар арқылы жүктеліп алынған, кем дегенде екі мыңнан астам өзіме қажетті ғылыми әдебиет сақтаулы тұр. Және олардың саны алдағы уақытта одан әрі өсе берері анық. Осы арқылы Ресейдің ғылыми орталықтары, кітапханалары мен әртүрлі қорларының зерттеушілер үшін аса қолайлы жағдайлар жасап отырғанын аңғару қиын емес. Алайда

біздің елімізде шығатын кітаптардың электрондық нұсқаларын пайдалану ісінде мұндай колжетімділіктің көңілдегідей болмай тұрғаны байқалар еді. Бізде жүктеп алатын әдебиеттер саны көп емес. Қазақша кітаптардың көбі тек сол сайттың өзінде ғана парақтап оқу (*3d танысу*) форматына бейімделіп жасалғандықтан, пайдалануға қолайсыздық тудырады. Жүктеп алуға келмейді. Мұндай үлгіні интернет ұстамайтын жерде парақтап оқу да мүмкін емес...

Әлеуметтік желіде неге белсенді емесің дегенге келсек, ол төңіректі байқақтап көргенмін. Фейсбук желісі – қатысушылар өздерінің жаңалықтарын, пікірлері мен жазғандарын ортаға жайып салып отыратын, бірінің айтқанына екіншісі үн қосып немесе өз уәжін айтып, мақтауы мен даттауы қатар өріліп жататын ашық көзқарас алаңы екен. Уақытты көп жейтін сияқты. Бір адамның бөлісу парақшаларынан екіншісіне қызыға ауысып отыра берер болсаң, бар күнің сонымен де кетуі мүмкін бе деп қалдым. Содан соң өзіме аса қажеті жоқ-ау деп шештім. Онсыз да бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген дүниелерді ғаламтордан шолып шығудың өзіне бірер сағат кетеді. Жиналып қалған әдебиеттерді (әлгі жүктеп алған кітаптарды) оқуға, бірдеңелерді түргінектеуге тіптен уақыт қалмайтын болғасын, ағайын-туған, дос-жаранмен хабарласып тұруға тиімділеу деп тапқан *uatsan* желісімен ғана шектелгенді мақұл көрдім.

**– Иә, көзіқарақты оқырман сіздің ғалымдық қырыңызды да жақсы біледі. Шоқанды зерттеуден басталған ізденіс сізді біртіндеп арғы түрк ақиқатына дейін жетеледі. Бірнеше кітабыңыз шықты. Қазір немен айналысып жатырсыз?**

– Шоқантану тақырыбымен талай жылдан бері айналысып келе жатқан соң, бүгінгі сұхбатты пайдалана отырып, кейінгі кездері Шоқанның өміріне, өліміне қатысты нешетүрлі қауесет сөздердің көбейіп кеткеніне де тоқталғым келеді. Биылғы жылы туғанына 185 жыл толғалы отырған Шоқанның, ғылыми деректер бойынша, 1865 жылы өкпе дерті – туберкулезден қайтыс болғаны анық. Алайда ұлы ғалымымыздың қазасына қатысты қаншама дәйектер, құжаттар, естеліктер бар бола тұра, оның өлімі туралы «әдейі уланған», «оққа ұшқан» дегендей сан-саққа жүгіртушілік, тіпті ол 1865 жылдан кейін де өмір сүрген дейтін алыпқашпа әңгімелердің ауық-ауық қайталанып тұруы саябырсыр емес.

Мұндайда кей адамдардың, сол заман дереккөздерінде, Шоқанның жан досы, әйгілі саяхатшы, шығыстанушы ғалым Григорий Потанин және басқа замандастары қалдырған естеліктерде, оның бойында құрт ауруының белгілері бұрыннан бар болғанына қатысты жазылған айғақты дәйектерге ден қоймайтындығы аңғарылады. Потаниннің жазуынша, Шоқан Омбы кадет корпусының суық казармаларында алты жыл тұрған кездің өзінде-ақ, денсаулығын әлсіретіп алған, өкпе дертінің нышандары сол шақтан байқалған. *«Ол жаз сайын ауылына барып, қымыз ішіп, жас ет жеп, оңалып қайтып жүрсе де, кадет корпусын өкпе туберкулезі (чахотка) белгілерімен бітірді... Петербордың дымқыл ауа райы оның онсыз да әлсіз денсаулығын төмендеткені сонша, дәрігерлер оны дереу емделмесең болмайды, деп туған жеріне қуғандай етіп жіберді»*, – дейді Потанин өз естелігінде (Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1985. 5 т. А.: ҚСЭ, 363-б.). Шоқанмен Петерборда, Омбыда тығыз аралас-құралас болған ғалым Н.Ядринцевтің де айтары осындай. 1863 жылдың қысында Омбыда Шоқанмен әлденеше мәрте кездескен ол: *«Шоқанның денсаулығының әлсіздігі, өкпесінің дертті (чахоточный) екені анық аңғарылатын. Соған қарамастан ол тағыз да Петерборға баруға жиналып жүрді»*, – деп жазады (Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1984. 1 т. А.: ҚСЭ, 98-б.).

Алтынемелдің күнгейіндегі аға сұлтан Тезек Нұралиннің ауылын қыс кезінде мекен еткен Шоқанның 1864 жылғы 1 желтоқсанда Алматыдағы генерал Колпаковскийге жазған хатының соңында, ол өзінің науқасы жайынан да хабардар етеді. *«Менің кеудем ауырып жүр. Істеген жақсылығыңыз болсын маған құстыратын бір майдәрі немесе кеудемдегі іріңді босататын (тек сүлік емес) және тер шығаратын бірдеңе беріп жібере алмас па екенсіз»*, – деп көмек сұрайды (Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. А. ҚСЭ, 1985. 5 т. 166 б.) Ал 1865 жылғы ақпанның 19-ы күні жазған хатында (Шоқанның әзір бізге белгілі жазбаларының ішіндегі ең соңғысы) оның халінің нашарлай түскені тіптен анық байқалады. Ол соның алдында ғана Семей облысының әскери губернаторы қызметіне ауысқан Колпаковскийге: *«Сіз кеткен кезде маған суық тиіп жүр еді: көкірегім мен тамағым ауыратын. Тамағыма назар аудармай,*

*көкірегіме ем жасағам, енді көкірегім жазылған сияқты болғанымен, жұтқыншағымның ауырғаны сонша, асты әзер жұтамын, дауысым тіптен шықпай қалды. Верныйға жетуге жолдың ауырлығы мен жайлы көліктің жоқтығы мүмкіндік бермегендіктен, мен өзімді, қазақтың құшинаш-емшісінің қолына тапсырдым. Оның не дәрі ішкізіп жатқанын бір құдайдың өзі білсін. Әйтеуір қол қусырып өлгеннен гөрі дұрыс қой», – деп науқасының өршіген жайынан хабардар етеді (Сонда. 174 б.). Дәрігерлердің пайымдауынша, бұл нышандардың бәрі туберкулез ауруының белгілеріне жатады. Зерттеушілер оның соңғы хаттарының әлсіз қолмен қинала жазылғанына назар аударады. Онда Шоқанға тән әдеттегі жорға қолтаңбаның ізі әзер аңғарылады екен (Чокан Валиханов и современность. А.: Ғылым, 1988. 316-б.).*

Ол кезде емі жоқ туберкулез дертінің талай адамды жалмағаны белгілі. Ұлы Абайдың дарынды қос баласы Әбдірахман мен Мағауия да жап-жас шақтарында осы құрт ауруынан көз жұмған еді ғой. Жалпы Шоқан ғұмырын зерттеуге талпыныс танытқан талай адам әуелгіде аңғармай ұрынып қала беретін жылы қате көрсетілген екі құжат бар. Олар – Шоқан Уәлихановтың 1961-1972 жылдары жарық көрген алғашқы бес томдық шығармалар жинағының 1968 жылы шыққан 4-ші томының 444-446 беттеріндегі «Түркістан генерал-губернаторының әскери министрге баянаты» және «Бас штаб бастығының әскери министрге хабарламасы» деп аталған қос құжат. Алғашқысының жазылған уақыты 1865 жылдың 11 ақпаны, кейінгісі 1865 жылдың 7 сәуірі деп **қате көрсетілген**. Олардың мазмұнына қарағанда, «*штабс-ротмистр Уәлихановтың Жетісу облысы қазақтары арасында аймақ шырқын бұзатын сөздерді таратып жүргені, бұл іске оның қайнағасы, полковник Тезек Нұралиннің де қатысы барлығы... осы тектес зиянды әрекеттері үшін оларды жауапқа тарту қажеттігі, штабс-ротмистр Уәлихановты Қазақ даласында қалдырса, елге көп залалы тиюі мүмкін екенін ескере отырып, оны империяның ішкері жағындағы кавалерия полкіне ауыстырған жөн болатыны*», төндіре айтылады. Академиялық жинақта жарияланған дәл осы екі құжат – Шоқан ғұмырының соңғы жылына, оның өліміне қатысты талай

қауесеттің дүниеге келуіне түрткі болған басты кілттипанға саяды. Құжаттарда жазылған бұл жайттардың өз кезінде көп жұртты, тіпті шоқантануға бейіл берген біраз адамды иландыратыны сонша, олардың тарапынан да: «Осындай белсенді әрекетте жүрген адамды қалай науқас деп айтарсың, патша өкіметінің Шоқанды құртуға тырысқаны анық, яки әдейі қастандық жасалған, у берілген, атылған» деген, немесе «ол 1865 қайтыс болған жоқ, одан кейін де өмір сүрген» делінетін сан-саққа жүгірген жалған жорамалдарға жол беріліп қалады.

Ал мәселенің анығына келсек, **бұл екі құжат 1865 жылы емес, одан төрт жыл кейін – 1869 жылға қатысты деректерге саяды.** Шоқанның төртінші томы (1968 ж.) дайындалып жатқанда «**1869**» деген санның көне құжаттарда көмескі боп көрінген соңғы «**9**» таңбасы техникалық (немесе басқаша) себептерге байланысты «**5**» санына абайсызда ауысып кеткен. Әрі бұл құжаттардағы «штабс-ротмистр Уәлиханов» деп жазылған адам – Шоқан емес. Ол Шоқанның Уәлихан атасынан барып қосылатын туысы – Ғази (Сұлтанғазы) Болатұлы Уәлиханов. (Шоқан 1864 жылдың жазынан бастап ротмистр шенінде). Ғази да ағасы Шоқан сияқты Омбы кадет корпусында оқыған. 1859 жылы корнет шенімен бітірген соң, Омбыда, Тобылда, Петерборда, Алматыда атты әскер бөлімдерінде қызмет еткен. 1864 жылдың мамырында поручик Ғази Уәлиханов полковник Черняев басқарған Әулиеата жорығына қазақ милициясының командирі ретінде қатысқан. Маусым айының соңында Әулиеатадан Шоқанмен бірге оралып, Алатау округінің бастығы, генерал Колпаковскийдің қарамағында қызметін жалғастырған. Аға сұлтан Тезек Нұралин ауылында тұрақтап қалған немере ағасы Шоқанға жолығып кетіп жүрген. Сол сапарларының бірінде ол Шоқанның келіншегі Айсарының жақын сіңлісі, Тезек төренің қызы Қарашашпен танысып, кейін оған үйленіп, ол да аға сұлтанның күйеу баласы атанады. 1867 жылы штабс-ротмистр шенін алып, доғарысқа шығуға сұранып, содан екі жыл бұрын қайтыс болған немере ағасы Шоқан сияқты Тезек Нұралиннің ауылында тұрақтап қалады.

Орыс билігі Қашқар аймағындағы Жетішәр, Құлжа өңіріндегі - Тараншы сұлтандығы сияқты мұсылман хандықтарында өршіген көтерілістер ықпалына қазақтардың да еріп кетпеуін қатты



қадағалаған алпысыншы жылдардың соңында, Ғази Уәлиханов пен оның қайнағасы Тезек төренің де күдікке ұшыраған жайттары болыпты. Жоғарыда сөз болған қос құжатта айтылғандай, екеуіне: *«Жетішар билеушісі Жақыпбекпен байланыс орнатты, қарамағындағы елді Құлжаға көшіріп әкетуге үгіттеді, жергілікті халық арасында тиыштықты бұзатын зиянды әңгімелер таратты»*, деген айыптар тағылып, олар абақтыға шамалы уақыт жатып та шыққан көрінеді... Кейіннен Ғази ретін тауып Петерборға қызметке ауысып, сол жақта атты әскер полковнигі, генерал шеніне дейін өсіп, 1909 жылы империя астанасында дүниеден озған.

Бір қызығы, Шоқанның 1968 жылы шыққан 4-ші томындағы жылы қате көрсетілген бұл деректер өз кезінде көзі қарақты зерттеушілердің дәлелдеуі арқасында түзетілген де болатын. Сол себепті Шоқанның шығармалар жинағының 1984-1985 жылдарда жарық көрген екінші академиялық басылымына (жауапты редакторы Ә. Марғұлан) Ғази Уәлихановқа қатысты бұл қате құжаттар енген жоқ. Алайда алғашқы бес томдыққа абайсызда жылы шатасып кіріп кеткен осы қос қате дерекпен ғана танысу мүмкіндігін алған (яғни, оның кейіннен түзетілгенін білмейтін) шоқантануға қызығатын кей жұрт әлі де оны Шоқанға қатысты шын ақиқат ретінде қабылдап, кәдімгідей сеніп қап жүр. Ұлы ғалымымыздың өлімін сан-саққа жүгіртушілік, ол 1865 жылдан кейін де өмір сүрген делінетін алыпқашпа әңгіме осылайша оқта-текте қайталанудан танбай келеді...

Мұндайда тіпті сол жылдарға қатысты ғылыми деректерде, 1865 жылы Қазақ даласы мен Түркістан өлкесін басқарудың жаңа жүйесін жобалау жөніндегі Дала комиссиясына қатысқан белгілі тұлғалардың Омбыда генерал-губернатормен кездесу кезінде Шоқанның өмірден тым ерте кеткенін қамыға отырып еске алғаны, атақонысы Сырымбетке соққанда әкесі Шыңғыс пен анасы Зейнептің басына түскен ауыр қайғыларына ортақтасып басу айтқаны, күзде Алтынемел өңіріне жеткенде, Шоқанның мұңлы жесірі Айсарының отауына арнайы бас сұғып көңіл білдіргені, Қоянкөздегі Шоқанның саз кесектен тұрғызылған бейітінің басына барып рухына тағзым еткені (полковник Гейнстің 1865 жылғы күнделігі), сол жылдың қысында жарық көрген Орыс географиялық қоғамының жылдық есебінде» оның

туберкулезден көз жұмғаны туралы екі қазанама мақала жарияланғаны (авторлары Остен-Сакен, Ядринцев) қаперге алына да бермейді (Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1985. 5 т. 255, 263, 272-279-б)...

Қазір немен айналысудамын дегенге келсек, бірер жылдан бері Жошы ұлысының (Ұлық ұлыс, Алтын Орда) тарихына қатысты зерттеулерді қаузап жүрген жайым бар. Ертістен Дунайға дейінгі алып кеңістікті жалпағынан жайлаған бұл Ұлық ұлыстың дамуында қолдарына басты билік тұтқаларын ұстаған бектербектердің (ханнан кейінгі екінші лауазым, бектердің бегі, ұлықбек, ұлыби) атқарған қызметтері айрықша елеулі болғаны мәлім. Әдетте Алтын Орда құрамындағы қуатты иеліктердің ұлысбектері, әлеуетті түрк тайпалары көсемдерінің арасынан іріктеліп таңдалған бұл мансап иелері ханның ең сенімді серігі, мемлекеттің басты тірегі ретінде танылды. Бектербектерге ұлысты басқарудың күллі тетігі ғана емес, әскердің бас қолбасшылығы мен сыртқы істерге қатысты күрделі мәселелер де тікелей жүктелді. Түрк бектербектері арасында Өзбек пен оның баласы Жәнібек хан билік құрған, яки Жошы ұлысының күш-қуаты кенересінен асып-тасыған кезеңдерінде Құтлықтемір, Исабек, Нағанай сияқты тарихи тұлғалардың есімдері айрықша мәшһүр болды. Одан кейінгі уақыттарда Мамай мен Едіге бектербектердің ұлыбилік замандары дәуірледі. Әрқайсысы ірі-ірі түрк тайпаларының көсемдері болған бұл тұлғалар мен олардың ұрпақтарына қатысты деректердің қазақтың этникалық тарихымен сабақтасып жатқан тұстары өте мол.

Алтын Орданың Бердібек хан билігінен (1357-59) кейін белең алған (нар мойыны Бердібекте кесілген) әуелгі дағдарысы кезінен Ұлық ұлыстың ыдырауы басталды. Сонда Жошы ұлысынан алғаш бөлініп шығып тәуелсіздік алған иеліктердің бірі Хорезм ұлысы еді. *(Бұл өңір өз заманында Шыңғысхан әулетімен әуелден құдандал жұрт қоңырат бектерінің ениісіне берілген аймақ болатын. Сол себептен де осы тайпадан шыққан Құтлықтемір (1335 ж. көз жұмды), одан соң Нағанай (шамамен 1360 ж. көз жұмды) бастапқыда осы иеліктің ұлысбектері қызметін атқарды. Бектербектік лауазымдарының ара-арасында Хорезм билігіне де ауысып оралып отырды).* Бердібек дүниеден өткен сол 1359 жылы, Ұлық ұлыстың басынан бақ тая

бастағанын байқаған Нағанай ұлыби, өз балалары Құсайынсопы, Жүсіпсопымен бірге, Хорезм аймағы мен Сырдарияның төменгі алабын қоса қамтыған байтақ өңірді (астанасы Үргеніш, қазіргі Көнеүргеніш шәһары) өз әулеттеріне бағынышты дербес мемлекет етіп жариялады. Бұл ұлыс 1388 жылға дейін өмір сүріп, одан соң Ақсақ Темір империясының құрамына өтті. Он алтыншы ғасырдың басында Хорезм ұлысының билігіне Шайбан ұрпақтары келді. Жүз жыл шамасынан кейін мемлекет астанасы Хиуа шаһарына ауысуына байланысты, бұл ел тарихи деректерде Хиуа хандығы деп атала бастады. Шибан әулетінен кейін 18 ғасырдың басында билік жергілікті түрк тайпаларының (инақтардың) қолына өтті. Осы кезеңде олардың өздері хан тұқымдары болмағандықтан, таққа Шыңғысхан ұрпақтары, қазақ сұлтандарын арнайы шақырып, солардың атынан өз биліктерін жүргізіп отырды. 1760 жылдардан бастап Хиуа хандығының билігіне қайтадан Нағанай ұрпақтарының келу үрдісі байқалды. 19 ғасырдың басынан олар өздеріне хандық лауазымды заңдастырып алу арқылы, бір орталыққа біріккен қабырғалы мемлекет басыларына айналды. Содан 1920 жылға дейін ғұмыр кешкен Хиуа хандығын үзбей биледі...

Жошы ұлысының құрамына енген түрк тайпалары көсемдерінің Алтын Орда билігіне белсене араласқанын, олар дербес билік жүргізген өңірлердегі этникалық үдерістердің қазақ халқының тарихымен тығыз сабақтастықта өрілгенін айқын дәйектейтін осындай тақырыптарды қаузаудың өзі де қызғылықты емес пе. Қазір Ұлық ұлыс заманының осы қырларына қатысты жинақталған қыруар ғылыми әдебиетті қорыту, зерделеу аяқталып біткен сияқты. Енді тапжылмай отыру ғана қалып тұрғандай.

Биыл Жошы ұлысының 750 жылдығы. Осыған орай Ұлық ұлыстың тәуелсіздік алуының бастауында тұрған тарихи Талас құрылтайының өткен жері туралы да ойымды ортаға салсам деймін. Аталмыш құрылтайдың нәтижесінде Шыңғысхан құрған біртұтас Еке Моғұл ұлысының (Ұлы Моңғол империясы) ыдырап, оның құрамына енген Жошы ұлысы ғана емес, Шағатай, Өкөтай, Төле, Құлағу ұлыстарының да өз билігі өзінде болар дербес мемлекеттерге айналғаны мәлім. Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» жинағында аталмыш құрылтайды ұйымдастыруға

бас болған Жошы, Шағатай, Өкетай әулеттерінің ханзадалары 1269 жылдың көктемінде «Талас пен Кенжесінің көкорай шалғынында жиналды» деп жазылған. Қазіргі зерттеушілер бұл жерді бірде Қырғызстан жерінде немесе Қазақстан мен Қырғызстан аумағындағы Талас бойының бір жазығында өтті дегенді айтады. Махмұт Қашқари өзінің «Түрк сөздігінде» (1072–1074 жж.) «Кенжесі, Кенжесі сеңгір – Тараз маңындағы шәһардың аты, ол жер қытшақтармен шекарада» деп түсініктеме берген. Ал сеңгір сөзін – «тау биігі», «дуалдың шеті» деп ұғындырады. 19 ғасырдың басындағы хиуалық тарихшы Мунистың жазбаларында сеңгір сөзі «бекініс» деген мағынада қолданылған. Яғни Кенжесі сеңгір – Кенжесі бекінісі деген тіркес.

Қазақтың белгілі археологтары К. Байпақов пен М. Елеуов әртүрлі деректер мен археологиялық қазба нәтижелерін зерделеу арқылы, Кенжесі шәһарын Талас өзенінің төменгі ағысындағы Талас жазығында орналасқан Шаруашылық деп аталып кеткен мекендегі көне қала (ҮІІ-ХІҮ ғ.) жұртымен қисынды түрде сабақтастыра алды. Осы маңызды дәйекті ескере келе, әйгілі құрылтай өткен, яки Жошы ұлысы тәуелсіздігін алған жерді, бүгіндері Жамбыл облысы Талас ауданы аумағындағы әйгілі Талас жазығы деп нақтыласақ жөн болады. Және бір назар аударарлық жайт, табиғаты әсем осы жазық атақты суретшіміз Әбілхан Қастеевтің де қылқаламына шабыт бергенін қаперге саламыз. Әбекеңнің 1970 жылы майлы бояумен салған «Талас жазығы» деп аталған кең тынысты ғажайып туындысында дәл осы тарихи жер бейнеленген. Қазақтың Қастеевтей аса әйгілі суретшісі Талас жеріне шығармашылық сапармен келген кезде, оған қолқабыс жасап, жергілікті әкімшілік тарапынан қасында жүріп жан-жақты көмек көрсеткен азамат Досмұрат Шахзадаевтың айтуынша, панорамалы туындының арғы фонында сол Шаруашылық мекені (көне Кенжесі қаласы жұрты) орналасқан маңай сағымдала сұлбаланады...

– Сүбелі сұхбатыңыз үшін көп рахмет!

Әңгімелескен **Айбын ШАҒАЛАҚ**,

(«Egemen Qazaqstan». 2020 жыл. 10 сәуір)

## ӘР ХАЛЫҚ ӨЗІНІҢ ШЫНАЙЫ ТАРИХЫН БІЛУІ КЕРЕК

– Осыдан 142 жыл бұрын сәуір айында қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов дүниеден озды. Сіз 1975 жылы ұлы ғалымның Ыстықкөл сапарының ізімен жүріп өттіңіз. Соның нәтижесінде “Шоқан ізімен” (1977) деп аталатын алғашқы кітабыңыз жарық көрді. Кейін қазақтың ғұлама шығыстанушысы жайлы еңбектер сіз жазған «Жасын-тағдыр жарқылы» (1987) кітабымен толықты. Сол өзі әуелде қалай басталып еді?

– Ол уақытта мен «Лениншіл жас», бүгінгі «Жас алаш» газетінде істейтін едім. Шоқан сапары ізімен қайталай жүріп өту, ол ғұмыр кешкен мекендерде арнайы болу – осы жастар басылымның журналшыға жан-жақты мүмкіндіктер ұсынатын өз ерекшелігіне, оның басшысы Сейдахмет Бердіқұлұлының қолдауына байланысты туындаған сәтті жолығыс деп білемін. Сол арқылы алдымен 1975 жылы Шоқанның 140 жылдығына орайластырылып, оның 1856 жылы жасаған саяхатының маршрутын Аягөзден Ыстықкөлге дейін қайталап өттік. Одан кейін ғалымның 150 жылдығы тойланатын 1985 жылы оның туып-өскен, оқыған, еңбек еткен жерлерін аралап, біршама деректерге қанықтық. Көкшетау, Сырымбеттен бастап, Омбы, Петербор, Ыстықкөлдің айналасында болып, Шоқан өміріне қатысты мәліметтерді қайта пайымдадық. Мұрағаттарда отырдық. Шоқан салған суреттер мен сызба-карталарда сыры беймәлім тұстарды анықтаудың да сәті түсті.

Шоқанның барлық мұрасы түгел сақталмағаны мәлім. Барының өзі әуелде былайғы жұрттан құпия ұсталып, кейіннен ғана көпшілік кәдесіне жараған. Тұңғыш манастанушы ғалымның өзінің жазғандарынан түйетініміз – Шоқанның қазақ пен қырғыздың халық жырына арналған әлденеше дәптері болған. Егер олар бізге шашауы шықпай жеткенде, бауырлас қос халықтың әдебиеті үшін қандай олжа болған болар еді?

Ғалымның еңбектері ғана емес, сонымен бірге өмірінің де құпия сырлары әлі толық ашылған жоқ. Оның жеке басына

қатысты өмірбаяндық маңызы бар тұстарға да тереңдей үңілу қажет. Мәселен, Шоқан Қашқардан оралған соң, Петербор барып, есебін беріп, есін жиып, ауруынан сәл сауыққан соң Парижге баруға жиналатыны бар. Алайда сол жоспардың ақыры не болғаны белгісіз.

Сондықтан батыс әлемі үшін қатерлі Қашқардың қақпасын ашып, қазақ пен қырғызды қатар танытқан шығыстанушы Шоқан өмірінің қыр-сырын одан әрі тереңдей аша алғандай болсақ, оның тұлғасы тағы да биіктей түскен болар еді.

**– Шоқан ізімен жүріп жазған қос кітаптың жалғасы болар ма екен?**

– Иә, ондай ой бар. Қазір Шоқан жайында жаңа бір дүниенің басын қайыруға жинақталып жүрмін.

**– Сіз кезінде «Буырқанған бояулар» (1981) және «Әдеп әлемі» (1982) эссе кітаптарыңыз үшін қазақ тілді журналистер арасында алғашқы боп Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері атандыңыз. Ал «Ана тілі» газетінің алғашқы редакторы бола жүріп, «Қазақ шежіресін» шығардыңыз. Тоғыз жылдан бері «ҚазАқпарат» ұлттық компаниясы қазақ редакциясының бас редакторысыз. Былтыр «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты кітабыңыз жарық көрді. Жалпы, генеалогияға қатысты тарихи тақырыптарды қозғауыңызға не түрткі болды?**

– Кезінде түрк халықтарының шығу тегі мен түпкі түрк тілінің пайда болуына қатысты бізге мәжбүрленіп тағылған ғылыми үрдіс көп түйткілдің шешілуіне тұсау салғаны анық. Әр халық өзгенің жазып берген мәжбүр тарихымен емес, өзі өткерген шынайы тарихымен өмір сүруі керек. Шынында да, біз кіміз, қайдан шықтық? Тарихи тақырыптарды қозғаудың түрткісі осында жатса керек. Сол тарих әуелі өзгенің емес өз тілімізде жазылып, сосын керегіне қарай сұрыпталып, халықаралық тілдерге аударылып жатса, ол да табиғи үрдіс.

Кезінде 110 мың дана таралымға ие болған «Ана тілі» газеті ә дегеннен-ақ ұлтымыздың этнологиялық құндылықтарын насихаттауға жұмылды. «Ана тілінің» сол уақытқа дейін жартылай тыйым салынып келген қазақ шежіресін жинақтауды жүйелі түрде қолға алуын қалың жұртшылық та қостап, қолдап әкетті. Осы бастаманы халықтың өз тегін тануға жәрдемдесетін

шаруа деп қабылдаған оқырман тарапынан газетке екі мыңдай шежіре түсті. Біз сол шежірелерді ғылыми деректермен салыстырып, іріктеп, сұрыптап, жүйеге түсіріп жариялауға тырыстық. Сол ұмтылыстың нәтижесінде 1994 жылы «Қазақ шежіресі» кітабы жарық көрген еді.

Қазақтың этникалық тарихын зерделеуге деген бұрыннан бойда бар қызығушылық осы зерттеу еңбекті атқару барысында одан әрі өршігендей болды. Дереккөздер әлеміне сүңгіген сайын, еуроцентршіл көзқарасқа кереғар дәлелдерге жолықтық. Сондайда үндіеуропалық тілдерде сөйлейді деген қауымдарды зерттеген еңбектерде арғы түрк жұрттарына қатысты көптеген дәйектердің ұштығы шығып жатты. Ынсапты зерттеушілер көне тарихтағы алтайлық қауымдарға тән сүбелі үлесті тұспалдап болса да жеткізіп отырған екен. Олардың қазақ жері, оның батысы мен оңтүстік бетіндегі іргелес мекендерде тас дәуірі заманынан басталған тарихи кезеңдерді зерделеген жұмыстары біршама жайлардың бетін ашуға жәрдемдеседі. Мәселен, генетика ғылымының соңғы жетістіктері де көптеген қауымдардың түрк тегінен шығатындығын көрсетеді.

Қазір Америка және Ресей ғалымдары бірлесіп, Орталық Азияның бір кезде Америкадағы үндістердің де түп мекені болғанын дәлелдеп отыр. Мәселен, Ресейдегі Вавилов атындағы жалпы генетика институтының зертхана меңгерушісі Захаров пен оның шәкірттері үндіс пен түпкі алтай, түпкі түрк қауымдарының әуелгі тектестігін генетикалық тұрғыдан тапжылтпайтындай етіп дәлелдеп тастады.

Түрк тілі мен этногенезінің тарихын бірден 40 мың жылдай уақытқа созуға мүмкіндік беретін бұл генетикалық жойқын жаңалық ешкімді бей-жай қалдырмасы анық еді. Бұл – Америка құрылығына тарап кеткен жұрттардың бір-біріне жуықтайтын диалектілерде ұғынысқаны жөнінде бұрыннан айтылып жүрген топшылауларды бекіте түсті. Сондықтан түрк және үндіс тілдері арасындағы ұқсастықтар кездейсоқ болудан қалатын түрі бар. Бұның бәрі де Аляскаға қарай 30-40 мың жылдай бұрын өткен адамдардың тікелей ұрпағы ретінде танылатын Орталық және Оңтүстік Американы жайлайтын майя, астик және кечуа халықтарының сөздік қорларында түрк тіліне жақын

мысалдардың кездесуі – олардың түп-тек төркінінің тарихы азиялық атамекенмен байланысты екендігін көрсетеді.

Молекулярлық генетика ғылымындағы ДНК зерттеулері есті адамдардың – Homo сапиенстердің Африканы мекендегенін аңғартады. Сол төңіректе мекен қылған жұрт өзара ностра тілдері аясына топтасатын диалектілермен ұғынысқан. Оның өзі шығыс ностра және батыс ностра тілдері болып екіге бөлінеді. Кейін Африкадағы адам жұрағаты шығысқа қарай қоныстанады. Олардан қалған археологиялық артефактілерден шығыс ностралық, түпкі түрк жұрттарына тән ортақ дәстүрлер мен үрдістердің көмескі сілемі сайрап жатқанын көреміз. Сол негізде орта палеолит дәуірінде өріс алған этнотектік лықсулардың шиырлы іздеріне түсуге ниет етіп едік, соның нәтижесінде «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» кітабы жазылды. Онда Орталық және Ішкі Азияда, Оңтүстік Сібірге тас дәуірлерінде қоныстанған жұртты жай әшейін алғашқы қауымдық адамдар деп емес, алтай-оралдық тіл салмағы басым тек-төркін ретінде мойындау керектігі айтылады. Содан бастау алатын Орталық Азиядағы ежелгі мәдениеттер түзілімі кейін *көнешұңқыр, ботай, андрон, сақ-скиф* қауымдастықтары мәдениетіне ұласқан болатын.

– **Арилікпіз дейтін ирандықтар өздерінің түп-тегінің Сібір, Орталық Азия жерінен ауғандығын айтады. Ал өздерін көне сақтардың ұрпағымыз деп есептейтін тағы бір қауым жұрт бүгінгі Иранның Систан (Сақстан) жерін мекендеп, «сәкз» деп аталатын тілде сөйлейді. Сәкз тілі құрылысы жағынан парсы тіліне жақын болғанымен, сөздік қоры жағынан түрк тіліне ұқсайды. Сонда ариліктердің кім болып шыққаны, ал сақтар қай тілде сөйлеген?**

– Ари – түпкі үнді-иран тілдерінде сөйлейтін тайпалардың жиынтық атауы. Түбірі – түрк тіліндегі «ер» сөзімен төркіндеседі. Орыс және Иран ғалымдарының өзі осындай тұжырымға келіп отыр. Демек, Ұлы даладан бүгінгі Иран, Үндістан жеріне қарай ауған арилердің (ерлердің) арғы түркілік ортаның да перзенттері екенін олардың сөз қоры айқындап бере алады. Бұндайда Ирандағы түрк жұрттарының өзін арилік деп тануы да назар аудартпай қоймайды. Соңғы жылдары Иран тарихшылары арасында ел тарихын ариліктердің ұлы көшінен емес, соның алдында Иран жерін мекендеген лулубе, кутуле және кастид деп



аталатын қауымдардан бастау керек деген пікір туындай бастады. Бұның өзі жорамалдар ақиқатын ашуға жәрдемдеседі. Ал сақ-скиф тайпалары мәдениетінің кейінгі түрк дәуірлеріне дейін ұласқан сабақтастығы – арнайы тоқталуды қажет ететін байтақ тақырып.

**– Осы зерттеудің жетілуіне не жетпей жатыр деп ойлайсыз?**

– Қазақстан, жалпы Орталық Азия ғалымдарының бұл тақырыпты зерттеуге жұмылып қатысуы жетпей жатыр. Тарих қазаны дүрілдеп қайнаған осынау ұлан байтақ аймақ ғалымдары арғы түркілер ақиқатына бойлайтын болса, Еуропа ғалымдарымен салыстырғанда, түйткілді тарқатуға табиғи жолмен келген болар еді.

**– Бұрын-соңды түрен түспеген тақырыпты қолға алыпсыз. Ауыр болған жоқ па?**

– Иә. Осындай күдігі мен күмәні мол тақырыпта шынайы ғылыми дәлелдерге ғана жүгіну керек болады. Сондықтан да тас дәуірлерінен бастап, сыр шертетін археологиялық, этногенездік қатпарлардан алтайлық, арғы түркілік сілемдерді, түрк этносы мен глоттогенезінің түпкі тамырларын түртінектеу кезінде ғылыми еңбектерге тән әдіс – сенімді дереккөздерге табан тіреп отырдық.

**– Бүгінде қоғамда латын әліпбиі орайында екі көзқарас қалыптасып отыр. Бірі – оны құп көрсе, екіншісі – қарсы. Араб графикасын, болмаса, Көк түрк жазуын қайта көтергендер де бар. Қарсылар латын ба, араб па, әйтеуір, басқа әліпбиді қабылдайтын болсақ, өткен 60-70 жылда жазылған дүниелерден айырылып қаламыз, оқылмай қалады деген уәж айтуда. Осыған қалай қарайсыз?**

– Латыншаға қайта оралсақ, кириллицада жазылған талай тарихымыз бен әдебиетіміз ұмыт қалады дейтін пікірлерді дұрыс дей қою қиын. Қазақстанда орыс тілі бар кезде, ол дүниелерді оқу соншама қиынға соқпайтыны анық жайт. Бүгінгі өскелең заманда латынды үйреніп, кириллицаны ұмыту да мүмкін емес. Орыс тілі үшін кирил әріптерін игеру керек екен. Ол бізде өзінен-өзі автоматты түрде шешіліп тұр емес пе. Ал латын әрпін қазірдің өзінде екінің бірі біледі. Латын жазуына жүгінбей, ешкім де ағылшынша үйрене алмайды. Сондықтан бұрынғы жазылғандар оқылмай қалады дегеннің жөні де, қисыны да келіп тұрған жоқ.

Латын әліпбиі туралы айтқанда, мәселе әлдебір қисынсыз жай емес, оған оралу турасында екендігін ескеруіміз керек. Сондықтан бұл – соншалықты бір тарқатылмайтындай түйткіл емес. Латын әліпбиі елімізде өткен ғасырдың 30-40-жылдар аралығында он жылдай қолданыста болған еді. Сондықтан ол бізге жат емес, қайта біз оны қолдану арқылы латын әліпбиін өзімізге бейімдеп, қайта жаңғыртатын боламыз. Ең бастысы, қазақ орфографиясын тіліміздің үндестік заңына сәйкестендіріп жөндеп аламыз, жат дыбыстардан құтыламыз. Одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Әрі осы уақытқа дейінгі қазақ тілінде интернетте электронды пошта жіберу кезінде туындайтын түйткілдерді латын әліпбиін қолдану арқылы шешкен болар едік. Біз латыншаға ораламыз ба, оралмаймыз ба деп жүргенде, көпшілік жұрт онсыз да, жүйесіздеу болса да, интернет арқылы хат-ошар алмасқанда латын транскрипциясын қолданып отыр. Осының өзі де латын әліпбиіне қайта оралудың қайырымы қаншалықты болатындығын көрсетеді.

**– Латын әліппесіне қайта оралу – латын әріптерін ілгерідегі нұсқасы бойынша қолдану дегенді білдіре ме, әлде оның жаңартылған нұсқасына жетелей ме?**

– Латын әліпбиіне ораламыз ба, оралмаймыз ба деген мәселенің қатарында оны қайтып қолданамыз деген жайдың талқылануы – әбден заңды. Қазір латын әліппесінің тілімізге бейімделген 50-60-тан астам нұсқа-жобасы әзірленіпті. Ал негізгі шешім қисынды сараптау-сұрыптаулардан кейін қабылдатыны хақ. Бұл, бізді шамасы латын әліпбиінің жаңартылған нұсқасына жетелейтін болса керек. Қоғамымызда осы мәселенің жан-жақты талқылануының өзі соны аңғартады.

**– Бұрын іске жараған жоба тұрғанда, басқа нұсқа іздеудің жөні қалай болар екен?**

– Осы ретте 30-жылдарғы латын әліпбиі нұсқасының компьютерге лайықталмағандығын ескермеске болмайды. Сондықтан да елімізде алдағы уақытта қабылданатын барлық жағынан икемді латыншаны лингвистер мен компьютерлік бағдарлама мамандары өзара бірлесе, ақылдаса отырып дайындайды деп сенеміз. Ол жобада бар мәселе жан-жақты пысықталып, аса күрделі компьютерлік операциялар кезінде де

кінаратсыз, кідіріссіз пайдаланыла алатын бесаспап әліпби әзірленуі тиіс.

– Осыдан тура үш жыл бұрын 2004 жылдың сәуірінде, қазақша айтқанда, Сіздің тізеге салуыңызбен «ҚазАқпарат» агенттігі Интернеттегі сайтында ана тіліміздегі жаналықтарды кирил және латын әріптерімен қатар бере бастады. Сонда қай нұсқаға тоқталған едіңіздер?

– Алдымен, бұл ұмтылысты сырттағы туыстарымыз қуана қарсы алғанын айтып өткім келеді. «ҚазАқпарат» пайдаланып отырған латын әліпбиі – 1990 жылдары түрк тектес елдердің тілші ғалымдарының Түркияда басқосуында пәтуаласқан ортақ жобаға сай жасалған академик Әбдуәли Қайдардың нұсқасы. Оның ортақ жобамен салыстырғанда, қазақ тілінің ерекшелігіне орай бір-екі әрпінде ғана айырмашылық бар. «ҚазАқпарат» кәдеге жаратып отырған латын әліпбиінің нұсқасы артық еңбекті, немесе уақытты қажет етіп отырған жоқ, материалдар сайтқа берілген сәтте бір демде автоматты түрде латыншаға аударылып шыға келеді.

Біз кирил әрпін алдағы уақытта да пайдалана беретін болсақ, қазақ тілді ақпараттың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыра алмаймыз. Латыншаға ауысу – әлемдік ақпараттар нарығына кеңінен араласуға мүмкіндік әпереді, жеделдік артады, Интернет аясындағы алыс-берістерде, сайт жарияланымдарда әріптердің ашылуында кідіріс болмайды, анықтамалық деректер мен мағлұматтарды пайдалану мүмкіндігі артады. “ҚазАқпарат” агенттігі осы мәселелерді ескергендіктен, қазір латыншаны толықтай кәдеге жаратып, одан ұтпаса, ұтылып отырған жоқ.

Сонымен қатар «ҚазАқпарат» сайтындағы латыншаның өзі де кириллицаны танымайтын өзге ұлт өкілдерінің қазақша үйренуіне қолайлы тәсіл екендігі байқалады. Мәселен, түрік туысқандарымыз осы сайтты оқу арқылы қазақшаны кәдімгідей меңгеріп алғандарын айтады. Яғни, латыншаның қазақ тілін үйренушілер үшін де тиімді болатын жақтары бар екенін байқаймыз. Қазақстанның дүниежүзі елдерімен ықпалдастық ауқымы жылдан-жылға артып отырған кезде, бұл да есте болатын жағдай.

– Кейбір мамандардың пайымдауынша, ана тілімізді латын әрпінде кестелеу – оның табиғатын сақтауға да

**септігін тигізетін сыңайлы. Біздің кирил әрпі аумағында қалуымыз – мемлекеттік тілдің кенжелеуіне әсер етеді дейтіндер бар. Сіз осыған келісесіз бе?**

– Келісемін. Кириллица ТМД аумағындағы елдерде ғана танылатын әріп. Қалған әлем негізінен латыншаны оқиды. Содан соң, біз басқа туысқан түрк елдері – Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерінің латыншаға көшіп кеткенін, Қырғызстан мен Татарстанның да соған қам жасап жатқанын ұмытпауымыз керек. Ертеңгі күні жоғары технология барынша дамыған кездерде, біз үйде отырып-ақ, сол жұрттардың басылымдарын, ақпараттарын, кітаптарын оқи алатын жағдайға жетеміз. Болашақта түрк халықтарының бірігуі мақсат тұтылып отырғанын еске алсақ, кириллицаға жабыса бергеннің жөні жоқ.

Латыншаға ауысу туралы сөз еткен кезде, елімізде қолға алынып жатқан электронды үкімет мәселесін де естен шығаруға болмайды. Бұл жүйе бойынша, мемлекетімізде бар іс қағаздар қатынасы электронды пошта арқылы жүзеге аспақшы. Аудан мен облыс, облыс пен республика, жергілікті мекемелер мен министрліктер, бұқара халық пен билік арасындағы байланыс жеделдеп, бәрі электронды түрде атқарылмақ. Дәл осындай жағдайда кирил-қазақ әріпті мемлекеттік тіл мәселесі орайында біраз түйткілдер туындайтынын тәжірибе көрсетіп отыр. Қазір электронды үкіметті дайындау жұмысымен айналысушылар латын-қазақ әрпін қолдансақ, барлық операцияларда қазақ тілінің қолданылуы мүлтіксіз жүреді дегенге тоқталып отыр.

Кирил әріптерінің қазақ тілінің адымын тұсайтын тұсын түсінетіндер оны орыс тілінің артықшылығы ретінде көрсетуге тырысады. Мәселен, бүгінгі жағдайда кирил әрпімен қазақша дайындалған мәтіндер компьютер бағдарламасының алуандығына байланысты барлық жерде оқыла бермейді. Ертең электронды үкімет толық салтанат құрған кезде, мемлекеттік тілді іс-қағаздарға енгізуге енжар адамдардың оны да “сыныққа сылтау” ететінін ескермесе болмайды. Сонда олардың: «қазақшаларың оқылмай жатыр, орысшамен жіберіндер», дегенді құлшына айтары анық.

Қазір интернетте кирил-қазақ әрпі бағдарламаларына қатысты жаңғыртулар жүріп жатқанымен, компьютерлік операциялар жүйесі мамандарының айтуынша, кириллицаға негізделген төл

әріптеріміз бәрібір нағыз мемлекеттік тіл деңгейіне сай атқарылатын күрделі жобаларды атқаруға толығымен жарай бермейді. Сондайда ондай жобаларды амал жоқ, орысша мәтінмен дайындауға тура келеді. Ал латын қарпі болған кезде, бұндай түйткілдердің туындамасы хақ.

Мемлекеттік тілді орнықтырудағы осындай кілттипандарды латыншаға ауысу арқылы әбден шешуге болады. Туыстас Түркия еліндегі сияқты барлық салаларда бесаспаптығымен танылып отырған жүрдек те икемді латын қарпі, еліміздегі электронды қарым-қатынас жүйесін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге біздің әлемдік Интернет технологиясына тереңдеп енуімізді де жеделдетеді.

Яғни, келешегімізді, өзімізбен тектес, туыстас халықтармен бірлігімізді, ықпалдастығымызды күшейтуді, әлемдік кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігімізді арттыруды ойласақ, мемлекеттік тіл арқылы Интернетте еркін шарлап, ақпарат кеңіне қол жеткізгіміз келсе, латыншадан сескенбеуіміз керек. Ол жан-жақты даму биігіне жетуге ұмтылып отырған еліміздің мүддесі үшін, оның басты құндылығы – тәуелсіздігі үшін және мемлекеттік тілдің болашағы үшін әбден қажет.

**– Латын әліпбиі орайында сізді ашық майданға шақырғандар болды ма?**

– Ашық майдан деуге келмес, дегенмен жиындарда, бас қосқан кездерде латыншаға оралуды қаламайтын ағайындардың маған жеке пікірлерін білдірген сәттері болды.

**– Әңгімеңізге рақмет! Сәттілік, табыс тілейміз.**

Сұхбаттасқан **Қуанышбек ҚАРИ**  
(«Айқын» газеті. 2007 жыл, 14 сәуір).

## ТҮРК ТІЛІ МЕН ЖҰРАҒАТЫНЫҢ АРҒЫ ТАРИХЫ 30-40 МЫҢ ЖЫЛДАРҒА КЕТЕДІ

— Сіздің бұған дейін Шоқан Уәлихановтың 1856 жылғы «Ыстықкөл сапары күнделігінің» ізін қайталап жүріп өту нәтижесінде туған «Шоқан ізімен», ұлы ғалым ғұмыр кешкен мекендер жайында жазылған «Жасын-тағдыр жарқылы», жаңаша заман суретшілері туралы эсселеріңіз жинақталған «Буырқанған бояулар», сондай-ақ «Қазақ шежіресі» және басқа да кітаптарыңыз жарық көрген. Енді міне, түпкі түрк тарихын қаузаған «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты зерттеу еңбегіңіз оқырман қолына тиіп отыр. Бұл еңбектің бастапқы газеттік нұсқасы алғаш рет «Нұр-Астана» басылымында жарияланғаны белгілі. Сіздің түрктану тақырыбына ден қоюыңызға, осы саланы тереңдеп зерттеуге бет бұруыңызға не себеп?

— Бәрі сол Шоқанға қатысты ізденістерден басталды десе де болады. Егер шындығына келсек, қазақтан шыққан алғашқы шығыстанушы, майталман түрктанушымыздың тап өзі Шоқан емес пе? Оның еңбектері қазақ түрктану ғылымының ең құнарлы беттерін құрайды. Түркологиялық зерттеулердің көкесі сол зерттеулерде жатыр. Сондықтан да Шоқанды зерделеп оқыған адамның түрктануға қызықпауы еш мүмкін емес.

Шоқан кадет корпусында оқып жүрген кездің өзінде А. И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен далаларының сипаттамасы» еңбегінің үш томын, чуваш жұртынан шыққан монах Н. Я. Бичуриннің (Иакинф әкей) сол кезде енді жарық көрген «Көне замандардағы Орта Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағы» атты үш томдығын, Клапроттың французша шыққан «Азияның тарихи карталары», Гумбольт пен Небольсин, Березин мен Миллердің шығыс тарихына қатысты шығармаларын, «Бабырнама», «Шайбанинаме», Әбілғазының «Түрк шежіресі», Қадырғали Жалайыридің «Жамиғ ат-тауарих» жылнамалар жинағымен тиянақтай танысып үлгерген алғыр шәкірт болатын. Шоқан 18 жасында-ақ сол кездегі орыстың көрнекті түрктанушысы, Қазан

университетінің профессоры И. Н. Березиннің өтініші бойынша, ол дайындаған «Хан жарлықтары. Тоқтамыс, Темірқұллық және Сағадатгерейдің тархандық жарлықтары» атты кітабындағы кейбір көне сөздердің мағынасын ұғындырып, үлкен ғалыммен терезесі тең пікір білдіріп хат жолдаған тұлға.

Шоқан – Абылай ханның шөбересі болғандықтан, «сұлтан балалары жеті тілді білуі керек» деген сөзге лайық тәрбиеленген зерек бітім. Оның замандастарының Шоқан білімдарлығын, түрк халықтары тілдеріне, французшаға, немісшеге жетік болғандығын, қазақ пен шығыс елдеріне қатысты сирек кездесетін нешеме құнды кітаптарды жинағанын таңғалыспен жазатыны да бекер емес.

Түрктану қатпарларын қаузауға түрткі болған тағы бір себеп – кезінде «Ана тілі» газетінде қызмет атқарып жүрген кезде, жер-жердегі көнекөз қариялардан, шежіреге жетік жамиғаттан газетке шежіре жинағанбыз. Біздің бастамамызды көзі ашық, көкірегі ояу қауым қызу қостап, қолымызға екі мыңдай шежіре келіп түсті. Сол жиналған мәліметтерді саралап, қорытып, бір арнаға тоғыстырып, «Қазақ шежіресі» деген атпен кітап етіп шығардық. Осы жұмыстарды атқара жүріп, қазақтың этникалық тарихын зерделеуге деген бұрынғы қызығушылық одан әрі үдей түсті десе де болады.

Халықтың, ру-тайпалардың тегін зерттейтін ғылым саласын этногенез дейді. Қазақ халқының арғы тегі түрк тайпалары ғой. Түрк халықтары Алтайда пайда болды деп жүрміз. Алайда олар Алтайға аспаннан түсті ме? Арғы тегі кімдер, қай заманнан бастау алады? Орыс ғалымдары әлі күнге дейін түрк халықтарының тарихын тым таяз тарқатып келеді. Мәселен, белгілі түрктанушы С. Г. Кляшторныйдың еңбектеріне қарасақ, түрк халықтарының тарихы үш мың жылдан әрі аспайды, өйткені одан арғы жағында тілдік мәліметтер кездеспейді. Орхон-Енесей атырабынан табылған көне түрк тілінде бәдізделген жазбалар YI-YII ғасырлардан ғана бастау алады. Осыны алға тарта келіп ол: «Демек, бұл жұрттардың тарихын, шыққан тегін, тілін сол кезеңдердің алдындағы жүзжылдықтардан ғана іздеген жөн», деген қорытынды жасайды. Бұрын-соңды шыққан ғылыми кітаптардағы әңгіме де осы мерзімді төңіректтейді.

Содан соң интернет аясына топтастырылған ғылыми әдебиеттер мен журналдады ақтарыстыра бастадық. Сөйтіп жүріп, Мәскеуде шыққан «Природа» ғылыми журналынан америкалық үндістердің генетикалық тегін нақтылайтын ДНК мәліметтерінің түрк халықтарымен бірдей екендігін дәлелдейтін зерттеу қорытындысына тап болдым. Бұл тұжырым түрк халықтарының тілі мен түп-тегі бұрынғы айтып жүргендей емес, әлдеқайда тереңнен тамыр тартатындығын айғақтайтын дерек еді. Яғни, түрк халқының этногенезі мен тілінің тарихын үндістер Беринг бұғазынан Аляскаға қарай өте бастаған бұдан қырық мың жыл бұрынғы уақыттан бермен қарай іздестіргеніміз ләзім. Осы тақырыптың соңына түсіп, одан әрі қарай қауза, үңгі бердік. Интернет аясында біздің ғалымдарымыздың көзіне түспей, тасаланып жатқан осы ақиқаттың ашылуына жәрдемдесетін талай ғылыми зерттеулер мен монографияларға жолықтық.

— **Осы еңбегіңізде айтылған «Америкалық үндістер — алыс туыстарымыз» деген тұжырымды кеңірек түсіндіріп, ғылыми дәлелдермен негіздеп беріңізші.**

— Жалпы, үндістер мен түрктердің тілдері ұқсас екендігі баяғыдан бері айтылып келе жатқан мәселе. Бірақ кеңес тұсында тілдік ұқсастықтарға аса мән берілмеді, тиісінше назар аударылмады. Ол әншейін кездейсоқ нәрсе, тарихта ондай-ондай ұқсастықтар бола береді деген желеулер айтылып, мойындалмай келді. Ал шындығында, тілдік ұқсастықтар — қос Америка құрлығын мекендейтін кечуа, майя, астик тектес үндіс тайпалары түрк халықтарымен алыстан туысуы мүмкін дейтін топшылаулардың ең негізгісі болатын. Орталық және Оңтүстік Американы жайлаған сол халықтардың сөздік қорында түрк тіліне жақын мысалдардың көптеп кездесуі — олардың жақындығының басты уәжі ретінде әрдайым алға тартылып тұратын.

Егер ностра тілдері теориясын еске түсірер болсақ, барлық тілдердің арғы түбі кіндіктес. Олар алғашқы адамдардың әлемге таралу барысында ғана бір-бірінен бөлектеніп, саралана бастаған. Түп ностра тілдері бұдан 70 мың жылдай уақыт бұрын Орта Шығыс аймағына шоғырланып, кейіннен батыс және шығыс ностра тілдеріне ыдыраған. Бүгінгі Иранның теріскейі, Орталық Азияны күнгейін мекендеген алтай-орал қауымдары батыс



ностра, Ішкі Азияда қоныстанғандары шығыс ностра тобына енеді. Мұз дәуірінің өзінде ауық-ауық жылымық кезеңдер орнап тұрғаны белгілі. Сол жылымық мыңжылдықтарда түпкі алтай, түпкі түрк жұрттарының Орталық Азия, қазақ жерін қоныстанған топтары өздері азық ететін аңдардың, мамонттар мен бизондардың, қойбұқалардың сондарынан ілесе жүріп, Беринг бұғазы арқылы Америка құрлығына ауық-ауық өтіп тұрған. Олар алдарындағы аңның артынан қара үзіп қала алмайтын, себебі ол бар тіршіліктерінің көзі, аңнан айырылса аштан өлетінін жақсы білетін.

Жыл санауға дейінгі, мұз дәуірі аяқталған 10 мыңжылдық шамасында Беринг «көпірі» су астына қайта шөгіп, қос құрлықтың арасындағы қатынас жолы жабылып қалғандығы да ғылымда расталған ақиқат. Түпкі түрк қауымдарының соған дейін жүріп өткен іздерінде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған археологиялық деректер бұрыннан белгілі болатын. Бірақ ғалымдардың дені табылған деректердің бәрін «этникалық тегі белгісіз» халықтардың мұрасына балап келген еді. Енді міне осыдан бірер жыл бұрын ғана жүргізілген ДНК зерттеулері – олардың негізгілерінің ж. с. д. 45-10 жылдар аралығында Орталық Азияның күнгеінен Аляскаға дейінгі алып аймақта ғұмыр кешкен түпкі алтай, түпкі түрк жұрттарынан қалған жәдігерліктер екеніне ден қойғыып отыр.

— **Бұрындары олардың түрк жұрттарына қатысты екендігінің айтылмау себебі неліктен?**

— Ғалымдар табылған мұралардың қай халыққа тиесілі екендігін білмеді. Білген күннің өзінде сол уақыт талабы бойынша, оларды түрк халықтарына тиесілі деп айта алмайтын еді, дәлірек айтқанда айтқызбайтын еді. Онда түрк жұрттарының тарихы тым тереңде жатқан ұлы халықтар боп кетеді ғой. Үндіеуропа тілді қауымдар деп жазудың реті келмейді, себебі ол жұрттар тас дәуірі замандарында Азияда өмір сүрген жоқ. Олар бұл құрлыққа жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықтар шамасында ғана келген. Сөйтті де, этникалық тегі белгісіз халықтардан қалған мұраларға балады. Ал сол мұраларға тән ежелгі үрдістер сілемі Орталық Азиядағы орта тас дәуіріндегі Балқантау, жаңа тас дәуіріндегі Келтеминар, Атбасар, мыстас дәуіріндегі Көнешұңқыр, Ботай, одан кейінгі андрон, арқайым.

бегазы-дәндібай, сақ, көне түрк мәдениеттерімен сабақтасып, тұрғылықты халықтардың тұрмыс-салттарында, әдет-ғұрыптарында, наным-сенімдерінде, мәдениеттерінде көрініс тауып жатқанын аңғаруға құлық танытылмады.

**– Яғни, түрктану ғылымының кеңірек қанат жаюына, тереңірек зерделенуіне, түрлі кедергілер көп болған сияқты. Түркологияның ақиқат жолдан ауытқуына кімдер мүдделі болды?**

– Түрк халықтарының түп-тегі тереңірек зерттелуіне еуроцентристік идея кедергі болды. Ол көзқарастағы ғалымдар адамзат тарихындағы бүкіл өркениет атаулының кіндігі, күллі мәдениет Еуропа құрлығынан ғана тарайды деген тұжырымды берік ұстанды. Бұл идея ең бірінші түрк жұрттарына қарсы бағытталды. Еуроцентристікті жақтаушылардың көзқарасынша, әлемдік өркениетті жасау тек батысеуропалық халықтар өкілінің қолынан ғана келеді. Оны әрі қарай дамытып, нығайту тек христиан дініндегілерге жүктелген парыз деп есептелді. Сол себепті де олар түрк жұрттарын «тарихи халықтар» деген атаудан ада қалдыруға тырысты. Ұлы мәдениеттерді ұлы халықтар ғана жасайды, ал түрк жұрттары «жабайы халықтар» санатына жататын елдер еді, дейтін пікірді ұстанды.

**– Еуроцентризм идеясының түп-төркіні қайдан шыққан? Бұл идеяның қалыптасуына қандай тарихи оқиғалар түрткі болған?**

– Татардың әйгілі ғалымы М. Зәкиевтің айтуынша, бұл көзқарастың қалыптасуына ықпал еткен оқиға, XI ғасырда мұсылман селжұқтардың христиандардың қасиетті қаласы Иерусалимді жаулап алуынан басталады. Содан кейін батысеуропалық феодалдардың кек алу мақсатында Шығысқа, Анадолы түріктеріне қарсы қанды жорықтар ұйымдастырғаны тарихтан белгілі. Сондай қантөгістердің нәтижесінде еуроцентристік идеясы да нығайған еді.

Кейінгі жылдардағы ғылыми еңбектерде түрк халықтарының ежелгі этнос екендігін дәлелдейтін айғақтардың ашық айтыла бастауы, алтайлық қауымдардың палеолит дәуірінде Түрікменстанның оңтүстігінде, Иранның теріскейінде де ғұмыр кешкені туралы сөз бола бастауы – кеңестік идеология қысымынан босағаннан кейінгі уақыттарда ғана қол жеткізілген

ғылыми жетістіктер. Кеңес тұсында қанша дәлелденсе де, мұндай тұжырымдар жарыққа шықпас еді.

**– Түрк халықтарына қатысты осындай теріс көзқарас қазір де сақталған ба?**

– Әрине, сақталған. С. Кляшторныйдың 2004 жылы жарық көрген еңбегінде түрк халықтары мен тілдерінің тарихы сол күйінде үш мың жылдан әрі аспайды деп көрсетіліп тұр. Түрк тілдес елдердің ғалымдары бұл тақырыпқа әлі дендеп кірісе алмай жатқан сияқты, жарыққа шыққан еңбектердің өзі ғылыми айналысқа молынан ене қойған жоқ. Әлемдік түркологтардың тың тақырыптағы дүниелері басылған ғылыми журналдар бізге жетпей жатыр. Ал қазір шетелдік ғалымдар сол кітаптардың бәрін интернетке салып қоюды меңгеріп алған. Осы құнды материалдарды интернетке кіріп ала білуді дамыту қажет.

**– *«Арғы түрктер ақиқаты...» кітабыңызда «түркі», «түрік» деп түрліше айтылып жүрген терминді «түрк» деп қолданыпсыз. Бұл ғылымдағы бірізділіктің бұзылуына әсер етпей ме?..***

– Ол мәселенің мәнісін кітапта түсіндіріп айтқанмын. Ғалымдарымыз Орхон-Енесей жазбаларында «түрүк» деп жазылғанын дәлелдеді. Махмұд Қашқаридің еңбектерінде «түрк» деп қолданылған. «Ана тілі» газетінде жұмыс істеп жүрген кезімізде осындай тарихи дәйектерді саралай келіп, «түрк» деп қолданғанды жөн көрген болатынбыз. Қазіргі дыбыстық үндестігімізге салсақ «түрік» қой. Алайда Түркия елінің халқы «түріктермен» шатастырмас үшін, бұрын жазылып жүрген «түркіден» гөрі «түрк» деп алғанды мақұл көрдік. «Түркі» — жасанды сөз. Орыс ғалымдарының «тюрки» дегенінен аударылған термин.

**– Бұрын-соңды ғалымдар дендеп ене қоймаған, түрен түспеген тың тақырыпты қолға алыпсыз. Бұл жұмыс ауырлау тиген жоқ па?**

– Осы кітапқа жеті жылдай уақыт жұмсадым. Кітапта айтылғандар ойымнан шығарған, қиялымнан туған дүниелер емес. Барлығының дереккөздері кітапта анықтап көрсетілген. Шама-шарқым жеткенше ғылыми тиянақтарға сүйене отырып барлау жасауға ұмтылдым.

**– Қазақстанда қазір әліпби алмастыру мәселесіне байланысты түрлі пікірлер айтылуда. Бұл орайда Сіздің баспасөз беттерінде латын әліпбиіне көшуді қолдап өзіндік пікіріңізді айтып жүрсіз. Жалпы, Қазақстанда латын әліпбиіне көшуге итермелейтіндей қандай қажеттілік туындап отыр?**

– Бір қарағанда, біз қолданып жүрген кириллицада ешқандай кемшілік жоқтай көрінеді. Қазақ тілінің дыбысталуына тән төл әрпімізді жасап алдық, орфографиямызды қалыптастырдық, әдебиетіміз бен ғылымымыздың аса бай қоры осы тілде жазылды, жасалды. Дегенмен, өмір өз орнында тұрмайтынын есте ұстау керек. Компьютерлік техника қанат жайған заманда кирил-қазақ әріптерінің әлемдік жедел даму қарқынына ілесе алмайтындығы айқын сезіліп отыр. Компьютерлік технологияны жалпы қолданысқа енгізу барысында қазіргі қазақ әріптерінің кілттипандары байқалып қалып жататындығы көпшілігімізге жақсы мәлім. Төл қаріптеріміз ішкі қолданыста, мәтін жазуда ешқандай қиындықсыз басылғанымен, оларды электронды пошта арқылы жібергенде, интернет сайттарына орналастыру кезінде машақаттануға тура келеді. Электронды поштамен бір компьютерден жіберілген материал екінші компьютерде, егер сол мәтін басылған әуелгі қаріпке бейімделмеген болса, ашылмайды, танылмайды. Ашылған күннің өзінде, қазақ әріптерінің орнында мүлдем бөлек таңбалар тұрады. Оны қайталап түзеп жатуға тура келеді. Мұндайда ең соңғы операциялық жүйелермен жабдықталған компьютерлерде ғана проблемалар көп туындай қоймайды. Ал компьютер ескі жүйедегі, әріптері бейімделмеген болса, үнемі осындай қиындықтарға килігесіз.

Латыншаға өтудің ең тиімді жері – қазақ тілі сол арқылы өзінің үндестік заңына жат, орыс тілінен енген артық әріптерден арылады. Орфографиямыз тазарады. Ал ол өзгерісті қазіргі кириллицамен жасау еш мүмкін емес. Біздің тіліміздің табиғатына келмейтін дыбыстарды кирил әріптерін қолдана отырып ауыстыру, көзге мүлдем тосын көрініп, елді шатастыруы мүмкін. Ал латыншаны қабылдау барысында қабылданған орфография ондай қиындықтар туғызбай тез енеді.

**– Өзіңіз Қазақ редакциясының бас редакторы болып істейтін «ҚазАқпарат» агенттігі 2004 жылдың сәуірінен бері**

**ақпараттарды қазақ, орыс, ағылшын тілінде ғана емес, латын қарпінде де тарататын дербес сайт қалыптастырған. Білуімізше, мұндай тәжірибе Қазақстанда бірінші рет қолға алынған болу керек. Бұл бастаманы елден ерек ең бірінші болып қолға алуларыңызға қандай себеп болды?**

– Бұл бастаманы біз осыдан екі жарым жылдай уақыт бұрын шетелдегі кирил қарпін танымайтын ағайындарымыздың Қазақстан туралы ақпараттарға еркін қол жеткізе алуы үшін қолға алғанбыз. Бұл жаңалықты сырттағы туыстарымыз қуана қарсы алды. Алғашқы күннің өзінде шетелдегі қандастарымыздың ішіндегі белгілі тұлға Хасен Оралтай ағамыз Алманиядан электронды пошта арқылы хабарласты. Үлкен істі бастап отырсыздар деп алғысын білдірді. Біз де ол кісінің жедел пікір жолдағанына рахмет айтып кириллицамен хат жазған болатынбыз. Ертеңіне ағамыздан хат келіп тұр. «Жіберген хаттарыңызды ешбір аша алмадым. Қаріптер танылмайды» депті. Сол хатымызды іле-шала латыншаға аударып, қайта жіберуге тура келді. Содан бері шетелдердегі қандастарымызбен хат арқылы хабарласқанда латын қарпін қолданатын болдық.

**– Латын қарпіне ауысудың да түрлі жобалары ұсынылып жатқаны белгілі. Сіздер екі жарым жыл бұрын қандай нұсқаны басшылыққа алдыңыздар?**

– «ҚазАқпарат» пайдаланып отырған латынша — академик Әбдуәли Қайдар негіздеген нұсқа. Сол нұсқаның бір-екі қарпіне ғана өзгеріс жасалды. Әрине, біздің елімізде алдағы уақытта қабылданатын латыншаны көптеген білгір лингвист ғалымдар мен компьютерлік бағдарлама әзірлеушілер бірлесіп, ақылдаса отырып даярлауға тиіс. Бар мәселе алдын ала кеңірек пысықталып, аса күрделі компьютерлік операциялар кезінде ешқандай кедергісіз, кідіріссіз қолданылатын бесаспап латынша әзірленсе құба-құп.

Осы ретте «ҚазАқпарат» сайтындағы латыншаның өзі кириллицаны танымайтын өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіл сындыруына ықпал етіп отырғандығын да атап өту қажет. Мәселен, Түркиядан келген журналистер мен мамандар осы сайтты тұрақты оқып тұру арқылы қазақ тілін кәдімгідей меңгеріп келе жатқандарын айтады. Яғни, латын қарпіне көшудің қазақ тілін үйренушілер үшін де тиімді жақтары бар.

Кириллица — ТМД елдері аумағында ғана қолданылатын, осы елдерде ғана танылатын әліпби. Дүние жүзінің басым бөлігінде негізінен, латын қарпі пайдаланылады. Қазақстанның дүниежүзі елдерімен арадағы ықпалдастықты жыл сайын арттырып келе жатқандығын ескерсек, бұл мәселені де есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, біз басқа да туысқан түрк елдері — Әзербайжан, Әзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерінің латыншаға көшіп кеткендігін, Қырғызстан мен Татарстанның да осы бағытта бет бұра бастағанын назарда ұстауымыз керек. Күні ертең компьютерлік технология барынша дамыған кезде біз сол елдердің басылымдарын, ақпараттарын, кітаптарын үйде отырып-ақ оқи алатын жағдайға жетеміз. Сонда біз олардың, олар біздің қаріптерімізді танымай отырса, туысқан түрк халықтарының бір-бірінен аластауына үлкен әсерін тигізуі мүмкін ғой. Болашақта түрк халықтарының өзара бірігу мақсатын ұстанып отырғандығын ескерсек, кириллицаға жабыса берудің өзі жөнсіз сияқты?!

— *Әңгімеңізге рақмет.*

**Арнұр АСҚАР**

*(«Нұр-Астана» газеті. 2007 жыл)*



## ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕККЕ СҮЙЕНГЕНДІ ҚОЛАЙ КӨРЕМІН

– Күні кешеге дейін шығыс жұртына тән деп саналып келген Наурыз мейрамы таяуда БҰҰ деңгейінде «Халықаралық Наурыз күні» болып қабылданды. Түрк әлеміне қатысты терең зерттеулердің иесі ретінде танымал қаламгерсіз. Наурыз мейрамының төл тарихы жөнінде не айтар едіңіз?

– Наурыз мейрамының тарихы бес мың жылдан бері ұласып келеді деген дерек бар. Егер, Наурыз мейрамының бес мың жылдық тарихы болса, онда, ол осы, Орталық Азия жерінде дүниеге келді деген сөз. Көп ретте наурыздың туған, өнген жері парсы жұрты деп айтылады. Ал, парсылардың ата-бабалары, яғни арилер қазіргі тұрып жатқан ол мекеніне жыл санауға дейінгі екінші мыңжылдықтың басында ғана жеткен. Демек, бес мың жылдық тарихы бар Наурыз мейрамы бүгінгі Қазақстанның, Орталық Азияның аумағында дүниеге келген дәстүр болып есептеледі.

– **Нақты дерек ретінде нені айтар едіңіз?**

– Арилер бүгінгі мекеніне қоныстанғанға дейін Орталық Азияны негізінен арғы түркілер, алтайлық жұрттар мекендеген. Бұл аумақта жыл санауға дейінгі үш мыңыншы жылдың соңына дейін арилер болмаған. Үнді-иран тобының өкілі саналатын арилер ж. с. д. үшінші-екінші мыңжылдықтар түйіскен ғасырларда ғана Қазақстан территориясына Еуропа жақтан іліге бастаған.

Кейінгі әлемдік деңгейлердегі зерттеулер жыл санаудан 8-7 мың жыл бұрын Копетдагтың (Көптаудың) теріскейінде дәуірлеген атақты Жейтун мәдениетін, жыл санаудан 7-6 мың жыл бұрын дүниеге келген Арал маңындағы Келтеминар, Ферғана-Қаратау аумағы мәдениеттерін, ж. с. д. 4-3 мың жыл бұрын қазіргі қазақ даласында өркен жайған Ботай, Көнешұңқыр мәдениеттерін құруға арғы түркілердің кеңінен араласқанын дәлелдеп отыр.

Әлемде жылқыны алғаш бас білдірген арғы түркілік Ботай мәдениетіне ұласа өмірге келген бүгінгі Қостанай облысының

оңтүстік-батыс бөлігі мен Ресейдің Челябі, Орынбор облыстарына қараған аумақта өркендеген Сынтасты-Арқайым қалалар мәдениетінде де төл далалық дәстүрлер басым. Ескі көзқарасты ұстанатын ғалымдар оларды үндіеуропалық мәдениет деп қалыптауға бейіл. Бірақ, шын мәнінде олардың түбі арғы түркілік мәдениеттен бастау алады. Ж. с. д. 2-ші мыңжылдықтың басында батыстан, Карпат жақтан жылжып жеткен арилер (көне үнді-иран тілінде сөйлеушілер) көші жергілікті арғы түрк мәдениетімен араласып, бір-біріне әсер-ықпалдарын тигізген. Олардың қатар ғұмыр кешуінен туындаған Андрон мәдениетінің археологиялық іздері біртін-біртін күнгейдегі Памир тауларына, Өму бойларына дейін созылып жатыр. Арғы түркілер мен арилер дәстүрлерінің қазақ даласында тоқайласуынан зәрдүш (заратустра) ілімі, оның қасиетті кітабы «Авеста» өмірге келді.

Ағылшынның Мэри Бойс деген әйгілі авестатанушы ғалымының бұл туралы «Заратустра ілімі Еділдің шығыс жағындағы далаларда өмірге келген» деп жазатыны бар. Еділдің шығыс жағындағы далалар – бүгінгі Қазақстан территориясы, Сынтасты-Арқайым қалалар мәдениеті мен Тобыл мен Ертіс өзендері аралығын қамтыған Ботай мәдениетінің дәстүрлері қалыптасқан өңірлер. Арғы түркілермен бірге аралас-құралас өмір сүрген арилер (бұл екі жұрт «Авестада» арилер мен турлар деп жазылып қалған) біртін-біртін оңтүстікке сырғи-сырғи жыл санауға дейінгі екі мыңыншы жылдың басында ғана қазіргі парсы жеріне іліккен. Соған дейін түздіктердің дәстүрлі ауыз әдебиетіне тән үрдісте ауызша ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген «Авеста» дастаны қазіргі Иран жеріне жеткенде, көне парсы алфавитімен жазылып, хатқа түседі. Ғалымдар арасында «Авестаның» әуелгі үлгілері арғы түркілер арасында туып, оны арилер парсы жеріне өздерімен бірге ала кетті деген пікірлер де бар. Осы дәйектерге сүйене отырып, бес мың жылдық тарихы бар Наурыз мейрамының пайда болған жері – арилер мен арғы түркілер араласа-құраласа қонған мекен – бүгінгі Орталық Азия жері десек те болады.

**– Демек, Наурыз бес мың жыл бұрын арғы түркілердің төл мекені ретінде танылған қазақ даласы мен оған қанаттас өңірлерде пайда болды дегенді алға тартасыз ғой.**



– Мен емес, тарихи-археологиялық деректер солай дейді. Наурызды негізінен отқа, суға, күнге, жалпы табиғатқа табыну секілді наным-сенімдерді қасиеттейтін зәрдүш пен тәңірлік ілімді ұстанушылардан қалған ежелгі дәстүр деуге келеді. Яғни, арилердің өздерімен бірге Иран жеріне алып кетіп, сол жаққа дамытқаны болмаса, наурыздың кіндік кескен мекені – өзіміздің Орталық Азия. Сол замандардан бері өзі әуелде дүниеге келген аумақта наурыз дәстүрлерінің үзілмей келе жатқан өңірлері деп Әму мен Сыр алабындағы, Қазақстанның күнгейіндегі аймақтарды айтуға болады. Кезінде кеңес идеологиясы «наурыз – ескіліктің көрінісі» деп аластатып, оны ел жадынан ұмыттыруға тырысқанымен, ол ел арасында сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті. Сол бәлшебектік билік заманында да алаш арыстарының басын қатерге тіге жүріп наурызды, халықтық дәстүрлерді қорғауға атсалысқаны жұртқа белгілі. Мәселен, Түркістан Республикасы Атқару комитетінің төрағасы Нәзір Төреғұлұлы 1921 жылы бүкіл Түркістан Республикасы аумағында Құрбан айт мерекесін үш күн демалыс етіп жариялау туралы қаулы шығарыпты. Жыл басы – Наурыз мейрамы дегеннен туады, сол Нәзір Төреғұлұлының кезінде, 1921 жылғы наурыздың дәл 22-сі күні «Жас алаш» газетінің тұңғыш нөмірі де жарық көрген. Ол шақта Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың редакторлығымен «Ақ жол» атты алашшыл газет шығып тұрған. Кейіннен басылымға әртүрлі кінә тағылып, Мұстафа Шоқайдың мақалаларын жариялайды деген сылтаулар айтылып жабылып қалған. Сол газеттің редакциясының бір бөлмесін Нәзір мен Сұлтанбек «Жас алашқа» босатып беріп, оны шығаруды жігерлі жас Ғани Мұратбаевқа тапсырған екен...

### **Наурыз мейрамын «көктем нөмірі» деп бүркемелеп атап өтетінбіз**

– Сол «Жас алаштың» кейіннен «Лениншіл жас» атанған кездерінде де газеттің шыққан күнін «көктем нөмірі» деп атап өтетін дәстүрі туралы айтыңызшы?

– Мен «Лениншіл жаста» 1969-1989 жылдар аралығында қызмет еттім. Сол кездері «осы газет неге Наурыз мейрамы күні шықты екен?» деп ойлаушы едім. Сәті солай келген шығар деп

қоятынмын. Кейін, Нәзір мен Сұлтанбектерді, алаш арыстарының еңбектерін оқығаннан кейін, мұның бекер емес, арнайы жыл басы – Наурыз мейрамы күні шығартқанына көзім жетті. Қазақтың маңдайына біткен мықты редакторлары Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердікұлұлы сол Наурыз мейрамын халықтың қаперіне «жұқалап» салып, ескерусіз қалдырмайтын. 22 наурыз, газеттің туған күні дегенді алға тарта отырып, жылда «Көктем нөмірі» деген атпен сол күнгі «Лениншіл жасты» көгілдір бояумен шығарып тұрды. Компартияның тұсы, Наурыз мейрамы дегенді ашық айтуға болмайды. Бірақ, бір-екі апта бұрын «Көктем нөмірін» шығаруға журналистер тобы арнайы іріктелетін. 1980 жылдардың аяғында ғана бәрі ашық айтыла бастады ғой.

**– Сіз 1990 жылғы 22 наурыз күні тұңғыш саны шыққан «Ана тілінің» тұсауын кескен алғашқы бас редакторсыз. Бұл басылымға кімнің ұсынысымен басшы болып келдіңіз?**

– Компартияның күші қайта қоймаған кезі. 1989 жылы күзде «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Басшысы – академик Әбдуәлі Қайдар, орынбасары – Өмірзақ Айтбайұлы. Екеуі идеология жөніндегі хатшы Өзбекәлі Жәнібекке «тіл қоғамының жұмысын жүргізуге, тілдің мәртебесін көтеру үшін апталық газет керек» деген ұсыныс білдіреді. Өзекең ұлт десе, жанып түсетін адам, бірден қабыл алып, «Ана тілі» газетін шығаруға қолғабыс берді. Бұл – 1990 жылдың қаңтары.

Сол кезде мен жол-көлік апатына түсіп, соның зардабынан үйде жатқан едім. Оң қолым гипсте. Жігіттер хабарласып «газетке лайықты басшы іздеп жатыр, барып көрсеңізші» деді. Ойлана келе, өзім жөніндегі дерек жазылған қағаз, құжаттарды тапсырдым. Сәті түскен күні Әбдуәлі Қайдардың алдына бардым. Өбекең «Біз сені таңдап, ұйғардық. Қашан шығара аласың?». «Наурыз мейрамына орайластырайық» дедім.

**– Қай уақыт еді бұл? Уақыттың мөлшеріне қарадыңыз ба, әлде «Лениншіл жастың» тәжірибесімен «Көктем нөмірі» ойыңызға сіңіп қалғаннан ба?**

– Ақпан айының ортасы ғой. Ол шақ – наурыздың жыл басы екені жасырылудан қалған кез. «Наурыз мейрамына шығарайық. Газетті ұлттың жоғын жоқтайтын, жабық тақырыптарды бүкпесіз

айтатын, елдің тарихын, этнографиясын қозғайтын, елді оятатын дүниелерді жариялайтын басылым етсек» дедім.

Сонымен, 22 наурызға үлгеруге төрт-бес жігіт боп іске кірістік. Бас редактордың орынбасары Бақыт Сарбалаұлы, жауапты хатшы Ертай Айғалиұлы, «Лениншіл жастың» белді журналисі Қонысбек Ботбай жұмылып кетті. Бәрі де газеттің «майын ішкен» жігіттер. Оларға Тіл білімі институтының кіші қызметкерлері Ғарифолла Әнес, Аманқос Мектеп келіп қосылды. Бәрі басылымның бағытын, мақсатын білген соң, қызығып, құлшынып келді.

– **Газеттің алғашқы нөмірін халық қалай қабылдады?**

– Бұл 1986 жылғы желтоқсанның ызғары кете қоймаған кезі. Қамығып жүрген халықтың еңсесін көтермекке Өзбекәлі Жәнібек пен Мұхтар Шахан жоғарыға «елді тыныштандыру үшін Наурыз мейрамын өткізу керек» деп басшыларды сендіріп, сөзін өткізген тұс. Жұрт Наурызбен жаңадан қауышып, мәре-сәре. 1990 жылы наурыздың 22-сі Алматыда сәл жаңбырлылау болды. Соған қарамастан, қаланың әр тұсында мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Республика сарайының алдына да киіз үйлер тігіліп, көп халық жиналды. Мереке-думан. Сол жерде Өмірзақ Айтбайұлы халық алдында «Бұл мейрамға «Қазақ тілі» қоғамы құр алақан келген жоқ, бүгін «Ана тілі» деген газет шықты!» деп, қолындағы газетті айқара ашып, жариялағанда, халық қол соғып, дуылдап кетті.

– **Алғашқы таралым қанша еді?**

– Ә дегенде 25 мың дана болып шықты. Ол кезде газеттердің тиражы көп болатын. Баспаханың басшылары «алдымен осы шаманы шығарып, байқап көріңіздер» деді.

### **Қара сөзден құйын ойнатқан жігіттер қызмет етті**

– **Жаңа газеттің мақсатын қалай айқындадыңыз?**

– Мақсатымыз – басылымды бара-бара ұлт газетіне айналдыру. «Тілтану», «Әлеумет», «Елтану» бөлімдерін жасақтадық. Біртіндеп, газеттің талабына лайық келеді деген жігіттер келе бастады. Байбота Серікбайұлы соның алдында ғана Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаттығын алған. Сөйтсек, ақын жігітіміздің ғылыми пайым, түйсігі мол екен. Тіл

тарихына қатысты ғажап мақалаларын төкті. Мақсат Тәжмұрат, Мақсот Ізімұлы, Болат Шарахымбай, аспиранттар Амантай Шәріп, Дихан Қамзабекұлы сынды жігіттердің қолынан көп іс келетінін таныдық. Бір мақаласымен-ақ қолтаңбасы ширақ екенін білдірген Сәкен Сыбанбай, «Жетісу» газетінен Сағатбек Медеубекұлы келді.

– Солардың бел ортасында, Бауыржан Омарұлы айтпақшы, «журналистен жазушы болғандар көп, жазушыдан журналист болған Марат Қабанбай» келді...

– Марат 1994 жылдың басында келді. Кезінде «Лениншіл жаста» қатар істегенбіз. Терең білімді. Кейін жазушылыққа түгелдей ойысып, газетке суып кеткендей еді. «Ана тіліне» келсем деген ниетін білген соң, шақырып, әлеумет бөліміне меңгерушілікке тағайындап едік, жазушылыққа қолданатын стилін журналистікке алып келіп, қара сөзден құйын ойнатып жүре берді. 1994 жылдың ортасына таман Ақмола жақтан қаламының желі бөлек Жұматай Сабыржанұлын Ақмоланың астана болатынын ести сала, жұмысқа алдық. Ол жақтан ол дүрілдетті. Марат та, Жұматай да қазақ сөзін публицистикада қалай құлпыртып қолдануға болатынын көрсетті.

– «Ана тілінің» айқын ерекшелігі де осы емес пе еді?

– Иә. «Ана тіліндегі» материалдардың тілінің жатық шығуына әуелден көңіл бөлінді. Ол Марат пен Жұматайдың материалдарында одан әрі қарай ширай түсті. Кейіннен майталман журналист Сабыржан Шүкірұлы, сөздің майын тамызатын ақсақал Ахмет Жүнісовтің стилі қосылып, газеттің шырайы одан әрі ашылды. Міне, сондай тарландар арқылы тілдің байлығын, құнарын көрсетуге тырыстық.

– Газет сол кездегі қоғамның мақсатына жауап бере алды.

– Иә, «Ана тілін» тілдің ғылыми мәселелерін қозғайтын газет етіп те, «Қазақ тілі» қоғамының бюллетені етіп те шығаруға болар еді. Бірақ, біз ұлттық бағытта, ұлттың мұңын жоқтайтын газет етіп шығаруға ұмтылдық. Жұрт әрбір мақаланы ерекше ықыласпен оқыды. Ол – әлі Кеңес одағының кезі. Сегізінші нөмірде «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Советская культура» және басқа да мәскеулік газеттерде желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстанды, қазақтарды қаралау сипатындағы мақалаларға сын айтқан мақала бастық. Ол кезде

орталық партия газеттерін бұлайша сынау – бұрын-соңды болмаған жағдай. «Ойбай, ертең бастарыңа қауіп төнбей ме?» дегендер болды.

– Шілденің 19-ы күні Димекеңмен «Мен халқыма қызмет еттім» деген сұхбат-суретімен «Ана тілінде» жарқ ете қалғаны оқырмандар үшін ерекше оқиға болды. Мәскеудің Қонаевқа қаһары қайтпаған, халықтың «Қонаев не болды екен?» деп іздеп жүрген кезі.

– Дінмұхаммед Ахметұлының «Ана тілін» жақсы көріп оқитынын естідік. Содан «ә, бұл кісі біздің газеттің көтеріп жүргендерін ұнатады екен ғой» деген ой келді де, сұхбат алуға шештік. «Келіндер» деді. Бақыт Сарбалаұлы мен Бақтияр Тайжан барып әңгімелесті. Сұхбат шыққан күні «Дәуірдің» асханасында кезекте тұрған журналистер «мыналар Қонаевпен интервью шығарыпты» деп сыбыр-сыбыр етеді. Үркіңкіреп, әрі таңданып қарайды. Сол нөмір шыққан күні таңертең ақсақалдың үйіне хабарластық. «Оқыдым. Рахмет. Не бұйымтайларың бар?» деді. «Барып, қолыңызды алсақ деп едік?». «Келіндер» деді, Редакциядағы жігіттер жиналып бардық.

– «Ана тілінің» ең алғашқы нөмірінен бастап жұмыс істеген мені қатарларыңызға алмай, өздеріңіз кетіп қалдыңыздар ғой...

– Ол кезде корректорсың. Аптасына бір-ақ рет, газетті өндіріске тапсыратын күні ғана келетінсің. Тек журналистер ғана бардық.

– Өзіңіз ғой, қыздарды тілшілікке алмаймын деп маңайлатпайтынсыз.

– Қолыңнан жазу келе ме, жоқ па, сені бірден кім тани қойсын? Өзің «Этнографиялық этюдтер», «Нарық нақыштары» деген айдар тауып, деректі мөлтек дүниелер жаза бастадың. Сөздік қорың тәуірлеу, тілдің нәрін біледі екенсің, тілшілікке алдық. Сенен кейін келген қыздарға «Раушан сияқты Мараттың «тепкісіне» шыдасаң ғана, Раушан сияқты жазсаң ғана, журналист боласың» дейтін болдық.

– «Ана тілі» «Қазақ шежіресін» шығарып, елді елең еткізді.

– Әу баста газетті қалай шығару керек деген жоспарда «шежірені жаңғырту керек» деп мақсат қойдық. Мұхаметжан

Тынышбайұлының шежіресін негізге ала отырып дамытайық деген ой болды. Талай жыл бойы шежіре туралы сөз қозғай алмай жүрген халық біздің «шежіре жинаймыз» деген сұрау салуымызға дүр етіп қосыла кетті. Түкпір-түкпірден деректер ағылды. Сол жылдары келген екі мыңдай шежіре әлі күнге дейін менің жеке архивімде сақтаулы. Газет бетінде үш рет сүзгіден өткіздік. «Атамұра» баспасы 40 мың данамен кітап етіп шығарды. Бүгінде шежіре жөніндегі ғылыми еңбек шығарушылар негізгі бір дереккөз ретінде «Ана тілі» шығарған осы «Қазақ шежіресіне» сілтеме жасайды. Өйткені онда әр шежірелік мәліметтердің авторлары кім екені, қайдан келгені нақты көрсетілген. Бұл ғылыми зерттеулер үшін өте қажетті шарт.

«Ана тілін» алғашқы үш жыл бойы өз күшімізбен шығардық. Тәуелсіз газеттің таралымы 110 мың 163 дана болуы – үлкен оқиға. Алғашқы тоғыз айдың ішінде соншама тираж жинады. Алайда, 1994 жылдан басталған нарықтық қатынас қиын тиді. Тұңғыш Ақпарат министрі Қуаныш Сұлтанұлы «Ана тілі» сияқты газеттен айырылып қалар жайымыз жоқ» деп, бізді мемлекет тарапынан қаржыландыратын газеттер қатарына қосты.

**Кітапта Шоқанның ізі ғана емес,  
өзі де айқындала түсті**

– Сізді Шоқан Уәлиханов сапарының ізімен тұңғыш рет жүріп өткен жанкешті журналист деп бағалайды. Шоқанды зерттеу сан-тарау тақырыпқа бастады. Түрк әлемі тарихын да, ұлтқа қатысты мәселені қаузауда да Шоқанның «ізімен жүргеніңіз» танылады.

– Шоқанды зерттеу «Жас Алашта» жүргенімде басталды. Зерделей білген адамға Шоқан – қазақтан шыққан алғашқы шығыстанушы, түрколог, ерек туған тұлға. Оның еңбектері мен зерттеулері қазақ түрктану ғылымының ең сүбелі, құнарлы бөлігі. Шоқан шын түсінген адамды түрктануға баурай береді.

Шоқанды зерттеу барысында Шоқан өміріне қатысты біраз ақиқат анықталды. Мәселен, Шоқанның туған жері бұрын айтылып жүргендей, Құсмұрын емес, одан едәуір теріскейде жатқан Күнтимес деген мекен екені дәлелденді. Ал Құсмұрын – Шоқан он жасқа келген кезде ғана ашылған бекініс болатын.

Күнтимес дерегі, мәселен, 2006 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан «Орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы» сериясы 8-томының 1-кітабында дәлме-дәл дәйектелді. Онда «Аманқарай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың қыстауы – Күнтимес деген жерде» деп анық жазылып тұрған боп шықты.

1977 жылы «Шоқан ізімен», 1987 жылы «Жасын-тағдыр жарқылы» кітап боп жарық көрді. «Ана тіліне» редактор болған кезде «Қазақ шежіресіне» назарды көбірек бөлдім де, Шоқан тақырыбы сәл суыңқырап қалды. 1997 жылы министрлік мені ҚазАқпараттың қазақ реакциясының бас редакторы етіп тағайындады. ҚазАқпарат – интернетпен кең ауқымда жұмыс істейтін мекеме. Соның арқасында 2006 жылы «Арғы түрк ақиқатының ізімен» атты зерттеуім шықты. Оқырмандар мен зерттеушілер жақсы бағалап, қабылдады. Мәдениет және ақпарат министрлігінен «Шоқан туралы зерттеп жүр едіңіз, жалғастырсаңыз қайтеді? Тәуелсіздік алғалы Шоқан туралы жазылмай кетті» деген ұсыныс түсті. Қолда бар мәліметтерді жинақтап, жүйелеп, жазуға кірістім. Жаза-жаза, 40 баспа табақтан асып кетті. «Қазақстан» баспасы 2009 жылдың желтоқсанында «Ғибратты ғұмыр» сериясы бойынша 2 мың таралыммен шығарды. Ойда жүрген бір шаруа атқарылды.

**– Алдыңғы екі кітапта айтылмаған көп жайлар қамтылған шығар?**

– Әрине. Көп мәселелер жаңадан қозғалды. Мәселен, Шоқан Кенесарыны көп зерттеген. Оның орысқа қарсы шапқаны туралы, бәрі-бәрі Шоқанға белгілі. Батыс-Сібір генерал-губернаторы Густав Гасфорттың адъютанты боп жүргенде сол мәліметтердің бәрін оқыған. Кенесарының қалай өлгенін, бәрін білген. Бірақ, кеңес кезінде олар айтылмайтын. Шоқанның отаршылдыққа қарсы ойлары сөз болмайтын. Ал Шоқанның отаршылдыққа қарсы адам екені осы деректі ғұмырнамалық кітапта біраз қамтылды.

Шоқанның өкпе дертімен ауырғандығы туралы оның адал досы, әйгілі саяхатшы Потаниннің естеліктерінде нақты мәліметтер бар. Оны Ядринцев досы да жазады. Сондай-ақ көп адам Шоқанға қатысты кейбір мәселені оның немере інісі Ғазиз Уәлихановқа қатысты деректермен шатастырып айтып жүр.

Оның анық-қанығына осы кітаптан көз жеткізуге болады. Осы сияқты бірқатар ақиқаттар айғақталады.

**– Біз білетін, біз суреттерден көретін Шоқан жайнап тұрушы еді, сіздің кітабыңыздың сыртына неге жүзі солғын Шоқан тандалды?**

– Құсалықпен өткен Шоқанның кейпі бұл. Кітаптың соңғы бөлімі «Құсалық» деп аталады. Еліне келіп жазылып қайтамын деген Шоқан Петерборға қайта орала алмайды. Аға сұлтан боламын деп сайлауға түскенде, губернатор өткізбейді. «Халқымды қомағай сұлтандардан, паракор орыс шенеуніктерінен қорғауды мақсат етіп едім, әділетсіздікке тоқтау салсам деп едім» деп достарына хат жазады. Арашаға түскен аға досы Гутковский де сол әділетсіздіктің құрбаны болады. Ақыры Жетісуда Тезек төренің ауылында көкірек ауруы асқынып, көз жұмады.

Кітаптың сыртындағы сурет – Шоқанның Қашқар сапарынан қайтар жолда суық тигізіп, өкпе ауруын асқындырып алғаннан кейін, Омбыда ауру-сырқаулы бірнеше айларды өткізіп, Петерборға енді келген кезінде түскені.

**– Сіз өзіңді қай бағыттағы қаламгермін деп санайсыз?**

– Мен не жазсам да, дерек пен дәйекке сүйенгенді қолай көремін. О бастан эсселік стильді ұстандым. Ол стиль әуелі «Жас Алаштағы» «Аққу» эстетикалық клубы бойынша шыққан суретшілер туралы материалдарымда көрініс тапты. Өмірде болған ол кейіпкерлер туралы жазғанда шындықтан аттап кете алмайсың. Содан бері әр нақты деректі, тарихи оқиғаларды эсселік тәсілдерге салып көмкеруге ұмтылу қолтаңбамның бір белгісіне айналды.

**Әңгімелескен Раушан Мырзахмет**

*(«Алматы ақшамы» газеті. 20 наурыз, сенбі, 2010 жыл).*



## ШОҚАННЫҢ ШҮЙГІН ӘЛЕМІ

– Шоқан тақырыбын біраздан қаузап келе жатқан қаламгерсіз. 1975 жылы ғалымның «Ыстықкөл сапарының күнделігі» ізімен қайталай жүріп өттіңіз. 1985 жылы Шоқан ғұмыр кешкен мекендерді түгел дерлік аралап шықтыңыз. Сапар барысында көрген-білгендеріңіздің «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті бетінде үзбей жарияланып тұрғаны, кейіннен олардың «Шоқан ізімен» және «Жасынтағдыр жарқылы» атты кітаптарға айналғаны көпке белгілі. Былтырғы жылдың соңында «Фибратты ғұмыр» сериясымен «Шоқан» атты көлемді кітабыңыз жарық көрді. Ұлы ғалым өмірін жазуға деген ұмтылысыңыз әуелде қалай басталып еді?

– Бәрі жастар газетінің журналшыға мол мүмкіндіктер ұсынатын өзіндік ерекшелігі мен сол кездерде оны басқарып отырған аса көрнекті редактор Сейдахмет Бердіқұлұлының әр жаңа ізденіске сергек қарайтын санаткерлігінен туындаған сәттілік қой. Мәдениет және ғылым бөлімінің тілшісі боп жүрген кезім. Бір күні өзімнің шағын кітапханамдағы Шоқанның таңдамалы шығармалар жинағын қайта парақтап отырғанымда, ғалымның 1856 жылы жазған «Ыстықкөл сапарының күнделігі» атты еңбегі өз-өзінен жіпсіз байлады. Бұрыннан таныс күнделік бұл жолы көз алдымда жаңа бір қырынан көлденең тартылып: «осы маршрутпен бүгінгі күні қайталай жүріп өтсе қайтер еді». – деген ойға жетеледі. Көп ұзатпастан, күнделік бойынша сапар маршруты сызылған жобамызды редактор назарына ұсындық. Сейдахмет ағамыз бұған ерекше қуанып, дереу үш кезеңге бөлінген іссапарға шығуға рұқсат берді...

Содан бері Шоқан тақырыбы ылғи бір бүйірімде тұратын болды. Ұлы ғалымның 150 жылдығы аталып өткен 1985 жылы тағы да дегдар редактор Сейдағанның қолдауымен Шоқан ғұмыр кешкен мекендерді аралап шығу мүмкіндігіне ие болдым. Нәтижесіз болған жоқ. Сапар барысында ғалым өмірінің бірқатар жаңа қырларына барлау жасалынды. Соның бірі, оның туған жерінің бұрынғы деректерде айтылып жүргендей, Құсмұрын бекінісі емес, қазіргі Қостанай облысы Сарыкөл ауданы

аумағындағы Күнтимес ауылы екенінің анықталуы еді. Осы ретте, бұл дәйегіміздің соңғы жылдарда жарияланған жаңа дәлел – «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2006 шыққан «ХҮІ-XX ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы. ҮІІІ том» атты орыс тіліндегі құнды еңбектің бірінші кітабының 144, 342-ші беттерінде тайға таңба басқандай нақтыланғанын да айта кеткіміз келеді. Онда Шыңғыс Уәлихановтың Обаған өңірінде аға сұлтан болған барлық жылдарындағы қыстауының Күнтимес деп аталғандығы ап-анық жазылып тұр.

Шоқан табаны тиген жерлердің бәрін дерлік аралап шыққан сол сапарлар кезінде, ғалымның жолы түскен Шығыс Түркістан жағына өтуге мүмкіндігіміз болмады. Ол жылдарда Кеңес одағы мен Қытай арасындағы жағдай аса ушығып тұрғандықтан, жібере қоймайтын. Кейіннен еліміз тәуелсіздік алған соң ғана екі арада емін-еркін қатынас басталды ғой. Содан бері бірқатар қаламгер мен журналшының Қашқар жаққа арнайы барып-қайтып жатқанынан хабардармын. Алайда, тоқсаныншы жылдардың басынан өзіміз басқа тақырыптарға бұрылып, қазақ шежіресінің этникалық негіздерін, арғы түркілердің ондаған мың жылдық тарихын қаузайтын қиын жықпылдарға кіріп кеткендіктен, Шоқан тақырыбына сапарнамалық тұрғыдан қарастырған бұрынғы ізденістерімізді жалғастыра алмадық. Әрі мұршамыз да келмей кетті. Астанаға жұмыс ауысты дегендей...

– **Бәрібір Шоқан тақырыбына қайта оралдыңыз ғой.**

– 2006 жылдың соңында «Арғы түркітер ақиқатының ізімен» атты көп уақытымды жеген кітап жарық көргеннен кейін, Шоқан туралы отыз жылдай үзбей жинаған деректерімді қайта қарап ем, бірталай дүниенің басы құралып қалыпты. 1983 жылы Мәскеуден әйгілі ЖЗЛ сериясымен И. Стрелкованың «Уәлиханов» атты кітабының 18 баспа табақтай боп шыққаны белгілі. Ол іле-шала қазақшаға аударылған-ды. Содан бері қанша уақыт өтсе де Шоқан ғұмырнамасы қазақ қаламгерлері тарапынан толыққанды қозғала қоймады. Тәуелсіздігімізді алғанымызға біраз жыл өтті. Бұрын бүркеулі боп келген көп құпияның беті ашылды. Бұл жайттың Шоқанға да тікелей қатысты жағы көп. Оның Кеңесары көтерілісіне қатысты бірқатар жайттарды зерттегені, Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы көзқарастары болғаны сияқты мәселелері бұрындары айту мүмкін емес еді. Енді тәуелсіздік

заманының оқырманы үшін шын Шоқанның бейнесін неге қазақтың өзі сондан келіп жазбасқа, деген ой туды. Содан «бісміллә» деп кірісіп кетіп, көлемі 40 баспатабақ төңірегіндегі ғұмырнамалық деректі кітапты бітірдік. Мәдениет және ақпарат министрлігінің әлеуметтік маңызды әдебиет тізіміне енгізілген «Шоқан» атты ол кітап, әлгінде өзіңіз айтқандай, «Гибратты ғұмыр» сериясы бойынша «Қазақстан» баспасынан өткен жылдың соңында жарық көрді.

**– Шоқанды энциклопедист-ғалым, географ, саяхатшы, этнограф... деп жатады. Сізге Уәлихановтың қай қыры жақынырақ таныс және қымбат?**

– Шоқан шын мәнінде заманынан оза туған ғұлама. Титтейінен зерек болған ол бес-алты жасында хат танып, әкесіне «Едіге» жырын жазып алуға көмектеседі. Жеті жасынан өзі дүниеге келген Күнтимес ордасында ашылған қазақ мектебінде білім алуға кіріседі. Аманқарағай дуанының аға сұлтаны боп отырған әкесі ашқан бұл мектепте шәкірттер қазақша таза оқып, жаза білуді, түрк (шағатай) тіліндегі дүниелерді тануды, арабша, парсыша тіл сындыруды үйренетін, шығыс ақындарының өлеңдерін жаттайтын, қазақтың халық эпостарымен танысатын, тарих пен есеп пәндерін өтетін. Әлбетте, Шоқан тәрбиесіне әке тарапынан тиген әсердің жөні бөлек болғандығы даусыз. Шыңғыс Уәлиұлы өз заманындағы аз ғана көзі қарақты, білімді адамдардың бірі еді. Әуелі Сырымбет медресесінде қазақша сауат ашқан ол, кейіннен Омбы әскери училищесінің жанындағы Азиялық мектеп тәлімін қазақтан алғашқылардың бірі болып алды. Әдебиет пен ғылымға жаны жақын, елдің тұрмысын, әдет-ғұрпы мен өнерін, мәдениетін орыс зерттеушілеріне таныстыруда бірталай еңбектер атқарды. Сонымен бірге Шоқан дарынының ашылуына әжесі Айғанымның ықпал-әсері де мол тиді. Сауаттылығы бір басына жетерлік, кезінде Батыс Сібір басшыларымен терезесі тең түрде хаттар алысқан білімді әже, өз басы Уәлиден қалған хан ордасы – Сырымбетте тұрды. Жаз сайын Есілдің оң саласы Аққанбұрлық өзені алабындағы дәстүрлі жайлауларына шыққанда, осы ата жазираларына Обаған бойынан аға сұлтан әкесі бастаған көшпен бірге алып-ұшып жететін қабілетті Шоқан немересін қасында көбірек ұстады. Әртүрлі ертегілер, аңыздар мен өлеңдер тыңдауға баулыды, біртін-біртін

өзінде бар шығыс киссалары мен дастандарын оқыттырды. Он екі жасында Омбы кадет корпусына түскен Шоқанды тағдыр Н. Ф. Костылецкий сияқты білімді шығыстанушы ұстазға жолықтырды. Ергіс бойында дүниеге келген, әуелі Омбы казак әскери училищесін, одан кейін Қазан университетінің Шығыс тілдері бөлімінде Қазымбек мырзадай зор шығыстанушыдан дәріс алған, болашақ ірі түрктанушы И. Н. Березинмен бірге оқыған ол, қазақ тілін ғана емес, парсы мен араб тілін тәп-тәуір білетін, шағатай түркшесін де жетік танитын тұлға еді. Өзі орыс әдебиетінен сабақ берсе де қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен де айналысатын білімпаз Костылецкий корпусқа түскен Шоқан сияқты алғыр шәкіртін әдеби мұраларды жинауға, қайбірін бірлесе отырып орысшаға аудару ісіне бейімдеді. Осының арқасында Шоқанның Күнтиместегі мектепте алған толымды қазақша білімі, орыс оқуына түскеннен кейін үзіліп қалған жоқ, әрі қарай өрістеді. Шығыстанушы ұстаздың арқасында ғылыми машыққа бейімделді, кадет корпусын бітірер-бітірместен профессор Березин шығарған «Хан жарлықтары», Қадырғали би Жалайыридың «Жамиғ ат-тауариғы» сияқты күрделі еңбектерді жілікше шағып талдайтын қарымды зерттеушіге айналды. Кадет кезінен ортағасырлық түркшемен жазылған «Шайбанинама», «Бабырнама», Әбілғазы ханның «Шежіре-и Түрк» шығармаларынан қазақ тарихына қатысты дерек іздеген, оларды орыс жылнамаларындағы дәйектермен салғастыра сабақтастыратын зерек білімпаздықты игерді. Бұған оның орыс пен шетел әдебиетін терең зерделегенін, Орталық Азия бойынша сапар шеккен әйгілі жиһангездердің саяхатнамалары, белгілі ғалымдардың еңбектерімен жан-жақты таныс болғанын қосыңыз.

Жиырма жасында Ыстықкөл мен Құлжаға сапар жасап, жолшыбай көрген-білгендері туралы тамаша күнделіктер, қырғыздар мен Қытайдың батыс өлкесі туралы елеулі еңбектер жазып үлгерген Шоқан феноменін пайымдаған кезде, оның сол кезде атағын әлемге паш еткен Қашқар сапарына баруға әбден дайын бірден-бір тұлға болғанын мойындамасқа лаж жоқ. Ол осы қауіпті сапар барысында да ерек ғұламалылығын айқын байқатты. Басын қатерге тіге жүріп Қашқар (Алтышәр) аймағының тарихына қатысты түрк (шағатай) тіліндегі құнды қолжазбаларды тапты. Ұйғырша, өзбекше сөйлеу мәнерін игеріп,

Қашқар хәкімдерімен күмән-күдіксіз араласты. Ширатпа араб қарпімен жазылған көне тілді күрделі мәтіндерді оқып, оларда айтылғандарды сұрыптай қарап, қытай жазбаларынан, парсы, неміс, француз, орыс дереккөздерінен алынған мағлұматтармен салғастыра отырып, әлемдік деңгейдегі ғажайып ғылыми еңбек жазды. Мұхаммед-Хайдар Дулати мырзаның «Тарих-и Рашиди», Мұхаммед-Садық Қашқаридың «Тазкира-йи қожаған» атты шығармаларын Еуропа ғылымында тұңғыш рет зерттеді.

Осы ретте өз басым Шоқанның қазақ тарихына да тікелей қатысы бар көне жазба мұраларды терең зерделей білген ғұламалығына ерекше тәнті боламын. Ол қазақшаны ғана емес ортағасырлық түрк тілдерін, бірнеше еуропалық тілдерді жетік білуінің арқасында, профессор Веселовский айтқандай, шығыстану әлемі аспанындағы жарық жұлдызға айналды.

**– Шоқан Қашқарға Ресейдің барлаушысы ретінде барды, отаршылдардың мүддесіне қызмет етті, деген әңгімелерге қарай қалайсыз?**

– Орталық Азия, Шығыс Түркістан аймағы сол кезеңде Ресей ғана емес, Ұлыбританияның да көз құрты еді. Әуелден Хиуа, Қоқан, Бұхара хандықтарын басып алуды көздеген Ресей, осы аймақтарды Англияның да өз қарамағына қамтымаққа ниет еткен әрекетінен кәдімгідей сескенді. Соған дейін Үндістанды толық отарлап үлгерген, Ауғанстанды бөлшектеуден күдер үзбеген Британ билігінің, енді Шығыс Түркістан өңіріне, оның Қытай мен ортаазиялық хандықтарға, шекаралас қазақ, қырғыз жерлеріне ықпал ету орайындағы тиімді географиялық орналасу жағдайына қызыға бастауы, Ресейді де мазасыз күйге түсіретін бас ауруға айналды. 1857 жылы Қоқан хандығының Қашқариямен тығыз қатысы бар қожалар әулетінің бір өкілі Уәлихан төренің басшылығымен жергілікті халықтың Қытай билігіне қарсы көтерілген жайын естігесін, орыс үкіметі бұндай оқиғаларға өз мүддесі тарапынан араласудың жолын іздей бастайды. Сол аймақтағы Қытай билігіне қарсы бұлғақтарды өз пайдасына бұрып, жергілікті мұсылман халқы бізден көмек сұрады деген сылтаумен, Шығыс Түркістан өңірінде Ресей қамқорлығында болатын жеке хандық құрудың ретін ойластырады. Ол үшін сол көтерілістердің туындау себептерін байыптап, талай бұлғақтарды бастаумен жүрген қожалар әулетіне жергілікті халықтың бейіл-

ықыласын, аймақтың Қытай империясына төтеп бере алатын әлеуеті мен қуатын, саяси жағдайын барлап қайту керек деген шешімге келеді. Әрі бұл ел қаншама ғасырлардан бері еуропалық ғылым үшін құпия, жұмбақ күйде. Әртүрлі қантөгістерді бастан көп кешкен аймақтың билеуші әкімдері халықты оқшауландыра күн кештіруге бейіл. Әсіресе, діні бөлек еуропалықтар үшін қабақ тым қату. Мәмілеге келіп жатпайды. Бауыздай салады. Сондықтан Қашқарияны барлап қайтудың бірден-бір қауіпсіз тәсілі – ол жаққа тәжірибелі де сенімді азиялық ренді адамды жасырын түрде сауда керуенімен жіберу болған.

Бұл міндетті Батыс Сібір генерал-губернаторының ерекше тапсырмалар жөніндегі адыютанты болып істейтін Шоқаннан басқа лайықты атқара алатын адамды табу ол шақта қиын да еді. Қазақ ғалымының бұл қауіпті сапардан қашқақтауына да, денсаулығым көтермейді деп, қарсылық білдіруіне де әбден болатын. Бірақ Потанин досы жазатындай, жастайынан жұмбақ өлкелерге саяхаттар жасауды армандаған, тумысынан романтик, жаны жиһангез Шоқан бұл мүмкіндікті құр жібергісі келмеді. Нәтижесінде, оның қаламынан барлаушылық сипаттағы есеп емес, бүкіл әлем оқымыстыларының назарын шалт аударған Алтышәр уәлаяты туралы тамаша ғылыми еңбек дүниеге келді. Сол арқылы жаһандық ғылым тарихы төрінен ойып тұрып орын алды.

**– Шоқан Батыс Еуропа елдеріне де барды деген сөз бар. Осы сөз шындыққа қаншалықты сыйымды?**

– Ол бұл жөнінде 1860 жылы қарашаның 4-інде Петербордан әкесіне жазған хатында айтады. *«Құда бұйырса, бір айдан кейін Парижге шығамын... Петербордың науасы деит-сахаралыққа жақсы емес екен. Дәрігерлер қыста зағраницаға баруға бұйырдылар...»*, дейді. Мұны кейіннен жазушы Ф.Достоевский туралы 1906-1908 жылдары жазған естелігінде барон А. Е. Врангель де айтады. Алғаш рет Шоқанмен Семейде танысқан Врангель: *«Кейіннен мен онымен Петерборда және Парижде кездестім. Соңынан білгенімдей, ол көп ұзамай өкпе ауруынан қайтыс болды, Петербордың ауа-райы – байғұстың түбіне жетті»*, – деп еске алады. Бір жағы, кейіннен большевиктерге қарсы соғысқан әйгілі ақ генерал П. Н. Врангельдің немере ағасы боп келетін бұл барон сол кезде Париждегі орыс консулдығында

істейтін. Осы дерекке қатысты Шоқан Еуропаға да құпия тапсырмамен баруы мүмкін деген жорамал айтушылар бар. Меніңше, егер оның Парижге шын жолы түскен болса, әкесіне жазғандай, тек Петербордың қысқы ауыр, дымқыл ауасынан қашып, емделуге немесе мықты дәрігерлерге көріну мақсатын көздей ғана баруы мүмкін. Врангель естелігінен алынған жоғарыдағы *«петербургский климат доконал его»* деген сөз оның денсаулығынан жақсы хабардар адамның ғана аузынан шығады. Шамасы, Шоқан Парижге дерті өршіп жеткен сыңайлы. Врангельдің есінде оның сондай науқасты қалде келген бейнесі қалғандай. Біз өз кітабымызда Шоқанның Парижге барған-бармағаны жөніндегі мәселенің анық-қанығына жету үшін, сол кездегі осы мәселеге қатысы бар делінетін тиісті орыс, француз құжаттарын зерттеп көру қажеттігін де сөз еткенбіз.

**– Врангельдің Парижде жолықтырған адамы Шоқан емес, оның немере інісі Сұлтанғазы Уәлиханов болуы мүмкін деген пікірлерге қалай қарайсыз.**

– Немере ағайынды екеуінің түрлері бір-біріне ұқсас болғаны рас. Бірақ Сұлтанғазының (Ғазидың) Парижге баруы мүмкін деген жылдарда, барон Врангель Францияда болған жоқ. Ол 1862 жылдан бастап Молдова мен Румыниядағы, Даниядағы, Польшадағы, Германиядағы елшіліктерде қызмет етіп, 1906 жылы Дрезденде отставкаға шықты, сонда 1915 жылы қайтыс болды.

Ғази да Шоқан сияқты Абылай ханның ұрпағы. Уәлиханнның орнына Орта жүзге хан боп сайланған Абайділда (Ғұбайдолла) сұлтанның Болат деген баласының ұлы. Қазақтың игі жақсылары хан көтерген Абайділданы орыс билігі соның алдында ғана хандық биліктің жойылғанын айтып, оны 1824 жылы Арқа жерінде алғаш құрылған Көкшетау дуанының аға сұлтаны етіп бекіткені белгілі. Алайда Абайділда мұны олқысынып, ауық-ауық патша саясатына қарсылығын білдіріп отырған. Кейіннен Саржан, Кенесары көтерілістерін белсене қолдаған. Содан ақыры отаршылдар оны итжеккенге айдап құтылған. Абайділданың баласы Болат та біраз жыл болыстық қызмет атқарған. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуды» таңды-таңға ұрып жырлайтын жыраулығы да болған. Ол да аға сұлтан Шыңғыстың үлгісімен баласы Ғазиды Шоқан оқыған кадет корпусына береді. Шоқан

Қашқардан қайтқан 1859 жылы Ғази да кадет корпусын бітірген болатын. Содан ағайынды екеуінің жолдары 1864 жылғы Әулиеата жорығы барысында түйседі. Алатау округі мен Ұлы жүз қазақтарының бастығы, генерал-майор Колпаковскийдің қарамағында қызмет ететін поручик Ғази Уәлиханов орыс әскерінің Әулиеатаға (бүгінгі Таразға) жорығы барысында қазақ милициясы жасағын басқарады. Штабс-ротмистр Шоқан полковник Черняевтің Тараз жұртына жасаған жауыздығына күйініп, жорыққа әрі қарай қатысудан бас тартып, біраз адаммен бірге кейін қайтқанда, Ғази да Алматыға оралады.

Осы орайда, олардың содан былайғы өмірбаяндарындағы ұқсас жайттардың да зерттеушілерді ауық-ауық шатастырып, Шоқан туралы қате пайымдауларға ұрындырып жүргенін айта кеткен жөн. Шоқанның Петерборға қайтып бармақ ниетпен Алматыдан аттанғанымен, жолшыбай науқасының өршуіне байланысты Алтынемел маңында аға сұлтан Тезек Нұралиннің ауылында ұзақ аялдап қалғаны, Тезектің немере ағасы Көшен төре Ералыұлының қызы Айсарыға үйленгені, келер 1865 жылдың сәуір айында әбден меңдеген дерт тырнағынан құтыла алмай демі үзілгені белгілі. Ол соның алдында ғана өзіне ротмистр шенінің берілгенін де білмей көз жұмып еді. Екі жылдан кейін Колпаковскийдің қарамағында істеп жүрген штабс-ротмистр Ғази Уәлиханов та Тезектің ауылына келіп, аға сұлтанның қызы Қарашашқа үйленеді. Шоқан сияқты сол ауылда тұрып қалады.

Қос Уәлиханов өміріндегі осындай ұқсастықтар: кейіннен штабс-ротмистр Ғази Уәлиханов пен қайын атасы Тезек екеуінің патша үкіметі тарапынан күдікке ұшыраған жайы, оларға Жетішәр ханы Жақыпбекпен байланыс құрдындар деген айып тағылғаны Шоқан атына телініп, бірқатар шатастыруларға ұрындырды. Шоқанның шығармалар жинағының 1968 жылы шыққан төртінші томына қате енгізілген, штабс-ротмистр Уәлихановтың (яки Ғазидың) үкіметке қарсы зиянды әрекеттері туралы *1869 жылғы*, бірақ жинаққа *1865 жылы* жазылған делініп, жаңылыс еніп кеткен мәлімхаттық құжат әртүрлі топшылауларды туындатты. «Шоқанды патша билігі өзіне қарсы шығатын болған соң арнайы тапсырыспен өлтіріпті-міс», деген дәйексіз жорамалдар пайда болды. Кейіннен бұл құжаттың



Шоқанға бөтендігі анықталып, ол ғалымның 1984-1985 жылы шыққан кейінгі бес томдығына қосылмаса да, бұрынғы қате дерекке сүйеніп, оның өлімін сан-саққа жүгіртушілер әлі де ұшырасады.

– Сонда Шоқан өз ажалынан көз жұмды ма?

– Дәлірек айтсақ, өкпе дертінен – туберкулезден үзілді. Қазақтар оны құрт ауруы дейді. Бұл ретте Шоқанның жан досы Григорий Потаниннің дәйегіне назар аудара бермейтін сияқтымыз. Алаш көсемдері – Әлихан, Ахмет, Міржақып сияқты ұлы тұлғаларымыз: «қазақты туганындай жылы көреді», «қазаққа Потаниннің аты ардақты» деп аса жоғары бағалаған осы қадірлі ғалым, әйгілі саяхатшы кадет корпусында оқып жүрген кездің өзінде Шоқанның бойында құрт ауруының нышандары болғаны жөнінде жазып кеткен. «Ол жаз сайын ауылына барып, қымыз ішіп, оңалып қайтып жүрсе де, корпустан өкпе туберкулезі (чахотка) белгілерімен шықты... Петербордың ауа райы оның онсыз да әлсіз денсаулығын төмендеткені сонша, дәрігерлер оны емделмесең болмайды, деп туған жеріне қуғандай етіп жіберді», дейді өз естелігінде Шоқанмен Петерборда бірге жүрген Потанин (*Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1985. Ү т. 363 бет*). Шоқанмен Петерборда, Омбыда тығыз аралас-құралас болған ғалым Н. Ядринцевтің де айтары осындай: «Петерборда әлсіреген денсаулығын қалпына келтіру үшін оның дереу өз еліне, далаға кетуі қажет болды», дейді ол (*сонда. 277-бет*). Ал 1863 жылдың соңында Омбыда көрген кезінде: «оның денсаулығының әлсіздігі, өкпесінің дертті (чахоточный) екені анық байқалатын. Соған қарамастан ол тағы да Петерборға баруға жиналып жүрді», дейді Ядринцев тағы бір естелігінде (*Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1968. ІҮ т. 576 бет*). Бұлардың бәрі әлгіндегі Врангель жазған дерекпен де үйлеседі. Ол кезде емі жоқ туберкулез дертінің талай адамды жалмағаны белгілі. Ұлы Абайдың дарынды қос баласы Әбдірахман мен Мағауия да осы құрт ауруынан көз жұмған еді ғой. Шоқан Колпаковскийге жазған соңғы хаттарында өкпесінің іріндегенін, жұтқыншағының ауыратынын, тамақты әзер жұтатынын, дауысы шықпай қалғанын хабарлайды. Мұның бәрі дәрігерлердің пікірінше, туберкулездің белгілері. Әдетте көктем шыға өршитін сол құрт

ауруы ақыры 1865 жылғы сәуірдің 10-ы күні (жаңаша күнтізбемен 22-сінде) Шоқанды да алып тынды...

**– Ауыр науқасына қарамастан, генерал Колпаковскиймен хат алысып, оның тапсырмаларын орындауының себебі неде?**

– Шоқан аға сұлтан Тезектің ауылында науқасына байланысты амалсыз аялдап қалған айларда іргедегі шекараның арғы жағында ұйғырлар мен дүнгендердің мәнжу-қытай билігіне қарсы қарулы көтерілістері де басталып кеткен-ді. Құлжа қоршауға алынып, Шәуешекте қанды қырғындар өтіп, күнгей беттегі Алтышар аймағында қожалар бастаған бұлғақ өршіп, күллі Қашқар өңірін шарпыды. Ол кезде Шығыс Түркістандағы қытай билігінің орталығы Жаңа Құлжа (қазіргі Құлжадан Іле бойымен батысқа қарай 35 шақырымдай жердегі шәһар) болатын. Тезектің ауылынан көп алыс емес осы қамалдағы Қытай жанжұны (цзян-цзюн – генерал-губернатор) тарапынан, сол кездердегі ушыққан жағдайға байланысты Алатау округінің бастығы Колпаковскийге әскери көмек сұраған дипломатиялық пошталар аттандырылуы жиілеп тұр еді. Олар Алматыға жетіп, одан көп уақыты дуан ішін аралаумен өтетін генералдың қолына тигенше талай уақыт өтеді. Бірде Тезектің ауылына арнайы соққан генерал, Шоқанның алыс жолға шығуға жарамайтын ахуалын байқағаннан кейін, штабс-ротмистрдің жан-жақты мүмкіндігіне әбден лайық ұсыныс білдіреді. Оған жанжұнның осы пошталарын Тезектің ауылында қабылдап, мәнжу тіліндегі мәтінінен аударып, Колпаковский жүрген тұстарға қарай Алтынемел бекеті шабармандары арқылы аттандырып тұру туралы өтініш айтады. Шығыс Түркістанды зерттеу тақырыбының сол замандағы ең білгір маманы саналатын Шоқан, ғалым ретінде бұған қарсылық білдіре алмайды. Өзіне етене таныс аймақ тарихын әрі қарай тереңдей қаузауға септігін тигізетін ұсыныс деп қабылдайды. Расында да оның Колпаковскийге жазған хаттары кейінгі зерттеушілер тарапынан ұйғыр мен дүнген халықтарының сол жылдардағы азаттық көтерілістерінің дәйекті құжаттары ретінде бағаланады. Генералға жолдаған соңғы хатына қарағанда, өзінің денсаулығы бері қараса, сол бұлғақтардың туу себептері мен барысы туралы толыққанды жазбаларын жібермек ойы бар екенін де білдіреді.

Дүниеден ерте озбағанда, Шоқанның Шығыс Түркістан тарихы туралы тағы да құнды еңбектер жазары кәміл еді.

– **Қазақ халқы Шоқанын түгелімен танып-біле алды ма? Оның зерттелмей жатқан қандай қыры, еңбектері бар?**

– Шоқан әлі зерттеушілердің өзіне де түгелдей танылып біткен жоқ. Шоқанды әлем ғылымына, туған халқына таныстыруда өлшеусіз ұлы еңбек жасаған академик Әлкей Марғұланның өзі, ана бір жылдары Алматыдағы М. Әуезовтың мұражай-үйінде өтетін халық университетінің дәстүрлі дәрістерінің бірінде «Шоқан тұлғасы – мұхитта жүзіп жүретін, көп бөлігі су астында көрінбей жататын алып мұзтау сияқты. Ол туралы әлі білетінімізден, білмейтініміз көп», деген еді. Атақты академигіміздің сол сөзі дәл теңеу. Ол туралы қаншама еңбектер жасалып жатқанымен, білмегеніміз де соншама мол. Оның көптеген шығармалары, оған жазылған, ол жолдаған қаншама хаттар, со бойы таптырар емес. Көбінің ұшты-күйлі жоғалғаны анық. Мұндайда Потанин, Гутковский және оның қызы Катерина Гутковская сияқты адал жандардың арқасында ғана, оған қатысты бүгінде, бес томдықтарымызды толтырып отырған ғалым еңбектері мен хаттарының, ол туралы деректер мен естеліктердің сақталып қалғанына да шүкіршілік айтасыз. Кейінгі бес томдықтың қазақшаға аударылып жатқаны игі жаңалық. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты тарапынан оның жарияланбаған мұраларын іздестіруге, ол туралы шетел зерттеушілерінің пікірлерін жинауға, жаңа шығармалар жинағын шығаруға ұмтылысы да өте құптарлық. Данышпан Ә. Марғұлан өзінің «Шоқан және Манас» зерттеуінде Шоқанның бір дәптері «Кенесары қолының Алатау қырғыздарымен соқтығысқан тарихи оқиғаға арналған» деп жазған-ды (12-бет). Жаңа жинаққа кенес билігі кезінде жариялауға тыйым салынған осындай дүниелер де еңсе дұрыс болар еді. Біз өзіміздің соңғы кітабымызда Шоқанды Кенесары-Наурызбай бастаған азаттық күресінің тарихын жан-жақты білетін адам ретінде сипаттадық.

Шоқан тақырыбымен көп жылдардан бері айналысып келе жатқан тәжірибемізден түйгеніміз мынау. Ол сияқты данышпан тұлғаны түбегейлі тану үшін әркімнің соған іштей дайындығы болуы керек екен. Шоқанның өзі оқып, зерделеген көне қолжазбалар мен ғылыми еңбектердегі сол заман лебінен, тарихи

оқиғаларынан, айтулы тұлғаларынан хабардарлығыңыз, түрк жұрттары және қазақ халқының өткенін пайымдай алатын зейінділігіңіз, қазақтың көне әдеби, мәдени мұраларына жетіктігіңіз, онымен дос, аралас-құралас болған орыстың көрнекті қаламгерлерінің шығармаларына қанықтығыңыз, ғалымның өз жазғандарын лайықты өреде қабылдайтын білік-деңгейіңіз кемшін соғып жатса, ол өзіне терең бойлатпайды. Түпсіз тұңғыық. Бір қырынан таныдым дегеніңізбен, әрі қарай қаузай түссеңіз, басқа бір шүйгін жағымен байқалады. Сірә, тұлғаның ғұламалығы, данышпандығы дегеніңіз де осы болса керек.

Ғалымдар боп, қаламгерлер боп, Шоқанның ұлы да дана тұлғасын туған халқына жан-жақты қырынан танытып, жаңа сипаттарын ашуға атсалысу, терең зерделеу – тәуелсіз еліміздің болашағы үшін әбден қажет ардақты міндет.

**Әңгімелескен Қарагөз СІМӘДІЛ.**

*(«Қазақ әдебиеті» газеті. 2010 жыл. №24, 18-24 маусым)*



## ШОҚАННЫҢ БОЙЫНДА АБЫЛАЙДЫҢ ТЕКТІЛІГІ БАР-ДЫ...

*Жақында қазақ мәдениетіндегі орны бөлек тұлға – ұлтымыздан шыққан тұңғыш этнограф, ағартушы, фольклоршы, тарихшы, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл толды. Ал биыл ғалымның Шығыс Түркістанға – Қашқария жеріне жасаған ғылыми экспедициясына 157 жыл толып отыр. Осы орайда біз белгілі шоқантанушы қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлымен сұхбаттасқан едік.*

### *Кунтимес» атауын алғаш Әлкей Марғұланнан естідім*

**– Жарылқап аға, Сіз – қазақтың ұлы ғалымы, ойшылы Шоқан Уәлихановтың ғұмыры мен шығармашылығын түбегейлі зерттеп, оның сапарларының ізімен жүріп өткен, өмір сүрген жерлерін арнайы аралаған, соның нәтижесінде бірнеше кітап жазған қаламгерсіз. Сізді Шоқан тұлғасы қалай қызықтырды?**

– Бәлкім, сол кездерде жастар газетінің журналисі болмасам, Шоқан тақырыбына келмеуім де мүмкін бе еді. Маған өткен ғасырдың 70-80-жылдарында сергек санаткер Сейдахмет Бердіқұлұлы басқарған «Жас Алаш» басылымында қызмет атқару бақыты бұйырды. Ізденем деген журналиске ағыл-тегіл мүмкіндіктерді молынан ұсынатын осы құтты ұстаханада сол кезеңде өңшең қаламы жүрдек жігіттер мен қыздар істеп, бәріміз де сан түрлі тосын тақырыптарды таласа-тармаса көтеретін, бірімізден-біріміз асып түсуге ұмтылатын шырайлы шығармашылық ахуал аясында қолтаңбамызды қалыптастырдық. Менің студент кезімнен жинап жүрген шағын кітапханамда Шоқан Уәлихановтың 1958 жылы орысша басылған таңдамалы шығармалар жинағы бар-тын. Бір күні сол кітапты қайталай парақтап отырғанымда, ғалымның 1856 жылы жазған «Ыстықкөл сапарының күнделігі» бұрынғыдай емес, басқаша қырынан әсер етіп, «осы сапар ізімен бүгінгі күні жүріп өтсе ғой, шіркін» деген кәдімгі журналистік қызығушылығымды оятты. Әрі орайы да

келіп тұр еді: сол 1975 жылы Шоқанның туғанына 140 жыл толмақ екен. Дерееу сапар маршрутын күнделік бойынша картаға түсіруге кірістім. Осы аймақты аралаған басқа да саяхатшылардың жолжазбаларымен таныстым. Бәрін тап-тұйнақтай етіп дайындаған соң редакторымыз Сейдахмет ағаның алдына кірдім. Ол кісі ерекше қуанып, үш кезеңге бөлінген іссапарға шығуға рұқсат берді. Сапар барысында сол күнделікті жазған кезде 20 жаста ғана болған Шоқанның ұлылығы, ғалымдығы, байқампаздығы, ой жүйріктігі, жазу шеберлігі, қаламгерлік қарымына талай рет тәнті болдым. Ақыры жастар газеті бетінде бірінен соң бірі шығып тұрған жолсапар мақалалар сериясы арқылы өзімнің де шоқантанушылар қатарына енгенімді байқамай қалдым. Содан бері Шоқан тақырыбы өзіне жіпсіз байлаумен келеді.

Ғалымның 150 жылдығы кеңінен тойланған 1985 жылы тағы да сол Сейдахмет ағамыздың қолдауымен Шоқан ғұмыр кешкен, еңбек еткен мекендерді аралауға шықтым. Сапарым нәтижесіз болған жоқ, ұлы ғалымның өміріне қатысты жаңа мағлұматтарға жолықтым. Жастар газетінің экспедициясы ретінде жүргізілген бұл екі жолсапар да «Жалын» баспасының назарына ілігіп, алғашқысы «Шоқан ізімен» (1977 жылы), кейінгісі «Жасынтағдыр жарқылы» (1987 жылы) деген атпен кітап боп жарық көрді. Содан кейінгі жылдары өзім қазақ пен түрк жұрттарының этникалық негіздерін қаузаған күрделі ғылыми тақырыптарға бұрылып кеткендіктен, Шоқаннан біраз қол үзіп қалғандай едім. Алайда ұлы тұлға тақырыбы ылғи да бір бүйірімде тұрғандықтан, оған қатысты көзге түскен деректерді жинастыруды тоқтатқам жоқ. Ақыры арада жиырма жылдай уақыт өткенде Шоқанға қайта оралып, ғалымның 2010 жылы тойланған 175 жылдығы қарсаңында 39 баспа табақ көлеміндегі «Шоқан» атты кітабымды бітіріп, ол «Қазақстан» баспасынан «Фибратты ғұмыр» сериясы бойынша жарық көрді. Сыншылар тарапынан жанры ғұмырнамалық роман-эссе деп бағаланған бұл тарихи-ғұмырнамалық шығармада қазақтың ұлы ғұламасының жаңадан табылған шынайы деректермен, дәйекті мағлұматтармен көмкерілген толыққанды тұлғасын жасауға ұмтылдым.

– Сіз ғылымда жылдар бойы «Шоқанның туған жері – Құсмұрын бекінісі» делініп келген көзқарастың көбесін сөгіп,

**шын мәнінде ғалымның кіндік қаны тамған жері – Күнтимес қыстауы екенін анықтауға атсалыстыңыз. Бала Шоқан асыр салған, асық ойнаған ауылды табу да оңай болмаған шығар?**

– Күнтимес атауын мен алғаш академик Әлкей Марғұланнан естідім. Алматыдағы М. Әуезовтің мұражай-үйінде өтетін дәстүрлі халық университеті дәрістерінде Әлекеңнің Шоқан туралы көсіле әңгімелеген бірер лекциясын тыңдағаным бар. Соңғы дәрістерінің бірінде ғой деймін, академик сөзінің әлқиссасында «Шоқан Обағандағы Күнтимес атты хан сарайында дүниеге келді», деп қалды. Алайда сол Әлекеңнің өзінің басшылығымен шыққан Шоқан шығармаларының бәрінде оның туған жері Құсмұрын бекінісі деп көрсетіледі. «Күнтимес» дегенін бір сәт тосындау қабылдағаныммен, ол кезде аса назар да аударма қоймаппын. Кейін 1984 жылы академиктің 80 жылдығына байланысты жастар газетінің тапсырмасымен ақсақалдан арнайы сұхбат алғанымда, ол кісі «Шоқан Күнтимес деп аталған ордада туды» дегенді тағы қайталады. Бірақ болашақта Шоқанның кіндік қаны тамған жеріне қатысты ізденістерге барам деген ой қаперімде жоқ, ол деректі әрі қарай қаузамаппын. Тек 1985 жылы Шоқан ғұмыр кешкен мекендерді аралауға шығатын сапар қарсаңында ғана Ә.Марғұланның сол сөздерін қағазға түсірген жазбамдағы Күнтимес ордасы атауына назарым қайта ауды. Анықтап сұрауға ол кезде кеш, Әлекең сол жылдың қаңтарында ғана дүниеден озған-ды. Амал жоқ, Күнтиместің анық дерегін өзім іздеуге кірістім. Өртүрлі құжаттарды көз майымды тауыса қарау үстінде Құсмұрын округінің әдебиеттерде жазылып жүргеніндей, 1835 жылы емес, 1845 жылы ашылғанын анықтадым. Оған дейін Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов аға сұлтан болған Аманқарағай дуанының орталығы Қараоба деген жерде орналасыпты. Ол мекен Шоқанның 1852 жылы салған картасында да көрсетілген. Сол картада дуан орталығынан солтүстік-шығысқа қарай 30-40 шақырымдай шамадағы бір тұсты Шоқанның өз қолымен «КСТАУ» деп бас әріптермен белгілегені де назарымды аударды. Ақыры ұлы ғалымның кіндік кескен жерін сарсыла іздеген 1985 жылдың көктеміндегі жолсоқты сапарымның соңы сол «қыстау» деп көрсетілген орында түйінделген еді. Күнтимесіңіз сол жерде екен. Қостанай облысы Сарыкөл ауданына қарайтын, әлі күнге дейін Күнтимес аталып

келе жатқан сол ауылдың көнекөз қариясы маған аға сұлтан ордасының, мешіті мен құдығының орнын көрсетті, сол заман тұлғаларына қатысы бар бірқыдыру иланымды деректерден әңгіме шертті.

Шыңғыс Уәлиханов Аманқарағай округінің аға сұлтаны боп 1834 жылғы тамыздың соңында тағайындалған. Соның алдында ғана ол Баянауылдың әйгілі биі Шорманның қызы Зейнепке үйленген еді. Білдей аға сұлтан үшін сол жылы қыс түскенше ағаштан қиып үй тұрғызып алу аса қиын шаруа емес. Биік өскен қайың мен қарағайдың қойнауындағы Күнтимес мекені қонысқа қолайлы мекендердің бірі. Мейлі, сол жылы аға сұлтан ордасы салынып бітпей-ақ қойсын дейік. Бірақ келесі 1835 жылы жаз бойы ол құрылыстың аяқталуы әбден мүмкін ғой. Бұл қисын Ә. Марғұланның 1958 жылы Сырымбетке арнайы соғып, көнекөз қариялардан жазып алған естеліктеріндегі Сары Ыбырайұлы деген ақсақалдың «Шыңғыс Обағанға керей-уақ елінің аға сұлтаны болып барысымен, өзіне қоныс салдырып алуға кіріседі, ағаштан түйін түйетін шеберлер оған тез арада сәулетті орда жасап береді», деп айтқанымен де дәл үйлеседі. Демек, 1835 жылы қарашада дүниеге келген Шоқанның кіндік қаны осы орда-қыстауда тамғаны әбден иланымды.

Осы орайда Күнтимес ақиқатының кейінгі жылдарда «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген құжаттармен де нақтыланып жатқанын айтқым келеді. Мәселен, «XVI-XX ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы» атты серияның 8-томының 1-бөлімінде әуелі Аманқарағай, сосын Құсмұрын округтерінің аға сұлтаны қызметін 1834-1853 жылдары аралығында атқарған Шыңғыс Уәлихановтың барлық уақыттарда да қыстауының тек Күнтимес болғаны анық жазылған. Ал бұған дейінгі ғылыми еңбектерде айтылып жүрген «туған жері – Құсмұрын бекінісі» дегенге келсек, ол атау Шоқанның 1847 жылы Омбы кадет корпусына оқуға түскен кездегі әкімшілік атауына байланысты туындаған. Шоқан сол шақта Құсмұрын округі деп аталған дуаннан келгендіктен, оның туған жері де солай белгіленіп кеткен. Егер округтің аты бұрынғыдай Аманқарағай боп өзгермей тұрса, оны Аманқарағайда туды деп жазар еді. Ғылыми еңбектердің құжаттан ауытқымайтын тәртібіне сәйкес қағазға бір түсіп қалған



«туған жері – Құсмұрын» деген сөз содан былайғы деректерде де қайталана берген.

**Кадет корпусына ол құнарлы біліммен келді**

– Тұлғаны отбасы мен орта қалыптастырады. Шоқанның балалық кезеңі қалай өткен? Оның хан-сұлтандар әулетінен екені болашақ зерттеушінің болмыс-бітіміне қаншалықты ықпал етті? 5 жасынан хат танып, 7 жасында әкесі Шыңғысқа жыр-дастандарды хатқа түсіруге жәрдемдескеніне қарап, оны, бүгінгі тілмен айтқанда, «вундеркинд еді» деуге бола ма?

– Бұл ретте Шоқанның әкесі Шыңғыстың өзінің де қара жаяу адам еместігіне назар аудару керек. Ол – Омбы әскери училищесі жанындағы тілмаштар дайындайтын Азиялық мектепті алғашқылардың бірі боп бітірген санаулы қазақтың бірі. Орысша білетін, сол тілдегі газеттер мен журналдарды оқып отыратын, орыс оқымыстыларының тапсырмасымен қазақтың ауыз әдебиеті мен этнографиясының үлгілерін жинап, жазып алып жүретін көзі қарақты тұлға. Шоқанның зеректігін байқаған аға сұлтан тұңғышы алты жасқа келгенде баласына орнықты білім беруді көздеп, Күнтимес ордасында қазақ мектебін ашады. Шыңғыс ашқан ол мектептің тәлімі жаман болмағанын Шоқанның 12 жасында кадет корпусына барғанға дейін-ақ кәдімгідей білім алғанынан да аңғаруға болады. Күнтимес мектебінде шәкірттер қазақша оқи-жаза білуді, ортағасырлық кітаби түрк тілін тануды, арабша, парсыша тіл сындыруды үйренді, шығыс ақындарының өлеңдерін жаттады, қазақтың халық эпостарын оқыды, тарих пен есеп пәндерін өтті. Тумысынан зеректігімен көзге түскен Шоқанға оқу-білімге әуелден жақын, әр тілден хабары бар, шығыс әдебиеті шығармаларына жетік Айғаным әжесінің де әсері мол тиді. Шоқан Сырымбет ордасын мекендейтін Айғаным әжесімен негізінен жазда Аққанбұрлық өзені алабындағы өз жайлауларына келгенде ғана жолыққан. Білімді әже жаз бойы алғыр немересін қасына көбірек ұстап, әртүрлі ертегілер, аңыздар мен өлеңдерді үйрететін, өзінде бар шағын қиссалар мен дастандарды тыңдататын. Оның үстіне аға сұлтан ордасына әйгілі би-шешендер, ақындар мен жыраулар, әншілер мен күйшілер ат

басын жиі бұрып жатады, осында әртүрлі өнер сайыстарын өткізеді. Өзі зейінді Шоқанның қабілетінің одан әрі ашылуына ұшқан ұясындағы осындай жан-жақты рухани тәлімнің де ерекше әсер-ықпалы тиді. Бір жағынан, оның «вундеркиндік» дарыны сонау Абылай бабасынан келе жатқан тектіліктің ұшқынына да саяды деуге болады. Абылай ханның атақты қолбасшы, жаһангер әмірші ғана емес, шандоз күйші болғаны, өзінің де бірталай күйлер шығарғаны белгілі. Оның ұрпақтарының арасынан Шоқаннан басқа да көптеген талантты тұлғалар шықты. Уәлиханның тұңғышы Абайдідданың баласы Болат төре – жыршы, Шыңғыстың туған інісі Қанғожа төре – қобызшы, Шоқанның туған інісі Мақы – ағаштан түйін түйген қолөнер шебері болған.

**– Осы орайда орыс тілін онша білмейтін 12 жасар кезінде өзіне мүлде бейтаныс Омбы шаһарындағы кадет корпусына оқуға қабылданған Шоқанның көп ұзамай ондағы үздік шәкірттердің біріне, қатарластарының көшбасшысына айналуы да таңғалдырмай қоймайды. Бұл феноменді қалай түсіндірер едіңіз?**

– Біріншіден, Шоқанның кадет корпусына түсіп, білгір ұстаздар тәлімін көруі – оның бойындағы бабаларынан келе жатқан тектілік дарын шоғын одан әрі лаулатқан үйлесімді сәттілік дер едім. Екіншіден, Абылай бабасынан келе жатқан тектіліктің, көшбасшылық қабілеттің нышаны, кішкентайынан қазақтың рухани тәлімінің сырлы бұлақтарынан сусындап өскен жан-жақты тәрбиенің нәтижесі. Бастапқыда орысшаға шорқақтығына қатысты сәл-пәл тосырқағанымен, Шоқанның Күнтимес мектебінен алған білімінің деңгейі онымен бірге кадет корпусына түскен қарапайым казак-орыс балаларының оқуына қарағанда құнарлылау еді. Әрі ол өзінің хан тұқымы, аға сұлтанның баласы екенін, сол деңгейге сай болып жүруі керектігін, басқаға кеудесін бастырмау қажеттігін де жақсы түсінген. Оның үстіне әйгілі хан тұқымының шығыс әдебиетінен сауаттылығы, араб, парсы тілдерін танып оқи алатындығы да ұстаздарының назарын аударды. Әсіресе Шоқанның бұл қабілетін өзі шығыстанушы болса да корпуста орыс әдебиетінен сабақ берген Н. Ф. Костылецкий сынды білімдар мұғалім ерекше бағалаған. Ол үшін Шоқан сынды алғыр шәкірттің кадет

корпусына түскені айрықша қуаныш болғаны анық. Қазақшаны өзі де тәп-тәуір білетін ұстаз Шоқанды бірден бауырына тартып, ол орысшаны игере бастағаннан-ақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауға жұмылдырды, біразын бірлесе отырып орысшаға аударысты, ғылыми жұмыстың бағыт-бағдарларын үйретті. Дайындап біткен дүниелерін Қазандағы профессор досы Березинге жіберіп отырды. Келе-келе жазба жәдігерлерді зерттеуге, олардан қазақ тарихына қатысты деректерді іздеуге баулыды. Шоқанның ортағасырлық жазба мұраларды танушы білгір ғалым боп қалыптасуы, олардың көбін әлемде тұңғыш рет тереңдей зерттеуі, әйгілі Қашқар сапарынан әкелген көне қолжазбаларды ғылыми айналымға бірінші боп енгізуі сол Костылецкийдей ұстаздың бағыттап берген тәлімінен бастау алады.

### **Оның өміріне де, өліміне де қатысты қауесет көп...**

– Белгілі орыс зиялыларының (жазушы Ф Достоевский, ақын С. Дуров, зерттеуші Г. Потанин, т. б.) Шоқанмен достығының ерекше болуына да жас қазақ ғалымының білімдарлығы себеп болған шығар?

– Әрине. Бірақ тек ол ғана емес. Оларды Шоқанның әлемдік өркениет пен әдебиет тарихын жілікше шағатын, өз халқы мен шығыс өмірін жетік білетіні, оған қоса адаммен тез жұғысатын қасиеті, сөздің майын тамызып сөйлейтін шешендігі, ойының құнарлылығы, аңқылдаған пейілге толы бітімі тұтасымен баурап алды. Кейін Петерборда болған кезінде де Шоқан осы ерекше дарындылығымен, ғұламалық бітімімен сол замандағы озық орыс зиялыларының құрметіне бөленді. Ал оның өзімен түйдей құрдас Г. Потанинмен достығы – нағыз шынайы да адал сыйластықтың хас үлгісі. Потанин өмірден ерте озып кеткен аяулы қазақ досының шығармаларын жинап бастыруды өз парызы деп ұқты. Ол шау тартқан шағында: «Шоқан екеуміз саяхаттарға бірге шығуды армандаған едік, егер ол дүниеден қыршын күйде кетпей, бұл жоспарларымызды ол орындағанда, досымның есімі қазірдің өзінде ұлылардың қатарында аталар еді», – деп Шоқанға деген ақтарылған пейілін бүкпесіз білдірген.

Омбыдағы казак әскери училищесі Шоқан түсерден екі жыл бұрын ғана іріленіп, кадет корпусына айналған болатын. Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес оған орталықтан арнайы шақырылған білімдар ұстаздар қатарында әлгінде айтқан Костылецкий, тарихшылар Г. В. Гонсевский, А. И. Сулоцкий, географ Е. И. Старков секілді өз пәндеріне жүйрік, көкірегі ояу мамандар келіп сабақ бере бастады. Мәселен, Костылецкий орыс әдебиеті сабағын негізінен әлі патша цензурасы рұқсат етпей жатқан Белинскийдің сын мақалаларына орай құратын. Пушкин, Лермонтов, Гоголь шығармаларын ұлы сыншының қоғам өміріне қатысты көкейтесті ойларымен көмкере отырып ұсынатын. Ұстаздарының арамдық пен аярлыққа, әділетсіздік пен жалғандыққа, крепостнойлық тәртіпке қарсы ащы сын айтып, мысқылдауы кадет шәкіртерінің ой-өрісінің дамуына, өмірге, қоғам құбылыстарына қатысты дұрыс көзқарас қалыптастыруына едәуір ықпал етті. Вильно мен Қазан университеттерінде тәлім алған, Гете мен Шиллерді, Шекспир мен Байронды, Диккенс пен Теккерейді, Гейне мен Мольерді түпнұсқадан оқитын Гонсевский ұстаздың да дәрістері ерекше болды. Аталған алыптардың бәрінің де шығармаларындағы азаттық идея сарынын терең сезінетін, сол рухты өз туындылары мен тірліктерінде де көрсетуге ұмтылғаны үшін түрме азабын тартқан Достоевский, Дуров сияқты қаламгерлердің қияндағы Омбыдан қазақтың өздерімен ойы деңгейлес жас жігітті ұшырастыруы ерекше тәнті етті.

– **Шоқанның негізінен ғылымға ден қоюы, ата-бабасы, әкесі секілді билікке, ағасұлтандыққа ұмтылмауы не себепті деп ойлайсыз?**

– Оның билікке ұмтылуға уақыты да болған жоқ. Генерал-губернатордың адъютанты қызметінде жүріп, Ыстықкөл мен Құлжаға сапар шекті. Саяхатнамалық күнделіктерін жазды. Қауіпті Қашқар сапарына дайындығына қоса екі жылы кетті. Петерборға барып ғылыми жұмыстармен айналысты. Денсаулығы жараса, сонда тұрақтап қызмет еткісі келді. Бірақ, өкінішке қарай, бұл арманы орындалмады. Жастайынан сыр беріп жүрген, Қашқар сапарынан қайтар жолда таудың ызғарлы суығына ұрынып, одан әрі асқындырып алған құрт ауруы оны елге қайтуға мәжбүр етті. Сол науқасымен енді Петербор барып, ғылыммен орнықты айналысу мүмкін еместігін түсінгесін ғана

қарапайым халыққа жақсы, әділетті басшы боламын деген ниетке беріліп, аға сұлтан сайлауына түсуге бекінеді. Алайда отаршыл әкімшілік Шоқан сияқты деңгейі биік білімпаз тұлғаға бір округтің билігін беріп қою, ел ішінде өкіметке қарсы ұнамсыз әрекеттерді туындатуы мүмкін деген қауіппен сайлауда дауыс санымен жеңіп тұрса да, оның сыртынан «науқасына байланысты, қызметінен бас тартты» деген қарау шешім шығарып, орнына қарсыласы Ерден Сандыбайұлын тағайындап жібереді. Оның билікке ұмтылуының бас-аяғы осымен бітеді. Асқынған дертімен қатар Омбы ұлықтарынан зәбір көрген, оның үстіне өз ағайындарымен түсінісе алмаған Шоқанның сол шақтағы торығыңқы тағдыры кәдімгідей аянышты.

**– Шоқан еңбектерінің қазақ ғылымындағы алар орны қандай? Оның мұралары жеткілікті дәрежеде зерттелді ме?**

– Оның адал достары – саяхатшы-ғалым Потаниннің, генерал Гутковский мен оның қызы Катерина Гутковскаялардың шынайы ықылас-ниеттерінің нәтижесінде жиналып қалған, бүгінде ғалымның бес томдық шығармалар жинағына топтастырылған Шоқан мұраларының қазақ ғылымы ғана емес, әлемдік ғылымдағы орны да ерекше сүбелі. Ол – Орталық Азияны, Шығыс Түркістанды зерттеу ісіндегі ізашар ғалымдардың бірі. Оның Қашқарға құпия сапармен барып қайтқаннан кейін жазған «Алтышәрдің, яғни, Қытайдың Нан-Лу уәлаятының (Кіші Бұхараның) жайы» атты құнды еңбегі осы аймақ туралы жаһандық деңгейдегі елеулі зерттеулердің төлбасысы. Осы өңірдің тарихы туралы содан кейін жазылған ғылыми шығармалардың барлығы да Шоқанның бұл еңбегіне бір соқпай кете алмайды. Одан дәйек іздейді, соның мағлұматтарынан тиянақ табады, деректерін салыстырып пысықтайды. Қазақ пен қырғыздың ауыз әдебиетінің үлгілерін еуропалық ғылымға таныстырудағы Шоқан қызметі де ересен. «Манас» эпосының ең шұрайлы бөлігінің бірі – «Көкөтайдың ертегісін» әлемде тұңғыш рет жазып алғанының өзі неге тұрады?! Сонымен қатар оның ортағасырлық көне қолжазбалар мен шығармаларды танудағы біліктілігі де таңғалдырады. Ол Мұхаммед Хайдар Дулати сынды ортағасырлық жерлес ғұламамыздың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін тыңғылықты зерттеуді де алғаш қолға алып еді. Алайда,

денсаулығына байланысты оны әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігі болмады.

Шоқан мұраларын зерттеуде қазақтың өткен ғасырдағы дана ғұламасы Әлкей Марғұланның атқарған еңбегі аса зор. Оның басшылығымен жиылып-теріліп, тыңғылықты түсініктемелерімен екі мәрте жарық көрген Шоқанның бес томдық шығармалар жинағы – айрықша құнды қазына. Сол Марғұлан ақсақалдың өзінің: «Шоқан туралы білетінімізден, білмейтініміз көп» дегені бар еді. Содан бері де бұл жағдай аса көп өзгере қойған ештеңе жоқ. Оның әлі талай хаттары мен зерттеулері сол күйі таптырар емес. Олардың Ресейдің құпия қоймаларында бүркеліп жатуы да мүмкін. Әрине, талайының ұшты-күйлі жоғалғаны – амалсыз мойындайтын ақиқат. Шоқан мұраларын тәуелсіздік заманы талабы тұрғысынан зерттеу жағына да онша көңіл аударар алмай жатқан сияқтымыз. Шоқан өмірінің кей сәттері мен оның өліміне қатысты аңыздар мен қауесеттер көп, дәйексіз, дерексіз пікір айтушылар да жетіп-артылады. Соларды да бір жөнге келтіретін, ақиқаты иландыратын зерттеулер керек...

**Қазақ жерін жаулаушыларды «орыс цивилизаторлары»  
деп мысқылдайтын**

– Атышулы Черняевтің Әулиеатаға жорығына қатысқан Шоқанның полковник тарапынан шаһар тұрғындарына жасаған озбырлығына шыдамай, оның қарамағынан өз еркімен кетіп қалғаны мәлім. Жалпы, орыс патшасының қазақ даласындағы өкілдеріне қызмет ете жүріп, туған халқына жасалып жатқан әділетсіздіктерді көргенде Шоқан өзін қалай сезінді екен?

– Қатты күйзелгені анық. Шоқан еңбектерін, ол туралы естеліктерді оқығанда, оның отаршылдық пиғылдағы көзқарастарды жақтырмайтынын, оған жан-тәнімен қарсы тұратынын байқауға болады. Өз жазбаларында қазақ жерін жаулаушыларды «орыс цивилизаторлары» деп әлденеше рет мысқылдайтыны да бар. Кенесары көтерілісі туралы құжаттарды зерттеген кездерінде орыс әскерлерінің қарапайым халыққа жасаған талай жауыздықтары туралы оқыған Шоқанның іштен

тынып, шарасыздық күй кешкенінде дау жоқ. Оның қатты дімкәстанып жүрсе де, күтпеген жерден полковник Черняевтің Әулиеата жорығына қатысуға көне кетуінің бір сыры да «сондай қырғындарды болдырмауға қолғабысым тисе...» деген ниеттен туындады деп ойлаймын. Алайда жорық барысында жергілікті жұртпен бейбіт келісімдер жасау міндеті жүктелген Шоқанның мәмілегерлік қызметі жеме-жемге келгенде өркеуде полковникке қажет болмай қалды. Ол Әулиеата (Тараз) шаһарына жеткен кезде қантөгісті болдырмау мүмкіндігі бар екеніне қарамастан, Шоқанның айтқанына көнбей, қаланы зеңбіректермен атқылап, тұрғындарын қырғынға ұшыратты. Шоқан бұл қантөгіске төзе алмай, кейін қайтатынын мәлім етті. Черняев қанды жорығын әрі қарай жалғастырды. Ол Әулиеатадан кейін Шымкент шаһарына жойқын шабуыл жасап, онда паналаған 3 мыңдай тұрғынды жусатып салды. Келер жылы Ташкент қорғаушыларын да қынадай қырды.

– Өмірінің соңғы жылдары Шоқанның әкесімен, жалпы өз әулетімен арақатынасы қандай еді? Неге ол Алтынемел баурайында қалып, Айсарыға үйленді? Неге өз ата-бабаларының ежелгі қонысында емес, осы жақта дүниеден өтті? Мұны тәптіштей сұраған себебim: «бұл уақытта Шоқан әке-шешесімен араздасып жүрген еді» деген әңгімелер аз айтылмайды. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады?

– Ата-анасы Шоқанды әйгілі сұлтан-правитель Ахмет Жантөриннің қызы Ғазизаға үйлендірмек болғанда, ғалымның ол бойжеткенді алуға үзілді-кесілді қарсылығын білдіріп, оларға қарсы шығатыны рас. Содан кейін ол «өзіне күтуші боп жүрген қызға үйленбекші екен» деген негізі күмәнділеу, құпия тұстары жетерлік әңгімеге ұшырайды. Осы оқиғалардан кейін Шоқанның әке-шешесімен арадағы қарым-қатынасына сызат түседі. Денсаулығы шамалы түзелгендей боп көрінген соң, Петерборға жүрмекке құлқы ауып, Омбыға келгенімен, науқасы тағы да қайталап, бір жағынан, қаржысы да жетімсіз боп, жолға шыға алмай, қыс бойы сол қалада аялдап қалады. 1864 жылдың сәуірінің басында күтпеген жерден әлгі Әулиеата жорығына қосылу үшін Алматыға аттанып кетеді...

Жалпы, Шоқан өмірінің соңғы жылдарында құсалық сәттер басымдау. Әулиеатадан оралғаннан кейін, Петерборға бармақ боп

жолға шыққанымен, ол жолшыбай Тезек төренің ауылына келгенде тағы дерті қозып, сапарын әрі қарай жалғастыра алмайды. Содан сол ауылда аға сұлтан Тезектің (ол да Абылайханның ұрпағы) өтінішімен біраз емделіп алуға тоқтайды. Бұл ретте Шоқанның Черняевпен келіспей, кейін қайтқаны жөніндегі әңгіменің Омбыға барғанда алдынан шығатынын сезініп, өзін жек көретін генералдардың түртпегіне ұшыраудан қашқақтауы мүмкін деп те жорамалдауға болады. Дегенмен сол күзде Алтынемел маңындағы Тезек ауылына соғып, Шоқанның науқасты халін білген Алатау округінің бастығы генерал Колпаковскийдің оған өз тарапынан тиімді ұсыныс білдіруі оның осы өңірде алаңсыз аялдауына мұрсат береді. Генерал Шығыс Түркістан тақырыбының сол замандағы ірі білгірі боп саналатын қазақ ғалымына іргедегі Құлжа, Шәуешек, Үрімші, Қашшар аймақтарында басталған ұйғырлар мен дүнгендердің Қытай билігіне қарсы көтерілісінің аңысын байқақтап отыруды, Құлжадағы қытай өлкелік басшысының Колпаковскийдің атына, одан көтерілісшілерді басу үшін орыс әскерлерін жіберуді қайта-қайта сұрап жазатын хаттарын аударып, өзінің жүрген жерлеріне Алтынемел бекетінің шабармандары арқылы жолдап тұруды тапсырады. Бұл орайда Шоқанның сол айларда Колпаковскийге жазған жеке хаттарының ұйғыр-дүнген көтерілісін зерттеген кейінгі заман тарихшылары үшін сенімді дереккөздерінің бірі ретінде танылғанын айтсақ та жеткілікті. Аға сұлтан ауылында ұзақ аялдайтын болғасын Шоқан Тезек төренің немере ағасы Көшен төренің қызы Айсарыға үйленеді. Алайда Шоқанды талайдан айналдырып келген құрт ауруы (туберкулез) ақыры оны 1865 жылдың көктемінде ескі күнтізбе бойынша сәуірдің 10-ында о дүниеге алып кетеді. Шоқанның қазасын естіп Сырымбеттен Алтынемелге арнайы келген оның туған інісі Жақып ағасының қайтыс болар алдында ата-анасына жолдаған тілегіне сай, жесірі Айсарыны Көкшетауға ала қайтады. Кейіннен үлкендердің ұйғарымымен, әменгерлік салты бойынша, Айсары Жақыпқа тұрмысқа шығады. Ол екеуінен тараған ұрпақтар бүгінде Сырымбет өңірінде тұрып жатыр.

**Сұхбаттасқан Сәкен Әбдіғалпарұлы**  
(«Аңыз адам» журналының №12 саны.  
2011 жылғы маусым)



## ҰЛТ НАМЫСЫ БӘРІНЕН БИІК

«Ұлттық баспасөз барлық уақытта ұлттың сөзін сөйлеп, оның мұнын мұндап, жоғын жоқтап, қажет кезінде ұлт мүддесі үшін отқа да түсуге дайын болуы керек деп білемін» дейтін біздің бүгінгі кейіпкеріміз – белгілі публицист, Шоқан ғұмырын ұзақ жылдар зерттеген зерттеуші, ұзақ жылдар ұлттық баспасөздің тізгінін ұстаған қаламгер, бүгіндері «Мәдени мұра» журналының бас редакторы қызметін атқарып отырған **Жарылқан Бейсенбайұлы**.

**– Сіз қазақтың жарқ еткен жұлдыздай ерте ағып өткен ғалымы Шоқан Уәлиханов өмірін зерттеп, зерделеуге көп уақытыңызды арнадыңыз. Сіз бұл тақырыпқа қалай келдіңіз және дiттеген мақсатыңызға толық жете алдыңыз ба?**

– Шоқанды зерттеуге әу бастан талпынған едiм деп айта алмаймын. Ол журналшылық қызметiмнiң iлкi жылдарында «Лениншiл жас» (қазiргi «Жас Алаш») газетiнде жұмыс iстегенiмнiң арқасында ғана жүзеге асқан кездей-соқтық. Бiз жастар газетiнде, оның атағы дүрiлдеп, таралымы 300 мыңнан асып, ел сүйсiнiп оқитын басылымдардың бiрi боп тұрған кезiнде еңбек еттiк. Жас журналшылар шетiнен жампоз, оқырман назарын аударады-ау дейтiн тақырыптарды таласа-тармаса көтерiп жататын. Аптасына бес рет шығатын газеттiң әр санында дерлiк алуан түрлi iзденiстерден туындаған, елдi елең еткiзетiн мақалалар шығып тұратын. Жiгiттер мен қыздар арасында бiрiмiздiң көтерген жақсы тақырыбына, екiншiмiз оны дәп өзiмiз жазғандай қуанатын шынайы шығармашылық бәсеке бар болатын. Сол бәсеке әрқайсымызды да сондай мақтаулы дүние жазсақ қой деген кезектi iзденiстерге талпындыратын.

Ол кездерде мен негiзiнен газеттегi «Аққу» эстетикалық клубы аясында шығатын эсселердi жазуға бiраз машықтанып, француздың постимпрессионистiк, орыстың авангардтық бағыттағы суретшiлерiнiң қилы тағдырлы ғұмырлары, өзгелерден бөлектеу шығармашылық ерекшелiктерi туралы тақырыптарды қаузап жүрген болатынмын. Эссе жанрына тән бiр ерекшелiк,

оның оқылымдылығын арттыру үшін кейіпкер өмірінің ұңғыл-шұңғылдарына тереңірек үңіліп, қызықты тұстарды іздестіруге көңіл бөлінеді. Шамасы, осы бағытты дағдыға алып қалған болуым керек, бірде Шоқанның таңдамалы жинағын қайталай оқып шығу үстінде, ғалымның 1856 жылы жазған «Ыстықкөл сапарының күнделігі» жолжазбасы көз алдыма мүлде басқаша қырымен тартыла қалды. «Егер осы күнделік ізімен қазір қайталай жүріп өтсе қалай болар еді?». Содан соң-ақ көңілден маза қашты. Шоқанның Семейден басталып, Ыстықкөлге дейін созылатын, Қырғыз елінің теріскейін аралап, тау арқылы қайта Қазақстанға өтетін, Алматыдан ескі бекет жолы бойымен Талдықорғанға дейін ұласатын, одан әрі Қапал, Сарқант арқылы Шұбарағаш-Ойжайлауға жеткен кезде түйінделетін сапар маршрутының картасы дайындалды. Сол 1975 жылға Шоқанның 140 жылдық мерекесі де дөп келіп тұр екен. Ақыры бар әзірлік біткен кезде, бұл ойымыз газет редакторы, аса сергек санаткер Сейдахмет Бердіқұлұлына білдірілді. Ол кісінің бұл экспедициялық жобаға соншама риза болып, қуанғанын көрсеңіз: «Ешкім біліп қоймасын, дереу іссапарға шығып кет» деп бірден қолдай кетті. Жастар газетінде жұмыс істемесем, яки оның бас редакторы Сейдахмет ағаның бұл тақырыпқа бірден қызығып, құлшыныс танытуы болмаса, Шоқанды зерттеуге кірісе қоймас па едім, «ол жай әншейін кездейсоқ ұшырасқан тақырып» деп отырғанымның мәнісі де сонда. Басқа газетте істеп жүрсем, дәл мұндай мүмкіндік туа қояр ма еді? Кім білсін?!.

Жастар газетінде ең ұзақ жұмыс істеген адамдардың бірімін. 1969 жылдан 1989 жылға дейін табан аудармай еңбек етіппін. 1985 жылы Шоқанның 150 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде тойланған кезде, осы айтулы датаға орай газет тарапынан кезекті экспедиция ұйымдастырылып, тағы да Сейдахмет ағаның қуана қолдауымен, ұлы ғалым ғұмыр кешкен, оқыған, еңбек еткен, сапармен болған мекендерді аралап шығу мүмкіндігі туды. Жолсапар мақалалар газет бетінде бір жыл бойы дерлік жарияланып тұрды. Ұлы ғалым өміріне қатысты біраз жаңа деректер ашылды. Шоқанның туған жері Құсмұрын емес, сол кездегі Урицкий (қазіргі Сарыкөл) ауданындағы шағын елді мекен Күнтимес қыстауы екендігі анықталып, кезінде бұл жаңалыққа дау айтушылар шыққанымен, біз тапқан дәйектерді,

сол кездегі Қазақ академиясының Тарих институты басшылары ақиқат дерек ретінде танып, ол мәселені түйіндегендей болған. Бірақ одан бері қанша жыл өтсе де, Күнтимес ақиқаты жаңадан ғылыми айналымға түскен архив деректері арқылы (Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлихановтың Аманқарағай және Құсмұрын округтерінің аға сұлтаны лауазымын атқарған барлық жылдарындағы қыстауы Күнтимес болғандығы), әбден тапжылтпай дәлелденсе де, әлі күнге дейін құр дау қуғандардың бар екендігін көз көріп жүр.

Шоқан туралы алғашқы еңбектеріме «Жалын» баспасы да ықылас танытып, «Ыстықкөл сапарының күнделігі» ізімен жүріп өткен бірінші жолжазба «Шоқан ізімен» (1977ж.), екінші экспедиция қорытындысы «Жасын тағдыр жарқылы» (1987ж.) атты кітаптар түрінде жарық көрді. Тіпті осыдан кейін де Шоқан тақырыбын әрі қарай жалғастыра берермін деген ой болған жоқ. Әрі бірер жылдан кейін «Ана тілі» газетін шығару жұмыстарының қарбаласы араласып, оған қоса, байырғы тарихымызға қатысты басқа да ізденістерге кірісіп кетуіме байланысты, Шоқан тақырыбына қайта оралудың мүмкіндігі де бола қойған жоқ.

Қызмет Астанаға ауысты. ҚазАқпарат жаңалықтар агенттігінің қауырт тірлігінде бір тыным болмайды. Жұрналшылар екі ауысыммен жұмыс істейді. Ол бойынша, екінші ауысымда істейтіндердің келесі күні сағат 3-ке дейін қолы бос. Бас редактордың жұмысы да сол екінші ауысым, кешке қарайғы қорытынды ақпараттар берілетін кезде қызады. Қызметтің осы ерекшелігіне қарай, түске дейінгі уақытты жеке шығармашылыққа арнауға болады. Мендегі Шоқан тақырыбына қайта оралу туралы ой да осы мүмкіндікке байланысты туындады.

Оған қозғау салған тағы бір жайт, тәуелсіздік алғанымызға талай жылдың жүзі өткенімен, қазақ қаламгерлері тарапынан Шоқанның азат заман тұрғысынан, қайта зерделенбей жатқандығы да болған еді. Содан көп жыл бойы жинап жүрген деректерді қайтадан қаузау басталып, үш жыл дегенде, қырық баспа табақтай роман-эссе жанрындағы «Шоқан» кітабы жазылып бітіп, ол 2009 жылы мемлекеттік бағдарлама бойынша

«Қазақстан» баспасынан «Ғибратты ғұмыр» сериясымен жарық көрді.

Бір қарағанда, дiттеген мақсатымызға жеткен, оның барлық ғұмыры түгел қамтылған сияқты көрiнуi де мүмкiн. Алайда Шоқанның барлық ұлы адамдар сияқты түпсiз тұңғыық екенiн ұмытпауымыз керек. Данышпан тұлғаларға тән бiр ерекшелiк, оларды қанша таныдым дегенмен, бiлмейтiн тұстарымыз да соншама мол екенi әрдайым байқалып жатады. Мұны «Шоқан» туралы сол кiтабымыздың Қазақстанның Ресейдегi елшiлiгiнiң қолдауымен, 2015 жылы орысшаға аударылуы барысында өзiмiздiң де аңғарған жайымыз бар. Шоқан өмiрiне қатысты түпнұсқасы орысша жазылған деректердi қайтадан салыстырып қарау кезiнде, өзiмiз бұрындары ескере қоймаған бiрқатар мәлiметтерге тiптен жаңадан ұшырасқандай, ол көзiмiзге ендi ғана iлiнгендей қал кешiп, абдырап қалғанымызды қайтерсiз?!

Шоқан – түгесiлмейтiн тақырып. Ол туралы қанша әдеби шығармалар жазылса да, аздық етпейдi. Алайда олардың Шоқан өмiрiне қатысты қазiргi кезде өрiп жүрген көп өтiрiктерге құрылмағанын қалар едiм. Халқымыздың бiрсыпырасы, әсiресе жастар жағы Шоқанның шығармалары мен оның өмiрбаяны туралы қыруар архивтiк деректердi зерделей оқып, бас ауыртып жатпай-ақ, ол туралы дәйексiз қауесеттерге бiрден сене салатын сияқты. «Шоқанға у берген, атып кеткен, ол 1865 жылы туберкулезден көз жұмған жоқ, орыстың құпия қызметiнiң адамы болғандықтан, жасырын түрде одан кейiн де өмiр сүрген» деген жалған әңгiмелер, әсiресе, кейiнгi кезде тым өршiп кеттi. Сондай-ақ кейiнгi жылдары «Шоқанның туберкулезден қайтыс болғаны туралы уәж, ол өлгеннен кейiн жиырма жылдан соң ғана айтыла бастады, Ресейдiң құпия қызметi Шоқанды улап (немесе атып) өлтiргенiн ақтау үшiн осындай өтiрiктi әдейi ойлап тапқан» деген әңгiмелерге де кезек келiптi. Оны «ақиқат» ретiнде төндiрiп айтушыларға, Шоқан қайтыс болған 1865 жылдың қысының өзiнде-ақ Санкт-Петербурда шыққан «Орыс географиялық қоғамының жылдық есебiнде» оның туберкулезден көз жұмғаны жайында екi қазанамалық мақала (авторлары Остен-Сакен, Ядринцев) жарияланып қойғанын ескерткiмiз келедi...

– **Қазақ журналистикасында өз орныңыз бар. «Ана тiлi» газетiнiң бас редакторы болғанда нағыз ұлттық басылым**

**жасадыңыз. Кадр таңдауда қандай қағидаға сүйенесіз?  
Қазіргі газет-журналдар бағытына көңіліңіз тола ма?**

– «Ана тілі» газетінің дүниеге келуі – сол кездегі республикалық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі Өзбекәлі Жәнібектің қолдауымен жүзеге асқан шаруа. Ол халықтың қалауымен құрылған «Қазақ тілі» қоғамы басшылығының «бізге апталық бір газет керек» деген өтінішіне құлақ асып, қажетті шешімді шығартып берген еді. Ол кезде жастар газетінде жауапты хатшы боп істеп жүргемін. «Ана тіліне» редакторлық туралы ұсыныс беруге әу баста құлай кетпесем де, ойлана келе, ақырында «жаңа апталықты ел сүйетін басылымға айналдыруға әбден болады ғой» деген журналшылық қызығушылық басым түсті. «Газет тіл мәселелерін айту арқылы ұлттың сөзін сөйлеп, мұңын жоқтайтын, елдің шынайы құндылықтарын, бүркемеленіп келген тарихымыздың ақтаңдақтарын қаймықпай қозғайтын бағытты ұстануы тиіс» деген уәжімізді академик Әбдуәлі Қайдар ағамыз қолдап, бас редакторлыққа батасын бергеннен кейін, осы мақсатқа сай келетін, қаламдары төселген кадрларға қолқа салдым. Алғашқылардың қатарында болған, қуат-қарымы өзіме бұрыннан жақсы белгілі, жастар газетінде әр жылдарда бірге істеген Бақыт Сарбалаұлы, Ертай Айғалиұлы, Қонысбек Ботбай сияқты газет ісінің жүрдектерімен бірге жаңа істі бастап кеттік. Олардың сапына сол кезде Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері боп жүрген, Алаш арыстарының мұрасын ұқыптаушы Ғарифолла Әнес қосылып, қасына Аманқос Мектепті ерте жүріп, бірден шалымдылығымен танылды.

Алғашқы кезден-ақ оқырманға қажетті ділгір тақырыптарды таба білген газетке жазылудың қарқынды жүргені сонша, біз бірекі айдың ішінде-ақ өз жалақымызды өзіміз тауып, баспахана, қағаз, тасымал шығынын да қиналмай жаба алатын жағдайға қол жеткіздік. Алғашқы саны 1990 жылдың 22 наурыз күні жарық көрген газеттің келесі, 1991 жылғы алғашқы саны 110 163 дана боп тарады. Мұның себебін, сол кезде халқымыздың ұлттық құндылықтарын тануға сусап отырғандығынан ғана емес, тіл проблемаларын тереңнен қаузап, оқырман дйттеген тақырыптар мен ұлттық болмысымызға, халықтық біті-мімізге, тарихымызға қатысты мәселелерді батыл қозғауымен қатар, «Ана тілінің»

қазақ баспасөзіне таптаурын қалыптан бөлектеу журналшылық машықтарды ала келгендігімен де байланыстыруға болады. «Ана тілі» қазақ тілінде шығатын, партия дүрбісінен тыс алғашқы тәуелсіз газет болғандықтан да, жабық боп келген тақырыптарға қаймықпай баруға, мүмкін-қадерімізше құнарлы қазақ тілін орнымен түрлентіп қолдана білуге, мақалаларды оқуға жеңіл, жатық публицистикалық мәнерде құруға ұмтылды. Ол ерекшелік одан әрі, 1994 жылдан бастап редакцияда жұмыс істей бастаған әйгілі көсемсөзші Марат Қабанбай мен ақмолалық тілшіміз Жұматай Сабыржанұлының қолтаңбаларында айрықша көрініс берді. «Ана тілінде» сол алғашқы кезеңдерде Байбота Серікбайұлы, Мақсат Тәж-Мұрат, Дикан Қамзабекұлы, Амантай Шәріп, Сағатбек Медеубек, Раушан Төленқызы, Болат Шарахымбай, Бақтияр Тайжан, Абай Мауқараұлы, Сәкен Сыбанбай сияқты жастар жұмыс істеп, өз қолтаңбаларын шыңдады, соны сипатты жазу өрнектерімен танылды. Олардың бәрі бүгіндері әйгілі қаламгерлер мен журналшыларға, шүйгін зерттеушілерге айналды.

Қазіргі газет-журнал саны, әрине ол кездегіден әлдеқайда көп. Алайда қазіргі басылымдардың дені кадр мәселесінен қиналып жатқандай көрінеді маған. Басты салмақ негізінен тәжірибелі журналшылардың иығына түсетін сияқты. Лау етіп келіп жатқан қаламы қуатты жас толқын байқалмайды. Қазір ақпараттық үрдіс басым. Ол – уақыт талабы. Бірақ оның дені баспасөз қызметі дайындап берген нұсқалардан көп алыстамай жатады. Ақпаратты жұрт назарын аударатындай, жатық тілмен ойнатып беру жағы кемшін соғып жататындай. Мақаланы оқылымды ету жағына көбірек көңіл бөлінсе дейсің, бірақ ол материалдардың көбінің аттың жалында, түйенің комында жүріп жазылатынын ойлағанда, журналшыларға артық талап қоюға да батпайсың...

– **Ұлттық баспасөздің ұстанымы қандай болуы керек?**

– Ұлттық баспасөз барлық уақытта ұлттың сөзін сөйлеп, оның мұнын мұндап, жоғын жоқтап, қажет кезінде ұлт мүддесі үшін отқа да түсуге дайын болуы керек деп білемін. Ұлт намысы бәрінен биік. Біз әлденеше ғасыр бөтен елге бодан болып, өзіміздің байырғы тарихымыз бен байтақ мәдениетіміз туралы ашық айта алмай күмілжумен келген, есеміз талай кеткен, еңсеміз талай езілген халықпыз. Оның табы әлі де бар. Санаға әбден сіңіп

қалған сондай олқылықтарды жою үшін ұлт баспасөзі қолынан келгенше арпалысуы керек. Осындайда коммунистік биліктің аса қырағы саясаты бұл мәселелерді көп айтқызбаған кездің өзінде ұлт тарихына, ұлт басындағы көкейтесті мәселелерді қазақ басылымдары беттерінде негізінен жазушылар мен журналистердің қозғағаны еске түседі. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл тақырыптар емін-еркін көтеріле бастады. Өзінің өткенін, ұлттық құндылықтары мен киелі дәстүрлерін тереңдеп білуге сусап отырған халық оларды қызыға оқыды. Сол қызығушылық әлі де бар деп білемін. Ол үшін материалдарды оқырманға тартымды етіп ұсыну жағына көңіл бөлу керек те шығар.

Шоқанды зерттеудің арқасында ғылымға қызығушылығымыз артқан біздің ұлтымыздың түпкі тарихына қатысты ізденістерге баруымыз да сол ұлт баспасөзі ұстанымдары аясында туындады. Сонда бүйрегіміздің бұрғаны түрк халықтарының ежелгі этнотектік тарихы болған. Өйткені бізге мәжбүрленіп тағылған бұрыннан бар қай тарихи оқулық пен монографияларды қарасаңыз да, ежелгі қазақ жері түрк текті халықтарға еш қатысы жоқ аймақ ретінде сипатталады. Расында, солай ма? Әлде, ол да біздің ұлтымыздың меселін әдейі төмендету, өткенін мансұқтау үшін жасалған зымиян саясаттың жымысқы жоспарының бірі ме? Осы тақырыпты қаузау барысында Орталық Азия аумағына қатысы бар делінетін талай археологиялық зерттеулердің қорытындыларына үңілдік. Салыстырдық-сараптадық. Біздің бағымызға орай, кейінгі онжылдықтарға жаңа ғылым саласы ретінде белгілі болған ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер бұл ізденісімізге көп көмегін тигізді. Ол жаңашыл зерттеу қорытындылары бұрындары бізге еш қатысы жоқ делініп жүрген ежелгі мәдениеттердің көбін жасаған арғы түрк текті жұрттар екенін дәлелдеді. Бұл – журналшы үшін де өзінше қызық тақырып. Осы жөнінде әртүрлі басылым беттерінде жарияланып жүрген мақалаларымыз, соңыра осы тақырыпқа алғашқы барлау ретінде танылатын «Арғы түрктер ақиқатының ізімен» (2006 ж.) атты кітапқа ұласты. Арада бірер жыл өткенде бұл тақырып Астанада ашылған Түркі академиясының жобасы қатарына қосылып, соның нәтижесінде «Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер» атты жаңа

монография дүниеге келіп, ол 2015 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрді.

Мұны айтып отырғаным, ұлт баспасөзі үшін басқа да түрлі тақырыптармен қатар, ретін тауып өз ұлтыңның ежелгі тарихына, оның да өзге ұлттармен терезесі тең, оның да тарихи халық ретінде әлемдік деңгейде аталуға құқы бар екенін ғылыми тұрғыдағы тапжылтпас дәйектер арқылы дәлелдеп, халық назарына ұсынып отырудың еш артықтығы жоқ. Өйткені өзінің өткеніне шын мақтанышпен қарап, құрметтейтін ұлттың болашағы да жарқын болуға тиіс.

**– Ұлттық музейге кіріп-шыққан сайын не ойлайсыз?**

– Бұл күнделікті кіріп-шығып жүрген жұмыс орным. Өйткені мен қызмет ететін «Мәдени мұра» журналының редакциясы осы ғажайып ғимараттың ішінде орналасқан. Мұндай озық технология жетістіктерімен жабдықталған ерекше заманауи кешен бүкіл Орталық Азияда жоқ. Қай залға қадам бассаңыз да, сізді музей жәдігерлерін таныстыруды ең соңғы ғылым мен медиа-технологиялық үлгілерімен сабақтастыра атқаратын жаңашыл әдіс-тәсілдер таң-тамаша қалдырады. Оның үстіне, Ұлттық музейдің экспозициялары аса жарқын да бай. Әсіресе, екі бөліктен тұратын Алтын залдарын айтсаңызшы. Қазір Ұлттық музей – шет елдерден келетін мәртебелі меймандардың көбінің арнайы ат басын бұратын мәйекті шаңыраққа айналды. Әлбетте, келген қонақтардың қай-қайсысының да бұдан былай қазақ тарихына, ежелгі өркениетіне құрметпен қарайтындығы да анық. Яғни, біздің Ұлттық музей жаңа ғана тілге тиек болған, ұлтымыздың мерейін айрықша асыруға қызмет ететін, ғажайып ойластырылған ұлы жобаның бірі.

Ұлттық музейге кіріп-шыққанда, әрдайым дәл осындай заманауи музейдің біздің елордамызда салынғанына деген ризашылыққа, мақтаныш сезімге бөленеміз. Расында да, біздің заңғар музейімізге әбден үйреніп қалғандығымыз ба, басқа музейлер көзімізге қораштау көрінетін де сияқты болып қалыпты. Оны жақында Өзбекстанға Хорезм экспедициясы сапарымен барып, ежелгі өркениеттер ошағы Хиуа, Бұхара, Самарқанд қалаларында болған кезімізде анық аңғардық. Бұл қалаларда музейлер, негізінен, бұрынғы хан ордаларында орналасқандықтан ба, экспозициялар көмескілеу, жүдеулеу байқалады екен. Озық



технологиялар жоқ. Самарқанттағы музей үшін арнайы салынған «Афрасиаб», Ташкенттегі Мемлекеттік тарих музейлерінің ғимараттарымен де, олардағы жәдігерлермен де іштей салыстырдык. Ұлттық музейіміздің шырайы да, мазмұны да өзінше бөлек екен.

### Сауал ішіндегі сауал

#### **– Қалай жазасыз?**

– Жас кезімізде жұмыстан келген соң бір-екі сағат ұйықтап алып, түнгі үштерге дейін жазуға отыратынбыз. Бірақ ертеңіне таңертең жұмысқа баратын адамдар үшін ол денсаулыққа зиян екен. Біраз жылдардан кейін қан қысымы ауруын тауып алдым. Содан соң күндіз ғана жазуға көштім, яғни үстелге отыру мүмкіндігі тек сенбі, жексенбі күндері, сондай-ақ жылдық демалысымызды алған кездерде ғана табылып жүрді. Қазақ ақпарат агенттігінде істеген жылдарымда, әлгінде айтылғандай, жұмыстың екі ауысымда атқарылуына сай, өзімнің ылғи екінші ауысымға шығуымды бекітіп алып, түске дейін үйде отырып жазуға көштім. Осы жұмыс өнімді болды. Соңғы үш кітабым осы жұмыс режімінің арқасында бітті.

#### **– Компьютермен жазуға жүйрік шығарсыз?**

– Қаламсапты ұмытқалы қашан?! 15 жылдан асып кетті. Кітаптарды тікелей компьютер арқылы жазамын. Бұл – аса бір тиімді әдіс. Сөйлемді неше түрлі етіп, қалауыңша өзгертуге өте қолайлы. Қолмен жазған кездегідей, қағазға төніп, еңкейіп, құнжиып отырмайсың, креслоға шалқайып жайғасқан күйі, қажет боп жатса, әріпті үлкейтіп алып, заулата бересің. Ғаламтор әлемінде еркін шарлауды меңгерудің арқасында, талай құнды ғылыми кітаптар мен журналдарға шыққан сирек зерттеулерді қолға іліктірдім. Қазір менің компьютерімнің жадында ғылыми тақырыптарыма, Шоқан өміріне қатысты 800-дей кітаптың электрондық нұсқасы сақтаулы. Қажет кезінде экранға шығарып аламын да пайдалана беремін.

#### **– Жалыққан кезде қайтесіз?**

– Жалығуға уақыт жоқ Екі тілде шығатын 150 беттік ғылыми-көпшілік, түрлі-түсті «Мәдени мұра» журналын шығару оған уақыт қалдырмайды. Қол босап жатса, ғаламторды шарлап

кетемін. Қазір барлық қазақ басылымдарының Вақ.kz ақпараттық порталы аясында топтасқаны тиімді болды. Сол жерден қажетімді тауып алып оқи беремін.

– **Сергек болу сыры неде?**

– Жаяу жүргенді ұнатамын. Көбіне жұмыстан Есіл өзенін жағалап жаяу қайтамын. Көп уайымдамауға, реніш-ашуға берілмеуге, миды көп шаршатпауға тырысамын. Бірақ оның реті ылғи бола бермейді. Кейде жазу, редакциялау жұмысының қабаттаса келіп, қалжыратып кететін сәттері де кездеседі.

– **Берер батаңыз қандай?**

– Қазанымыз оттан түспесін, қазағымыз аттан түспесін!

Сұхбаттасқан **Гүлзина Бектас**

*(«Айқын» газеті. 2017 жыл. 13 сәуір)*



## ЖҰРНАЛШЫҒА ЖАЙ ДОЛБАР МЕН ҚАУЕСЕТКЕ ЕРУ ҚОЛ ЕМЕС

«Ана тілі» газетін ең алғаш құрған, тұңғыш Бас редакторы, адамтанудың, маман танудың шебері. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында сан жылдар соқталанып, тұмылдырықтанып, жадыға түскен ұлттық мұраттарға ең алғаш мінбе болған Ұлт газеті – «Ана тілінің» дәуірлеген шағы осы тұлғамен тікелей байланысты. Үкімет пен партияның қаулы-қарарларын тиіп алып ерсілік-қарсылы ағылып жатқан идеологиялық рельстен саналы түрде бас тартып, әріптестерін де, оқырманды да жаңа көзқарастар мен ұлттық идеяға жұмылдырған ақпарат кеңістігінің кесек тұлғасы. Апталықта есімі елге мәшһүр әйгілі қаламгерлер, ғалымдар еңбек етті. Аз ғана уақыттың ішінде басылым таралымы жүз мыңдаған данаға жеткені бұл күндері аңыз секілді.

Сұхбат беруге көп әуестігі жоқ, өзін оқшау ұстайтын, әріптестер арасында «Ана тілінің» атасы» аталып кеткен Жарылқап ағамызға арнайы хабарласып, сұхбаттастық.

– **«Ана тілі» газетінің ашылу тарихын қысқаша баяндап берсеңіз. Бас редактор ретінде тандау неге Сізге түсті?**

– «Ана тілі» ашылғанда мен «Жас Алаш» газетінде жиырма жыл табан аудармай қызмет істеген сақа жұрналшы болатынмын. Бұл жастар газетінің біздің кезімізде «Лениншіл жас» деп аталғанын білесің. Талай қаламгердің талабын шыңдаған осы құтты ұстахананың тәрбиесін біз де өз кезімізде бір кісідей көрдік. ҚазМУ-дің филология факультетінің бесінші курсына оқып жүргенімізде, саңлақ редактор Шерхан Мұртаза қызметке алды, көп жыл бойы санаткер редактор Сейдахмет Бердіқұлұлының шеберлік тәліміне қанықтық. Бағымыз бар шығар, мен істеген бөлімдердің реті солай болды ма, әуелден-ақ кеңес заманының қып-қызыл насихатын күйттейтін тақырыптардан, қара мақала топанынан аулақтау жүріппіз, жастардың ұлттық санасының серпілуіне пайдасы тиеді-ау, намысын қайрайды-ау, танымын арттырады-ау деген мәселелерді көбірек қаузаппыз. Осы аяулы шаңырақта бірсыпыра шығармашылық ізденістеріміз бен жобаларымыз жүзеге асыпты. Кітаптарымыз шығыпты. Шоқан бейнесін деректік-

журналшылық тұрғыда зерделейтін сапарнамалық экспедициялар ұйымдастыруға мүмкіндік алыппыз. Шоқандай ғұламаның тұңғығына бойлай жүріп қазақ тарихының ұңғыл-шұңғылын тануға қызығушылығымыз артыпты.

1989 жылдың күзінде халықтың зор қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Көп ұзамай сол кездегі республикалық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі Өзбекәлі Жәнібек қоғам басшылығының «бізге апталық газет керек» деген өтінішіне құлақ асып, «Ана тілі» апталығын ашу туралы қажетті шешімді шығартып берген еді.

Мен ол кезде жастар газетінің жауапты хатшысымын. Ел жақта демалыста жүргенде көлік апатына ұшырап, оң қолым кеудеге ғанышпен (гипспен) тұтас оралып, жұмысқа шығуға жарамсыз боп үйде жатқанмын. «Ана тілі» газеті ашылатынын, оның редакторлығына қолынан іс келетін бірсыпыра адамның талап қылып жатқанын сырттай естіп қалдық. «Мақсаттарына жетсін» дегеннен басқа еш ой қаперге келген жоқ. Емделуімізді әрі қарай жалғастыру әуресімен жүрдік. Бір күні таныс журналшы жігіт хабарласып: «Қазақ тілі» қоғамының басшылығы редакторлыққа әзірге ешкімді таңдай қоймапты, әлі де қарастырып жатқан көрінеді. Талай жыл газет жұмысының майын ішкен адамсың, оң жамбасыңа келетін шаруа ғой, ешкім шапаныңды шешіп алмайды, бағыңды сынап көрмейсің бе?» деген ұсынысын білдірді. Содан кейін ғана ойға кетіппіз. «Шынында да, жиырма жыл жастар басылымында жүрдік, қанша қимасақ та, жас қырықтан асты, басқа жаққа ауысқан да жөн шығар. Ал «Ана тілі» апталығын ел сүйетін басылымға айналдыруға әбден болатын сияқты. Газет қозғауға тиіс тіл мәртебесін арттыру мәселесі – ел рухын көтерумен сабақтас тақырып. Коммунистік биліктің бұйдасында жүрген басқа ресми басылымдардай емес, бұл апталықтың «Қазақ тілі» қоғамының үні ретінде тіл мәселелерін айта отырып, ұлттың сөзін қаймықпай сөйлеуіне, елдің мұңын мұндауына, халқымыздың шынайы құндылықтарын, тарихымыздың талай уақыт бүркемеленіп келген ақтаңдақ тұстарын ашық қозғауына әбден болады емес пе?» деген уәжге берілдік.

Екі-үш күннен кейін ғанышпен оралған қолымызды кеудеге өңгеріп, Шоқан туралы 1987 жылы шыққан «Жасын-тағдыр жарқылы» деген кітабымызды қалтаға салып, «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Әбдуәли Қайдардың алдына кірдік. Жөнімізді айтып, кітабымызды ұсындық. Газетті қалай оқылымды басылымға айналдыруға болатыны жөніндегі ойларымызды білдірдік. Байқаймыз, көңілінен шыққандаймыз. Бұл кездесу туралы ана бір жылдары Әбекеннің өзі де осы «Ана тілі» газетінде: «Орталық Комитет газеттің редакторын таңдауды өзімізге қалдырды. Біраз журналистермен сөйлестік. Әңгімелестік. Ақырында солардың ішінде Жарылқап Бейсенбайұлына тоқтадық. Біртоға, салмақты жігіт көрінді. Ш.Уәлихановты зерттеп жүр екен. Ғылымға талпынысы бар. Сол жігітті таңдап алдық. Бұдан біз ұтылғанымыз жоқ. Қайта ұттық» деп жазыпты.

**– Кадрларды қалай таңдадыңыз? Жалпы журналшыға қойылар талап-тілектеріңіз қандай?**

– Редакторлыққа бекігеннен кейін, газеттің алғашқы санын қазақтың жаңа жылы – Наурыз мейрамы күні, 1990 жылдың 22 наурызында шығаруға уағдаластық. Оған дейін кадр таңдау, баспаханамен келісу, арнайы шот ашу, қағаз табу мәселелерін бітіру керек болды. Сол жылы Қазақстанда газет қағазының тапшылығы сезіліп, басылымдарға жазылуға шектеу қойылып жатқан қиындау бір шақ екен. Қоғамдық ұйымға тиесілі, мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуге жатпайтын тәуелсіз газет болғандықтан, Орталық Комитеттің баспаханасы (бүгінгі «Дәуір» баспасы) өздерінің қаржылық жоспарында «Ана тілі» газеті қарастырылмауы себепті, қажетті қағазды бөле алмайтынын, егер оны өзіміз табар болсақ, қаржысын төлесек, басуға қарсы еместігін білдірді. Содан жаяу-жалпылап жүріп, газет қағазы бар-ау деген мекеме, қоймалардың бәріне сұрау салуға кірістік. Ақыры бір жабдықтау мекемесінен екі-үш айға жететін қажетті қағаз мөлшері табылып, оны «Қазақ тілі» қоғамынан алынған қарыз ақшаға сатып алып, баспаханаға әкеп түсіріп, әуелден өзіміз көздеген мерзім – Наурыз мейрамы күні алғашқы нөмірді шығарып үлгердік.

Кадр іздеуде көп киналыс көрмедік. Қуат-қарымы өзіме бұрыннан таныс, «Жас Алашта» әр жылдары қызметтес болған

Бақыт Сарбалаұлы, Ертай Айғали, Қонысбек Ботбай сынды жүрдек журналшыларға қолқа салып едім, бәрі де ықыластана келісті. Олардың сапына сол кезде Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкерлері, тіл тарихы мен Алаш арыстарының мұрасына қатысты ізденістерге барып жүрген Ғарифолла Әнес пен Аманқос Мектеп секілді жазуға ебі бар жас ғалымдар келіп қосылды. Газеттің алғашқы нөмірлері осы топтың күшімен дайындалды. Соңыра алғашқы тілшілер қатарын журналшылық жолы енді басталған Бақтияр Тайжан мен мектеп мұғалімі боп жүрген ақын Болат Шарахымбай толықтырды. Әуелгі сандарынан-ақ қазақ баспасөзінде бұрын барланбаған тақырыптарды батыл қозғауымен ғана емес, дағдылы қалыптан бөлектеу журналшылық машықтарды да ала келуімен ерекшеленген апталықтың беделі күннен-күнге артқан кезеңдерде (ол 1991 жылдың қаңтарында 110 163 тиражбен тарады), газет төңірегіне бір топ жас қалам иелерінің үйірілгенін, қолтаңбаларын шыңдағанын, соны сипатты жазу өрнектерімен танылғанын жақсы білесің. Газет жұмысына алғашқы жылдары толық жалақымен, жартылай жалақымен жұмыс істегені бар: Байбота Серікбайұлы, Мақсат Тәжмұрат, Дихан Қамзабекұлы, Амантай Шәріп, Сағатбек Медеубекұлы, Раушан Төленқызы, Мақсот Ізімұлы, Абай Мауқараұлы сияқты, бүгіндері әйгілі қаламгерлер мен журналшылар, шүйгін зерттеушілер ретінде белгілі боп отырған тұлғалардың белсене араласқанын өзің де көрдің. Бірсыпырасымен қатар жұмыс істедің.

«Ана тілі» қазақ тілінде шығатын, партия дүрбісінен тыс алғашқы тәуелсіз газет болғандықтан, журналшыларға әуелгі сандарынан-ақ жабық боп келген тақырыптарға қаймықпай бару, сол жолда нақ сөйлеу, қателікке ұрынбау, қай нәрсе болса да біліктілік пен білімділік таныту, сонымен бірге мүмкін-қадерінше құнарлы қазақ тілін орнымен түрлентіп қолдана білу, сөзге ұқыппен қарау, мақалаларды оқуға жеңіл, жатық публицистикалық мәнерде өрбіту талабы қойылды. Ол ерекшеліктер әсіресе 1994 жылдан бастап редакцияда жұмыс істей бастаған, мәнді де келелі мәселелерді көтеру арқылы «Ана тілінің» публицистикалық әлеуетін еселей арттыруға көп үлес қосқан әйгілі көсемсөзші Марат Қабанбай мен ақмолалық тілші Жұматай Сабыржанұлының қолтаңбаларында анық көрініс

тапты. Сен өзің де Марат ағаңнан көп тәлім алғаныңды, жазу құпияларын үйренгенінді жазып жүрсің ғой.

– Осы белгілі жазушы Марат Қабанбай аға бұл басылымға қалай келді? Жалпы журналшылар арасында айтылатын «Жарылқап-Марат тандемі» қалай қалыптасты? Газетте қызметтес болғанға дейін өмірдегі қарым-қатынастарыңыз қалай еді? Дос болдыңыздар ма?

– Екеуіміз «Жас Алаш» газетінде қатар жұмыс істегенбіз. Өте білімді, қаламы жүрдек, әлем әдебиетінің жауһарларын зерек таныған, оқығаны көп дарынды жігіт еді. Әшірбек Көпіш, Бақыт Сарбалаұлы, Жақыпжан Нұрғожа сияқты құрдастарым бар, бәріміз қоян-қолтық дос болдық. Бойдақ шағымыздан басталған сол ынтымағымыз үйлі-баранды болған кезімізде де үзілген жоқ. Отбасымызбен тығыз араластық. Әуелден балалар жазушылығын қуған Марат жастар газетінде көп істемеді, «жазушылыққа ниеттенген адамға газет қол емес екен» деп, қаламгерлік орта – Жазушылар одағына қарай ойысты. Кітаптары жарық көре бастағаннан кейін таза шығармашылық қызметке де кетті. Тоқсаныншы жылдардың басындағы қиын шақтарда «Парасат» журналында жұмыс істеді. Алайда шығармашылық адамның басында оқта-текте ұшырасатын селкеулі сейіл дағдысы сол жылдары Маратты да біраз желпілдетті. Қызметінің мәнісі де кетіңкіреп жүрді. Жалақы алмаса, бала-шағасы әлі жас, оларды кім жеткізеді? Әдетте ауық-ауық үйге соғып тұратын дағдысы бар еді. Сондай кездерде басындағы осы жайттарды сөз етіп, мұңын да шағатын. Бірақ «газетке жұмысқа ал» деп сұранған емес. Газет шаруасының қиындығын біледі ғой, «еркін жүріп қалған адамның қолайына келе бермейтінін ойлайтын шығар», деп, мен де үндей қоймайтынмын.

Бір күні газетімізде бөлім меңгерушіліінің орны босай қалды да, тіке Маратқа хабарластым. «Шығармашылығыңды жаңа арнаға бұрып, «Ана тілінде» жұмыс істеуге қалайсың, сенің білімің мен қабілетің дәл қазір бізге керек боп тұр», дедім. Бірден келісті. Содан Мараттың «Ана тіліндегі» алтын дәуірі басталды. Дарынды қаламгердің шеберлік көрігіне суарылып шыққан әрбір мақаласы елдің көкейіндегісін қозғайтын көсемсөздік сипатымен тәнті етті. Жұрт апталықтың әр санын Марат Қабанбайдың кезекті мақаласын оқу үшін күтетін болды. Газет тарапынан да

Мараттың жазуына жағдай жасалды. «Ана тілінің» өз ішінде жүйеленген тәртіп бойынша, алдағы нөмірде жариялануға тиіс сүбелі материалдарды дайындайтын қызметкерлерге, оны үйінде немесе кітапханада отырып жазуға мүрсат берілетін. Бұл мүмкіндік те Мараттың оң жамбасына келіп, келісті көсемсөздерін самсатып төкті де отырды. Оқырманның ыстық ықыласы жазушының шабытын шамырқан-дырды. Жазудан рақат табатын баяғы қаламгер Марат, арамызға жаңа сипатты қолтаңбасымен, енді серкесөздің Қабанбайы боп қайта оралды.

Көп ұзамай Бақыт Сарбалаұлы жаңадан ашылған «Қазақ елі» газетінің бас редакторлығына ауысқан кезде, Маратты оның орнына редактордың орынбасары етіп тағайындадық...

**– Сіз басылымды басқарған кезеңдегі ақпараттық кеңістіктің ашықтығы қалай еді? Редактордың қолын қағу, тақырыптық шектеулер, салалық министрлік тарапынан тежеулер болды ма? Бүгінгі уақытпен салыстырғанда қалай? Жалпы сіздің ұғымыңыздағы демократия, сөз бостандығы қандай?**

– Әлгінде айтқанымдай, қоғамдық ұйымның үні болғандықтан, «Ана тілі» КСРО тарамай тұрған кезде-ақ қазақ тілінде дүниеге келген алғашқы тәуелсіз басылым болды. Соған орай, мемлекеттік басылымдардай емес, қаймықпай айтуға, батыл сөйлеуге ұмтылды. Бастапқы сандарының өзінде Мәскеуден шығатын ірі одақтық партия газеттерінің беттерінде Желтоқсан көтерілісінің ақиқаты қалай бұрмаланғаны жөніндегі әшкерә материал жариялады. Желтоқсаннан кейінгі бірер жыл бойы Компартия тарапынан баспасөз үшін жабық тақырыпқа айналып, ел назарынан елеусіз қалған Дінмұхамед Қонаев туралы республикалық газеттер арасында бірінші боп көлемді сұхбат алып, баршаны елең еткізді. Тіл мен ұлт мүддесіне қайшы қылықтарымен көрінген шенеуніктерді аяусыз сынады.

Екі-үш жылдан кейін баспахана құны, қағаз бен пошта тасымалы шығынының күрт өсуіне байланысты «Ана тілі» өз күнін өзі көре алмайтын жағдайға тап болды да, Ақпарат министрі Қуаныш Сұлтановтың ұйғарымымен, ол мемлекет тарапынан қаржыландырылатын газеттердің қатарына өтті. Содан бастап, бізге де нені жазу, қалай жазу туралы жоғарыдан нұсқаулар түсе бастады. Бұрынғы дағдымызша, қаттырақ кетіп



қалып жатсақ, «абайласандаршы» деген ескертулер айтылатын болды. Сонда да біз басқалармен салыстырғанда, еркінрек қимылдадық, бұрынғы қалпымыздан көп өзгере қойған жоқпыз. Ащы сынды азайтпадық. Сын жөнімен айтылып жатса, жоғарыдағылардың құлақ түретіне да көз жеткіздік. Керісінше, ренжігендерін бізге тіке айтпай, баспахана басшылығына газетімізді бастырмау жөнінде нұсқау түсіретін жайттарды да бастан кештік.

Қайткен күнде де, әуелден ұстанған бағытымыздан айнымауға тырыстық. Тіл майданына, ұлт мүддесіне қатысты ақпараттық арпалысымызды тоқтатпай, халқымызды тарихпен тәрбиелеу, қазақ жерінің ежелгі мәдениеттер мен өркениеттердің Отаны екенін дәйектейтін материалдар жариялау дәстүрін де үзбей, әрі қарай жалғастыра бердік. Апталықтың тікелей араласуымен, қазақ шежіресінің толық нұсқасы сұрыптаудан өткізіліп, оның ілкі тармақтары бір жүйеге түсірілді. Қазақ тарихы саласында еңбек ететін айтары мол, бірқатар дарынды зерттеушіні газет маңына топтастыру арқылы, еліміздің өткен-кеткеніне қатысты талай ақтандақтардың бетін ашатын жаңашыл зерттеулер жарияланып жатты.

Тақырыптық шектеулер мен тежеулерге қатысты мәселеге келсек, ол әр редактордың ішкі түйсігіне байланысты. Мәселен, тіл, ұлт мүддесіне қатысты кез келген мәселе, орынды түрде оябы табылып, көтеріліп жатса, мейлі, оның сынау нысаны хан болсын, қара болсын, тежеу қойған жөн емес.

Қазіргі уақыттағы ақпараттық ашықтықты біздің кезімізбен салыстыруға сірә келмейді. Ол кезде әлі де Кеңес заманынан дағды боп қалған әр нәрсеге күдікпен қарау салқыны тарай қоймаған болатын. Екі шоқып, бір қарайтынбыз. Тәуекелге бекінгендер ғана батылдыққа баратын. Мәселен, қазір ғаламтордан күллі БАҚ-ты қарап отырамын. Талай нәрсенің шиқанын шығарып айтып жатқан ақпарат құралдарын көремін. Жоғарыдағы басшылардың шамына тиетін тұстары да жетерлік. Алайда соларды ешкім жауып тастамаған сияқты, тоқтамай шығып жатыр ғой. Осының өзі еліміздің ақпарат әлемінде шамалы болса да демократияның, сөз бостандығының бар екенін көрсетеді-ау деймін.

**– Сіз басқарған кезенді көпшілік «Ана тілінің» алтын дәуірі» деп бағалайды. Мұның сырын немен байланыстырып, қалай түсіндірер едіңіз? Сол кездерді сағынасыз ба?**

– Оның шет-жағасы жоғарыдағы жауаптарда да айтылып кетті ғой деймін. Біз коммунистік билік жылдарындағы қаламға тұсау салынған, айтарымызды сыртқа шығара алмай, еңсеміз езілген, ұлттық мәселелерді сөз ету, қазақ тілінің қамын жеу – саяси айып боп саналған, төл тарихыңның тереңіне барайын десең – қатаң тыйым қойылған, Алаш арыстарын, орыс басқыншылығына қарсы соғысқан батырларымыз мен хандарымыздың атын атау – сорақы қылмыс ретінде қаралған тұмша заманды бастан өткердік. «Ана тілі» газетінің алғашқы сандарынан-ақ бірден сол күйіп тұрған мәселелердің қоясын ақтарып, бүкпесіз ашық айтуды бастап кеткені де оқырманды елең еткізгендей.

Сондай-ақ әлгінде айтылғандай, редакцияға қалам қарымы қуатты жігіттердің жиналғанының да әсері болды. Олар өздерінің талап-талғамынан дөп шығатын тақырыптарды біліктілікпен тарқатуға құлшына кірісті. Жаңашыл машықты журналшылықтың үлгісін көрсетті. Қазақ тілінің бар құнарын пайдалана отырып, оқылымды дүниелер жасауға ұмтылды. Ол жігіттердің қай мәселені қаузаса да, жоғары деңгейде орындап шығатын шеберлігі, ізденгіштігі, жазу сапасына деген адалдығы мен жауапкершілігінің өзі редакцияда шырайлы шығармашылық ахуал орнатты. Ондай күндерді қалай сағынбайсың...

**– Бүгінгі баспасөздің бағытын, қазіргі журналистиканың деңгейін қалай бағалайсыз? Көңіліңіз тола ма? Ілгерілеу бар ма, әлде кейін кеттік пе?**

– Біздің кезімізде республикалық үш-төрт қана газет, сол шамадағы журналдар ғана болды. ҚазМУ-дің жалғыз журналшылық факультетін бітірген түлектердің таңдаулысының таңдаулысы ғана сол басылымдарға баратын. Мәселен, біз істеген жастар газеті болашақ қызметкерлерінің денін студент кезінен дайындайтын. Жазуға талпыныс білдіріп редакцияға келген жігіттер мен қыздарға тапсырмалар беріп, қалам қарымын бағамдайтын. Содан оқу бітіргенше олардың арасынан лайықтылары өз-өзінен іріктеліп шығатын.

Қазір ақпарат құралдары да, журналшылық факультеттері де көп. Сонда да маған қазіргі БАҚ саласында кадр тапшылығы

сезілетіндей көрінеді. Жазу шеберлігімен, ерекше ізденгіштігімен, жан-жақты біліктілігімен байқалатын жас толқынның қатары селдір сияқты. Әлде мен байқамай жүрмін бе... Жан-жақты білімділік жағы да ақсап жататындай. Жас жұрналшылар қазақ әдебиетін терең біле бермейді, тарихқа қызықпайтындай. Өздері көтеріп отырған тақырыптарын жан-жақты зерттемей, зерделемей, жай долбармен айта бергенді айып көрмейтіндей.

Мәселен, терминологиялық аудармаларға қатысты ел арасында ауық-ауық тілге тиек боп жүретін: «балкон» – «қылтима», «фонтан» – «шаптырма» түрінде бекітіліп кетіпті дейтін қауесет сөзді дап-дардай БАҚ құралы тілшісінің, әйгілі ақынның аузына салып, зор кінә ретінде айтқыза салуы әдеттегі жағдай боп қалды. Ал сол жұрналшы терминологиялық комиссияның бұл аталымдарды ешқашан да бекітпегенін білмейді. Оны тексеріп алуды қажет деп те таппайды. Сөйтіп, сұхбат алған тұлғаны ұятқа қалдырады. Әрі елді шатастырады. Өкінішке қарай, мұндай мысалдар жетерлік, қайсыбірін айтарсың.

Жұрналшы ең алдымен өзінің жазар, айтар сөзінің қате болмауына назар аудару керек емес пе? Құдайға шүкір, қазір мүмкіндік мол ғой. Ғаламторды ашып қалсаң, неше түрлі анықтамалық дәйектер толып жатыр! Әлбетте, бұл ретте редактордың өз басына да жүктелер міндет жетерлік. Ол да әр нәрсеге «бұл қалай?» дегендей күдік-күмәнмен қараса, сарашы, сарапшы ретінде мұқият болса дейсің...

**– Кезінде Шоқан сапарларының ізімен жүріп, тамаша зерттеулер жаздыңыз. Кейін оны толықтыра түсіп, үлкен роман-эссеге айналдырдыңыз. Ол орысшаға аударылып, үш жыл бұрын Мәскеуде тұсаукесері өтті. Қазір Шоқан жөнінде, оның өліміне қатысты түрлі алыпқашпа әңгімелер айтылып қалады. Белгілі журналист Дархан Әбдік телефильм де жасады. Көрдіңіз бе? Жалпы Шоқан тақырыбына қазір қандай алып-қосарыңыз бар?**

– Расында кейінгі кездері Шоқан туралы алыпқашпа сөздер тым көбейіп кетті. Өзім шоқантанушы болғаннан кейін оларды оқу, танысу барысында «қап» деп өкініп отыратын тұстарым бар. Жұрналшының ақиқатқа жүгінуі, жазар дүниесіне

жауапкершілікпен қарауы жөніндегі жаңағы айтқандарым осы Шоқан тақырыбымен де тікелей сабақтас. Шоқанды жетік тану үшін оның өмірі мен қызметіне қатысты жинақталған мол деректерге, еңбектеріне, замандастарының естеліктеріне, өзі жазған, оған жазылған хаттарға, кейіннен ашылған мұрағаттық дәйектерге зерделей қараған жөн. «Өйтіпті-бүйтіпті» деген жай долбар мен қауесет сөздер Шоқан тақырыбына қол емес.

Неге екенін қайдам, Шоқан десе, жұрттың бәрі өзін білгіш сезінеді. Кей орайда эмоциямен айтылып қалатын қауесет пікірлерді журналшылар қауымы да талғап жатпастан, оқырман мен көрерменге сол күйі ұсына салады. Мәселен, сұхбат беріп отырған адам: «Әулиеатаны алған генерал Черняев Шоқанның досы болды, кадет корпусында бірге оқыды... Черняев мешітті зеңбірекпен атқаннан кейін Шоқан ренжіп, өзінің отрядымен кетіп қалады. Біреулер артынан атып, Шоқанға оқ тиеді. Сол оқ оның өкпесінде қалған...», деп жауап берсе, журналшы оны да сол бойы күдіктенбестен жариялап жібереді. Ал ғаламторды ашып қараса болды, бәрін анықтай салу еш қиын емес қой. Ізденсе: «Черняевтің Шоқанмен ешқашан дос болмағанын, бірге оқымағанын, Черняевтің Шоқаннан аттай жеті жас үлкен екенін, ол сонау Беларусь жеріндегі Могилев губерниясында өсіп, Омбы кадет корпусында емес, Петербордағы дворян полкінде оқығанын, Әулиеата жорығы кезінде генерал емес, полковник болғанын», білер еді. Сондай-ақ Шоқанның бес томдық шығармалар жинағындағы деректерге көз салса, қазақ ғалымының Әулиеатадан бас сауғалап емес, Алматы бекінісіне қайтатын арнайы жасақталған әлденеше жүз адамды қамтыған батальон құрамында, басқа да жорыққа қатысқан бірқатар ғалым, суретші, офицерлермен бірге, ың-шыңсыз аман-есен оралғанына көз жеткізер еді...

Шоқан ғұмырын зерттеуге талпыныс танытқан талай адам әуелгіде аңғармай ұрынып қала беретін жылы қате көрсетілген екі құжат бар. Олар – Шоқан Уәлихановтың 1961-1972 жылдары жарық көрген алғашқы бес томдық шығармалар жинағының 1968 жылы шыққан 4-ші томының 444-446 беттеріндегі «Түркістан генерал-губернаторының әскери министрге баянаты» және «Бас штаб бастығының әскери министрге хабарламасы» деп аталған

қос құжат. Алғашқысының жазылған уақыты 1865 жылдың 11 ақпаны, кейінгісі 1865 жылдың 7 сәуірі деп қате көрсетілген.

Олардың мазмұнына қарағанда, «штабс-ротмистр Уәлихановтың Жетісу облысы қазақтары арасында аймақ шырқын бұзатын сөздерді таратып жүргені, бұл іске оның қайнағасы, полковник Тезектің де қатысы барлығы... осы тектес зиянды әрекеттері үшін оларды жауапқа тарту қажеттігі, штабс-ротмистр Уәлихановты Қазақ даласында қалдырса, елге көп залалы тиюі мүмкін екенін ескере отырып, оны империяның ішкері жағындағы кавалерия полкіне ауыстырған жөн болатыны» тәндіре айтылады.

Академиялық жинақта жарияланған дәл осы екі құжат – Шоқан ғұмырының соңғы жылына, оның өліміне қатысты талай қауесеттің дүниеге келуіне түрткі болған ең басты кілттің саяды. Құжаттарда жазылған бұл жайттардың өз кезінде көп жұртты, тіпті шоқантануға бейіл берген біраз адамды иландырғаны сонша, олардың тарапынан да: «Осындай белсенді әрекетте жүрген адамды қалай науқас деп айтасың, патша өкіметінің Шоқанды құртуға тырысқаны анық, яки әдейі қастандық жасалған», делінетін сан-саққа жүгірген дәйексіз жорамалдарға ден берілген еді.

Ал мәселенің анығына келсек, назарға алынып отырған бұл екі құжат 1865 жылы емес, одан төрт жыл кейін – 1869 жылға қатысты деректерге саяды. Шоқанның төртінші томы (1968 ж.) дайындалып жатқанда «1869» деген санның көне құжаттарда көмескі боп көрінген соңғы «9» таңбасы техникалық себептерге байланысты «5» санына байқалмай ауысып кеткен.

Өйткені, құжаттардағы «штабс-ротмистр Уәлиханов» деп жазылған адам – Шоқан емес. Ол Шоқанның Уәлихан атасынан барып қосылатын туысы – Ғази (Сұлтанғазы) Болатұлы Уәлиханов. Ол да Шоқан сияқты Омбы кадет корпусында оқыған. 1859 жылы корнет шенімен бітірген соң, Омбыда, Тобылда, Петерборда, Польшада атты әскер бөлімдерінде қызмет еткен. 1864 жылдың мамырында поручик Ғази Уәлиханов полковник Черняев басқарған Әулиеата жорығына қазақ милициясының командирі ретінде қатысқан. Маусым айының соңында Әулиеатадан ағасы Шоқанмен бірге оралып, Алатау округінің бастығы, генерал Колпаковскийдің қарамағында қызметін

жалғастырған. Жорықтан түңіліп қайтқан Шоқан, бір жағы науқасы өршіп, әрі Омбыға оралудан да тайсақтап, Алтынемел маңындағы Тезек ауылына тұрақтап қалған кезде, Ғази туыс ағасына соғып, жолығып кетіп жүрген. Сол сапарларының бірінде ол Шоқанның келіншегі Айсарының туыс сіндісі Қарашашпен танысады. 1865 жылдың басында Колпаковский Семей облысының әскери губернаторы боп тағайындалған соң, Ғази да келесі жылдың көктемінде Семейдегі 8-ші казак округінің штабына ауысады. 1867 жылдың жазында Қарашашқа үйленіп, ол да аға сұлтан Тезектің күйеу баласы атанады. Сол жылдың соңында, Колпаковскийдің септесуімен, денсаулығына байланысты деген себеппен, штабс-ротмистр шенінде отставкаға шығып, содан екі жыл бұрын қайтыс болған немере ағасы Шоқан сияқты аға сұлтан Тезектің ауылында тұрып қалады.

Орыс билігі Қашқар аймағындағы Жетішәр, Құлжа өңіріндегі Тараншы сұлтандығы сияқты мұсылман хандықтарында өршіген көтерілістер ықпалына қазақтардың да еріп кетпеуін қатты қадағалаған алпысыншы жылдардың соңында, Ғази Уәлиханов пен оның қайнағасы Тезек төренің де күдікке ұшыраған жайттары болыпты. Жоғарыда сөз болған қос құжатта айтылғандай, екеуіне Жетішәр билеушісі Жақыпбекпен байланыс орнатты, қарамағындағы елді Құлжаға көшіріп әкетуге үгіттеді, жергілікті халық арасында тиыштықты бұзатын зиянды әңгімелер таратты деген айыптар тағылып, олар абақтыға да жабылады. Бірақ қылмыстарын дәлелдеу жағы қиынға түскен соң, Колпаковский (бұл генерал 1867 жылдың күзінен қайтадан Алматыға оралып, жаңадан құрылған Жетісу облысының әскери губернаторы боп тағайындалған-ды) екеуін қамаудан босатып, 1869 жылдың ақпанында Тезекті Қапал үйезі полициясының бақылауына, ал Ғазиды мамыр айының соңында, әлгі құжатта сөз болғандай, өзінің ағайын-туғандары мекендейтін Ақмола облысына күштеп аттандырады. Кейіннен Ғази Петерборда да қызмет етіп, атты әскер полковнигі, генерал шеніне дейін өсіп, 1909 жылы дүниеден озады.

Жылы ауысып кеткен әлгі қос құжаттың 1865 жылға сәйкеспейтін тұстары мұнымен ғана бітпейді. Мәселен, ондағы Түркістан генерал-губернаторы деген лауазымның өзін-ақ алалық. Бұл генерал-губернаторлық тек 1867 жылғы 7 шілде күні

ғана құрылып, алғашқы генерал-губернаторы болып К. Ф. Кауфман тағайындалған. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы А.П.Хрущев туралы да солай. Ол бұл қызметке 1866 жылғы 28 қазанда тағайындалған. Жетісу облысы да 1867 жылғы шілдеде ашылған. Оның алғашқы әскери губернаторы Г. А. Колпаковский. Сондай-ақ Ғази Уәлиханов штабс-ротмистр шеніне 1867 жылдың қарашасында ғана ие болды. Ал Шоқанға 1865 жылдың наурызында ротмистр шені берілген.

Бір қызығы, Шоқанның 1968 жылы шыққан 4-ші томындағы жылы қате көрсетілген бұл дерек өз кезінде көзі қарақты зерттеушілердің дәлелдеуі арқасында түзетілген де болатын. Сол себепті де Шоқанның шығармалар жинағының 1984-1985 жылдарда жарық көрген екінші академиялық басылымына (жауапты редакторы Ә. Марғұлан) Ғази Уәлихановқа қатысты бұл қате құжаттар енген жоқ-тын.

Алайда алғашқы бес томдыққа абайсызда кіріп кеткен осы қос қате дерекпен ғана танысу мүмкіндігін алған (яғни, оның кейіннен түзетілгенін білмейтін) шоқантануға қызығатын кей зерттеушілер әлі де оны Шоқанға қатысты шын ақиқат ретінде қабылдап, кәдімгідей сеніп жүр. Ол деректің Шоқанға емес, Ғазиға қатысты екенін біз де өз тарапымыздан Шоқан ғұмырнамасына арналған кітаптарымызда бірнеше рет жазғанымыз бар. Реті келгенде мақала, сұхбаттарымызда да ескерте айтып қоямыз.

Дегенмен, ол лепестеріміздің бәрі жалпының құлағына жете бермейтін көрінеді. Жылы абайсызда қате берілген сол құжаттарға байланысты өрбіген алыпқашпа әңгімелер ауық-ауық белең беріп қалады. Шоқанға қатысты нағыз ақиқат осындай деген сынайдағы пайымдаулар айтылады, отызға жетпей құрт ауруынан (туберкулезден) қыршын кеткен отөрім ғалымымыздың қазасына күмән келтіріледі. Ол туралы да қаншама ғылыми дәйектердің, естеліктердің бар екені есепке алынбайды. Тіпті Шоқанның 1864 жылғы желтоқсанның 1-інде генерал досы, Алатау округінің бастығы Колпаковскийге жазған хатында: *«Менің кеудем ауырып жүр. Істеген жақсылығыңыз болсын маған құстыратын бір майдәрі немесе кеудемдегі іріңді босататын (тек сүлік емес) және тер шығаратын бірдеңе беріп жібере алмас па екенсіз»* деп өтінгені; қайтыс боларынан екі

айдай бұрын ғана, 1865 жылғы ақпанның 19-ында жазған хатында (Колпаковский соның алдында ғана Семей облысының әскери губернаторы боп ауысқан): *«Сіз кеткен кезде маған суық тиіп жүр еді: көкірегім мен тамағым ауыратын. Тамағымна назар аудармай, көкірегіме ем жасағам, енді көкірегім жазылған сияқты болғанымен, жұтқынишағымның ауырғаны сонша, асты әзер жұтамын, даусым тіптен шықпай қалды. Верныйға жетуге жолдың ауырлығы мен жайлы көліктің жоқтығы мүмкіндік бермегендіктен, мен өзімді қазақтың құшнаш-емшісінің қолына тапсырдым. Оның не дәрі ішкізіп жатқанын бір құдайдың өзі білсін. Әйтеуір қол құсырып өлгеннен гөрі осы дұрыс»* деп шарасыздыққа ұрынғаны; дәрігерлердің болжамынша, бұлардың бәрі туберкулез ауруының белгілеріне жататыны да қаперге алына бермейді.

Сол сияқты «қымыз ішіп жүретін Шоқанның құрт ауруынан қайтыс болуы мүмкін емес» дейтін алыпқашпа сөздер де бекер. Сонда Абайдың балалары Әбдірахман мен Мағауияның да осы құрт ауруынан көз жұмғанын немен түсіндіреміз? Шоқанның 12 жастан бастап Омбы кадет корпусының суық казармасында тұрғанын, Қашқардан қайтарда қар көмкерген тау қойнауларында суықтап қалғанын, Омбыға жеткесін қатты науқастанып, содан Петерборға кешігіп барғанын, империя астанасының дым бүркіп тұратын ылғалды ауасының, оның әлсіз денсаулығына кері әсер еткені туралы нешеме деректерді қайда жасырамыз? Айнымас досы Потаниннің: *«Шоқанның бойында кадет корпусында оқып жүрген кездің өзінде құрт (чахотка) ауруының нышандары байқалды. Ол жаз сайын ауылына барып қымыз ішіп оңалып тұрғанымен, корпусы осы науқас белгісімен аяқтады. Петербор климаты, ондағы өмір салты, денсаулығын тіпті төмендетті»* деп жазғанын қалай өтірік дей аласың?

«Шоқан 1865 жылы қайтыс болған жоқ» деген сөздер де бекер. 1865 жылғы жаз кезінен бастап қазақ жерін Гутковский сияқты Шоқанды жақсы білетін, оған жанашырлығын аямаған қадірлі адаммен бірге жүріп аралаған полковник Гейнс өз күнделігінің шілде айына қатысты жазбаларында да Шоқанның қайтыс болғанына қатысты мәліметті келтіреді. Сондай-ақ Көкшетау дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың отбасына Шоқанның қазасына байланысты көңіл айтқандарын



жазады. Қараша айының басында Жетісудағы аға сұлтан Тезек Нұралиннің ауылына жеткенде, Шоқанның қайғыға батып отырған жесірі Айсарының отауына да кіріп басу айтады. Шоқан бейігіне арнайы барып, рухына тағзым етеді.

Сол жылы қыста жарық көрген «Орыс география қоғамының 1865 жылға арналған есебінде» Шоқанға қатысты екі қазанама жарияланды. Оның бірін – географиялық қоғам атынан, әйгілі саяхатшылар Ф. Р. Остен-Сакен мен П. П. Семенов (болашақ Тянь-Шанский) бірігіп дайындаса, екіншісінің авторы – Шоқанды ғалым ретінде аса құрмет тұтатын іні досы, кейіннен орхон көне түрк ескерткіштерін алғашқы ашушылардың бірі болған Н.М.Ядринцев еді. Ол екі қазанамада да Шоқанның сол 1865 жылы туберкулезден көз жұмғаны нақты жазылады. Сол себепті де оның өлімі туралы айтылып жүретін әртүрлі алыпқашпа әңгімелердің бекер екенін, олардың ғылыми дәйектерге сүйенбеген, сенімсіз жорамалдар мен қауесеттерге құрылғанын, оның бәрі де негізінен, әлгінде айтылған, жылы қате көрсетілген қос құжатқа байланысты туындап, өрістегенін тағы да ескерте кетсек дейміз.

Шоқантанушылықпен айналысып жүргесін, әлгінде өзін сұраған Дархан Әбдік түсірген «Аққан жұлдыз» телефильмін де көрдім. Ол телетүсірілімнің өзіндік ерекшелігінің қилы-қилы мүмкіндіктері шебер пайдаланылған, көрерменді үйіріп тартатын тұстары баршылық туынды болып шығыпты. Алайда бұл фильмнің желісі де сол қос құжаттағы қателіктерге бұйдаланып қалыпты. Жылы бұрыс көрсетілген сол құжаттар ауанынан туындаған дәйексіз жорамалдар тағы да тарқатыла-тарқатыла келіп, ақыр соңында бұл фильм де Шоқан өліміне, оның туберкулезбен ауырғанына күмән келтірген сарынмен түйінделіпті...

Жалпы Шоқан ғұмырының әлі де ашылмаған құпия тұстары жетерлік. Олардың түпкі ақиқатына жету үшін ұлы тұлғамызға қатысты қыруар деректі өзара салғастыра, басқа да ғылыми дәйектермен әбден пысықтап, шендестіре отырып зерделеген мақұл дер едік. Шоқан – дара бітім. Оның ғұмырнамасын қаузауға жеңіл-желпі қарау, алыпқашпа әңгімелер сарынына құру, сірә да жөн емес.

– Кейінгі жылдары зерттеушілік қырыңызды дамыта түсіп, арғы түрк дүниесінің түп-тамырына үніліп, қазақтілді ғалымдар бара бермейтін тақырыптарға қалам тербедіңіз. Тіпті адам баласының, нәсілдердің пайда болуы мен таралу мәселелерін түрк жұртының контекстінде қарастырып жүрсіз. Бұл ауқымды тақырыпқа қызығушылығыңыздың сыры неде? Қазақ зерттеушілерінің этногенездік-этнологиялық ізденістері әдетте шет тілдеріне көп аударылмайтындықтан, өз ортамызда ғана әңгіме болып, әлемдік ғылым айналымына түсе бермейді. Сөйтіп, қазақ жеріндегі көне мәдениеттердің дені өзге жұртқа теліне береді. Бұл доға шеңберді қалай бұзуға болады?

– Иә, соңғы жылдары қазақ ғалымдары тарапынан болсын, билік тарапынан болсын қазақ жерінің талай мәдениеттер мен өркениеттердің отаны, бастау бұлағы ретінде танылғанына қатысты зерттеулер, пайымдар айтыла бастағаны көңіл қуантады. Бұл ынтызарлық шын мәнінде алдағы уақытта төл тарихнамамыздың дамуына жол ашары анық.

Біздің де біраз жылдан бері осы тақырып орайында ізденістерге кіріскен жайымыз бар еді. Әуелі Шоқанды зерттеуден, оның қазақ пен жалпы түрк халықтары тарихына қатысты еңбектерімен жан-жақты танысудан басталып, «Ана тілі» газетінде жүрген кездерде қазақ шежіресінің төл нұсқаларын зерделеуге ұласқан ұмтылысымыз, ақырында Орталық Азияның этнотектік тарихын қаузау бағытына алып келгендей болды.

Зерттеушілер арасында түрк халықтары Алтайдан тарады дейтін ұстаным біраздан бар. Ал «олар Алтайға қалай келді?» деген сауалдарға нақты жауап беріле қоймайтын. Анау бір жылдары осы мәселені зерделеуге қызығушылығымыз оянып, ғылыми әдебиеттермен танысу барысында, Америкадағы үндіс жұрттарының Алтайдан келгені жөніндегі зерттеулерге ұшырасып қалдық. Оларда Америкаға бұдан 30-20 мың жылдай бұрын кеткен үндістер мен Алтайдағы түрк халықтарының ДНҚ түзілімдері, археологиялық жәдігерлері, мифологиялық сарындарының ұқсас екені дәйектеліпті.

Тақырыптың бір ұшы қолға тигеннен кейін, ізденіс әрі қарай сабақталды. Түрк жұрттарына тән ДНҚ түзілімдерінің әу баста қай аймаққа тән болғанын індетіп зерттеу барысында, ол аумақтың Орталық Азия аумағының күнгей өңірлерінен басталып, Каспий теңізінен шығыстағы Хинган тауларына дейін созылған Ұлы Дала кеңістігі екені анықталды. Қыруар ғылыми әдебиеттер, археологиялық,

этнолингвистикалық және ДНҚ генеалогиялық зерттеулерді салғастыра қараған талдаулар осы алып кеңістікте бұдан 50-40 мың жыл уақыттан бастап, бергі мыңжылдықтарға дейін өркен жайған байырғы мәдениеттердің иелері, негізінен, осы ұлан-ғайыр аумақта талай замандар бойы мекен еткен тұрғылықты жұрттар екені дәйектелді.

Олардың тас дәуірлеріндегі климаттық жағдаяттарға байланысты әр тарапқа таралу бағыттары мен сол қауымдардың кейінгі ұрпақтарының қазақ жеріндегі неолит заманы мәдениеттеріне ұласқаны, энеолит дәуіріндегі ботай, көнешұңқыр секілді бірқатар түздік мәдениеттер аясында тіршілік кешкені, көптеген этномәдени нышандардың өзара сабақтас екені нақтыланды. Бұл ортақ сипаттардың қола ғасырларда жалпы ұлы далалық беғазы-дәндібай мәдениетіне, Алтай, Ордос, Шығыс және Батыс Түркістан аумақтарындағы соған ұқсас құнарлы дәстүрлерге ұласқаны пайымдалды. Кейінгі сақ, хун замандары тайпалары көбінің Ұлы Дала кеңістігінде талай ғасыр бойы қатар өмір сүріп келе жатқан арғытүрк сипатты жұрттар екені де соңғы жылдарда жүргізілген әртүрлі жаңашыл ғылыми қорытындылар арқылы пысықталды.

Демек, бұл дәйектердің өзі де қазақ даласын ежелгі дәуірлерде тек қана ари текті жұрттар мекендеді деп келген еуроөктемшіл пікірдің қате екенін көрсетеді. Біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі тым әріде жатқаны, бүгінгі түрк халықтарының арғы бабалары саналатын этникалық қауымдар, біздің ұлтымыздың да тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі екені пайымдалады.

Біздің бұл салада еңсерген тірліктеріміз «Арғы түркілер ақиқаты ізімен» (2006) деген барлау кітабымыздан бастау алып, кейіннен Түркі академиясының жобасы арқылы жүзеге асқан «Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер» (2015) атты ғылыми монографияға, сондай-ақ «Ұлы Даланың ежелгі тарихының этномәдени төркіндері» (2017) атты ғылыми-көпшілік еңбекке ұласқан еді. Өзің айтқандай, оларда пысықталған жайттар әзірге өз ортамызда ғана әңгіме болып жүр. Шет тілдерге аударыла қоймағандықтан, басқа ел зерттеушілері де танысуға мүмкіндік алатын ортақ ғылыми айналымға түсе қойған жоқ...

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

**Сұхбаттасқан  
Сәкен Сыбанбай**

*(«Ана тілі» газеті. 2018 жыл, 13 желтоқсан)*



**Әжеміз Тоты Жошықызы (1880-1953) мен үлкен ұлы Мольке (1904-1938). Шымкент, 1924 ж. (Мольке ағамыздың «халық жауы» деген жаламен Мәскеуде атылып, Дон зиратының крематорий пешінде өртенген денесінің күлі Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның және басқа да көп қайраткердің күлі көмілген ортақ бір қабірде жатыр).**




**Тоты әжеміздің кіші ұлы Қозыке мен келіні Зұлпын. 1970 ж.**



**Қозыке  
Бейсенбайұлы  
мен Зұлпын  
Бейсенбай келіні.  
Бурабай. 2001 ж.**



**Сталинабад (қазіргі М. Шойманов) ауылындағы «Кенес»  
жетіжылдық мектебін бітірушілер. 1960 ж.**



Студенттік шақ.  
ҚазМУ-дің  
механика-  
математика  
факультетінің  
3 курс студенті  
Есіркеп  
Бейсенбайұлы  
екеуміз.  
1965 ж.



ҚазМУ-дің филология факультеті. 1 курс. 1965 жылдың көктемі



**Курстастар  
офицер болған кез.  
Дандай, Жарылқап.  
1970 ж.**



**Қарындастарым Анар мен Гүлбибі. 1970 ж.**



**«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті секретариатында макет талқылау сәті. Әміртай, Жарылқап, Тұрарбек, Жақау. 1973 жыл.**



**Австрия. Инсбрук маңындағы Еуропа көпірі жанында. 1974 ж.**

**Інім Мүсіреп. 1979 ж.**







**Шоқан ізімен  
жүрген кез.  
1975 ж.**



**Парижде.  
1978 ж.**



**1980 жылдар ортасындағы жастар газеті ұжымы**



**Жастар газеті ардагерлерінің бас қосуы. 1980 жылдардың соңы.**



**Димекен (Қонаев) ақсақалмен суретке түсіп, батасын алған күн.  
1990 ж. 19 шілде.**



**«Ана тілі» газетінің алғашқы жұмыс бөлмесі. Тіл білімі институтының мәжіліс залы. 1990 ж. Суретті түсірген Б. Сәрсенов.**



**Димекең арқадан қаққан сәт.1990 ж. 19 шілде**




**«Ана тілі» газеті ұжымы. 1992 ж. Суретті түсірген Б. Сәрсенов.**



**«Ана тілі» газеті ұжымы. 1995 ж. Суретті түсірген Б. Сәрсенов.**




**А. Байтұрсынұлы портреті алдында. 1996 ж. Суретті түсірген Б. Сәрсенов.**



**Қажылық сапарда. 1996 ж.**



**Наурыз шеруінен  
соң. 1991 ж.**



**Иран. Қазақтар қоныстанған Горган шәһарына бет алған жолда. Оқу  
министрінің орынбасары Е. Медеу екеуіміз. 1995 ж.**



**Мажарстан. Қарсақ қаласы маңындағы  
құйма балбал мүсіндер.**



**Будапештегі Батырлар  
алаңында. 1996 ж.**



**Атасы мен әжесі үйге келгенде. 1997 ж.**



**Моңғолия. Бай өлкедегі Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайы кезінде.  
1997 ж.**



**Түйүкүк бітіктасы  
жанында. Моңғолия.  
1997 ж.**





**Т. Кәкішев, Ш. Мұртаза, Ө. Айтбайұлы ағалармен болған сапар кезінде. 1997 ж.**



**Қазақ журналистері Колизейде. Рим. 1998 ж.**



**Курстастардың 30 жылдан кейінгі кездесуі. 1999 ж.**



**Солтүстік КипрТүрік Республикасының тұңғыш президенті Рауф Денкташтың қабылдауында. Лефкоша (Никосия) қаласы. 2000 ж.**



**Ықылас атасын, әжесі мен анасын ЕҰУ-дегі Күлтегін ескерткішіне ертіп әкелді. Оң жақта: көрнекті түрктанушы Қаржаубай. 2001 ж.**



**«ҚазАқпараттағы» лездеме сәті. 2002 ж.**



**Қ. Ясауи атындағы Қазақ-түрік университетінің математика профессоры  
Есіркеп Бейсенбайұлымен. Түркістан қаласы. 2002 ж.**



**Оңнан солға қарай: Қуаныш Айтаханұлы, Ақселеу Сейдімбек, Сабыр Тұяқбай.  
2006 ж.**



**Түрк елдері ақпарат агенттіктері бірлігі Бас ұйымының Қараман (Түркия)  
қаласында өткен кезекті жиынында. 2007 ж. 10 мамыр.**



**Босфордағы кемеде.**



**Қараман қаласы маңындағы  
көне бекініс үстінде. 2007 ж.**



**Бурабайда. 2007 ж.**



**Бурабайда өткен терминология мен ономастика жиынынан кейін. 2007 ж.**



**Х. Өралтайдың Астанаға «Алаш және Әуезов» халықаралық жиынына келген кезі.  
2007 жылдың қарашасы.**



**Қозыке Бейсенбайұлы інілерімен бірге. Оң жақта: Камо Молькеұлы. Сол жақта: Өстемір Ескерұлы. М. Шойманов ауылы. 2008 жылғы 9 мамыр.**



**Майдангер әкені Женіс күнімен құттықтауға келген ағайын-туғанмен бірге. 2008 жылғы 9 мамыр.**






**Берел жылқысы жанында. 2008 ж.**



**Татарстан ҒА академигі М. Закиев. Астана. 2011 ж.**



**Х. Өралтайдың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық конференцияда. Анкара. ТҮРКСОЙ-дың бас ғимараты. 2013 ж. 15 сәуір.**



**Автордың «Шоқан» кітабының 2015 жарық көрген орысша басылымының Мәскеу қаласындағы Орыс географиялық қоғамының штаб-пәтерінде өткен тұсаукесері. 2015 жылғы 17 желтоқсан.**



**«Шоқан» кітабының Астанада өткен тұсаукесері. 2016 ж.**



**Жазушы, зерттеуші Қойшығара  
Салғараұлымен. 2016 ж.**



**Хиуа хандығы заманының бір  
сипаты. Хиуа қаласы. 2017 ж.**



**Хиуа хандары сарайында. 2017 ж. Наурыз айы.**



**Жетпіске толғанда. Әбдірәсіл, Исраил, Қуаныш ағалар және Айман жеңеше. 2017 ж. Сәуір.**



**Оңнан солға қарай: Төрехан, Қайсар, Рита, Нұрғайша. Сол жақта: Көпен жиен. 2017 ж.**



**Жұрналышылар жиылып қалған сәт. 2017 ж.**



**«Кәусар» клубындағы кездесу. 2018 ж. 8 ақпан.**



**Курстастар 50 жылдан соң. 2019 ж.**



**Азия жазушылары форумы. Ізбасар әріптестер ортасында. Астана.  
2019 ж. 4 қыркүйек**



**Бейсенбай әулетінің бір бөлігі. 2017 ж.**



**«Республикалық физика-математика мектебінің» білікті ұстазы, «Физика» (11 сынып) оқулығы мен оқу-әдістемелік материалдардың авторы, ғылыми-әдістемелік «Fizmat review» (Физмат шолуы) журналының бас редакторы, «Қазақстанның Еңбек сіңірген ұстазы – 2021» құрметті атағының иегері Сабыр Тұяқбаймен. 2017 ж.**



**Нұрғайша мен Үміт.**





**Шүкірәлі мен Жанар. 2018 ж.**



**Ықылас пен Динардың үйлену тойында. Тұрғандар (солдан оңға қарай):  
Ернұр, Дана, Меруерт, Жәніс. 2017 ж.**



**Ықылас анасы екеуі кіші қажылық сапарында.  
2019 ж. 28 желтоқсан.**



**Әжесі жиендермен. 2017 ж.**



**Солдан оңға қарай: Бекнар, Динар, Дегдар, Ықылас. 2022 жылғы 1 қаңтар.**



**Дегдар, Ықылас, Бекнар.  
Ыстамбұл. 2022 жығы 17 маусым.**

**ШЫҒАРМАЛАРҒА**

**ШКІРЛЕР**



«ПАРИЖДІ  
ДҮРЛІКТІРГЕН  
ЖАЛҒЫЗ АЛМА»



Өнер!...

Адам санасы мен жүрегіне әсер ететін өнер құдіретінің сыры неде?! Бұл сауалға – жауап көп. Өнердегі тұлғалар – өнердегі қайталанбас тағдырлар... Поль Сезанн, Винсент Ван-Гог, Поль Гоген, Михаил Врубель, Пабло Пикассо...

Жоқ, алдымен – Париж! «Суретшілер Меккесі» атанған, өнердің қасиетті бесігі, еуропалық мәдениеттің інжулі алқасын тағынған атақты Париж. Жарылқап Бейсенбаевтың «Буырқанған бояулар» (Эсселер мен сыпаттамалар. «Өнер». – 1981) кітабының композициясы – алғы сөзі.

Келер беттерінде нұсқамасы іспетті бөлімді журналист-эстет Франция еліне, оның әйгілі астанасына арнайды. Көзбен көргенді көңілге тоқып, айтып бере алу – қаламы жүрдек репортерге қиын шаруа емес. Бірақ өзінше айтып бере алу қаламның жүрдектігімен қатар, сырбаз танымды қажет етер еді. Кітап авторында осы екі байыпты нышан қатар тоғыса келіп, оқушыны қызығы да, әсері де көл-көсір саяхатқа бастайды. Бәрімізге әдебиет пен тарихтан тыс Париждің таныс бейнесі көз алдымызда айрықша айқындала түскендей. «Сена үстіндегі сырбаз қаланың» бейтаныс қойнаулары тылсым сырын, тарихи бедерін ашады. Лувр, Нотр-Дам соборы, Монмартр, Бастилия қамалы, «өлілер қаласы» – Пер-Лашез... Әрқайсысы дәуірлер мен небір дүбірлі оқиғаларға, алыптардың ұлылықтарына куә!

Журналистік көз-көңілінен тысқары қалған түкпір жоқ сияқты бұл қалада. Ол ауқаттылар мен алпауыттар Парижін де, өнері мен мәдениеті асқақ Парижді де, «еңбекшілердің қуатты манифестациялары мен шерулері өтетін» Парижді де көре білген.

Әлемдегі ең ірі музейлердің бірі, өнердің заңғар шаңырағы – Лувр жайлы толғаныс – Парижбен танысудың таусылмас әсерге толы сәттерінен туған қарасөз поэзиясы. Лувр галереясының – «нұрлы қойнаулар» деген баламасын автор жыр сөзіндей етіп өте әдемі тапқан. Нұрлы қойнаулар адамды өзгеше әлемге, әсерлі тыныштықтың сыңғыры мен сұлулықтың жауһары ұялаған дүниеге қарай бастайды. Нұрланасың, қуанасың, ойға шомасың, рухтанасың. Өнер атты үлкен ғалам адам жүрегіне ғажайып сәулесін құяды. «Армысың, Мона Лиза – деймін ішімнен. – Леонардоның аққулы әні, асыл туындысы. Міне, сенімен де жүзбе-жүз кездестім», – дейді автор атакты «Джоконданы» оқушының көз алдына әкеліп. Әйгілігі жағынан да әлемде теңдесі жоқ осы туындыны журналистің былайша кейіптеуінде әр көрерменнің көкейіне ұялар мағына бар: «Ал «Мона Лиза» болса, сені әрдайым дәл сол: мыңдаған, миллиондаған адамдардың ғажаптана көз салатын, әркімді өз танымына қарай ұлылық, әсемдік, тіршілік, жақсылық, асыл қасиеттер, мынау ағынды өмір туралы ойға шомдыратын қалпында, жұмбақ жымиыспен қарсы алады. Сен тағы да өзінді риза ететін, әдемі әсерлерге бөленесің, көрермен мен сурет арасындағы тылсым құпиялы сырлы байланысты сезінесің...».

Міне, кітап авторы Париж, Монмартр, Лувр арқылы ұлы суретшілердің, өмірі мен өнердегі тағдырлары осы атауларға байланысты болған алыптардың бейнесін ашатын эссе-портреттеріне желі тартады.

Парижді дүрліктірген жалғыз алма...

Бұл Сезанның алмасы екен ғой. «Бүкіл Парижді жалғыз алмамен дүрліктіргім келеді», деген француздың ұлы қылқалам шеберінің соншалықты асқақ, сенімді айтылған бұл сөзінің сыры оның замандастарын таңғалдырған, кейінгі ұрпақтарына ғажайып күдіретін ашқан өнерінде жатыр.

Автор эсседе Сезанн алмасының осындай ғажайыптылығын сізге елестетіп қана қоймай, көз алдыңызға әкеліп, тіпті сол

нарттай күйінде тіршіліктің шырынын қолыңызға ұстатқандай. Енді сонау Париждегі Импрессионистер музейіндегі ұлы Сезанның *«Апельсин мен алмалары бар натюрморт»* деп аталған картинасын бір көруге деген ынтықтық сезімі еріксіз оянады.

Қаламы өнер тақырыбына әжептеуір машықтанған автордың осы кітаптағы эссе-портреттерінің қайсысын алмаңыз, тек байыпты танымымен ғана ерекшеленбейді, өмір фактісінен суреткер-қаламгерге тән образды түрде көре білуімен де әсерлі, әдемі. Деректемелік ақиқаттар автордың адастырмас жетекшісі ғана, аналитикалық деталь, әңгімелеудегі бояулы лиризм Жарылқаптың негізгі құралы. Жалпы, өнер, өнер адамы туралы жазу аналитикалық мәнерді талап етеді. Бірақ жалғыз мұның өзі де дербес күйінде қалың оқушыны еліктірмесі анық. Талдау, фактілер аясындағы салыстырмалылық-мәнер таза ғылыми зерттеушілік әдіске қажет нәрсе. Ал эсседе, оның композициясында көркемдіктің тіні айшықталып тұрады. Міне, эссе жанрының осы ерекшелігін автор өте айқын түсінеді. Айқын түсініп қана қоймайды, тіпті формалық ізденістерге барады. Мазмұнды әсерлі етер, әрине, ішкі форманы таба біледі ол.

*«Тал түсте атылған тапанша»*. Шығармашылықтағы өмірі Парижге қатысты, Голландияның ұлы перзенті, Сезанн, Гоген сияқты постимпрессионизм әдісінің бір өкілі – Винсент Ван-Гогтің бейнесін ашатын бір ғана детальдан автор эссенің формасын құяды, осылай деп оған тақырып қояды. Өмірі қиындықтар мен күрестен тұратын өнердің алып иесі қоғамына, ортасына өзінің атақ-даңқы тарайтын сәтті күтпей, жүрегін тапаншаның жалғыз оғымен көздейді. Автордың бұл эссені: «Бәлкім, шілденің шілінгір жексенбісі күні талтүсте атылған тапанша Ван-Гогке тиесілі сол дулы атақ-даңқтың келуін жеделдеткен жаңғырық та болған шығар?»

«Кім білсін...» деп аяқтауы оқушыны дегенмен де бақытты тағдырдың иесі жайлы нұрлы ойлар кештіруге жетелейді. Ван-Гог бояуының күдіретті әсерін сезінбеске шараңыз жоқ. Сол заман, сол кезең шынайы кейпімен көз алдыңызға келіп тұра қалады. *«Құлағы таңылған автопортреттен»* өзіңізге соншалықты таныс боп кеткен суретшіні көргендей боласыз.

Немесе оқушы бұл кітаптан ұлы суретшілердің мінезін, дағдысын, күнделікті тіршіліктердегі қалпын, жүріс-тұрысын

аңғарғандай, көзбен көргендей, дауыстарын естігендей әсерде қалар еді. Шағын эсселерді оқып шығу – солар жайлы көркем әңгіме, повесть оқығандай әсер береді. Таити аралында өмір сүрген Гоген, өмірінің ең соңғы күніне шейін Маркиз аралдарындағы Полинезиядағы қапалы күн кешкен Гоген оқушыға ескі танысындай ыстық көрінеді. Оның өмірден өтуі сізді аянышты сезімдердің қамауында қалдырады. Бірақ бұл дүние Гогеннің бар екені, Ван-Гогтің де, Сезанның да мәңгі өлмес өнерімен бар екені де сізді де, бәрімізді де жарқын сезімдерге, шуақты ойларға бөлейді.

Өнерімен ұлы болып, есімі мәңгілікке қалған бейнелердің кейіптемесін автор эсселерінде осылайша сәтті жасайды. Шағын нәрседе образ жасау, характерлерді айқындау – шеберлік те, табыс та.

Төрт бөлімнен құралған кітаптың келесі парақтары осы біздің ғасырымызда, кейбірі бүгінгі күндерге шейін өмір сүрген, өмір сүріп келе жатқан өнер саңлақтарының бейнесін ашады. Михаил Врубель, Пикассо, Петров-Водкин, қазақ даласының жыршысы Кузнецов, Ле Корбюзье, Ренато Гуттузо. Әрқайсысы өнер ғаламының бір-бір шоқ жұлдызы. Кітапта әрқайсысына тән ұлылықтың мәнін, сырын сипаттайтын портрет-эсселерді автор өзіндік әсерімен, өзіндік көзқарасымен тиянақтап, оқушыны эмоциялық тағылым, танымымен баурайды. Врубельдің «Демон» тақырыбына жазған сериялары, Пикассоның «Ақ көгершіні» мен «Герникасы», Петров-Водкиннің революциялық рухтағы «Қызыл аты», Кузнецовтің «Дала сюиталары» сериялары, заманымыздың ұлы сәулетшісі Корбюзьенің Рошандағы капелласы жайлы бояуы қанық, сезімі сергек сыршыл әңгімелер оқимыз.

Өнерді жазуға әдемі тіл керек. Онсыз өнер жайлы сырлы да нұрлы толғаныстардың тууы екіталай. Жарылқап Бейсенбаевта осы нәзік құрал бар және соны әсем өрімімен қолдана біледі. Кітаптың көпшілік оқырманға арналған мақсатын автор жақсы түсінеді де, күрделі сөйлеуден қашып, жатық әңгімелеу стилінде қалам тербейді...

**Мәди Айымбетов**

*(«Лениншіл жас» газеті. 1981 жыл, 25 тамыз)*




## ТЕРЕҢ БОЙЛАП, ТЕР ТӨГІП



Заманның лүп-лүп соққан мыңдаған тамырларының, тіршіліктің тынысының ең маңызды да татымды оқиғаларын ойып алып, оқырманына жеткізетін баспасөз беттерінен байыпты мақала-очерктер оқығанда, сонау жүрек түкпірінде жасырын жатқан бір сезім бүлкілдей түсіп, «мен де осылай жазсам» дейтін ой-арманның бірте-бірте қызығушылық пен ынта-ықыласқа, болашақ мақсатқа ұласатынын балаң жігіт ол кезде сезген жоқ-ты. Уақыт өткен сайын жасқа-жас қосыла келе, ол 1969

жылдан бастап журналистік мамандыққа біржолата ден қойды. Сол кездері республикалық жастар газеті – «Лениншіл жастың» беттерінде «Жарылқап Бейсенбаев» деп қол қойылған, айтар ойы айқын мақала-очерктер арагідік жарияланып тұрды. Бірде осы газетте «Шоқан сапары ізімен» атты шоғыр мақалалар жарық көре бастады. Бұл көлемді, публицистикалық очерк сонылығымен газет оқушыларын



елең еткізіп, автор бірден көпшілік назарына ілікті. Міне, содан бастап қазіргі таңда тақырыбы мен қамтитын мәселелері, сөз етер жайлары мен жанрлары сан алуан қазақ журналистикасының кейінгі толқын талапты жастарына тағы бір қаламы қарымды жас келіп қосылғанының куәсі болдық.

Уақыт пен кеңістік бірлігінің шеңберінде ананың ақ сүтінен бастап, рухани ойдың жемісінен нәр алып, жылдар бойы бірте-бірте жетілетін адам бойындағы қабілет пен талант – табиғат сыйлаған тамаша қасиеттердің ең жоғарғыларының бірі екеніне ешкімнің дауы болмаса керек. Оның ішінде ерекше дарын иелерінің жұлдызы биік тұратыны бар емес пе! Осындай ерекше жаратылған таланттардың бірі – қазақ топырағында туған, қайталанбас биік тұлғалы ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың өмірі, ғылымның түрлі саласындағы кең тынысты, үздік те жемісті еңбектері жас журналисті көп толғандырып, терең ойға жетелейтін. Сондықтан да ол күнделікті газет жұмысынан қолы босасымен өзімен-өзі оңаша қалып, «Шоқан әлеміне» ойша саяхат жасайтын. Осы бір ықылас пен «сол туралы жазсам-ау» дейтін ішкі тілек ширьға келіп, ол ұлы ғалым жасаған сапар ізімен қайталай жүріп өтуге бел байлайды.

Иә, 1856 жылы патша армиясының полковнигі Хоментовский басқарған ірі әскери-ғылыми экспедициямен бірге сонау Омбыдан келіп қосылған Шоқан Уәлихановтың Іле Алатауы мен Ыстықкөл маңын аралап сапарға шыққаны және осы сапар барысында көрген-білгендерін қағазға түсіріп, сол кездегі жер, ел туралы өз пікірлерін жазып отырғаны баршамызға мәлім. Осы жазбаларды – «Ыстықкөл сапарының күнделігін» қолына алған жас жігіт белгілі бағыт бойынша бұдан бір ғасырдан аса уақыт бұрын ұлы ғалым жүріп өткен, бұл күнде уақыт табының табанында елеусіз бедерлерге, ізі мен сүлдесі жоқ соқпақтарға айналған жолдармен сол сапарды қайта жалғастырды.

...Меңіреу дала, мелшиген тастар мен ми батпақ, көнерген сай-сала, сұрланған құз-шындар... бәрі-бәрі де бір-бір сырын ішіне бүгіп, бүк түсіп жатқан өткен тарихтың тылсым күштері іспетті. Осынау байыппен қарап барламасаң, зерделі ойға салып зерттемесең бір ғасыр емес, мың ғасыр тұрса да мелшиген бетінен айнымайтындай көрінген тілсіз «куәлерден» ол суыртпақтап сыр іздеді. Күнделік бойынша, жер жағдайын салыстыра, Шоқан жазбаларының анықтамаларын ақтара отырып, бұл күнде суып қалған жол сілемдеріне шұқшия үңілді. Әрине, бұл еңбек зая кеткен жоқ. Ол бұрынғы экспедиция басып өткен ескі бекет жолының ізімен, тау сүрлеулерімен бір жарым ай бойы жол жүріп, ерінбей-жалықпай Шоқан есіміне байланысты

әрбір тау-төбе, жер, суға тоқтап, ұлы ойшыл өміріне қатысты деректер іздеді, көптеген жергілікті адамдармен кездесіп, күнделіктегі көмескі жайларды анықтай түсті.

Міне, осы қиындығы мен қызығы бірдей сапар нәтижесінде «Шоқан ізімен» («Жалын» баспасы, 1977 жыл) атты публицистикалық жазбалар жарық көрді. Кітаптағы Шоқанның Қозы Көрпеш – Баян сұлу бейітіне барғаны туралы және бейіттің басына қойылған тас мүсіндерге қатысты өзіндік батыл да байыпты болжам жасап, оны дәлелдеуі, сондай-ақ қырғыздың халық жыры «Манасты» қағазға түсіруіне қатысты түйінді тұжырымдары жас журналистің ізденгіштігін, ғалымға тән біліктілік пен зерттеуге, зерделеуге бейімділігін танытты.

Ол ғасырлар сырын қойнына бүгіп жатқан жалпақ даланың қойнында небір көне заманның таптырмас асылдары барын жақсы түсінген Шоқанның көне қалалар, ертедегі архитектуралық ескерткіштердің тарихына үңілуін, ғалымның бұл саладағы көрегендігі мен зерттеушілігін орынды сөз ете отырып, оның ежелгі Екіоғыз шәһарын алғашқы зерттеушілердің бірі болғандығы туралы батыл пікір айтты. Сондай-ақ Шоқанның саяхат барысында жердің географиялық ерекшелігіне, климатына және сол жерлерді мекендейтін аң-құстарға да назар аударғандығын күнделіктегі мысалдар арқылы дәлелдеп, оны бүгінгі жағдайымен салыстыра әңгімелеп береді. Яки Шоқан еңбегінен Қазақстан жерінде бұдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын жан-жануарлардың тіршілік еткен мекенін, түрлерін анықтауға көмектесетін, хайуанаттарды зерттеу ғылымына да қатысы бар деректер кездеседі, деген ой ортаға тартылады.

Жас журналистің алғашқы кітабын парақтай отырып, оның Шоқан өміріне қатысты көптеген жайларды оқығанын, ізденгенін, тіпті зерттегенін білдік. Сол себепті де біз оны тек қана журналист емес, ғылыми тұжырымдар жасауға қабілетті зерттеуші ретінде де бағалағанымыз жөн. Ал ол жазған кейбір дәлелді болжамдар мен пікірлер Шоқантану ғылымын дамытуға қосылған өзінше бір үлес десек те болғандай.

Аталған кітаптың оқырман назарын өзіне аударуының басты себебі – автордың арада жүз жиырма жылдай уақыт өткенде Шоқан ізін қайталай сапарға шығуы. Бұрын қазақ журналистикасының тәжірибесінде мұндай жағдайдың

болмағанын, мұндай тәсілдің қолданылмағанын ескерсек, оның жаңашылдығы мен ізденгіштігі анық аңғарылады. Қазақ халқының тарихында тұңғыш рет саяхатқа шығып, ол туралы алғаш жолжазба жазған Ш.Уәлиханов туралы қазақ журналистиксында тұңғыш рет өзіндік жаңашылдығы бар, ойлы да парасатты публицистикалық очерктер шоғырының дүниеге келуі сөз жоқ сүйсінерлік құбылыс.

Міне, өзінің тұңғыш еңбегімен-ақ ілтипатқа бөленген жас қаламгердің шығармашылық өсу жолының бір қыры осылай басталды да, одан әрі жемісті жұмысқа, кітаптан кітапқа жалғаса берді. Бұрын ұлы ғалым өміріне ден қойып, соны соқпақ салуға ұмтылған Жарылқап енді әлемді тамсандырған бейнелеу өнерінің күдіретті кереметтеріне бой ұрып, құлашын кеңге сермеді. Жұмыр жер бетіндегі адам атаулының бәрі мойындайтын өнердің алып өкілдері туралы ой өрбітіп, олардың рухы күшті заңғар туындыларын тамсана отырып әңгімелейтін «Буырқанған бояулар» («Өнер» баспасы, 1981 жыл) атты эсселер жинағын оқырманға ұсынды.

«Сена үстіндег сырбаз қаланың» – Париждің кешегі өткен тарихы мен бүгінгісін, күнгеі мен көлеңкесін, әлеуметтік, саяси хал-ахуалын, қазіргі таңдағы нақты қалпын өзіндік көзқараспен жаза келіп, әлемге әйгілі Лувр музейіне, ондағы өнердің інжу-маржандары саналатын туындыларға тоқталып, «Армысың, Мона Лиза! – деймін ішімнен. – Леонардоның аққулы әні, асыл туындысы. Міне, сенімен де жүзбе-жүз кездестім...», деп өрімі келіскен өрнекті қамшыдай оқырманын баурап алар сырлы жолдарды жалғастыра берді...

Бірде – «аспан астындағы ашық музей» аталған Париж келбетінесүйсіне көз тіксе, енді бірде Париж коммунарлары туралы толғана сыр ақтарып, әлеуметтік құрылысы ала бөтен елдің тіршілігіне ой жібере қарап, сұлу қаланың қойнауларына үңіліп, жіті де сергек көңілмен барлай жазады.

Бүкілдүниежүзілік бейнелеу өнері қазынасына құнды туындылар қалдырған Поль Сезанн, Ван Гог, Гоген, Пикассо, Корбюзье, Врубель, Кузнецов, Гуттузо сынды әйгілі өнер иелерінің туындыларына жеке-жеке тоқталып, олардың ең асыл мұраларын сөз етеді. Осы бір уақыттың әр кезінде, әртүрлі жағдайда жазылған, бұл күнде көркемөнер тарихының төрінен

занды түрде орын тепкен, шыншылдығы мен әсері жағынан жанды тіршіліктің нақ өзіндей сезілетін шоқтығы биік шығармаларды автор ойын шашыратпай, жүйелі түрде қарастырады.

Шоқан туралы жазылған публицистикалық очерктерінде зерттеушілік қабілетін танытқан Жарылқап өнер туындыларын талдап, бағалауда да сол қабілетін одан әрі шыңдай түскен. Бұл – оның осы кітапқат енген эсселерінде де көрінеді. Осы ерекшелік француздың атақты суретшісі Поль Сезанн жайлы сыр шерткенде, оның жүрекжарды жәуһар шығармаларын өзінше талдап, өзінше бағалағанда да анық аңғарылады. Әйгілі суретшінің «Шабдалы мен алмұрт», «Апельсин мен алмалары бар натюрморт», тағы басқа еңбектерінен «көрерменді еріксіз терең ойларға шомылдыратын, әлдеқандай бір мазасыздыққа, мұнар-мұнар тебіреністерге қозғау салатын жойқын қуаттың тепсінген серпіні байқалатынын» сипаттай келіп, мұны «табиғаттың терең сырлы құпияларының бүлк-бүлк соққан тамырын тап басып, тани білген қылқалам құдіреттілігінің, ой мен өре биіктілігінің көрінісі» деп түйеді. Осы натюрморттардың «бүкіл болмыс-бітімімен қимыл, қозғалысқа, тартылыс пен серпіліс күшіне, ширақ та шымыр ырғаққа толы әлемі» екенін – «Парижді дүрліктірген Сезанн алмасы» ұғымының түп қазығы да осыдан келіп шығатынын әсерлі әңгімелейді.

«Астық даласы», «Шоғыр ағаш», «Овердегі жаңбырдан кейінгі пейзаж» және басқа бірнеше шырайлы бітімді туындылар сомдаған Винсент Ван-Гог, атақты Гаити аралы серияларының авторы Поль Гоген туралы эсселерде заман ауырпалығынан зардап шеккен, әбден қажыған, бірақ өнерге деген құштарлықтан бір сәт те ажырамай, тылсым тіршіліктің тынысын бояу құдіретімен сөйлеткен, табиғаттың ең нәзік те нәрлі көріністерін тап басып көрсете алған көшелі суретшілер жайлы жеткілікті мағлұмат береді. Олардың әлемдік көркемөнердегі жаңашылдық дәстүрлерді дамытуға қосқан үлесі мен атқарар рөлі туралы өз пікірін топшылап, сол арқылы оқырманына зерделі ой тастайды.

Тек қана өзіне тән таңғажайып «Демон» серияларымен көкірегі ояу, көзі ашық жан баласына сиқырлы да суық сыр ұқтыратын талант иесі М. Вркбель шығармашылығын кеңірек жазған журналист уақыт табын, заман бедерлерін ескеріп,

суретшінің шоқтығы биік туындыларын байыпты талдайды. Әсіресе, М.Ю. Лермонтов пен Ш. Уәлихановтың М. Врубельмен «өзара сырлы да нұрлы көпірлер арқылы байланысып жатқандығы» жөніндегі топшылаулары мен пікірлері Шоқан бейнесін бұрынғыдан да ірілендіріп, тың деректерге жетелейді. Бұдан біз оның бұрын өзі жазып, зерттеген жайларға әр кез қайта оралып, үнемі ізденіс үстінде жүретінін байқадық.

Жарылқап не туралы жазса да өзінің мүмкіндігін шектемей беріле жазады және жазылатын дүниесі туралы жан-жақты оқып, біліп, зерттегеннен кейін ғана қолына қалам ұстайды. Бұл, әрине, «бір тәуір нәрсе жазсам» дейтін кез келген журналист үшін қажетті қасиет. Сондықтан да оның қаламынан шыққан, орыстың айтулы суретшілерінің бірі, қазақ даласының көріністерін шебер кескіндеуші, әйгілі «Дала сюиталарының» авторы Павел Кузнецовтың әрлі де нәрлі, бояуы қанық «Сағым», «Дала жаңбыры», «Үй тігу», «Қазақтың портреті», тағы басқа да қазақ өмірі туралы сыр толғайтын асыл туындылары жөніндегі эсселері бас-аяғы жинақы, шып-шымыр дүние болып сомдалған.

«Бейбітшіліктің ақ көгершіні» атты туындысы бейбітшілік нышанына айналып кеткен атақты қылқалам шебері Пабло Пикассо мен әлемдік сәулетші Ле Корбюзье, еркіндікке арналған қанық бояулы туындыларымен әйгілі суретші Р. Гуттузо туралы жазғандарынан да жоғарыда айтылғандай өзіндік қолтаңбаны көреміз.

Әлемдегі ең таңдаулы бейнелеу өнері туындылары мен олардың авторлары жайлы ой-пікірлерінің басын біріктіріп, осылайша «бір түйіп» тастаған жас журналист арада көп уақыт өтпей-ақ «Әдеп әлемі» («Жалын» баспасы. Пікір жазған М. Мағауин. 1982 жыл) атты үшінші кітабын шығарды.

Балалар мен жастарға арналған бұл кітапта біздің күнделікті өмірімізге, тұрмысымызға қатысты қарапайым да қастерлі қасиеттеріміз, үлкендер мен кішілердің, ерлер мен әйелдердің, балалардың арасындағы бір-біріне деген құрметі мен ілтипаты, қамқорлығы мен ізеттілігі, қоғамдық орта мен отбасындағы қарым-қатынасы жан-жақты сөз болады.

Автор әдеп қағидаларын сақтау жөнінде байсалды әңгіме айта отырып, оның жалпы қоғамымыздағы атқаратын рөлін, маңызын

өмірлік нақты материалдардан мысалдар келтіріп, жастарға ұғынықты тілмен жеткізеді.

Ана тілімізде бұған дейін дәл осы тақырыпқа жазылған арнайы кітаптың жоқ екенін ескерсек, Жарылқаптың халқымыздың әдет-ғұрпында, салтында бұрыннан бар ізгі қасиеттерді қазіргі заманға сай жетілдіріп, байытып көпшілік назарына ұсынуы – атап айтарлық еңбек.

Бүгінгі өскелең мәдениетіміздің өзекті бір саласына арнайы тоқталған автордың күн сайынғы тіршілігімізде кездесетін «елеусіз», бірақ маңызды жайға жауапкершілікпен қарай отырып, табанды жұмыс істегенін аңғарамыз. Әрине, бұған оның үнемі ел, жер аралап, көптеген адамдармен пікірлесіп жүретін журналистік мамандығының да әсер еткенін айта кеткен орынды. Мұны сезімталдықпен, қисынын келтіре әдемі әңгімелейтін көкейге қонымды ой-пікірлері мен мысалдары да дәлелдейді.

Сайып келгенде, бұл кітаптың жастарымыз бойында адамгершілік пен мәдениеттілік, қарапайымдылық пен ізеттілік, әдептілік қасиеттерін қалыптастыруда атқаратын тәрбиелік мәні зор.

Иә, өз шығармашылығында өзіндік бағдарын анықтап алған жас журналистің алғашқы қадамы жеміссіз де болған жоқ. «Шоқан ізімен» атты кітабы кезінде республика Журналистер одағының топ жарған туындыларға ғана берілетін жүлдесіне ие болды. Сондай-ақ оның жастарға эстетикалық және этикалық тәрбие беру тақырыбына арналған «Буырқанған бояулар», «Әдеп әлемі» кітаптары үшін 1982 жылы Журналистика саласы бойынша Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атануы – Жарылқаптың жаңа бір қырынан көрінуі десек, асыра айтқандық емес. Мұның бәрі көп жылдар бойы жеке шығармашылығына жауапкершілікпен қарап, іздену, оқу, үйрену үстіндегі жас қаламгердің терең бойлап, тер төгіп жүрген еңбегінің нәтижесі.


### **Бақтияр Ерімбетов**

*(«Жасыл белес». Ленин комсомолы сыйлығының лауреаттары. Очерктер жинағы. 254-262 б. Құрастырған А.Сейдімбеков. – Алматы: Жалын. 1984. – 264 б.)*

ЖАЛЫНДАП

ӨТКЕН

ЖАС ҒҰМЫР



Кітаптың ең соңғы беті жабылғалы бір қауым уақыт өтті. Алған әсерден арыла алмай көңіл құсы шартарапқа самғап, біртуар тұлға өмірінің қилы кезендерімен шарқ ұруда.

Кітап қазақтың ұлы ғалымы, асқан ойшылы, ағартушы-демократы Шоқан Уәлиханов өміріне арналған. Аты – «Жасын-тағдар жарқылы». Авторы – Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты, журналист Жарылқап Бейсенбаев. Шоқан өмірінің әр кезеңіне орай, кітапты автор «Обаған бойы», «Омбы», «Семей», «Ыстықкөл», «Қашқар», «Алматы», «Петербор», «Көкшетау», «Сырымбет», «Әулиеата», «Алтынемел» деген бағдарларға бөледі. Әр бағдарда Шоқан бейнесі балалық шағынан бастап бірте-бірте тұлғалана түседі. Шоқан жөнінде бұрын да аз жазылмаған. Ал Жарылқап бұл үлкен тақырыпқа соны қырымен келеді. Еңбектің құндылығының сыры да сонда жатыр деп білеміз. Оның Ш. Уәлиханов болған жерлермен індете қуалай отырып, ол аялдаған, тұрақтаған мекендерде болуы, жиһангездік сапарлар жолымен өтіп, ерінбей-жалықпай тірнектеп құнды мағлұмат-деректер жинастыруы, сөйтіп жүйелі кітап етіп шығаруы табанды еңбектің жемісі.

Кітаптың екінші бір ұтымды тұсы, деректі материалдардың молдығы, олардың нақтылығы. Қаламгер долбар-болжамнан гөрі көбіне тарихи жағдайларды, архивтік мәліметтерді сын көзбен, ғылыми тұрғыдан талдай отырып, орнықты байлам түйеді,



тұжырым жасайды. Шоқан өмірінің көз жеткізе ашыла қоймаған белгісіз тұстарын дәлелді айқындап баяндайды. Шоқанның жарық дүниеге келген кезінен, қайтыс болғанға дейінгі ғажайып ғұмыры көз алдыңнан, көңіл оралымынан біртіндеп өтіп жатады.

Бұрын Шоқанның туған жері Құсмұрын екендігі зердемізге берік енген-ді. Жарылқап бұл жөнінде нақты дерек іздестіріп, Шоқанның Аманқарағай дуанының алғашқы орталығы болған Қараобаға жақын жердегі Күнтимес орда-қыстауында дүниеге келгеніне көз жеткізеді...

Шоқан кадет корпусын бітірді. Бой түзеп, сырбаз жігіт боп өсті. Ой-өрісі кеңіп, шыңға самғар сұңқардай түлеп, буыны бекіп, бұғанасы қатқан зердесі жүйрік ғалымға айналды. Енді сан тарау қиыншылық пен қасіретке толы жан күйзелісі мен ар-намыс үшін күрес жолы басталады. Өз халқының болашағын ойлап, Данко сияқты жүрек отын лаулатып шарқ ұрған Шоқан тынымсыз және мазасыз ғұмыр кешті. Жетісу, Ыстықкөл, Құлжа жаққа саяхаттар жасады. Жас Шоқанның қыл көпірден өткендей қауіп-қатері мол сапары, жасырын атпен, құпия керуенмен Қашқарияға барып қайтуы. Кітапта осы кезеңнің әсерлі суреттелуі, оқиға желісі небір шытырман хикаяға бара-бар. Шоқанға төнген қатер жүрегінді шымшып, жан әлемінді мазасыздыққа бөлеп отырады. Кішігірім болса да бір де бір көрініс қағаберіс қалмай, төгіліп түскен де қойған. Шоқанмен бірге ілгері басқан сайын аждаһа ажал қауіпі төніп тұрғандай болады да қояды. Ал оған тапсырылған міндет айрықша жауапты, ғылыми тұрғыдан маңызы зор еді.

Шоқанның Петербордан кейінгі өмір кезеңі де әсерлі жазылған. Ғалымның сәтсіздікке душар болған сәттерінде бірге күйінесіз, ілгерішіл ісіне бек сүйсінесіз. Әділетсіздік салдарынан Шоқанның аға сұлтандыққа сайланбай қалғаны, Черняев отрядында болған тұста жазықсыз елдің жөн-жосықсыз қырғынға ұшырамауына күш салуы нәтижесіз шығуы туралы табанды зерттеушінің тірнектеп жинаған материалы шығарманың көркемдік, мазмұндық қуатын арттыра түскен. Автор Шоқанның нақты қанша өмір сүргенін де дәл анықтауға тырысқан. Ұлы тұлғаның жарық дүниедегі ғұмыры – 29 жыл, 7 ай екен. Сол мейлінше аз өмірдің өзінде қаншама қыруар іс тындырып үлгерген десеңізші...


«Адам өмірінің биік шыңы – жастық», деген екен әйгілі Гете ақын. Ш.Уәлихановтың сол шыңы туған халқының төл мүддесіне бағышталғаны анық. Өзі өлгенмен, «мәңгі өшпес шамшырақ есімі» қалды, ғажайып мол мұрасы ел игілігіне айналды. Кітап мұқияттап оқыған әр жасты «Ел үшін мен не тындырдым» деген ойға иландырады деп ойлаймыз.

**Тоқтар Бейісқұлов**

*(«Білім және еңбек» журналы. 1988 жыл.  
№7)*



# АРҒЫ ТҮРК АҚИҚАТЫН ТҮГЕНДЕГЕН



...Сиясы кеппеген алғашқы парақтарын кезінде өзіміздің «Егемен Қазақстан» беттерінен ынтыға оқығанбыз. Ғылыми деректерге жүтінген тосын да тың дүние қатты қызықтырған. Молекулярлық генетика ғылымының соңғы жылдардағы елең еткізерлік жетістіктерінің қатарына жыл санауға дейінгі 45-10 мың жылдар аралығында, сол кезде беті құрғақ Беринг бұғазы арқылы Азиядан Америка құрлығына дүркін-дүркін өткен адамдардың түпкі түркілер екендігінің дәлелденуі жатады. Генетиктер тірі клетка ядросында бар дезоксирибонуклейн қышқылы (ДНК) молекуласындағы тұқым-тектік ақпаратты мұқият зерттеген кезде, ол түзілімдердің бүгіндері қос Америка құрлығын мекендейтін үндістер мен Азияның байырғы түрк жұрттарында айна-қатесіз бірдей ұшырасатынын анықтады.

Үндіс пен түрк тілдерінде бір-біріне ұқсас сөздердің кездесетіні бұрыннан белгілі ақиқатқа саятын. Бірақ ол жайт еуроцентршіл ғылым тарапынан көбіне-көп мойындала қоймайтын. Жай әшейін кездейсоқтыққа баланатын. Енді, осы көне қауымдардың этникалық, генетикалық түп-тегінің де жақын болып шыққаны — түрк тілдерінің тарихын осыған дейін 2-3 мың жылдан бермен қарай ғана шорт қайырып, тұйықтап жүрген сол үстем көзқарастың қате екенін көрсетіп отыр. Шындығына келсек, түрк этносы мен тілінің ілкі бастауы тым әріге – бұдан 50-60 мың жылдар бұрынғы замандарға қарай тереңдейді екен.

Демек, осы орайда ғылыми ортада талайдан таптаурын болып қалған пікірлер мен сірескен тұжырымдарды да қайта қарау қажеттігі туындайтыны өз-өзінен түсінікті.

Белгілі журналист-зерттеуші, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жарылқап Бейсенбайұлы өзінің “Арғы түркілер ақиқатының ізімен” атты жақында жарық көрген кітабында да осы айтулы генетикалық жаңалықты негізге ала отырып, түркі жұрттарының түпкі тарихына қатысты жаңаша барлау жасауды мақсат тұтыпты.

Әуел бастан қолтаңбасы дара, ізденісі мен талғамы өзгелерден оқшауланып тұратын қаламгердің әр жазғаны есте. Қазақ журналистикасындағы танымдық-деректі жанрдың ізашарындай бағаланған “Шоқан ізімен”, “Буырқанған бояулар”, кітаптарының қалай дүниеге келгені күні кешегідей көз алдымда. “Жас Алаштың” қабырғасында туған алғашқысында ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың ізімен тұңғыш рет жүріп өткен жанкешті журналистің жазбалары енгізілсе, екіншісінде өнер тылсымына саяхат жасаған эстетикалық эсселері топтастырылды. Құлаған тақырыбына бар ынта-ықыласымен ден қоятын оның бұл туындыларында соны әрі құнды деректер молынан ұшырасады. Енді міне, эстет-журналист тарих қатпарларының тым тереңіне үңілген тәжірибелі археологтай тер төгіпті. Бұл сәтті қадамға жан-жақты талдау жасаған жөн.

Автор өз туындысында бұрын-соңды шыққан мол ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерді кеңінен пайдалану арқылы, шығыс ностра, ілкі алтай, түпкі түркі тілді жұрттардың бұдан 50-60 мың жылдай уақыт бұрын басталған этногенездік тарихын ұңғи қаузады. Ілкі алтайлықтардың Орта Шығыс аймағынан Шығыс Азияға дейін созылған шиырлы іздерін дәйектеуге ұмтылады. Кавказдың оңтүстігі, Орталық Азия мен Қазақ жерінің де түпкі, арғы түркілердің бір атамекені болғандығын ежелгі жұрттардан жеткен археологиялық айғақтар, тілдік, мәдениеттік үрдістерге қатысты мысалдармен пысықтайды.

Генетиктердің соңғы жылдары ДНҚ тектік түзілімдерінің ізін қуалау арқылы, алғашқы есті адамдардың — homo sapienстердің 150 мың жылдай уақыт бұрын Африка құрлығында пайда болғанын да түпкілікті дәлелдеуі көп нәрсенің түйінін тарқатқан жаңалық ретінде танылған еді, дейді автор. Соған орай

лингвистер де адамзат тілінің ілкі нышандары әуелде сол ыстық құрлықтағы ортақ атамекенде бүршік жарды, содан кейін жан-жаққа таралды деген тұжырымды басым-басым айта бастады. Ал бұл бағыт ғылымда біраздан белгілі ностра тілдері болжамының қағидаларына да қайшы емес. Ностра теориясы бойынша, барлық тілдің арғы түбі кіндіктес, олар кейіннен, алғашқы адамдардың әлемге таралуы барысында ғана бір-бірінен бөлектену үдерісіне ауысқан.

Зерттеуші қаламгер түп ностра тілдерінің бұдан 70 мың жылдай уақыт бұрын Таяу Шығыс аймағында ұйысқанын, олардың әлденеше мыңжылдықтардан кейін батыс және шығыс ностра тілдеріне ыдырағанын ғылыми дәйектерге сүйене отырып сөз етеді. Яғни, сол құйкалы өңірден шығысқа қарай бет алған ілкі шығыс ностра тілдерінде түсінісетін адам жұрағаттары арасында, бүгіндері алтай тобы деп аталатын тармаққа енетін тілдердің бастапқы нышандарын өздерімен бірге ала жүрген қауымдар да болған еді. Олардың алғы лектері мұз дәуірінің ара-тұра орнап тұратын жылымық кезеңдерінде мамонт пен бизондардың, қойбұқалардың соңынан ілесе, Беринг бұғазы арқылы Америкаға өтіп тұрған.

Кейінге дейін Алтай тобына жататын тілдер тек Алтай-Саян аймағында дүниеге келді, тап сол өңірде ғана өркен жайды деп танылып келгені белгілі. Алайда әлем ғылымында соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде алтай тілдерінің де даму бағыты ностра теориясына сәйкес Орта Шығыстан басталғаны салмақты уәж ретінде аталып жүр.

Ж.Бейсенбайұлының соны ғылыми-зерттеулер нәтижелеріне сүйене жүгініп, осы өңірлерден шығысқа қарай жатқан аймақтарда алтайлық қауымдарға тән археологиялық ишаралардың кездесетінін алға тартуы – ғылыми ортаға ой салатын жаңа көзқарасқа саяды. Археологиялық мәдениеттер аясы мен шығыс ностра тілдерінде ұғынысқан қауымдардың таралу бағыттарын салғастыра қарау үстінде, автордың олардың этникалық төркіндерінің бір-бірінен аса қашық емес екендігін пайымдағаны қызғылықты әрі иланымды. Яки Орталық және Ішкі Азияда, Оңтүстік Сібір аймақтарында орта тас дәуіріне енетін ж. с. д. 60-50 мың жылдардан бастап қоныс тепкен ежелгі тұрғындарды жай әшейін, алғашқы адамдар деп қана емес, алтай-

орал, түпкі түрік тілдерінің салмағы басымдау байқалатын жұрттар ретінде санағанымыз мақұл болмақ, дейді ол.

Өйткені осы өңірлердегі палеолит, мезолит замандарына тән археологиялық нышандардың кей түзілімдері, бірқатар наным-сенімдер кешені, одан кейінгі жаңа тас, мыс, қола дәуірлерінде де жүйелі сабақтастықпен жалғасып жатады. Бұл жымдас іліктестікті әлемнің әйгілі ғалымдары бұрыннан да аңғарған. Бірақ кешегі кеңестік кезеңде түрк жұрттарының тарихын ежелгі замандарға қарай тереңдетуге пейіл берілмегендіктен, ол жәдігерліктердің бәрі этникалық тегі белгісіз қауымдардың артефактілері деген түсінік аясына жұтылған болатын. Молекулярлық генетиканың жаңашыл жетістіктері және идеологиялық тосқауылдардың алынып тасталуы арқасында ғана олардың түп-тегін түгендеуге жаңа мүмкіндіктер ашылып жатыр.

Осы ретте қаламгердің көптеген ғылыми дәйектерді пайдалана отырып, Кавказ бен Каспийдің оңтүстігінен шығысқа қарай Кіндік Азия аумағын қамтып жатқан өңірлерді, бұдан 16 мың жылдай бұрынғы шамадан бері алтай-оралдық жұрттарға тиесілі алғашқы атамекен ретінде тануының да мәні зор. Яки, содан кейінгі мыңжылдықтардан бастап, Каспийдің шығысынан Тынық мұхитқа дейін созылып жатқан алып аумақта, алтайлық жұрттардың түрк-моңғол, тұңғыс-мәнжүр, корей-жапон қауымдарына саралану үдерістері жалғасты.

Арғы алтай, түпкі түрк жұрағаттарының алғашқы атамекеніне қатысты осы тұжырым ж. с. д. III мыңжылдықта өркендеген Шумер мәдениетінің тілі мен түрк тілдері арасындағы ұқсастықтардың төркінін тануға да көмектеседі. Ол сол замандарда іргелес жатқан шумер мен түрк тілдерінің бір-біріне эсер-ықпалы тигенінен де хабар берсе керек. Шумер дастандарында Месопотамияның теріскей жағында жатқан Аратта, Туркиш секілді жұрттармен қарым-қатынас жасағаны айтылады екен. Ассирия, Урарту замандары жазбаларынан да осы аймақтарға қатысты топонимдерді кездестіруге болады. Өзербайжан ғалымдары сол замандардағы хатқа түскен жер атауларынан түрк тілдеріне тән мағыналарды көптеп тауыпты.

Нысаналы тақырыбын қашанғы машығынша жіліктеп шағып көрсететін жазушы Жарылқап, ғалым Жарылқап арғы түрктердің алғашқы атамекені туралы әңгіме қозғайды. Тұран ойпатында

соңғы мұз дәуірі кезінде суықтан қорғаланып, бұйығылана күн кешкен қауымдар арасында алтайлықтардың да болғанына шетел ғалымдарының кейінгі зерттеулерінде көңіл аударыла бастағанына назар аударады. Мәселен, ағылшынның археология профессоры К.Ренфрю Қарақұм жазираларының ж. с. д. XII мыңжылдықта алтайлықтар мекендеген төл аймақ болғанын жазыпты. Ж. Бейсенбайұлы дәл сол қауымдар кейіннен осы өңірде ірге көтерген мезолиттік Балқантау микролиттік мәдениетін жасауға белсене араласқанына қисын табады. Каспийдің әлденеше топансу тасуы мен қайтуы өткен замандарда ол тұрандық жұрттар арылы-берілі сапырылыстарды мейлінше бастан кешіпті. Әр тараптарға беттеген сол лықсулар мен ығысулар нәтижесінде ілкі түрктік тіл түзілімдері мен археологиялық ишараларға тән ұшқындардың бір бөлігі Месопотамияға жетсе, екінші бір бөліктері Памир, Алтай асыпты, бүгінгі қазақ даласына табан тірепті, теріскей бетте Еділ мен Жайық атырабына ауысыпты.

Кітап иесі сол алтайлық, арғы түрк қауымдарының ж. с. д. V-III мыңжылдықтарда Енесай мен Днепр өзендері аралығындағы еуразиялық аймақта өркен жайған Көнешұңқыр мен Ботай мәдениеттерін жасаушылар болғандығын алға тартады. Ол археологиялық үрдістердің арғы түрктік нышандарын тапжылтпас дәйектермен пысықтай зерделей келе, олардан жұғысты болған мәдени машықтардың кейіннен осы жалпақ дала төсінде уық тіккен Андрон, Беғазы-Дәндібай, Арқайым мәдениеттеріне ұласқанын, кіндігі бір сабақтас желіде дамығанына назар аударады. Соңғы жылдарда дүниеге келіп жатқан жаңаша рухты ғылыми-зерттеулерді зерделеу арқылы, ол мәдениеттерді, оларға жалғасқан сақ-скиф дәуірімен қоса, тек үндірандық деп атау қате екендігіне ұтымды дәлелдер келтіреді.

Тарих тұңғығына жіті көз салған қаламгердің соңғы жылдары Арқайым аясына тән ескерткіштердің ж. с. д. III мыңжылдықтың басында салынғандығы дәйектеле бастағанын қаперге ала отырып, олардың қазақ даласына Карпат жақтан үндіран қауымдары келгенге дейін де ірге көтере бастаған металлургиялық ошақтар, бекіністер болғандығын тұжырымдауы да иланымды шыққан. Және ол ойы кітапта нақты-нақты

археологиялық, этнотектік, салыстырмалы мифологиялық зерттеулер нәтижесіне арқа сүйей тарқатылады.

Зерттеуде арғы түркілердің еуропеоид тұрпатты болғаны, сондықтан да оларға тиесілі археологиялық белгілердің бәрі еуроцентршіл ғылым өкілдері тарапынан үндіеуропалық жұрттарға телініп келгені де сөз болады. Автордың осы орайда Орталық Азияда тас дәуірлерінен бастап еуропеоид тұрпатты автохтон жұрттардың өмір сүріп келе жатқанын ғылыми айғақтар арқылы пысықтауы да тиянақтылығымен көзге түседі.

Жалпы алғанда, “Арғы түркілер ақиқатының ізімен” атты бұл зерттеудің елеулі жетістігі – онда түрк жұрттарының ежелгі тарихы мен тіліне қатысты бірталай жаңа байыптаулар ұсынылады. Және олардың бәрі нақты ғылыми дәйектер арқылы сарапталып екшеледі. 300-ден астам құнды дереккөз әдебиеттер пайдаланылып, шынайы ғылыми еңбекке сай үрдісте, публицистикалық лепте орындалған зерттеу оқырманды күмән-күдікке итермелемей, ынтықтыра тартып отырады. Тілі де кестелі, шұрайлы. Әдеттегі ғылыми дүниелердегі қасаңдықтан ада.

Тұшымды еңбектің екінші бөлімі арғы түркілерге қатысты іргелі әңгіменің заңды жалғасы іспетті. Онда журналистің сол баба жұрттар сүрлеуімен, Алаш арыстары ізімен шет елдерге барған жолсапар жазбалары, жүздесулері жинақталған. Олардан да Жарылқаптың өз қолтаңбасына тән үйірімді, тартымды мәнер айқын танылады. Қай-қайсысы да жан жадыратар, мерей марқайтар кесекті туындылар.

Кітап Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша Алматыдағы “Қайнар” баспасынан шыққан. Таралымы – 2 мың дана.

**Жанат Елшібек**

*(«Егемен Қазақстан». 2007 жыл, 7 ақпан.)*



## АРҒЫ АЛТАЙ, ТҮПКІ ТҮРК, ҮНДІСТЕР немесе шығыс ностра ақиқаты хақында

Жер – Ана жаралғалы, онда адамдар, рулар, тайпалық одақтар, халықтар, тіпті мемлекеттер пайда болып, олардың арасында қаншама астаң-кестең қақтығыстар, қантөгіс соғыстар орын алғанын, бұл сорақылықтың әлі де жалғасып жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Ал біз тек тоналған тастар мен тауларға, топырақ астынан аршып алынған қыш құмыралар мен металл бұйымдарға, ағаш пен қағаз беттеріне түсіп, қатталып қалған деректер мен дәйектерге ғана қарап өткеннің шындығын танимыз. Расында сол танитынымыздың өзі шала-пұла. Сондықтан өткеніміз туралы білетінімізден білмейтініміз көп. Мысалы, арғы түрк (*Біз кітабын қарастырып отырған автор «түрк» сөзін – «түркі» деп жүрген атаудың орнына қолдануды ұсынады. Осы мақаламызда біз де солай алғанды жөн көрдік – Б. Ш.*) тарихына байланысты дерек көздері әбден жеткілікті болса да, аталған сала әлі күнге кешенді түрде зерттелмей, ғылыми айналымға түспей, қорытылмай, ең бастысы қолдау таппай жатыр.

Неге? Себеп көп. Ең басты себептерінің бірі – ойдан шығарылған еуропацентристік идея деген астам пиғылдың күш алуы. Бұл идея бойынша, бар өркениет кіндігі – күллі мәдениет ошағы Еуропа құрлығынан ғана бастау алады деген көзқарасты қалыптастырды. Мәселен, еуропацентристік «гипнозға» сенсек алтайлық қауымдардың әуелгі пайда болу ареалы мен түпкі түрк тілінің бастапқы қалыптасқан кеңістігін Алтайдың батыс жағына қарай өткізбейді. Өйткені «Алтайдан батысқа қарай негізінен «үндіеуропалық» кескінді, «үндіеуропалық» тілдерде сөйлейтін жұрттар мекендеді-міс» (*Языки мира. Тюркские языки. М., 1966; С. Г. Кляшторный, Т. И. Сұлтанов, Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье СПб., 2004*). Ресми тарихтың бәрінде осылай қатталған. Осындай жалған «мифтердің» күштеп те, әртүрлі жымысқы айла-тәсілдер арқылы мысқалдап та санаға сіңірілгені соншалық, «түрк дүниесінің өткені жоқ, оның бар тарихы Алтай төңірегінде мекендеген замандарынан ғана басталады» деген пікірге күдік білдірген оқыс

тұжырымдар айтыла қалса, дереу қарсы шабуылға шығып, жеткен жерде «желкесін үзіп» отырды. Сөйтіп, кезінде аузын айға білеген айбынды қағанаттар, ұлыстар құрған өзіміздің байырғы байтақ тарихымызға тереңдеп бойлай алмайтын дәрежеге жеттік. Түпкі тарихымызды тиянақты тануға мүмкіндік бермеуді арнайы қадағалаған бұл үстем, қитұрқы саясат басқа түрк тектес халықтармен бірге қазақ ғылымын да шамасы келгенше тұншықтырып, титықтатып бақты. Осы қағида тұрғысында жазылған жалған «мифтік» тарихтың салқыны бүгінге дейін қатты білінеді. Әсіресе, кешегі кеңес дәуірі кезінде бұл тәсілдің ерекше молынан қолданылған әдістері әлі ұмытыла қойған жоқ. Сондықтан сонау XIX ғасырда қалыптасқан «үндіеуропалық» делінетін тілдік теорияның қойнауынан өсіп шыққан, өткен XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап жаппай ғылыми айналымда қолданыла бастаған «аришылдық» мектебінің тарихынан сабақ алған, сөз жүзінде халықтар достығы – интернационалдық болмысты, іс жүзінде ұлыорыстық шовинизмнің астыртын бағытын ұстанған «қызыл коммунистер» билігі өз үстемдігі мен мақсат-мүддесіне кедергі келтіріп, қарсы тұра алатын «түрк факторының» потенциалын жан-тәнімен, тұла бойымен сезіне білді. Қалай десек те орыс (славян деп түсіне беріңіз) тарихы мен тілін, мәдениеті мен өнерін «аға ұлт» ретінде бастапқы басқару ролін қаузағанда, орыс-славян танымына, талғамына, болмысына, бітіміне, тарихына, керек болса қанына «тастай батып, судай сіңген» «түрк факторын» аттап өту мүмкін емес еді. Соны сезінгендіктен де орыс жылнамасы мен тарихындағы «түрк ықпалының ролін» айтпау, көзге бадырайып көрініп тұрса да қасақана елемеу, көрсеткен жағдайда төмендетіп көрсету – кеңестік жүйе ғылымның ең басты міндеттерінің бірі болды. Бұл саясат алға қойған міндетін артығымен орындап шыққаны даусыз жайт.

Осындай тарихтың бұрынғы бір кезеңінде «түрк тектес көшпелілер жоғары мәдениетке ие болғандығы» сияқты шындыққа негізделген тарихи, тілдік, фольклордық, археологиялық, керек болса, этногенездік материалдармен ұштастырылған зерттеулерге еркіндік берілген жағдайда, «шын тарихи ақиқаттың қаймағы қалқып бетіне шығуға» қабілетті еді. Ал мұндай ақиқат «қызыл» империяның тұтастығына, орыс

державасының «еуразиялық» тарихи миссиясына қауіп туғызатыны өзінен өзі түсінікті болса керек. Сол себептен арғы түрк тарихы мен болмысына қатысты ғылымның қандай түрі болмасын барынша шектеу қойылып, алдын ала белгіленіп қойылған жалған қағидалардың ауқымынан асырмауға көп күш-жігер жұмсалды. Нәтижесінде біздің Тәңіртекті ата-бабаларымыз туралы жалған, бұрмаланған стереотиптер қалыптасып, олардан әліге дейін арыла алмай келеміз.

Міне, осынау бұрмаланған тарихымыздың арғы тереңіне бойлап, бұрын ізіне түсіп індете дәлелдемек түгілі, айтуға да қауіпті түпкі түрктік кезеңдер ақиқатына жаңаша көз жүгірте алған, сол арқылы ешкімнің ойына да келмеген тың пайымдаулар мен тұжырымдарды дүниеге әкелуін – *«Арғы түркілер ақиқатының ізімен»* деген атаумен «Қайнар» баспасынан 2006 жылы жарық көрген белгілі қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы кітабының ең негізгі жетістігі ретінде бағалауға болады.

Расында, «біз кімбіз, қайдан шықтық, қандай болдық, қайдан келдік, енді қайда барамыз» деген сауалдар қойып, бір сәт ойланып көрейікші? Ресми деректердің қайсы біріне қарап, бас қатырсаңыз да түрк болмысын Алтай дәуірінен әрі асыра алмайсыз. Олқылықтың, парықсыздықтың ең кемшіндігі де осы тұс. Осы олқылықтар кітапта тарихи, археологиялық, лингвистикалық, этнографиялық тұрғыдан барынша терең қаузалып, байыпталады. Сөйтіп, осы уақытқа дейін қалыптасып қалған дәстүрлі (әсіресе арилік-еуропацентристік) түсініктердің түп-төркінін жүйелі түрде талдап, кейбір даулы мәселелерді ғылыми негізде жоққа шығарады. Оның орнына өз пайымдауларын ұсынады. Мәселен молекулярлық генетика ғылымының соңғы жетістіктері тиянақтап отырған тұжырымдарға сүйенген автор, адамзат өркениетінің алғашқы орта палеолит дәуірі (ж. с. д. 100000-40 000 ж.), ауқымында басталған этнотектік лықсулардың шиырлы іздеріне түсе отырып, кәрі тарихтың ұзына көшінде – соңғы палеолит (ж. с. д. 40000-11000 ж), мезолит (орта тас – ж. с. д. 11000-6000 ж), неолит (жаңа тас – ж. с. д. 8000-4000 ж.), энеолит (мыстас – ж. с. д. 4000-3000 ж.), қола (ж. с. д. 4000 ж. соңы – 1000 ж. басы) дәуірлерінде Орталық және Ішкі Азия аумағы мен оған жапсарлас жатқан өңірлерде өткен тіршілік жөңкілістеріне қатысты көптеген

археологиялық зерттеулерге шұқшияды. Алдыңғы легі қырық бес мың жылдай бұрын Америка аса бастаған түпкі түркілердің ностра тілдері аясындағы даму кезеңдері, арғы алтай-оралдық, түпкі түркілік сипаттары сілемдерінің ізіне үніледі. Осы қайта пайымдаулар барысында соңғы жылдары бірқатар шетелдік, орыс ғалымдарының зерттеулерінде Орта Шығыс пен Ішкі Азияның ежелгі палеолиттік, мезолиттік мәдени ошақтарының арасында арғы алтайлық, прототүркілік этникалық түзілімдерге тән жұрттардың да өмір сүргені туралы ақиқаттардың там-тұмдап болса да тарқатыла бастағанына назар аударып, шығыс ностра тілдерінде ұғынысқан этникалық қауымдардың қай жағынан алғанда да бір-бірінен аса алшақ еместігі туралы маңызды пікір айтады. Яки, Орталық және Ішкі Азияда, Оңтүстік Сібірде әр түрлі дәуірлерде қоныс тепкен ежелгі жұрттарды жай әншейін алғашқы қауымдық адамдар деп емес, алтай-оралдық тіл салмағы басым, былайша айтқанда, түпкі түркілер деп тану керек деген тұжырымды алға тартады. Осы тұрғыдан келгенде, аталған өңірлердегі археологиялық, мәдени деректердің этногеографиялық және тілдік таралу аумағын салыстыра келіп, атап айтқанда, мезолиттік Балқантау, Ферғана, Қаратау, неолиттік Намазғы, Келтеминар, Атбасар, энеолиттік Көнешұңқыр, Ботай, қола дәуіріндегі Сынтасты-Арқайым, Андрон, Беғазы-Дәндібай мәдени ошақтары арасындағы байланыс пен сабақтастықтың қай дәуір кезеңінде де үзілмегеніне әлдебір кездейсоқтық деп қарамауды ұсынады.

Кітаптың көтерген тағы бір үлкен тақырыбы – соңғы кездері халықтардың түп-тегін анықтауда молекулярлық генетика ғылымы жетістіктерінің кеңінен қолданысқа енуіне байланысты біраз ақиқатты аша білуі. Сондай ақиқаттың біріне жыл санауға дейінгі 45-10 мың жылдар аралығында Беринг бұғазы арқылы Азиядан Америка құрлығына дүркін-дүркін өткен адамдардың арғы тегінің түпкі түркілер болғандығының дәлелденуі жатады. Бұл не деген сөз? Бұл – түркі тілдерінің тарихын осыған дейін 2-3 мың жылдан шорт қайырып, тұйықтап жүрген еуропацентристік үстем көзқарасқа тиісінше соққы беретін, олар ойлап тапқан жалған «мифтік» түсініктердің мүлдем қате екенін көрсететін жаңалық. Расына келсек, түркі этносы мен тілінің ілкі бастауы тым әріге – бұдан 50-60 мың жылдар бұрынғы ежелгі замандарға

қарай тереңдейді екен. Бұдан шығатын қорытынды, бүгінгі күнге дейінгі ғылыми ортада әбден таптауырын болып сіресіп қалған біржақты пікірлер мен тұжырымдарды қайта бір қарау, екшеу, сүзгіден өткізу, біреулердің көңіліне келсе де тарихи шындықты қалпына келтіру қажеттігі өзінен-өзі туындайтыны түсінікті...

Мынаған қараңыз: Америка аборигендері саналатын үндістер мен түрк тілдері бір-біріне жақын, ұқсас сөздердің көп екені туралы болжамдар (О. Рериг, Б. Ферейро, Ж. Дюмезил, С. Викавдер, Ю. Кнорозов, А. Каримуллин, М. Әріпжанов, Ә. Ахметов, т. б.) талайдан бері қозғалып жүргенімен, ол жай кездейсоқтыққа баланып, бірауыздан мойындала қоймайтын. Генетик-ғалымдар тірі клетка ядросында бар дезоксирибонуклейн қышқылы (ДНК) молекуласындағы тұқым-тектік ақпаратты мұқият зерттеу арқылы осы түйткілдің түйінін шешіп берді. Нәтижесінде үндіс пен түрк қауымдарының этникалық та, генетикалық та түп-тегі жақын болып шықты. Америкалық ғалымдар біраздан қозғап жүрген бұл тақырыпқа кейінгі жылдары Ресей Ғылым академиясының генетиктері де белсене кіріскені белгілі. Мысалы, Н. И. Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының зертхана меңгерушісі, РФА корреспондент мүшесі И. А. Захаров, шәкірттері М. А. Деренко, Б. А. Мальярчуктің еңбектерінде үндіс пен арғы алтай, түпкі түрк қауымдарының әуелгі тектестігі генетикалық тұрғыдан дәлелденді.

Ж. Бейсенбайұлы өз еңбегінде осы ғалымдардың зерттеу қорытындыларындағы ақиқатты негізгі бағыт ретіне ала отырып, бұрын-соңды шыққан мол ғылыми әдебиеттер мен кейінгі зерттеулерді кеңінен пайдалану арқылы шығыс ностра, ілкі алтай, түпкі түрк тілді жұрттардың бұдан 50-60 мың жылдай бұрын басталған этногенездік тарихын терең қаузады. Арғы алтайлықтардың Жерорта теңізінен Шығыс Азияға дейін созылған шиырлы іздерін дәлелдеуге ұмтылады. Кавказдың оңтүстігі, Орталық Азия мен Қазақ жерінің де, Алтай – Саян аралығы мен Қиыр Шығыс ареалы да түпкі түрктердің ежелгі атамекені болғандығын археологиялық мұралар, тілдік, мәдениеттік үрдістерге қатысты мысалдармен пысықтайды. Ол-ол ма, бүгіндері Орталық және Оңтүстік Американы жайлайтын *майя, астека, кечуа* халықтарының сөздік қорларында түрк тіліне

жақын мысалдардың көптеп кездесуі, олардың тектік түп-төркінінің тарихы азиялық атамекендерде жатқанын ғылыми негізде, түрлі дәлелдер келтіріп дәйектейді.

Тап осы жерде түпкі түркердің ең ілкі атамекені қай маң деген сұрақтың өзінен өзі туындайтыны заңды.

Автордың пікірінше, генетиктердің ДНК тектік түзілімдерін зерттеулері алғашқы есті адамдардың – *homo сапиенстердің* кіндігі осыдан 150 000 жылдай бұрын шамада Африка құрлығында кесілгенін дәлелдеуі, көп нәрсенің түйінін шешіп берді деуге болады. Осы дәлелге иек артқан ғалымдар есті адам тектері мен адамзат тілінің өмірге келу нышандары да әу баста осы ыстық құрлықтағы ортақ атамекенде өрбіп, содан кейін жан-жаққа тарады деген тоқтамға келіп отыр. Бұл бағыт ғылыми негізі тиянақталған ностра тілдері теориясының қағидаларына да қайшы емес. Ностра болжамы бойынша (*бұл болжам ұғымын 1903 жылы дания ғалымы Хольгер Педерсон енгізген – Б.Ш.*), барлық тілдердің арғы түбі ортақ – олар кейіннен, анығырағы алғашқы қауымдардың лектері Африкадан Азияға қарай лықсып, әуелі Орта Шығыс аймағына орныққан делінетін. Сол өңірлерде ғұмыр кешкен мыңжылдықтар барысында олар ұғынысқан алғашқы тілдер біртін-біртін әлемге таралу жағдайында саралану үрдістерін басынан кешіріп, шамамен осыдан 16000 жылдай бұрын ілкі ностра тілі *батыс ностра* (афразия, картвел, үндісеуропалық) және *шығыс ностра* (элам-дравид, алтай-орал) деп аталатын топтарға (*Н. В. Клягин. «Происхождения цивилизации» М., 1996; В. А. Дыбо. «Ностратические языки». ЛЭС., М., 1990*) бөлінді. Демек, адамзаттың ең ежелгі бір атамекені саналатын Орта Шығыстан Қиыр Шығысқа қарай бет алған шығыс ностра тілдерінде ұғынысқан қауымдар арасында бүгіндері арғы алтай-орал тобы тармағына енетін тілдердің бастапқы сілемдерін өздерімен бірге ала жүрген адамдар да болған еді. Олардың әуелгі лектері әлденеше мыңжылдықтардан кейін Азияның қиыр шығысы мен теріскейіне жетіп, орта палеолитте, одан соңғы замандарда да әртүрлі климаттық ендіктерде өмір сүре жүріп, бизон, зіл, бұғы, қодас, қойбұқа сияқты түз тағыларының соңынан ілесе Беринг «көпірі» арқылы Америка құрлығына өтіп тұрған дейді. Автор соңғы ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, осы өңірлерден

шығысқа қарай жатқан алтайлық қауымдарға ғана тән өркениет ошақтарының қалыптасу ареалын салыстыра зерделейді. Одан қалса, сөздер мен тілдердің трансформациялану қағидатын қарастыра келіп, белгілі бір мифтік ұғымның генезисін, этно-географиялық және тілдік аумағын, тағы да басқа толып жатқан құрамдас жайттарды анықтау барысында, өзінің дәйекті дәлелдерін алға тартады. Мұның өзі ғылыми ортаға ой салатын жаңа көзқарас екенін айта кету орынды. Тағы бір назар аударатын нәрсе, кейінге дейін Алтай тобына жататын тілдер тек Алтайдың шығыс аймағында дүниеге келген, тап осы өңірден ғана өркен жайған деп танылып келген саяси-идеологиялық астары белгілі болжамның келмеске кетіп, алтай тілдерінің де даму бағыты ностра теориясына сәйкес Таяу Шығыстан басталғаны жөніндегі салмақты уәжі кім-кімді де бейжай қалдырмас деп ойлаймыз. Өйткені, автордың пайымдауынша, олардың жүріп өткен іздерінен қалған археологиялық артефактілерден шығыс ностралық, түпкі түрктік жұрттарға тән ортақ дәстүрлер мен үрдістердің көмескі сілемі там-тұмдап болса да аңғарылып жататынын енді ешкім жоққа шығара алмайды.

Кейінгі ғылым жетістіктеріне сүйенген Кембридж университетінің археологы К. Ренфрю, орыс ғалымдары Н. Клягин мен П. Пучков өз зерттеулерінде арғы атайлық қауымдардың әуелгі атамекендерін нақты көрсете келіп, Оңтүстік Батыс Азиядан шығысқа қарай лықсыған ностра тілді жұрттар арасындағы түпкі түркілердің артқы қапталы бұдан 14-13 мың жыл бұрынғы шамада Иранның теріскейі мен Орта Азияны мекендеген еді, деп қорытынды жасағаны мәлім. Олардың пікірінше, сол алтай-оралдық жұрттардың тілдері кейіннен алтай және орал-юкагир топтары болып екіге бөлінеді. Одан әрі орал-юкагир тілдерінде сөйлейтін қауымдар бір кезеңде Орал тауларына бет алып фин-угор, самоди тармақтарына жіктеледі. Ал арғы алтайлықтар бұрынғысынша Кавказ бен Каспий теңізінің оңтүстігінен шығысқа қарай Орталық Азияны қамтып, қиырдағы Тынық мұхитқа дейінгі өңірде тұтаса жайлап қалады. Сөйтіп, осы алып аумақта ж. с. д. 12-2 мың жылдықтарда алтай тобының арғы түрк, арғы моңғол, арғы тұңғыс-мәнжүр, арғы корей-жапон тілдеріне саралану үрдістері жалғасты. Көптау (Копетдаг) бауырындағы кейіннен өркендеген Жейтун мәдениетінің (VII-II

ғ.ғ.) ілкі түзілімдерін жасауға атсалысқандар да, одан шығысқа қарай созылған тау тізбектерін бөктерлей: Тұран ойпаты, Әмудария сағасы мен Заравшан алаптарындағы жазықтарда, Сырдария бойы, Қаратау, Ұлытау бауыры, Жетісу, Орталық Қазақстан, Ертіс, Алтай, Саян, Байкөл өңірлерінде қоныстанған адам жұрағаттары да палеолит дәуірінен осы мекенді жайлаған *алтай тобы* тілінде сөйлеген жұрттар болатын деп тұжырады.

Айтпағымыз, арғы алтай, түпкі түркілердің алғашқы отанына байланысты бұл тұжырым, осыдан 8000-7000 жыл бұрын Оңтүстік Месопатамияға қарай лықси көшкен Убейд қауымы жасаған мәдени ошағының орнында ж. с. д. 3-мыңжылдықта өркендеген атышулы Шумер өркениеті мен арғы түрк этноеті арасындағы ұқсастықтардың төркінін тануға да көмектеседі. Кітап авторы зерттеушілердің арасында ылғи да қайшы пікірлерге арқау болып жататын шумер мен түрк тілдеріндегі ұқсастықтардың әуелгі көзі дәл осы миграция үрдістерінен бастау алуы әбден мүмкін деген тың болжамын ұсынады. Шумерлер өздерін саг-нгига (*саг – бас, нгига – қара*) – *басы қаралар (қарашаштылар)* деп атағанын, сондай-ақ шумердің көне эпсаналарында Аратта, Туркиш (Түркеш) секілді алтай тілді жұрттармен қарым-қатынас жасағанын, олардың бұл құтты орынға теріскей жақтан көшіп келгендігі айтылатынын қаперге алсақ, олардың түпкі тарихында шығыс ностра – арғы алтайлықтармен аралас-құралас ықтималдығы, бәлкім туыстық қарым-қатынаста болғандығы туралы болжамдар кәдімгідей нанымды бола түседі. Осы болжамды атақты шумеролог С. Крамер, қазақ зерттеушілері А. Аманжолов, О. Сүлейменов, Ә. Сарай, татар – М. Зәкиев, әзербайжан – Ю. Юсифов, Г. Гейбуллаев, қарашай-балқар ғалымдары И. Мизиев, К. Лайпанов, түрік – О. Недин Туна, тағы басқалар жақтайды. Енді мынаған қараңыз: шумерлер өздері саг-нгига деп атағанын жоғарыда айттық. Ал, біле белсеңіз «шумер» сөзінің өзі де кейіннен оның орнын басқан Аккад дәуірінде шумер тілін алмастырған семит тіліне бейімделген атау екен. Сонда «шумер» сөзін өздері қалай оқыған? Әйгілі неміс шумертанушысы А. Фалькенштейннің (1906-1966) зерттеуінше, бұл сөз таза қарашаштылар тілінде – *ки-эн-ги (р)* деп оқылатын көрінеді. Киенгир – шумер мифологиясындағы ортаңғы әлем әміршісі.



Энлилдің храмы тұрған мекеннің атауы. Оны даниялық шумертанушы А. Вестенхольц «*киелі тіл жері*» деп тәржімелейді. Ол тура мағынасында «*жаратушының киелі мекені, елі*» деген ұғымға сәйкес екен. Ал академик М. Зәкиев семит текті аккадтықтардың киенгирлерді Бағдаттың теріскейіндегі өңірді жайлаған түрк текті субар жұртының атына жақындатып *сумар/сумер/шумер* түрінде атап кеткенін айтады. Одан әрі *субар/шумер* этнонимінің Кіндік Азиядағы Самарқанд, Еділ алабындағы Самара топонимдерінде де көрініс беретініне тоқталып, *субар* мен *ас* тайпаларының бірігуінен *суар+ас*, *хуар+ас* этнонимінің пайда болғанына, оның уақыт өте *хорасми/хорезми* атауына айналғанына дәлелдер келтіреді. Осы орайда ғалымның шумерлер өздерін *киэнгир/қанюй* деп атайтынына назар аударып, *шумер/хорезми/киенгир/қаңгар/қаңлы* жұрттарының ежелгі сабақтастығынан сыр суыртпақтауы (М. Зәкиев. *Происхождение тюрков и татар. М., 2002*) да қызғылықты. *Киэнгир-кенгерес/қаңғалас/қаңлы* параллелдерінің түп-төркіні бір этномәдениеттен бастау алатынын академик Ә. Қайдар да (Қаңлы, А., 2004) растайды. Оған өзбек ғалымы Қ. Шониезов та (*Қаңғ давлати ва қаңлылар. Ташкент., «Фан», 1998*) қосылады. «Осы *киенгир* сөзінің Орталық Қазақстан жеріндегі Кеңгір өзені атауымен үндес келуі тегін емес, мұнда бір байланыс болуы мүмкіндігін» зерделеген А. Аманжолов дәлелдемесі де (*Түркі филологиясын және жазу тарихы. А., 1996*) назар аударатын дерек. Шынында да Кеңгір өзенінің алабы мен оған жапсарлас өңірлер әуелден *киелі мекендер* ретінде танылып келгендігін, атап айтқанда Ұлытау, Қазылық, Беғазы-Дәндібай ескерткіштері, «Оғызнамадағы» Ортау, Кертау жайлаулары, Алаша хан кесенесі, тағы басқаларды еске алсақ, бұл топонимдік ұқсастықтың сыры арғы алтай, арғы шумер дәуірлерінің этнотектік тарихымен сабақтасып жатуының әбден ықтималдығына ешкім тосырқай қарамас еді, дейді автор.

Осы ретте қайталап айтудың орайы келіп тұр: түрк тілінде сөйлейтін арғы алтайлықтардың көш басында болған *кинэнгир/кангар/қаңлы* қауымы туралы сөз қозғалғанда, оның сілемдерінің Кавказдың оңтүстігінен қиыр шығыс-теріскейге дейінгі алып аумақта тұтаса қоныс теуіп жатқанын археологиялық та, топонимикалық та, этнотектік те деректер

жоққа шығармайды. Жоққа шығару былай тұрсын, Азия құрлығының көне картасын жайып салып зерделей қараған адам *қаң/кең* түбірлес гидроним атауларына байланысты ғажайып құбылыспен бетпе-бет келер еді: Үндістандағы ұлы да қасиетті Ганг өзені, Оңтүстік Корейдің астанасы Сеул қаласын қақ жарып ағып жатқан Канган өзені; Солтүстік Корей жеріндегі Канге атты қаланы, Қытай еліндегі үлкен өзендердің бірі – Цзянь, оның жазылуы осылай болғанымен оқылуы – Кань болып жалғаса береді. Ал түрк-монғол жұрттарының ежелгі бір отаны саналатын Алтай, Сібір, Саян алабында (*Ким Чер Лен. Гидронимический ареал кан в средней Сибири. М., 1964*); *О. Т. Молчанова. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979*) бұл құралыптас атаулар тіптен мол ұшырасады: Абақан, Аққан, Байқан, Балқан, Арынқан, т. б. Ал, көрнекті түрктанушы Н. А. Аристовтың зерттеуінше, (*Заметки об этническом составе тюркских племен и народности и сведения об их численности. «Живая старина», Вып. III-IV. Спб., 1896*) саха-якуттар да осы киенгир-қаңлы қауымының бір жұрағаты. Расында саха-якуттар өздерін екі атадан таратып, соның Эллей атасынан тарайтын (*Шумер мифологиясындағы ортаңғы әлем әміршісі Энлилді еске түсіріп, Эллеймен ұқсастыққа назар аударыңыз – Б. Ш.*) 12 ұлының ең үлкені – Қаңғалас (Қаңлы) аталады екен. Л. Н. Гумилев те саха-қаңғаластарды көне замандардан бері Сыр бойынан Саха жеріне (*«Молодежь Якутий», №137; 1989*) қоныс аударып, араласып, сіңісіп кеткен көне қаңлылар дегенді жақтайды. Ол-ол ма, В. В. Бартольд зерттеулерінде де *қаңлы/қаңғаласқа* байланысты Константин Богрянародныйдың пікіріне сүйеніп: «VIII ғасырдағы печенектердің ордасы *қаңғар/қаңлы* деп аталған, ол атау кейде *кенгерес/кеңгіріс* деп те айтылып келген» (*В. В. Бартольд. Соч., т.V. М., 1968*) десе, С. Е. Малов кенгерес этнонимінің Кіші Күлтегін ескерткішінде (*Памятники древнетюркской письменности. М-Л., 1951*), Дж. Маркварт бұл атаудың VII ғасырдағы Орхон ескерткіштерінде (*j. Marguart. Die Cronologie oter altturkischen Zuschriften. Leipzig, 1898*) кездесетінін ескерте келіп, «кенгерес-печенектің баламасы» деген пікірге тоқталады. Көріп отырғанымыздай, арғы шумер мен арғы түрктің тектік байланысына қатысты ғалымдар арасында талайдан талас

тудырып келе жатқан болжамның жай айтыла салған сөз емес. Жоғарыда көрсетілген көптеген ұқсастықтар мен мифтік таным, кейбір тілдік сәйкестік пен сөз жасау заңдылықтарының сабақтасып жатқандығы да иланымды дәйектерге жетелейді.

Айтпақшы, *шумер/қаңлы* байланысының ықтималдығы жөнінде сөз еткенде, «арба» туралы идеяны айналып өте алмаймыз. Өйткені еуропалықтар үшін жер бетіндегі жаңа өркениеттің негізгі қозғаушы күші ретінде бағаланатын – «*арба идеясын*» ойлап тапқан халық – *шумер* болса, азиялықтар үшін бұл ғажайып құбылысты ойлап тапқан қауым – *қаңлы/кенгерес*. Біздің түсінігіміз бойынша – *қаңлы арба*. Ол кейіннен «қазақ арба» болып өзгеріске түсті. Осы «арба» туралы идеяның бастапқы шығу төркінімен, мифтік танымдық, өркениеттік ортасының қалыптасу ауқымымен сабақтастыра қарасақ та, бұл ұқсастықтың әлдебір кездейсоқтық емес, қисынды заңдылық екендігіне көз жетеді. Қалай десек те көрсетілген ұқсастықтар, олардың алғашқы шыққан тектерінің бір ортадан (арғы түрктік негізде) екендігін нақтылайды. Шын мәнінде осы жаңа пайым-түсініктің өзі төл тарихымызды жаңаша тұрғыдан танып-білуге ықпалы зор болатыны даусыз.

Сонымен, бүгінгі қазақ халқының түпкі тарихын 50-60 мың жыл әріге жылжытып, өсіп-өркендеу жолын тарихи тұжырымдар негізінде дәлелдеп, ғылыми дәйектей білуін «Арғы түрктер ақиқатының ізімен» деп аталатын осы ауқымды еңбектің ең басты жетістігі деп бағалауға болатындай. Онда арғы түрктердің тарихы мен тіліне, мифологиясы мен дүниетанымына қатысты бірталай жаңа байыптаулар ұсынылып, олардың бәрі жүйелі түрде сарапталып, екшеледі. Ол үшін автордың 300-ден астам құнды дереккөздерді пайдаланып, шынайы ғылыми еңбекке сай үрдісте, публицистикалық лепте орындаған зерттеуі оқырманды ешқандай күмән-күдікке бой алдырмайды. Қайта орындау қарапайымдылығына байланысты өзінің ішкі иіріміне ынтықтырып, тартып отырады. Кітаптың тағы бір ерекшелігі – бүгінгі күнге дейін ашып айтуға «қорқынышты» болып келген гипотезалық идеялардың басын бір «қазанда» тоғыстырып, жинақтап, қайнатып, логикалық тұрғыдан нық, нанымды ойлар мен болжамдарға еркіндік беріп, сөйтіп түпкі түрк, арғы қазаққа

байланысты тарихи шындықтың көптеген шымыр бастауларын дүниеге әкелуі дер едік.

Қалай десек те, бүгінде тәуелсіздік алып, еңсесін жоғары көтере бастаған елдің ең алдымен өзінің тегін, кім екенін, қайдан шығып, енді қайда бара жатқанын анықтап, қатпары шиыршықтанған тарихтан өзін танығысы келетіні қалай десеңіз де заңды құбылыс. Алайда қазақтың бұл әрекеті біреуге ұнаса, екінші біреуге ұнамайды. Ұнамайтыны – тіпті тарихты өтіріктен тазартып алған соң да, ол тазалаудан кейін тарихтан түк те қалмауы мүмкін. Міне, еуропацентристер осыдан қатты үрейленеді. Сондықтан олар өздері қалыптастырған теорема-түсініктен ешқашан да бас тартпайды. Бас тартпау былай тұрсын, соны сақтап қалу үшін жанын да, барын да салып қорғайды. Тіпті «дүниежүзілік соғыс» жариялап жіберуі бек мүмкін. Оның себебін жоғарыда біраз тарқаттық.

Шындық мынау: біз Қазақстан деген мемлекеттің аяғынан тік тұруына негізгі қадам жасадық деп сенімді түрде айтуға болады. Енді қазақ халқын қалыптастыру міндеті тұр. Ол үшін қайтпек керек? Менің білетінім, қазіргідей алмағайып заманда халық үшін көңілге алданыш болар идеялар емес, мән-мазмұны мен мақсаты өзгермейтін ақиқат керек. Әсіресе өтіріктерден аршылған, елдің басын біріктіруге, ұлыстың тұтастығын сақтауға қызмет ететін тарихи ақиқаттың қажеттігі қазір қай кездегіден де басымырақ байқалады. Олай болмаған жағдайда біздің қазақ халқын қалыптастыру туралы әрекетімізден түк те шықпайды.

Тарихқа басқыншылардың емес, өз көзімізбен қарайтын уақыт жетті.

\*\*\*

Менің есіме сонау 1990 жылдар түсіп отыр. Бұл қазақ баспасөзі кеңістігін «Ана тілі» газетінің «ат ойнатып» шыққан кезі еді. Қоғамдағы демократиялық қағидаттарға сүйенген басылым қазанға қарауыл қаратқан кеңестік кезеңнің өзінде ашық күнде найзағай ойнатып, қара сөзден құйын тұрғызды. Әсіресе, тіл мен діл майдандасқан арпалыста «Ана тілінің» батылдығында мін болған жоқ. Жұрналшылар томағасы сыпырылған аш бүркіттей қаламын құлаштап еркін сілтеді. Тірескенмен тіресіп, тістескенмен тістесе алатын ұлт мінезін – өз мінезін таныта білді.

Сөйтіп қазақ журналистикасының жаңаша үлгісін қалыптастыруға атсалысты. Осындай төл ұлттық мінезінің арқасында жұрт жаппай асыға тосатын жалпыхалықтық рухани ырыздыққа айналды. Нәтижесінде 1990 жылдың 22 наурызында 25 мың данамен дүниеге келген басылымның таралымы бір жылдың ішінде 111 мыңға бір-ақ секірді! Бұл көрсеткіш осы күні кез келген қазақ тілді басылым қызыға қарайтын жетістік. Міне, газеттің өзіндік бет бейнесін қалыптастырып бағыт-бағдарын анықтауда оның тұңғыш бас редакторы Жарылқап Бейсенбайұлының сіңірген еңбегі, төккен тері өз алдына бөлек әңгіменің тақырыбы. Ол айтты-айтпады сарашылдық өнердің өзгеше үлгісін көрсетті. Бұл ең алдымен кадр таңдау, жағдайға қарай бейімдеу, басқалар білмегенді білу, қоғам тынысын сезіну, соған орай дәл шешім қабылдау шеберлігі. Қарап отырсаңыз тұтас бір ғылым. Ол кадр таңдаудың да тендессіз мүмкіндігіне жол ашты. Осы орайда газеттің аяқтанып кетуіне өлшеусіз қызмет жасаған тұңғыштарды атап өтсек артық болмас. Олар: Бакыт Сарбалаұлы, Ертай Айғалиұлы, Ғарифолла Әнес, Қонысбек Ботбай, Аманқос Мектеп, Жаңабек Тойбазаров, Амантай Шәріп... Осы топта өзімнің де журналистиканың қырсырын үйреніп, қалам ұштағанымды мақтан тұтамын. Ол кезде Алматыдағы бір орыс мектебінде қазақ тілінен дәріс беретінмін. Аралас мектептегі қазақ тілі мен қазақ балаларының мүшкіл халі туралы жазған бір мақалама бола, қызметке шақырған Жақаңның өзі болатын. Алтайдың кер бұғысындай жазушы Марат Қабанбай, қара сөздің ұңғыл-шұңғылын терең меңгерген Байбота Қошым-Ноғай, бас асауы баршаға мәлім Жұматай Сабыржанұлы, қазақ этнографиясының алтын көмбесі секілді Ахмет Жүніс, білімдар Мақсат Тәжмұрат пен Дихан Қамзабекұлы, қаламы жүйрік жас перілер Раушан Төленқызы мен Сәкен Сыбанбайлардың... атойлатып тыңға түрен салғаны содан кейін.

Жасыратыны жоқ, қазақта бас редактордың орынтағына отырып көргендер аз болмаған. Алайда шын мәнінде халықтың қадірлісіне айналған, тұлға ретінде мойындаған саңлақ сарашылар некен-саяқ қана. Осы санатта Шерхан Мұртаза мен Сейдахмет Бердікүл алдымен аталады. Сол қатарда аталатын Жарылқап Бейсенбайұлының есімі де біз үшін аса қадірлі.

Білетіндер дұрыс айтады: «Ана тілін» Бейсенбайұлы басқарған жылдар қазақ баспасөзінің тарихында алтын әріппен жазылады. Ал, өзім Бейсенбайұлы баспасөзге баптаған балапаны екенімді әрқашан мақтан ететін боламын. Иә, тау алыстаған сайын биіктей түседі деседі. Болса болар. Адам да сол сияқты. Бұл ұғым әсіресе тұлғаларға мейлінше қатысты. Осы пайым биігінен ой өрбітсек те, қарымды қаламгер, зерделі зерттеуші, майталман мәдениеттанушы Бейсенбайұлының парасат болмысы уақыт көші алға жылжыған сайын биіктей, тұлғалана түсетіні анық.

**Болат Шарахымбай**

*(«Әдебиет айдыны» газеті.  
2008 жыл. №15. 10 сәуір.)*



## ТҮРК ЖҰРТЫН ЕЛЕҢДЕТКЕН ЕҢБЕК

Осыдан екі жыл бұрын «Қайнар» баспасынан журналист-жазушы Жарылқап Бейсенбайұлының «Арғы түркілер ақиқаты ізімен» атты ғылыми-зерттеу кітабы жарық көрген болатын. Америка құрлығына өткен түпкі түркілердің тарихын зерделеп, тың деректер ұсынған бұл туынды туралы Түркияның Ыстамбұлда шығатын беделді басылымы — «Түркі дүниесі тарихы» журналының 2008 жылғы қазан айындағы санында доцент, доктор Мариям Хакімнің рецензиясы жарияланғаны жөнінде оқырмандарды бұдан бұрын құлағдар еткенбіз («Ана тілі», 20 қараша, 2008 жыл). Түркі дүниесінің назарын аударған осы ғылыми-танымдық еңбек туралы рецензияны қазақшаға аударып ұсынып отырмыз.

\*\*\*

Қырғи-қабақ соғыстың қызып тұрған кезі. Кеңестер одағында тұрып жатқан түркі халықтары славяндарды «үлкен аға» деп мойындап, өздерін өркениетке жетелеген славяндар, оның ішінде орыстар дегенді тарихи шындық деп түсінетін... Тәуелсіздіктен кейін қазақ ғалымдары тарапынан түркі халықтарының тарихының әріде жатқанын археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық зерттеулер арқылы дәлелдейтін дүниелер жарық көре бастады. Осылайша олар Кеңестер одағы тұсында жазылған түркі халықтары туралы тарихтың мүлде қате екендігін көрсететін ізденістерге барып, еңбектер жазуды қолға алуда.

Біздің қолымызға тиген «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты кітап авторы Ж. Бейсенбайұлының зерттеуіне қарағанда, түркі тайпаларының тарихы ж. с. д. 45 000 жыл шамасынан басталады. Автор әлемдік генетика ғылымындағы кейінгі жылдарда дүниеге келген соңғы жаңалықтарды назарға ала отырып, ж. с. д. 45 000–10 000 жылдар аралығында Беринг бұғазы арқылы Солтүстік Америка құрлығына өткендердің түркі тектес екендігін алға тартады. Бұған дейінгі біраз лингвистикалық зерттеулерде, Америкаға өткен сол жұрттардың тілдері түркі





бөлімін жалпы түркілер мекендеген аймақтарды сипаттап түсіндіруден бастайды. Жай ғана түсіндіріп қана қоймай, көптеген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері, әлем ғалымдарының ДНК мәліметтеріне қатысты кейінгі жылдарда жүргізген зерттеулер қорытындыларын көлденең тарта отырып дәлелдейді. Екінші бөлімін Орталық Азия, оның ішінде Алтай аймағын мекендеген тайпалардан қалған археологиялық қазба жәдігерлерінің зерттелуі нәтижесіне арнайды. Үшінші бөлімінде «Үндіеуропалық кезеңге дейін Иран мен Түркістанда кімдер тұрып еді?» деген сұраққа жауап іздейді. Әрине, бұл жерде ол ең алғашқы түркілер мен прототүркілер мекендеген аймақтың батысын айтып отыр. Бұл тақырыпта жазушы «шумерлердің» арғы тегіне де қатысты мәселелерге жауап іздейді.

Прототүркілер жайында мәліметтер толық әрі анық болуы үшін соңғы заманауи технологиялармен Шумер, Аккад, Ассирия және Урарту дәуірінен табылған бұйымдарды, жәдігерлерді қайта тексеру керектігін айтады.

Журналист-жазушы Жарылқап Бейсенбайұлы осы төңіректегі зерттеулермен Түркиядағы ғалымдар да айналысқанын айта отырып, Зәки Велиди Тоған, Абдулқадыр Инан, Муххарем Ергин, Фуад Копрулы, Зия Гөкалптар жайлы сөз етеді. Осы жоғарыда аты аталған түрік ғалымдарының сол кездегі еңбектеріне кеңестік режимнің қолдау білдіре қоймағандығын да жасырмайды. Біз түрік тілінде Скит (Skit) деп айтып жүргенімізді Кеңес тарихында Скиф немесе Сақ (Skif veya Sak) деп айтылатындығын түсіндіре келіп, олардың мағыналарының бір екендігін, арғы тектерінің прототүркілер екендігін пайымдайды. Кітабының 213-ші бетінде сақтардың сөйлеген тілі туралы: *«Еуроцентришл ғалымдар сақ-скифтерді түгелдей парсы тілді болды деп қалыптауға бейіл. Алайда кейінгі жылдарда жүргізілген қайта пайымдаулар бұл тұжырымның түбінде шикілік бар екенін дәлелдей бастады. Сақ-скиф тілдерінен қалды делінетін лексикалық мысалдардың көпшілігін түрк тілдері арқылы да ұғындыруға болады»*, деген пікірін білдіреді.

«Арғы түркілер...» еңбегінің 4-ші тарауынан Көнешұңқыр мен Ботай мәдениетін қалыптастырушылар прототүркілер екендігіне көзіңіз жетеді. Автордың айтуына қарағанда, бұл тайпалар малшылар мәдениетінің алғаш негізін салушылар. Өйткені Ботай

қазбаларында ж. с. д. 3500-2400 жылдарға жататын 70 000 жылқының сүйегі табылған. Бұл дегеніміз, арғы түркілердің ең алғаш болып жылқыны үй жануарына айналдырғандығын көрсетеді. Жылқыны қысқы соғымға союды да алғаш рет осы Ботай түркілері бастаған. Жайық пен Ертіс арасында созылып жатқан Дешті-Қыпшақ мәдениетінің де бастауы осы Ботай мен Көнешұңқұр мәдениетінің жалғасы.

Үндіеуропа мәдениетінің бір тармағы ретінде саналып келген Андрон мәдениеті ескерткіштері бойынан да автор арғы түркілерге тиесілі көптеген сипаттар табады. Сол дәуірде өмірге келген дөңгелекті арба мен жылқыны үй жануарына айналдыру тек ғана орал-алтайлық халықтарға тән болғандығын көптеген ғылыми дәйектермен салғастыра отырып байыптайды. Яғни Орал-Алтай халықтары деп тұрғаны біздің ата бабаларымыз сақтар, ғұндар, түркештер.

Жарылқап Бейсенбайұлының пайымдауынша, Синтасты-Арқайым, Петров, Алакөл мәдениеттері ескерткіштерінде де түрк халықтарына тән белгілер жетерлік. Зерттеуші сонымен қатар Иран мен Тұран арасындағы рухани байланыстардың болғандығын айта келіп, оны тек Зенд Авестаны терең зерттегенде ғана байқауға болатындығын жеткізеді (4-бөлім, 173-214 беттер)

Жарылқап Бейсенбайұлының бұл тың көзқарастары мен ғылыми жорамалдары, көптеген зерттеу әдебиеттер деректерін пайдалана отырып дәлелдеулері бүкіл түрк жұрты үшін және кейінгі жастар үшін өте қажет деп ойлаймын. Еңбегінің соңғы бетінде оның былай деп жазғанын атап өткім келеді:

*«Ал Алтай мен Еренқабырға ендігінің шығысындағы Ішкі Азия жазиралары әуелден-ақ күмәнсіз бағзы түркілік ұйық жұрт болатын. Ол өңірлер ж. с. д. I мыңжылдықтан ежелгі түркілердің екінші атамекеніне айнала бастады.*

*Сол атақоныстың қақ төрінде кейіннен «Тәңірі текті қағандардың қасиетті таққа отыруынан», «Батыс пен Шығыс аймақты, төрт тарапты түгел қамтыған», «аз халықты мол қылған, шығай халықты бай қылған», бітіктастар бетіне құдіретті поэзияға толы жыр жолдарын түсірген Ұлы түрк қағанаттарының құдіретті өркениеті дәуірледі.*

*Талай мыңжылдықтар тезінен міні мен сынын бұзбай, тарих тұңғиығына жұтылмай, үнемі түрлену, құнарлану үстінде болған киелі түрк тілі содан бері де асқақ қалпынан бір тайған жоқ. Бүгінде ол Эгей теңізінен Лена өзені алабына дейін мекендеген түрк халықтарының ана тілі, 160 миллиондай адам сөйлейтін шүйгін тілге айналып отыр».*

**Түрік тілінен аударған  
Нұрат ІЛИЯС**

*(«Ана тілі» газеті. 2009 жыл, 15 қаңтар)*



## АРҒЫ ТҮРКТЕН АРНА ТАРТҚАН

Белгілі журналист-зерттеуші, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жарылқап Бейсенбайұлының “Арғы түрктер ақиқатының ізімен” атты зерттеу еңбегін кездейсоқ қолға түсіріп, бас алмай оқып шықтық. Бұған дейін бұл кітап үзінділеріне “Егемен Қазақстан” газетінің беттеріндегі жарияланымдар арқылы қаныққан біз қаламгердің тың тақырыпқа түрен тартқанына көз жеткізіп, қолға еріксіз қалам алдық.

Туынды, бас тақырыбында айтылып тұрғандай, түрк жұртының түпкі терең тарихына барлау жасап, оны молекулярлық генетика ғылымы арқылы түгендеуге батыл қадам жасайды. Соның нәтижесінде ол біздің жыл санауымызға дейінгі 45-10 мың жылдары тегіс жер болып жатқан Беринг бұғазы арқылы Азиядан Америка құрлығына дүркін-дүркін өткен адамдардың арғы түрктер екенін дәлелдеп шығады. Расында генетиктер тірі клетка ядросында бар дезоксирибонуклейн қышқылы (ДНК) молекуласындағы тұқым-тектік ақпаратты мұқият зерттегенде, ол түзілімдердің бүгіндері қос Америка құрлығын мекендейтін үндістер мен Азияның байырғы түрк жұрттарында айна-қатесіз бірдей ұшырасатынын анықтаған екен. Осы ақиқатқа сүйенген біздің зерттеушіміз үндіс пен түрк тілдерінде кездесетін бір-біріне сөздерге ерекше ден қояды. Сөйтіп, бұған дейін еуроцентршіл ғылым тарапынан мойындалмай келген шындық қайта қозғалды. Осы арқылы журналист түрк тілдерінің тарихын осыған дейін 2-3 мың жылдан бермен қарай қайырып жүрген сол көзқарастың қате екенін, оның бастауы бұдан 50-60 мың жылдар бұрынғы кезеңге баратынын алға тартады.

Бұл ретте автор бұрын-соңды шыққан ғылыми әдебиетті кеңінен пайдалануды әдемі игерген. Сол ізденіс оған шығыс ностра, ілкі алтай, түпкі түрк тілді жұрттардың бұдан 50-60 мың жылдай уақыт бұрын басталған этногенездік тарихына сүңгіп шығуға мүмкіндік береді. Соның сарынымен ілкі алтайлықтардың Орта Шығыс аймағынан Шығыс Азияға дейін созылған шым-шытырық жолдарына негіз іздеуге ұмтылады. Зерттеу сорабында Кавказдың оңтүстігі, Орталық Азия мен Қазақ жері

арғы түрктөрдің бір атамекені болғанын ежелгі жұрттардан жеткен археологиялық айғақтар, тілдік, мәдени үрдістер арқылы толғайды.

Автор генетиктердің соңғы жылдарғы ДНК тектік түзілімдерінің ізін қуалау негізінде алғашқы есті адамдар – хомо сапиенстердің бұдан 150 мың жылдай уақыт бұрын Африка құрлығында пайда болғанын дәлелдеуіне арқа сүйей келіп, адамзат тілінің ілкі нышандары әуелде сол ыстық құрлықтағы ортақ атамекенде бүршік жарғанына қазық байлайды. Ал бұл бағыт ғылымда біраздан белгілі ностра тілдері болжамының қағидаларына да қайшы емес. Ностра теориясы бойынша, барлық тілдің арғы түбі кіндіктес, олар кейіннен, алғашқы адамдардың әлемге таралуы барысында ғана бір-бірінен бөлектену үдерісіне өзгерген болып шығады.

Өзінің кітабында зерттеуші түп ностра тілдерінің бұдан 70 мың жылдай уақыт бұрын Таяу Шығыс өңірінде пайда болып, әлденеше мыңжылдықтар өткесін батыс және шығыс ностра тілдеріне тарағанын ғылыми дәйектерге сүйеніп сөз етеді. Солардың әдепкі көші мұз дәуірінің аралығындағы жылы кезеңдерде мамонттардың, бизондар мен қойбұқалардың соңынан еріп, Беринг бұғазы арқылы Америкаға өтіп тұрған. Осы ретте ол Алтай тобына жататын тілдердің тек Алтай-Саян аймағында дүниеге келгеніне күмәнмен қарайды. Мұнда ол ностра теориясына сәйкес алтай тілдерінің даму бағыты Орта Шығыс өңірлерінен басталған деген уәжді ұстанады.

Біздіңше, Жарылқап Бейсенбайұлының жоғарыдағы аймақтардан шығысқа қарай жатқан атыраптарда алтайлық қауымдарға тән археологиялық ишаралардың кездесетінін алға тартуы ғылыми деңгейдегі жаңа көзқарас болмақ. Зерттеушінің археологиялық мәдениеттер аясы мен шығыс ностра тілдерінде түсініскен жұрттардың таралу бағыттарын салыстыра қарай келіп, олардың этникалық төркіндерінің бір-бірінен аса қашық емес екендігін алға тартуы көңілге қонымды көрінеді. Былайынша айтқанда, Орталық және Ішкі Азияда, Оңтүстік Сібір аймақтарында орта тас дәуіріне енетін ж. с. д. 60-50 мың жылдардан бастап қоныс тепкен ежелгі аборигендерді жай әшейін алғашқы адамдар деп қана емес, алтай-оралдық, түпкі

түркілік тіл салмағы басымдау байқалатын жұрттар ретінде санағанымыз мақұл. Автордың ойы осындай.

Журналистің бұдан 16 мың жылдай бұрынғы шамадан бері Орта Шығыс пен Кіндік Азия аумағын алтай-оралдық жұрттарға тиесілі алғашқы атамекен ретінде тануы да санасуға тұрарлық деректерге саяды. Бұдан шығатын түйін: содан кейінгі ғасырлардан бері қарай Каспийдің шығысынан Тынық мұхитқа дейін созылып жатқан кең байтақ атырапта алтайлық жұрттардың өзара түрк-моңғол, тұңғыс-мәнжүр, корей-жапон қауымдарына саралану үдерістері жалғасқан. Бұл тұжырым ж. с. д. III мыңжылдықта кемеліне келген Шумер мәдениетінің тілі мен түрк тілдері арасындағы ұқсастықтардың төркінін тануға да мүмкіндік береді. Зерттеушінің пайымынша, Шумер дастандарында Месопотамияның теріскей жағында жатқан Аратта, Туркиш секілді жұрттармен қарым-қатынас жасағаны айтылады. Сол сияқты Ассирия, Урарту жазбаларынан да осы өлкелерге қатысты топонимдер кездеседі. Мұны аз десеңіз, әзербайжан ғалымдары сол замандарда хатқа түскен жер атауларынан түрк тілдеріне тән мағыналарды көптеп тапқан көрінеді.

Діттеген тақырыбын өзіне тән дағдысымен жаңғақша шағып көрсетуге құштар жазушы-ғалым Жарылқап Бейсенбайұлының арғы түркітер алғашқы атамекені туралы қозғаған әңгімесі де қызықты. Ол осының сорабында Тұран ойпатында соңғы мұз дәуірі кезінде суықтан қорғаланып, бұйығылана күн кешкен қауымдар арасында алтайлықтардың да болғанын қадап айтады. Бұған шетел ғалымдары да кейінгі зерттеулерінде көңіл аударып бастапты. Мәселен, ағылшынның археология профессоры К. Ренфрю Қарақұм жазираларының ж. с. д. XII мыңжылдықта алтайлықтар мекендеген төл аймақ болғанын жазған. Сол қауымдар кейіннен осы өңірде ірге көтерген мезолиттік Балқантау микролиттік мәдениетін жасауға белсене атсалысқан. Бұған автордың еш шүбәсі жоқ. Әр тараптарға беттеген сол көшулер мен жөңкілулер салдарынан ілкі түркілік тіл түзілімдері мен археологиялық ишараларға тән ұшқындардың бір бөлігі Месопотамияға жетсе, екінші бір бөлігі Памир, Алтай асқан, бүгінгі қазақ даласына табан тірепті, теріскей бетте Еділ мен Жайық атырабына дейін бұрылған. Мына уәждер қайсы бір күншіл адамның өзін иландырар еді.

Жасыратыны жоқ, Қазақстан тарихшы ғалымдары арғы түркілік тарих қойнауларын қопарып қарастырғанда, өздерінің бөтендігі болмайтын Көнешұңқыр мәдениеті туралы көп сөз қозғай алмай келеді. Бұл олқылықтың орнын біздің авторымыз толтырады. Ол алтайлық, арғы түркілік қауымдардың ж. с. д. V-III мыңжылдықтарда Енесай мен Днепр өзендері аралығындағы еуразиялық аймақта өркен жайғанын осы Көнешұңқыр мен Ботай мәдениеттері арқылы баян етеді. Батыс жағы Карпат тауларына, шығысы Саян-Алтай өңіріне алып баратын Минусин ойпатындағы Афанасьев мәдениетін түзген малшылар қауымы да түркілерге жат болмайтын. Мұны олардың өлген адамдарды жерлеудегі салт-дәстүрлері анық байқатып қалады. Олардан жұғысты болған мәдени машықтар кейін осы жалпақ дала төсінде уық тіккен Андрон, Беғазы-Дәндібай мәдениеттеріне ұласқан. Соңғы жылдарда дүниеге келіп жатқан жаңаша рухты ғылыми-зерттеулерді зерделеу арқылы, ол мәдениеттерді, оларға жалғасқан сақ-скиф дәуірімен қоса, тек үндірандық деп атау қате екендігіне ұтымды дәлелдер келтіреді. Ал Ботай мәдениеті адам баласының алғаш рет жылқыны бас білдіріп, қолға үйретуінің Қазақ даласында жүзеге асырылғанын дәлелдеп бере алады.

Зерттеуде арғы түркілердің еуропеоид тұрпатты болғаны, оларға тиесілі археологиялық белгілердің бәрі еуроцентршіл ғылым өкілдері тарапынан үндіеуропалық жұрттарға телініп келгені де сөз болады. Автордың осы орайда Орталық Азияда тас дәуірлерінен бастап еуропеоид тұрпатты автохтон жұрттардың өмір сүріп келе жатқанын ғылыми айғақтар арқылы пысықтауы да ұнамды естіледі.

“Түркі халықтарының шығу тегі мен түпкі түркі тілінің пайда болуына қатысты бізге мәжбүрленіп таңылған ғылыми үрдіс аясында талайдан қалыптасқан пікір көбіне тақ-тұқ. Ол бойынша “бұл тұрғыдағы тарихтың ізін әріден індетудің қажеті шамалы, бәрі беріде” деп есептеледі” – дейді автор кітабының алғы сөзінде. Деп алады да, сөз басында жазғанымыздай, сол қатып қалған қағиданы сенді сөккендей бұтырлатып бұзады. Жәй бұза салмайды, қамырдан қыл суырғандай етіп, бипаздап, ақырындап талқандап шығады. Біздіңше, автор өзінің алдына қойған сол мақсатын толығымен орындап шыққан.

Аталмыш кітап негізгі екі бөлімнен тұрады. Оның біріншісі кітап аттас “Арғы түркілер ақиқатының ізімен” деп аталса, келесісіне “Баба жұрттар болған жер” деген ныспы берілген. Біз жоғарыдағы шолуымызды осының бірінші бөлімі бойынша желіге түсірдік. Сол бірінші бөлім 5 тарау арқылы тарқатылады. Ал көлемі жағынан әлдеқайда аздау екінші бөлім бүгінгі заманғы оқиғалардың негізінде бергі тарихқа көз жүгіртіп шығады. Бұл арғы түркілерге қатысты ілкі әңгіменің заңды жалғасы іспеттес. Онда журналистің сол баба жұрттар сүрлеуімен, Алаш арыстары ізімен шетелдерге барған жолсапар жазбалары, жүздесулері жинақталып берілген.

Тұтастай алғанда, “Арғы түркілер ақиқатының ізімен” атты бұл зерттеу –күллі түрк жұрты үшін құнды еңбек. Одан осы күнгі түрк қауымдастығының ежелгі тарихы мен тіліне қатысты көптеген тың деректер мен батыл пайымдаулар табуға болады. Бір ұтымдысы, солардың бәрі құрғақ пәлсапа мен долбар дерекке емес, нағыз ғылыми тұжырымдар арқылы пайымдалады.

Қызылқұмның қойнауынан, Шәуілдірдің шағылынан, ортағасырлық Отырар тұрған ойпаттан шыққан жерлес жазушы-ғалымның осындай қарқарадай еңбегін оқып шыққасын, оған өзімнің шынайы көзқарасымды білдірмей тұра алмадым. Арғы түрктен айтулы арна тартқан бұл еңбектің ойы орамды, көзі қарақты жұртымызға ұнайтынына иманымыз кәміл.


**Ержан Уәйіс,**  
журналист.

Қызылорда қаласы.

*(«Сыр бойы», 2010 жыл. 16 ақпан)*



ІЗДЕНІМПАЗДЫҚ  
ПЕН  
ЫЖДАҒАТ  
ШОҚАНТАНУДАҒЫ  
ШОҚТЫҒЫ БИІК  
ЕҢБЕКТІ ДҮНИЕГЕ  
КЕЛТІРДІ



Академик Н. Веселовскийдің өте дәл айқындап айтқанындай, ғылым көгінен құйрықты жұлдыздай ағып өте шыққан Шоқан Уәлихановтың жасын тағдыры, жарқын ғұмыры өз замандастарын, әсіресе, өзінің зиялы орыс достарын қалай ғажаптандырып, қайран қалдыра қызықтырса, кейінгі замандардың да нешеме толқын ұрпағын нақ сондай тағылымды һәм тылсым нұрлы тартымдылықпен баураудан жазбай келеді дер едік. Дәл осы орайда өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бел ортасы еске түседі. 1975 жылғы жаз айларында, сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің беттерінде журналист Жарылқап Бейсенбаевтың топтама түрінде жарияланған «Шоқан сапары ізімен» атты мәйекті мақалалар шоғыры бірінен соң бірі шыға бастады. Сонда Шоқан есімін өзімізге бір табан болса да жақын санап, айрықша қадір тұтатын көкшетаулық жас журналистер сол жазбаларды керемет қызығушылықпен қабылдап, жапа-тармағай жарыса оқығанбыз. Солардың жазылу үлгісіндегі әлдебір жаңашылдық, қазақтың тұңғыш ғалымы жүріп өткен қияпатты жолдарды жүз нешеме жылдан кейін жолқапшығын арқалай шиырлаған құштар іздемпаздық көңілімізді толқытқандай, әріптес аға сынды журналшы қаламгердің шалымды шеберлігіне қызыға қарап қалғандай

болғанбыз. Бір ғажабы, мұндағы дәлдік-деректердің қолмен қойғандай нанымды берілетіндігі сонша, бір сәт аяулы Шоқанның асыл бейнесін дәл қасынан көргендей, ғасырларды көктей өтіп тіл қатысқандай әсерге бөленетінбіз. Ыстықкөл сапарының ізін қайталаған осынау мақалалар содан екі жыл өткенде «Шоқан ізімен» атты кітапқа айналуын қуана сүйіншілегенбіз.

Он жылдан кейін ғылымдағы ерлігі қазақтардың Еуропа терезесін алғаш ашуына баланған ұлы ғалымның 150 жылдығы бүкіл Қазақстан бойынша, оның ішінде алтын бесік ата жұрты Көкшетау-Сырымбетте кеңінен атап өтілген болатын. Сол кезде «Шұғылалы таңның шолпаны» атты көлемді мақала, Достоевский досына сыйға тартқан палисандр сандықшасын жырлаған баллада жазып, осы оқиғаға хадари-халімізше өзіміздің де үн қосқанымыз бар еді. Нақ осы 1985 жылы тағы да жаңағы «Лениншіл жас» бетіндегі аталмыш автордың Шоқан ғұмыр кешкен, сапарлаған, ат шалдырып аялдаған мекендерді кезек-кезегімен жыл бойы аралап өтуінен туындаған мақалалар топтамасы Көкше елі жұртшылығын тағы бір елең еткізгеніне куәгермін. Кеңестік кезеңнің көбінесе көңілсіз де мимырт ақпарат кеңістігінде тақырып игерудегі тосындығымен тосылдырған ол жазбалар да көп ұзамай «Жасын-тағдыр жарқылы» деген атпен келісті кітап болып шығып, кітапханамыздың төрінде тұратын қалаулы туындыға айналған-ды. Сол бір шақтарда Көкшетаудан телефон шалып Шоқан тарабындағы шалымды ізденістеріне інілік ілтипатымызды білдірген, сәл кейінірек «Лениншіл жасқа» шыққан біздің бір мораль тақырыбындағы мақаламызға орай 200-ге тарта оқырман хаты түскенде, Жарылқап ағамыз «Зауал» атты мақаламен түйінді тарқатқан, одан соң арамызда ешкімге айтпайтын, екеуара өзіміз ғана сезіп-білетін бір ішкі үнсіз сыйластық орнаған жағдайымыз да бар еді.

Содан бері арада біраз уақыт өтті. Тәуелсіздік заманының да талай жылы паракталып кетті. Жаңа заманда Шоқан жайында да жаңа сөздің ділгірлігі аракідік байқалып қалғанда баяғы көзтаныс авторымызды өзімізінген қалыппен өз тақырыбына қайта оралмады-ау деп өкініш етіп те жүрдік. Алайда, Жарылқап Бейсенбайұлының ұлт мүддесіне септескен шығармашылығы, азаматтық қайраткерлігі терең ағыспен толассыз шымырлап

өрістеу үстінде екенінен бәріміз хабардар едік. Бәлкім, қайраткерлігінің ең мәнді мәуесі, азаматтық тұрғыдағы ең жүрекжарды толғамы болып табылған, қазақ баспасөзінің әлеміне өзіндік тосын әрі табиғи ділімен, соныдан тартқан жұрналшылық мәнер-машықтарымен қосылған «Ана тілі» газетін өмірге әкелуімен елді сүйіндірді. Қазақ тілінің қызғыш құсы – осы басылымның тұңғыш бас сарашысы болған біздің авторымыз бен оның қаламдас серіктерінің бәйгеге баптап салған «Ана тілі» атты сәйгүлігінің жер тарпыған шабысы әлі күнге дейін жадымызда. Алғашқы кезеңдегі сол «Ана тілін» көз жазып қалған қимас асылымыздай ара-тұра сағынып та қоятынымызды несін жасырайық. Авторымыздың игі істерін ары қарай тарқатып айта түссек, осыдан үш жыл бұрын барша түрк этносы мен тілі тарихының 40-50 мың жылдық көмескіленген сорабын қаузап, жалынан сүйреп шығарған жаңалықтарын қисынды дәлелдермен дәйектеген «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты құнды хәм құнарлы еңбегі жарық көрді. Өзіміздің ғана емес, түркиялық зерттеушілердің де назарына ілігіп, түбі бірге туыстас елдегі тарих ғылымына арналған беделді басылымда құптау лебізінің білдірілуі де бұл кітаптың салмағын арттырмағы сөзсіз. Соның алдындағы «Қазақ шежіресі» қазақтың ауызша тарихының қилы-қилы қордалы тарихына бойлатқаны және бар-тұғын.

Мінеки, енді келіп Ш. Уәлихановтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында қолымызға Жарылқап Бейсенбайұлының «Шоқан» атты жаңа деректі ғұмырнамалық хикаяты тиді. Бүкпесіз шынына келсек, Мәдениет және ақпарат министрлігінің әлеуметтік маңызды әдебиет тізіміне енгізіле отырып, «Ғибратты ғұмыр» сериясы бойынша «Қазақстан» баспасынан 39 баспа табақ көлеміндегі осынау кітаптың шығуы зерделі қауымды тағы да елең еткізген айтулы жаңалық болып отырғандығы анық. Осы ретте бір жарым ғасырдай уақыт бұрын ұлы ғалым арман еткен, азаттыққа жеткен жаңа заманның Шоқан хақындағы бірінші жаңа сөзін Жарылқап Бейсенбайұлы айтқан екен деген пайым-пікірге тоқтағанымыз да рас.

Жанрын «деректі хикаят» дегеннен гөрі «*ғұмырнамалық роман-эссе*» деп анықтаса, шығарманың көлемі де, мазмұн-көркемдігі де бұл жұғымды жүкті әбден көтергендей екен. Қалай болғанда да, әу бастан кілті табылған кітап алғашқы беттерінен-

ақ салған жерден үйіріп әкетеді. Туындының композициялық тұрғыдан әдемі мүсінделіп, арқауы әсте босамай, бірден-бірге ширыққан шұрайлы баяндау желісі өз әсерін ақырына дейін бәсеңдетпейді. Бабалар рухымен тыныстап, «айбалтасын алтынменен булатқан» алғашқы бұрамдардағы әлқиссасы һәм одан кейінгі бөлімдер Шоқанның ұлық бабасы Абылайхан, атасы Уәли, әжесі Айғаным, Абылайдан тараған Кенесары хан, әкесі Шыңғыстың туған ағасы Абайділда (Ғұбайдолла) Уәлиұлы сияқты сом тұлғалар тағдырын бір-бірімен қисынын келтіре, қиюластыра сабақтастырып, қазақты сан тараптан қусырған сол зобалаң замандар жағдаятынан жан-жақты хабардар етеді. Шоқан дүниеге келген ортаның арғы-бергісін тілге тиек ете отырып, ұлы ғалым өміріне қатысты бірқатар дәйекті жаңалықтарды ортаға тартады. Оның сүбелілерінің бірі деп – автордың ана жылдары Шоқанның туған жерін Күнтимес ордасы деп пысықтаған болжамының, кейінгі кезде «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген мұрағат деректері арқылы одан әрі айғақталғанын айтар едік. Оларда Аманқарағай (кейіннен Құсмұрын) округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановқа қатысты 1842 және 1851 жылдары толтырылған құжаттарда оның қыстауы Күнтимес деп тайға таңба басқандай жазылып қалыпты.

Шоқанның әжесі Айғаным, Омбыдағы әскери мектеп тәлімін көрген әкесі Шыңғыс, қобызшы ағасы Қанғожадан алған тәрбиесі, аға сұлтан ордасына ат басын тіреп жатар ел ағаларынан, әйгілі ақындар мен жыраулардан, әншілер мен күйшілерден, жезтаңдай шешендерден қабылдаған ғибрат-өнегесі туралы да көптеген мағлұматтарға қанық боламыз. Шыққан тегі қазақтың Тәукеден кейінгі аға ханы болған Қайыптан тарайтын – Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің білімді әкім-сұлтаны Ахмет Жантөриннің дуандары қоңсы қонған Шыңғыспен аралас-құраластығы, тіпті, оның кішкентай қызы Ғазизаны Шоқанға атастырып, бесік құда болып баталасқандары, әйгілі Зілғара, Жазы билер, Сартай, Тортай төрелер, Шыңғыстан кейін Құсмұрынға аға сұлтан болған Есеней Естемесұлы, туған нағашысы, Баянауылдың аға сұлтаны Мұса Шорманұлы, олардан басқа да сол дәуірдің көптеген белгілі тұлғаларының өмірлеріне қатысты тарихи деректер қызықтыра тартады.

Шоқан кадет корпусын тамамдаған соң генерал-губернатор Гасфорттың ерекше тапсырмалар жөніндегі адыютанты боп жүрген кездерінде де қазақтың сол замандағы талай ел ұйытқыларымен жүздесті. Ақмола дуанының аға сұлтаны Ыбырай Жайықбайұлымен, Бегалы төре Қоңырқұлжаұлымен, әйгілі күйші Тәттімбетпен, өзінің құрдасы жас әнші-композитор Мұса Байжанұлымен, Жетісуда бабасы Абылайдың Әділ деген баласынан тарайтын албан мен дулатты билеп отырған Тезек, Хакім, Мамытбек, Әлі төрелермен, Діқанбай, Байзақ би, Сұраншы, Сыпатай, Байсейіт сияқты батырлармен кездесіп, тағдырлары тоқайласты. Осының бәріне автор өзінің байыпты ой топшылауларын қосып, Шоқан ғұмырнамасының қалың қатпарларына құнарлы қаламын батыра-батыра сілтеген.

Отыз бес жылға таяу зерттеушілік еңбектің жемісі болған бітімді шығармадағы біздің назарымызды аударған бір тұсы сол, Шоқан Қоқан хандығына қатысты мағлұматтарға ден қояды. Сөйтсе, Қазақ даласынан кейін Ресей шабуылының өтіне іліккен Қоқан хандығы, алаш жұрты үшін соншама бөтен жұрт емес екен. Түрк текті *мың* тайпасының көсемі Шақрұқ би 1710 жылы құрған Қоқан хандығының тағында сол Шақрұқ әулетінен тарағандар отырғанымен, негізгі билік бұл өңірге ақтабан-шұбырынды сүргіні кезінде қазақ даласынан келген құлан қыпшақтардың көсемі Мұсылманқұлдың төңірегіне ұйысқан қыпшақтардың қолында көрінеді. Сол себепті де бұл хандық жұртын орыстың қоластына қараған қазақ елі қыпшақтар деп атайды. Қоқанға қарайтын Ташкент–Дешті Қыпшақ деп аталатын уәлаяттың әскері негізінен қазақтың шанышқылы, қаңлы, құрама руларынан тұрады. Қазақтарды Қоқан хандығының езгісінен азат етеміз деп, жалған қамқорсынған орыс отаршылдығының қитұрқы пиғылының аржағында жатқан шындықты бажайлаған кезде «Кім-кімді азат етпек» деген ойдың Шоқан басына да келмеуі мүмкін емес.

Ресейдің ортаазиялық хандықтарды жаулап алуды тездетуге ұмтылуының бір себебі – Ұлыбританияның Үндістанды толық жаулап алғаннан кейін Ауған жері арқылы Бұхара, Қоқан, Хиуа хандықтарына, Шығыс Түркістанға да көз тіге бастаған әрекетіне байланысты еді. Жаңа жерлерді отарлауға құныға кіріскен Ресей өзіне тиесілі деп есептейтін құйқалы үлесінен

айырылғысы келмей, күнгейдегі түрк халықтарының иеліктерін басып алуға бағытталған қанды жорықтарын бастап кетті... Шоқан тағдырының ең бір торығулы кезеңіне тоқайласқан, қанішер полковник Черняевпен келіспеушілігін асқындыра түскен осынау бір тарихи жайды Ж. Бейсенбайұлының тәптіштей суреттеп, зерделей баяндауы қолымыздағы кітап тағылымын арттыра түскен.

Шоқанның ғибратты өмір тарауларынан бірден-бір толық дерлік мағлұмат беретін осынау соқталы-сонарлы кітапты оқи отырып, бір сәт еріксіз автордың кейіп-келбетіне қызыға зер салғандайсыз. Ж.Бейсенбайұлының киелі тақырыпты зерттеу мен игерудегі ізденімпаздығы мен ыждаһаттылығы таңдандырады. Шоқан бабасының өмір сапарының негізгі бағыт-бағдарларын қуалай қамтып жүріп өткен журналист-қаламгерді біз бірде ұлы ғалым «Сұлу Баянның аруағын қия алмай» толқитын Қозы Көрпеш – Баян сұлу мазарының қасынан көрсек, біресе Шоқан аялдаған, бүгінде құм басқан Лепсі бекетінің маңында ұшыратамыз. Келесіде саяхатшы-ғалымның өз қолымен салған «Отрядтың Меркі өзенінде түнеуі» атты суретінде бейнеленген жердің тап үстінен түскен қуанышын бөлісеміз. Енді бірде Шоқан ізін қайталай жүріп өткен жолқапшықты жалғыз жаяу Жарылқап қырғыз-қазақ қойшыларының қостарында әңгімедүкен құра жүріп, қиын Саты асуынан түнделете өрлеп, Ыстықкөл жағынан Алатау асқанының куәсі боламыз. Қызық болғанда, «Санташ» кеңшарында жазушыға Шоқан жайынан мәлімет берген қырғыздың аты Қазақ, Саты асуының қырғыз жағындағы қазақ шопанының есімі Қырғызбай болып шығады. Авторды Шоқанның кіндік қаны тамған Қостанай тарабындағы Күнтиместен, Іле бойындағы Таңбалытастың қасынан, Омбының кадет корпусынан, Ертістің жағасынан, Шоқан бір жарым жылдай тұрып, жұлдызды шағын өткерген Нева жағалауындағы қаладан жолықтырамыз. Тағы бір сәт Шоқанды тынымсыз тебіреністі күйде Жәукі асуы арқылы атышулы Қашқар сапарына аттандырып салғандай болып қырғыздың Жәукі шатқалының аузында ой құшағында тұрған автор жанкештілігіне таңдана қарап қалғандаймыз. Әлеумет артық айттыға санамас, осының өзінен қияпат тағдырлы тарихи тұлғаға деген үлкен махаббатты, ұлы жүреппен үндестік аңғарылғандай.

Кең ауқымды шығармада Ж. Бейсенбайұлы мейлінше алуан қырынан танылған. Журналистік сергек байқампаздық, суреттеудегі жазушылық түйсіктің көркем кестелері, әрбір жайды зерттеушілік зердемен жеріне жеткізе жан-жақты тәптіштеуі, Шоқанға тікелей және жанама қатысты жағдаяттардың, белгілі-белгісіз адамдардың бәрін мұрнынан тізіп мағлұмат беретін ізерлі дерекшілдігі, ұлы ғалымның өмірі мен оның заманына қатысты бұрын беймәлім болып келген көптеген жайттарға жаңаша барлау жасап, ғылыми тұрғыдан тиянақты байыптауларға баруы, соларға тарихшы көзімен жіті үңілуі – осының бәрі кітаптың бағалылығын бағамдатады.

Жауапты тақырыпты тереңдей зерттеген қаламгердің жазушылық биік мәдениеті де көзге шалынбай қалмайды. Осы орайда ол қазақтың Абылай ханнан бергі бір ғасырға жуық тарихын өз пайымына сай, үлкен өреде елестетіп өтеді. Шоқан өмірінен саңылау, ақтаңдақ қалдырмағандай сыңайлы. Ж. Бейсенбайұлы келтірген: әйгілі жиһанкез-ғалым Александр Гумбольдты 1829 жылы Омбы әскери училищесінде қазақ тілінде құттықтау, ондағы казак-орыс балаларына қазақ тілі сабағының жүруі, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың қазақтарға жаңа дін ойлап таппаққа әуейіленіп, ол әумесерлігіне I Николай патшаның «Дін ойдан құрастырылмайды, халықтың мыңдаған жылдар бойы сенімінің негізінде жасалады» деп қайтарған кекесінді жауабы, Шоқанның Жаяу Мұсаға қамқорлығы, Сөк төренің қонағы болған ағылшын сәулетшісі Аткинсонның сақарада туған баласына Алатау-Тамшыбұлақ деп қазақша ат қоюы, Шоқанның Қашқар сапарындағы Әлімбай аталуының қайдан шыққандығының жай-жапсары, әуелде майор А. Перемышльскийдің Верный бекінісін «Алматы» деп қазақша айтылу қалпын бұзбастан дұрыс жазып көрсетуі сияқты екінің бірі біле бермейтін танымдық сипаттағы қызғылықты да құнды мағлұмат-деректер жүздеп саналады. Солардың ішінде 1859 жылы Шоқан өзі суретін салған қашқарлық келіншек, оның Қашқар сапарында уақытша үйленген әйелі болуы мүмкін деген Бейсенбайұлының болжамы да қаперге аларлық.

Шоқанның Қашқар сапары, сол ауыр сапардан сырқат жапсырған, одан соң қиянат көрген, қорлықта қалған құсалық кезеңі, Петербургте болған уақыты, өмірінің соңғы айлары

туралы тарауларды толқымай, тебіренбей оқу мүмкін емес. Қазақтың Еуропа терезесін ашқан арда азаматының орыстың ұлы жазушысы Ф. Достоевскиймен, саяхатшы-ғалымдар П. П. Семенов-Тянь-Шаньскиймен, Г. Потанинмен, С. Дуровпен, К. Гутковскиймен, Капустиндер отбасымен, Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» шығармасының тұңғыш зерттеушісі болуға септескен Мұхаммедәлі Қазымбек және Хұсайын Файызхан сияқты түркішіл ғалымдармен һәм басқалармен достық рәуішіне де патетикадан тыс, көптеген қарапайым әрі жарқын беттер арналған.

Ж. Бейсенбайұлының осы деректі хикаяты болашақта Шоқан жайында жазылар көркем шығармалардың, дастандар мен романдардың, түсірілер кинолардың да негізіне алынбай қалмас. Кітапты орысшаға аударып, Мәскеуден «ЖЗЛ» сериясымен шығаруды да ойластырған абзал ма дейміз.

Шоқанның Парижде барып қайтуды ойға алып жоспарлағанын, суретші М. Знаменский күнделігінен айқындалатынындай, Әулиеатаны асқан қаталдықпен шабуылдаған Черняев экспедициясы кезінде қазақ халқының озық ойлы адал перзентінің отаршыл рухтағы өркөкірек орыс офицерлерімен шамырқана пікір таластырып айтысқан жайларын да Жарылқап жазбаларынан тереңдей түйсінеміз. Сондай-ақ кітапты оқу барысында Шоқан мұрасын сақтап қалуда қалтқысыз еңбек сіңірген аяулы орыс қызы Катерина Гутковскаяға деген алғыс сезіміміз оянары да кәміл.

«Жарылқаптың мына кітабының қолжазбасын рахаттана оқып шықтым. Композициясы ғұмырнамалық әдебиетке қойылатын талаптарға сай келетінін былай қойғанда, баяндау логикасымен, тіл жатықтығымен, деректерінің ұшан-теңіздігімен сүйсінтті. Жалпы, Шоқантануға қосылған ең сүбелі үлестердің бірі Жарылқаптың осы еңбегі десем, қателеспеспін», дейді белгілі баспагер, қарымды қаламгер Нұрмахан Оразбек. Аузы дуалы ағамыз айтса айтқандай, Шоқантану саласында олжа салар шоқтығы биік еңбек дүниеге келгендігі жайлы пайымды пікірге біз де қол қоямыз. Осыдан бір ай шамасы бұрын Астанадан телефон шалып: «Қорғанбек, Шоқан туралы жаңа кітабым шығып еді, көзіңе түспеді ме?» деп қуанышының хабарын салған Жарылқап ағамыздың да сүйіншісі осы мақала болсын демекпін.

**Қорғанбек Аманжол**

*(«Егемен Қазақстан», 2010 жыл. 17 наурыз).*



## БУЫРҚАНҒАН БОЯУЛАР

(эстетикалық эссе)



«Буырқанған» деген сөз әдетте теңізге қатысты айтылушы еді. Кейде, ашуланған адамның мінезін бейнелегенде қолданатыны да бар. Жараған бураға да айтылатын кезі болады. Дегенмен, негізінде теңіздің қатты толқынданған сәтіне жарасатын бейнелеу екенін де сөз жоқ.

Алайда, мұнда бояуларға қатысты айтылған. Көркем суреттің түрлі-түсті бояуларына теңеу ретінде. Буырқанған бояулар! Тосын теңеу екені рас. Көз алдыңызға қызыл, сары, жасыл, күлгін алапат асау бояулардың дүлей толқыны өзіңе қарай өршелене ұмтылып келе жатқандай!

Әлде, қаншама түстер, өңдер, реңдер араласып алып шыр-көбелек үйіріліп аспан астында құйындай ұйтқып көз ұшында көрініп эне-міне орап, ұшырып әкетердей үрей туғызады. Осылайша, қиялыңызда қаншама қияпатпен елестете беру өз еркіңізде, әрине.

Бірақ, бір тосындығы бұл сөз кәдімгі кітаптың атауы. Осыдан дәл қырық жыл уақыт бұрын Алматыдағы «Өнер» баспасынан жарық көрген кітаптың аты. Авторы белгілі журналист, тоқсаныншы жылдары ұлт рухын оятуда ел есінде ересен қалған «Ана тілі» апталығының алғашқы редакторы Жарылқап Бейсенбайұлы.

Кітаптың алғашқы бетінде мәтіндердің жанры «эсселер мен сыпаттамалар» деп жазылғаны да осы кітаптың атауына сай бірден әсерлі көрінеді.

Эссе жанры, мейлі қай тақырып болсын тарих па, өнер ме, ғылым ба, әдебиет пе... қаламгердің еркін, тосын ойлары мен соған сай қолданытын ұшқыр сөз тіркестері, оқырманды жетелеп отыратын шалт оқиғалардан тұратын жалт етпе қысқа эпизодтар, қиялыңызға ерік бергізіп жетелеп әкеліп кілт тастап басқа қиырға жөнеле беретін көңіл-күй мен сезімнің сан-қырлы иірімдері... дейсіз бе, мүмкіндігі мол жанр.

Тек, мәтін ішінде лепірме алдамшы нәрселер болмасын, әр қадамда ақиқат шегінен аттап кетпесеңіз болды, оқырманды үйіріп аласыз.

Міне, «Буырқанған бояулар» дәл осындай эссе жанрының мүмкіндігін шыңға шығарған сирек кітап деуге тұратын рухани дүние, тамаша туынды.

Кітаптың алғашқы тақырыбы «Сена үстіндегі сырбаз қала» деп аталған. Осы сөзді оқығанда-ақ автормен бірге әлемдік өнер ордасы саналатын әйгілі Парижге бірге барғандай күйге бөленесіз.

Сена дегені өзен атауы. Бүкіл өнер туындыларын жауһардай бойына сіңірген Париждің сәніне сән қосып, қақ ортасыннан сылаңдаған сұлудай бұрандап ағып жатқан әсем дария.

Тақырыптағы жалғыз сөйлем сезімді бірден баурап алуы да содан. Әрі даңқты суретші Поль Сезанның «Бүкіл Парижді жалғыз алмамен дүрліктіргім келеді!» дегені әдемілікке деген қызу құштарлығыңызды одан сайын лаулата түседі.

Осылай алып-ұшқан қызу көңіл-күймен Париж көшелеріне қуана қадам басқандай болып мәтіннің алғашқы сөйлеміне көзіңіз түскенде «Париж әманда сенің жадында жаңғырып жүрер думанды мереке» деген сөзді айтып тұрған ғажайып суреткер Эрнест Хемингуеймен де сол қалада бетпе-бет кезіккендей керемет әсер баурап алады.

Бұл айтып отырғанымыз Жарылқап ағамыздың Парижге алғаш қадам басқан кездегі шабытты сәттерін оқырманын өзімен ертіп жүргендей етіп жандандыра жазған жазбаларының басталған тұсындағы бір үзік көріністер еді.

Нақтырақ айтсақ, сонау кеңес заманында «Спутник» деп аталатын халықаралық жастар туризмімен бір топ алматылық жастар Париж қаласына саяхаттап барған екен. Қаламгер ағамыз солардың қатарында болған, бұл туынды сол сапардың татымды жемісі дейміз.

Сол жылдары Жарылқап ағамыздың бәлкім отыздың ар жақ-бер жағындағы жалынды жастық шағы болу керек. Алдында айтқанымыздай, кітаптың басталуы қалай қызу әсерлі болса, ондағы әрбір тақырыптар да дәл солай шапқан сайын өршеленіп, тері шыққан сайын тынысы кеңіп отыратын өрен жүйріктей мәреге сол тебінмен бірақ жетеді.

Бірақ, менің мақсатым бұл туындыны талдау емес еді. Осы «Буырқанған бояулар» атты эсседен бейнелеу өнерінің әліппесін үйренгенімді егжей-тегжейлі жазсам дегем-ді. Өйткені, соның арқасында көзбен ғана сезіне алатын «Бейнелеу өнері» деген тылсымның сырын өз шамамша түсінетіндей болғам-ды.

Өйткені, бейнелеу өнерінің сан-түрлі қырын ашып, жаңа болмыстарын қалыптастырған ең атақты суретшілер француздық Поль Сезанн, Поль Гоген, Пабло Пикассолар, голландық Ван Гог, италиялық Ренато Гуттузо, ресейлік Михаил Врубель, Павел Кузнецов... сынды өнер шеберлерінің туындыларының ерекшеліктерін, астарлы сырларын, бояуға жасырынған болмыс құпияларын, шеберлік өзгешеліктерін қаламгер осы саланың білгірінен кем еместей сипаттайды, түсініктер береді, суреттен сауатсыз кісіге хат танытқан ұстаздай танытады.

Шынында, кескіндеме өнері саласынан еш хабары жоқ адамдардың сондай көркем суреттерге алғаш көз салғанда оның алабажақ, айғыз-айғыз шимай бояу секілді көрінетіні сөзсіз.

Ал, сол бояулардың мән-мәнісін ұғып, астарына үңіле алатын білім, түсінік алғаннан кейін сауатсыз адам хат таныған соң қызықты кітапты құныға оқитындай халге жеткені секілді көркем суретке де үңіле, сүйсіне қарайтын болады. Әлгі, алабажақ деп көз тайдырып кете беретін бейнелердің айтпақ айрықша ойы, көңілді қобалжытар ащы пікірі, сананы билеп алатын сағынышты сырлары бар екенін білгенде тағы бір беймәлім дүниеге енгендей күйді кешеді, сол адам.

Бұл кітаптағы сурет өнері туралы осындай қызықты мағлұматтарды оқу үстінде кітаптың ортасына қосымша етіп

салынған арнайы жылтыр беттерде аталған суретшілердің автопортреттері мен картиналарының болуы мұғалімнің тақтаға жазу жазып танытқанындай қызықтыра түсетінін айтар едім.

Әйгілі суретшілердің жай адамдарға мүлде ұқсамайтын тағдыры бір таңғалдырса, сол адамдардың шығармашылық ауыртпалық пен азапты кеше отырып салған суретінің сыры қоса айтылғанда, әлгі суреттер безенген бетті қайта-қайта ашып әлсін-әлі көз тоқтатып өнер иесінің автопортретіне бір, оның сырлы картинасына бір үнілумен бейнелеу өнерінің терең теңізіне шым бата түсесің.

«Парижді дүрліктірген жалғыз алма» осындай тақырыппен басталып Поль Сезанның өз өмірі мен туындысы сипатталғанда, әрине, әуелі алаулаған қызыл алма көз алдыңызға келеді.

Бірақ, Сезанның алмасы біз ойлағандай емес екен. Кәдімгі алманы фотосуреттегіден де бетер етіп мөлдіретіп салу оған дейін де қол жетіп қойған өнер табысы болса керек.

Ал Сезанн болса алманың яки айналадағы ненің болса да нақты болмысын, табиғи кескінін танытпақшы болған. Ол бүкіл жаратылыстың шар, конус, цилиндр секілді екенін аңдап сәйкестік, сүйкімділік, келісімділік, үйлесімділік, көркемдік деген өлшемдердің сондай пішіндерде жасырынып жатқанын, бояулардың да соған сай сәйкесетінін білген.

Әйтпегенде, адамдардың көргеніндей көру, солай етіп сызудың ешқандай сырлы, сымбатты болмайтынын ұғып, тұрпайы тобырлық талғамнан ат тонын ала қашқан. Бұндай шешім оған оңайға түспеді, сол кездегі суретшілер ортасынан кетуге тура келді, олардың жанталаса жүгірген атақ-даңқ деген алдамшы-арбаушыдан қашуға бел байлады. Сөйтіп, жападан-жалғыз қалады.

Кітапта «...сақал шашы аппақ құдай, үстінде айғыз-айқыз бояумен былғанған кең шекпен киіп тауға қарай ілбіп бара жатқан оны байқаған көше балалары қорқынышты ертегінің кейіпкерін көргендей соңынан шулай еріп, артынан тас атып мазақ қылатын...» дейді. Міне, Сезанн осындай аянышты хал кеше жүріп өз мақсатына қол жеткізеді.

Осы жолдарды оқыған соң кітапта берілген оның «Апельсиндері мен алмалары бар натюрморт» деген картинасына қадала қарайсың, әрине. Бірден көкейіңе «Бүкіл Париж

көрермендерін шулататындай не бар мұнда?!» деген ой көкейге келуі сөзсіз. Иә, рас мұнда қанша үнілсең де жарқырап, жалтырап, мөлдіреп, еміндіріп тұрған ештеңе де байқалмайды. Қоңырқай, жасылдау түсті бояулар басым картина тым қарапайымдылығымен адамға жылы ұшырайды.

Натюрморттағы жемістермен таныс әрі бейтаныс нәрселер араласып тұр. Үстел секілді тұрған қиғаштау фонда бүкітеліп-бүктеліп қалай болса солай жайылған ақшыл жайма-орамалдың бір шеті салбырап қалған. Үстіңгі бұрышқа тағы сондай жасыл ала орамал қатпарлана тастай салынған.

Ал орамалдың үсіндегі шыны табақта үймелете салған бес-алты қызылсарғыш түсті алма мен апельсиндер аралас көрінеді. Және орамалдың шетіне таман тағы да сондай алмалар мен апельсиндер шашылап жатыр. Жасыл ала орамалға тақау тұста су құятын қыш құмыра.

Енді, әрбір затқа жеке-жеке көз тоқтату керек болады, неге олай қойылған? Өйткені, мұнда осыларды өстіп қоя салған адам да жақын маңда тұрғандай сезім тудырады. Не тіпті, өзіңіз осы жемістер қойылған қарапайым дастарқанға жақын келіп қалғандайсыз. Жемістердің тым таныс етене түсі оның дәмі мен иісін де сізге сездіре бастағандай болады. Міне, осылайша бұл картина жанға жақын етенелігімен баурап алады.

Сонда ғана сананың терең түкпірінде біз жете алмай жүрген, түсіне алмаған «қарапайымдылық» атты өнер құпиясымен қауышамыз. Алайда, қарапайымдылық деген қарабайырлық емес, әрине (натурализм емес деген сөз).

Яғни, бір ғұламаның айтқан «даналық деген қарапайым да, кішпейіл нәрсе» дегені осы картинадан көрінетінін байқаймыз.

Бұл даңқты суретші сол даналықты бойына сіңірген шығар, бәлкім. Енді, осы туындымен қатар тұрған Сезанның автопортретіне көз салғанда, жоғарыда кітапта суреттелген бишара халдегі адам емес, дегдар, ғұлама пішінді адам көз тартады. Ол мына бейнесінде жеке адамға ғана емес, бүкіл адамдарға назарын жіті салғандай зерделей қарап тұр.

Автопортрет бүтіндей қара-жасыл түспен сомдалған, киімінің жағасынан асып тұрған шаш, еріндерді көрсетпей мол өскен мұрт пен жақтан иекті ораған сақал, сол жақтағы көлеңке сәл

көмескілеген өткір көз жанар, әйел адамға тән жіңішке әдемі қас түгелдей жасыл тұманды құпия өңмен берілген.

Тек қана қасқалау келген кең маңдай, оң жақ құлақ, оң жақ бет, сүйірлеу келген мұрын айқын аппақ-күлгін түспен көз тартуы, бұлт арасынан жарқ етіп шыққан жарық айдай көңілге жылы тиеді. «Мені түсініңдерші!» деп, өтініп тұрған көзқарасты байқамай қалуға болмайтындай өзгеше қарау. Бір сәттік қарау осылай ұдайы қарауға айналған.

Енді, Поль Гогеннің сурет өнерін тамашалағанда шеберліктің шегі жоқ екенін, хас шеберлер дара шыңдар секілді бір-біріне еш ұқсамайтынын байқап тәнті боласың.

Ыстық белдеудегі шалғай мұхиттың бір түкпірінде жатқан Францияның иелігіндегі Таити аралының тылсым табиғаты, мүлде бөлек болмыстағы адамдары Гогеннің ғажап қылқаламында жанданып дүниені шарлап кеткен. Бұл өзгеше бейнелер өздерін асқан мәдениетті санайтын еуропалық көрермендердің бір тобын таң-тамаша қалдырып риза болдырып жатса, бір тобын ашу-ызаға түсіріп күйіндіреді. Өйткені, бұл баржоғы аралдың «жабайы адамдары» жайлы өнер туындысы еді.

Кітаптың қосалқы бетіндегі Гогеннің «Жеміс ұстаған әйел», «Сен оны қызғанасың ба?», «Автопортрет» сынды бірнеше картиналары жаппай күрең-қызғылт реңімен көз тартады. Таити аралына тән қызғылт құмдақ жағалаулар, пандан жапырақтарымен жабылған шатырлы, бамбуктен өрілген маори үйшік-күркелер, аптап қапырыққа мүлгіп селт етпей тұрған арал көріністері көрермен көзін үйіріп алады.

Аралдағы дүниемен жаны мен тәні қосылып кеткендей өз еркімен, қалауынша мамыражай күн кешкен күрең терілі, емін-еркін тірліктегі бөлекше адамдарды осындай қызғылт өң ғана дөп басатынын суретші тума зеректігімен терең сезсе керек.

Аталған картинада таити әйелдері бейнеленген. Күнге күйген қоңырқай денелер сол жердің топырағына ұқсайды, әдептері, тұрысы, жатысы өз қалауынша көрініс тапқан. Бұл болса, біреулердің көзімен жабайы, дөрекі саналып жатса, ал суретші еркіндіктің, табиғилықтың қанша қымбат екенін жария етуге барын салғанын саналылар ғана ұға алады.

Гогеннің өзінің автопортреті де әдеттен тыс қызғылт, өрттің жанында тұрғандай алаулайды, көз жанары ғана қиғаштай қарап

осы ортаны жан-тәнімен жақсы көргенін білдіргендей байсалды, ойлы қалпынан аумаған.

Ал қолына ұстаған қылқаламы мен бір шеті ғана көрінген дәл сондай қызғылт-сары өңді шала сызылған картинасы шынайы көзқарасын дәлелдей түскендей өз бейнесімен бірге астасып кеткен.

«Буырқанған бояулардың» мәтініндегі «Гоген аралдан тапқан туындыгерлік шабытына, өнеріне тоят әкелген тағдырына дән риза. Тек тынымсыз сурет салуға кірісіп кеткен. Таитилық Техура атты жас қыздың сыйлаған қызу махаббаты да жадау жанын жадыратуда».

Бірақ, Гоген сурет өнерін ардақтайтын қалың қауымның есінде ұмытылмай қалатын кемел туындылар жасау жолында Париждегі бақуатты тірлігін, бес баласы мен даниялық сұлу жары Мэттені тастап, өз өмірін құрбан еткенін түсіну қиын-ақ!

Өмірінің соңында жалғыздық, жанын қинаған сырқатпен арпалысып қиян шеттегі Атуана аралында өмірден өтті. Содан кейін ғана оның қалдырған өзгеше сипаттағы туындылары Гогеннің даңқын асырды.

Қосымша беттегі голландиялық әйгілі суретші Винсент Ван-Гогтің картиналары да дара болмысымен өзіне тартады. Қанын сорғалатып өз құлағын өзі кесіп алған асау мінезді, адамдармен тіл табысуы тым қиын қиқар бұл суретшінің салған пейзаждарынан табиғаттың төл иісі аңқып тұратыны анық.

Құлпырта, емін-еркін етіп сызған егіс даласының пейзажи көрген көзді емес, маужыраған денені селт еткізіп оятатындай жауынның салқын ілебі есіп, еркіндікке шақырады. Сап-сары болып піскен күнбағыстардың иісі мұрынға келгендей болады. Неге екенін түсіну қиын, суретші бояудың біз білмейтін тағы бір қырын тапқан, сірә.

«Буырқанған бояуда» таныстырылған орыс суретшісі П. Кузнецовтің туындылары қазақ сақырасын бейнелегені үшін де бізге етене сүйкімді әсер қалдырады. Сырт көз тұрғысында орыс суретшісі қазақ табиғатының салқар кеңдігін, адамдарының мамыражайлығын сурет өнерінде тап басқаны, оның бұл өнердің майталманы екенін еріксіз мойындатады. «Киіз үйде дамылдап жатқан әйел», «Даладағы сағым» деген бірнеше суреті соған дәлел.

Михаил Врубелдің «Отырған Демон» атты картинасы кітап авторын өте терең толғанысқа салған секілді. Суретші Демонның еңсесін одан ары езіп, күйзелісі мен қиналысын тіпті күшейте суреттеу үшін сурет сомдалған кенептің биіктігін пәс, мүлде аласа етіп, ал көлденеңін енді, ұзын етіп дайындайды. Кеудесі мұңға толы, тұла бойын зіл басқан пері-кейіпкер екі қолын тізесінің үстіне тастай салып, түпсіз ойға шомған. Ал сурет фонындағы қияли пейзаждың қызыл, алкүрең, жасыл, көк, қоңыр, сары, мұнартқан сан түрлі түспен көз тартуы Демонды одан сайын құпия ете түседі. Мына жат, суық әлемнен безінген сұмдық шарасыздық...

Міне, сурет туындысынан сөзге бергісіз осындай ой оқу, әрине бояу өнерінің таусылмас сыры бар екенін ұқтырады. Врубельдің тағы бір суреті де таңғаларлық: ымырттағы көк теңіздің ортасында, жайнаған кең көйлегін қанат секілді жайып, жаудыраған әдемі көздерімен артына бұрыла қараған, алтын тәжді асқан сұлу ханым көрген жанды бұл тұрған адам ба, періште ме, дегізеді.

Міне, осы «Теңіз ханшасы» картинасы да Демоннан бетер адамның сан қырлы тылсым болмысына бойлаған ғажап туынды екенін өнер сүйер қауым бағзыдан бері бірауыздан мойындаған өнер жауһары еді.


Бұл кітапта баяндалған бейнелеу өнері жайлы осындай терең танымдық мысалдарды айта берсек уақыт көтермесі анық. Өз басым осы кітаптың маған көркемсуретті түсінудің әліппесі болғанын, оны қаншама рет қайталап оқыған сайын жаңа түсініктер алғанымды жеткізсем дегем-ді...

**Абай Мауқараұлы,**  
жазушы-журналист.

*(<http://madeniportal.kz/article/5932>. 07-10-2020)*



АРҒЫ ТҮРК  
ТЕКТІ ТҮЗІЛІМ:  
БОЛМЫСТЫҚ  
ТАРИХЫ,  
ӨМІРЛІК КЕҢІСТІГІ  
ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ



Кешегі тоталитарлық жүйеде қалыптасқан ресми тарих түбі түрк текті халықтардың жаратылысын қазіргі жыл санаудың VI ғасырынан әрі асырмайтын. Отаршылдық кезеңде сірестіріле таспаланып қалған жазбаларға қарағанда, түрк текті халықтар сол ғасырлар шамасында ғана Алтай аумағында пайда болған.

– Оған дейін олар қайда болды?

– Қай тектен өсіп-өніп, өрбіді?

Бұл сұрақтарға, сондай-ақ түсініп білуге құштарлықтан туындаған басқалай да сұрақтарға жауап қайтарылмайтын. Қалай нұсқаланса, солай қабылдау талап етілетін. Басқаша ой түйгендер кұғындалатын. Әрі қарай қазбалауға, тереңдете зерделеуге тыйым салынған.

Содан да болар, шегелене бекітілген бұл нұсқаманың саяси астарлаудан туындаған біржақтылығы, шикілігі, таяздығы тайға басқан таңбадай болып ап-айқын білініп тұратын. Көңілге күдік ұялататын. Тереңдете қазбалауға, зерделеуге ұмтылдыратын.

Өстіп жүргенде, бұрынғы тоталитарлық жүйе құрдымға кетті. Ой еркіндігі туды. Содан, кешегі тоталитарлық жүйе аясында болған барлық ұлттар мен ұлыстардың ғалымдары өз халқының

арғы түпкі шығу тектерін іздестіріп, ататек тарихын қазбалай бастады.

Ататек тарихын зерделеуде олар тек шежірелік мәліметтерді місе тұтпай, соңғы жылдары анықталып, ғылыми айналымға кіріктірілген, соны антропологиялық, археологиялық, лингвистикалық және ДНК-генеалогиялық сараптау нәтижелеріне арқа сүйей бастады.

Осындай өзіндік айтар терең мәнді байыпты тұжырымдаулары бар еңбек – белгілі қаламгер, этнолингвист ғалым, түбі түрк текті жұрттардың шығу тегін, орналасуын, тұрмысы мен мәдениетін көптен бері зерттеп келе жатқан Жарылқап Бейсенбайұлының Астана қаласындағы «Ғылым» баспасынан 2015 жылы жарық көрген *«Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер»* атты 468-беттік монографиялық зерттеуі.

Зерттеудің басты жаңалығы – ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер нәтижелері мен археологиялық, этнографиялық, этимологиялық аспектілерді өзара салыстыра сараптай келіп, түбі түрк текті халықтардың шығу тегі мен түп-төркіні тым тереңде жатқандығын нақты фактілік, ақиқатты шындықты мәліметтерді негізге ала отырып дәйектеп бере білуі.

Кейінгі жылдарда жаңа ғылым саласы ретінде кеңінен таныла бастаған ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер түрк текті халықтардың түп төркіні тым тереңде жатқандығын ғана анықтап беріп қойған жоқ. Сонымен қатар, осы зерттеу тәсілі арқылы жинақталған мәліметтерге қарағанда, шығу тегі түрк текті деп есептелетін аталық *R1b* гаплотобы түзілімдерінің әрі қарайғы үрім-бұтақтануы Қытайдың Ұлы қорғанынан Карпат тауларына дейінгі аумақта ғана емес, сонау есте жоқ ескі замандарда күллі Батыс Еуропаны да түгелге жуық қаусырған зәуаттық түзілім екендігін де ап-айқын етіп нақтылап отыр.

Айталық, аталмыш еңбектің 104-105-ші беттерінде автор ДНҚ-генеалогиялық зерттеу тәсілін негіздеуші ғалымдардың бірі ретінде танылатын тегі орыс, америкалық биохимик А. А. Клесовтың зерттеу нәтижелеріне сілтеме жасай отырып, төмендегідей таңдай қақтырарлық мәліметтерді мысалға келтіреді.

R1b гаплотобының бірер толқыны бұдан 4500 жылдай бұрын Қара теңізді төңіректей Балқан аймағына, бүгінгі Германия мен Польша жеріне аяқ іліктірсе, тағы бір тармағы, 6000 жыл шамасы бұрын, шамасы көне шұңқырлықтардың бірінші үдеріс толқынының соңын ала, Кавказ арқылы Анадолыға қадам басыпты. Олар (араларында бүгінгі шотландықтар мен ирландықтардың түп бабалары болған R1b1b2 гаплотипті кельт тайпалары да бар) 5500 жылдай бұрын Месопотамияда шумер жұрттары тегінің түзілуіне атсалысып (шумер ұрпақтарының 40 пайызы R1b1b2 гаплотипі), 5000 жылдай бұрын Африкаға (әйгілі мысыр перғауыны Тутанхамонның гаплотипі R1b1a2) асыпты. Сол жақтан 4800 жылдай бұрын Гибралтар арқылы Пиренейге өтіп, Франция жерімен Ла-Манш бұғазына дейін жетіп, Еуропаны батыс жағынан шығысқа қарай қаусыра басыпты. Осы жылжыған бағыттарында олар өздерімен бірге алтайлық тілдерге тән агглютинативті (жалғамалы) тілдерді де алып жүріпті. Мыңжылдықтарды жалғаған сол ұзақ көші-қон үдерістерінен қалған нышандар қатарында агглютинативті шумер, баск тілдері аталады. Еуропаның қазіргі халықтары арасында тілдері үндіеуропалық болып өзгергенімен, осы R1b гаплотобынан тараған ұрпақтар да тым мол. Мәселен, R1b1b2 зәузаты: ДНК-генеологиялық сараптан өткен баскілердің – 88, испандардың – 70, бельгиялықтардың – 63, итальяндардың – 62, британдардың – 68 (валлилердің – 89), ирландардың – 81, немістердің – 50, француздардың – 52, португалдықтардың – 62 пайызына тән. R1b ұрпақтары ұғынысқан сол түпкі түрктік агглютинативті тіл Еуропаның кей жерлерінде жыл санаудың 10-шы ғасырларына дейін қолданыста болған. Алайда, арилердің Карпаттан ары қарай батысқа беттеген R1a1 гаплотипті қауымдастықтары тілінің біртіндеп бел алуына байланысты, ақыр соңында үстемдікке сол R1a1 жұрттары сөйлеген тіл жетіпті [1. 670-785, 863-903; 2. 1652-1675; 3. 3-58; 4; 5; 6. 1511-1525 б].

Сараптамалық зерттеулермен анықталған бұл генеологиялық деректер орыс зерттеушісі Ю. Н. Дроздовтың «Еуропа тарихының түрк тілдік кезеңі» атты 2011 жылы шыққан көлемді ғылыми-танымдық еңбегінде [7], латыш зерттеушісі Г. Шукенің «Латыштардың түбі түрк пе?» атты кітабында, сондай-ақ

батыстық ондаған түрколог ғалымдардың еңбектерінде қуатталған [8.104-105б].

Сондай-ақ аталмыш еңбектің авторы өз зерттеуінде түбі түрк текті жұрттарға тән гаплотоптық топтардың бұдан 35-20 мың жылдай бұрын Азиядан Америка құрлығына толқын-толқын болып өткендігін де назардан тыс қалдырмаған.

Ғылыми ортаны дүрліктіріп, адам баласының шығу тегін, әлемнің түпкір-түпкіріне тарап қазіргі таңда жер бетінде өмір сүріп жатқан 6 мыңдай ұлтты, ұлысты жұрттардың кімдерден тарағанын анықтап берген ДНҚ-генеалогиялық зерттеу тәсілі қандай тәсіл, басқалай теориялық-методологиялық әдіс-амалдардан несімен ерекшеленеді, міне осындай, сондай-ақ басқалай да оқырман қауым қызығушылық танытатын ондаған сұрақтардың жауабы да автор еңбегінде жан-жақты анықталып, негізделген.

Автордың түсіндірмелері бойынша, адам баласының шығу тегін, кімнің кімнен бұтақталғандығын анықтауда жаратылыстану және гуманитарлық ғылым мен антропологиялық, археологиялық зерттеу тәсілдерін пайдаланумен қатар, ДНҚ-генеалогиялық дереккөздеріне иек артқан жөн. Биохимиялық және генетикалық зерттеу тәсілдері ретіндегі ДНҚ-лық анықтау – тірі клетка ядросында болған *дезоксирибонуклеин қышқылы* молекуласы құрамындағы тұқымтектілік ақпарат қорын сараптайды. Себебі, нуклеин қышқылы қандай да болмасын, тірі организм ұрпағының түзілімі, дамуы және жекелік өзіндік сипаттамалық белгілері туралы ақпаратты сақтап, оларды жаңадан пайда болған клеткаларға (келесі зәузатқа) бұлжытпай көшіріп беріп отыратын көрінеді. Соның арқасында тұқым қуалаушылық қасиеттер ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отырады. Тұқымдық ақпарат негізінен ДНҚ сақталатын ядролық құрылым хромосомаларында жинақталады. Ал оның Y-хромосома түрі тек ер жыныстыларда ғана болып, ол әкесінен – ұлына тікелей ауысып отырады. Олай болса, әкеден тура тарайтын тұқымның бәрінде Y-хромосоманың бірдей элементтері, белгілері сақталып қалып отырады.

Әйел жыныстылардың тектік жүйесін құрайтын «митохондриялды ДНК» (мтДНК) гаплотоптары да осындай күрделі түзілімдерден тұрады. Ол бойынша адамзаттың ілкі африкалық дәуірлерінде L таңбасымен белгіленген әлденеше бас

гаплотоптар болыпты. Соның L3 гаплотобы ғана Африкадан Азияға өтіп, 80-70 мың жылдай уақыт бұрын, одан M және N макротоптары таралыпты.

Африка құрлығынан тыс гаплотоптардың бәрі осы екі тармақтың ұрпақтары болатын көрінеді. ДНҚ-генеалогиялық зерттеулерде нақты бір адамның хромосомасындағы оның жеке басына тән тектік ДНҚ түзілімдерінің жиынтығын – гаплотип (гаплоидты генотип) деп атау орныққан. Бұл гаплотиптік түзілімдердің әрқайсысының қайталанып көшіріліп отырылуы белгілі бір маркерлерден құрылымдалады. Сол қайталанған зәузаттық ерекшеліктер жиынтығы әр адамның жекелей өзіндік нышандық белгісін көрсетеді. Яғни, оның жеке басының «ДНҚ» төлқұжаты болып саналады. Типтік гаплотиптер 6, 12, 17, 25, 37, 67 маркерлі болып келеді. Гаплотиптік маркер көп болған сайын сол адамның өз тегіне /туыс ДНҚ-лық зәузаттық бұтаққа/ қатыстылығы туралы мәліметтерді табу дәлдігі молая түседі. Ұқсас гаплотиптер тобын – гаплотоп (гаплогруппа) деп атайды. Ер адамдардың Y-хромосома гаплотобын, әдетте, әліпбилік тәртіп бойынша А әрпінен Т әрпіне дейін белгілеп жіктеу жүйеленген.

Генетиктер Африкадағы алғашқы есті адам /*homo sapiens*/ жұрағаттарына А гаплотобы тән деп, ал, оған кіндіктес өрбіген аталық ВТ гаплотобы Африканың солтүстік-шығыс жағында құрылымдалған деп есептейді. Азия құрлығына қарай өткен адамдар соның алғашқы сыңары В гаплотобынан тараған С, F зәузаттарымен таңбаланады.

Кейіндеу F гаплотобынан G, IJK, H гаплотоптары бұтақтанады. Осыдан 55-45 мың жылдай бұрын Алдыңғы Азияда түзілген IJK құрама тобынан алдымен I және J гаплотоптары, кейіндеу келіп K гаплотобы бөлінеді. Осы K гаплотобынан бұдан 40-35 мың жылдай уақыт бұрын тараған NOP құрама гаплотобына жататын қауымдар Арал теңізінен шығысқа қарай жатқан аймақтарды қоныс етеді.

Осы құрама зәузаттың әрі қарайғы бөлінуі барысында N гаплотобы (түпкі оралдықтар) дараланып, біртіндеп шығысқа қарай жылжи бастайды. O гаплотобы қайтадан күнгейге қарай беттеп, Үндістан арқылы оңтүстік-шығыс Азияға ойысады. Сол жақтан кейіннен моңғолоид пішінді қытай, филиппин, малай текті халықтардың әуелгі зәузатын құрайды. P гаплотобының

біраз бөлігі шығысқа, теріскей-шығысқа, Алтай бетке қарай қоныстанып, осы аймақтарда ағайындас Q және R гаплогрупптарына тармақталады. Q гаплогруппы әсіресе американдық үндістер арасында мол. Оның туыс серігі R гаплогруппы бұдан 20 мың жылдай шамасы бұрын R1a, R1b бұтақтарына ажырайды. АҚШ-тың биохимия профессоры А. А. Клесов осы R1a гаплогруппын кейіннен түпкіари тілінде, R1b гаплогруппын түпкі түрк тілінде сөйлеген қауымдардың ілкі бабалары еді деп есептейді [1.202-225, 516-785 б.].

Ал бұдан 50-60 мың жыл бұрынғы шамада жоғарыда аталған ежелгі F зәуатының сыңары, әуелгі түптегі Араб түбегінің күнгейінде түзілген С гаплогруппы қауымдарына тән кейінгі көші-қон сілемдерінің бір бағыты Кәшмір арқылы Қашқар жазығына шығып, Тәңіртауды айналып, Ұлы Дала кеңістігіне беттейді. Екінші бағыт Қытайдың ұлы өзендерінің алабына бұрылады. Үшінші бағыт оңтүстік теңіздерді жағалай барып, Австралия құрлығына өтеді [9. 319-337 б.]. Осындағы бірінші бағытпен жылжыған С гаплогруппына бөлінген С3 (жаңа жіктеу бойынша С2) тармағы кейіннен моңғол пішінді түрк, моңғол, тұңғыс-мәнжу, жапон, корей сияқты халықтарға тән негізгі зәуаттық белгілердің біріне айналады [8. 14-16 б.].

Мұның бәрін тәптіштеп қағаз бетіне түсірген себебіміз, тек ДНҚ-генеологиялық зерттеу тәсілінің мән-мағынасын түсіндіруге ғана жасалған талпыныстан емес, сонымен бірге, Ж. Бейсенбайұлы түбі түрк текті халықтардың пайда болу, өсіп-өніп көбеюі, адам баласын осы уақыттарға дейін таңдандыра тамсанып келе жатқан мәдениет ескерткіштерін түзу, әлемдік деңгейдегі ондаған алып державаларды орнықтыру сияқты керемет жетістіктерге қол жеткізуін қалай негіздеген, міне, осыларды да білуге талаптылықтан туындаған қызығушылық болатын.

Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, Ж. Бейсенбайұлының өз еңбегінде түбі түрк текті халықтар жоғарыда аталған гаплогрупптардан бұтақтанған арғытүрктік R1b, автохтан «шығыстық» R1a, оңтүстік сібірлік Q, арғытүрктік-арғығорлық N, жалпы алтайлық С3 (С2), орталық һәм оңтүстік-шығыс азиялық О зәуатты жұрттардың ұрпақтары болып есептеледі, деп дәлелдеуі көңілге қонымды. Автор, бұл тұжырымының

растамалығын дәлелдеу үшін тек соңғы 20-жылдай уақыт ішінде жарияланып, әлемдік деңгейде танылған 589 тарихи, антропологиялық, ДНҚ-генеологиялық, археологиялық, этнографиялық, этнологиялық, лингвистикалық, т. с. с. еңбектерге сілтеме жасаған. Нәтижелігі де керемет! Оқыған сайын қызықтыра, еліктіре түсетін, сезімді қозғайтын өте тұщымды еңбек туындаған.

Автор, осылайша, Орталық Азияны алды 50 мың, арты 35 мың жылдан бері ата қонысы, құтты мекені санап келе жатқан түбі түрк текті халықтардың шығу тегі анықтап алғаннан кейін, олардың өсіп-өну, бір текті халық болып қалыптасу қалыптарын, мың өліп мың тірілген тар жол тайғақ кешулерге толы өмір жолын, тұрмысы мен тыныс-тіршілігін, жаугершілік жорықтарын, мемлекеттік құрылымдарын, тарихтың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі аталғандарына (мысалы, хұн, сақ, түрк, ұйғыр, үйежы, теле, т. с. с.) қарамастан түпкі түрк тектік болмысын сақтап, бүгінгі күнге жеткенге дейінгі тарихын көне шумерлік, ассириялық, урартулық, парсылық, қытайлық жазбалық деректерді, соңғы жылдары антропология, археология, лингвистика, тағы да басқа бірнеше жаратылыстану және гуманитарлық ғылым салаларында негізделген түйіндеулермен сабақтастыра байланыстырып, сабақтайды. Ой толғата келіп, түрк текті жұрттардың тас дәуіріндегі климаттық жағдаяттарға байланысты әр тарапқа таралулары мен олардың кейінгі ұрпақтарының энеолит заманындағы көнешұңқыр, ботай секілді түздік мәдениеттер аясында кешкен тіршілік сапырылыстарындағы көптеген этнотектік нышандарының өзара сабақтас әрі таза түрк текті жұрттарға тән құбылыс екендігін негіздеп береді. Ал, бұл түйіндеме бұрындары көкейде тұрғанымен, дауыстап айтуға мүмкіндік берілмейтін ақтандақтардың бірі ғана емес, бірегейі саналатын.

Шынында да, көнешұңқыр мәдениет ошағының да, сондай-ақ осы сияқты басқа да ондаған арғы мәдениет ескерткіштер орындарының да арғытүрк текті жұрттардың түз өңірлеріне бейім тіршілік салттарына бейімделуінде айтарлықтай орны болған. Әрі бұл мәдениет ошақтары, Ж. Бейсенбайұлы айтса айтқандай, кейінгі замандарда өркен жайған орталықазиялық мәдениеттердің қордалануына тигізген өзіндік әсер-ықпалы мол болған маңызды

мәйектер бола білген. Тек өкініштісі, Қазақстан тарихшылары арғытүрктік қатпарлары мол көнешұңқыр мәдениеті сияқты қадым замандардан қалған мәдениет ескерткіштерін көп назарға алмай келе жатыр.

Көнешұңқыр және сол сияқты қазіргі Қазақстан территориясында бағзы замандарда ондаған мәдениет ошақтарын түзген түздік жұрттар уақ мал – қой мен ешкі бағумен айналысқан. Көдесі мен қауы, бозы мен бетегесі желкілдеген бұл аймақ, мыңғыртып уақ мал өсіруге нағыз қолайлы өріс болды. Келе-келе мал басының артуы жаңа жайылымдар іздеуге итермеледі. Сөйтіп, мал тұяғына ілесе өріс қуалай, қанатын кере жайған түздік жұрттар көп ұзамай, Ұлы Даланың шығысында – Алтай-Саянға, батысында – Дунай алабына дейін өріс кеңейтті. Олардың бұл көші-қон бағыттарының іздері дала төсіндегі маң төбе-обаларда, ондағы таза түрктік жерлеу ғұрыптарынан да, олардан қалған кейіннен қазып алынған тұрмыстық заттар /ыдыс-аяқ, түбі жұмыр қыш құмыра, әшекейлі сәнді бұйымдар, инелер, түйреуіштер, біздер, қармақтар т. с. с./ еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерінің ұқсастықтарынан да білінеді. Осы түп бастауынан бері қарайғы дамуында сабақтаса көрініс беретін түпкі түрктік этноәлеуметтік, мәдени, тұрмыстық сипаттар қола ғасырларда жалпы ортаазиялық Беғазы-Дәндібай мәдениетіне, одан бері түрктік мәдениеттерге ұласқандығы нақтылы өмірлік көріністік әрі айғақтық фактілер арқылы Ж. Бейсенбайұлының зерттеуінде жан-жақты пайымдалған.

Ал, Беғазы-Дәндібай мәдениетінің өзі, автордың қазақтың ұлы ғұламасы, академик Ә. Марғұланның еңбектерін негізге ала отырып дәлелдеуіне қарағанда, өзінен кейінгі бүкіл далалық тұрмыстың, дүниеге көзқарастың, тәңірге сенушіліктің, ұлт болып қауымдасудың, небір таза түрктік мәдениет ошақтарының, өнердің, қол өнерінің, металл өндіру мен оны өңдеу, оны тұрмыста, әскери істерде пайдаланудың, мемлекеттік құрылымдар құрудың, далалық өмірге тән құқықтық реттеулерді негіздеудің, т. с. с. өзегін құрағандығы нақты фактілік мәліметтермен айшықтала негізделіп, жан-жақты панорамалық көріністе көрсетілуі еңбектің құндылығын одан әрі асыра түскен десек, артық айтқандық бола қоймас. Себебі, мұндай бұрындары айтылмаған тың түйіндеулер тарихта түрктік дүниеге қатысты



бұрындарғы бірқатар ұстанымдарды қайта пайымдауды талап етеді.

Ал Қытайдың Шаң (ж. с. д. ХҮІІ-ХІІ ғ.), одан кейінгі Жыу (ж. с. д. ХІІ-ІІІ ғ.) дәуірлеріне тән жазба ескерткіштерде түрк текті жұрттарға тән өндірістік өндіру құралдары мен жасалған зат түрлерінің атамалануы, сондай-ақ Хуанхэ (Сарыөзен) алабы, Ордос, Шығыс Түркістан өңірлерінен қазіргі уақытта археологиялық қазба жұмыстары арқылы аршып алынған заттық айғақтардың сол замандарда осы аймақта өмір сүрген түздік жұрттардың тұрмыстарында пайдаланғандығының дәлелденуі арғытүрктік беғазы-дәндібай мәдениетінің Орталық Азияның күллі өңірлеріне таралғандығының дәлеліне саяды. Сондай-ақ Ж. Бейсенбайұлының зерттеуінде осы сабақтастық жібінің үзілмей, бірсыпыра белгілерінің ерте темір дәуірінде Қара теңіздің теріскейі мен Алдыңғы Азияға дейін ат тұяғын дүбірлеткен қамар (киммер) және іш ғұз (сақ-скиф) жорықтары арқылы сол аймақтарға жеткендігі де назардан тыс қалмаған.

Сақ мәдениеті, Ж. Бейсенбайұлының дәлелдеуіне қарағанда, орталық-азияның түздік дәстүрлердің бірін-бірі өзара құнарландыруынан пайда болған жарқын құндылық. Оның кіндігі – батысы Каспий, теріскейі Алтай-Саян таулары, оңтүстік-шығысы Ордос жонын қамтып жатқан құтты орталықазиялық кеңістікте кесілген. Оған тән үрдістердің өркен жаюына осы өңірлерді мекен ететін беғазы-дәндібайлық аядағы тайпалар қытай деректеріне «тиек», авеста уағыздарына «тұр» нұсқаларында түскен, түп-тектері таза түрк текті жұрттар. Бұл жұрттың әртүрлі тарихи кезеңдегі әртүрлі аталымдары ежелгі қытайдың топырағында бірінші құрылған қытайлық мемлекет Шиа (Ся) патшалығы (ж. с. д. ХХІ-ХVІІ ғ.) заманнан бері қарайғы хаттамалық жылнамаларда куэй, гуэй, құяңыр (қоңыр), тиек, жүң, жүңди, ху, хұн, т. с. с. этнонимдік атаулармен аталып келген.

Жалпы, Ж. Бейсенбайұлының бұл зерттеуінің тағы бір артықшылығы – еңбекте көне қытайлық түпнұсқалық деректерді кеңінен пайдалануы болып қалмақ. Сонымен қатар, Ж. Бейсенбайұлы зерттеулерін оқығаннан кейін, осы уақыттарға дейін сақ мәдениеті тек иран тілді халықтарға ғана тән делініп келген еуроөктемшіл уәждің де күмәнді екендігіне көз жеткізе түсесіз. Өйткені, кейінгі жылдардағы зерттеу нәтижелері

негізінде қазіргі ғылыми таным, авесталық жыр-дастандарда «жүрдек атты тұрлар», көне парсылық деректерде «сақтар» немесе «ерендер», «арилер», бұлардан беріректегі грек жазбаларында «скуз», ағылшынша «zcyth» (скиз), орысша «скиф», көне ассириялық-бабылдық сына жазуларында «iskuz» («іш ғұз») деп атамаланған жұрттың түрк тектілігін айқындап беріпті.

Айталық, «түрк» этнонимінің шығу төркініне барлау жасаған чуваш ғалымы Н. И. Егоров әйгілі француз шығыстанушысы Э. Блошенің Авестадағы «tuga» этнонимін «бүгінгі түрк текті халықтардың арғы бабалары деп танитындығын мысалға келтіреді. Неміс ғалымы Т. Нельдеке де орыс тарихшыларының тұрларды ирандық тектен таркататындықтарына сенімсіздік білдіріпті. Неміс үнді-ирантанушысы В. Гейгер тұрларды Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауларынан Әмудария мен Сырдария өзендерінің екі бетін ала Жайық және Еділ өзендерінің төменгі ағыстарына дейінгі аралықта жайлаған түпкі түрк текті жұрттар деп анықтапты. И. Маркварт болса авесталық тұрларды массагеттердің нақ өзі деп бағамдаған көрінеді. Осылар сияқты басқа да ондаған пікірлерді салыстыра талдаған Н.И. Егоров тұрларды сақ тайпаларының көне аталымы деп анықтайды. Тұрлар сөйлеген тіл кейбір зерттеушілер жорамалдап жүргендей, иран тілі емес, керісінше көнетүрк тілі болғандығын негіздейді. Тұрлар кейіндеу келіп тұрандықтар атанған, дейді (8. 294-295 б).

«Түрк» этнонимінің қалыптасу тарихына қатысты шынайылық пен ақиқаттылыққа толы жаңа пайымдаулар жасалған келесі бір тұшымды еңбек, Ж.Бейсенбайұлының айтуы бойынша, өзбекстандық ғалым Аблат Ходжаевтың зерттеуі. Өзінің осы еңбегінде А. Ходжаев қытайдың тарихына қатысты дереккөздерді қайта сараптаудан өткізген жаңа анықтамалық энциклопедиялар мен зерттеулерді молынан пайдалана отырып, арғытүрктік этнонимдерді соны қырынан тыңғылықты түрде талдаған. Ходжаевтың Қытайдың билеуші әулеттерінің ежелден бергі жинақталған 24 томнан тұратын «Эршисы ши» (24 тарих) басылымынан басқа да кейінгі отыз жыл шамасында ҚХР мен Тайванда жарық көрген іргелі зерттеулерді, 1986-1991 жылдары басылған 8 томдық «Ханьюй дацзыдаянь» (Үлкен иероглифті сөздікті), 1986 жылғы «Ханьцзы гуинь шоуцэ» (Қытай

иероглифтерінің көне айтылым анықтамалығы) секілді құнды дереккөздерді, Сы ма Чианның (Сыма Цян) әйгілі «Тарихи жазбаларына» (Шы-зи) еңбеген мәліметтерді кеңінен пайдаланып, оларды түпнұсқалардан оқи алуының арқасында оқырманды көп жайға қанықтыратынына мән береді. Айталық, А. Ходжаев көнеқытайлық дереккөздерге сілтеме жасай отырып, байырғы түрк текті халықтар мен ежелгі ханзулардың өзара араласып, ауыс-түйістік қатынас жасай бастағандықтарына 5 мың жылдай уақыт өткен, дейді. Оның дәлеліне ол «Ханьюй даңзыдаяньнан» (Қытай тілінің үлкен иероглифтік сөздігінен) мынадай сілтемені мысалға келтіреді. «Тиектер (түркер) Жунгомен, яғни, Орталық мемлекетпен Шиа (Ся) патшалығы тұсында ауыс-түйісті қатынас жасай бастаған» (10. 26 б.).

Ежелгі қытайлар өз мемлекеттерінің айналасын жартылай болса да қоршай орналасқан түздіктерді төрт құбылаға бөліп: «И» – шығыс жабайылары, «Жұң» – батыс жабайылары, «Мән» – оңтүстік жабайылары, «Ди» – солтүстік жабайылары деп атаған көрінеді. Дегенмен де хуасялықтар өздерімен көрші отырып, батысы мен теріскейін жайлаған түздіктерді олардың өздерінің атауларына ұқсас етіп көбіне көп «тиек» деп атаған сыңайлы. Ал, олардың «тиек» деп атаулары, түздіктердің өздері өздерін атамалайтын «түрк» этнониміне сәйкес келеді. Себебі, ежелгі де, қазіргі де қытайлар «р» дыбысын дұрыс үндестіре алмайды. Бұзып дыбыстайды.

Осыған қарағанда, дейді ойын одан әрі сабақтаған Ж. Бейсенбайұлы өз зерттеуінде, ДНК-генеалогиялық төркіндері бір R1b мен «шығыстық, автохтондық» R1a, оңтүстіксібірлік, жалпыалтайлық, орталықазиялық Q, C3 (C2), O, N зәуаттарының түрктік нышанды бұтақтанған түздіктерді – арғытүрк текті, сонау замандарда бірде сақ, бірде хун, бертін келе әртүрлі этнонимдік аталымдарды иеленген түрк текті жұрттар қатарында санайды. Әйгілі сақ мәдениетін де сол батыстық және шығыстық түбі түрк текті халықтардың өзара ықпалдасуынан, тұрандық және ордостық үрдістердің бірін-бірі толықтырып құнарлануынан қалыптасқан үрдіс ретінде бағамдайды. Ал Ж. Бейсенбайұлының көнеқытайлық түпнұсқалық дереккөздеріне сілтеме жасай келіп, Қытайдың ежелгі Шаң және Жыу (Чжоу) патшалары түп-тегінің түздік жұрттардан екендігін дәйектейтін мысалдарды алға тартуы

да оқырман назарын аударары сөзсіз. Бұл орайда автордың еңбегіндегі 167-168-беттерден мынадай жолдарды оқуға болады.

«Шаң» дәуірінде өркен жайған Аньян мәдениетіне тән (ж. с. д. XIII-XI ғ.) орасан зор патша қабірлері, әскери арбалар, қолдан жасалған тамаша ыдыстар мен бұйымдар, қару-жарақтар оларды аршып алған археологтарды қатты таңырқатқан. Өйткені, осы өркениет алдындағы эрлиитоу-эрлиган мәдениеті кезеңінде (ж. с. д. XVI-XIV ғ.) мұндай сән-салтанатты патша обаларын тұрғызу, дөңгелегі жеңіл әрі сапалы әскери арбаларды жылқылармен бірге көму дәстүрі болмапты. Ал Шаң дәуіріне қатысты зерттеулер барысында жүйеленген дәйектер бойынша, ж. с. д. XIII ғасыр шамасында сол Сарыөзен алабына батыс жақтағы далалық кеңістіктен салт атты, «жүрдек арбалы» еуразиялық нәсіл нышандары басымдау жұрттар басып кірген көрінеді. Арбалармен соғысу тәсілін жетік меңгерген олар, тез арада-ақ жер емген тұрғылықты халықты тізе бүктіріп, күллі билікті өз қолдарына жинап алыпты.

Ғылыми зерттеулерде Шаң патшаларының шыққан тегі сол «Ордостық шептен» келген әулеттерден болуы мүмкін деген болжам айтылады. Өйткені, ол «жүрдек арбалылар» қалың қытайға көп ұзамай-ақ сіңісіп, солардың тіліне жаппай ауып кетсе де, өздерінің бағзыдан ұстанған, патшалары көз жұмғанда, о дүниеге ерекше салтанатпен аттандыратын дәстүрлерін ұмыта қоймапты. Бұл өңірде бұрын ұшыраспаған жерлеу жораларын енгізіп, жойқын патша обаларын тұрғызу, көсемдері өлгенде, олармен бірге жылқылар мен арбаларды қоса көму секілді ғұрыптарды орнықтырыпты. Аз уақыт аралығында жүрдек арбалы жасақтарымен Сарыөзен аймағындағы отырықшы тайпаларды бірінен соң бірін бағындырып, қуатты елге айналып үлгерген Шаң билеушілері, басып алған жерлерінде қала-бекіністер салдырып, сол қорғандардан маңайдағы жұрттарға жылма-жыл жорық жасап, мал-мүліктерін сыпыра тонап, мындаған тұтқынды айдап әкеліп, құлдыққа салатын, айдарынан жел ескен әлеуетті мемлекет ретінде танылыпты. Жеңімпаз шаңдықтар көсемдерін – «уаң», өздерінен тарағандарды – «байсын», ал, бағынышты жұртты – «шумың» (қара бұқара) деп атайды екен. Қытайдағы темір еріту, ұңғылы айбалталар жасау

дәстүрі де осы аныян мәдениетінің бастапқы кезеңі – ж. с. д. XIII ғасырдан басталған, делінеді.

Осындай дәйектерге орай, бүгінгі ғылымда: «қытайлық өркениеттің шарықтап дамуы, Шаң дәуірінде батыстан жеткен үш маңызды инновациялық жаңалық – жүрдек арбалы көлік, жылқы және металлургияның арқасында жүзеге асты» деген тұжырымға көбірек мән беріледі (8. 167-168 б.). Бұрындары ғылыми айналымға енбеген түбі түрктеткі халық туралы мұндай соны мәліметтер Ж. Бейсенбайұлының зерттеуінде көптеп саналады. Ал, автордың арқайымдық түздік мәдениет кешені, Тұран мен Ордос аралығындағы түздік жұрттардың этноетегіне қатысты пайымдары, тарым сембелерінің автохтон жұрттардан қалған қаңқалар екендігін дәлелдеулері, ішғұз (сақ-скиф), һу (ғұз), хұн атауларының этимологиялық мазмұндарына жасаған талдаулары, үйежы (юечжи) жұртының, тохар, дай, теле мен қыпшақтық түзілімдер туралы ой-толғамдары жаңаша мазмұндау мен түйіндемелік жаңа тұжырымдарға толы.

Ж. Бейсенбайұлының бұл еңбегі өте өзекті, түбі түрк текті жұрттарға қатысты бұрындары айтылмаған, әрі тың, әрі қызықты мәселелерді көтеруімен ғана емес, мазмұнының нәрлігімен, бұрыннан қалыптасқан догматтық қағидалар аясынан шығатын соны қорытындыларымен де ерекшеленеді. Жалпы, орталықазиялық мәдениеттердің қалыптасуына мұрындық болған Беғазы-Дәндібай мәдениетінен құнарланып, далалық кеңістіктің барлық өңірлерінде бой көтерген түбі арғытүрктік өркениет көріністері өз оқырманын баурап алып, оқыған сайын жаңаша ой түйсіктерге жетелейді, түрк тектілікке мақтаныш сезімін тудырады. Түбі түрк текті халықтардың ұлан-ғайыр тарихы ежелгі, бағзы, қадым, орта ғасыр, жаңа заман, қазіргі кезең дегендей сабақтастығын үздірмей небір тылсым дүниеге шомылдырып, жалғасып кете береді, кете береді... Лайым түбі түрк текті халықтардың этноетектік түзілімін, тіні мен тілін өшіре көрмегей!

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Клесов А. А., Тюняев А. А., Происхождение человека (по данным археологии, антропологии и ДНК-генеалогии) – М: Белые Альвы, 2010. – 1024 с.

2. Миграционный путь гаплогруппы R1b1b2 в Европу и расселение в Европе (критический обзор) // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010, т.3, №10. С. 1652-1675.
3. Основная загадка во взаимоотношение индоевропейской и тюркской языковых семей и попытка ее решение с помощью ДНК-генеалогии // Вестник Российской Академии ДНК- генеалогии, 2010, Т. 3, №1, с. 3-58.
4. Сулейменов О. Язык письма. – Алматы - Рим: San Paolo, 1998. – 502с.
5. Древнейшие восточно-азиатские ветви гаплогруппы R1a // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2009: т. 2, №5. С. 879-888.
6. Гаплотипы R1a на Алтае: «автохтонны» и «индоевропейцы» // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2012, т.5, №12. С.1511-1525.
7. Дроздов Ю. А. Тюркскоязычный период европейской истории. – М.–Ярославль: Литер, 2011. –600 с.
8. Бейсенбайұлы Ж. Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер. – Астана: Ғылым, 2015. – 468 б.
9. Оппенгеймер С. Изгнание из Эдема. – М: Эксмо, 2004. – 640 с.
10. Ходжаев А. Извлечение из китайских источников //Материалы по этнической истории тюркских народов Центральной Азии. Сборник. – Ташкент, 2003. – С. 5-35.

**Оразбек Нұсқабаев**, профессор  
(«Ақиқат» журналы. 2017 жыл. №10)



# ЛЕБІЗДЕР



## МЕЗОЗОЙ АРШЫЛЫП ЖАТЫР

80-ші жылдардың өресінде біздің журналистикамызда Жарылқап Бейсенбайұлының (ол кезде Бейсенбаев) атағы дүркіреп тұрды. Оңай ма, ұлттық журналистика бойынша бірінші болып Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын алу. «Кенен, Кенен дейді ғой елдің бәрі» деп Жәкем айтпақшы, бір күні лауреатты көрмекке «Лениншіл жас» газетінің редакциясына бардым. Қолымда Шоқан жайында жазылған шатпырағым бар (сол жылдары Жақаң өзі қызмет істейтін жастар басылымының бетінде отөрім ғалымымыз туралы сериялы мақалалар жариялап, соңыра оларды «Шоқан ізімен» деген атпен кітап етіп шығарғаннан кейін, біз, бірқатар студент Шоқан «ауруымен» ауырып қалғанбыз). «Бекенді көр де, әкенді көр» демекші, Жақаң өңінің ептеген қарасұрлығы болмаса, өзі де Шоқанға іші мен сырты сондай ұқсас, бәденді жігіт екен, тек мұрты жоқ. Сөзге көп құлшына қоймайтыны, әңгімеге сараңдығы да Шоқанға тартпаған. Қара жердей салмақты. Әңгімені кесіп, турасынан тартып айтады. «Біртоға, жақсы жігіт» деп қазекең осындайда айтатын болуы керек.

Жақаң ол кезде адамгершілік тәрбие бөлімін басқаратын. Ұзынша еңсіздеу бөлменің күн түсер төр жағында бөлімнің қызметкері Әділғазы Қайырбеков, одан төменіректеу екінші қызметкер Нұрлытай Үркімбаева жайғасқан, ал Нұрлытайға қарама-қарсы қабырға жақта Жақаңның үстелі. Студент болсақ та жөн-жосықты біліп қалған шағымыз, бастықтың өз қызметкерлерінен төменірек отырғаны шамалы таң көрінді. Жалғыз-ақ артықшылық – телефонның құлағы бөлім меңгерушісінің үстел аумағында.

Сол жолы көнтақым редактордың автор мақаласымен қалай жұмыс істейтінін (сол кездегі журналистік слоганмен айтқанда қалай қорытатынын) өз көзіммен көрдім. Қаламы марқая қоймаған жасталап студенттің жазғанын әрлеп, жүйелі өрнегіне келтірем деп әуреленген де жоқ, қидалап қолын батырмады да. Небәрі екі сөзді қалыпқа келтірді, – Семенов Тянь-Шанскийдің сойын дұрыстады және «кәрзеңке» дегенімді «себет» деп түзетті,



сосын шатпағымды сауырдан бір салып, машбюроға қоя берді. Стилімді сақтағанына өзімше болып қалдым.

Тағы да бұдан біраз жыл бұрын-ды... Комсомол бытырап, ғылымға ауысқан жылдарымның бір күнінде автобуста Ғарифолла Әнеспен ұшырасып қалдым (ол кезде Ғарекең қоғамдық көлікті пайдаланатын). Сөзден сөз шығып, Ғарекең өзінің жаңадан ұйымдасқан «Ана тілі» газетінің тіл бөліміне орналасқанын, басред боп келген Жарылқап Бейсенбайұлы редакцияға жазатын жігіттерді жинап жатқанын айтып, өзімнің сондағы қосымша қызметтен бағымды сынап көруіме шақырды. Барсам, айтса айтқандай, жал-құйрығын тараған кіл жүйрік жиналыпты: Ғарекеңнен басқа Бақыт Сарбалаұлы, Қонысбек Ботбай, Байбота Серікбай (Қошым-Ноғай), Аманқос Мектеп, Болат Шарахымбай... – кейбіреуі бір-бір саланың маманы, кейбірі ғылым бабынан жазатын, әйтеуір білім сауаты жоғары жігіттер. Менің еншіме елтану бөлімі тиді. Жайдақ үстел, сықырлақ орындықтарға жайғасып алып, кірісіп кеттік.

Әдепкі кезеңіндегі «Ана тілі» толқын тоғысқандай халде еді. Халықтың көкірегінен жақсы орын алатын тақырыптарды беріп отыратын редакциялық ұжымдар ілгерілі-кейінгі заманда аз болмаған шығар, ал газетті сүйетін де, сүйейтін де қалың оқырманы бар басылым қандай болатынын өз басым сонда бірінші және бәлкім, соңғы рет көрдім. Сөз болып отырған 1990 жылдардың басында қалың қазақтың бойын тап Алаш дәуіріндегідей бір зор бұлқыныс сезімі, рухани ширығу кернеп еді. Осынау ғажайып ұлттық көтерілу, серпілу дәуірінің келтесінен шорт қайырылғанын ойласам, әліге дейін ішімнен қанды бұрау өткендей болады. Иесі де, жүйесі де белгісіз бүлдіргіге тап болмай, сол қалпымызбен кете бергенімізде бүгінде бір қараға ілігетін едік.

Қайсыбірін айтарсың, зердемде қалып қойғаны, «Ана тілінің» жалпы таралымының әуелгі 25 мыңнан келесі жылы 111 мың данаға өсіп, рекорд жасағаны. Орыс тілді журналистердің арасында «Когда газетчик пишет о газетчике, обязательно наврёт» деген бір сөз бар. Болса болар, бірақ қалай десе де бүгіннің биігінен қараған уақытта «Ана тілінің» әлгіндей боп гүлденуінің көп себебінің, бірақ елеулі себебінің бірін әлденеге оның бас редакторының кәсіби және адами қасиеттеріне

байланыстыруға жақын тұратыным бар. Бас сарашының (Жақаң келе салысымен «редактор» дегенді «сарашы» деп өзгерткен) кішіпейілділік қасиеті елден ерекше. Жұртпен бірге жалпы асханаға барудан тартынбайды. Алдына атасы өлген келіндей еркінсіп кіре бересің. Бір сөзбен айтқанда, Жақаң біздің көзімізге көрініп тұратын, бірақ даусы құлағымызға онша келе бермейтін, бірақ көрінбей жүріп-ақ аз қимылмен, азбыншы сөзбен көп іс тындырып тастайтын жайлы бастық болды. Әкімқаралардың шығармашылық таланты – бұйрық беру дейді ғой, ондай таланттан Жақаң мақұрым. Сөйтсе-дағы жәй сөйлегенінің өзі жаныңды жейді. Одан да әкіреңдеп, зіркілдеп ұрысса дейсің.

Мұны неге айтып отырмын?!

Қазіргі бас редакторларға мәлім бір шындықтың болуы мүмкін. Ол – басылымның құлағын ұстап отырған адамның күнделікті ең кемі алты сағат уақыты журналистикаға емес, өмірдің өнбес тәртібіне кететіндігі. Жалпы біздер, қазақтар, өнер тәртібінде ем қонбайтындау халықпыз ғой. Өнерді, соның ішінде журналистика өнерін өсіретін – қашанда бірінші басшы орнатар қатаң тәртіп. Журналистикада басредтің диктатурасынсыз басылымның жақсаруы неғайбыл. Мықты режиссерлердің театрға сыймайтыны сияқты мықты бас редакторлардың газет-журналдардан кетуінің де бір түйткілі осында. Қай редакцияны алып қарасаң да онда ортақ іске басы ауырмайтын, жаны ашымайтын жекелеген қызметкерлер (кейде қызметкерлер тобы) табылмай тұрмайды. Бұл қашанда басылым үшін журналист табылса да, басред табыла бермейтіндігінің бір белгісі. Шындығы сол, басылым әріден ойлайтын басред пен кеңінен орайтын журналистердің тандемімен ғана жақсарады. Бұл менің өз пікірім, бәлкім ол кейінгі жылдарда, журналистика қуаңшылыққа ұшыраған кезде қалыптасқан пікір болуы да мүмкін. Ал Жақаңның бағына қарай, ол газетке басшылық еткен жылдары кейін жан-жаққа шашырап кеткен ұлттық журналистиканың таңдаулы кадрлық корпусы шашау шықпаған еді және қазіргідей емес, жұмған жұдырықтай бірауызды-тын. Содан да болар, Бейсенбайұлы өздері камшы салдырмай тұрған және арқасын қалың оқырманға тіреген (редакцияға хат қап-қабымен келіп жататын) ұжым мүшелерін мен айтқан диктатурасыз-ақ иегімен өргізіп, қабағымен жусататын. Қызығы, олар да намазды

құбылаға қарап оқымайды, Жақаңа қарап оқиды. Енді ше, басшының жұмыс стилі ұжымның көңілінен толық шықса – уақыт жағынан шығармашылық еркіндік берілсе; ай сайынғы айлық және гонорар түрінде екі жалақы келіп қалтаға түсіп жатса; оның үстіне әрқайсысының негізгі жұмыс орны болса. Егер соның алдындағы кеңестік журналистика тілшіні кез-келген тақырыпқа салып, өндірістегі көп станокшыдай көкжұлын етіп ұстаса, Жақаң әлемдік баспасөз тәжірибесіне бағып, бізді арнайы тақырыптарға мамандандырды. Журналистердің өз жүрегіне қонақтаған тақырыпқа ғана қалам тербеуіне мүмкіндік берді (мәселен, осы жолдар авторына іссапар қаражатын және қаламақысын алдын-ала төлеп, Ресейдің бес қаласына барып, архив-кітапханаларда жұмыс істеп қайтуына жағдай жасады, осы үшін көзім жұмылғанша разымын). Кейбір жазғыштардың пеш түбіндегі қияли ойларын газет бетіне әкелуіне ада-күде тосқауыл қойды, көтеріңкі лепте, пафоспен жазуды тыйды. Танымдық сипатынан бұрын ағартушылық сапасы жоғары материалдарды көбейтті. Уақыт талабымен санасып, пікірлер әралуандығына мән берді. Жақаң қол қойған жеті жылдағы газет нөмірлерін осы ауан желімдей тұтып жатыр.

Плюрализм десе ойыма бір тауарих оралады.

Бірде интернет-ресурсты ақтарып отырып, қызылордалық журналист Айжарық Сәдібекұлының «Жалғыз эмигрант» дейтін мақаласын ұшыраттым. Автор онда бұрынғы кеңестік арнаулы қызмет генералы А. Мұстафинның Мұстафа Шоқайды нацизммен сыбайласқан коллаборационист етіп көрсеткен мақаласы облыстық газетке қалай келіп түскенін, кеңестік шалықтан құтыла қоймаған сол кездегі арнаулы қызметтің жан-жаққа мақала жолдап, Шоқайды қаралауды жоспарлы негізге қойғанын әңгімелепті. Жазуынша, доғарыстағы генерал мақаласына қосып жіберген хатында материалын бұрынырақта «Қазақ әдебиеті», «Өркен—Горизонт» газеттерінің жариялаудан бас тартқанын, тек республикалық «Қазақ тілі» қоғамының баспасөз органы — «Ана тілі» газеті ғана 1991 жылғы 8 тамыздағы нөмірінде басқанын чекистік мәтінмен тізіп келтіріпті. Мақаланың негізгі мазмұны сақталғанымен, мәтін ықшамдауға ұшырағанын, оған қоса сол нөмірде Шоқаевты жақсылайтын, бұрынғы «Түркістан легионына» қатысушы Уахит Тұрысбековтің естелігі қоса

берілгенін айтып, енді өз мақаласын қысқартпай, толық күйінде шығаруды талап етеді.

Иә, ондай жағдай болған. Материал алдымен өзім отырған елтану бөліміне келіп түсті де, соңыра басредпен ақылдаса отырып, жариялауға келіскенбіз. Біріншіден, сол кезде сәнге асып тұрған плюрализмді ұстандық, екіншіден, ол жылдары арнаулы қызметтің қолындағы Шоқайға қатысты материал біздің қолымыздағы шөпшек деректерден анағұрлым қомақты-тын (Мұстафаның үстінен «Франс» деген атпен тұтас досье ашылып, ондаған жылдар бойына агентуралық мәлімет жиналып келгені кейін анықталды ғой), яғни Шоқай мен нацистердің арақатынасы шын мәнінде қалай болғанын ол кезде ешкім, соның ішінде біз де дәлдеп білмейтінбіз. Ендеше шындыққа көз жеткізбей тұрып, жоғарыдағы тұлғаны бірыңғай мақтай беру қалай десе де тарихи объективтілік болмас еді. Қысқасы, бөлім меңгерушісі мен басредтің бұл жөніндегі ойы бір жерден шықты және осы факті екеуіміздің біраз жас айырмашылығымызға қарамастан тетелей теңесіп, ортайып кеңесіп кетерлік бір «қан тобынан» екенімізді көрсетумен қатар, Жақаңның кез келген адамның пікірін сыйлайтын, әрі объективтілікті жоғары қоятын әділ пікірлі адами болмысын, ақиқатшыл азаматтық ажарын да танытады.

Жақаң негізгі кәсібі — журналистикадан әзірге дейін қол үзбей келеді (ал бұл — студенттік жылдарын қосып есептегенде артық-кемі жоқ жарты ғасыр!). Бес ондық жыл тек қана жазумен машқұл болу дамылсыз іздену, табанды еңбектенумен ғана келіп қоймайды, ол психофизикалық тұрғыдан үлкен төзімділіктің арқасында ғана мүмкін болмақ. Жазушы үшін таза ақ қағазды алдына қойып, мелшейіп соған қарап отырғаннан өткен азап жоқ. Дүние тіршілігіндегі ең тозақы нәрсенің бірі. Кейде тіпті бәрін тәрк етіп, Үшқоңырдың шатқалына кіріп, шалаш тігіп жатып алғың кеп кетеді. Жақаң сондай-сондайдан өткен және бар қылатын да, жоқ қылатын да сөздің азабына шыдап, сынынан абыроймен өтіп келеді. Аз жазады, бірақ талғаммен жазады. Шығармашылық қуатының аздығынан емес, жаттанды тақырыпқа, қалыпқа қатырылған канонға, нәрсіз сұйық сөзге ата жау бипоздығынан. Содан «Жақаң қашан жазар екен, не жазар екен» деп күтіп жүргенің. Кезінде «Ленжастағы» «Аққу» эстетикалық клубы аясында жариялаған материалдар топтамасы,

әдеп қағидалары туралы мақалалары оқырманды осылай дүр еткізіп еді (кейін «Буырқанған бояулар» және «Әдеп әлемі» деген екі кітап болып шықты және Жақаң комсомол сыйлығын осы кітаптары үшін алды). Бізде маскүнемдікті арнайы тақырып етіп көтергендер аз болмаған, әсіресе Хрушев пен Горбачев тұсындағы араққа қарсы дүркін-дүркін науқандар тұсында біраз қазақ шабылудай шабылды емес пе. Осы кіді тақырыпқа «Денсаулық үшін алып қояйық!» дейтін парадокстік атпен Жақаң да барды. Бұл әлеуметтік зерттеудің жоғарыдағы шала шабылулардан айырым қасиеті сонда, егер соңғыларын оқу боқалды мәмілдете толтырып алып, түбіне жетіп барып «талдау» жасайтын әдеттің қылшығын әсте қисайта алмаса, Жақаңның «ақаң» шабуылынан соң ауық-ауық алып қойып жүретін біздің өзіміз алдымызға ас қойып, әкетіп қалғандай күйге түстік. Осының барлығы сөз иесінің мойын бұрғызбастай орынды дәлелінен, кісіні еріксіз иландыратын дәйегінен һәм сөзден саңылау қалдырмай, қиюынан қыл өткізбей жазатын асқан шеберлігінен туындап жатады.

Жарылқап Бейсенбайұлы кәнігі аптекші сияқты сөз бен ойды алдымен дозалап бере келіп, бірте-бірте күшейтіп, соңында оқырманын қалайда өз жағына шығарып алатын, бір сөзін «былай болса» дегізбейтін стилист қаламгер. Қаспағы кетпеген қыр елі — Қызылқұмның қоқты-қоқтысында өзеннің басындай ескі адамдардың қасында отырып, сөз бағып өскен елдің оғыланы қазақтың қара сөзінің мәйегін бар айшығымен жеткізуімен ерекшеленеді (енді бүгін интернеттің транслейт аудармасын еске салатын қазіргі материалдарды көргенде ауа жетпегендей жұтынып қаласың, сонда бізге жетпей тұрғаны – Жақаңдардың қаламынан тамған баяғы мақалалар, олардағы қазақтың шұрайлы, шүйгін, рақат тіл жайлауы екен ғой).

Сөзіміз құрғақ болмасын, айта кетейік, Жарылқап Бейсенбайұлы «Ана тіліне» сарашылық еткен жылдары тілімізге жаңадан қосылған аталымдар мен атауларды санап шығу мүмкін емес. Соның барлығы болмағанымен көпшілігі автор-иелерінің аты ұмытылып, халыққа байырғы бояудай сіңісіп, өзіміздің төл сөздерімізге айналып кетті. Осы құбылысты Жақаң бүгінде басқарып отырған «Мәдени мұра» журналының тәржімелік тәжірибесінен де байқаймыз. Мысалы, ол бұрын әрқилы, әрі

сәтсіздеу аударылып келген «барабан купола» тіркесінің «күмбез мойындығы» дейтін жүзікке қас қондырғандай әдемі де табиғи дәл баламасын тапқан. Ал енді біздің осы жерде ұқсастыруымыздағы «қас» сөзімен ежелгі түркілер «нефрит» тасын да атапты. Әнеу бір жылдары 130-ға келген бір кемпір шөбере-шөпшегін «Маған компьютер үйретіндер» деп қинапты, сол айтқандай, алпысқа келген жасында заманауи технологияның құлағында ойнап кеткен Жақаң ондағы жыныс сөздіктерді ақтарыстырып отырып, жоғарыдағы сөздің де аутентті баламасын тапты. Айтуынша, «қас» ұғымының семантикалық мағынасы кең, ол заманында «свастика» мәнін де беріпті (бірақ мен бұл турада свастиканы «гамашпаш» деген өз пікірімде қаламын).

Спорттағы бапкер-ойыншы секілді басред кездерінде өзі де қаламын құрғатпай жазған және әдемі, жақсы жазып үлгі көрсеткен Жақаңның материалға ат (тақырып) қоюының өзі бір жосын. Оның бір себебі, ұстазы – есімі қазақ журналистикасы үшін қастерлі Сейдахмет Бердікұлұлы қой. Сейдағанның тақырып қойғыштығы жұртқа мәлім. Мысалы, кезінде бір мерейтойлық мақаласы «Кайнозой аршылып жатыр» деген көкпар аттай ойнақы тақырыбымен тәнті еткені есте (Жақаң жайлы осы мақаламыздың да атын ұстазының сол бір материалына ұқсастырып алдық). Ал Жақаң өз кезегінде ұстазы жайындағы естелік мақаласына «Ұстахана дүрілдеп тұр» деген ат тақты. Аз сөзге кең мағына сыйғызған оңтайлылығына қоса ертеңге деген сенімін, әріптестеріне үмітдар оптимистігін көрсететін қандай әдемі атау! Жазушыны, оның жазу мүсінін жазған дүниесінің аты бәрінен де дәл суреттеп беріп тұрады деген сөздің шындығына осындайда қол қояды екенсің. «Кітаптың аты – адамның көзі» дейтін Константин Гамсахурдия теңеуі шылғи рас.

Жақаң журналистикаға баулып, жазуын түзетіп шығарған шоғыр өз алдына ғой, сонымен бірге тәжірибелі басшының әріптестеріміздің қатарын қалыңдатуда өзгеше, тосын бір әдіс қолданғанын да айту жөн. Осы жұрттың бірқатары басқа мамандықтарға ауысқан журналистерден кірпідей жиырылуын қоймағанымен, өзге кәсіптерден журналистикаға келіп, нан айырып жүргендерді «ұмытып» кете береді. Несі бар, бұйырған несібе шығар, жүре берсін, келе берсін. Гәп солардың кімнің

қолынан, нендей мектептен өтуінде болса керек. Айтайық дегеніміз, журналистикаға Жақаңның шақыруымен жуықтау болса да өзге кәсіптен ауысып келген марқұм Марат Қабанбай мен марқұм Жұматай Сабыржанұлы (бірі балалар әдебиетінен, екіншісі сатирадан ауысқан-ды) «Ана тіліне» келе салысымен «екінші тыныстары» ашылып, аузымен құс тістеген кәнігі көсемсөзшілер ретінде құлпырып сала берді. Бұл жағынан да Жақаң атса ондыққа тигізетін, соқса қасқыр соғатын түйсікшіл шалымдылығын танытты. Енді айта беруге болады, осынысымен ол тағдыр жолдары ауырлау болып жүрген әлгі қаламгерлердің қалған жарық сәуле өмірлерін мәнді де айшықты өткізіп, берерін беріп кетулеріне жол ашты да ғой.

\*\*\*

Әнеу бір кезеңдерде шын тарихына қаталап жүрген қазақ тарих тақырыбына жазылған көркем кітаптарды оқып, шөл басушы еді. Бұл өзі маңдайыңа сарт етер шоттың басы сияқты екі жақты нәрсе: негізінде көркем әдебиет оқырманның қиялын ұштап, түйсігін жеттіктіре отырып, тарихи алыс уақыттың тереңіне бойлауына мүмкіндік беретін керемет қасиетке ие. Ғажап емес пе, Ноэль Шаяхметов қалпына келтірген Махамбеттің бассүйегі мен суретшілердің оған дейін жұрттың айтуымен, бірақ өз қиял жолын негіз етіп салып шыққан сомсуреті адам таңғаларлықтай ұқсас болып шыққан ғой. Аристотель «Поэтикасындағы»: «Тарихты көркем бейнелеу шындық тұрғысынан келгенде тарихи бейнелеуден де дәлірек. Поэтикалық өнер мәселенің мәніне терең бойлатады, ал дәлмедәл есепшілдік мәселенің егжей-тегжейін тізбелеумен шектеледі» деп келетін пікір және Карл Маркстің «Француз буржуазиясының тарихын Бальзак шығармалары арқылы жақсырақ және толығырақ біліп алуға болады» дегені осы жерге дәлел. Уақыт өтіп, әдебиет өркендей келе ол тарихи ақпараттардан көркемдігі мәнді бірліктерді ғана ала отырып, өз дәуірінің шындығын іздестіретін дәрежеге жетті, заманға онтологиялық талдау жасау үрдісін қоса қалыптастырды. Бірақ кенже жазулы халықтар әдебиетіндегі тарихи жанр тарихи жағдайларды суреттеумен шектелуден көпке дейін арыла алмады (солардың ішінде қазақ әдебиеті де болғанын және онда басталған оң өзгерістер

нарықтың келуімен тоқтап қалғанын мойындауымыз керек). Себебі, сипаттамашылық әлгі көркемдік тәжірибенің тікелей қайнары болып саналатын ғылыми білімнің негізінде жатыр еді. Сондықтан ішінде Әбіш Кекілбайұлы, Әнес Сарай, Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғараұлы бар бірқатар «алпыскер» қаламгер суреттемелік тарихи проза ендігі жерде өскелең талаптілекті қанағаттандыра алмайтынын сезіп, шекара-жігін нақпа-нақ белгілеу мүмкін емес алабөтен бір жанрда жаза бастады.

Солардың қатарынан 1970 жылдар өресінде біздің кейіпкеріміз де табылды, бірақ ол жоғарыда аталған топқа энеу бір ұқсай да қоймағанын айтуымыз керек. Себебі, сайып келгенде, шындықтың арқауын тарихи өреде ширатуда дәйектілікті ұстану сол шындықтың өзіндей кәделі бола алмайтын-ды. Шындықтың туған, бекіген сәттерін шынайы болмыш өмірмен және заманды жіті ұғыну сезімімен өлшей отырып қайта жаңғыртып, көз алдымызға келтіре алмасак, онда тарихи ақиқатты да ешқашан түсіне алмақ емеспіз. Ал бұл міндеттің үдесінен объективті түрде өзі суреттейтін уақиғаларға сырт бақылаушы болып қала беретін «фактологиялық проза» ыңғайындағы қаламгер мен кабинетпен шектелетін интеллектуал зерттеуші-эссеистен гөрі бағзыны реконструкциялауға мүмкіндік беретін журналист-жазушы, басқаша айтқанда кейіпкерге айналып кететін автор ғана шыға алатын. Редакцияда жүргенінде, газеттің «қара қамытынан» мойын босаған сәттің бірінде тарих музасы Клио келіп, көкірегіне ұя салып кеткен Жарылқап Бейсенбайұлының маңдайына тағдыр бізге мүлде таңсық осынау жаңа құбылыстың, – шынтуайтында, бұрынғы көркем очерктік прозаның, кейінгі эссеистік проза мен зияткерлік журналистиканың қосындысынан түзілген аралық жанр – тарихи эссеистиканың басында тұруды жазыпты. Және де журналистік кәсіп оған осы орайдағы тырнақалды ізденістерін тарихи географияның, оның «көшпелі» әдістері – іссапар, экспедициялардың көмегімен өрістетуіне, яғни тарихи шындықты он екі қырлы, он сырлы өмірдің өзінен іздеуіне жол ашыпты. Әсіресе тілші кезінде Шоканның ізімен жаяу-жалпы жүріп жасаған саяқ саяхаты, сол сапар нәтижесінде тревел-бук стилінде жазылып жарық көрген кітабы ұлттық журналистикамызға жыл келгендей жаңалық сыйлады. Сол



тұстағы осы тектес ілгерілі-кейінді ізденістер – жазушы Қалмұқан Исабаевтың Ертіс-Қарағанды каналын бойлап жаяу жүрген сапары, журналист Зұлқарнай Сақиевтың Сырдарияны жағалап жасаған экспедициясы, тележурналист Серік Байхоновтың салдауырмен өзен өрлеген жобасы бірі өндірістік, екіншілері экологиялық мақсат-міндетті көздесе, Жақаңның «Шоқан ізімен» кітабы (1977 ж.) – тарихи өткенімізді мосылап қос тігіп, жаппа құрып жатып, тау-тас кезіп жүріп тірілтудің отының алды, суының тұнығы ретінде өзі де тарихқа кірді. Сол кітаптан басталған зерделі сапардың түйіні 2009 жылы «Қазақстан» баспасынан «Шоқан» деген атпен жарық көрген көлемді роман-эссеге ұласты. Бұл басылым көп планды, яғни онда Шоқанның тұңғыш толық ғұмырнамасы жасалумен бірге Кенесары-Наурызбай қазасының да жайы алғаш рет жүйеленіп, талдап берілген, десе де мен үшін осынау жойқын еңбектен гөрі сонау қалақтай алғашқы нұсқа ыстығырақ. Жақаңның орнында болсам, репринттік басылым жасаған болар едім. Кітабың – өмірбаяның, ал өмірбаянды өзгертуге бола ма?!

«Шоқан менің көп уақытымды алды, бірақ ол өкінетін бейнет емес еді» деп Әлекең (Әлкей Марғұлан) айтпақшы, Шоқанның әбігері Жақаң да біраз бейнет болғанымен, түбі хайыр. Жақаң «Шоқан ізіменнен» соң барған жерінде өзіне сеніп тапсырылған басылымды алдыңғы басылымдардың алдына алып шығумен қатар редакциялық мүмкіндікті тиімді пайдаланып кітап жазуын әдетке айналдырды. Көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген «Қазақ шежіресі» зерттеуі осылай жасалды. «Ана тілінде» жүргенімде кәтекі қаламгердің бұл материалды қалай жинағанын, құдды қазіргі шоу-бизнестің атжалман продюсері іспетті халықты қызған үстіне қыздыра түсіп, материалды қалай еселекенін (аз уақытта 2 мыңнан аса шежіре түсті) өз көзіммен көрдім. Жеті атамды айтар алдында міндетті түрде қағазға қарап алатын мен осы істі ат басындай алтын берсе де атқара алмас едім.

Жақаң өзі тұғырдан көтеріп, төрге шығарған сүйікті «Ана тілінен» талант-тәжірибесі толысқан, басылымды «Ұлт газеті» деңгейіне көтерейін деп тұрған кемел шағында қол үзуге мәжбүр болды. Бас жарылып, көз шыққан дәнеңесі жоқ. Белгілі жай емес пе, – көңіліне ұнамаған адамды қызметтен нарықтың әлегіне, тағы бірдеңелерге сайып босата салатын. Сөйтіп Жақаң Астанаға

ауысып, жаңа қала, соны ортада өмірінің жалғасты кезеңін *tabula rasa* – таза парақтан бастады. Тағы да мігірсіз еңбек, тағы да тынымсыз ізденіс. Алланың адамға тартқан сыйының бірі жағдайға бейімделе алу ғой, – ҚазАқпарат агенттігінің қазақ контентіне жауап беретін бас редакторы мұнда да жұмысты жаңа сапаға көтеріп әкетті: өзіміздің «қара орыстармен» жағаласып жүріп, ұлттық мазмұнды көбейтуге қол жеткізді, елімізде бірінші болып шетелдегі қандастарымызға арнап латын және араб қаріпті (төте жазу) ақпараттық преис-парақшалар жүйесін жасап енгізді. Төте жазудағы «Қазақ руханияты» атты аса ауқымды әдеби, мәдени және этнографиялық портал ашып Қытайдағы қалың қазақтың рақметіне ие болды. Техниканың тілін өзің біліп тұрмасаң, тілінді кім алады?! Осыны ұққан Жақаң аз уақытта заманауи ақпараттық технологияларды еркін меңгеріп алды. Сол білгенінің арқасында интернет-ресурстардың ұшы-қиырсыз айдынында еркін жүзіп, нәтижесінде көптен көкейде жүрген ойын – қазақ тарихының арғы түрк кезеңдерін зерттеу ісін жүзеге асыруға кірісіп кетті. Ғұн тарихының үлкен білгірі Отто Маенхен-Гельфеннің «Ғұмыр бойы жаңалық ашуға арбалумен жүріппін» деген сөзі Жақаңа да қаратып айтылғандай.

Негізінде Жарылқап Бейсенбайұлы интеллектуалды тарихқа Шоқан арқылы келген деу жөн. Байқаған адамға, Шоқанның жазғандарында арғы тарихымыз бойынша әдістемелік ойдың ұшқындары бар. Бірақ Шоқанның кезінде ориенталистика енді-енді қарақаттанып келе жатқан. Одан беріде ол, соның ішінде Батыс түркологиясы орасан ілгері кетті. Азияның Еуропаға барып өзін тауып жатқаны сияқты, бертін темір дарбаза құлағанда шетел ғалымдарының шығарған кітаптарынан өз тарихымызды өзіміз ашып, талып қала жаздағанымыз бар. Сонымен бірге оларда даусыз жетістіктермен қатар еуроцентристік көпе-көрнеу бұра тартушылықтардың орын алғаны да анықталды. Егер соларды орнына қойып, түркілік нұсқалы материалдарды пайдалана отырып тосын факт ұсынып, тыңнан дәлел келтірсе, екеуінің арасынан Қожекен айтатын «дегенбай» шашпа палау шығар еді. Бірақ, содан бергі ширек ғасырдай уақытта біздегі тарих ғылымы түркология бойынша ауызға аларлық еңбек бітіріп тастады деу қиындау болып тұрғаны. Бәлкім, осы тақырыпта жарияланып жатқан мақалалар, шығып жатқан кітаптар бар

шығар, бірақ соларды біз — қалың оқырман оқымасақ, ой елегінен өткізіп талқыламасақ, сөйтіп семген санамызды селт еткізбесек одан не пайда?! Біле білгенге, тарих дегеніміз ең алдымен біздің осы заман шындығы туралы түсінігімізді жылдамдататын ерекше ғылым ғой. Оны білуіміз тарих доңғалағы неге басқа жолмен кеткен жоқ, неге дәл бүгінгі күнге бастап әкелген сүрдек соқпақпен дөңгеледі деген сауалға толымды жауап алуымызды және болашағымызды ой көзімен көріп, болжауымызды жеңілдетпек. Ондай жауапқа, ондай болжауға бүгінгі академиялық ғылымды дендеп алған оқтау жұтқандай стандарттар, санада сартап болып сіңіп қалған тұрақты тұжырымдар мен біржақты қағидалар ырық берер емес, содан да тарихымызда аламыш-аламыш ақтаңдақтар мен бозтаңдақтар аяқ алып жүргісіз. Қиыны – «академияның қалбырға салып тастаған май шабақтарының» (Қалтай Мұхамеджанов лұғаты) жалпылама теориялық мәселелерді одан өткен жалпылама сөздермен әуезе еткен ұзын-сонар дерексіз дүниелері жұрттың тарихқа деген көңілін әбден суытып біткенін олардың өздерінің де жете сезінбеуі. «Жарлыны хан қойсаң да көжені айтады» демекші, он тарих институтын ашып берсең де баяғысынан танар түрі жоқ. Одан да қиыны — өз беттерімен тарихи зерттеулерге барған басқа мамандық иелерін, соның ішінде жазушы-журналистерді осы тақырыптар бойынша зеңбірек добы жететін жерге дейін маңайлатпауы.

Алайда, әр нәрсенің өзіндік шегі бар. Лосев дұрыс айтқан: «Блаженны учёные-профессора, ибо скоро скиснутъся они на своих факультетах!» Осы сөздің дәлеліндей болып соңғы жиырма жылдың өресінде қоғам халықтың талап-сұранысына орай өз ішінен тарих жазатын оншақты ұстын авторды екшеп шығарды: Қазақ әлемін құбылыс ретінде кешенді зерттеудің керегесін керіп кеткен жазушы-журналист Ақселеу Сейдімбек, қазақ тарихын арғы дәуірлердегі түрк өркениетінен іздеген ақын Олжас Сүлейменов, марқұмдар — журналист Амантай Айзахметов пен географ Серікбол Қондыбай, ілгергі орта ғасырдағы түрк тарихын қопарған жазушы-журналист Қойшығара Салғараұлы, жазушы Тұрсын Жұртбай, кейінгі орта ғасырдағы ұлттық тарихты тесіле зерттеп жүрген жазушы Әнес Сарай және арғы түрк тақырыбы бойынша жазғандарына жазушы-журналист деп

қол қоятын Жарылқап Бейсенбайұлы (байқайсыз ба, дәуірлер қалай әдемі қиылып бөлінген!). Жақанның зерттеу нысанының ерекшелігі — қазақ-түрк тарихын ізерлеуді адамзат тарихының елең-алаңынан бастауы және мұны нақты тарихи-жағырафиялық аяда – Орталық Азия (Хартленд) аймағы бойынша алуы.

Жиырма жылға созылып келе жатқан осы азапты да мігірсіз жұмыстың алғашқы нәтижелері «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» (Алматы, «Қайнар», 2006) және «Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер» (Астана, «Ғылым», 2015) деген атпен екі кітап түрінде жарияланды. Бірі 20, екіншісі 30 баспа табақтан тұратын іргелі еңбектер. Біз пақыр әудем жерден көрінетін омақаға сүрініп, апталарды безбендей алмай жүргенімізде, Жақаң мыңжылдықтарды мұрнынан тізіп, көгендеп тастапты. Ал сен пақыр апталарды ғана безбендей алатындығыңнан үнемі-ұдай «анау неге олай, мынау неге бұлай» деп келетін қаптаған жауапсыз негеш сұрақтардың қоршауында жүргенің. Әсіресе кекірелеп олай-бұлай шығып, ел көріп, жер тани қалғаныңда әлгі сауалдар ми қыртыстарыңда жауап тілеп анталай тізіле қалатынын айтсайшы: ирантекті Тәжікстандағы көне мекендер неге фарси забониша емес, таза қазақша Айхан, Шортақай деп аталады? Айханың Айхан, ал Шортақай — «шортанның шабағы» ретінде тек қазақ тілінде сақталған емес пе. Грузиндерге қазақтың «көше» дейтін сөзі сол өз мағынасында қалай жұғысты болған? Тіпті хан қаласының аты Тбилиси — «жылы су» дейтін мағынасымен тілімізге өте-мөте ұқсап тұрған жоқ па? Гректер желаяк, жүйрік кісіні «Аякс» дейтіні, ал қасапшыны «хасап» атайтыны қалай? Ханзу жұртының нанды «нан», апаны «або» дейтініне жол болсын?! Перудегі шөлстанның Атакама аталуы неліктен? Тынық мұхиттағы Мальта аралы мен Байкал-Ангарадағы Мальта тұрағының аттарының бір мағынаны — малта тасты білдіруін немен түсіндіруге болады? Мальта қайда, Байкөл қайда!?! Міне, осылай-осылай кете береді... Тамашасы сол, осы және өзге де жауапсыз сұрақтарымызға Жақанның қос кітабы нақты жауап береді.

Бұл еңбектер негізінде компилятив, соның ішінде 600-дің үстіндегі ғылыми қайнарларды бір жерге топтап, әр бөлім, әр тараудың ретімен сүзіп талдап, қорыту арқылы бірнеше пікірдің ортасынан ортақ түйін шығаратын сүлделеу (силлогизм) әдісімен

жазылған. Егер сол пайдаланылған дереккөздердің парақтарын ұзыннан ұзақ жайып тастар болсақ, құдай біледі деп айтайық, теңізкешкен Магеллан сияқты жер шарын бір рет орап алуға қаптал жетер еді. Ал енді осы ұшы-қиырсыз кітап-мақаланы тек оқып шығудың және жай оқымай, ішіне түсіп оқудың, әр жерде шашылып жүрген болжамды идеяларды қиырдан жиып, қиыннан қиып, топшылауын көпей, жүйелілігін дәкей етіп негізгі мақсатына қызмет еткізудің тозақы азабын айтсайшы. Бұл мақала соның бәрін жіліктеп талдап жататын жер емес. Жақаңның бұл еңбегіне бізге дейін қаламы ұшқыр, ойы үшкір авторлар рецензия мақала арнап, бағасын беріп қойған. Сондықтан келтесінен қайырғанда әңгіме былай.

Ж. Бейсенбайұлының зерттеулері алдымен түрк тектес жұрттардың талай мыңжылдықтарға кететін тарихы бар екенін қандай да болсын тірі ағзада биологиялық ақпаратты сақтап, ұрпақтан ұрпаққа бұлжытпай беріп отыратын тірі торша (клетка) өзегіндегі нуклеин қышқылы арқылы пәк тұрарлықтай етіп дәлелдеп берген ДНҚ-генеалогиялық зерттемелеріне арқа сүйейді. Гаплотоптарды талдау нәтижелері түрк этносы мен тілінің ілкі бастауы бұдан 50-60 мың жыл бұрынға кететінін көрсеткен. Яғни, осы тарихи уақытта шығыс ностра тобындағы ілкі алтай, түпкі түрк тілді қауымдар Каспий теңізі мен Шығыс Азия аралығындағы алып аумақта тұтаса қоныс теуіп жатқан. Бірқатары Алтай-Саянды қуалап, Беринг бұғазы арқылы Америка асып, кейін «үндіс» атанған. Энеолит дәуіріндегі ұлыдалалық көнешұңқыр, ботай мәдениеттері, сондай-ақ Минусин ойпатындағы афанасьев малшылар қауымы мәдениеті, бұлардан өрбіген қола дәуірінің андрон, беғазы-дәндібай, арқайым (арақайың) мәдениеттерінің барлығы да түркілік сипатта болған. Бір-бірімен қазіргі түрк тілдеріне жуықтайтын диалектілерде ұғынысқан. Бұл қауымдарды тек үндірандық деу қате. Арғытүрктер еуропеоид әлпетті болғандықтан Батыс ғалымдары оларды үндіеуропалық дей берген. Ал негізінде жабайы жылқыны қолға үйрету, сүйек ауыздық, үзеңгі жасау, арба міну әлемге осы арғытүрктік ортадан тараған. Алғаш қымыз ашытып, жылқы малын соғымға жыққан да ботайлықтар екендігі анықталып отыр. Қорытып айтқанда, арғытүрктерге тән ежелгі атамекен, қазір айтылып-жазылып жүргендей, Саян-Алтай мен

Ордос арасындағы кеңістікпен ғана шектелмейді, ол – Хинган таулары мен Каспий теңізі аралығын қаусырып жатқан күллі Орталық Азия аумағын қамтиды. Автордың пайымдауынша, Батыс және Ресей ғалымдары соңғы кездері ғылыми айналымға қосқан сан түрлі археологиялық, остеологиялық, этнографиялық, мифологиялық, топонимикалық, этнотектік, глоттогенездік, лексика-семантикалық және ДНҚ-генеалогиялық деректер осылай демеске лаж да қалдырмайды. Бұл бағалы мәліметтердің қазақтардың зәуаттық төркіндерінен бәз-баяғысынша табылуы — халқымыздың бағзы түрк ата-бабасының ұйық жұртында отырғандығының, яғни автохтондығының даусыз дәлелі. Осылайша Жарылқап Бейсенбайұлы түрк тілдері тарихын 2-3 мың жылмен шорт қайырып жүрген еуроцентризмді, алтайлық қауымдардың пайда болу ареалы мен түпкі тілі бастапқы қалыптасқан кеңістікті Алтайдан батысқа қарай шығармайтын «үндіеуропалық» теорияны ақырындап, бипаздап отырып және еуроцентршілдердің өз материалдарына сүйене отырып талқандап шығады. «Өзі құрған торға өзі түсті» деген осы (Батыстың еурокіндікшіл зерттеушілерін айтамын).

«Бипаздау» дегеннен шығады. Негізінде Жарылқап Бейсенбайұлының кейінгі кітаптары – гиперреалистік еңбектер. Олар тарихи шындық қатаң, дәлме-дәл ғылыми дәлелдемелерге негізделгенде ғана ашылады дейтін қағида бойынша орындалған. Соған сай тарихи зерттеудің заманауи тәсілдері: нақтылықтан дерексіздікке, дерексіздіктен деректілікке көшіп отыру, салыстырмалы-тарихи, тарихи-жүйелі әдістер, сондай-ақ баяндау қисыны, тарихилық принциптері және салғастырудың, объективтіліктің, дереккөздерге сын көзімен қараудың жалпы ғылыми әдістері аралас қолданылған. Осы қалпында оларда теңеу қуып, эпитет аулау былай тұрсын, тілдік эквилибристиканың қандайына да орын қалмасы өзінен өзі түсінікті. Содан ба екен, Жақаңның тіл өрнегі, стилі осы жолы ептеп қасаңсығандай көрінеді, бірақ, бұл сырт көздің үстірттеу әсері. Терең аңғарып қараса, олардан бәрібір екі қаңылтырды қосып, жымдастыра жауып жіберетін ауылдың кәтекі шеберінің әдіс-машығының ізін көргендейсің: автор ретгі жерінде ғылыми лұғат мен халықи қара сөзді жіліктің майындай ұйқастырып, тоғытып жіберіп отырады. Осы қасиет бір есептен мәліметкөзге, дерекке сүйенгіш таза

ғалымдық ыңғайды эссеистикаға жуықтатады. Қазақта бұрын ғылыми әдебиеттің де, көпшілік қолды әдебиеттің де мұндай түрі болмаған. Дәлірегі, болған, оның жарқын мысалы – 45 қара сөзімен тарихи эссеистикамыздың негізін салып кеткен Абай. Бірақ ат беріліп, айдар тағылмаған. Ал Батыста пәнсалааралық зерттеудің бұл тәжірибесі инфороман, этнографиялық роман, т. с. с. деп түрліше аталып жүр. Оларда тарихи монографияны деректі прозаға, тіпті тарихи романға да ұқсататын көзқарас бар. Соған сай олар бұл дәйектеме-роман жанрын әрдайым көтермелеп, дем беріп отырады. Мысалы, 2015 жылы беларус жазушы-документалисі Светлана Алексиевичке «У войны не женское лицо» деректі бестселлері үшін әдебиет саласындағы Нобель сыйлығы берілді. Еуропалық оқырманның талғам-тұщымына лайықтап жазылған жағдайда жоғарыдағы нобелист кітаппен деңгейлесе аларлық дүние біздің қаламгерлерден де шығуы мүмкін, егер эссеистикаға деген көзқарасымыз жөнделген жағдайда. Кезінде тарихшы ғалымдар «жазғаны таза тарих емес» деп, ал географтар «таза география емес» деп бетбақтырмай, қатарларына қабылдамай қойған Лев Гумилевтің басына келген әрі-сәрілік біздің эссеист жазушыларымызға да қатысты болып отыр. Солардың көбі Жазушылар одағына мүше, алайда толық мағынасындағы жазушы ретінде қабылдана бермейді десек қателесер ме екенбіз. Бұдан шығар жол — Жазушылар одағы жанындағы деректі проза секциясын деректі проза және эссеистика секциясы етіп қайта құру.

Жақаң бүгінгі дөңгелектеу датасын — жетпіске келген атаулы күнін қашанғыдай еңбек үстінде қарсы алып отыр. Берекелі ел мерекелерін тойлап жатқанда, кейде қазып айтамын деп жүріп қажып та қалатын қаламгер «қара лашығында» компьютерін жүгері қуырғандай бытырлатып, қағаз бәдіздеуде. Мақсат айқын, іс нақты: Алладан уәсиет етілген борышын ада ету. Ойбай, ұмытып барады екенбіз ғой, ол бүгінде журнализммен де шұғылданады: жоғарыда өзіміз айтып өткен Ұлттық музей жанынан «Мәдени мұра» — «Культурное наследие» дейтін эп-әдемі, ал ең бастысы рухани саламызға аса қажет журнал шығарады. Онымен қоса баяғы «Қазақ шежіресі» кітабынан басталып, арғытүркітер туралы зерттеулерімен ұласқан ізденістерін әрі қарай жалғастырған, қайыра сараптаған «Ұлы

даланың ежелгі тарихының этномәдени төркіндері» деген көлемді жалпақ иллюстрациялық кітабы да баспадан жарық көргелі отыр. Кезінде Әлкей Хақанұлының «Сексеннен асқасын адамда еңбек қабілеті артатын кезең туады» деп айтқаны бар еді, сол секілді жетпіске енді ғана толған біздің Жақаңның да «порох» толы оқшантайының тығыны енді алынған сияқты. Тек осынау еселі еңбектері үшін атақ беріліп жатқаны яки кеудесіне теңге-тана тағылғаны естілмейді. Себебі, өзі қолдан жасап алған және дүниежүзілік тәжірибеде қолданылатын өте-мөте дұрыс принциптердің бірі — «Атақты сұрап алмайды, атақты ел-жұрт бастап, өкімет қолдап береді» дегенге саяды. Біз «Әр жазушының өзіне лайықты орны бар. Қай-қайсысына да лайықты құрмет көрсетілуі тиіс» десек те көнбейді. Атақсыз қазақ өзін сапсыз ожау секілді сезінер болар еді, ал Жақаңда ондай сезімнен дым жоқ. Ойлаймын: неде болса Алланың назары түскен бұл кісі осылай ниетке рия, мақтангершілік араластырмай орташа жүріп-ақ үстем шығатынын біледі-ау деп. Ендеше бұл — өмірді түсінгені.

Осы қалпыңыздан танбаңыз, Жақа! Ешкімге жалынбай, қорынбай, аршып жатқан мезозойыңызды тереңдеп қаза беріңіз, ал біз қадірлі ағалардың жанында қадірімізді арттырып жүре берейік.

### **Мақсат Тәж-Мұрат**

*(«Қазақ әдебиеті» газеті.  
2017 жыл. 14-20 сәуір.  
№14-15)*



## ҰЛТ ҰҒЫМЫН ҰЛҒАЙТҚАН



Ол – шынында да ұлт ұғымын ұлғайтқан тұлға. Тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да солай. Бұған ешкімнің таласы болмауға тиіс. Басынан бастайық...

### *Сыншы*

Журналистер мен филологтар өмірі дауласады да жүреді. Бұл, әрине, бір үйдің екі баласының көжеге таласқаны сияқты нәрсе. Журналистер: «Сендер біз сияқты қаламды құлаштап сілтей алмайсыңдар. Жазу жазып қарқ қылмайсыңдар», – дейді. Филологтар да журналистерді ондырмайды: «Ал сендер әр нәрсені жазасыңдар, бір тақырыпқа тұрақтамайсыңдар. Үнемі бетінен қалқып жүресіңдер». Қай-қайсысының айтып тұрғанының жаны бар. Филологтардың журналистерге қарағанда тіл заңдылықтарын терең білетіні, не нәрсені де асықпай саралайтыны, талдап-талғап жазатыны, ғылыми ойлауға жақын екені рас. Ал бар жұмысы жеделдігімен ерекшеленетін журналистердің тез қимылдайтыны, әмбебаптыққа бой үйрететіні де даусыз нәрсе. Журфакта тіл мен әдебиет пәндері филфакқа қарағанда анағұрлым аз оқытылады. Сондықтан кейде филфактың білім жүйесі мен журфактың машықтандыру жүйесі бір арнаға тоғысса, қандай керемет болар еді деп ойлайсың. Жарылқап Бейсенбайұлы – дәл осы үрдістің мектебінен шыққан қаламгер.

Әдетте жазуға бейімі бар өрендер журфакқа түскісі келеді. Бірақ ол жылдарда журфак өндірісте екі жыл жұмыс істеп келмесең, құжатыңды қабылдамайтын еді. Сондықтан мектеп

бітіргендер филфакка келетін. Жақаң да сөйтті. Кейін филфактан жазуға қабілетті жігіттердің көбірек шыққан себебі де сол.

Ғылымды қуса да бірқатар жетістікке қол жеткізер еді. Бірақ ол кезде аспирантураға түсу деген қиынның қиыны. Жылына бір-екі-ақ орын бөлінеді. Оған тұмсық тығу мүмкін емес. Оның есесіне іргелі білім алып шықты. Ұстаздары жақсы болды. Қазақ, орыс, шетел әдебиеті тереңдетіп оқытылды. Бәрі де адамның өзіне байланысты екенін ертерек ұқты. Үшінші, төртінші курстан бастап алматылық басылымдарға мақалалар жазуға талпыныс танытты. Сол жылдарда жас сыншылардың талантты шоғыры бой көрсеткені белгілі. Асқар Сүлейменов, Рымғали Нұрғалиев, Зейнолла Серікқалиев, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаевтің терең мақалаларының әсері сұмдық. Соларға еліктеген филолог-студенттердің көбі рецензия жазумен әуестенді. Қазіргі студенттер сынға жоламайды ғой. Ал ол кездегі университет қабырғасындағы филологтардың көбі сынмен ауызданды. Бірін әдебиет сыны, екіншісін кино сыны қызықтырды. Ал студент Жарылқап бейнелеу өнерінің тылсымдарына үнілуге құмартты. Сол тұста Зейнолла Серікқалиевтің «Ойлар, толғаныстар» деген кітабы шыға қалсын. Бас алмай оқып шықты. Стилi керемет. Сөйлемдi өте шебер құрайды. «Осылай жазса ғой, шiркін!», – деп тамсанды.

Жазуға бейімі бар студенттер «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас Алаш») пен «Жетісу» газеттерін төңіректейді. Әйгілі Виноградов көшесінің 88-ші үйіндегі жатақхана тұрғындары таңертең ең әуелімі іргедегі базарға келіп, ішіндегі дүңгіршектен осы екі басылымды сатып алады. Әдебиет, өнер мәселелері сол басылымдарда жиі жазылады. «Лениншіл жасқа» автор көп болғасын, мақала шығару қиындау, сондықтан студенттер «Жетісуды» көбірек жағалайды. Сын мақала жазу үшін дайындық керек. Кітап қарамаса болмайды. Кітапхана ол кезде түнгі сағат 10-ға дейін жұмыс істейді. Сабақтан шыға сала сонда тартады. Жауып бір-ақ қайтады. Шыңғыс Айтматовтың повестері бірінен соң бірі шығып, қалың елді елеңдетіп тұрған кез. Студенттер сол повестер жарық көрген «Новый мир» журналын кезекке тұрып оқиды. Сол тұста Шерхан Мұртаза бас редакторы болып дүрілдеп тұрған «Лениншіл жастағы» «Аққу» эстетикалық клубының материалдары да өзінше бір әлем. Ақыры, «Аққуға» қатты

қызыққандықтан, француздың әйгілі мүсіншісі Огюст Роденнің шығармашылығы туралы алғашқы мақаласын әзірледі. Ол көп ұзамай «Лениншіл жасқа» «Мүсіндер тебіренісі» деген атпен жарқ етіп шыға келді. Әдебиет бөлімінің меңгерушісі Оралхан Бөкей мен қызметкері Жарасқан Әбдіраш жас авторды бірден бауырға тартып, өздері тапсырма бере бастады. Қазақ суретшілерінің жаңа туындылары, Алматының жас балеті туралы сын мақалалары мен рецензиялары жарияланды. Сол кездегі балет өнерінің көгінде жаңа жанған жұлдыз Болат Аюханов туралы алғашқы мақаланы Жарылқап Бейсенбайұлы жазды.

Редакциямен осылай тығыз байланыс орнатқан студент оқу бітірмей жатып «Лениншіл жасқа» қызметке келді. Жұмысшы-жастар бөліміне тілші болып орналасып, журналистік жұмыстың көрігін қыздыра бастаған кезде оны әскерге алып кетті. Кеңесқытай шекарасындағы ахуал ушығып тұрған тұс еді. Армияда офицер жетіспейді. Қысқасы, сол жылы өзімен бірге әскери кафедраны бітірген жігіттердің жартысы сол жаққа аттанды. Байкалдың аржағындағы моңғол-қытай-кеңес шекарасы түйіскен Мәнжүрия жеріндегі әскери шепте екі жыл офицерлік борышын өтеді. Тұрған пәтеріне қазақ газет-журналдарын жаздырып алады. «Аққуда» не жарияланып жатқанын көріп-біліп отырады. Ара-тұра мақала жазуын тоқтатқан жоқ. Онысы жарияланып тұрды. Офицерлер үйінің кітапханасын тауысты. Күнара қарауылдың бастығы болып күзетке түскенде кітап ала шығады. Түнімен оқиды. Әскерден қайтып келген соң, «Лениншіл жастың» жаңа редакторы Сейдахмет Бердікұлұлының алдына кірді. Ол кісі де «Өнер туралы жазатын бұл қандай офицер?», – деп сыртынан тілеулес болып жүреді екен. Содан осы газетте табандатқан жиырма жыл он ай қызмет істеді.

Жас журналшыны Сейдағанның өзі ауық-ауық қайрап кетеді. «Суретшілер туралы жазғандарыңды тоқтатпа. Ел сұрап жатыр. Кейін кітап етіп шығаруыңа болады ғой», — дейді. Сол сөзі жігерлендірді. Жазған кезде 20-25 бет қылып бір-ақ жазады. Оның бәрі газетке сыймайтыны белгілі. Содан он бетін бөліп алып, газетке ықшамдап бере қояды. Кейін олардың бәрі француз постимпрессионистері бастаған бейнелеу өнеріндегі Жаңаша дәуірдің ұлы шеберлері шығармашылығын зерделеген «Буырқанған бояулар» атты эсселер кітабына жинақталды.

Бейнелеу өнерін соны ізденістермен байытып, өрістеткен Жаңаша дәуір суретшілерінің классикалық дүниелерін талдау оңайға соқпады. Бұл туындылардың табиғаты бөлек. Қолтаңбалары бір қарағанда түсініксіздеу болып көрінер. Бірақ оның арғы қалтарысында жатқан тылсым сырларын пайымдау керек. Солардың құпияларын тану жолында талай кітап жинады. Жиған кітаптарына белгілі суретшілердің өзі қызығатын. Көпшілігін Мәскеу, Петерборға барған сапарларынан ала келді. Кейде алыс аудандардағы ауылдардың елеусіз кітап дүкендерінде ел жабылып таба алмай жүрген кітаптардың тұратыны да бар. Бейнелеу өнерінің табиғатын тамыршыдай тап басатын сарабал сыншы, сырбаз эссеші болып қалыптасуына соның бәрінің пайдасы тиді.

### *Саяхатшы*

Жұрналшылық қызметі басталған тұста қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге ден қойды. 1975 жылы Шоқанның туғанына 140 жыл толу қарсаңында бұл тақырыпқа өзгеше қырынан келудің орайы келе қалғаны. Ол ғалымның 1856 жылы жасаған әйгілі Ыстықкөл сапарының ізімен жүріп өтуге бел байлайды. Шиыршық атып тұрған жас кезі. Сапар бағыты түзілген картаны сызып, бас сарашы Сейдағаңа кірді. Басқа бір тоңмойын басшы болса, «Ыстықкөлің не, картаң не, өзің не айтып тұрсың?», — деп меселін қайтарар ма еді, кім білсін. Бердіқұлұлы жас тілшінің ұсынысына балаша қуанды. «Тез аттан, тек ешкімге айтып қойма!», — деп қызметкерінің апшысын қуырды. Қайран Сейдағаң! Маңайындағыларға әлемдік әбжіл ақпарат құралы басшысының көзімен қарайтын. Әйтпесе, бұл жаңалықты алдын ала елдің бәріне жайып жіберсең де, сол тұстағы басылымдар мұндай сапарға жолқапшық арқалаған жолаушыны жібере қоймас та еді. Мұндай идеяға тек сол кездегі жастар газетінің ғана көзқарасы мен мүмкіндігі үйлес келетін. Сейдахмет Бердіқұлұлы қызметкерін үш бөліктен тұратын бір жарым айлық іссапарға жіберу туралы бұйрыққа қол қойды. Сапар Шоқан саяхат барысында басып өткен Аягөзден басталды. Содан өзі кейіпкерінің кейпіне енді де кетті. Шоқан болып тау-тас кезді.

Жаңбырдың астында қалды. Шоқан болып күнделік жүргізді. Ғалым аялдаған елді мекендердің бүгінін бейнеледі. Шоқан жүз жиырма жыл бұрын тоқтаған Лепсі мен Іле өзендерінің жағасында тұрып толғанды. Қарқара асып, Ыстықкөлге бет түзеді. Өз тұсында саяхатшы офицер Шоқанды өбектеген қырғыз жұртының ұрпақтары жолқапшық арқалаған бүгінгі журналшыны да жанына жақын тартты. Көл төңірегіндегі Шоқан күнделігінде көрсетілген жерлердің бәрін аралады. Қырғыз бен қазаққа ортақ Шаты-Саты асуы арқылы Шоқан ізімен қазақ жеріне жаяулап асамын деп жүріп, жолшыбай адасып та кетті. Тау ішінде түнеді... Ақыры ғылыми-танымдық жолсапар очерк жазылып бітті. Мақалалар сериясы басылымға да, журналшының өзіне де ұшан-теңіз бедел әкелді. Бұл еңбегі 1977 жылы «Жалын» баспасынан «Шоқан ізімен» деген атпен кітап болып басылып шықты.

Қаламгер Шоқанның туғанына 150 жыл толу қарсаңында тағы да сол Сейдағанның қуана қолдауымен, енді ұлы ғалым ғұмыр кешкен мекендерді аралау мақсатын көздеп, екінші рет жолсапарға аттанды. Қоржын толыға түсті. Бұрын жарияланбаған деректерге кезікті. Белгісіз боп келген мәліметтер табылды. «Лениншіл жаста» түгелге жуық жарияланған сол жолсапар материалдарының негізінде 1987 жылы «Жасын-тағдыр жарқылы» атты кезекті кітабы жарыққа шықты.

Шоқан тақырыбын игергенінің арқасында атақты академик Әлкей Марғұланмен ара-тұра әңгімелесіп тұрды. Мұның бәрі ұлы ғалым өмір сүрген мекендерді аралау үстінде мол пайдасын тигізді. Баспасөз бетінде бұрмаланып көрсетіліп жүрген бірнеше мәліметтің ақиқатын анықтап берді.

Жарылқап Бейсенбайұлы — қазақ журналистикасында саяхаттық сапардың көшін бастаған қаламгер. Бірақ бұл үрдіс арагідік қолданылғаны болмаса, кейіннен жаппай дәстүрге айнала қойған жоқ.

## *Сарашы*

Жазу өнерінің шебері, қабырғалы қаламгер, алымды ақпаратшы, майталман макетші, зерделі зерттеуші, сыншы-суреттанушы, эстет-мәдениеттанушы Жарылқап

Бейсенбайұлының шығармашылығында бас сарашылығының шоқтығы биік тұрады. Өйткені ол аты аңызға айналған әйгілі бас редакторлар Шерхан Мұртаза мен Сейдахмет Бердікұлұлы секілді сарашылық өнердің теңдессіз мүмкіндіктерін ашты. Бұлай болатын жөні бар еді. Біреуінің тұсында «Лениншіл жасқа» қызметке келді. Екіншісінің әйгілі ұстаханасының көрігінде шыңдалды. Жұрналшылық өнерінің ақ найзасын сөз сиқырын білетін Сейдағанның өзі үшкірлеп берді. «Ана тілі» газетін Жарылқап Бейсенбайұлы басқарған жылдар қазақ баспасөзінің тарихында алтын әріппен жазылады. Басылым үтір-нүктесіне дейін оқылды. Жұрт жаппай асыға қолға алатын жалпыхалықтық газетке айналды. Ұлттың санасын оятты, халықтың еңсесін көтерді, елдің тарихи танымын кеңейтті.

«Ана тілі» газетіне бас сарашы боламын деп ойлаған жоқ-ты. «Лениншіл жастың» жауапты хатшысы болып жүр еді. «Комсомольская правданың» Песковы секілді жиырма жылдан астам қызмет істеген осы басылымнан зейнетке шығатын шығармын», – деп қалжындап қоятын. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басшылары бірнеше үміткерді іріктей келіп, Жарылқап Бейсенбайұлын аттай қалап алды. Қазақ баспасөзінің ұстаханасы «Лениншіл жаста» шыңдалған әрі газет шығару техникасын мейлінше меңгерген макетші Жақаңның бас сарашы болуға мүмкіндігі мол еді.

Басылымның бет-бейнесі бірден қалыптасты. Жастар газетінде қорғасын әріптің уын жұтқан жиырма жылдың тәжірибесі жемісін бере бастады. Сейдахмет Бердікұлұлы тәрбиесінің пайдасын көрді. Газетті басқарудың мүлде өзгеше үлгісін қолданды. Ұлттық ұстынды берік ұстанатын жұрналшылардың мектебін қалыптастырды. Басқа газеттің басшылары бас асаулығына бола маңына жолата қоймайтын тарпаң таланттарды қызметке алды. Оларға жауапты қызметтің тізгінін ұстатты. Мұндай мүмкіндіктің бола бермейтінін ұққан олар да қамшы салдырмады.

Біреу жылдан кейін Алтайдың кер бұғысы секілді еркін жортып үйренген аса талантты жазушы Марат Қабанбайды өзінің орынбасары етіп тағайындады. Қабырғалы қаламгер публицистикаға түбегейлі бет бұрып, заманның ащы запыранын ақтарып, қанын сорғалатып, ақиқатты қара сөзбен жырлады да

отырды. Бұған дейін көркем сөзден кестелеп өлең өрген белгілі ақын Байботаның тіл тарихы туралы бірер мақаласын жариялағаннан кейін қызметке шақырды. Бұдан соң газеттің бетінде Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай деп қол қоятын талантты зерттеушінің қаламы жорғадай жосылып жүре берді. Терең талдауларға толы мақалаларға тілші-ғалымдардың назары ауды. Газет ашылардан бірер жыл бұрын тілші-ғалым Ғарифолла Әнестің «Жалын» журналына шыққан бір мақаласын көрген еді. Журналшылық иірімдерге икемдігін бірден байқаған. Кейін оны қызметке шақырғанда «Мен өмір бойы газетте істемеген адаммын», – деп бірден басын алып қашты. Қолқа салған соң ақыры келді. Бірден газетте он жыл қызмет істеген тәжірибелі журналист Қонысбек Ботбаймен деңгейлес болып шыға келді. Өйткені аржағында білімі мен білігі бар еді. Алаш ардақтыларының бүкіл еңбектері қолында болды. Шегінен жариялай бастады. Сол дүниелерді журналшылық тәсілге салып ұсынды. Ойы жүйріктің қиялы жетпейтін дерек тауып, оны адам айтқысыз пәлсапамен тұздықтап ұсынатын білімдар журналист Мақсат Тәжмұрат, ғылымның құдығынан су ішіп жүрген жас перілер Амантай Шәріп пен Дихан Қамзабекұлы қатарға қосылды. Оны айтасың, Моңғолиядан атажұртына оралған дәрігер-хирург Абай Мауқараұлы қандауырын қаламға айырбастап, ұлттық мәселелердің семіңкіреп қалған тұстарына қан жүгіртуге кірісті. Егде тартқан шағында қазақ этнографиясының білгірі, өзгеше үрдіспен жазатын қарт сарбаз Ахмет Жүніс сапқа тұрды. Қаншама жыл корректорлықтан көз ашпаған Раушан Төленқызының қабілетін байқап, қолына қалам ұстатып еді, ол да көп ұзамай көркемсөзді көркемдеп кестелейтін болды. От ауызды, орақ тілді қаламгер Жұматай Сабыржанұлын Ақмола өңіріндегі меншікті тілші қызметіне қабылдады. Бетің бар, жүзің бар демей тілгіліп тұрып, ақиқатты айтатын Жұматай билікке ұнай бермейтіндердің қатарынан еді. Соған қарамастан сенім артты. Сол сол-ақ екен, Жұматайдың «Ана тіліндегі» алтын дәуірі басталды. Томағасын сыпырған қыран секілді қаламын құлаштап сілтеді. Бір ғажабы, бұрын бірін-бірі көрмеген еді. Қызметке де сыртынан алды. Үш жылға дейін де кездесудің сәті түскен жоқ. Бұрын-соңды жұрт көріп-білмеген авторлардың есімдері жалпақ әлемге кеңінен танылды. «Ана тілі» аз ғана

уақыт ішінде ұлтқа керекті ең басты басылымға айналды. Қазақтың ұлттық баспасөзінің мүмкіндіктері шексіз екені дәлелденді. «Ана тілі» қоғамдағы демократиялық үрдістерге сүйеніп, мінезді журналистиканың жаңаша үлгісін қалыптастыра бастады. Бұл мінез, әрине, ұлт мінезімен толық үйлесетін еді.

Бұл тұстағы бас сарашыны сарашы емес сиқыршы деуге болар еді. Газет шыққан бейсенбі күні лездеме өткізеді де, апталықтың алдағы санына қандай дүниелер жарияланатынын жоспарлап, сүбелі мақалаларды жазатын адамдарды «жұмыста отырмандар, сейсенбі күні дайын материалмен бір-ақ келіндер!», — деп үйлеріне қайтарып жібереді. Басқа біреу мұндай қадамға өлсе де бармас еді. Біреуге бас иіп көрмеген тарпаңдар келіскен күні де келмей қалуы мүмкін ғой! Бас сарашы қызметкерлеріне сенді. Өзі де сенім ұялататындай байсалды тұлға болды. Жақаңның салсерілері уәделескен уақыттан кешіккен емес. Өздерінің жанын жеп жүрген тақырыпты мақалаға айналдырып айтылған күні Бейсенбайұлының алдынан табылады. Мақалалар көбіне-көп дайын келеді. Сонда да сарашы автордың өзімен ақылдаса отырып, керек тұстарын байытады, қоюлатады. Селкеулік кетпеуін қадағалайды. Артық ештеңе жібермейтін «Жас алашта» көрген тәжірибенің үрдісіне салады. Тақырыптарды ойнатады. Сол жылдарда басылымда қоғамның, ұлттың басындағы ділгір проблемалар көптеп жазылды.

Бейсенбайұлы басқарған басылымның батылдығында мін болмады. Ұлт мәселелерінің шешілуіне кедергі келтірген әкімқараларды аяусыз сынады. Кейбір сынның ақыры болжаусыз оқиғалармен де аяқталуы мүмкін еді. Соған қарамастан «Ана тілі» саналы түрде аяқ тартқан жоқ. Жалпы, баспасөздің тобығының тұсындағы тұсау қай кезде де тартылмаса да ілулі тұрады. Бұрын цензор қадағаласа, енді тендер қожалық етеді. Ал кеңестік жүйе ыдырамай тұрған кезде тәуелсіз баспасөз ретінде дүниеге келген «Ана тілі» ештеңедей жасқанбай, билікті ауық-ауық жұлқылап қойып отырды.

– Бір күні халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Өмірзақ Айтбайұлы қатты ренжіп келді, – дейді Ж. Бейсенбайұлы. – Өңі қарауытып кеткен. Бөлмеміз қатар еді. Қапаланып, әңгімесін бастады: «Адам құқы жөніндегі республикалық комиссияның мүшесі едім. Бүгін сол



комиссияның басқосуы болды. Мәжілісті республиканың вице-президенті, комиссия төрағасы Ерік Асанбаев орысша жүргізіп отырды. Мен кезегім келгенде сөзімді қазақша бастап едім. Ол: «Говорите по русский, чтобы было понятно всем», – деп ескертпе жасады. Мен: «Бұл қалай болғаны, адам құқын дәл осы жерде бұза бастағанымыз ба, сонда?», – деп едім, «Вам, что, не понятно?..» – деген зілді сөздер кетті. «Егер қазақша рұқсат берілмесе, онда мен сөйлеуден бас тартамын», – дедім. Отырыс соңына қарай мені қазақша сөйлетпеу мәселесі демограф М.Тәтімов тарапынан қайта көтеріліп еді, еліміздің вице-президенті оны да қағып тастап, «лжедемократы», «экстремисты», «горлопаны» деген сөздерді қарша боратқаны», – деді.

Мен «Осы айтқандарыңызды жазып беріңіз», – дедім. Өмекең сәл ойланып қалды. «Бүкіл күштің бәрі қолында ғой, ертең ылаң салып жүрмей ме?!». «Салса, көрерміз...». Ренжіп отырған Өмекең қолма-қол жазып берді. Келесі нөмірге жариялап жібердік. Тақырыбы айқайлап тұр: «Мені неге қазақша сөйлетпеді?». «Не болар екен?» деп отырмыз. Баяғы заман болса құртып жіберер еді ғой. Ештеңе де болған жоқ. Содан соң: «Е, тәуба, демократия бізге шынымен келе бастаған екен», – дедік. Тағы бір мысал. Желтоқсан оқиғасынан кейінгі үш-төрт жылдың ішінде Дінмұхаммед Қонаев ақсақалға бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жолай бермеді ғой. Біз бірінші боп ол кісімен сұхбат жарияладық. Газет шыққан күні ақсақалға телефон шалдық. Ол кісі рахметін айтты. «Не бұйымтайларың бар?», — деп сұрады. «Бұйымтайымыз сол, Сіздің қолыңызды алып қайтқымыз келеді», — дедік. «Келіндер!». Бардық, бірге суретке түстік. Менен «Атың кім?» деп сұрады. Айттым. «Ата-анаң дұрыс қойған екен. Жұртты жарылқап жүрсін дегені ғой», – деді. Кейін алаш ардақтысы Мұхамеджан Тынышбайұлын жалпақ жұртқа кеңінен таныстырдық. Баласы Ескендір жылап тұрып ризашылық білдірді. Сонда Димекең де Ескендірге телефон шалыпты: «Әй, бұлар бір айналайын балалар ғой!», – депті. Біздің жұмысымызға берілген бағаның үлкені осы деп есептеймін, – дейді Жарылқап Бейсенбайұлы.

«Ана тілі» қазақ тілінде шыққан алғашқы тәуелсіз газет еді. Сондықтан журналшылар қаламын еркін сілтеді. Билікпен

бауыры жабысқан басқа басылымдар сәл нәрседен аяқ тартып отырғанда, ұлт газетінің ашық күнде найзағай ойнатып, қара сөзден құйын тұрғызуы қалың елдің рухын оятты. Басылым үш жыл бойы өз күнін өзі көрді. Алғашқы саны 1990 жылғы наурыздың 22-сі күні 25 мың данамен жарыққа шыққан газет келесі жылдың қаңтарынан 111 мың данамен тарай бастады. Қалың қазақ өзінің рухани үнқағазындағы әр мақаланы ауадай қажет қылды. Ел ішіне алашты ұлықтаған ұлы басылым «Қазақ» газеті қайта оралғандай болды!

Басылымда ақпаратты дайындаудың қазақы үлгісі қалыптасты. «Ана тілінің» ақпарат айнасы – «АнаҚАЙ» ақпарат тобы әзірлеген мәліметтер оқырманды елең еткізетін. Соны байқаған болуы керек, бір күні бас сарашыны Ақпарат министрі Алтынбек Сәрсенбайұлы шақырды. Қайта құрылып жатқан Қазақ ақпарат агенттігінің қазақ редакциясына бас сарашы қызметіне жібергелі отырғанын айтты. «Жеті-сегіз жыл мәпелеген өзімнің перзентім ғой, «Ана тілінде» отыра берейін», – деп еді, Алтекең көнбеді. «ҚазТАГ» әлі күнге дейін аудармамен отыр. Ақпараттар әуелі орысша жазылып, содан кейін ғана қазақшаға аударылады. Баяғы кеңес кезіндегідей, орыс тілі әлі үстемдік құрып тұр. Соған намысыңыз келмей ме? Өзіңіз ұлт пен тіл мүддесі үшін күресіп жүрген жоқсыз ба?! Барыңыз, қазақша ақпарат беру жүйесін түгелімен өзгертіңіз», – деді жас министр. Келіспеске амалы қалмады.

Алтынбек Сәрсенбайұлы өзі сыйлайтын Жарылқап ағасының қызметін ауыстырудың салмағын сезінген болуы керек, министр басымен «Ана тілінің» редакциясына арнайы келіп, ұжымының алдында бас сарашыға рахмет айтып, өзімен бірге ерткен күйі бүгінгі «ҚазАқпаратқа» әкеліп отырғызды.

Жаңа жұмысты жатырқаған жоқ. Бұл да сарашылық қызмет. Сәл басқаша үрдіспен дөңгелентіп әкетті. Елдің жаңа астанасына келіп, ақпарат тарату орталығының уығын шаншысты. Қазақ редакциясы дамылсыз тер төкті. Қазақ тілді ақпараттың үлгісі жасалды. Ұлт тіліндегі ақпараттың стилі қалыптасты. Ақпараттық тіл салтанат құрды. Бұрын орыс тіліндегі ақпараттың бар сөзі түгел аударылуы қатаң қадағаланатын. Өйткені сондай тәртіп болатын. Сол үшін арнайы корректорлар отыратын. Бір сөз қалып кетсе, зар илейтін. Агенттік бұл әдеттен арылды. Ақпарат

еркін жазылады. Мағынасы қазақы стильмен ұғындырылады. Бұл мекемедегі Жақаңның тәрбиесін көрген қыз-жігіттер жазуға жақсы төселді. Қазір шетінен ағып тұр. «ҚазАқпарат» ұлттық компаниясындағы ең мықты журналистік топ қазақ редакциясының еншісіне тиеді. Мәліметті өте жедел береді. Оқиғаға дереу үн қосады. Шұғыл мәжілістерден лездің арасында телефонмен жоғары деңгейдегі ақпарат бере алады. Айбын Бақытұлы, Ернұр Ақанбай, Қанат Тоқабай секілді жас нояндарға қай жұмысты да сеніп тапсыруға болады. Еуразия ұлттық университетіне мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып барған бас сарашы екі жігітті жанына ілестіре қайтты. Ақпараттағы алғашқы қадамдарын кібірткітеп бастаған Арман Асқар мен Руслан Ғаббастар да қазір шашасына шаң жұқтырмайды. Балақбау тағып, баспасөздің балапандарын баптау да оңай емес. Бірақ әйтеуір жанкешті жұмыстың жеміс бергені куантады.

Қазір бүкіл қоғам болып көшуге әзірленіп жатқан латын тілін пайдалануды «ҚазАқпарат» ертерек қолға алды. 2004 жылдың сәуірінде латынша сайт ашылып, шетелдегі бес миллион қазақтың тарихи отаны туралы мәліметпен күнбе-күн танысып отыруына мүмкіндік жасалды. «ҚазАқпараттың» латыншасы академик Әбдуәли Қайдардың нұсқасы бойынша әзірленді. «Әрине, бұл қазіргі әріптеріміздің латыншаға тікелей ауысқан түрі. Яғни, жаңа әліпби емес. Жаңа латынша Ахмет Байтұрсынұлы әзірлеген 26 әріпке негізделуге тиіс. Латынша ең алдымен, біздің орфографиямыздың тазаруы үшін қажет. Сол арқылы қазақ тілінің үндестігіне жат артық әріптерден арыламыз. Оны қазіргі кириллица арқылы атқару мүмкін емес. Әрі бүгінгі әріптеріміз интернетті толығымен меңгеруге де тосқауыл болып отыр. Қосымша қазақ әріптері көбіне ашылмай қалады. Орыс тіліндегі сайттардан кез-келген мәліметтерді алуға болады. Ал біз өйте алмай отырмыз, латыншаға өтпесек, болашақта жас ұрпақтың обалына қалуымыз кәдік», – дейді бас сарашы.

Сарашының қайда да сарашы екені бұл мекемеде де дәлелденгендей.

## *Сардар*

Бүгінгі қазақ журналистикасы сарбаздан кенде емес. Сарбаз болғанда қандай. Бәрінің де бес қаруы бойында. Шетінен ақпарат тарату технологиясының соңғы үлгідегі құрал-жабдықтарымен мұздай құрсаңған әріптестеріміздің қалың қолы тәуелсіз елдің түтінінің түзу ұшуына шамасы келгенше үлес қосып жатыр. Оның ішінде бесіктен белі шықпай жатып, жеті жұрттың тілін біліп, интернет еміп өскен тегеурінді жас буын да, екі жүйенің де дәстүріне қаламын суарған, ауыздығын шайнап, жер тарпыған орта буын да, кемел жасқа келсе де кесек турайтын аға буын да бар. Бірақ сарбаздарымыз қанша мол болғанымен, сардарларымыз көп емес. Өйткені жақсы сарбаздардың бәрі бірдей мықты сардар бола алмайды. Біреуіне сардар болу мүмкіндігі берілмейді. Екіншісі сол мүмкіндік берілгенімен сардар болып жарытпайды. Бұқаралық ақпарат құралын басқарып, тайтұяқ таланттарды баптау өнері мыңнан бір адамға ғана бұйырады. «Бес кітап шығарғанымен авторы жазушы болмауы мүмкін», – деп сөз зергері Ғабит Мүсірепов айтқандай, басылымның жеті атасын басқарған кісінің бәрі бірдей сарашылықтың сардары деңгейіне көтеріле алмайды. Қазақта бас сарашының орынтағына отырып көрген жандар аз емес. Алайда халық қадірлеген тұлға дәрежесінде мойындалған саңлақ сарашылар саусақпен санарлық. Тіпті бір қолдың саусағы да жетіп қалар. Солардың бірі — Жарылқап Бейсенбайұлы.

Мен өзім де Бейсенбайұлының баспасөзге баптаған баласы екенімді мақтан етем. Студент кезімнен «Лениншіл жастың» редакциямен тұрақты байланысым болған маған қай ағам да қырын қараған жоқ. Жанболат ағам (Аупбаев) көк түтінге көміліп отырып, апарған дүниемді лезде қарап беретін. Қуаныш ағамның (Жиенбай) кезекті тапсырмасы дайын тұратын. Аға-дос Қайнар Олжай Қарағандыға меншікті тілшілікке аттанып, маған орын босатты. Ержұман ағам (Смайыл) бар шаруасын ысырып қойып, сол замандағы ақпараттық техниканың сұңқары «Ятрань» машинкасымен мені жұмысқа шақыру туралы дәу ЦеКаның дәу бөліміне өз қолымен хат жазды. Мен үшін бәрі де қадірлі. Бірақ мақалаларымды ең көп дайындаған, жазу өнерінің қыр-сырын шегелеп тұрып түсіндірген Жарылқап ағаның жөні бөлек.

Сөз сардары тек қана бапкерлігімен емес, шығармашылық талантымен де ерекшеленеді. Жазбайтын сардар жазатын сарбазға ешқашан үлгі бола ала алмайды. Сардар баспасөзге көрік беріп, жазармандарына сауыт ұсыну үшін ғана келмеуге тиіс. Ұшақты ұшыртып айдайтын Мұхтар Алтынбаев пен қандауырына құдірет қонған Жақсылық Досқалиев секілді біздің саланың сардарлары да қаламының қуатты екенін кейінгілерге көрсетіп отыруы керек. Басқаны қайдам, бұл жағынан Жарылқап Бейсенбайұлына ешкім де мін таға алмайды.

Қай қызметін де шығармашылығына тиімді пайдаланды. Соған орай мүмкіндігі орайласып тұрған тақырыптарға қалам тартты. «Лениншіл жастың» жастар және адамгершілік тәрбие бөлімі ашылып, соған меңгерушісі болып бекітілген тұста қазақ әдеби туралы материалдар жинай бастады. Студент кезінде этикет мәселесі жөнінде бірдеңе оқығысы келсе, еш жерден таппайтын. «Шіркін-ай, осыны біреу неге жазбайды екен» дейтін. Кейін өзі жазды. Соның негізінде «Әдеп әлемі» деген кітабы 1982 жылы жарыққа шықты. Сол кітаптың алғашқы нұсқалары газетте жарияланды. Бейнелеу өнері туралы жазылған «Буырқанған бояулар» мен этикет мәселесін көтерген «Әдеп әлемі» кітаптары үшін 1982 жылы Қазақстан комсомолы сыйлығы берілді. Жарылқап Бейсенбайұлы бұл сыйлыққа қазақ тілді журналистердің арасында тұңғыш рет ие болды.

«Ана тілі» газетінде бас сарашы болған жылдарында «Қазақ шежіресі» кітабы жазылды. Бұл кітабы да басылымда жарық көрген мәліметтер мен деректерден түзілді.

«ҚазАқпараттағы» ақпаратпен алысқан он жыл да босқа өткен жоқ. Бұл мекемеде интернеттің бар игілігін пайдаланды. Сол арқылы әлем кітапханаларының қойны-қонышын ақтарып шықты. Бағалы деректерге кезікті. Шынында да, тоқсаныншы жылдардан кейін елімізге сырттан келетін кітаптар легінің тоқтап қалғаны белгілі. Соның бәрінің орнын бар болғыр интернет мықтап толтырды. Расы керек, Жақаңның қатарластарының біразы интернеттің бар мүмкіндігін пайдалануға бейім емес. Егер «ҚазАқпаратқа» келмесе, өзі де әуес болмас еді.

Таяуда ғана жарық көріп, ғылыми-көпшілік ортаны елең еткізген «Арғы түркітер ақиқатының ізімен» атты кітабы интернеттің таусылмас қайнар бұлағының арқасында жазылды.

Америка құрлығына өткен түпкі түріктердің тарихи туралы тың деректер ұсынды. Түпкі түрк-үндістердің Орталық Азиядан өткен жолы жөнінде баян етті. «Сол түпкі түркілер қайдан шықты, олардың атамекенде қалған кейінгі ізбасарлары кімдер» деген сауалға жауап берді. Кітаптың ғылыми жаңалықтарына бұл саламен түбегейлі айналысып жүрген мамандардың өзі қызыға қарайды. Түпкі тарихтан тарихи тамырластық іздеген адам бұл еңбектен мол мәлімет табады.

Еліміздің көзі қарақты зерттеушілерінің ықыласын аударған бұл кітап Түркия ғалымдарының да назарына ілігіп отыр. Кешелері ғана автордың қолына Ыстамбұлда басылатын «Түрк дүниесі тарихы» атты журналдың 2008 жылдың қазан айында шыққан саны тиіпті. Онда Ж. Бейсенбайұлының «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты еңбегіне көлемді рецензия берілген екен. Беделді басылым бұл кітапты түрк жұрттарының ілкі этногездік түп-тегіне жаңаша көзқараспен үңілген, оның талай ондаған мың жылдарға ұласқан тарихын дәйекті дәлелдермен тиянақтаған маңызды зерттеу деп бағалапты.

Ең негізгі тақырыбы Шоқанды жадынан шығармайды. Қазір ұлы ғалым туралы тағы бір кітабын жазуға кірісті. Шоқан – уақыт өткен сайын әр қырынан айқындала түсетін тұлға. Кенестік дәуірдегі деректер оны басқаша танытты. Шоқанның шын бейнесі әлі ашылған жоқ. Отаршылдардың зұлымдықтарын Шоқан көрмеді дейсің бе? Бұл мәселе де зерттеу желісіне айналуға тиіс. «Бұратана халықтың өкілісің» деген келемежді орыс офицерлерінің арасында жүрген Шоқан да талай рет естіген. Оған талай рет жауап қайтарған. Сондай-ақ оның өмірі мен шығармашылығындағы қазақ тарихына, ұлы тұлғаларымызға қатысты қаузалмай қалған тұстар әлі де жетіп артылады. Қысқасы кезінде мольнанан жиған деректері тағы бір жақсы кітапқа жүк болғалы тұр. Сөз сардарының сонысымен де салмағы арта түспек.

\* \* \*

**«Ана тілі» ұлт газетін Жарылқап Бейсенбайұлы басқарған тұста басылымның атындағы «ұлт» деген жазудың әуелі титімдей қаріптермен теріліп, біртіндеп үлкейе түскені елдің есінде шығар. Бас сарашы әркімнің ойына келе бермейтін бұл үрдісті асқан тапқырлықпен бір жылға жуық жүрігізіп**

отырды. Күн өткен сайын «Ана тілі» деген атау жайлап қана кішірейіп, керісінше, «ұлт» ұғымы біртіндеп ұлғайып келе жатты. Мұның мәнісі, газеттің атын «Ұлт» деп өзгертуге дайындап еді. Өйткені кеңес дәуірінің айыл-тартпасын енді ғана босатқан жылдарда тиімді тәсіл қолданбасаң қадамың жансақ кетуі әбден мүмкін. «Ұлттың» ұлғайып келе жатқанына халықтың да, биліктің де көзі үйрене бастады. Рухы елдік санамен тамырласып кеткен киелі басылымның көп ұзамай аты өзгеріп, «Ұлт» атанып, ұлтымен қауышатынына ешкімнің күмәні жоқ-ты. Газеттің бүкіл болмысы осы атауға толығымен лайық болды. Тек маңдайшаны өзгерту ғана қалған. Егер жүзеге асқанда баспасөздегі теңдессіз жоба болуы мүмкін еді. Бас сарашы мақсатына жақындап, «Ұлт» іріленіп, енді іргелене бастағанда, «ҚазАқпаратқа» ауысып кетті...

Бірақ ұстазымыз ірілендіруге ұмтылған «Ұлт» ұғымы елдің зердесінде қалды. Күн өте келе биіктей берді. Бұл ұғым уақыт өткен сайын тұлғалана түсетін Бейсенбайұлының өз болмысын да танытқандай.

**Бауыржан Омарұлы**

*(«Ана тілі» газеті, 2008 жыл, 20 қараша, № 47)*



## НАҒЫЗ БАС РЕДАКТОР

### Үндемеген үйдей... іс тындырады

...Ол әлі сол баяғы қарапайым қалпынан айнымапты. Өнердегі өзін емес, өзіндегі өнерді құрметтей білетін, оған адалдығын күні бүгінге дейін сақтап келе жатқан қаламгердің шынайылығына еріксіз қайран қаласыз. Тауық қуып ұстағанын тау құлатқаннан әрмен әспеттеп, әркез әлеумет назарына іліккенді қалап тұратын әлдекімдердің «дерті» бұл кісіні тым әріден айналып қашқан тәрізді. Адамды адал еңбегіне қарай бағалап үйренген оның өз атын да атқарған ісі арқылы қадірлі етуді арманына – азық, мақсатына – қазық қылғаны айқын.

Сол себепті де, бұл кісінің аты-жөніне, абырой-беделіне қанық оқырманның дені оның... түрін танымауы да мүмкін. Өйткені, өзін-өзі жарнамалауға, оңды-солды сұхбат беріп, жиылыс-мәжілісте ділмәрсуге әу бастан қаны қас қаламгер – үндемей жүріп, үлкен іс тындыруға әлдеқайда бейіл жан. Ақырын болғанмен, өңге соқпаққа ұқсамайтын өзгеше сорап із тастай, анық та нық басып, алпыстың асқарына шыққанда да, бұл мерейтойдың БАҚ бетінде барынша жария болуына оның онша ықылас танытпағанын білемін. Бірақ өткен ғасырдың сонау 70-жылдарынан бері Ұстаздың ұлағатын естіп, шапағатын сезген, тәрбиесін көріп, шыңдауынан өткен шәкірттері «жер қозғалса да қозғалуы қиын» кісінің «басқасы басқа, өзіне келгенде тарыла қалатын қызық та қырсық мінезіне» бұл жолы көнбейтінін көрсеткендей.

«Ол» деп отырғаным – ешқандай қосымша анықтауышты қажет етпейтін тұлға, қазақ журналистикасының тайпалмас қара жорғасы – Жарылқап Бейсенбайұлы.

### Ғалымның ізімен жүрген журналист

Жасамыстау оқырмандар Жақанды мәдениет тақырыбындағы туындылары арқылы, оның ішінде бейнелеу өнеріндегі құбылыстардың қыр-сырын кәсіби сыншыдан кем сараламайтын



сарабал эссеист ретінде жақсы біледі. «Лениншіл жастың» (бүгінгі «Жас Алаш») 70-жылдардағы әдебиет және өнер бетінің мәнін ашып, сәнін келтірген сол дүниелердің дені кейін «Буырқанған бояулар» (1981 жыл) деген атпен кітап болып шықты.

Орта буын журналшы қауым Жарылқап Бейсенбайұлының бұл қасиеттеріне қоса қандай майталман макетші екенін де жыр ғып айтады. Оған көз жеткізу үшін Жақаңның бұл қырынан бейхабар жастар «Лениншіл жастың» 80-жылдардағы, «Ана тілінің» 90-жылдардағы тігіндісін ақтарып шықса-ақ жетіп жатыр. Жалпы қазақ журналистикасының ұстаханасы саналатын «Лениншіл жаста» («Жас Алашта») екі жыл істеген адамның өзі сол кезеңді ғұмырбаянындағы ең бір бақытты кезең деп бағалауға хұқылы. Ал алаштың айтулы басылымында табан аудармастан жиырма жылдан аса (1969-1990) уақыт қызмет атқарған Бейсенбайұлының беделі туралы бұдан соң бір ауыз сөз айтудың өзі артық емес пе?

Жақаңның тарыдай дерек үшін табақтай кітапты тапжылмай отырып тауысуға даяр зерттеушілік дарыны да сол жылдары танылған-ды. Баспасөз саласына алғаш келген тұста-ақ қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге ден қойған ол 1975 жылы Шоқанның туғанына 140 жыл толу қарсаңында ғалымның әйгілі Ыстықкөл сапарының ізімен жүріп өтуге бел байлады. «Лениншіл жастың» сол кездегі бас сарашысы («редактор» деген сөзді «сарашы» деп алғаш қолданысқа енгізген де Жақаң болатын) Сейдахмет Бердіқұлұлының батасын алған жас журналист үш кезеңнен тұратын бір жарым айлық іссапарға аттанып, Аягөзден бастап қырғыз жеріне дейін аралады... Сапар нәтижесінде жазылған ғылыми-танымдық жолсапар очерктері басылымның да, автордың да беделін арттырды. Бұл еңбегі 1977 жылы «Жалын» баспасынан «Шоқан ізімен» деген атпен кітап болып басылып шықты. Он жылдан соң Жақаң ұлы ғалым өмір сүрген жерлерді араламақ мақсатта екінші рет сапарға шығып, нәтижесінде бұрын жарияланбаған деректермен, белгісіз боп келген мәліметтермен толыққан жолсапар материалдары 1987 жылы «Жасын-тағдыр жарқылы» атты кезекті кітапқа ұласты.

## Мындаған жылға тереңдеген тарих

Қазақ аспанында құйрықты жұлдыздай жарқ етіп барып жоқ болған, бірақ сол аз ғұмырында-ақ айтулы іс тындырып, өз атын ұлт тарихына мәңгіге ойып жазып кеткен Шоқанның сара ізімен дала кезіп, тау асып, су кешіп, қосқа түнеп жүргенде 22 жасынан қорғасын әріптің уын жұтқан кәнігі журналист күндердің күнінде өзінің де ғалым-зерттеушіге айналарын сезді ме екен...

Тарихы әлдеқашан хатқа түсіп, халық игілігіне айналған жұрттар өткенін әркім бұрмалап, жақсысын өзіне сүйреп, жаманын ғана бұған бұйыртуға тырысатын қазақтың халін ешқашан дұрыс түсінбейді. Түбі бір түрк тектінің тамырын Орхон-Енесай дәуірінен ғана бері тартып, Тұран топырағында сайрап жатқан ежелгі заман ескерткіштерін оның өзіне қимай, қисыны келмесе де, қилы себептермен үндіеуропалық өркениетке тели беретін еуроцентризм мұзын ерітуге бағытталған қадамдарға қазақ тарихшылары аз барған жоқ. Бірақ олардың аңыз-мифтерге, қытай, араб, парсы жазба деректеріндегі мәліметтерге, салыстырмалы лингвистикалық материалдарға негізделген болжамдары көбіне қарсы тараптың антропологиялық, этнотектік, генетикалық тұрғыда әзірленген және өзінен басқаның уәжін қабылдай алмайтын өзімшіл көзқарасына барып соғылып, жеңіліс тауып жүрді.

Ұлттың есесі кетіп жүрген салаға тікелей қатысы болмаса да, бойындағы зерттеушілік дарынының арқасында осы тақырыпқа орайлас жұмысын халық тарихына қатысты деректердің қайнар көзі – «Қазақ шежіресін» құрастырудан бастаған Жарылқап Бейсенбайұлы таяуда бірнеше жыл көз майын тауысқан еңбегінің нәтижесінде «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты кітап жазып шықты. Бұл еңбектің басты құндылығы – молекулярлық генетика ғылымының кейінгі жылдардағы жетістіктерін пайдалана отырып, 2-3 мың жылмен шектеліп жүрген түрк тілдерінің тарихын арғы палеолит дәуіріне – яғни, осыдан 50-60 мың жыл арыға жылжытуға батыл қадам жасауында. Соған орай автор түрк тілдерінің этногенездік дамуын да жаңа көзқарас бойынша қайта кезеңдеу қажет деп есептейді. Яғни, осыған дейін біздің жыл санауымыздан бұрынғы III ғасырға дейінгі кезең деп сипатталатын Алтай дәуірін ол екіге бөліп қарауды ұсынады:

*«1. Ностра, арғы алтай (түпкі түрк) дәуірі. Оны ж. с. д. 50-10 мыңжылдықтарда Орта Шығыс пен Беринг бұғазына дейінгі аралықты қамтып, алдыңғы легі Америка құрлығына жеткен қауымдардың ілкі ностра, шығыс ностра, арғы алтай түпкі түрк тілдері өмір сүрген кезеңі деп қабылдаған мақұл...»*

*2. Алтай (Арғы түрк) дәуірі. Ол ж. с. д. X-II мыңжылдықтар арасын қамтиды. Бұл дәуірде алтай тілдерінің арғы түрк, арғы моңғол, арғы тұңғыс, арғы мәнжүр, арғы корей, арғы жапон тілдеріне ыдырауы жүрді».*

Зерттеуде арғы түрктөрдің еуропеоид тұрпатты болғаны, сондықтан да оларға тиесілі археологиялық белгілердің бәрі еуроцентрист ғылым өкілдері тарапынан үндіеуропалық жұрттарға телініп келгені де сөз болады. Автордың осы орайда Орталық Азияда тас дәуірлерінен бастап еуропеоид тұрпатты байырғы жұрттардың өмір сүріп келе жатқанын және олардың басқа емес, арғы түрктөр екенін ғылыми айғақтар арқылы пысықтауы да тиянақтылығымен тартымды.

### **111 мың дана «Ана тілі»**

Халық өзінің шынайы тарихына сусап жүрген кезде, 1990 жылдың 22 наурызында шөлдің ортасындағы көлдей боп алдымыздан жарқ еткен «Ана тілі» Жақанның ізденістеріне тың серпін бергендей болды. Ж.Бейсенбайұлының зерттеушілік қыры басы ашылмаған дауы көп арғы-бергі тарихымыз бен өз елінде өгей балаша босағада жүрген тіліміздің жоғын түгендер сол басылымға бас сарашы боп келген кезде толықтай танылды. «Төрт құбыламызды түгелдейік», «Толғауы тоқсан туған тіл», «Ұлт болам десең, ұрпағыңды ойла», «Көзіңнің қарашығындай...» және тағы басқа айдарлар аясында ұлт тарихы мен болмысының ұмыт қалған беттері қайта жаңғырып отырды.

– «Ана тілінің» құрамын жасақтап, айдарларын тауып, бөлімдерді ашып, оларды кімге жүктеуді ойластырып отырған кезімде «Тілтану және Елтану» бөліміне өзімнің қатты қызыққаным бар, – деп әңгімелеген еді Жақан бірде. – «Мұны өзімнің жүргізгенім дұрыс шығар...» деп ойлай бастағанымда барып, бас сарашы екенім есіме түсіп кетті...

«Ана тілі» газеті 1990 жылдардың алғашқы жартысында сол кездегі бүкіл Тарих, археология және этнография институты жасауға тиіс жұмысты атқарып шықты десек, артық болмас. Орыс пен қытайдың, араб пен парсының жазба деректеріне сүйеніп, өзге тілді ғалымдар жазып берген тарихтан шаршаған қазақ зерттеушілері, зиялы қауым, студент жастар, жалпы жұртшылық бұл шаруаға аса қызығушылықпен атсалысты. Нәтижесінде газеттің таралымы бүгінгі басылымдардың қай-қайсысы да қызығатындай дәрежеге – 111 мың данаға жетті!

Әрине, «Ана тілінің» абыройын асқақтатқан тек тарих пен тіл мәселелері ғана емес еді. Бірте-бірте басылымның тақырып аясы кеңіп, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени салаларға белсене араласып, ақиқатты ғана жолдас еткен жалпыхалықтық газетке айналды. Сол жылдары көзі қарақты әр қазақтың бейсенбі сайын таңертең дүңгіршекке жүгіріп, «Ана тілінен» «айырылып қалмауға» тырысатыны – көзіміз көрген шындық. Марқұм Марат Қабанбайдың өткір публицистикасын жұртшылық іздеп жүріп оқыды. Арамыздан ерте кеткен тағы бір аяулы азамат Жұматай Сабыржанұлының шағын болса да, арадай шағар ащы мысқылдары күлдіре отырып, күйіндіретін. Қалпы бұзыла бастаған қазақы ұғымдарды қадірлеуге үндейтін Ахмет Жүніс қарияның өнегелі әңгімелері қандай әсерлі еді! Газеттің басқа журналистері мен авторларының да тұрақты оқырмандары аз болған жоқ.

### **«Жарылқап Бейсенбайұлы – редактор»**

Әйтсе де, солардың бәрін ұйыстырып, ұйымдастырып отырған Жақаң болатын. Қандай талантты адамдардың басы қосылса да, олардан ортақ мақсатқа жұмылған тас-түйін команданың жасақталуы – басшыға байланысты екені кім-кімге де мәлім. Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердікүл тәрізді аттары аңызға айналған редакторлардың шекпенінен шыққан Жарылқап Бейсенбайұлының нашар сарашы болуға хақы да жоқ еді. 1995 жылы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде «Жарылқап Бейсенбайұлы – редактор» деген тақырыпта дипломдық жұмыс қорғалғаны да есімізде. Яғни, Жақаң – өз ұстаздарының атына лайық сарашы болды деген сөз.

Шыны керек, ол кісіні ең бірінші көргенде «бас сарашы деген расында да осындай болуы керек шығар» деп түйгенмін. Салмақты, орнықты, сұңғақ бойлы, аз болса да, саз сөйлейтін, ызғары кісі ықтырар сұстан да кенде емес. Жақанның берген тапсырмасын уақытында орындамау мүмкін емес еді, өйткені, ол кісі өзіне қандай талапшыл болса, өзгеге де сондай қатаң-тұғын. Өз ісіне аса жауапты адам болғандықтан, нөмірге баратын алақандай ақпарат болса да, оқымай жібермейтін.

Ақпарат демекші, өзі шағын болғанымен, «шашты ағартар» шаруасы көп осы жанрды барынша қазақы қалыпта беру де алғаш осы «Ана тілінде» қарқын алған-ды. «Журналистің сөз саптау, сөйлем құруының өзі сірескен стильден аулақ, барынша қарапайым (бірақ қарабайыр емес), оқырманның жанына жақын да ұғынықты болуы керек» дейтін Жақан. Бірақ оның бұл талабына бала кезден «қазақ совет газеттерінің» ресми реңктегі ақпараттарын оқып өскен біздің қатып, тікейіп қалған тіліміз оңайлықпен көне бермейтін. «Фактіні сөйлетсең жетеді, ақпаратқа сенің эмоцияңның, жеке көзқарасыңның түкке де керегі жоқ!» деп бір бүйірден Марат аға Қабанбай қосылатын. Әйтеуір екеуі әрбір сөзге, сөйлемге жауапкершілікпен қарап, біз әбден қалыптасқанша, түзеп-күзеуден жалыққан жоқ.

Жазғаныңның жартысы жөнделіп, қырық құрау болған соң, кейде шыдамай кетіп, ызаға ерік бересің ғой. Сондайда: «Егер ертең біз баспасөз саласында өз орны бар журналист бола алсақ, осы екі «шалға» рахмет айтуымыз керек», – деп жұбататын сол кездегі «Ана тілінің», бүгінде «ҚазАқпараттың» жүйрігі Раушан Төленқызы. Расында да, «Ана тілінен» кейін де бірнеше жерде жұмыс істедік, сонда, обалы қане, «е, бұлар Жарылқап пен Мараттың тепкісіне шыдағандар ғой!» деп бәрі де ерекше құрметпен қарап, қандай қиын тапсырма болса да, сеніп тапсыратын.

90-жылдардағы «Ан-Ақ-Айдың» («Ана тілінің» ақпарат айнасы) жаңалықтары – ұлт баспасөзінде ақпаратты қазақы стильде жазу машығын қалыптастырды. Яғни, араға бірнеше жыл салып, Қазақ Ақпарат агенттігінің басшылығына басқа емес, дәл Ж. Бейсенбайұлының таңдалуы да бекерден-бекер болмаса керек.

## Газет неге шықпай қалды?

...1996 жылдың аяғына таман тарихта бірінші және соңғы рет «Ана тілі» газеті бейсенбі күні... шықпай қалды! Кезекші осы жолдардың авторы еді. «Дәуір» баспаханасындағылар «ештене білмейміз, бізге жоғарыдан газетті баспаңдар деген бұйрық келді» дейді.

Ертеңіне бас сарашымыз Ж. Бейсенбайұлын сол кездегі Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі шақыртты (ол кезде министрлік Алматыда болатын). Сөйтсек, газеттің соның алдындағы санында «Депутат соттасуға дайын. Премьер ше?» деген шағын мақала жарық көрген еді, гәптің бәрі сонда екен. Марқұм Заманбек Нұрқаділов ол кезде Мәжіліс депутаты еді. Төменгі палатаның жалпы отырысының бірінде ол премьер-министр Әкежан Қажыгелдинді сынап, қанша түсті металдың қолды болғаны, қанша бағалы дүниенің шетелге арзанға сатылғаны туралы айтқан болатын. Кейін журналистердің: «Егер деректеріңіз дұрыс болмай шығып, премьер сізді сотқа берсе қайтесіз?» – деген сұрағына депутат: «мен соттасуға дайынмын» деп жауап берген-ді. «Ана тілінің» парламенттегі тілшісі ретінде мен оны бұрқыратып жазып, әлгіндей тақырыппен бас сарашыға алып келмеймін бе? Жақаң оқып шығып, бір-екі жерін түзетіп, нөмірге салды да жіберді. Нәтижесі мынау.

Министрліктегілер «Мұндай даулы дүниені неге басасың? Оны жазып жүрген қандай оңбаған?» деп Жақанды біраз әуреге салыпты. (Жалпы қай кезде болсын, біздің шенеуніктер қазақ баспасөзіне қоқаңдағанды ғана біледі ғой. Әйтпесе әлгі әңгіме біздікінен бірнеше есе ащы күйінде орыстілді газеттердің біразында басылды. Оларға ешкім ештеңе деген жоқ.) Бас сарашымыз «Қазір баспасөзге жазылу науқанының қызып тұрған кезі. Оқырманның қызығушылығын ояту үшін анда-санда өткір дүние беріп тұрғанның несі артық?» деп сылтауратып, ақырында сөгіс естіп, әрең құтылған сыңайлы.

Жоғарыдан айқай естіген бастықтардың сол өшін қарамағындағы қызметкерлерінен алатын әдеті емес пе? Жақаң келгенше бәріміз жанымызды шүберекке түйіп отырдық. Әсіресе «бәлелі материалдың авторы» ретінде менің халім мүшкіл. Өзі қол қойып жіберсе де, «жазған – сенсің, демек, кінәлі де өзіңсің!»

деп журналисін дау-дамайдың құрбаны етіп, жұмыстан шығарып жіберген редакторларды аз естіген жоқпыз ғой.

Түстен кейін Жақаң келді. Мені кабинетіне шақырып алды да:

– Алдағы уақытта осындай дауы көп деректерге абай болайықшы, – деп жымыды. «Абай бол! Неге байқамайсың?» деп ұрысқан жоқ, «абай болайықшы...» деді. Сөйтті де: – Баспаханаға бара бер, газет қазір басылады, – деді.

...Шыны керек, сол сәтте тағы да «бас сарашы деген расында да осындай болуы керек шығар» деп түйдім. Қиын кезде өзгені құрдымға итеріп жіберіп, өзі құтылып кететін емес, қызметкерін қорғап қалатын бас сарашы! Марқұм Марат ағаның ол жөнінде әзілдей айтқан «За ним – как за каменной стеной!» деген сөзінің ешқандай да әзіл еместігін сол кезде ұқтым.

Осындай риза көңілмен «Дәуірге» қарай құстай ұшқаным есімде...

\* \* \*

*...Ол әлі сол баяғы талапшыл қалпынан айнымапты. Өнердегі өзін емес, өзіндегі өнерді құрметтей білетін, оған адалдығын күні бүгінге дейін аман сақтап келе жатқан шынайы қаламгер сөйтсе керек-ті. Өзін еңбекке аямай жеге білетін тынымсыз жанның өзгеден де соны талап етері, салғырттыққа төзе алмасы анық қой. Шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі алуан түрлі басылымдарда жүрсе де, ол бәрін қадағалап, аяқ алысын аңдап отыратын тәрізді. Кейде телефон шалғанда, ол кісінің даусын ести сала мұғалімін көрген оқушыдай дереу жөнге келіп, түзеліп отыратыным бар. Сондықтан ба, әйтеуір мақала жазып отырып та, нөмірге жіберілетін материалдарды шолып отырып та, «осыны оқыса, сол кісі қол қояр ма еді, қоймас па еді?...» деген ой санамның бір бұрышында тұрады да қояды.*

*«Ол» деп отырғаным – ешқандай қосымша анықтауышты қажет етпейтін тұлға, қазақ журналистикасының тайпалмас қара жорғасы – Жарылқап Бейсенбайұлы.*

**Сәкен Сыбанбай**

(«Жас қазақ» газеті. 2007 жыл, 20 сәуір. №15)

## «АНА ТІЛІ» ҰЙҚЫҒА КЕТПІП БАРА ЖАТҚАН РУХТЫ ОЯТТЫ

Қазақ ұлты түрлі саяси қуғын-сүргінге, қилы-қилы жағдайларға байланысты туған топырағынан айырылып, ассимиляцияға көп ұшырады. Үстем ұлттарға жұтылды. Тілін ұмытты. Бірқатары орыстанды, өзбекке айналды, басқа да халықтарға сінді. Бұл «үрдіс» әлі жалғасып жатыр.

Орыс отаршылығының, одан кейінгі Кеңес өкіметінің қазаққа тигізген зардабынан өз Отанымыздағы қазақтардың өзі қос тілді халыққа айналғанын көріп отырмыз. Кейінгі кездері өз ішімізден үш тұғырлы тіл деген сұрқия саясатты ойлап тапқандар да бар. Қазір мемлекеттік тілімізді білмейтін қазақтардың саны бұрынғы кезбен салыстырғанда біршама қатерлі деңгейге дейін өскен. Мен тегімізден, тамырымыздан ажыраудың қаншалықты қауіпті екенін осы жерге үңілгенде көремін. Мемлекеттік тілімізді білмейтін қазақтардың арасынан орыстілді зиялылардың – ғалымдардың, өнер адамдарының, ақын-жазушылардың үлкен тобы пайда болды. Олардың қоғамда елеулі орны бар. Бұл қатердің алдын алмаса, көз алдымызда қазақтілді қазақ, орыстілді қазақ деген екі ұлтқа айналып бара жатқан сықылдымыз. Әлбетте, орыстілді қазақтар да біздің қандастарымыз, бауырларымыз. Бауырларымызды бауырымызға тартуымыз керек. Оларды жат санап, көкірегінен итере беруге болмайды. Мемлекеттік деңгейде біртұтас ұлттық идеология жасайтын шақ келді. Талантты, дарынды бауырларымызды ұлт мүддесіне қызмет етуге тартудың түрлі жолдары іздестірілуі керек. Бәрінің бірдей бетін бері қарату үшін үкімет тарапынан қыруар жұмыс жасалуы қажет екенін байқаймын... Өз басым Жарылқап Бейсенбайұлы басқарған кездердегі «Ана тілі» газеті осы біртұтас ұлттық идеологияның тұжырымдамасын жасауға негіз бола алады деп есептеймін.

Газет «Ә» деп жарық көре бастағаннан-ақ өзінің беті мен бағдарын тез арада айқындап үлгерген басылымға айналды. Газет апталық басылым, оның үстіне көлемі шағын болғанына қарамастан, еліміз тәуелсіздік алмай тұрып-ақ қазақтың барлық ұлттық мұң-мұқтажын қозғады. Желтоқсан көтерілісі кезінде



көзін бір ашып, қайтадан ұйқыға кетіп бара жатқан рухты оятты. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстарының үзіліп қалған жолын жалғастырды. Басылымның тізгіні Сейдахмет Бердіқұлұлы ағамыздың тәрбиесін көріп, «Лениншіл жас» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып әбден ысылған Жарылқап Бейсенбайұлының қолында болды. Бұған дейін Жақаңның «Шоқан ізімен», «Буырқанған бояулар», «Әдеп әлемі», «Жасын-тағдыр жарқылы» секілді танымдық кітаптары жарық көріп, қаламының қарымы танылып қалған-ды. «Ана тілі» газетінде оның ұйымдастырушылық қабілеті ашыла түсті. Әу баста «Ана тілі» газетінің бас редакторлығына лайықты адам ізделгенде өте дұрыс таңдау жасалған. Газеттің шығуына ұйытқы болған академик Әбдуәли Қайдар мен Өмірзақ Айтбайұлы ағаларымыздың басылым басшылығына Жарылқап Бейсенбайұлын таңдауы көрегендік пе әлде талғампаздық па – әйтеуір бекер болмағанына жұрттың бәрі де көз жеткізді.

Апталық бетінде ол кезде не жарияланып жатқанын тұрақты айдарларынан-ақ аңғаруға болады. «Елең еткізер», «Ойтамызық», «Серкесөз», «Ақылдасайық, ағайын!», «Айтылмаса сөз өледі», «Қазақшаң қалай?», «Тіл және заң», «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамында», «Жергілікті ұйымдарда», «Алты алаштың ардағы», «Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ», «Қандастардан не хабар?», «Бір бәйтерек бұтағымыз», «Ұлттық болмыс ұғымдары», «Төрт құбыламызды түгелдейік», «Алтынның сынығы», «Сөз төркіні», «Жердің тілі – елдің тілі», «Қырық қатпарлы түркітану», «Тәржімелік тәжірибелер», «Толғауы тоқсан туған тіл», «Көңілден шыққан көрікті сөз», «Көзіннің қарашығындай», «Жырақта түтін түтеткен», «Маса», «Біздің сұхбат», «Жазылған жайдың жалғасы», тәрізді көптеген айдар бар-тын. Бәрін түгел еске түсіре алмаспын, бірақ осы айдарлардың атауынан-ақ «Ана тілі» газеті қамтыған тақырыптардың бірқатарын байқауға болады.

Әрбір нөмірдің мазмұн байлығына, жанр әр алуандығына ғана емес, сауаттылығына да аса мән берілетін. Ол кезде қорғасынға құйылған қаріптерден офсеттік басылымға, одан компьютерге жаңадан көшіп жатқандықтан ара-тұра техникалық, корректуралық қате кетіп қалатын. Еске түсіп отырған соң айта

салайын, соншалықты елеусіз болса да, қатар шыққан үш нөмірде әртүрлі қате кетіп, нөмір сайын түзету бергеніміз бар. Жақаң лездеме өткізіп жатып: «Сендер немене, «Түзету» деген айдар ашып алғансыңдар ма?» деп ескерту жасағаны да есімнен кетпейді. Абырой болғанда, содан кейін газетте өрескел қателер кеткен емес.

«Ана тілі» қазақ тілінің көкейкесті мәселелерін ғана емес, шетелдердегі қазақ диаспорасының мұқтажына да көңіл бөлді, туысқан түрк халықтарының тұтасуы жолында да қызмет етті. Сондықтан оның оқырманы Қазақстан аумағынан тыс Ресейдің бірнеше аймағынан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Моңғолия, Түркия сияқты елдерден де табылатын. Тіпті Германияда докторлық дәреже қорғағалы жүрген түрік азаматының редакциямызға арнайы келіп газеттің бірнеше жылдық тігіндісіне қолқа салып, алып кеткенін де білемін. Жарық көре бастағанына бірнеше жыл өткеннен соң «Тіл және елтану апталығы» деген «шәпкі» киген «Ана тілі» газеті соңыра «Ұлт апталығы» аталды. Шын мәнінде ол ұлттық апталық қана емес, халықаралық газет ретінде де қызмет атқарды.

\*\*\*

...Сталин 1935 жылы Кеңес Одағының кезекті бір мәжілісінде жасаған баяндамасында «Кадр бәрін шешеді» деген сөз айтыпты. Диктатордың өзі әлдеқашан мансұқталғанмен, осы сөзі ескірген жоқ. Мұны «Ана тілі» газетіне қатысты да айтуға болады. Жарылқап Бейсенбайұлы қолына қалам ұстап әртүрлі салада жүрген сайдың тасындай жігіттерді іріктеп алды. Олардың қатарында әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаұлы, Алаш арыстарының өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген жас ғалым Ғарифолла Әнес, журналистиканың қыр-сырын жақсы меңгерген Ертай Айғали мен Қонысбек Ботбай секілді сайыпқырандар болды. Бұлардың қатары Мақсат Тәж-Мұрат, Аманқос Мектеп, Болат Шарахымбай, Бақтияр Тайжан, Амантай Шәріп тәрізді қаламы жүйрік жастармен толықтырылды. Осы жігіттерден сәл кейін, 1992 жылы «Ана тілі» газетіне қызметке мен шақырылдым. Біз Раушан Төленқызы, Дихан Қамзабекұлы, Сағатбек Медеубек, Мақсот Ізімұлы, Абай Мауқараұлы – бәріміз қатар қызмет істедік. Кейінірек ұжымға Марат Қабанбай,

Жұматай Сабыржанұлы, Сабыржан Шүкірұлы сияқты тәжірибелі әрі өнімді еңбек еткен кексе қаламгерлер келіп қосылды.

Кеңсеміз Пушкин көшесіндегі 118-үйден Қазыбек би мен Желтоқсан көшесінің қиылысындағы ғимаратқа көшіп келген кез еді. Кабинетте Марат Қабанбай екеуіміз отыратынбыз. Таңертең қызметіне кетіп бара жатқан әдебиет сыншысы, ғалым Зейнолла Серікқалиұлы ағамыз біздің табалдырығымыздан аттады. Марат екеуіміз бірдей орнымыздан тұрып, аяулы ағамызбен амандасып жаттық. «Мен «Ана тілі» газетінің оқырманымын, – деді Зейнолла ағамыз. – Екеуіңе сәлем бере кетейін деп әдейі бұрылдым. Басқа шаруам жоқ. Бірінді талантты жазушы, бірінді дарынды ақын ретінде білуші едім. «Ана тілі» газеті сендердің басқа да қырларың бар екенін көрсетті. Енді бірінді – керемет публицист, бірінді –лингвист ғалым ретінде де танимын. Осыны айта кетейін деп едім». Ағамыз көп аялдаған жоқ, жымиған қалпында қоштасып шығып кетті. Біз бұл сөздерді қызметкерлерінің мүмкіндігін ашқан «Ана тілі» газетіне көрсетілген құрмет деп түсіндік.

Газетке күніге дерлік түсіп жататын хаттар легі бір толастамайтын. Қоржынымызда жатқан мақалаларды оқып, жарамдыларын тандап алуға да көп уақыт кетуші еді. Бір күні өзіме дейін қызмет істеген жігіттерден қалған «мұраны» түгел ақтарып шықтым. Қолмен торкөз дәптердің парақтарына мұнтаздай етіп көшірілген бір қолжазба мені қатты қызықтырды. «Сақтар қай тілде сөйлеген немесе қазаққа үнді-иран жат па?» деп аталатын мақала екен. Авторы ҚазМУ-дың студенті Сәкен Сыбанбай. Мақаланы ұнатып, 1993 жылғы маусымның 10-ы күнгі нөмірге дайындадым. Бас редактор Жарылқап Бейсенбайұлы жазбаның авторын қалайда тауып маған жолықтыр деді. Іздестіріп, әркімнен сұрастырып жүріп тапқан студентім журналистика факультетін «менсінбей» тастап кетіп, шығыстану факультетіне қайта оқуға түскен жігіт болып шықты. Бірақ жазу қабілетін, қаламгерлік қарымын байқаған бас редактор оны қызметке қабылдауға тәуекел жасады. Сөйтіп журналистиканы «менсінбей» жүрген жігітімізден қазақ журналистикасының дарынды бір өкілі өсіп жетілді.

«Ана тілі» газетінде қызмет еткен жігіттердің бәрі де үнемі ізденіс үстінде жүретін еді. Олардың бойында қалыптасқан

мұндай игі қасиет жігіттердің бірқатарын ғылымға қарай жетеледі. Ғарифолла Әнес, Аманқос Мектеп тегі, Сағатбек Медеубек, Амантай Шәріп, Мақсат Тәж-Мұрат, Дихан Қамзабекұлы секілді жігіттердің диссертация қорғап, ғылымның сара жолына түсуіне «Ана тілі» газетінде қызмет істей жүріп, зерттеушілікке бейімделгені себепкер болған шығар деп ойлаймын. Қазір олардың бәрі де ғылым докторлары мен кандидаттары.

«Ана тілі» газетіне қызметке келмей тұрып-ақ «Тіл ұшындағы тарих» атты кітабымды жазуға кіріскенмін. Бұл өзі ғылыми-танымдық еңбек. Қызметке алу жөнінде бұйрыққа қол қойылған бетте бас редакторға көне топонимдердің этимологиясын талдауға арналған ««Нақ» тек қана жұрнақ па?» және «Садағаң кетейін Сапыраным» атты екі мақаламды ұсындым. Мақалаларыммен танысып шыққан Жақаң оның алғашқысын нөмірге ұсынып, мені ұжымға «Нағыз «Ана тілінің» қызметкерін жұмысқа алдық», деп таныстырды...

**Байбота Қошым-Ноғай**

*(«Ана тілі». 2020 жыл, 6 ақпан)*



# САНАТКЕР САРАШЫ

(эссе)

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяқ кезі. Ауыл. Жазғы каникул. Пошташы Жолымбет атаның төбесі көрінсе, шексіз қуанам. Қолынан бір құшақ газетті алып, қарағаштың түбіндегі сәкіге жете бере арасынан «Қазақстан пионері» мен «Лениншіл жасты» суырамын. «Қазақстан пионерін» қолма-қол оқып шығамын да, өзімнен кейінгі іні-сіңлілеріме ұстатам. Үлкендер жұмыста. «Лениншіл жасқа» таласатын ешкім жоқ. Өзіме, әсіресе, «Әдеп әлемі» айдары аясындағы мақалаларды оқыған қатты ұнайды. Қазақ жастарын жоғары тәрбие-талғамға баурайтынын, баулитынын іштей түйсінемін. Мақалалардан ауылдан қалаға келген қыз-жігіттер қарабайырлыққа қамалып қалмаса екен деген ізгі ниет аңғарылады. Күні бүгінге дейін жадыма жазылғаны – жас адамның үлкен кісімен телефон арқылы сөйлескенде тұтқаны бұрын қоймау керектігі және бір деталь – бір жігіт екі қызбен көшеде қатар келе жатса, қос бойжеткеннің ортасында емес, екеуінің бір бүйірін ала жүргені жөн екендігі. Себебі, екі қыз екі жақтан сөйлегенде екеуіне кезек-кезек жалт-жалт қарағаны жағымсыз... Есімдегісі, «Әдеп әлемі» айдарымен шығатын мақалалардың авторы бірде Ж. Онатұлы, бірде Ж. Бейсенбаев болып келеді...

...ҚазМУ-дің журфагының күндізгі бөлімінен үш жыл қатарынан «құладым». Төртінші жылы сырттайға барып едім, түсіп кеттім. Ә дегеннен «Лениншіл жастың» корректорлар бюросына жұмысқа орналастым. Корректорлар бюросы газеттің секретариатына қарайды. Ал жауапты хатшы – Жарылқап Бейсенбайұлы. Мен сүйіп оқитын «Әдеп әлемінің» авторы осы кісі екен. Корректорлар бюросы редакциядан бөлек жерде орналасқандықтан, журналистерді газеттің нөміріне кезекшілікке келгенде ғана көреміз. Жауапты хатшы тіпті сирек көрінеді.

...«Лениншіл жастың» редакторы Сейдахмет Бердіқұлұлы «біздің жігіттердің әрқайсысы бір-бір редактор» дейтін. Әр қызметкердің қарымын да, қадамын да бағалай білетін. Жарылқап Бейсенбайұлы солардың бірі. Өзі жас таланттардың үлкен

наградасы – Қазақстан комсомолы сыйлығын қазақ тілді журналистер арасында бірінші боп алған тұлға.

Ж. Бейсенбайұлы қазақ журналистикасының табиғатын жетік білетінімен қоса, қоғамдық болмысты қылтамырынан тап басады. Желтоқсан оқиғасынан кейінгі дүрбелеңде жебе өтпестей темір сауытты жүйеге биік парасаттылықпен қарай білген баһадүрлігі бар. Ауыр жазаға кесілген төрт жігіттің сот залынан түсірілген фотосын Жарылқап аға газетке басуға үзілді-кесілді қарсы болады. Ол кезде «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена» газеттері қандай да бір қоғамдық-саяси мәселені қатар жариялайтын. Сол әдетпен «Ленинская сменаның» жауапты хатшысы әлгі суретті қанша тықпалағанымен, бұл кісі айтқанынан қайтпайды. Уәжі: «Қазақ салтында жаманатқа бұйырылған адам туралы жалпақ жұртқа жарияламайды», бопты.

Бейсенбайұлының бекзаттығы, біліктілігі, білімділігі қызмет-тестер арасында әрдайым аңғарылып тұрады. Шоқан туралы кітаптары қандай. Бұған академик Рымғали Нұрғалидай ірі тұлғаның ізденімпаз қаламгерге: «Жарылқап-ау, сенің бар болғаныңа құдайға рақмет айтамын, кім әйтпесе Шоқанды осындай дәрежеде жаза алар еді», деп шын ризашылығын білдіріп, зор баға бергенін қосып қойыңыз.

Кеңес заманы кезінде Наурыз мейрамы қоғамдық деңгейде ауызға алынбайтын. Бірақ «лениншілжастықтар» қисынын тауып, наурыздың 22-сі күні газетті жасыл бояумен шығаратын. Қырағы «қырғилар» әдетінше «бұл қалайды» айтпай қала ма? С. Бердіқұлұлы: «Дүние жаңғырып, жасарып жатқанда халыққа көктемнің лебін сезіндірейік дегеніміз ғой», – деп олардың өзін бұлталаққа салады. Бейсенбайұлының бойына жастар газетінен сіңген дәстүр – «Ана тіліне» редактор болған тұста газеттің алғашқы санын 22 наурызда шығаруға алып келді. Ғылым академиясы Тіл білімі институтының мәжіліс залында алғашқы мақалаларды дайындап, газеттің жүйесін жасады. Сирек редакторлық талант иесі Жарылқап Бейсенбайұлы «Ана тілі» газеті арқылы халықтың бағын да, барын да көрсетті. Қазақтың тең-тең рухани қазынасын қопаратын қолайлы сәт туғанын аңдады. Жастар газетінен бірге келген журналистермен қатар, ғылым төңірегіндегі сайдың тасындай жігіттерді жұмысқа тарт-

ты. Архив көмбесіндегі құнды-құнды дүниелерді осы азаматтар «Ана тіліне» дорбалап тасып жатты.

Редакцияда лездеме деген болады. Соның кезінде Марат Қабанбай, Сабыржан Шүкірұлы, Байбота Серікбай, Ертай Айғали секілді ағаларымның қатарында Жарылқап ағайдың емен үстелінің ең шетінде мен отыратын едім. Бір күні ағай, жұмыстың қауырттығын меңзей отырып, өзінің басынан өткерген бір оқиғаны айтты. Демалыс күні саяжайда жүрген кезі екен. Президенттің Баспасөз қызметінде істейтін журналист жігіт шетелге баратын бір сапарға байланысты ағайдың құжаттарын дереу жинау қажеттігі туып, үйіне телефон соғыпты. Тұтқаны кішкентай ұлы көтеріпті.

– Папаң қайда?

– Көкем үйде жоқ, саяжайға кеткен.

– Мына жақта жұмыс өртеніп жатқанда, саяжайда жүргені несі?!

Кешке үйіне келсе, ұлы көзі бақырайып:

– Көке, бір аға телефонмен сіздердің жұмыстарыңыздың өртеніп жатқанын айтты, – деп отыр дейді.

Осыны айтып, ағай бәрімізді бір күлдірген-ді.

«Ана тілі» апта сайын жарық көргенімен, күнделікті басылымның жүгін арқалады. Журналистің жайын жақсы білетін Жарылқап ағай жұмыс «өртеніп» жатса да, сабырынан, салқынқандылығынан жаңылмайтын. Бір күнді «шығармашылық күні» ретінде белгілеп берді, сүбелі мақалаларды дайындайтын журналистерді «жұмыста отырма, үйіңе барып жаз», деп үш-төрт күнге бір-ақ жіберетін.

С. Бердіқұлұлының мақалаға ат қойғыштығы – біздің бас сарашының да қанына сіңген әдет.

– Ана бір жылы Арменияның «Арарат» футбол командасы бір маусымда КСРО чемпиондығын да, кубогін де жеңіп алып, бірден екі мәрте зор жеңіске жетті. Сонда «Футбол» апталығында «Двуглавая вершина «Арарата» деп тамаша тақырып шықты. Шындығында, Арарат тауының қос шыңы бар, соны журналистің тап басқанын қарасаңшы,... – деп, бір журналистік тапқырлыққа назарымызды аударғаны бар...

Басшыға қосшы сай келсе, жұмыстың бағы жанғаны. «Ана тілі» газетінің аты озған тұсы – Жарылқап Бейсенбайұлының

жанынан талантты жазушы Марат Қабанбайдың табылып, публицист ретінде жарқырай көрінгені. Қысқа жазудың хас шебері Жұматай Сабыржанұлын Ақмоладан тауып, «Ана тіліне» қосқан да – Жарылқап Бейсенбайұлы. Қазақтың мәйекті сөзінің қаймаған сапырған Ахмет Жүніс ақсақалды ортамызға тартқан да осы кісі. Авторларды көтермелеу үшін «Ана тілінің саңлағы» деген марапат енгізіп, тіпті, елімізде Мажарстанның Төтенше және өкілетті елшісі боп қызмет істеп жүрген қыпшақтанушы Иожеф Торманы да белсенді автор етіп, нешеме материалдарын шығарды.

Таңертең машбюроға материал бастыруға жиналамыз. Жарылқап ағай сол жерге соғады. Бәріміз жамырасып: «Сәлеметсіз бе?» дейміз. Ол кісі шола қарайды да, өзіне қажет біреуімізге көзін қадайды. «Бағана көлігім бағдаршамда тоқтап тұрғанда есіме түсті... Ана материалдың (тақырыбын айтады) пәленші азат жолында мынадай сөз бар. Соны былайша өзгертсе жөн болады», деп сөйлемді тұтас айтып шығады. Сөйтеді де есікке беттейді. Бітті.

Алғашқы кезде өзімше жап-жақсы жазғандарым ол кісінің алдына барғанда түкке жарамай қалатыны бар-ды. Сондайда салқындау ғана сап-салмақты сөйлеп, «сен немене, сол қолыңмен жазғансың ба?» дейді. Мысың құрып, әрі-сәрі күйде тұрып-тұрып шығып кетесің. Бірақ қатты қаһарланса да, қиып жіберген емес.

Бір күні тапсырған мақаланы жазып алдына апарып бердім. Біраздан кейін хатшы қыз: «Бастық шақырып жатыр», деді. «Тағы не тапты екен, құдай-ай...». Бардым алдына. Ағайдың қабағы қатулы емес, ақсия күліп отыр. Жалпақ алақанымен қайратты шашын қайырып тастады да, алдында жатқан менің жазбамды нұсқап: «Мал боп қапсың ғой», деді. Қуанып кеттім. Шығып кете бардым. Бір кезде хатшы қыз тағы да «бастық шақырып жатыр», деді. Бардым. Бұл жолы жаңағыдан да жұмсақ қарсы алды. «Раушан, сен жаңағы сөзге ренжіп қалған жоқсың ба?». «Жоқ, ағай. Егер де, сіз адам боп қапсың десеңіз, іш жиып, секем алып қалар едім, қазақтың үмітті нәрсеге айтатын «мал боп қапсың» деген сөзі жақсы ғой...». Ағай: «Айналайын, сөз қадірін білгенің ғой», деді ризашылықпен.

Әдетте, Ж. Бейсенбайұлы сесті, қатал деп ойлаймыз. Ақиқатында, парасатты, пайымды, жазуды да, айтуды да, ұрсуды



да, қайтуды да білетін – эстет адам. Бояулар әлеміне терең бойлаған өнертанушы, шоқтығы биік шоқантанушы, арғы заманнан бері тартқан зерттеуші, тәржіман, ұстаз һәм санаткер тұлға. «Өзіңіз ұлт пен тіл мүддесі үшін күресіп жүрсіз, ҚазТАГ-тың әлі күнге қазақша ақпаратты орышадан аударып отырғанына намысыңыз келмей ме?» деген министр Алтынбек Сәрсенбайұлының бір ауыз сөзінен аса алмай, «Ана тілі» газетінен Қазақ телеграф агенттігіне мүлдем жаңа Қазақ редакциясын ашу үшін бас редактор қызметіне ауысқаннан кейінгі сең бұзар тірлігі де қазақ тілді ақпарат ахуалын сауықтыру ісіне үлкен үлес боп қосылды. ҚазТАГ-қа «Қазақ ақпарат агенттігі» (ҚазААГ) деп ат қоюдан бастап, төл ақпарат дайындау машығын жаңартып, төңкеріс жасады. «ҚазАқпарат» хабарларының латын, араб қаріпті төте жазу нұсқаларын енгізді.

Жарылқап Бейсенбайұлы заман ағымына тез икемделеді. «ҚазАқпарат» агенттігіне бас редактор болып келгенде де ІТ технологияға бірден бейімделіп, ізденімпаз қалпынан жаңылмады. Басқа дереккөздермен қатар, интернет қойнауында жинақталған ғылыми әдебиеттерді кеңінен пайдалана білу арқасында, арғы түрк дүниесі туралы соны ғылым саласын кеңінен қауза алды. Әр қызметті меңгерген сайын саусағынан кітап саулады. Ол қазіргі кезде шығарып отырған «Мәдени мұра» жұрналы да қазақ журналистикасының шоқтығы биік кезекті бір жетістігі ретінде танылып отыр.

Марат Қабанбайдың эзіл-шыны аралас: «Адам деген жасы келгенде жадысы жаси беруші еді, Жарылқап жасамыс тартқан сайын жадысы жаңғыра береді. Бұл не ғажап! Жо-жоқ, бұл – журналистің журналисі, журналистиканың диюбы», деген сөздері әлі құлағымда... Расы солай.

**Раушан Төленқызы,**  
журналист, Қазақстан  
Республикасы Президенті грантының лауреаты

*(Егемен Қазақстан. 2017 жыл. 11 сәуір,.)*

## ҚОЛТАҢБА

*Көзі қарақты оқырман үшін белгілі қаламгер, көсемсөзші Жарылқап Бейсенбайұлының есімі жақсы таныс. Кезінде бірқатар бұқаралық-ақпарат құралдарында қызмет етіп, салмақты, ойлы, мағыналы дүниелерімен оқырман назарын аударып білді. Қазір де рухани саламызға аса қажет «Мәдени мұра» – «Культурное наследие» журналына басшылық жасап отыр. Ғалым ретінде де тындырған істері қомақты. Әсіресе шоқантану, арғы түрк замандарын танудағы еңбектерінің шоқтығы биік.*

*«Ана тілі» газеті, оның оқырмандары үшін Жақаңның орны тіптен бөлек. Ол – осы ұлт басылымының алғашқы басышысы. Өмірге жаңа келген газеттің қалыптасып кетуі жолында елеулі еңбек сіңірді.*

*Төменде «Ана тілі» басылымында кезінде Ж. Бейсенбайұлымен қатар жұмыс істеген азаматтардың ол жөніндегі ой-толғамдары ұсынылып отыр.*

\*\*\*

**Ертай Айғалиұлы, «Қазақстан – ЗАМАН» газетінің бас редакторы:**

– Жақаң туралы көп білемін деп те, аз білемін деп те айта аламын. «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») бірге жұмыс істедік. Мен ол кезде тым жас едім. Университетті бітіре салысымен марқұм Сейдахмет Бердіқұлұлы ағамыз барлық журналисті тезге салатын орын – секретариаттың қамытын мойныма салып, «ауыр» жұмысқа жекті. Ол кезде «Лениншіл жасқа» жұмысқа тұрудың бақыты кез келген журналистің маңдайына бұйыра бермейтін. Сөйтіп, мен бірден кілең алыптардың ішіне сүңгіп кеттім. Сол алыптардың бірі Жақаң, Жарылқап Бейсенбайұлы еді. Көп, аз білемін деп өзімше айтып жатқаным Жақаң көп ашыла бермейтін жан. Бірақ анда-санда бір күлген кезде Алматының ашылған аспанындай жүзі жарқырап кетер еді.

«Лениншіл жас» жігіттерінің дені макет сызуды білетін. Ал білмейтіндер мен үшін бір саты төмен адамдар сияқты көрінетін. Жақаңның макет сызуда өзіндік стилі бар-тын. Бізбен ерінбей ақылдасып, материалдарының жақсы орналасуына барын салатын. Сол кезде-ақ Жақаңның журналистика әлемінде өзіндік ерекшелігі бар екенін сезетінмін. Ең бастысы, жазған материалдары өзі тәрізді кесек, жұп-жұмыр келетін. Содан соң жаңашыл, ізденгіш, еңбекқор. Қай-қайдағы тақырыптарға баратын. Ол кезде мораль тақырыбы өте нәзік тақырып еді. Ол кісі сол бөлімді біршама уақыт басқарды. Бөлімнің материалдарын халық сүйсіне, іздеп оқитын. Жақаң авторларды іздеп тапқыш еді. Оның сол кездері жазған Шоқан сапары ізін қайталаған экспедициялық материалдары, «Аққу» клубы аясындағы эсселері, Әдеп тақырыбындағы мақалалары оқырманды елең еткізетін. Олардың бәрі іле-шала «Шоқан ізімен», «Буырқанған бояулар», «Әдеп әлемі» сынды әдемі кітаптарға айналды.

Кейін мен «Қазақ әдебиетіне» ауысып кеттім. 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Пай, пай, сол кездегі қазағымның аспандаған рухы қандай еді десеңші! Бәріміз арқаланып, әлдебір таңғажайып жақсылықты күтіп жүрдік. Тәуелсіздігіміздің күні шықпаса да, оның аспан әлемін жарқыратқан шапағын көргендей едік. Соның бір анық белгісі 1989 жылы күзде қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бөркімізді аспанға бір атсақ, Наурыз мейрамы тойланып, екінші рет шаттандық. Үшінші, бар қазақты елеңдетіп, рухтандырған нәрсе «Ана тілі» газетінің ашылуы. Жақаңның бас редактор болғанын естіп жаттық. Бірақ газетке мені жауапты хатшы етіп шақырады деп ешқашан ойлаған емеспін. Бір күні Жақаң келді. Қолын мойнына асып алған. Жол апатына түсіп, жарақат алыпты. Мақала әкелді ме деп ойлағанмын. Жоқ, мені жұмысқа шақыра келіпті. Ол кезде марқұм Оралхан аға бас редактор. Жібермеді. «Бармайсың!» деді үзілді-кесілді. Біраз жүріп қалдым. Жақаң да ойынан қайта қоймады. Содан Ор-ағаң кезекті еңбек демалысына кеткенде, жұмыстан қашып кеткендей болдым. Жаңа жұмысқа кетіп бара жатсам, жолымда марқұм Берсінбек Сәрсенұлы ағам тұр күтіп. «Сені жауапты хатшы етіп алады екен. Мені фототілші етіп алсайшы. Өкінбейсің», – деді ол. «Кеттік», – дедім. Сонымен

бірге белгілі суретші, сатирик Төлеген Ильяшев ағамызды да ертіп алып үшеуіміз Жақаңа бардық. «Мәссаған! Жұмысқа өз тобыңмен бір-ақ келіпсің ғой», деп жаңа бастығым күлді. Бірақ үшеуімізді де бірден жұмысқа алды.

Жақаң шынында да «Ана тілі» газетін жаңашылдықпен шығарды. Оның кадрларды танығыштығы керемет еді. Бақыт Сарбалаұлы ағамызды орынбасары етті. Бұл ағамның да шығармашылығы ешкімге ұқсамайтын ерен болатын. Қонысбек Ботбай, Ғарифолла Әнес, Байбота Қошым-ноғай, Мақсат Тәжмұрат, Аманқос Мектеп-тегі, Дихан Қамзабекұлы, Амантай Шәріп, Раушан Мырзахмет, одан кейін келген Марат Қабанбай, Жұматай Сабыржанұлы, Сабыржан Шүкірұлы, Сәкен Сыбанбай, әрқайсысы бір-бір тұлға-тын. Жер-жердегі данышпан ақсақалдарды жазуға тартты. «Ана тілі» сол кезде мандайы жарқырап БАҚ әлемінде ерекше шықты. Халық оны іздеп оқитын. Себебі неде? Шөлдеп, шөліркеген халықтың қажет еткен ұлттық дүниелерін бере білдік. Жақаң өзі тұңғыш рет түрен салып, «Қазақ шежіресін» қолға алды. Бұл өзі инемен құдық қазғандай ауыр жұмыс. Ерінбей, жалықпай ол қазағын осылай түгендеді. Шота Уәлиханов ағамыздың «Хандар шежіресі» де қағыс қалған жоқ. Дінімізді жарқыратып бердік. Алаштың тұлғалары бірінен соң бірі шығып жатты. Бұқараның мұң-мұқтажына қолымыздан келгенше көмектестік. Әрине, тіл мәселесі газетімізде бірінші тұрды. Таралымымыз жүз мыңнан асып жығылды. Міне, осының бәрін Жақаң күні-түні ұйықтамай өзі ұйымдастырды. Ол кісі тақырыпқа зор мән беретін. Айдалада кетіп бара жатып маған қоңырау шалатын. «Ертай, мына тақырыпты тез жазып алшы», – дейтін. Мінеки, жұмысқа берілгендік! Жақаңның мінезі қарапайым. Ал сырт көзге тәкаппарлау көрінетін. Мен өзім Жақаңнан көп нәрсе үйрендім.

Жақаң тек қана журналист емес, ғалым екенін сол газетте істеп жүргенде-ақ дәлелдеді. Енді, мінеки, тарихтың қатпар-қатпар терең қойнауына сапар шегіп жүр. «Арғы түріктер ақиқатының ізімен» кітабын оқып шықтым. Тамаша дүние! Бірақ, меніңше, сол дүниесі терең талданбай, айтылмай жүр.

Басқа-басқа, Жарылқап Бейсенбайұлының редакторлығы, журналистігі өзінше бір әлем. Кейінгі жас журналистерге зор үлгі, өнеге болатын әдіснама десе боларлық.

**Ғарифолла Әнес, профессор:**

– 1990 жыл. 22 наурыз. Ғылым академиясының Тіл білімі институты. Айпарадай Акт залы. «Ана тілі» газетінің алғашқы саны дайындалып жатыр. Қолы гипстеулі, сөзі аз, мақалаларды мұқияттап оқып отырған бас редактор. Жалпақ жазарманға танымал журналист, Қазақстан комсомол сыйлығының лауреаты Жарылқап Бейсенбайұлы.

1990 жылдардың басы. Сейдахмет ағаның (Бердікүлұлы) бар кезі. Жәкең үйіне бір топ журналист әріптестерін жинап, дастарқан жайды. Маған орын есіктің аузынан бұйырды. Қонақтар арасында ең жасы да, журналистік тәжірибесі ең азы да менмін. Таныстыру сәті келгенде Сейдағана қарап: «Ғалымнан туған журналист балаңыз», – деді. «Менің шинелімнен шыққан» дегенді де қосып қойды. Бұнысы, әрине, айнадай ақиқат-тұғын.

Сол жылдардағы «Ана тілінің» толағай табысы, оқырман санының күрт көбею себебінің бірі – ғылымға жақындығы, апталықтың мазмұны мен тілін ғылымиландыру жолындағы ізденістер жемісі болғаны сөзсіз.

«Тоқырау» атты заманның бөркін киген сол бір өліарада редакцияға хатпен де, аяқтай да келетін мақала-жазбаларға көміліп жатушы едік. Ғалымдардың ұсынған көлдей-көлдей сәлемхаттары менің «Тілтану» бөлімімнен өтетін. Неғұрлым атағы зор болса, әсіресе «ғылым докторы», «профессор», «Пәлен академияның академигі» дегенді көргенде жүрек лоблып, мильқтата май жұтқандай болушы едік. «Мә, ағаңның «трактаты», қайта жазып шық», дейді бас редактор. Жазған құлда жазық бар ма, өзім «Ғылым» баспасында отырсам, сол бойда авторға қайтарып беретін-ақ «трактатты» қайта толғатып, қайта туып, 200 жол, 300 жолға «жұтындырасың». Кейде «трактат жазуға» Жәкең де кірісіп кетеді. Осылай жұтынған, кейде жұтынбаған (әрине, осылай айтуға болса) жүздеген жазбасымақтармен алысып, арпалысып жүріп Жәкең де, мен де ғылыми-көпшілік стиль дегеннің жүйрігі болып алдық-ау деймін.

Талант қашанда талант қой. Газеттің тізгінін ұстаған бас сарашымыз (өз сөзі) бірте-бірте өзі де ғалым-зерттеушіге айналып шыға келді. Бүгінгінің тілімен бедерлесек, арнайы «Қазақ шежіресі» аталымды жоба жасап, әлдебір ғылыми-зерттеу

институтының Қолжазба бөлімінің мүкәммалындай қисапсыз мол мұраны халыққа сауын айтып жүріп жинап алды, өз қолымен саралады. Ол қазына кейіннен әп-әдемі танымдық кітапқа айналды. Бір сөзбен айтқанда, көз алдымызда хас жүйрік бас журналисіміз трактат жазғыш ғалымға айналды.

Қазақтың шежіресін біржақты қылған соң Жақаң «ақтаңдағы» жетіп артылатын Алты Алашты бір түгендейтін шығар деп күтіп жүруші едік. Бірақ сынықтан басқаның бәрі жұғады демекші, су жаңа ғалымымыз тым «тереңге» кетті. Өзіміз бар қазақты, шашыраған түрк қандастарды түгендей алмай жүргенімізде, ұстазымыз «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» (2006) және «Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер» (2015) атты шолып шығудың өзіне жан шыдамайтын трактаттарын дүниеге әкелді. Апыр-ай дейсіз-ау, арғытүрк жұрттары тарихы жыл санаудан бұрынғы, берісі 10 мың жыл, арысы 40-50 мың жыл тереңге кетеді екен ғой! Бұл дегеніміз Жер шарының түп ортасында 2000 градуспен қайнап жатқан мантия-тақырып ғой... Иә, шынында, трактат! Өйткені осы бір жалпыжаһандық атау сонау Аристотель, Фараби замандарынан бері құнды ғылыми-зерттеу еңбек мәнінде ұғынылады...

\*\*\*

### **Аманқос Мектеп-тегі, алаштанушы ғалым:**

– 1990 жыл, наурыз айы. Ғылым Академиясының Тіл білімі институтында гу-гу әңгіме. «Ана тілі» атты тіл мәселесін жан-жақты қауазайтын газет шықпақшы, соған институт қызметкерлері де тартылмақшы екен».

Директордың орынбасары Шора Шамғалиұлы Сарыбаев іздеді деген соң, ентелеп кабинетіне жетіп бардым. Шөкен жанында отырған Ғарифолла Әнес пен маған «Әбекен пікірлескісі келеді, кіріп шығындар!» – деді. Институт директоры академик Әбдуәли Қайдар көзәйнегін шешіп, бізге орындықты нұсқады.

– Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының үнжариясы, апталық «Ана тілі» газеті жарыққа шығатындығын естіген боларсыздар! Бұл мерзімді басылым бұйырса, қазақ тіліне қатысты қордаланған

түйткілдердің баршасын қоғамдық ортаның талқысына салатын ұлт руханиятының жаршысы болады деген сенімдеміз. Газеттің Бас редакторы, тәжірибелі журналист, қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлына таңдау жасалды. Ендігі мақсат: газеттің сапалық деңгейі жоғары, қазақ тілінің мәртебесін биікке көтеретін салалық басылымға айналдыру. Әсіресе қазақ тілінің қоғамдық пәрменіне дем беретін ғылыми-көпшілікке арналған стилін қалыптастыру, ғылым-білімге, ғылыми-зерттеу, ғылыми танымдық жарияланымдарға біздің институт тарапынан айрықша қолдау көрсетуге тиіспіз. Соған орай сіздерге жүктелетін міндет кәсіби журналистермен шығармашылық бірлікте газет ісіне үлес қосу. Бұл ұсынысқа қалай қарайсыздар? – деді Әбекен.

Біз бұл жауапкершілікті абыроймен орындауға уәде бердік.

Газет редакциясының тұрақты мекенжайы шешілгенше, уақытша институттың акті залына орналасты. Бас редактор Жарылқап Бейсенбайұлы жаңа басталған игілікті істің мән-жайын түсіндіріп, ұжымның жаңа мүшелерімен қысқаша таныстырып өтті. Олар газет жұмысының әбден майын ішкен, шеттерінен «сен тұр, мен атайын» дейтін қаламы жүйрік шығармашылық тұлғалар Бақыт Сарбалаұлы, Ертай Айғалиұлы, Қонысбек Қожамжарұлы екен. Сол күннен бастап қазандай қайнаған газеттің қым-қуыт қарбалас тірлігіне араласып кеттік. Жақанды бір көргеннен-ақ сыртқы түр-тұлғасы, қайратты қою қара шашы, отты жанарынан іштей талапшыл, қатал басшыға жорыдым. Қызмет барысымен Жақанды жақыннан таныған сайын оның иіні жұмсақ, көңілінен шыға қалсаң шын мейірленіп, тісі ақсия рақаттана кеңкілдеп күліп, жүзі жадырап қоя беретін ақжарқын, парасатты жан екеніне талай мәрте куә болдық. Оның осы табиғаты редакциядағы әріптестерді жақын тартып, шығармашылығына шабыт беріп тұратын. Жасыратын несі бар, әуелгі әзірде апталық газет болса да, атына лайық етіп қалыптастыру оңай болған жоқ. Оның үстіне бүгінгідей цифрлы технологияның қолданысқа ене қоймаған кезі. Асыға күткен газеттің тұңғыш саны қоғамдық-рухани өмірде оң серпіліс туғызған мәдени құбылыс болды. Газет оқырмандардың сусап отырған ана тілінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани саласының қыр-сыры мен ұлттық болмыс-бітімін сипаттайтын, жабық болып келген тарихи ақтаңдақ беттерін

індете зерделейтін, зұлмат жылдардағы алаш арыстарының тағдыр талайынан мол мағлұмат беретін тақырыптарға кеңірек тоқталуға батылдық танытты. «Ана тілі» газетін қазақтың ары болған Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлының әйгілі «Қазақ» басылымын үлгі тұтып, рухани мұрагері санатында шығаруға Ғарифолла екеуіміздің азын-аулақ идеямызды Жақаң бірден қолдады. Сөйтіп, газеттің бренді, жазба дәстүрі ертеден бар ежелгі руникалық таңбасы және араб қарпімен қолданыстағы графикалық эволюциясын көрсететін бейнесін, қазақша ай, жыл аттары, ұлттық нақыштағы айдарлар мерзімді баспасөз арасында өзіне тән ерекше орнын айқындады.

Қысқасы, «Ана тілі» газетінің бірден елдің ықыласына бөленіп, алыс-жақыннан оқырмандары мен авторларының көбеюіне қозғаушы күш болған тізгінді ұстаған Жақаңның ұйымдастырушылық қабілеті мен шығармашылық қарымы, көсемсөз шеберлігі еді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, Жақаңнан үйренгеніміз көп, білімпаз жанмен қызметтес болғанымызды мақтаныш етеміз.

*(«Ана тілі». 2017. 20 сәуір)*



## «МЫЛТЫҚСЫЗ МАЙДАННЫҢ» АЛҒЫ ШЕБІНДЕ

Ғасырлар бойы отарлау саясатының құрсауында келген қазақ халқының ұлттық рухы 1986 жылғы Желтоқсанда дүниені дүр сілкіндірді. Осы сілкініс әр қазақтың санасына зор серпіліс берді, өткеніне, кейінгі болмысына жаңаша көзқараспен баға беруге бет бұрғызды. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін қан тамырларындағы өзінің ұлтына тән қасиеттерді іздей бастады.

1990 жылы дәл осы жалпыұлттық ұмтылыстардың қажеттілігін қанағаттандырар «Ана тілі» ұлт апталығы жаңа келген наурызбен бірге қара түнекті түріп тастаған күннің сәулесіндей жарқ ете қалғанда, қоғамда қайта жаңғыру шуағы жамырады. Қыстың құрсауынан босанған алып бәйтеректің әр бұтасы көктем келе сала бұр жара бастағанындай, ұлтымыздың тарихына, дәстүріне, салтына, әдеті мен әдебіне, тілі мен діліне қатысты тұншығып келген ұғымдар мен түсініктер, көзқарастар мен ой-пікірлер де «Ана тілі» газетінің әр бетінде шешек атты. Сол кездегі астанамыз – Алматыда апта сайын бейсенбі күні «Ана тілін» алуға газет-журнал дүңгіршектеріне таң атпай кезекке тұратындар саны көбейді. Бүкіл республика бойынша әр мектеп «Ана тілі» апталығын халықтық педагогика пәніне оқу құралы ретінде пайдалану үшін әр санын тігіндіге қосып, кітап секілді түштеп алатын болды. Ауыл азаматтары да қиыншылыққа қарамастан жекелей де, бірігіп те жаппай жазыла бастады.

Газеттің аз уақыт ішінде осынша мәшһүр болып, жалпыұлттық басылымға айналуының бірнеше себебі бар деп ойлаймын. Оның алғашқысы – қоғамда ұлттық сананың жаппай оянуы; екіншіден, сол санадағы рухани ұмтылыстардың қажеттілігін өтеу ісінің күн тәртібінде бірінші тұрғандығы; үшіншіден, сол қажеттіліктерді дәл тауып, қанағаттандыратындай жарияланымдарды дер кезінде ұтымды да өтімді етіп ұсынып отырған редакция ұжымының кәсіби білігі мен құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуы; төртіншіден, редакция құрамындағы әр маманның азаматтық-патриоттық сезімінің қуаттылығы, ұлттық санасының биіктігі дер едім.

Осындай серпінмен Алты Алашқа әйгілі болған газетке мен мықтымын деген қаламы жүйрік журналистердің өзі қызметкер болуға жүрексінетін, көлденең көк атты автор болуға именетін. Өйткені бұл газеттің болмысында жалпы ұлтқа тән рух жоғары болатын. Сол жоғары рухқа жан дүниенің ішкі дайындығы сәйкес келмесе, жылдар бойы жинаған кәсіби машығың есік сығалап қалатын.

Мен де осы газетке қызығатынмын. Осы газет көтеріп жатқан мәселелерді өзім еңбек етіп жүрген облыстық «Жетісу» газетінде де көтеруге талпынатынмын. Сол талпыныстардың нәтижесі болар, нөмір сайын «Ана тіліне» еліктеген затындар (материалдар) жарияланатын. Күндердің бір күнінде Дүниежүзі қазақтарының І Құрылтайынан жазған оқиғатым (репортаж) бір бетке «Дүниені дүр сілкіндірген бір күн» деген атпен жарық көрген-ді. Дүниені жалғыз өзім сілкіндіргендей көңіл күйде жүргеніме бір күн толмай жатып жұмыс телефоным шыр ете қалды. Көтердім. Ар жағынан қоңыр, салмақты үн:

– Бұл – «Ана тілі» апталығының редакторы Жарылқап Бейсенбайұлы ағаң ғой, – дейді.

Қапелімде не айтарымды білмей қалдым. Ежелден таныс адамына сөйлеп тұрғандай өзімсінген дауыс. Өз басым ол кісіні бұрын «Лениншіл жас» газетінің беттерінен білгенмін. Әсіресе, сонда жарияланған Шоқан іздерімен жүріп өткен жолсапар уақиғаттарын (очерктерін) қызыға оқығанмын. Сол сүйсінген эсермен ол кісіні алыптар қатарына қосып алғанмын. «Ана тілі» апталығының мынадай деңгейде жарық көріп жатуының бір сыры – оның басында осы алыптың отырғандығында, сондықтан бұрын бетпе-бет жүздеспеген соң телефон арқылы сөйлеспек түгілі, алдына баруға именіп жүргенімде алыптың өзі телефон соғып тұр:

– Сен бізге келсеңші...

Жұмысқа орналасуға ма, әлде жолығып кетуге ме, ара жігін ажырата алмай қалдым. Сөзді өзі жалғады:

– Сендей жас журналистер «Ана тіліне» қызмет етуі керек...

– Мен «Жетісуда» қызмет етіп жатырмын ғой,.. – дедім күмілжіп.

Ойлануыма бір күн берді. Ойланумен екі күн өтті. Жақаң тағы телефон соқты:

– Сағатбек, не, «Жетісуынды» қимай жүрсің бе? – деді төтесінен.. Саскалақтап, өзімнің Бас редакторым Баймолда Мусин ағаға не айтарымды білмей жүргенімді, жұмысқа алғанына үш-ақ ай болғандығын, «әй-шәй» жоқ, кетіп қалғаным адамдыққа жатпай қала ма деп қысылатынымды айтып ем:

– «Жетісу» облыс ауқымына, ал «Ана тілі» бүкіл республикаға тарайды. Тағы да ойлан, – деп тұтқаны қоя салды. Ойланып отыр ем, «Мирас» деген ұлттық-этнографиялық бағыттағы айдарымызды жүргізуді қолға алған ұстазым Дәркембай Шокпарұлы кіріп келді. Жарылқап Бейсенбайұлының телефон соққанын айтып ем, ойланбастан:

– Енді неғып отырсың? Тұр! Жүр! Кеттік! – деп, мәшинесіне мінгізіп алып, бірден «Ана тілі» апталығының қазіргі Достық пен Құрманғазы көшелерінің қиылысындағы редакциясына апарды. Бұрыннан өзіне жақсы таныс Бас сарашының кабинетіне есігін айқара ашып кіріп барды да амандықтан соң, бірден:

– «Жетісу» Сағатбекті жарылқап па, Алып келдім «Ана тіліне», Жарылқапқа,.. – деп тақпақтап алды да:

– Орысша айтқанда: «он находится не на своей тарелке» («өзінің мүмкіндігіне татитын орында жүрген жоқ» дегені деп түсіндім), – деді.

Сөйтіп, мен «Ана тілі» ұлт апталығының Елтану бөлімінің редакторы болып қабылдандым. Шыны керек, газеттің бағытына бірден ене алмай бір айдай қиналдым. Бұл газетке бет көбейту үшін көпірме көбік сөз керек емес; «мақтасам» деген ниетпен жазудың қажеті жоқ; дәлелсіз, дәйексіз, айғақсыз сөйлемнің бәрі бірден сызылып тасталады; ұлттың тіліне, тағдырына, тарихына, дәстүріне, салтына, әдетіне, әдебіне, руханиятына қатысты айтылмаса, көлденең тақырыптар аса бір мемлекеттік я ұлттық мәні мен маңызы болмаса, қабылданбайды; жеке адамдарға қатысты мерейтойлық дәріптемелер жарияланбайды; күнделікті саясат саласында болып жатқан оқиғалардың ұлтқа тиістісі ғана қысқартылып беріледі; бірінші бетке билікті жақтаған немесе мақтаған затындар берілмейді; мақала төлиесінің (авторының) атағына, қызметіне, жасына қарау жоқ; неғұрлым қысқа да нұсқа жазу керек; егер әр сөйлемнің астарында ұлтқа қатысты айтылар ой болса, жазғаныңның көлеміне шек қойылмайды; сырттан келген хат қорытылғанда «төлиенің сөз саптауы, сөйлем құрауы

көп бұзылмай сақталуы тиіс, халықтың газеті халықтың өз тілінде сөйлеуі керек», деген қағида орныққан; ең бастысы – газет бетіндегі әр жарияланымның тақырыбы мен ындыны ұлтқа қатыссыз болмауы керек; ұлтқа қатысты ойы озық, пікірі өткір болса ғана жалғыз өлең жариялануы мүмкін; әдеби көркем шығармалар мүлдем қабылданбайды; заңға сүйене айтылған тосын ой, қайшы пікірлерге жол ашық; билік адамдарының өздерін емес, солардың істеген ісін шыншылдықпен сынауға еркіндік бар; ұлттық руханиятқа қатысы жоқ кітаптарға жазылған сараптамалар қабылданбайды, апталықтың әр бетінің безенінен (дизайнынан) ұлттық сипат аңғарылып тұруы қажет; жазған-сызғаныңызда алдымен танымдық мән, тағылымдық мағына болуы шарт; кез келген жарияланымның аты кеңестік кезеңдегі аудандық, облыстық немесе республикалық ресми басылымдардағыдай қасаң, таптаурын тіркестерден құралмағаны дұрыс; әр нөмірден ең басты тақырып – тіл мәселесі түспеуі керек!

Осы бұлжымас талаптарды орындауды кәсіби машыққа айналдыруға әжептәуір ізденіс пен ыждағат, табандылық пен ықылас керек болды.

Сол жылдардағы газет бетіндегі айдарлар да не туралы жазу керек екенін өзі-ақ айтып тұратын. «Қайнайды қаның, ашиды жаның», «Халқын сүйген – салтын да сүйеді», «Көзіңнің қарашығындай», «Сөз төркіні», «Төрт құбыламызды түгендейік», «Толғауы тоқсан туған тіл», «Ақылдасайық, ағайын!», «Жердің тілі – елдің тілі», «Түрк дарабоздары», «Тәржімелік тәжірибелер», «Айтылмаса, сөз өледі», «Серке сөз», «Сөзқамшы», «Ойтамызық» секілді айдарларға белгілі тұлғалар ғана емес, ел ішіндегі көзіқарақты, көкірегі ояу жандар өздері де тұрақты түрде жазып тұруды әдетке айналдырған еді.

Заманның ауанына, уақыттың сұранысына, ұрпақ қажеттілігіне орай қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі басшы да, қосшы да назар аударуы қажет өзекті мәселелерді; ұлт тарихына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, тіліне, дініне, діліне қатысты бүгінгі күнге де керекті танымдық-тағылымдық тақырыптарды; саясаттағы, халық тіршілігінің сан саласындағы соқталы проблемеларға қатысты ой-пікірлерді жасқанбай, жалтақтамай батыл айту дәстүрі басты ұстаным болды. Сол арқылы бұқараның

ең сүйікті басылымына айналды. Еліміздің басынан сан алуан оқиғалар өтті. Тәуелсіздігімізді баянды ету жолындағы сол күрестерде елдің сөзін сөйлеп, жұрттың жүрегіндегі рухты алаулату үшін, әсіресе «тілдің тағдыры – ұлттың тағдыры» деген қағиданы берік ұстап, ана тілінің болашағына алаң жұрттың көкейіндегісін дәл тауып, көңіліндегі сөзді дер кезінде айту үшін дүниеге келген сол басылым әлі де мылтықсыз майданның үнемі алдыңғы шебінде келеді.

**Сағатбек Медеубекұлы,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
Журналистика факультетінің профессоры

*(«Ана тілі». 2020 жыл. 19 наурыз)*



## ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ МЕКТЕБІМ

Расында, уақытқа жететін жүйрік жоқ шығар, сірә. «Ана тілі» газетінің есігін имене ашқаным күні кеше сияқты еді, көзді ашып-жұмғанша арада талай жыл жүйткіп өте шығыпты. Алғашқы аяқ алыс, қуаныш пен өкініш, сол бір күндер әлі күнге көкіректе сайрап жатыр. Ол кезде мен Октябрь ауданына (қазіргі Түрксіб ауданы) қарасты 44-ші нөмірлі орыс мектебінде қазақ тілінен сабақ беремін. Айта кетудің реті келіп тұр. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары елдегі жағдай ауыр еді. Әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған КСРО деген алып империяның шаңырағы шайқатыла бастаған. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып (22 қыркүйек 1989 жыл), ұлттық руханиятта, ұлттық санада зор сілкіністер мен дүниелер өтіп жатты. Қазақ халқының санасында ұлттық мақтаныш сезімінің оянуы да осы уақытпен тұспа-тұс келеді. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту мәселесіне байланысты талаптардың қойылуы да осы кезеңнің жемісі. Бұл жөнінде «Жас Алаш», «Өркен» сияқты газеттерде әжептәуір мәселе ретінде көтеріп, бірді-екілі материал жазғаным да бар. Бірақ газетке жұмысқа орналасу туралы ойда болғанымен, соның ешбір ретін келтіре алмай жүргенмін.

Әлі есімде 1990 жылдың наурыз айының аяқ шені. «Ана тілінің» бірінші саны жарық көріп, тілектес жұртшылықтың көзі мен ауызында жүрген кез. Іштей ептеп қобалжысам да, газет редакциясын іздеп баруға бел байладым. Бардым. Ол кезде редакция Ғылым академиясына қарасты Тіл институтының мәжіліс залында отыратын, яғни бүкіл редакция қызметкерлері бір бөлмеде. Есікті қағып, ішке ендім. Табалдырықтан аттай бергенде ең алдымен әжептәуір кең бөлменің қақ төрінде ілінген алаш ардақтысы, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының еуропалық үлгіде киініп, көзілдірік таққан әйгілі портреті көзіме оттай басылды... Мен ішке кіргенде, әдеттегідей сәлем бере кірдім. Алдыңғы қапталда отырған кісі басын оқыс көтеріп, сәлемімді сыпайы алды.

– Кел, кел, мына жерге жайғас, – деп қарсы алдындағы орындықты нұсқады. Мен жайғасып болған соң:

– Иә, жол болсын! Не бұйымтаймен келдің, айта отыр, – деді сәл өзімсінген үнмен. Оның өзімсіне сөйлегеніне қатты қысылған мен одан сайын күмілжи түстім. – Бізге келген адам жай келмейді. Не әлдебір бұйымтай айта келеді, не мақала ала келеді. Біліп отырмын, сен мақала жазып әкелген сияқтысың... Кәне, бері әкел, оқып көрейік, – деді. Оның айтып отырғаны рас еді, мен құр қол барған жоқ едім. «Етектен кесіп жең салмас» деп аталатын аралас мектептердің сол кездегі жай-күйін сипаттап жазған мақаламды өзіммен ала барғанмын. Соны ұяла-ұяла әлгі кісінің қолына ұстаттым.

Мақаланы сол замат бас көтермей бірден оқи бастады. Оқып шықты да сәл қасын керіп, маған қарады. Не риза болғаны, не жақтырмағаны белгісіз. Қорыққанымнан зәрем зәр түбіне жетті. Ол сәл езу тартты да:

– Мына мақаланы неше күнде жаздың? – деп сұрады. Мен он күндей уақыт жұмсағанымды айттым. Ол одан әрі қайда жұмыс істейтінімді, қайдан келгенімді, нені бітіргенімді тәптіштеп сұрап алды. Сосын сәл ойланып отырды да:

– Мақалаң жақсы екен. Тілің де жаман емес. Осы бізге келсең қайтеді? – деді. Шыны керек, басқаны күтсем де, дәл мұндай ұсынысты күткен жоқ едім. Жөпелдемеде не деп жауап қайтарарымды білмей, қатты састым. Ол менің жауабымды күтпестен төрдегі әлдебір қағазға қадалып отырған жігітке дауыстады:

– Қонысбек, мына жігіт сенің бөліміңе лайық сияқты. Жұмысқа алсақ қайтеді?.. – деді. Ол да бұрыннан білетін кісі сияқты, бірден келісе кетті.

Кейін білдім, менің мақаламды бірден оқып шығып, жұмысқа келуіме ұсыныс жасаған бас редактор Жарылқап Бейсенбайұлының өзі екен де, ештеңеге таң қалмай келісімін берген «Тіл және әлеумет» бөлімінің меңгерушісі Қонысбек Ботбай болып шықты.

– Онда ойланатын несі бар, мәселең шешілді. Ертеңнен бастап жұмыстамын деп есептей бер, – деп Жақаң орнынан тұрып қолымнан қысты.

Көптен ойда жүрген арманымның ойда жоқта орындала кеткеніне есім шығып қуанып кетсем де, мұндай тез шешім қабылданады деген жоқ едім.

Міне, ұлт апталығына мен осылай келгенмін.

«Ана тілінде» жарияланған алғашқы мақалам 1990 жылдың 3 сәуірінде «Етектен кесіп жең салмас немесе «аралас» мектептер бүгінгі талап үдесінен шығып отыр ма?» деген тақырыппен жарық көрді. Газетке шыққан сол тұңғыш материалым Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігінің назарына ұсынылғаны мені тіпті қанаттандырып тастады. Әйтсе де, әуелгі кезде газеттің өз ішіндегі қым-қиғаш қиындықтарды бірден игеріп кету маған оңайға түскен жоқ. Содан бастап ол менің шын мәніндегі журналистік мектебіме айналды. Көп оқып, көп іздендім. Тіпті бір мақаланы жеті-сегіз рет қайталап жазған кездерім де болды. Өйткені, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін бас редактор Жарылқап Бейсенбайұлының көңілінен шығу... оңай емес еді. Ол талғамы биік редактор болатын. Оның артықшылығы сонда – таланттарды тани білді, кілең нөқтаға басы сыймаған басасау жігіттерді айналасына топтастыра алды. Сонымен бірге газеттің бастауында бас редактордың орынбасары болып қызмет атқарған Бақыт Сарбалаұлы, жауапты хатшы Ертай Айғалиұлы, бөлім меңгерушілері Ғарифолла Әнес, Қонысбек Ботбай, әдеби қызметкерлер Аманқос Мектеп-тегі, Амантай Шәріп, Жаңабек Тойбазаров, Шәмшиден Керім, Бақтияр Тайжан осылардың қай-қайсысы да өзіндік жазу мәнерімен қазақ журналистикасының корифейлері болып қалыптасты деп әспеттеуге әбден лайық. Осы қатарда фототілші Берсінбек Сәрсеновті де атап өтер едік. Оның түсірген суреттері өзінің қарапайымдылығымен, шынайылығымен ерекшеленетін, қазір де сол бағытта. Ұлт газеті «Ана тілінің» қаз тұрып, қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген алғашқы қарлығаштар міне, осылар болатын. Ендігі айтар сөзді бұрын да бір мақаламда жазған едім, соны тағы қайталаудың реті келіп тұр. Мен өзімді Жарылқап Бейсенбайұлы бастаған «Ана тілі» газетінің журналистика шеберханасында шыңдалған тұңғыш команданың қатарында үлкен мектептен өткенімді мақтаныш етемін.

Мен «Ана тілінде» табаны күректей екі жылдай уақыт қызмет істедім. Сол күндер менің өмірімдегі ең қимас, ең елеулі кезеңім екен. Бүгінде Ұлт газетіне дейінгі жолдан өткен «Ана тілімен» әлі күнге байланысым үзілген жоқ. «Ана тілі» ұлттың жоғын жоқтап, елдің сөзін сөйлеу үшін дүниеге келген еді. Сол биігінен әлі



түскен жоқ. Ұлт газетінің дәл қазір бұрынғы қауырсын қанаты қатайған, есейген, томағасын сыпырып қоя берсең алысқа самғайтын нағыз керім шағы. Жауға салсаң айналаға өлім сеуіп жатқан дзотты жалаңаш кеудесімен жабуға көзсіз бара алатын жанкешті жігіт кезі. Ендеше, біз «анатілділіктерден» алда да ұлт үшін ұрандап, отан үшін отқа түсетін ерліктер күтеміз.

**Болат Шарахымбай**

*(«Ана тілі», 2010 жыл. 18 наурыз)*



## ҰЛТ ҰСТЫНЫ

«Ана тілі» газетінде қызмет істеу – қашанда абыройлы жұмыс деп білемін. Өйткені оның аты мен заты, мақсаты мен міндеті, мәні мен маңызы «газет» деген ұғымға сыймайды. «Ұлт» атауына балама болып кететін де жері бар, оны толықтыратын да сипаты бар.

Мені бұл басылымға шақырған яки тартқан көрнекті қаламгер, шоқантанушы Жарылқап Бейсенбайұлы еді.

Жақаң – біртоға, асып-саспайтын, әр сөзінде салмақ бар, тасқа басылған әріпке дейін жауапкершілікпен қарайтын, әділдіктен таймайтын, ұлт баспасөзінің көрігінен өткен азамат-тын. Сырттай қатты сыйлап жүретінмін. Студент күнімде «Әдеп әлемі», «Жасын-тағдыр жарқылы» секілді кітаптарын сатып алып, құныға оқығанмын.

1990 жылы наурызда «Ана тілі» газеті жарқ етіп шыға келді. Оны оқымайтын зиялы жоқ. Өз оқырманын бірден тапты. Әр нөмірін асыға күтетінбіз.

Сол жылы мен Ұлттық ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына қызметке тұрдым. «Ана тілі» газеті мен Әдебиет институты орналасқан Академия арасы таяқ тастам жер. 5-7 минутта жетіп барасың. Біздің институттың екі азаматы – Шәмшидин Керім (қазір фольклортанушы және дінтанушы, проректор) мен Сағатбек Медеубекұлы (қазір ҚазҰУ-да журфактың ұстазы, белгілі өнертанушы) осы газетте қосымша істейді екен. Мұның сыртында «Ана тіліне» ізденімпаз журналист Мақсат Тәж-Мұрат, Халық университетінен жиі ұшырастыратын тілші-зерттеушілер Ғарифолла Әнес пен Аманкос Мектеп-тегі, әріптес-дос Амантай Шәріп сынды Алаш тақырыбында шүйіркелесіп қалатын жігіттер де жиналыпты.

Мұнда басында ұлт зиялыларына қатысты архивтен тапқан деректер және Қ.Кемеңгерұлы туралы мақала әкеліп жүрдім. Олар тоқтаусыз жарияланды. Бір күні Жарылқап ағамыз өзіне шақырып: «Бізге келсең қалай болады? Мұнда қадалып отыруың міндет емес. Бір бетке жауапты боласың және өз

материалдарыңды бересің. Тағы бір азаматпен жалақыны қылдай бөлісесің, қаламақың да болады», деді.

Жақаң біздің көңіл ауанымызды дөп басты. Кеңес өкіметі құлап, алапат қаржылық дағдарыс жүріп жатқан... Айналайын Академияма екі күн міндетті түрде барамын, қалған күндері «Ана тіліме» соғамын. «Сотқа» жоқ заман, эп-сәтте екі қызметте де табыласың.

«Ана тілінің» мың сан тіршілігін толық сипаттай алмаспын. Бірақ бірер деталь есімде ерекше сақталып қалды.

*Сарашы.* Иә, қазақ тілінің бағын ашамын деп шыққан басылым басшысын – «сарашы», газетті – «ұнқағаз» деген кезі болды. Редактор Жарылқап Бейсенбайұлының басшылық шеберлігі мен азаматтығы ерекше еді. Тапсырманы нақты береді, мәселені сабырмен шешеді. Әр қызметкердің әлеуетін мейлінше толық пайдаланады. Артық әңгіме жоқ. Бес-алты қызметкер бірге отыратын бөлмеге аяндап басып келіп, әр мақала туралы ойын білдіреді. Газетті шұқшиып оқығанымыз болмаса, журфак бітірмегенбіз. Мақала қорытуды, тақырып қоюды сол жерде үйрендік. Ол сәтті шығып жатса, Жақаң көтермелеп қояды. Бұл кісі автор табудың, сол автордан тілші жасаудың ұстасы еді. Ақмолалық ақберен қаламгер Жұматай Сабыржанұлы иісі қазаққа солай танылды. Оны айтасыз, бірыңғай жазушылықпен кеткен Марат Қабанбай Жақанның «тапсырысының» арқасында өткір көсемсөзші болып шықты...

*Ұжым бірлігі.* Әрине, бұл да басшыға байланысты. Бірақ әр азаматтың орны бар. Баяғы саликалы Сарыбилердің жалғасы, биязы да бірқалыпты Бақыт Сарбалаұлы (редактор орынбасары) жүреді: «Ә, бұл қалай болады екен? Тағы да бір қарайықшы!» деп. Жазушылық атақ-дабысы КСРО асып кеткен Марат Қабанбай: «Әкіри!..» деп қойып, әр нөмір сайын жаңа идея айтады. Айрықша ақын болса да тіл ғылымының ұңғыл-шұңғылына енген Байбота Қошым-Ноғай ешкімге ұқсамайтын қарапайым қалыппен бұрқыратып құлаш-құлаш таңдаулы мақала жазып жатады. Төр жақта айнымайтын орны бар Қонысбек Қожамжарұлы үн-түнсіз толайым еңбек атқарады. Аңқылдап жүріп, ұжымды үйлестіретін Ертай Айғалиұлының қолтаңбасы да, қорытындысы да бір бөлек. Ерекеннің қайталанбас қасиеті – ол жүрген жерде дүние кеңейе кетеді. Әзілі мен суреті қатар

өрнектелген Төлеген Ілияш ұжымның берекесін арттыратын. Қыздардан шыққан шебер журналист – Раушан Төленқызы үлкен-кішіге бірдей ізет жасайтын.

*Қоғаммен байланысы.* Газеттің абыройы күннен-күнге артып, ел көлеміндегі мықты тұлғалар жарияланып тұрды. Ақын-жазушылар жиі келетін. Біз атақты қаламгерлерге барып, сұхбат алатынбыз. Академиктердің өз қолымен жазған мақалаларын алатынбыз. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ә. Қайдари, Р. Бердібай, Ш. Уәлихан, Ө. Айтбайұлы, Н. Уәлиұлы бастаған ғалымдары келіп тұратын. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері «Ана тілі» материалдарын оқу үдерісіне пайдаланды. Осы басылымның арқасында халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының да жалы күдірейіп тұрды. Облыстардан Алматыға келген үлкен-кіші зиялының газетке соқпайтыны некен-саяқ. Аз жылда «Ана тілі» нағыз халықтық басылым, ұлт ұстыны екенін көрсетті.

Мұның сыртында аңыз етіп айтатын да, көңіл көтеріп еске алатын да жайттар бар.

Мысалы, мемлекеттік рәміздер (басында «нышан» деп те аталды) жобасы алғаш осы «Ана тілінде» көп талқыланды. Республиканың түкпір-түкпірінен дорба-дорба, қапшық-қапшық хат келегін. Неше түрлі ұсыныстар айтылатын. Бірде Жақаңның тапсырмасымен осыларды тақырып-тақырыпқа жүйелеп, папка-папкаға бөліп Президент әкімшілігіндегі (дәл осылай аталды ма – білмедім) жауапты қызметкер, қазіргі танымал қаламгер-ғалым, депутат Сауытбек Абдрахмановқа тапсырдық. Әлбетте, баланың ойынындай ұсыныстарды газет архивінде қалдырдық. Айтқандайын, жаңылыспасам, парсытекті «рәміз» терминін алғаш қоғамдық айналымға енгізген – Мақсат Тәж-Мұрат.

Қазір ғой Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесіндегі Абылай хан бастаған хандар мен сұлтандардың зираты туралы түрлі әңгіме айтылады. Өзіз сүйектері жөнінде де қилы алыпқашпа сөз бар. Осының анық-қанығы (тіпті сызбасымен қоса) «Ана тілінде» жарияланғанын тарихшы қауым ұмытып жүргендей.

Қазақ тілі рухани жаңғырып, ұлттық пән сөздері (терминология) мен жер-су атауларына кең жол ашылғанда, біздің газет алдына жан салмады. Қаншама сындарлы ұсыныстар

жарияланды. Арғы заман мен бергі заманның арасынан шыққан, сөзі түгіл, көзқарасының өзі өнертапқыш Сейілбек Қышқашұлы, Алаш айқындаған шекараны былай қойғанда, бағзы қазақ жерінің бәрін түгендеп-тізіп әкелетін Молдияр Серікбайұлы осында ат басын жиі бұратын...

**Дихан Қамзабекұлы,**  
ҚР ҰҒА академигі

*(«Ана тілі». 2020 жыл, 19 наурыз)*



## ҰЛТ ПЕН ТІЛ МҮДДЕСІНІҢ КҮРЕСКЕРІ

Қазақ журналистикасының жампоздары туралы әңгіме қозғалса есіме бірден Жарылқап Бейсенбайұлы түседі. Аңғал-саңғал жүрген шағымызда ақпаратпен ауыздандырып, баспасөзге баулыған бапкеріміз болғандықтан да шығар. Болмыс-бітімі бөлек журналист-жазушы, көсемсөз шебері, ғалым Жарылқап Бейсенбайұлының жүріп өткен жолы жайында Бауыржан Омарұлы «11-ші қаламұш» атты кітабында жан-жақты қамтыған. «Ұлт ұғымын ұлғайтқан» қайраткерлігі, ғылымға адал еңбеккерлігі де баспасөзде біршама жазылды. Әйтсе де, біз дәл бүгін асқаралы 70 жасқа толып отырған қаламгер-қайраткер Жарылқап Бейсенбайұлының «ҚазАқпарат» агенттігін дамыту ісіне қосқан үлесін ерекше бағалағанды жөн санаған едік.

1997 жылдың соңында Қазақ ақпарат агенттігіне Қазақ редакциясының жетекшісі болып келген Жақан осы мекемеде табаны күректей 15 жыл еңбек етіпті. Осы жылдар ішінде ол агенттікті қайта құрып, қазақша ақпарат таратудың жаңа үлгісін қалыптастыруға зор үлес қосты. Мемлекеттік ақпарат саясатына жаңашыл идеяларды алып келді. Соның бірі, шеттегі қандастарымызбен рухани байланысты күшейтудегі нақты қадам – латын әліпбиінде хабар таратуды іс жүзінде ҚазАқпарат арқылы алғаш рет жүзеге асырудың бастамашысы болды. Сондай-ақ жаңалықтарды төте жазумен таратуды да елімізде тұңғыш рет қолға алып, сол арқылы әлем қазақтары қолданатын үш қаріпте де Қазақстан туралы толыққанды ақпарат беруді бірінші боп жолға қойды.

### **Жақанның жанды жері**

1990 жылдардың соңғы жағы республикадағы жалғыз ақпарат агенттігі саналған ҚазТАГ-тың басынан беделі тайып, салмағы жеңілдей бастаған тұс еді. Баспасөз атаулының ҚазТАГ-тың телетайпынан түсетін Мәскеудің орталық хабарларын таңға дейін күтетін заманы кеткесін, бір кездері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құзырында болған агенттіктің жағдайы да әрі-сәрі боп тұрды. Осыған байланысты сол тұстағы Ақпарат

министрлігінің алдында егемен елдің еркін ақпарат тарататын жаңа мекемесін құру міндеті тартылды.

Ал сол жылдары тәуелсіздіктің ақиқаты туғаннан бастап халықтың рухын жанитын еркін ойлы ұлт баспасөзі ақпарат кеңістігінде атой салып шығып қойған болатын. Жетпіс жылдық рухани қуаңшылықтан шөліркеген қоғам тіл, сөз, ой еркіндігін сезініп, ұлт руханияты қауырт өркендеу кезеңіне қадам басқан. Баспасөз арқылы егемендіктің еркін ой алаңына журналистік шындықтың шамын ұстаған қайраткерлер де көтерілді. Сол құбылыс аясында халық санасын сілкінтуге жан-жақты жұмыла кіріскен баспасөз құралының бірі – алғашқы саны 1990 жылғы 22 наурызда жарық көрген «Ана тілі» газеті болатын. Оның бас редакторы – Жарылқап Бейсенбайұлы еді!

Газеттің іргетасын өз қолымен қалаған Жақаңның нағыз қайраткерлік қабілеті осында байқалды. Ол басқарған ұлт газеті бірден қалың қазақтың рухани сусынын қандыратын биік беделге ие болды. Қордалы мәселелерді қопара жазатын газет тиражының, ашылғанына жыл толмай жатып, 111 мыңға жетуі де көп мәселені аңғартатыны сөзсіз. Ақыр аяғы сол алғашқы жылдардың өзінде «Ана тілі» газетінің жанқиярлық еңбегін бағаламайтын бірде-бір зиялы, жанкешті журналистерінен жүрексіңбейтін бірде-бір шекпенді болмаған шығар, сірә.

Ақпарат министрі болып тұрған Алтынбек Сәрсенбайұлының да ұлт һәм тіл мәселесін кеңінен қаузаған басылымға көзқарасы ерекше еді. Журналистиканың жаңашылдығын айтпай түсінетін министр «Ана тілінде» ақпарат берудің тың үлгісі қалыптаса бастағанын да бірден байқады. Бір күні министр А. Сәрсенбайұлы Бас редактор Жарылқап Бейсенбайұлын өзіне шақырады. Қабылдаудағы басты әңгіме – қайта құрылып жатқан Қазақ ақпарат агенттігінің қазақ редакциясын жолға қойып, соған басшылық етуді ұсыну екен. Бұл төтеден түскен ұсыныс. Сегіз жылдай «Ана тілінің» басы-қасында жүріп, мерейін өсіріп, енді елге әбден танымал болған тұста оның бәрін тәрк етіп басқа бір іспен айналысуға қалай көндіге қойсын. Жақаң: «Газетте қала берсем, әлі де біраз идеялар бар», – дегенді айтып, қарсылық білдірген. Бірақ министр Алтынбек Сәрсенбайұлы да қолқасынан қайтпайды. Қайтпағаны былай тұрсын, Жақаңның жанды жерінен ұстайды. «ҚазТАГ әлі күнге дейін аудармамен отыр. Ақпарат

бұрынғы одақ кезіндегі сияқты орысша жазылып, сосын қазақшаға аударылады. Еліміздің бірдей ақпарат агенттігінде орыс тілі үстемдік құруда. Соған намысыңыз келмей ме? Ұлт пен тіл мүддесі үшін күресіп жүрген жоқсыз ба?!» – деп мәселені тіпті төтесінен қояды. Бұл бір жағынан «намысың келмесе «Ана тілінде» отыра бер» дегені. Сөйтіп, Алтынбек Сәрсенбайұлы алдымен Жақаңның өзін қисынын тауып көндіріп, ертеңіне «Ана тілі» ұжымына арнайы келіп, Жарылқап Бейсенбайұлына алғысын айтып, өзімен бірге ерткен күйі Қазақ ақпарат агенттігіне әкеліп отырғызады.

Енді ойлап қараңыз, ақпарат айдынында «Ана тілінің» беделі аспандап тұрған шақ. Газеттің Бас редакторы тұрмақ от ауызды, орақ тілді журналистерінің өзі де үлкен мінезімен көзге түскендер. Осының бәрін бір күнде тәрк етіп, басқа жаққа бұрыла кетуге не әсер етуі мүмкін? Бұл не құдірет? Әрине, министр Сәрсенбайұлының қолқасынан әркім құтыла алмасы анық. Бірақ «Ана тілі» газетінің Бас редакторына «Орыс тілі үстемдік құрып тұр. Бұл сіздің намысыңызға тимей ме?» дегеннен ауыр сөз жоқ еді. Осындай сөзбен ғана өзі сыйлайтын Жарылқап Бейсенбайұлын қозғамаса, «Ана тілінен» оны ауыстырудың реті келмейтінін министр Сәрсенбайұлы да түсінген ғой. Жақаңның жанды жері де осы болатын.

## **ҚазТАГ-ты түлеткен тұлға**

Құлдырап бара жатқан байырғы ҚазТАГ-ты жаңғырту, соның ішінде ақпарат таратудың қазақ тіліндегі үлгісін қалыптастыру оңай жұмыс емес. Қазір ғой, журналистикада жанр біткен жұтылып, барлығы бірдей ақпараттық тұрпатқа ауысты. Ал ол тұста ақпарат беру тұрмақ, аудармасыз, қазақ тілінде төл ақпарат жазу, оны жатық тілмен жалпақ жұртқа жеткізуде кемшіліктер көп еді.

Осылайша, бұрыннан ана тілінің тағдырына бей-жай қарай алмайтын Жарылқап Бейсенбайұлы аудармамен отырған ҚазТАГ-тың қазақшасын көтеруге кірісіп, кейіннен ұжыммен бірге Астанаға аттанды. Жақаңа тыңнан түрен салуға тура келді. Қазақ редакциясы құрылып, Бас редактор төңірегіне топтасқан топ дамылсыз іске кірісті. Ақпараттың берілу формасы бойынша



алғашқы шаблондар қалыптасты. Келе-келе «...деп хабарлайды ҚазАқпарат» деген тіркес радио эфиріне күнделікті ене бастады. Бұрын пленумдар, съездерден келетін сала құлаш хабарламалардың орнын интернет арқылы таралатын жатық, қазақы стильдегі ұғынықты ақпараттар алмастырды. Мәжілістерден мәліметтерді жедел беруге журналистер де машықтанды. Осы істердің барлығында ең бірінші кезекте Жарылқап Бейсенбайұлының болмысы тұрды. Ол шын мәнінде бір кездегі ҚазТАГ-ты қазақша ақпараттармен түлетіп, тірілтіп, егемен елдің ақпарат аламанына «ҚазАқпарат» атты алып кемені қондырған тұлға.

Жақаң қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінгендіктен болар, ана тіліне қатысты мәселеге батыл кірісетін. «ҚазАқпараттың» сол кездегі сайтында «Өзекті пікір» айдары ашылып, оған көбінесе тіл, руханият мәселелері туралы талдаулар салынды. Парламент депутаттарының тілге қатысты ұсыныстарының бәрі сол айдарда қатталып жататын. Жақаң салған жолдан «ҚазАқпарат» тайған емес.

### **Латынға көшуді күн ілгері құптаған**

Жарылқап Бейсенбайұлы – сөзден гөрі істің адамы. «ҚазАқпараттың» қайнауында жүріп талай істі тындыруы да соның айғағы. Ақпарат кеңістігіне қазақ тілінде төл хабарлар таратуды бастаған «ҚазАқпарат» кешегі кеңестік қайраңнан құтылдық-ау деп токмейілісіп, тоқтап қалған жоқ. Керісінше, ондағы әрбір журналист, әр қызметкер ұлт мүддесіне қызмет етудің жолдарына жұмылды. Аудармамен емес, таза қазақ тілінде хабар тарататын сайттың алғашқысы да «ҚазАқпарат» болды.

Сайт бұрынғы ҚазТАГ-тың таптаурынынан айырылып, қоғам айнасы болуға ұмтылды, ұлт мәселелерін талқылауға жол ашылды. Сарапшылар тартып, сайт арқылы форумдар, талқылаулар жасалды. Сол тұста латын әліпбиіне көшу мәселесі қоғамда қызу талқыланған. Сайып келгенде бұндай талқылау әлі күнге жалғасып жатыр. Әйтеуір, нақты нәтижесі болатыны көңілге жұбаныш.

Дегенмен, Жарылқап Бейсенбайұлы бастаған «ҚазАқпараттың» қазақшасы латын әліпбиіне 2004 жылы-ақ көшіп кеткенін айтқымыз келеді. Содан бері академик Әбдуәли Қайдар жасаған нұсқаны сайтқа енгізу арқылы қазақ тіліндегі ақпаратты әлемнің кез-келген нүктесінен оқуға болатын жағдай туды. Сол арқылы интернет құдіреті арқылы Қазақстанда алғаш рет шет елдегі қандастарымызбен рухани байланыстың тың қадамы жасалды.

Жақаңның осынау жаңашылдығы жоғары бағалауға тұрарлық батырлық еді. Тіпті сол тұста Жарылқап Бейсенбайұлы секілді ұлт баспасөзінде латынға көшуді сөзбен емес, іспен қолдайтын басшылар көп болғанда ғой деген ой келеді. Солай болғанда дәл осы латын әліпбиіне қатысты мәселенің бүгінге дейін біржақты шешіліп қалатыны да сөзсіз еді. «Үкіметтен үміттіміз» деп отыра бергеннен қазақ баспасөзі нәтижеге жете алмайтынын да Жақаңның осы жасампаз ісі дәлелдеді. Бірақ шүкірміз! Жақаң жол ашқан қазақ тіліндегі хабарларды латыншамен тарату бастамасын өзге де ақпараттық құрылымдар қолдап кетті. Бүгінгі күні «ҚазАқпарат» енгізген латынша хабар таратуды пайдаланатын сайттар қатары артып отыр. Билік атап көрсеткендей, 2025 жылға қарай Қазақстан латын әліпбиіне көшуді қолға алса «ҚазАқпарат» тәжірибесі де еске алынары анық.

## **Қытайдағы 1,5 миллион қазақтың сауабын алған**

Жарылқап Бейсенбайұлы «ҚазАқпарат» агенттігін халықаралық деңгейге көтеру үшін бірден бір үлес қосқан тұлға. Оған еш шүбә жоқ. Оның бастамасымен қазақ тіліндегі жаңалықтар латын әрпімен әлемге таралса, кейіннен төте араб жазуымен қазақша хабар тарату жүйесі іске қосылды. Төте жазудың соңын ала қытай редакциясын ашу идеясы көтеріліп, бұл арқылы «ҚазАқпарат» Қазақстандағы халықаралық деңгейге шыққан, Орталық Азиядағы тұңғыш қытай тілінде хабар тарататын ақпарат агенттігіне айналды.

Шындығында, Ахмет Байтұрсынұлы жасаған төте жазу арқылы ақпарат таратудың төркінінде де мемлекеттік тіл мен ұлт мүддесі жатыр. Өйткені, тілдің мәртебесі, күнделікті өмірде

тілдің қызмет ету аясының кеңеюі – шет елдерде қазақ тілін қолданушылардың көбеюімен арта түсері анық. Ал ұлт тілінің аясын кеңейтуде шетелдегі қандастарымыздың алар орны бөлек. Жарылқап Бейсенбайұлының түрткі болуымен «ҚазАқпарат» халықаралық агенттігі осы маңызды қадамды ерте қолға алды. Бұл жайында Жақаң баспасөзде жарияланған сұхбатында былай депті: «Латыншаны іске асыру кезінде Қытайдағы 1,5 миллионнан астам қазақ жұрты үшін де төте жазумен ақпарат тарату мәселесі ойда болған-ды. Алайда, араб қарпінің жеке тұрғанда және бір сөз ішінде (басында, ортасында, соңында) әртүрлі танбаланатындығы, яки латынша сияқты бірден автоматты түрде ауыстыруға келмейтін ерекшелігіне байланысты, бұл іс тежеліңкіреп қалған еді. Дегенмен, ол атқарылуы тиіс бір шаруа ретінде үнемі қаперде жүрді».

Осы ойдың жетегінде жүргенде Жақаң Еуразия университетінің журналистика факультетінде оқитын Қытайдан келген Бақытжол Кәкеш деген қандасымыз жолыға кетеді. Ол Қытай қазақтарынан шыққан ақпараттық технология мамандарының кирилл мен араб қаріптерін автоматты түрде бір-біріне алмастыру мәселесін шешіп қойғанын жеткізген. Жақаң дереу Бақытжолды жұмысқа алғызып, төте жазулы араб қарпімен хабар таратуды жүзеге асыруға кірісіп кетеді. Жазуға ебі бар жас оралман ақын Ризабек Нүсіпбекті қастарына қосып алып, 2009 жылдың қазан айынан бастап Қазақстан туралы ана тіліміздегі ақпараттар мен мақалаларды Қытай мен Ирандағы қазақ жұртшылығы үшін төте жазумен жеткізуді қолға алады. Бұл жоба әсіресе төте жазуды қолданатын Қытай қазақтары үшін елеулі оқиғаға айналды. Ондағы 1,5 миллионнан астам қандасымыз бұған дейін қазақстандық телерадио бағдарламаларын толық көру мүмкіндігі болмағандықтан (Қытайда жеке тарелка қоюға рұқсат етілмейді) және кирил әрпін танымаған соң интернеттегі қазақ басылымдары мен кітаптарын оқи алмайтындықтан, еліміз туралы әрбір ақпаратқа ерекше зәру еді. «ҚазАқпараттың» араб қаріпті сайтының ашылуы – интернетті кеңінен пайдаланып отырған қытай қазақтары үшін ақпараттық, рухани мұқтаждықтарының орнын толтыруға айтарлықтай көмектесті. Сайт ашылғаннан кейін, шеттегі қандастарымыздан «ҚазАқпарат» қолға алған маңызды жоба

олардың ана тілінен ажырамай, тарихи отанымен рухани байланысын күшейтуге зор септігін тигізгені туралы көптеген алғыс хаттар келіп түсті.

Жақанның идеясынан туындаған төте жазу сайты аясында, көп ұзамай аса ауқымды жоба – «Қазақ руханияты» атты әдеби, мәдени және этнографиялық портал да ашылды. Бұл жоба да Қытай мен Ирандағы қазақ диаспоралары және сол елдерден келген оралмандар үшін үлкен рухани қолқабыс болды. Порталда қиырдағы қазақ үшін аса қажетті әртүрлі айдарлар ашылды.

Атап айтқанда, «Қазақ тарихы» айдарында қазақ тарихының ғылыми негізделген ықшам тараулары, тарихымызға қатысты тартымды мақалалар беріліп тұрады. «Әдебиет және өнер» айдарында «ҚазАқпарат» тілшілері дайындаған, сондай-ақ еліміздің әртүрлі басылымдары беттерінде жарияланған қазақ әдебиеті мен өнерінің маңызды мәселелері, белгілі қаламгерлер мен өнер иелері туралы мақалалар, олармен өткізілген сұхбаттар таңдалып ұсынылады. «Ұлттық салт-дәстүрлер» айдарында халқымыздың бай әдет-ғұрыптарына байланысты мәліметтер бір жерге жинақталып беріледі. «Ата-тек шежіресі» айдарында – қазақ шежіресінің тиянақты сараптаудан өткен нұсқалары екшеліп, жарияланады. Үнемі жаңа зерттеулермен толықтырылып отырылады. Тағы бір толайым айдар – «Әңгіме әлемі» (Қазақ әңгімелерінің антологиясы). Бұл айдарда қазақ прозашыларының таңдаулы әңгімелері іріктеліп салынып отырады. Қазірдің өзінде онда 55 жазушының 300-дей әңгімесі порталға орналастырылған. Әңгімелердің қатары үнемі толықтырылып отырылады. «Жеті ғасырдың жыр желкені» (Қазақ поэзиясының антологиясы) айдарында Қазтуған жыраудан бүгінгі күн ақындарына дейінгі жеті ғасыр аралығында дүниеге келген таңдамалы өлеңдер жинақталады. Қазірге дейін 90 ақынның 800-дей өлеңі орналастырылған. «Балауса» (балалар әдебиеті) – айдарында қазақ ертегілері мен аңыздары, тақпақтар мен жаңылтпаштар, ойын өлеңдері, балдырғандарға, мектеп оқушыларына арналған жырлар мен әңгімелер топтастырылған. «Дәстүрлі әндер мен күйлер» (Қазақ әндерінің антологиясы) айдарында қазақ әндері мен күйлерінің тарихы, ерекшеліктері, күй аңыздары туралы материалдар берілуде. Дәстүрлі әндер мен күйлер туралы зерттеулер салынады.

Осылайша «ҚазАқпарат» қазіргі кезде әлем қазақтары қолданып жүрген үш әліпбимен бірдей хабар таратқан алғашқы ақпарат агенттігі болып, күллі алаш жұртының оқырманына Қазақстан жаңалықтарын жеткізетін бірегей руханият орталығына айналып кетті.

### **Арғы түрктер ақиқатынан Шоқан шындығына дейін**

Жарылқап Бейсенбайұлының ғылымға да таласы бар. Баспасөздегі қарбаластың арасында уақыт табатын Жақан 10 деректі прозалық және зерттеу кітаптарын жарыққа шығарған екен. Оның әсіресе 2006 жылы жарыққа шыққан «Арғы түрктер ақиқатының ізімен» атты деректі-танымдық зерттеу туындысы ғылыми ортаны елең еткізген еді. Америка кұрлығына өткен түпкі түрктердің тарихын зерделеп, тың деректер ұсынған бұл туынды туралы Түркияның Ыстамбұлда шығатын беделді басылымы – «Түрк дүниесі тарихы» жұрналының 2008 жылғы қазан айындағы санында рецензия жарияланды. Онда Кеңестер одағы құлағаннан кейін, тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстандағы ғалымдар мен жазушылар арасында алдымен Қазақстанды, кейін Орталық Азияны, қала берді, бүкіл түрк жағрапиясы мен тарихын қайта зерттеу үрдісі кең көлемде өріс алғаны туралы айтылады. Ал ондай зерттеушілердің мақсаты – бұрындары түрк халықтары жайлы бұрмаланып жазылып келген тарихты қайта қарап, негізгі шындықты ашып, дәлелдеп беру еді.

«Ж. Бейсенбайұлының зерттеуіне қарағанда түрк тайпаларының тарихы ж. с. д. 45 000 жылдықтан басталады. Ол әлемдік генетика ғылымындағы кейінгі жылдарда дүниеге келген соңғы жаңалықтарды назарға ала отырып, ж. с. д. 45 000-10 000 жылдар аралығында Беринг бұғазы арқылы Солтүстік Америка кұрлығына өткендердің түрк тектес екендігін алға тартады. Бұған дейінгі біраз лингвистикалық зерттеулерде, Америкаға өткен сол жұрттардың тілдері түрк тілдеріне ұқсас екендігі айтылып жүргенімен, ол көбіне мойындала бермейтін», делінген рецензияда. Осының өзі Жарылқап Бейсенбайұлының ғылымдағы батыл қадамға терең бойлағанын көрсетеді.

«ҚазАқпараттың» қауырт жұмыстары арасынан уақыт тауып отырып, осындай дүниелерге бойлағаны тағы да таңғалдырады.

Бұл зерттеулер 2015 жылы Астанадағы Түркі академиясының жобасы бойынша дайындалған «Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнолектік аспектілер» монографиясына жалғасты.

